Сафуан Шаймерденов

3 том

Сафуан Шаймерденов

Шығармалары

Повесть, пьесалар, әңгімелер

3 ТОМ

Ғасырлар баспасы
Алматы,
2013

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) - 44
Ш 18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІ
«ӘДЕБИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ТҮРЛЕРІН
БАСЫП ШЫҒАРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

47942

Шаймерденов С.
Ш 18 **Шығармалары** *(Сафуан Шаймерденов; құраст. И. Уандықова).* – Алматы: «Ан Арыс», 2013.
Т.3.: *Повесть, пьесалар, әңгімелер.* – 320 б.

ISBN 978-601-7337-50-6

Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сафуан Шаймерденовтың бес томдық шығармалар жинағының үшінші томына «Мәжнүн тал» повесі мен пьесалары және бірнеше әңгімелері енгізілді.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) - 44

ISBN 978-601-7337-50-6 (Т.3)
ISBN 978-601-7337-47-6 (обш.)

© Шаймерденов С., 2013
© «Ан Арыс» баспасы, 2013

МӘЖНҮН ТАЛ

1

Ол кезде Бағдан аты шыға қоймаған жас суретшілердің бірі ғана болатын. Көркем училищені бітірген соң бірер жыл осы Алматы қаласында қызмет істеді. Бір үлкен суретшінің көлеңкесінде жүріп салынып жатқан сарайларды, жаңадан ашылып жатқан ресторандарды өрнектеді. Бір ғажабы – көп идеялар мұнықі болса да, сол идеяларды бұл өзі өз қолымен жүзеге асырып жүрсе де, атақ-абырой жаңағы үлкен суретшінікі болып шығатын. «Өрнектеріңде тапқырлық бар екен. Жақсы. Ұнаттық», – деген жылы сөздер де, газеттегі ресми пікірлер де жаңағы үлкен суретшіге арналатын. Неге екенін кім білсін, о да: «Жоқ, бұл жұмыс менікі емес, Бағдандікі еді», – деп жатпайды. Бәрін де өзіне қабылдайды. Тіпті оңаша бір сәттерде де бұған келіп кешірім сұрап көрген емес. Содан ба, Бағдан да басында: «Бұл қалай?» – дегенімен, кейін келе көндіге бастаған-ды. Өйткені ана суретшінің бедел-атағы болмаса, ондай мақтаулардың болмайтынын бұл да білетін.

Өстіп жүріп жатқан еді. Бір ретте Жамбыл қаласына жол түсті. Сол сапардан әсерленіп қайтқаны сондайлық, келе салып үш-төрт айдың ішінде «Айша Бибі» деген үлкен полотно жазды. Өзі де ойлаған жоқ. Жұрт дүрілдетіп әкетті: Біз Бағданның талантын білетін едік. Оның сарай, ресторандардағы қолтаңбасынан қабілет-қуатын танып, бағалаушы едік. Міне, сол ұғымның айғағындай болып жас дарын жаңа бір қырынан танылып, жарқ етті.

«Айша Бибі» – Бағданның тұсау кесері болды. Осыдан кейін оның аты жиі аталды. Даңқы жайыла бастады.

Бағдан бір әдемі қызға үйленді. Бала сүйді. Бір сөзбен айтқанда оған кәдуілгі қала тұрғынына лайықты тірлік құруға жол ашылды.

Бағдан көлденең жүрісті білмейді. Ермегі де, қызметі де өзі қуған осы өнер. Сол себепті көп жазады. Жазғандары айқай-шусыз өтеді. Артық мақтап жатқан ешкім жоқ. Сонымен қатар, шұқшия жамандап, сынайтындар да кездесе бермейді. Күнделікті күйкі тірлік секілді: дұрыс екен, қабылдайық. Ұсыныс осы. Жазған дүниелері бәлендей кедергі-кілтенге соқпай өтіп жатқан соң, Бағданның тұрмыс күйі де жөнделіп қалды. Аз жылдың ішінде қатардағы үй – дүние құрап, енді дәулетті семьялар тобына кірді. Басында үлкен суретшілермен кездескенде именіңкіреп жүретін жұбайы Сәлима да енді қаракөлден тон, норкадан бас киім киіп, «мен кәне, қайыссыңнан кеммін» дегендей, төрге қарай ұмтылыңқырайтын болды: әңгіме жаста емес, сіңірген еңбекте, талантта. Таланты зор адамдар қашанда жұрт көңілінде екенін ол жақсы біледі.

Бір ретте Бағданға тағы бір жол түсті. Ол тұңғыш рет суретшілердің Бүкіл одақтық съезіне делегат болып сайланды. Қайтар жолда жұрт самолетпен аттанып жатса; Бағдан асыға қоймады: Съезд әсерлерін саралап жүйеге келтірейін деді ме, әйтеуір билетті поезға алды. Шынында да осынысы ақыл болған екен, жол үстінде болашақ шығармаларының жайын ойлап, әр түрлі эскиздер жасап, біршама іс тындырып тастады.

Поезд Жамбылға келді. Бағдан бой жазайын деп сыртқа шығып еді, осы вагон алдында бір топ жастар тұр екен. Кімдер екенін бұл танымаса да біреулері бас изеп амандасқандай болды. Әрі өтіп бара жатқанда: «Мынау Бағдан ғой. Қазіргі суретшілердің ішінде ауызға жиі ілініп жүргені», – деген сыбырды құлағы шалып та қалды. Бағдан артына бұрылып қараған жоқ. Жай езу тартты да әрі өтіп кетті: талай жерде талай-талай естіген, құлағының еті үйрене бастаған сөздер. Сөйтсе де құдай тағала бұған талант беріп, былайғы жұртты өзіне аздап болса да табындырып қойғанын шүкіршілік еткендей, көңіл шіркін марқайып, мерейі үстем болып, жүре берді. Өзіне деген осы бір өз ырзалығымен біршама перронда жүріп купеге келсе, қарсы орында жайғасып жатқан бір қызға көзі түсті. Шамасы әлгі топ осы қызды шығарып салған болу керек, Бағдан кіргенде бұл да сыпайылықпен бері бұрылып сәл жымиып сәлем етті.

– Қысылмаңыз, жайғаса беріңіз, – болды Бағданның алғашқы сөзі.

– Рақмет, – деді қыз естіртер-естіртпес етіп. Содан кейін жонын бермей, бір қырындау тұрып, төсек-орнын реттеді. Бағдан: «Ибалы қыз екен, әдептісін қарашы. Танымайтын адамы болса да жонын берудің жөн емес екенін жақсы біледі», – деп ойлады.

Қыз сыпайылығы ештеңе көрмеген ауыл қызының ұяңдығы емес екен. Оған көп кешікпей-ақ Бағданның көзі жетті. Сапарлас көрші жайласып болған соң, Бағданға тура қарап:

– Жолым болады екен. Сіз менің түсімде де көрмейтін адамымсыз ғой. Міне, көрмейсіз бе, бір купеде баратын болдық, – деді оқыстан.

Қыз сөзі екі ұшты: даңқты адаммен кездесіп танысқанына ғана қуана ма? Әлде сол даңқты адаммен танысқандығының үстіне бір купеде бір күн Алматыға дейін оңаша баратынына қуана ма? Түсініп көр. Бірақ Бағдан болам деп әлі бола алмай келе жатқандықтан ба, алғашқы ұшқа көбірек ден қойды. Айна алдында өзін-өзі тамашалайтын сұлуларға ұқсаңқырап:

– Сіз мені қайдан білесіз? – деп сұрады.

Қыз жымиып күлді.

– О, сізді білмейтін жан бар ма! Сізді не надан, не болмаса, көзі шын көрмейтін соқыр ғана білмеуі мүмкін. Ал менің көзімнің барлығына сіздің көзіңіз жетіп отырған шығар деп ойлаймын.

Жұбайы Сәлима секілді даңқ деген дертке аздап болса да, өзі де шалдыға бастаған Бағданға «менің көзім», «сіздің көзіңіз» – әзіл болса да ұнай қойған жоқ. «Қалай десең де ауыл-үй арасынан шыққан қыз балалар қанша әдепті болғанымен өстіп әзілдерін «тұздықтаңқырап» жіберетін әдеті емес пе?» – деген жұбату тауып, оның өз қаруын өзіне қолданбақ болды:

– Ал менің көзімнің барлығына сіздің көзіңіз анық жете ме?

Қыз тайынбады:

– Анық жетеді.

– Дәлел?

– Көзіңіз болмаса суретті қалай сала аласыз. Керең композитор музыка шығарады дегенді естігем. Себебі «внутренний голос» деген бар. Қазақша қалай десем екен? «Жады» деген дұрыс. Өйткені кейбіреулердің «ішкі дауыс» деп аударуында түк мағына жоқ. Ал соқырдан да суретші шығады, көзі жоқ адам да сурет салады екен дегенді естісем құлағым керең болсын.

Сапарлас көрші сөзі әзіл болса да түйеден түскендей тым ірі секілді: айталық, таныспай жатып «құлағым керең болсын» деп қарғанудың не керегі бар? Содан ба, Бағдан іркіліп қалды.

– Енді таласпайсыз ғой? – деп қыз тіктеп қарады. Жанарында ұшқындап тұрған от бар секілді. Сыйлауы болғанымен «жасы үлкен, даңқы зор» екен деп қаймығуы жоқ.

Жоқ, Бағданның таласқысы келді: ең алдымен «жады», «жадында» сөзі дұрыс емес. «Көкірегі», «көңілі» – деген жөн. «Көңілі ояу», «көкірегі ашық» деген бар емес пе. – Атам заманда естіген дыбыстың кейде көңіліне оралып, құлағына ызыңдап тұратыны болады ғой. Сол секілді ертеде бір көргеніңді де көзіңді жұмып, көз алдыңа

келтіре аласың. Олай болса, соқырдың да сурет салуына болады. Соқырлар қоғамындағы басырлардың істемейтіні жоқ. Соның бәрі көкіректің ояулығы. Бағдан қызбен осылай таласқысы келді. Бірақ таласпады. Өйткені бір ұлы композитордың ең ұлы шығармасын керең кезінде жазғанын білгенімен, соқыр суретші болған дегенді естіген емес-ті. Оның үстіне даңққа бөлене бастаған жолында туған шамшылдығы, кіділігі болмаса, қанша дөрекі айтылды десең де қыз әзілі мұның өз пайдасына шешіліп жатыр ғой. Іркіліп қалған Бағдан жаңағы от шашып тұрған өжет көзге қайта қарап еді, достық, татулыққа шақырып тұрғандай көрінді. Қаймықпай тік қадалған көзде жылылық, әдемілік, өзіне тартар сиқырлы күш бар екен. Құдіретті күш. Осыны сезінуі-ақ мұң екен, жігіттің арқасы мұздады: әлгі бір кесірлі ойдың жетегінде кетіп бірдеме деп тастаса суретші деп мақтан тұтып, бір купеде келе жатқанын дәреже санаған қыз алдында ақымақ болып қалатын еді ғой.

– Әрине таласпаймын. Өйткені сіз мені қандай білсеңіз мен де сізді сондай білемін, – деді Бағдан. Бірақ мұнысы балалардың ойыны секілді екенін өзі де анық түсінеді. Түсіне тұра айтты. Сөйтсе де әсерсіз де шықпаған секілді. Қыз «қайдан білесіз?» – дегендей таңыркай карады.

– Сіз Әспетсіз.

Қыз кейпінде әлгі сұрақ: Иә, ал сосын?

Бағдан мүдіріп қалды. Өйткені жаңағы бір топ жастар арасында: «Әспет, ренжіме, өмірде не болмайды. Әспет, барған соң хат жаз», – деген секілді сөздерді естіген соң. «Сол Әспет дегені осы шығар», – деп төтелеп жібергені болмаса басқа не біледі?

Қыз кейпіндегі таңыркаумен сұрақ өте берді:

– Атымды әлгі шығарып салғандардан естідіңіз ғой. Әйтпесе мені қайдан білейін деп едіңіз, – Қыз өңіне жанағы бір жылылық қайта оралды. – Ал мен болсам сізді көбірек білем. Сіз салған «Айша Бибі» көпке дейін біздің үйдің төрінде ілулі де тұрған.

Бағдан бойындағы даңқ құмарлық әрі қуантып, әрі шошытып тастады.

– Неге көпке дейін? Қазір ше?

Әспеттің жүзінде реніш көлеңкесі жүгіріп өткендей болды.

– Ол бір ұзақ хикая.

Неге сұрадым деп өкінді ме, әлде қыз реніші әсер етті ме, Бағдан күрсініп қойды. Әспет бірақ тез жадырады.

– Неге күрсіндіңіз?

– Өзім де білмеймін, – деп Бағдан күлді.

Қыз іркіліп қалды. Сол сәтті пайдаланды ма, Бағдан оған қабақ астынан ұрлана карады: Бір ғажабы – басында жүре көз салғанда он жеті-он сегіз жасар қыз секілді болып көрінген Әспет, байқаса, енді жиырмалардан асқан әйел екен. Суретшіге тән қырағы көз бірден

таныды: өнінде әжім болмаса да, балалық пәктік, наушалық емес, құрсақ көтерген, өмір көрген әйелге тән іздер жатыр. Сөйтсе де тартымды кескін. Осы төңіректің қазақтарына тән дөңгелек бет, қысық көз торы емес, ат жақты, қыр мұрын, ақ сұр. Тағы бір байқағаны – өнінде бір мін, дақ жоқ. Түп-түгел әлдебір асыл заттан құя салғандай. Тік жарлауыт та емес, жә болмаса кемерсіз өзен жағасындай жайпақ та емес, әдемі біткен қабақ, астындағы көздерде ыстық құмарлық та, тентек ашу да бар. От пен мұз ебін тауып қатар қонғандай.

Ал ана парасатқа біткен әрі кең, әрі биік маңдайдан иегіне қарай жіңішкере түскен екі жақ мысқалдап өлшеп тең соққан зергер қолынан шыққан секілді. Сондай мінсіз. Осы әдемі келбетке орай дене бітімі де жарасты. Шығыңқы кеуде, биік мықын, аш қарын. Күнәлі бір ой: тыржаланаштап картина жазар ма еді! Қанша мақтаса да қайта дәуірлеу кезіндегі жаланаш мадонналар Бағданға ұнай бермейді. Ол әйелдердің бар сызық-линиялары, қимыл-қозғалыстары қанша жұмсақ болғанымен қарын бітімдері сарықарын әйелдердікіндей шығыңқы келеді. Бір досының бір әдемі талдырмаш келіншек көрсе: «Аш белінен қысар ма еді!» – деп тамсанатыны Бағданның есіне түсті. Аш бел! Қыпша бел! Құмырсқа бел! Шіркін, қазағың да сұлулықты тани білген-ау!

Кенет қыз даусы шықты:.

– Ал қалай, Бағдан аға, зерттеп болдыңыз ба мені!?

Қанша білдірмеймін десе де Бағдан сезімін сұңғыла қыз сезіп қалыпты.

Табиғатында сыпайы Бағдан:

– Кешірім сұраймын, – деп қысылыңқырап қалды.

– Кісі мүсінін зерттеу сіздердің машықтарыңыз емес, кәсіптеріңіз ғой. Ерсілігі жоқ. Машығы бар да, кәсібі жоқ біреу болса, сазайын берген болар едім.

Қыз жауабы тағы оқыс. Тапқырлық пен білгірлік те, тентектік те бар. Қараған үшін де сазайын бермек! Бірақ қараудың да қарауы бар ғой: жай ат үсті қарау... көз ала алмай қызыға қарау... ішіп-жеп тесіле қарау... өліп-өшіп құмарта қарау... тағы, тағы қараулар. Әспет жауабына қарағанда Бағдан қарауы да жай әншейін қарау емес, сондай бір ерсі сынай қарау болса керек. Жігіт соған қысылды. Қызық – жаңа ғана жасының біршама үлкендігімен, атының зорлығымен мысы басып тұрған Бағдан енді қыз ырқына түсіп, пұшайман болып қалғанын өзі де байқаған жоқ. Сол қолайсыздықтан шыққысы келді ме:

– Мен алыс сапардан келе жатқан адаммын ғой. Ресторанға барып тамақ ішсек қайтеді? – деді.

– Аға шақырса неге бармайын, барам.

«Неден болсын тайынбайтын пәле ғой мынау», – деген оймен Бағдан орнынан көтерілді.

2

Бір жақсысы, вагон-ресторанда кісі аз екен. Қолайлы деген бір столға келіп, әуелі Әспетті отырғызды да, Бағдан өзі қарсы бетке жайғасты. Ол енді сақтанынқырап көз салып еді, таң-тамаша: әлгінде ала көленкелеу купе ішінде ескі өңділеу сияқтанып көрінген Әспет мына жарық ресторанға келгесін бе, әйтеуір құлпырып кеткен. Манағы қырағы көз байқаған сұлулық нышандары мына жерде суретші түгіл жай адамның өзі де байқай алатындай көзге ұрып тұр. Көзі қоңыр емес, қап-қара, мөп-мөлдір. Қаны теренде жатқан аппақ балғын өң. Аппақ. Қап-қара. Осы ақ пен қара керемет үйлестік тауып, бірін-бірі аша түскен, айқындап құлпырта түскен. «Апырау, құрсақ көтерген әйел» деген ұғым қайдан келді осы маған», – деп ойлады Бағдан.

– Ал не ішесіз?

– Сіз не қаласаңыз, соны... – деді Әспет.

– Мен арақты қалаған болар едім...

– Жоқ мен арақ ішпеймін. Жиіркенем.

– Жиіркенем?

– Иә, жиіркенем. Ішкен адамдардың ақымақтығын көріп тойғанмын.

– Енді не? Шампан?..

Әспет ойланынқырап барып:

– Жарайды. Көңіліңіз үшін... бір фужер. – Бокал да, немесе орыс тілін шала білетін, бірақ «білем» деген көкірекпен сирек қиын сөздерді қисайтып айтатын кейбіреулердің фужоры да емес, фужер. Әрі екпінді «е» әрпіне салып әдемі айтты. Бағданның бұдан түйгені – Әспет орыс тілін жақсы біледі. Оның үстіне қаланың білімдар қауымының жақсы дәстүрінен де хабары бар. Сыпайылап шампан ашқан жігіт жаңағы білімдар қала қауымының ғұрпы бойынша әуелі өз бокалына бірер тамызып, содан кейін шампанды қыз бокалына аса мөймілдетпей, толтыра құйды. Әспет бұл кілтипанды да біледі екен. Ырзалықпен басын иіп жымия күлді.

– Рақмет, аға...

– Ал, таныстық үшін, Әспет. Сіздің келешегіңіз, бақытыңыз үшін...

Қыз өңі өзгеріп кетті.

– Не келешек, не бақыт бар дейсің енді...

– Жап-жас басыңызбен мұныңыз қалай? – деп таңданды Бағдан.

Әспет «өзім де білмеймін» дегендей, иығын қақты. Бағданның ойына манағы «Айша Бибі» туралы әңгіме тағы оралды. Көпке дейін ілулі тұрған картина неліктен алынып қалған? Неліктен ол бір ұзақ хикая? Қызды мына бір ауыр халден шығарғысы келді ме, жігіт енді әңгіме тақырыбын соған аударды.

– «Айша Бибі» не, ұнамады ма? Неге алып тастадыныздар?

Қыз тағы да сұраққа оқыс сұрақпен жауап берді:

– Шынынызды айтыңызшы, «Айша Бибі» өзіңізге ұнай ма?

Жігіт қыз қаруын тағы да өзіне жұмсады.

– Сізге ше?

– Шынымды айтайын ба?

– Шыныңызды айтыңыз.

– Шынымды айтсам, бұл картина маған мүлде ұнамайды.

Бағданның төбесінен жай түскендей: дүйім жұрттың аузында жүрген, «талантты суретші» деген атақ әперіп, мұны даңққа бөлеп келе жатқан картина мына бір шөп желкеге ұнамайды. Кім өзі бұл соншама?! Бағдан қыстығып ашуланыңқырап қалды. Бірақ құдай берген төзімділік артық сөзге жіберген жоқ. Бірдеме десе Әспет тұрады да жүре береді. Сонда не ұтады? Кейінгі сәтте ақылға салып сабасына түскен жігіт:

– Е, сол ұнамағандықтан екен ғой алып тастағандарыңыз. Бірақ, ұнамайтын картинаны көпке дейін іліп қойғандарыңызға қайранмын.

– Алып тастаудың себебі мүлде басқа.

– Соны айтпайсыз ба ендеше?

– Бұл жерде айта алмаймын.

Бағдан қайтсе де Әспет жүрегіне кілт тапқысы келді.

– Олай болса неге ұнамайтынын айтыңыз.

– Айту үшін қояр шартым бар.

– Қойыңыз.

– Неге ұнамайтынын дәлелдеуім үшін жұрт болып мақтап жүрген, сізге даңқ әкелген картинаны мен сынаймын ғой. Ал сын атаулының сіздерге жаға бермейтінін мен жақсы білем. Шартым – бұл жерде суретші Бағданнан азамат Бағдан биігірек тұрса екен деймін.

Бағдан Әспетке қарап еді, суретшінің қырағы көзі тағы да дөп басты: қыз кейпінде жырынды қулық бар: шыдасаң, шыда, шыдамасаң, өзің біл. Бағданға манағы күдік тағы оралды; «Жоқ, мынау құрсақ көтерген әйелдің өні». Кенет жігіт күлді. Бар шаруа соған ғана тіреліп тұрғандай, өз ойының болымсыздығына күледі. Бұл күлкіні өзінше қабылдаған Әспет те езу тартты.

– Жақсы, көндім... – деді Бағдан.

– Көнсеңіз, бірінші сұрақ: Жұртқа мәлім Айша Бибі күмбезінің казір бір-ақ қабырғасы ғана қалған ғой. Ал сіз бүтін күмбез етіп шығарыпсыз. Неге?

Манадан бері мына қыз бүлдірмесе жарар еді деп көңілі төп болып отырған Бағдан қуанып кетті. Талайлар қойған, жауабы дайын сұрақ бұл.

Айша Бибі сегіз ғасырдан астам уақыт бойы халық жүрегінде. Оған деген ел махаббатын тот баспақшы емес.« Менің күмбезім бүтін болып шықса, оны халық махаббатының ойып алған үлгісі деп біліңіз. Қай суреткердің болса да қиялдауға еркі бар. Бұл – символ.

Әспет, тегі, автордың бұл түсіндірмесін естіген болса керек, сықылықтай күлді.

– Ал сонда сіз неге сүйендіңіз? Жоқ үш қабырға мен төбені қайдан таптыңыз?

Бағдан сәл қабақ шытты:

– Оу, сіз менен емтихан алмақсыз ба? Одан да айтам деген сыныңызды айтыңыз.

Әспет жауабы бұл жерде де орнықты:

– Бұл емтихан емес, автордың түпкі ойын түсіну. Ал, автор ойын түсінбей айтылған сынның бәрі жаңсақ. Сыншы мен шығарма тіл табысса алмайды ондайда.

Бағдан отырып қалды: мына қызбен ойнауға болмайды. Өйткені Әспет сөзі қай өнер иесінің болса да сыншыға қояр бірінші талабы.

– Ә, онда айтайын: Аңызға сүйендім.

– Қандай аңыз?

– Тектұрмас деген батыр... Айша Бибі сұлу қалыңдық. Тектұрмасқа жетуге бір күншілік жер қалғанда сол күмбез көтерілген жерде, қаза болған...

– Екеуі де арманда кетті десеңізші?..

– Иә, арманда кеткен, – деп Бағдан күрсінді. – Сонда ел сүйген батыр халқын жинап ғасырларға аңыз боларлық күмбез соққан. Соған орай разы болған халқы да Тектұрмас қоныстаған тауды Тектұрмас тауы деп атапты.

Әспет алдындағы шампан құйылған бокалды ерніне апарып болар-болмас таңдайын жібітті де:

– Міне, ойыңыздың мешеулігі осында, – деп қойып қалды.

Бағдан қызарып жүре берді. Жүрегі лүпілдеді. Тұра беріп шапалақпен тартып жіберсе қайтер еді?! Жоқ жолдас суретшім, сабыр, сабыр ет. Сен ел адамысың. Кім біледі, осы ресторанда отырғандардың ішінен де өзінді танитындар табылып қалар. Жолжөнекей кездескен әйелмен шатасып, ақымақ болма. Мүмкін есі ауысқан біреу шығар. Жұрт күлкі етеді. Ашуын осылай ақылға жеңдірген Бағдан сәл кідіріңкіреп барып:

– Құлағым сізде. Айта беріңіз – деді сабырлы қалыпта.

– Ойыңыздың мешеулігі, – деп, Әспет баса қайталады. – Мұның несі Айша Бибі? Бұл Қозы Көрпеш – Баян сұлу емес пе?!

Бағдан шалқая отырды. Тағы да қан тепті ме, шекесі шықылдап, көз алды буалдырланып кетті. Қарсы бетте еңкейіңкіреп отырған Әспет мүлде бұлдырап алыстап бара жатқандай: Ұйықтаса түсіне енбеген ой. Қыз даусы тағы естілді:

– Бар айырмашылығы: Анда Қозы, Баян болса, мұнда Тектұрмас, Айша, анда күмбез тағылық стильде шошақ болып келсе, мұнда Орта Азия стилінде жұмырлау. Бары осы. Не жаңалық айтқыңыз келді осымен? Картинаңызды көрген адам қандай ой түймек?

Бағдан есін жиды. Біреу-міреу өз шығармалары жөнінде бірдеме дей бастаса, ішінде жатқан, жай жатқан емес, барған сайын даусы нығыздалып келе жатқан ала күшік – дыбыс беріп ақырын болса да шәуілдей бастайтын ала күшік бұл жолы үндемей қалды. Неде болса шыда, Бағдан. Айтсын.

– Картинаңызда ой жоқ қой. Махаббат жоқ. Күмбездің өзін көрмей, картинаңызды көрген адам жақынырақ үңіледі де: «Е, әлгі, Айша Бибісі осы екен ғой» дейді де жөніне кетеді. Қозы мен Баянның ұлылығы – ол екеуінің арасындағы асыл махаббатқа тікен болып көлденең түскен зұлым күш – Қарабай, Қодарлар бар. Ал Айша болса, ғашығына келе жатып күншілік жер қалғанда дертке шалдыққан. Сөйтіп қосыла алмаған, арманда кеткен! Осы да сөз болып па? Өлімнен қашқан Қорқыт қайда олай болса? О да өлген еді ғой. Өлімді азалай беретін болсақ, күніміз не болмақ? Бір нәрсеге мен құдайдай сенем: егер осы күмбездің енді қайтып ашылмас жұмбақ сырында әлеуметтік бір мән, не халықтық бір трагедия жатпаса, құр өлім үшін қалдығының өзін жұрт тамашалайтын сұлу күмбез соғылмаған да болар еді. Керек десеңіз мен әлгі Қозы мен Баян күмбезін де жай ғашықтарға арналған күмбез дей алмаймын. Халық арман қуалаған әманда. Сол арман жолында ұлы-ұлы хикаядастандар дүниеге келген. Сол дастандарды еніреп тыңдаған ата өз қызын лақша бақыртып, ұнатпағанының қанжығасына байлап жібергенде қолы қалтырамаған. Оны сіз да білесіз. Өйткені арман арман да, күнделікті тірлік күресі бір басқа. Фольклор халықтың сәби кезінде туған. Ал бүгінгі күннің адамдары сол фольклорға табынып, Айшадан Баянды жасамақ болса, онымыз сәбилік емес, надандық.

Бір ғажабы – басында бас асауша тулаған Бағдан көңілі мынадай ұтымды ой-пікірлерден кейін бір тыныш халге түсті: айта берсе екен. Тыңдай берсем екен. Рас, Бағданға ауыр-ауыр сөздер де айтылды. Мүмкін ондай сөздер басқа біреудің айталық, өзі тұстас ер адамдардың бірінен шықса, көнер ме еді, көнбес пе еді. Ал мына сөздер қыз аузынан шыққандықтан ба, ащы болса да пәк, таза ойлар секілденді.

Әспет мүдіріп қалды. Әлгі бір ашуланған кезінде шалқая отырған Бағдан сол қалпынан қозғалмаған екен. «Иә, жалғай бермейсіз бе», – дегендей жоғары қарап еді, көзі қыз көзімен түйісе кетті. Керемет, манағы қап-қара көздері үлкейіп алған. Аздап ішкен шампанның әсері ме, тереңде жатқан қан тамырлары бері теуіп аппақ өңі сондай нұрлы, жарқын. Жаңағы «айта берсе екен, тыңдай берсем екен»

деген жігіт ұғымын растағандай татулыққа, достыққа шақырған келбет. Ойламаған жерден оқыс кездескен қыз туралы сезім-пікірлерінің тоқтаспағанынан ба, дәл осы сәтте орныға бастаған жігіт көңілі суретшінің қырағы көзінен: «Неңді көріп отырсың, бұл әлі тұрмыс көрмеген пәк адам ғой, ал сен құрсақ көтерген әйел», – дейсің деп реніш білдіргендей болды. Бар қиын сәттерден аман өтіп, не айтылса да пайыммен тыңдауға бел байлаған Бағдан жүзіне тағы да күлкі жүгірді.

– Иә, айта беріңіз.

Бір кереметі – манадан бері Бағдан бақылаған бір жай: қаншама талап қойып, мінін ашып, сын айтса да, қыз қабағына кірбең ілінбегені. Қыз сөзінен пәктік барын аңғарғаны да содан болса керек. Қыз да жымиды.

– Сіз неге күлесіз? Әлде тілі жаңа шығып келе жатқан сәби сөзін қызықтайтын үлкен кісі секілді мазақтап, отырсыз ба мені? – деп еркелей сұрады.

– Құдай сақтасын. Сөзінізде ащы шындық бар, – Бағдан столға қайта үңілді. – Ал алып қояйық.

Қыз енді хрусталь болмаса да, шыны бокалдың сирағынан ұстап Бағдан бокалына нұқыңқырап, назбен соғыстырды.

– Мұны хрустальдің сыңғыры деп ұғыңыз, аға.

Бағдан күлді. Түсінер ме екен, түсінбес пе екен дей ме, әзілі әйтеуір астарлы.

– Сіз купеге келіп жайласқаннан бастап мен шыныдан хрусталь сыңғырын іздегенмін. Ал таза хрустальдың өзінен шыны дыбысын да ести алмай отырған мына сіз, ғой.

Әспет алғашқы рет сылқылдай күлді де:

– Аға, байқаймын, қу екенсіз, – деп сұқ саусағымен еркелей нұсқады, – шыны деп отырғаныңыз сонда мен ғой.

– Кім біледі, хрусталь да шығарсыз. Қайтсе де сіз секілді балақандарды алдауға жететін қулығымның бары рас.

– Ал қақпаныңызға түспесем ше? Түспеуге жететін қулық менде де бар болса ше?

– Қайда барам дейсің, түсесің ғой, – деп «сенге» қалай көшкенін Бағданның өзі де байқамай қалды. Қыз қабағына кірбең ілінді.

– Кімді болсын құртатын нәрсе, өстіп өзін-өзі алдарқату ғой. Ал өнер адамы үшін өзін-өзі алдарқату өлімнен де жаман.

Бағдан Әспетті сөзден жеңгісі келді.

– Өлімнен де жаман? Өлімнен жаман да бірдеме бар ма екен?

– Ойбой, ағасы, сіз тіпті мені шынымен бала санайсыз ғой деймін. Сөзіңіздің сынайы солай. Басқаны былай қойғанда кейде жер басып тірі жүрудің өзінің де өлімнен жаман болатыны бар. Талантты деген, қолынан іс келетін өнер адамы болмай жатып болдым десе, толмай

жатып толдым десе, соның салдарынан артына түк қалдырмаса, жай ас ішіп аяқ босатардың өзі болса ол тірліктің өлімнен несі артық?!

Бағдан жеңілгенін іштей мойындады да «әзіл ғой» дегенді таныпып:

– Ал, Әспет, алып қояйық, – деді.

Әспет қолы бокалға бармады.

– Рақмет.

Бағдан шылбырдың ұшын берсе түбіне жармасар кейбір мезілерге ұқсап, сөзді қор өтіп, өтінішін қайталамады. Өзі шампанға ернін тигізіп, бокалын столға қойды. Қайтсе де осы қызды сөйлету қызық. «Ой, жоқ...», «махаббат жоқ...» Бағданның Әспетпен таласқысы келді. Махаббат жоқ?.. Махаббат болмаса, онда, ана қирамай бүтін қалған мандайшада ұзақ өлең ұшығы: Аспан... Бұлт... Аруана дүние... – деген сөздер қалай жазылған. Аруана дүние? Қандай құдіретті сөз тіркесі! Бүгінгі заманда осындай құдіретті сөзді қай құдайың айта алып еді?! – Бірақ сөзуар қыздан именгені сондай, тағы бірдемені бүлдіріп алармын деп жалтара тіл қатты.

– Жақсы. Пікіріңіз дұрыс дейік. Сіздіңше, Айша кім сонда?

– Айша ма? Айша қайтсе де ақылды, сұлу әйел. Айша – атақты ханның ханшасы. Айша – атақты ханның анасы. Айша – күйеуі өлгеннен кейін хандықты өз қолына алған тақ, тәж иесі. Мына күмбезді кім салдырса да бір-ақ мақсаты болған: Қайтсе де ел ішінде Айша беделі аркылы өз әмірін жүргізу, өз үстемдігін нығайту. Сағым қуаламаңыз сіз одан.

«Шынында да сөзінде жан бар-ау», – деп ойлады Бағдан.

Әспет сөзін жалғай берді:

– Содан кейін картинаңыздың фоны ұнамайды маған. Әлдебір адамдар, машиналар. Бұл не? Бүгінгі заман мен өткен заманның тіл табысқаны демексіз ғой. Қандай арзан, – деп тоқтады да, содан әрі дауыс ырғағын өзгертіп кекей, шеней сөйледі. – Ана тұмсығы көрінген жеңіл машинаңызды да түсінем: Айша Бибіге тауап етушілердің ішінде әкімдер де бар. Ал алыс қырқадан көрінген электр линиясы: міне, біздің өмір осындай! Соны паш етіп тұр. Егер Айша сорлы: «Мың жылдан кейінгі ұрпақтарым қандай болар екен?» – деп кетсе, міне, көрсін қандай екенін!

Мына сықақ Бағданның шымбайына қатты батты. Тұрып жүре берсем бе екен деп бір ойлап еді, ана заказын өзі берген шампан есіне түсті. Төлеу керек қой, сол ұстап қалды. Ашу үстінде:

– Байқа, шырақ, мен беделді суретшімін. Тіл тигізе бастадың, – деп салғанын өзі де білмеді.

Әспет сәл мүдірді де:

– Тіл тигізді десеңіз, ғафу өтінемін. Бірақ мына пікіріме айтар дауыңыз бар ма? – деп сұрады.

Бағдан дауласа алмады. Қанша шамданса да қыз сөзінде жан бар.

– Бедел! Беделді суретші екеніңізді жақсы білем, – деп қыз сөзін әрі жалғады. – Бірақ бедел әперген, даңқыңызды шығарған шығармаңыздың сиқы мынандай болып тұр ғой. Бұл не сонда? Бұл сонда беделіңіздің жалғандығы болып шығады ғой. Шын талант-тылар көбіне далада қалып, кейде беделге жай пысықтар ие болып кететіні де болады. Өйткені беделдің жарым-жартысы лақаптан тұрады: пәлен екен, түген екен. Өйтіпті, бүйтіпті... Міне, бедел осы, Бағдан аға. Пікір таласында бедел сізге қару бола алмайды.

Мынау бір пәле. Қайда салса да тіліп шығады. Бедел туралы айтқанына қалай қол қоймассың. Әу баста бұл өзі қол астында істеген аға суретші ше? Ой мен қыл қалам мұныкі, атақ оныкі. Осы ретте бір қызық оқиға есіне түсті. Бірер кісімен бірге қала ортасындағы жаңа ғана жөндеуден шыққан бір ресторанға барған. Жасыратыны жоқ, қабырғаларындағы бұрынғы бұл салған өрнектер тамаша еді. Ал мына өрнектерде жан жоқ, сәби баланың қолынан шыққан суреттер секілді. Мұның осы ойын растағандай жаңағы өзімен бірге еріп келген үлкен кісі мұрнын тыржитты:

– Ана пәленшекең салған бұрынғы өрнектер жақсы еді ғой. Мынасы немене?...

– Ол өрнектер пәленшекеңдікі емес, мына менікі болатын. Мен салғанмын, – деп анықтады Бағдан. Сонда ана кісі:

– Әй, шырағым, не былжырап тұрсың? Мені білмейді деймісің! Бұл ертегіңді басқа жерде айт! – деп кесіп тастаған.

Әне бедел. Жә, болмаса, жасы да, таланты да сенен әлдеқайда төмен бір пысықтарды ал. Бағдан ойлап отырып сондайлардың он шақтысын санады. Бедел алудың әдісін тапқандар. Жазғандары орта қолды жай плакаттан аспаса да, көбіне солар бұрын аталып жүреді.

Бағдан ашуы тағы тарқап кетті. Соны байқаған Әспет те жымиып күлді. Даусында мұңды еркелік бар.

– Бағдан аға, сіз маған ұрыспасаңызшы. Келіспесеңіз, пікір таластырыңыз. Әйтпесе маған ұрсатын адамдар сізсіз де табылады.

Соңғы сөзді Әспет неге екені белгісіз күрсініп айтты. Содан ба, Бағдан жүрегінде оған деген әлдебір аяушылық пайда болды. «Осынным не, жұдырықтай балаға реніш білдіріп... Қайта айта берсін. Бірі болмаса бірі сабақ болар. Мүмкін, мұның айтып отырғандарында жұрттан естігені де бар шығар». Өз ойын осылай түйген Бағдан қызға тағы да шампан ұсынды.

– Алыңыз. Бас-аяғы бір-ақ бокал. Әлі орталаған да жоқсыз.

– Соның өзін де сізбен бірге отырған соң ғана іштім, – деді Әспет. Суретшіні ренжітіп алдым ба деген қулығы, әлде шыны сол ма, әйтеуір қайта иілгені хақ.

Бағдан оқыс бір шындықты ашты. Байқап қараса кездескеннен бері үш-төрт сағат уақыт өтіпті. Содан бері сөйлеп жатқан мына қаршадай қыз. Ал Бағдан болса, анда-санда ашу білдіргені болма-

са, аузын да апшаған. Жасының үлкендігі қайда? Көп көргені, көп білетіні қайда? Бағданның ойына өзінің Югославия сапарындағы бір оқиға түсті: соны айтқысы келді. Ішкі есебі – көп жерлерді аралағанын танытып, үстемдік алмақ. Әрі жол-жөнекей Әспет пікіріне дау айтып мін де такпакшы. Бағдан еңкейе отырды.

– Білесіз бе, Белград қаласында қазіргі заманғы өнер музейі бар екен...

Қыз елең ете қалды.

– Қазіргі заманғы өнер музейі дейсіз бе? Ал, иә?

– Ең алдымен, музей үйінің өзі қызық. Қабырға, төбелердің бәрі кілең шаршыдан тұрады.

– Ә, Кубизм деңіз... Пикассо ғой.

Бағдан: «Мына пәле қайда салсаң да алдыңды орайды ғой», – деп ойлады.

– Иә... сол Кубизм... Пикассо. Музей – ұзақты күн айтсаң да таусылмайтын хикая. Әңгіме – бакка айналып кеткен музей территориясындағы екі-ақ туынды туралы. Бірі – «Хаос», екіншісі – «Гармония». Кісі бойындай гранит тұғырда тұрған не дейсіз ғой? Бір ретпен бір-біріне пісіріп қоскан никель шеңберлер...

– Шеңберлер?.. – деп таңданды Әспет.

– Иә, шеңберлер. Никельді пісіру тым қиын ғой. Қоскан жерлері бадырайып тұр. Бұл «шедеврдың» аты «Гармония». Ал музейдің екінші бетінде дәл сондай тұғыр. Дәл сондай шеңберлер. Жалғыз-ақ айырмасы қалай болса, солай пісіріліп қосылған. Оның аты «Хаос». Басқаны былай қойғанда, өнер қасиетін тани білетін менің өзім күлдім де өте бердім. Кенет дауыс шықты.

– Біраз аялдап қарамадыңыз ба?

Жалт бұрылсам көк шөпте жамбастап сақалды біреу жатыр.

– Қарайтындай не бар мұнда?

– Ой салады. Мен ертемен тұрып осы жерге келгенімде басымда түк ой жоқ еді. Міне, қарап жатырмын. Қилы-қилы ойлар шырмауда.

Мен сәл бас изеп әрі өтіп кеттім. Бірақ жаңағы сөз есімнен кетер емес. Бір айналып қайта келіп ұзағырақ үніліп едім, өмірдің ащытұщысы жайлы ойлар мазалай бастады. Осы күні сол сапарды еске алсам, көңіліме бұрын оралатыны – өнерге түк қатысы жоқ жаңағы коспа шеңберлер...

– Ал сосын?..

– Не, сосыны бар?! Кейде біз өнер туындыларын көзбен оқысақ та, көңілмен оқи алмаймыз...

Бар болмысымен ұйып тыңдаған Әспет оянып кеткендей болды.

– Сіздер ойлауға мүмкіндік қалдырмайсыздар ғой.

– Неге қалдырмаймыз? Тек оқи біліңіздер.

479412
Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
2–1040

– Сіз егер Айша Бибінің құламай қалған қабырғасын салсаңыз, мен «Қалған қабырғалары мен төбесі қандай болды екен?» – деп ойланар едім. Ал сіз ғасырлар бойы шешілмей келе жатқан жұмбақтың бәрін шешіп, сырдың бәрін ақтарып қойып тұрсыз ғой... Нені оқимын? Не жайында ойланам?

Бағдан жауап таба алмай қалды. Әспет өз ойын жалғай берді.

– Шишкиннің кәдуілгі «Қара бидайын» алыңызшы. Осы картинаның құдіреттілігі ана теңселе төгіліп, пісіп тұрған қара бидайда ғана деп ойлайсыз ба? Тіпті олай емес. Ондай картинаны сіздер де жаза аласыздар. Оның тағы бір сиқыры арғы фонында.

Бола бастаған қай суреткерді алма, өз дүниесінен басқаның бәріне салғырт қарайтындығынан ба, Бағдан ол фонды айқын қалпында көз алдына келтіре алмады.

– Бергі бетке қара бидайдың сыбдырын естігендей болып тамсана қарасаңыз, арғы фонға қолыңызбен көзіңізді қалқалап, өкшеңізді көтеріп, мойныңызды соза қарайсыз. Неге? Себебі елеусіз бір дөң асқалы тұрсыз ғой. Сол дөң астында не бар екен деп қарай-қарай көзіңіздің талатыны содан. Бергі ернеуден тіпті айқын басталған қара жол да бара беріп бұрылып кетеді. Соған қарап: бұл жол қайда апарады екен, деп сұрау қойып білмекке құмартпаймын деңізші. Ал сіздер болсаңыздар егіні жайқалған теп-тегіс егістіктің дәл ортасына шашты, шашсыз біреулерді әкеп салып қоясыздар. Ол жөнінде не ойлау керек? Бидайыңыз да жақсы. Адамдарыңыз да тамаша. Кілең қайраткерлер. Шабуға жарай ма? Қанша центнерден аламыз? Әңгіме осы. Бас қатырар не бар онда?

Бағдан қабағын түйді.

– Не қыл дейсіз сонда. Ашылар Америка баяғыда ашылған.

– Шын ізденгенге ашылмаған Америкалар әлі де бар.

– Қалай де, бұл пікірге қосыла алмаймын, – деп Бағдан дауласа кетті.

Әспет мүдірмеді.

Бүкіл жазушы қауымы болып көркем әдебиеттегі Америка баяғыда ашылып болған деп шулап жүр еді. Маркес келді де роман жазудың жаңа жолын тапты ғой.

Бағдан нығарланқырап айтты:

– Оныңызды қойыңыз, Маркс еш уақытта да роман жазып көрген емес.

Әспет ішегі қатқанша күлді.

– Маркс емес, Маркес. Габриэль Гарсия Маркес. Колумбия жазушысы. «Сто лет одиночества». Оқыған жоқсыз ба?

Бағдан ақымақ болып қалғанын сезінді: оның бір кемшілігі – қолына түскен шығармалар болмаса, іздеп, індетіп жүріп ештеңені оқымайтын еді. Соған қыз алдында ұялды да:

– А, Мар...кес?! – деп білетін адамша мән бере айтты.

– Байқап отырмын, Бағдан аға, бәрібір, Маркесті оқыған жоксыз, білмейсіз.

Бағдан тағы да қабағын түйді:

– Сіз өзі кімсіз?

– Өзіңіз айттыңыз ғой, Әспетпін, – деп қыз сылқылдай күлді.

Байқаса, Әспет кейпінде сенгіштік пен жылылықтан басқа, жаңа ғана қатты сөз айтып, жасы, жолы үлкен ағаны ренжітіп алдым-ау, деген күдіктен нышан да жоқ екен. Соған орай:

– Бағдан аға, тамақ алсаңызшы, – деп қыз қолын ілгерірек ұсынынқырап столға салды. Саусақтары түп-түзу, тым салалы екен... Көңілдің тереңінде жатқан әлдебір түсініксіз, әзәзіл сезім жігіт қолын көтере берді. Ырық берсе, қыз қолының үстіне салмақ. Алда-жалда Әспетті ренжітіп алса, жұбату да оңай: суретшіге адамның қай мүшесін болса да зерттеуге ерік берілген ғой. Оны мынадай білімді қыз сөкпеуге тиісті. Бірақ табиғатында сыпайы Бағдан әрі асқан жоқ,

– Қолыңыз неткен нәзік, саусақтарыңыз қандай салалы еді! Пианистка емессіз бе?

Әспет жымиып күлді де, қолын тартып алды.

– Жоқ. Пианистка болу бізге қайдан келсін. Бірақ өнерді жақсы көрем. Актриса болғым келеді.

Қыздың бұл өзі жөніндегі бірінші сөзі.

– Ал, иә?

– Консерваторияның актерлік факультетіне бара жатырмын...

– Ә, онда сәтті сапар болсын.

– Рақмет.

Кездескеннен бергі екі көңілдің үндестік тапқан бір сәті осы ма, екеуі де кідіріп қалды. Сол үнсіздікті әуелі Әспет бұзды.

– Бір машығым да бар еді...

– Қандай машық?

– Жақсы картиналардың репродукцияларын жинайтынмын, – деп Әспет ашыла сөйледі.

«Е, жақсы картиналарды жинаса «Айша Бибі» де жаман болмағаны ғой, – деп, далбасалады қыз сөзі шымбайына батқан суретші. – Бірақ ілулі тұрған жерінен неге алып тастады екен?».

– Е, содан екен ғой, өнердің бұл саласында ешкімге дес бермейтініңіз...

Әспет рақаттанып, балаша мәз бола күлді. Пілдей суретшінің апшысын қуырып тастағанына дән риза.

– Бірақ бұл машығыңызды өткен шақта айтып отырсыз. Қазір не, жинамайсыз ба?

Қыз кейпіне кірбің ілінді.

– Жинамақ түгіл, жинағандарымның қайда қалғанын да білмеймін...

– Неге?

Әспет күрсінді.

– Бағдан аға, оны сұрап қайтесіз. Есіме алсам құр жанымды жегеннен басқа пайда жоқ. Әрі мына жақсы сапардан келе жатқан сізге де көңілсіз әңгіме айтып мазаңызды алу лайық емес.

«Қара, мазаны алмайтын адамның түрін!» – деп ойлады Бағдан.

– Тамағыңызды алыңыз. Кетейік. Менің түсетін уақытым болды.

– Қалайша? Алматыға бармайтын ба едініз? – деп сұрады қызды Алматыға бара жатыр деп түсінген Бағдан.

– Мына Шуда бір шаруам бар. Алматыға кейін барамын.

Көп кешікпей поезд Шу станциясына келіп тоқтады. Өз творчествосы туралы қаншама артық-кемді сөз айтылғанымен бұл жігіт «ал кеттімі» жоқ, қай құбылысқа болса да әріректен тереңірек үңіліп қарауға кабілет-парасаты жете бастаған, соның жақсы-жаманын айырып ала алатын халдегі суретші еді. Сол себепті суретші Бағданның ат өтті ренішін азамат Бағдан соншалықты білімдар, ойға жүйрік, пікірге мығым өжет қыз алдында жығып берді де, Әспетті шығарып салды. Қоштасарда тұңғыш рет қолын ұстады. Жып-жылы, жұпжұмсақ. Қанша салалы десең де жігіт алақанына сүңгіп кеткен кішкене қол дүрс-дүрс соққан жүректің өзіндей, тамырлары лүп-лүп етіп біршама тұрып қалды. Босанбақ болып болмашы қарсылық жасап еді, оған жігіт алақаны көнген жоқ.

– Ең болмаса, мені осы қызықтан айырмаңыз.

– Поезыңыз жүріп кетеді ғой, – Әспет мұны сыбырлап нәзік леппен айтты.

– Алматыда қайда тоқтайсыз? Іздеп барайын...

Қыз қолын босатып алды да, басын шайқады.

– Керегі қанша?

– Өзім де білмеймін. Әйтеуір кездескім келеді.

– Жоқ, Бағдан аға, қажеті жоқ. Мені сіз іздеуден гөрі, сізді мен іздеп табу оңай ғой. Реті келсе өзім хабарласармын...

Поезд қозғала бастады. Жұмбақ қыз қол бұлғап қала берді.

3

Ғаламат! Кездесу деген әр қилы екен ғой. Бір кездесу бар: сондай сыпайы. Сондай сұлу. Әңгімелестің, әзілдестің де. Қабақ шыткан бірің жоқ. Қоштасуың да сондай әдемі. Тіпті аты-жөндеріңді айтыстыңдар. Адрес, телефондарыңды берістіңдер. Поезд жүре берді. Купеге кірдің. Кіре салысымен газетке немесе кітапқа үңілдің, не далаға қарадың. Жаңағы адамының тіпті көленкесі де жоқ көңілінде. Көзден таса – көңілден ғайып. Бейне бір кездеспе-

ген, сөйлеспеген, бірге отырып дәм де татыспаған секілдісің. Зымзия. Ал мына кездесу мүлде бөлек: таласа келді де, кетерінде жөнін де айтпады. Кереметі – сабырлы деген Бағданның өзі кол жұмсап та кала жаздады. Сөйткен жігітің енді қонылтақсып, жүдеңкіреп қалды. Әлгінде ғана карсы отырған, карсы отырып алып, мұның бар болмыс-касиетінің борша-боршасын шығарған сұңғақ бойлы талдырмаш кыз көңілдің ойранын шығарып кеткендей. Даусын сағынды. Тостағандай кара көзіне, аппак мінсіз келбетіне карағысы келді. Бірдемені ести алмай, бірдеңені көре алмай калған секілді. Естігісі, көргісі келеді. Бауырын әлі жаза алмай келе жатқан поездан қарғып түсіп, куып жетсе... Сөйтіп ертең-бүрсігүні Алматыға бірге келсе...

Бағдан терезеге карады. Поезд әлі каладан шығып болмаған екен. Кілең бір жалаң кабат аласа үйлер айналып артта калып жатыр. Әне, ана бір ак үйдің калтарысынан сұңғак бойлы бір кыз шыкты. Колында кол чемодан. Ак өңін ашатын акшыл көк көйлегін куалап жел соғады. Кыздың құлын мүшесі ап-айқын. Кетіп барады. Кайда бара жатыр? Жігіт оған жауап таба алмады.

Осы бір алабұртқан көңілмен Бағдан Алматыға келді.

Сәлима мен кішкентай Алданы куана карсы алды. Алдан «папалап» мойнынан кысып алса, жиырма шакты күн көріспеген Сәлима ол жер, бұл жерімен сүйкеніп, сағынғандығын айқын танытады. Үйге келді. Тап-таза. Жып-жылы. Өз үйі, өз ошағы. Егер осы үй болмаса, мына Сәлимасы, Алданы болмаса, Бағданның күні нешік? Жауап орнына Бағданның арқасы мұздады. Қарсы алған қошеметті достармен тамақ ішілді. Бір куаныш – «Огонек» журналының соңғы санында Бағданның «Есіл бойында» деген картинасының репродукциясы жарияланған екен. Жұрт колдан-колға жүгіртіп соны тамашалады. Тағы бір картинасы бір жиналыста бір үлкен басшының аузына ілігіпті. Ол да үлкен куаныш, дәреже. Өйткені ондай адамдардың аузына екінің бірі іліге бермейді. Шіркін, осы бір жаксы лепес, кошемет сөздерді Әспет естісе... Мынадай керемет достары, Алдан секілді нәсілі бар екенін өз көзімен көрсе... Сәлима секілді жары бар екенін... – Бағдан мүдіріп калды. Кенет көз алдына үйіріліп калып бара жатқан жалаң кабат үйлер, сол үйлердің арасында кетіп бара жатқан сұңғак бойлы бір кыз елестеді. Колында кішкене чемодан. Кетіп барады. Кайда бара жатыр? Соған жауап іздегендей бұрыла карап еді, мойнынан кысып кұшактап алған Алданының колы жазылып, ұйқыға кетіп бара жатыр екен. Енді түсінді, оң жағында осы бір сәтті тамыршыдай аңдып жатқан Сәлима жаңа толысып пісіп, бар ләззаттың құдіретін түгел игеріп құныккан жастық кызуымен бері аунап түсті. Тұла бойы дертіп тұрғандай.

– Самолетпен келмей... Сағындырдың ғой, жігітім...

Көнілінде бір көленкесі болғанымен ары таза келген жігіт жар алдында ұялған жоқ. Аз уақыт па, көп уақыт па, сағыныш құмарлар тарқаған кезде әрі, өз төсегіне қарай жайыла түскен Сәлиманың даусы шықты:

– Самолетпен неге келмедің деймін?

Не сұмдық? Бағданның көз алдында: Жалаң қабат үйлер. Ақшыл көк көйлегін жел қуалап кетіп бара жатқан қыз...

– Қайда бара жатыр?..

– Кім қайда бара жатыр? – деп сұрады Сәлима.

Бағдан үндемеді.

Бүгінгі күніне, Бағданға, Алдан секілді баласы барлығына дән риза, осыдан артық пәлендей ештеңені тілей бермейтін Сәлима байғұс түсінген жоқ... «Жолдан шаршап келді ғой, дем алсын», – деп көрпесін бүркенді. Ал өз әйелінің қасында жатқан Бағданға әлдене жетпейді. Не жетпейді? Кімді іздейді ол? Өз әйелі, Сәлиманың қасында жатқан Бағданға неге екені белгісіз Әспет жетпейді. Алабұртқан көңілі Әспетті іздейтін секілді.

Баурап алған осы ойды арқалап ол ертеңіне машинасын тұтатып, гаражынан шығарды да шеберханасына барды. Жиырма шақты күн көрмей сағынып келген өз шеберханасы. Таныс иіс. Әр қилы бояулар иісі. Бағданның өз иісі. Кеше әлдебір қиялдың шалығына бой алдырып жолдан келгенде қожасын сағынып күтінген жып-жылы, тап-таза үйін көріп: «Бұл үй болмаса күнім не болар еді?» – дегенде, Бағданның арқасы мұздап еді. Бүгін мына шеберханасында сол сезім қайта баурады Кім білсін, ол үйі болмаса, өлмейтін де шығар. Қиындық көрер. Азап шегер, жүдер де. Бірақ өлмес. Ал мына шеберханасы болмаса, өліп қалатыны айдан анық. Бұл қасиетті мекен. Бұл оның бар болық, мазмұны. Бұл – оның нақ өзі.

Бағдан кірген бетте ең алдымен қыл қаламды ұстады. Неге екені белгісіз, мұрнына апарып иіскеп қойды. Кебіңкіреп, бояу иісі кетіңкіреп қалған екен. Бір-екі тюбиктен бояуды сығып шығарды да, араластырыңқырап жіберіп, мольбертте тұрған полотноның жабуын көтерді. Ар жағында әлдебір сызықтар, адам кейіптерінің нобайы. Солардың әр жерінен қыл қалам ұстаған қолы жорғалап кетті. Енді бір сәтте тоқтап қалды. Сап еткен ой: Бұл суретке Әспет қалай қарар еді? Бағдан ойланып қалды. Әспет?! Бұл кім өзі? Жын ба? Пері ме әлде? Ойланбастан жаңағы нобайды мольберттен ағытып алып еді, астында мұның ертерек кезде жазған «Егін даласы» деген картинасы шыға келді. Бағдан әуелі шошып қалды: Жаңағы жайқалған егін ішінде жалтыр бас біреу тұр. Енді есіне түсті: салуын салса да картинаның бірдемелері ұнамайтын өзіне. Соны жөндесем бе деп, қайта жазсам ба деп іліп кеткен. Кенет Әспеттің «Қара бидай» туралы айтқаны есіне түсті де күлді. Рас екен-ау. Ойлауға пұрсат бермейді

екенбіз. Бағдан съезге кетер алдындағы ойынан тез айықты да, картинаны мольберттен жұлып алып есікке қарай лақтырды. Әспетті неге іздейтінін енді тапқандай: Сәлима өмір серік болса, Әспет ой серік. Өмір серікке Бағдан зәру екен. Содан болса керек, Сәлиманы шеберханаға бұл шақырмайтын. Сәлима да келем дей қоймайтын. «Ананы жазып жатырмын», «Мынаны жазып жатырмын» десе, «е, жақсы» дейтін де қоятын. Нені жазып жатыр, қалай жазып жатыр? Сәлиманың онда шаруасы жоқ. Әйтеуір жазса жақсы. Әйтеуір жазғаны өтсе жақсы.

Осындай бір сырды ашқан Бағдан үйге келсе де, шеберханасына барса да, телефон шылдырласа, жүгіріп барып, трубканы өзі алатын болды. Хабарласамын деп еді. Телефон соғып қалар деп күтеді. Апта өтті. Ай өтті. Келер жылдың көктемі келді. Алабұртқан көңілі басылып, көңілдегі Әспет суреті көмескілене берген... Сол көктемнің бір әдемі күні түс әлетінде тағы бір телефон шылдыры шықты. Дағдылы шылдырлардың бірі шығар деп ойлаған Бағдан:

– Әй, Сәлима, трубканы көтерсейші, – деп дауыстады.

Трубка көтерген Сәлима әуелі: «Бұл кім?» – деп тіксініп сұрады да: «Білмеймін, бір әйел, сені сұрайды», – деп телефон трубкасын Бағданға ұстатты.

– Бағдан аға, бұл менмін ғой, – деген дауыс шықты. Сондай жылы, сондай таныс, бірақ сондай алыс дауыс. Қапелімде «бұл кім еді» дегендей Бағдан тоқтап қалды.

– Мен Әспетпін ғой...

Күте-күте сарғайғаны ма, әлде ойламаған жерден қуанғандығы ма, Бағдан даусы ерсі:

– Ойбай-ау, қайда жүрсің, шырағым-ау?

– Бағдан аға, кездесе аласыз ба менімен?

– Неге кездеспейін. Кездесе алам.

– Ендеше далаға шығыңызшы, – деп Әспет кездесер көшелердің түйілісін айтты. – Күтем.

Бағдан тез киінді. Мойнына асылған Алданға да қараған жоқ. «Қайда барасың?» – деген Сәлимаға, «Радиодан даусыңды жазам деп еді, көп күттірді ғой», – деп қосыңқырап жіберді де далаға жүгірді.

Былтырғы Әспеттің өзі. Түк өзгермеген. Көйлегі де баяғы ақшыл көк. Чемоданы да сол. Бағданның сағынғандығы сондай, жақындап құшақтағысы келіп еді. Әспет салқын кейіппен қолын алға тосты.

– Бағдан аға, мені Жамбыл қаласына алып бара аласыз ба?

Сұрақтың оқыстығы сондай, Бағдан алды-артын бағдарлай алмай қалды.

– Апара алмасаңыз қиналмаңыз. Бірақ турасын айтыңыз.

– Неге апара алмаймын. Апара алам...

– Менің бүгін кешке сол қалада болуым керек еді... Ертеңгі күні кеш болады.

Бағдан басқа сөз қатпады. Гаражға келіп машинасын тұтатты. Үйге келсе, Сәлима жұмысына кетіп қалған екен. «Айтпай кеткенім жөн болмас», – деп телефон соқты. «Мен тығыз бір шаруамен Жамбыл қаласына кетіп барамын. Екі-үш күнде оралам. Алаң болма».

Сәлима байғұс: «Онда не бар еді? Неге бара жатырсың?» – деп жатпады. Жалғыз-ақ айтқаны: «Жолға сақ бол. Байқап жүргейсің». Бары сол. Сәлиманың бір кереметтігі ұсақ емес. Күйеуінің ізін бағып, жолын аңдыған күні жоқ. Ерте кел, кеш кел, аман келсең болды. Кейде түннің бір уағына дейін жұмыс істеген Бағдан: «Шаршап отырмын, шеберханада қона салайын», – деп телефон соқса: «Шәйнегің бар еді ғой, болмаса шай қайнатып ішсейші», – деп қамын ойлап, қамқорлық жасағаннан басқа түк айтпайтын. Кей жолдастарының әйеліне ұқсап, қайта тексеріп, немесе кезекшімен хабарласып, шеберханасында ма, қасында кім бар – деп қазбалап жатпайды. Осы кеңдіктің арқасында олар тату, ұрыс-қағыссыз тірлік етіп келе жатқан жандар еді. Бағдан әйелінің осы кеңдігін тұңғыш рет пайдаланды да, суыт жүріп отырып түннің бір уағында Жамбыл қаласына кірді. Неге келе жатқанын әлдебір ойға батыңқырап, көңілсіз отырған Әспет айтқан жоқ. Өзі айтпаған соң Бағдан сұрамады: әйтеуір қыз өтінішін орындаған соң, неге келе жатқанын білуден келер-кетер не бар.

Әспеттің айтуымен кішкене «Жигули» машинасы қаланың шет жағындағы жұпынылау бір там үйдің алдына тоқтады.

– Бағдан аға, мен бір нәрседен қысылып келе жатырмын, – деді Әспет машинаның есігін аша беріп.

– Қысылма. Айт, – деп Бағдан енді «сенге» көшті.

– Бұл қалада машина қоя алатын, түнеп шыға алатын мүмкіндігіңіз бар ма?

Бұл мәселені Бағдан әлдеқашан шешіп қойған еді, осында өзімен бірге оқыған Маусымбек деген досы болатын. – Театр суретшісі. Алматыдан соған телефон соққан-ды, күтіп отыр.

– Бар болғанда қандай!

Әспет қуанып кетті.

– Ертең онда сізді мен осы арада күтем... Сағат екілер шамасы... – деп қалып қойды.

– Жақсы, Әспет. – Кішкене машина зымырай жөнелді.

Маусымбек расында да үй іші болып күтіп отыр екен. Бірге оқығанымен мәдениет пен өнер орталығынан алыстау облыстық қалада тұрып жатқан Маусымбек бұл күнде аты шығып, өзінен көш ілгері озып кеткен досын тамақ үстінде әңгімеге тартып, ананымынаны сұраған еді, жолдан шаршаңқырап келгендіктен бе, әлде жұмбақ Әспеттің мына жұмбақ жайын ойлап мазаланды ма, әйтеуір Бағдан шешіле қойған жоқ. «Не шаруамен келдің?» – деген сұраққа

да: «Творчестволық жолымның бір ұшы мына, Айша Бибіге байланысты ғой. Соның бір детальдарын көріп қайтсам ба деп едім», – дей салды. Әнгіме осымен бітті.

4

Ертеніне басқа ешкіммен кездесуді қалай қоймаған, бөтен ермегі жоқ Бағдан уәделі жерге айтылған уақыттан ертерек жеткен еді. Машинадан шыға беріп, арғы беттен үйіне қарай келе жатқан Әспетті көрді. Үстінде жөнсу киім, қолында күрек. Бағдан қарсы жүрді. Бір қадам қалғанда Әспет айнала берді де, басын төмен салып тұрып қалды. Күрегі қолынан түсіп кетті.

– Не болды, жаным? – деді шошып қалған Бағдан. Әспет тіл қатпады. Көз жасына булығып тұрғаны дірілдеген тұла бойынан анық сезіледі. Тебіреніп кеткен Бағдан тағы тіл қатты:

– Айтсаңшы, Әспетжан, не болды? Кім жәбірледі? – Осы сәттегі риясыз жігіт сезімі: жәбірлеген біреу болса, қолында өлу.

Әспет тез түзелді.

– Бағдан аға, ғафу етіңіз, мен қазір... – деп күрегін алды да, үйге қарай жүгіре жөнелді.

Біршама уақыт өтті. Машина төңірегінде әрлі-берлі жүрген Бағдан Әспет жайын ойлады: күрегі несі? Киген киімі неге жөнсу? Бақша салмайтын шығар? Жер қазбайтын шығар? Ойлап-ойлап таба алмады. Айдан-анығы қайтсе де жанын жегідей жеген бір қайғысы бар. Әйтпесе өр мінез әлі танысып болмаған, жақындаспаған адамының алдында әлсіздік көрсетпесе керек еді ғой.

Жігіт көзі мына бір жөнсу үйде. Шырпымен қоршалған аула. Сол ауланың көне дарбазасы қисайып, кішкене қақпасының шабақтары түсіп қалғанына қарағанда күтімі жоқ үй. Жалғыз-ақ көңілге тоғы – аула ішінде көктемнің мына дер шағында гүлдеп жапырақ жайған алма ағаштары. Әріректе қою көленкелі бір бәйтерек. Түбінен сылдырлап арық ағып жатыр. «Әспетпен бірге демалып отырар ма еді?!» – деп армандады Бағдан. Сол кезде Әспет үйден шықты. Әлсіздік көрсетіп алған әлгі бір сәттің әсерін басқысы келді ме, күліп келді. «Күлгеніңмен қайғыңның барын көріп тұрмын ғой, жасырмай айтсаншы одан да», – дегендей Бағдан қыз көзіне тура қарады. Қыз да қаймыққан жоқ:

– Бағдан аға, Айша Бибіге барып қайтсақ қайтеді?! – деп өтінді жымия күліп.

Айша Бибі! Бұл күмбез әу баста Тараз, жүре келе Әулиеата кейін Жамбыл аталған осы бір ежелгі қазақ қаласының іргесінде көне заманның бізге, бізден кейінгі ұрпақтарына сыйлап кеткен гүл шоғы секілді-ау, шіркін! Бағдан бұл жерге қанша рет келмеді! Қанша рет сынып түсіп кираған кірпіш-өрнектерге үңілмеді. Соның бәрінде

де керемет бір сезім билейді оны. Атақты Самарқанд өрнектерінен үш жүз жыл бұрын, жер дүниеге даңқы кеткен Тадж-Мақалдан бес жүз жыл бұрын тұрғызылған. Селжук жұртының аузымен құс тістеген сұлтаны – Санжар батыр күмбезімен тұрғылас, бұл күмбез сақталып қалған бір қабырғасының өзімен-ақ құрылыс пен сәулет өнерінің небір кереметтерін көзімен көріп, қолымен жасап, таң қалудан қалып бара жаткан бүгінгілердің өзін де табындырып, бас игізбей қоймайды ғой. Көнелік жағынан бері, көлем жағынан кіші болғанымен сәулет өнеріндегі сұлулықтың бұл үлгісін Периклдің көрегендігі, Фидийдің даналығымен тұрғызылған Парфенон мен Эрехтейоннан әсте кем дей алмайсың. Жалғыз-ақ өкініші – «қолда барда алтынның қадірі жоқ» – алтынды алтын дейік, жақсыны жақсы деп бағалай білейік, – деп біліп айтқан тілі жүйрік, қолы шабан халықтың кеш қимылы өте қымбатқа – үш қабырғаға түсті. Киелі күмбездің қираған кірпіштері табынып, тәуап етуге келгендердің, әуескойлықпен жай тамашалауға келгендердің қолдарында ғана кеткен жоқ, іздейтін көз болса, ол кірпіштер күмбез төңірегіндегі бүгін оты маздап жанған, бірақ ертеңгі оты қалай жанары белгісіз тоғышарлар үйлерінің пеш қабырғаларынан да табылып қалар еді-ау. Әттең не керек!.. Амал бар ма, қайтсе де қалған кірпіші жиналып, құламай тұрған қабырғаның шыны қалпақпен жабылғанына да шүкіршілік жасап, дәтке қуат санайсың ғой.

Әспет те, Бағдан да тіл қатқан жоқ. Күмбезді үнсіз жүріп үш айналып шықты да, машинаға отырды. Мүмкін осындайда үндеудің керегі де жоқ шығар. Үн қатып, сөйлеп тұр ғой Айша Бибі. Сегіз жүз жыл бойына сөйлеп тұр. Адам баласын сұлулыққа мегзеп, татулыққа, достыққа шақырып тұр. Қасиетті осы жерге келген көңілі ояу адамдардың үндемей қалатын себебі де сол Айша Бибі үнін тыңдағандықтан болса керек. Ол үнді әркім өзінше естиді. Өзінше ұғып, өзінше көкірегіне ұялатады. Соған уақыт керек болса керек-ті.

Кішкене машина бұрылып асфальт жолға түсті. Алда: «Міне, мен қандаймын!» – деп, Айша Бибіге қыр көрсеткендей көк түтінін будақтатып Жамбыл қаласы көрінеді. Одан әрі ел аузында аңызға айналып кеткен Тектұрмас тауы. Жолда суы тобықтан келмесе де дүрліге ағатын Аса өзені. Сол өзенге дейін үнсіз келген Бағдан машинаны ірке жүрді де көпірге жете бере кілт бұрылып жоғары салды. «Қайда барасыз?» – деп Әспет сұрамаса да Бағдан өзенге жақындап келіп, шөптесін көгалды бір жерге тоқтады да:

– Аздап тыныгып, демалайық. Тамақ ішейік, – деп машинадан шықты.

Әлгіндей болмай брезент жайылды. Машина артындағы тағамдар, ішімдіктер алынды. Аздап шампан ішкендіктен бе, Әспет көңілденейін деді. Бал-бұл жанған екі беті сондай нұрлы. Екеуі суға түсті. Асты құмды, тасты келген өзен ағынына бой бере алмай

жығыла жаздаған бір сәттерде Әспеттің Бағданға сүйеніп қалған да, Бағданды құшақтай алған да кезі болды. Соның бәрінде де жігіт сабырлылық танытып, қызды сүйеп қалды, демеп жіберді. Бас жоқ, көз жоқ жармаса кеткен жоқ. Соған разы болды ма, кім білсін Әспет бір сәтте судан шығып күнге қыздырынып жатқан Бағданның қасына келді де:

– Бағдан аға, жылан жегім келіп кетті, – деді.

Бағдан жаңсақ естідім бе деген болса керек, қадағалап қайта сұрады.

– Не жегім келді дейсің?

– Жылан... жылан тауып беріңізші.

– Қайтіп жейсің?

– Шикідей де, пісілей де...

Жоқ, Әспет ойнап тұрмаған секілді.

– Табылса іздейік, – деп Бағдан орнынан тұрды.

Екеуі енді судан өтіп арғы жағаға шықты да қатарласа отырып өзенді өрлей салды. Бет алды тау. Соған дейін бұрқырай көктеген кең жазық қайқаң көкпеңбек. Біреуі екеу, екеуі төртеу болып өніп, өрбіп көбейіп жатқан тірлік. Көктемнің жылы лебімен жеткен әр қилы шөп иісі мұрынды қытықтайды. Олар құм аралас тасты жағамен едәуір жүрді. Алда аласа қабақта жалғыз тал тұр. Қаралы әйелдің жаюлы шашы бейнелес шашақты майысқақ бұтақтарын иіп төмен салып жіберген...

– Мына талдың атын білесіз бе? – деп сұрады Әспет жақындап келгенде.

– Білем. Плакучая ива...

Әспет күлді.

– Жоқ, қазақша не дейді?

– Естіген емеспін. Жылауық тал дейтін шығар? – деп Бағдан ағынан жарылды.

– Білмесеңіз, біліп қойыңыз. Мұны қазақтар Мәжнүн тал дейді.

– Мәжнүн тал?.. Ғажап!..

– Табылған ат емес пе?

– Табылған ат болғанда қандай! – Бағдан енді байқады, Мәжнүн тал түбі қою көленке, әрі көктемнің ерте шағында су жүретін өзекше, жұп-жұмсақ таза құм. Біршама жер жүріп, үсті-басы құрғап, енді қызына бастаған екеудің демалуына сондай жайлы орын. Манағы жұпыны үй алдындағы түбінен арық ағып жатқан бәйтерек көленкесінде Әспетпен отырып демалар ма еді, деген арманды сезім дүр етіп қайта оянды.

– Әспетжан, көленкеде отырып демалсақ қайтеді? – деп Бағдан қыздың қолынан ұстады.

– Шаршап қалдыңыз ба? – деді Әспет жымиып.

Бағданның өз байлауы бойынша Әспеттің мұның алдында назданып әйелше сөйлегені осы.

– Шаршамасақ та... Ең болмаса, кейін айта жүру үшін...

– Мейлі... ырқыңыз білсін...

Екеуі тал түбіне келіп отырды. Бағдан айналаға көз салды. Қол созым жерде дүрліге ағып жатқан өзен. Машина біршама алыста қалған. Төңіректе қыбырлаған пенде жоқ. Сөйтсе де секемшіл жігіт көңілі дәл басты. Тал түбі жат көзден таса, ойда екен. Осы бір жағдай әл берді ме, қасында тым жақын, алған деміне дейін сезіліп, кеудесі мен бөксесінен басқа жерінің бәрі жалаңаш отырған Әспеттің арқасына Бағдан қолын салды да, өзіне қарай тартты. Қыз бейғам отырса керек, әуелі түк қарсылықсыз қисая кетті де, келер сәтте барып түзелді.

– Бағдан аға, керегі қанша?

– Керегі қаншасы несі? Мен сені жақсы көріп қалдым ғой, Әспет.

Әспет құмды шұқылады.

– Мен сізді ендеше бұрыннан жақсы көретінмін...

– Олай болса, бөгет болып тұрған не?! – деп жігіт еркінірек қимылдап қыздың аш белінен алды. Жүрегі дүрсілдеп, аяқ-қолы дірілдеп кетті. Әспет бірақ көнген жоқ.. Қаттырақ күш салып, жігіт құшағынан босап шықты да, жылжып әрірек барып отырды.

– Бір сәттің әлсіздігіне бой алдырып, арзанға бармаңыз, Бағдан аға. Биік болыңыз.

Қызық. Қазіргі заманғы машиналардың алдыңғы әйнегін тазалайтын щеткалар керемет жұмыс істеп тұрып, машинаң сазға батып қалған кезде, мотордың бар қуат-күшідоңғалаққа жұмсалатындықтан тоқтап қалатыны болады. Мына жерде Бағданның да жанағы щетка секілді бір нүктелері істемей қалды.

– Олай болса неге алып келдің бұл қалаға? – деп төзімі таусылған жігіт бұрқ етті.

Өз ойының тым биік тұғырындағы ақылды, сыпайы, сабырлы деген Бағданның ашуға бой алдырған мына бір кейпіне Әспет таңдана қарағандай:

– Сонда не, бір сәттік нәпсі үшін ғана шақырған екен деп ойлайсыз ба?

Түзелер Бағдан жоқ.

– Енді не үшін!?

– Онда тым арзан ойлағансыз, Бағдан аға. Мені қойшы, ерік бersем, балтыры қотыр, басы таз болса да еркекпін деп кеудесін қағар надандардың кез келгені жәбірлеп кете алады. Ал сізге не болған? Мен сізді еркек емес ер деп танып едім ғой. Сіз осы арзан ойыңызбен өз бағаңызды төмендетіп алып тұрғаныңызды байқамайсыз ба?

Машина әлі саздап жатыр. Щетка жұмысқа қосылған жоқ. Алдыңғы әйнектің кірі қалыңдай түскен. Бағдан түкті көрер емес.

– Сондағы ойын не? Мені өзіне біржола каратып алу ма сондағы ойын? Қатын-баламды тастауым керек пе мен сонда?

Әспет көтеріле беріп жүресінен отырды. Енді ол Бағданның үстінен караған секілденді.

– Бағдан аға, не айтып кеттіңіз? – деп қыз таңдана сөйледі. Даусында зіл де, ашу да жоқ. Оқыстан суға батып тұншығып бара жаткан кісінің дәрменсіздігі ғана сезіледі.

– Егер менің бар есебім – сізді өзіме біржола каратып алу ғана болса, онда менің ойым жаңағы сіздің ойдан да арзан болып шығар еді ғой.

Машина саздан шығып кеткен секілденді. Щеткалар тырс-тырс ұрып, кір басқан әйнекті тазалай бастады. Өзіне енді келген Бағдан қисая кетті: мен не істеп қойдым осы?

– Бағдан аға, сіз мені мұнда алып келгеніңізді бұлдайсыз ба?

Бойы суынып сабасына келген Бағдан енді көзін жұмып, жұмсақ құмда созыла түсіп тыныш жатқан қалпы, салмақты қызға сала сөйледі:

– Өзіңіз қалай деп ойлайсыз?

Бірақ Әспет оған тура жауап бермеді. Өз ойын әрі жалғады.

– Менде бір арман бар. Тегі, орындалмайтын арман.

– Айта беріңіз. Құлағым сізде... – деп жігіт қайта «сізге» көшті.

– Дүниедегі ең кішкентай адам мен болсам... Менен басқалардың бәрі үлкен болса... Мен кішкентай болып еркелесем... Олар менің кай еркелігімді болса да көтере білсе... Ал шындап келгенде, мен кездестіргендердің бәрі кішкентай, құмырсқа секілді табанда жатады... Үлкені де, ақылдысы мен білімдісі де өзім болып шығамын...

Көзін жұмып шалқасынан жатқан Бағдан мына сөзге қарсы дау айтпақ болып қозғала берейін деп еді, өзіне төніп, жақындап қалған Әспетті демінен сезді де қимылсыз қалды. Рас екен, қыз ерні жігіттің бетіне жабысып шөп етті де, бұл карманғанша болмады, қайта алыстап кетті.

– Сау болыңыз, Бағдан аға...

Бағдан жауап қатпады. «Қайда барар дейсің, қайтып келеді ғой», – деген оймен біраз жатты. Айнала тып-тыныш... «Қайда екен?» – деп бір кезде басын көтеріп көзін сығырайтса Әспет ұзап барады екен.

– Әспет, жылан іздемейміз бе?

– Ойнап айтқам. Жылан жейтін жерік емеспін, Бағдан аға.

Көп болса машинаға барар. Мұны сол жерде күтер... – Бағдан шалқасынан жатқан қалпы көзін ашты: аспан көкпеңбек. Сол мөпмөлдір көк аспанның бір қиырында бір-екі ақша бұлт қалықтап барады. Кенет Айша Бибі күмбезінде жазылған ақын сөздері жадына оралды: Аспан... бұлт... Аруана дүние... Аруана дүние! Ғажап! Ана тазалық татулыкка, достық пен ірілікке шақырып тұрған Айша Бибі

күмбезінің іргесінде, мына ашық аспанның астында, мына Аруана дүниеде Бағдан оқыстан өз болымсыздығын сезінді. Бар күнәлы ойлардан күрт тазарып ұшып түрегелді.

– Әспетжан! Әу, Әспет!

Қараса машинаға барып киініп алған Әспет асфальт жолға жетіп қалған екен. Бағдан тұра жүгірді.

– Әспетжан, өтінемін, тоқтаңызшы!

Жігіт даусын естіді ме, естімеді ме, Әспет бұрылмастан үлкен жолға шыққан бетте қолын көтеріп, бір машинаны тоқтатып мінді де, көзден ғайып болып жүре берді.

Бағдан айдалада құлазып жалғыз қалды. Әлдене жүрегін тырнап өткендей, бұрап ауыртқан секілді. Қай жерден мұлт кетті? Көңіл күйінің қай пернесі қате, теріс басылды? Сырт қараса бәрі де дұрыс секілді. Келгені де, Айша Бибіге барғаны да, бұл жерге отырып демалғаны да, бәрі-бәрі дұрыс. Қателік, қызға қол салуда... Оның несі қателік? Өкпелейтіндей онда тұрған не бар? Оны өзіне бір жәбір санайтын болса, онда мұнда неге алып келді? Кенет Әспет жауабы есіне түсіп, Бағдан шошып кетті. «Мен сізді еркек емес, ер деп танып едім ғой», – Бағдан ойланып қалды: Бұл не сөз? Ері несі? Еркегі несі? – Бәрі бір емес не? «Ер», «еркек» – деп жіктеп, біріне-бірін қарама-қайшы қойып айтса, бәрібір болмағаны ғой. Көмескіленіп бара жатқан бір жай: ертеректе, бұл оқып жүргенде даңқы жер жарған бір ақынмен кездескені бар еді. Сонда сол ақын өзінен бұрын өткен бір ақын туралы тамсаныңқырап: – «Ер кетіп еркек қалған бұл заманда...» – деп қалай тауып айтқан. Осындағы «еркек» – «самец» деген мағынада. Бұл ақыннан бұрын ешкім қолданған емес», – деп еді. Бағданның есіне сол оқиға түсті. «Ер», «еркек» – деп бөліп айтса, Әспеттің де соны білгені ғой. Оқығаны ғой. Бағдан көзі бір шындыққа жеткендей: ол шындық – өзінің аз оқитындығы. Өзі қуған өнерден басқаға мойын бұрып, құлақ сала қоймайтындығы. Білімді қызға өресі жетпей, дөрекілік көрсетіп алғаны да содан болса керек. Егер қыз жүрегіне тереңірек үңіліп, көңіл күйін нәзігірек түсінгенде қайда баратын еді. Көнетін еді ғой... – Бағдан өз ойынан өзі шошыды. Ал көнді, онда не болды? Мұның өзін үлкен баласындай аялап алақанына салып отырған Сәлима қайда қалады? Жалғыз ұлы Алданының күні не болмақ? Көнбегенінің өзі дұрыс болды. Бағдан күрсініп қойды. Қанша «дұрыс болды» дегенмен мына құлазып қалған көңілді жай жұбату, өзін-өзі алдарқату екенін ар жағы жақсы түсінеді. Тағы да сұрақтар қамалады: Осы қыз күрек ұстап қайдан келді осы? Мұны көріп жылағаны несі? Қанша толғанса да жауап жоқ. Жайлап машинасына келді. Шашылып жатқан дүниелерді жинап бұл да жолға шықты. Әлгі Әспет мініп кеткен жерге келіп, машинадан түсті. Тұңғыш рет кеудеде қызғаныш оты пайда болды.

5

Бағдан ертеңіне кеш оянды. Бұрынырақ тұрған Маусымбек шай жасап күтіп отыр екен.

– Ұйқыны сілтедің, достым.

Ала көңіл болып келіп, осыншама алаңсыз ұзақ ұйықтағаныңа әрі қуанып, әрі қысылынқырап қалған Бағдан тақырыпты басқаға аударды.

– Біздің замандас қайда?

– Таң атқалы қашан. Жұмысына кетті. Қоштаспақ болып карайлай беріп еді, бөлмені отарбаша сілкінтіп жатып алдың ғой. Сонсоң сәлеміңді өзім айтам деп коя бердім.

Бағдан сағатына қарады. Күндізгі он екі.

– Ал менің де жүруім керек...

– Кейінірек жүрерсің. Тамақ салып қойдым. Аздап бас жазайық. Мүмкін замандасың да келіп қалатын шығар...

– Жоқ, Маусымбек, бір минут тоқтауға мүмкіндігім жоқ. Сен де жұмысыңа бар, – деп Бағдан беті, колын жуып, бір кесе шай ішті де, жалынған досына карамастан қош айтысты.

Бұл жолы: «Қайда барсам екен?» – деп Бағдан тіпті ойлаған жоқ. Салып отырып кешегі таныс үйдің алдына келді. Келуін келсе де үйге кіруге бата алмай ұзақ тұрып қалды. Жаңа Маусымбекті ала келіп, соны жіберіп алмаған екенмін деп те өкінді. Бірақ қайтып барудың орны жоқ... – Ілгері жүріп, қайта кейін оралды да, машинасын жолға қарай бұрып дұрыстап коя бергенде жүгіріп бір бала өтіп бара жатты.

– Әй, балақан, қайырыла кетші, – деп дауыстады Бағдан машинадан шығып жатып.

Қайырылған бала сондай тәрбиелі екен.

– Сәлеметсіз бе, ағатай

– О, көп жаса. Атың кім?

– Көпжасар.

– Көпжасар? Өзім де біліп айтып тұр екенмін ғой. Ал қай үйденсің?

Көпжасар көрші үйді нұсқады.

– Мынау үйден...

– Ал мына бір үйде кім тұрады? – деп Бағдан кисық дарбазалы үйді көрсетті.

– Ақдәулет тұрған....

– Неге тұрған? Қазір қайда? Бала жауабы келте.

– Сотталған...

«Не үшін?» – деп сұрағысы келіп Бағдан мүдірінкіреп қалып еді, Көпжасар:

Мінгізіп әкеткен машинадан қызғанды. Ішінде отырған адамдардан қызғанды. Ішкі дүниесі жидіп жүре бергендей. Тағы машинаға отырды. Жүріп келеді. Ойлап келеді: қайда бармақ? Алматыға тура тартса қайтеді? Жоқ, Маусымбекке барғаны жөн. Жөн десе де көңіл шіркін дауаламайды. Әлде манағы қираған дарбаза алдына барып Әспетті сол жерде тосса ма екен? Шықпай қойса ше? Түн тұрады, күн тұрады. Әйтеуір бір шығуға тиісті ғой үйінен. Үйі? Үйі ме екен сол үй ең алдымен? Үйі болса «үйге кір» деп неге айтпады? Осылай қамалаған ой жетегінде Бағдан көп көшелерді аралап бір жерге келіп тоқтады. Байқаса, манағы Әспет шыққан үйдің нақ өзі. Жігіт әрі қуанып, әрі шошып қалды. Қуанатыны – Әспетті кездестірермін-ау деген үміт шырағы. Қорқатыны – қанша десең де бұл жұмбақ үй. Бір сойқан шыға келіп: «Манадан бері кімді аңдып, кімнің жолын тосып тұрсың?» – деп тұра ұмтылса не қылмақ?

Осындай аласапыран ой қамалаған Бағдан ұзақ тұрса керек. Ымырт үйіріліпті. Кішкене терезелерден шам жарығы түсті. Саңылауы жоқ шілтерлерден қарандап әлдекімнің бастары көрінді. Кімнің бастары? Айырып болар емес. Үйге кіруге жүрегі дауаламайды. Ақыры ойлап-ойлап Маусымбектің үйіне қайтып келді. Ол байғұс құрақ ұшып жатыр: Кешіккенге кетіп қалған шығар десем...

Бағдан жауабы қысқа:

– Өнер азабын өзің білесің ғой, Маусымбек. Айша Бибіге байланысты жаңа бір шығармам бар еді. Сол картинаның кілті табылмай... – деп мүдірді. – Шаршап келдім, достым. Арағың болса әкел, құй. Көріспегелі көп болды ғой. Ішейікші бір.

Арақ та табылды. Тамақ та әзір. Бағдан сілтей берді. Алматыдан келген беделді дос сілтеп жатқанда Маусымбек те қарап қалмады.

– Байқаймын, студент кезінде аузыңа лимонад та алмаушы едің, кісі болайын деген екенсің, жігітім, – деп мәз бола тартады.

Сонымен түн ортасы ауды. Бағдан Маусымбекті қасына отырғызып алып шешіле сөйледі. Оның бір-ақ қорқынышы бар: бұл сөйлемесе, Маусымбек әйелінің қасына кетеді. Бағдан жалғыз қалады. Жалғыз қалған Бағданды күндізгі оқиға келіп торлайды. Жұмбақ Әспеттің жұмбақ қылықтары еске түседі. Бағдан содан қорықты. Сағат үш болды. Шаршаған Маусымбек есіней бастады. Соны көріп, мұны жалғыз қалдырып, бөлек бөлмеге кетіп қала ма деп қорыққан Бағдан:

– Сағындым ғой, достым, құшақтасып бірге жатайықшы, – деді.

Маусымбек атақты досының мына бір ыстық сөзіне майдай еріп:

– Ұмытпағаныңа рақмет, достым, – деп қайта-қайта шөпілдете сүйіп көз жасына ие де бола алмай қалды.

Сағат төрт болды. Сағынысып көріскен екі дос диванды жазып төсекті кең етіп салды да, құшақтасқан бойы ұйқыға кетті.

– Арақ ішеді. Төбелеседі, – деп анықтап қойды.

– Ал әйелі қайда?

– Әйелі Алматыда.

Бағданның жүрегі бір түрлі сазып жүре берді: Әспет болғаны ғой?!

– Атын білмейсің бе? – деп сұрады Бағдан жүрегін басып.

– Неге білмеймін. Білем. Аты – Әспет...

Бағдан аузын аша алмай қалды. Шаруа бітті деп ойлаған бала жөнеле беріп еді. Бағдан даусы қайта шықты.

– Ал, қазір кім тұрады?

– Ақдәулеттің әпкесі – Алтын...

– Жалғыз тұра ма?

Көпжасар жақындап келді де, біреу-міреу естіп қалмасын дегендей сыбырлай сөйледі.

– Ақдәулеттің бір жарым жаста баласы болатын. Соны асырап алған еді. Енді жоқ.

– Жоғы қалай? – деп сұрады Бағдан түсінбегендіктен.

– Алдыңғы күні өліп қалды.

– Өліп қалды?..

– Иә өліп қалды, – деп Көпжасар жүгіре жөнелді.

Бағданның өн бойы мұздап, жүрегі шымылдап жүре берді. Неге өйтті, өзі де білген жоқ, тұрған жерінде отыра кетті. Жай соққандай. Бала мен байдан айырылған жаралы әйел екен ғой Әспет. Қалай түсінбеді? Қалай аңдамады? Бір дауыс ақталғандай болды: Өзі жайлы түк айтпады ғой. Қалай түсінесің! Қалай аңдайсың! Бір дауыс Бағданға үкім шығарғандай болып естілді: Надансың, Бағдан. Надан емессің-ау, топассың. Жол бойы бір ауыз тіл қатпай, күрсінумен келді. Сонысы айтқаны емес пе! Күрек ұстап келе жатып солқылдап жылады. Сонысы түсіндіргені емес пе! Егерде сен топас болмасаң, өткен жылы күзде осы Жамбыл вокзалында Әспетті шығарып салғандардың:

«Әспет, ренжіме, өмірде не болмайды!» – деген сөздерінен-ақ Әспет басында бір қайғының барын сезген болар едің ғой. Ең болмаса, «Айша Бибі» картинасының қабырғадан алынып қалуы: «Ұзақ бір хикая», – демеп пе еді. Сен оны өзіннің өзімшіл де күдікке толы секемшіл көніліне бағып: «Ұнамаған соң алып тастаған ғой», – деп жорығансың. Әне, надандық қайда! «Ұзақ бір хикая», – деп күрсініп айтса, ұнамағандығы емес, басқа бір себебі болғаны да, боған да үніле алмадың ғой. Топастық болмаса бұл не?

Жер сыз екен, соны сезген Бағдан түрегелді. Өзін-өзі «надан», «топас» деп қанша жерлесе де өнер адамының бәріне тән бір әлсіздік осы жерде Айша Бибіге байланысты тағы бел алып кетті: Дегенмен неге ұзақ хикая? Соның сырын ашса, осы үй ғана аша алады. Тағы бір дауыс: оның бос далбаса. Қайтсең де қаралы қалған, өзің жәбірлеген Әспетті тап. Аяғына жығыл. Кешірім сұра. «Әпкесі

жалғыз» деген бала сөзі қамшы болды ма, Бағдан ақырын жүрсем айнып қалармын дегендей, қаттырақ басып келіп шабақтары түсіп қаусап тұрған қақпаны ашты...

Алдан жуантық келген аласа бойлы, қысық көз орта жастағы әйел шықты. Алтын дегені осы болса керек.

– Кіріңіз, – деді ол қысылыңқырағандықтан есік көзінде тұрып қалған Бағданға.

– Жоқ, мен бір сәтке ғана...

– Бір сәт пе, екі сәт пе, келгеннен соң есік көзінде тұрмаңыз. Былай шығыңыз.

Байқайды, Алтын дегені дұрыс адам. Бағдан төргі бөлмеге өтті. Жұпыны үй. Жұпыны темір кереует. Қабырғаға көнелеу кілем ұсталған. Үстін кір басқан көне диван. Стол, орындықтар да сәннен әлдеқашан шығып қалған ескі дүниелер... Бірақ Бағдан көзі оларға емес, ауыз үй, төр үйлердің қабырғаларындағы жиі ілініп, кейін алынып қалған картина-суреттердің айқын сақталған таңбаларына түсті. «Осының бір жерінде Айша Бибі де тұрды-ау бір кезде», – деп ойлады Бағдан.

Келе салып, отырмай жатып жаланаш қабырғаларға сүзіле қараған Бағдан мінезін ерсі санады ма, үй иесі үн қатты:

– Ал, шырағым, жай жүрсің бе?

Бағдан алдымен «жай» деп қалды да тез түзелді.

– Маған Әспет керек еді...

– Әспет кетіп қалды ғой...

– Кетіп қалды? – деп таңданды Бағдан. – Қайда?

Әйел: «Денің дұрыс па өзіңнің», – дегендей сұрана қарады.

– Қайда болушы еді, Алматыға. Таңғы алтыдағы автобуспен кетті.

– Апыр... рай, ә?..

Үй иесі: «Енді не дер екен?» – деді ме, үнсіз қалды. Енді не айтудың жөнін таба алмаған Бағдан көп қиналып барып:

– Ал жақсы, апасы... – деп орнынан тұра берді.

– Иә, шырағым, Әспет танысың ба еді?

– Иә, танысым... Былтыр консерваторияға келіп түсем дегенде... – деп ар жағында тағы не айтудың жөнін біле алмай мүдіріп қалды.

Үй иесі іліп әкетті:

– Е, бір жігіт түсірем деп уәде беріп еді, қолынан келмей қалды, – деп еді. Сол сен екенсің ғой, шырағым.

Суға кеткен тал қармайдының кері.

– Иә, сол мен...

Үй иесі жібиін деді.

– Иә, шырағым, сенен жазық жоқ. Барыңды салыпсың. Көнбеген ана шұбар бет көрінеді ғой?..

– Иә, сол... жеңгесі. Ұмытпасам, сіздің есіміңіз осы Алтын ғой?..

– Иә, Алтын... – Алтын жадырай түсті.

Бағдан өзіне-өзі келе бастады.

– Әспет сізді аузынан тастамап еді сол кезде. Алтын десе, алтын... Туған анам секілді. Осында келгенім сол кісінің арқасы... Шынтуайтқа барғанда інісін емес, мені жақтайтын... Жассың әлі, оқы... кісі бол... баланды мен асыраймын... – Сөзі осы.

– Рас, рас... – деп Алтын көзін сүртті. – Бір өтірігі жоқ. Оны інім деп қалай жақтайын, ісі қисық болса... Мұны келінім деп қалай жамандайын, ісі мен мінез-құлқынан бір мін таппасам... «Адам – сыйлағанның құлы» емес пе. «Қарына тартпағанның қары сынсын» деген – білімсіздіктен туған сөз, шырағым.

Өзі ку болмаса да, оңай жерден қулық жасап, ол қулығы ойда жоқта жүзеге асып кеткен соң, Бағдан еркінси сөйледі:

– Соншама не бүлдірді Ақдәулет, алып қалуға болмады ма?

– Ойбой, шырағым-ай, алып қалмайық дедік пе. Әспетжан екеуміз жақсысын асырып, жаманын жасырып, кірісіп-ақ бақтық қой... Болмады ғой.

Бағдан білетін адам секілді:

– Сонда да ішуін қоймады?.. – деп қойды.

Алтын көзіне тағы жас алды.

– Қоймады ғой, байғұс бала... қоя алмады. Жай ішіп келсе бір сәрі. Дүниені қырып-жойып келеді ғой. Әспетке болысасың деп тіпті маған да тіл тигізуге дейін барды. Ал ол байғұста түк жазық жоқ. Жұмысына уақытында барады. Уақытында жұмысынан келеді. Содан кейін зарығып Ақдәулетті күтеді. Алданына қарайды.

Бағдан шошып кетті.

– Алдан?!

– Иә, Алдан еді аты. Мен қойып едім ол атты. Он сегізімде тұрмысқа шықтым. Екі ай отаспастан соғыс басталды. Күйеуім майданда қаза болды. Содан кейін бала сүймек түгіл жар құшағы дегенді де көрген жоқпын, шырағым. Әкеміз де майданнан оралған жоқ. Соғыс басталған жылы іште қалған осы інім Ақдәулет еді. Бұл дүниеге келісімен анамыз да дүние салды. Сосын мен осы балаға ана орнына ана болып отырып қалған едім... Әйтеуір он кластық білімім бар ғой. Әуелі колхозда есепші болдым. Содан бастауыш класқа сабақ та бердім. Жеткіздім, адам еттім. Осы Жамбылдағы су шаруашылығы институтын бітірді. Обалы нешік, жақсы бітірді. Жақсы оқығаны сондай, соңғы курсында ғылыми командировкамен Москваға да барды. Сол жолы ғой Әспетжанмен кездескені. Ол онда МГУ-дің философия факультетінің екінші курсында оқиды екен. Оқуын тастап Ақдәулетіме еріп келді. «Бір жылға академиялық демалыс алдым. Келер жылы қайта барып түсем ғой», – деп келген. Қайдан

түссін, «Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады» демей ме, келер жылы нәрестелі болды. Жөргек иісін сезбеген басым алданышым болсын деп атын Алдан қойып, бауырыма салып едім, міне, одан да айрылып қалдым. – Алтын солқылдап жылап жіберді. Жалғыз қалған әйел тағдыры әсерлендірді ме, әлде Әспет тағдыры батты ма, Бағданның да көзіне мөлтеңдеп жас келіп қалды.

– Сабыр етіңіз...

– Сабыр етпегенде не шарам бар?! – деп Алтын енді бетін шәлісімен басып үнсіз жылады.

Арақ ішсе де, Ақдәулеттің не қылмыс үшін жазаланғанын білмейтін Бағдан тағы жымба жолдады:

– Ақдәулетті ақтап алуға болмай ма өзі?

– Ақтайтындай қылмысы да жоқ қой ол сорлының. Өткен қыста шығарып та алғанмын. Жұмысқа да орналасты. «Енді ішпеймін», – деп ант-су да ішті. Ішуін қойса, қайтып келем деген Әспеттен де хабар келді. Бірақ бәрі зайғы. Інімнің уәдесі он-ақ күнге жетті ғой...

Бар жағдайға қанған Бағдан кетуге бет алды.

– Сөзге алдандырып қалыппын ғой. Ең болмаса, шай ішіп кет, шырағым.

– Рақмет, апасы. Асығыс едім...

– Үй осы, шырағым, жолың түсіп алда-жалда келе қалсаң, қайырыла кет... – деді Алтын. Содан кейін аз кідіріп, ар жағынан төгіліп келіп қалған көз жасын күш салып тоқтатты да: – Әспетжан келінім емес, бірге туған сіңлімдей, несін айтасың, баламдай болып кетіп еді. Сорлы болып қалмасын, көз қырынды сала жүргейсің... – деп боздап қоя берді.

Не ғажап?! Жағасы жайлау тоқ көңілдің бір күйтін ғана қуалап келген Бағдан да жоқ жерден қасірет арқалап, көз жасына ие бола алмай қалды:

– Алтын апа, өзіңіздей көріңіз. Шамам келгенше көмегімді аямаспын...

Осыны айтып Бағдан орнынан көтеріліп, ауызғы бөлмеге өтті де, тұрып қалды: темір кереует пен бетіне жарықшақ түскен гардероб, сыры тайған этажеркалардың арты толған сурет кенерелері. Кәсіби көз соны бірден шалды.

– Алтын апасы, осыншама көп кенерелер қайдан келген?

– Ой, шырағым-ай ол бір хикая ғой...

– Қандай хикая?

– Әспет келінім жинаған картиналар еді... Ақдәулет мас болып келіп бір кеште талқанын шығарды.

«Осының ішінде Айша Бибі де бар-ау», – деген ой билеген Бағдан:

– Көруге бола ма? – деп сұрады.

– Көргің келсе, көре ғой. Не тамтығы қалды дейсің, бірақ.

Бағдан енді қысылған жоқ, еркінірек басып барды да, біртіндеп көтере бастады. Джорджоне. «Юдифь». – Айқыш-ұйқыш салған пышақ танбасы. Рубенс. «Телпек киген әйел». – Қиялатын бір тартылған. Рембрант. «Даная». – Көлденеңінен үш тартылған. Репин. «Қаһар Иван және оның баласы». – Пышақ ізі Қаһар Иванның маңдай тұсынан тиіпті.

– Құдай-ау, мынауың құдды Балашов қой.

– Балашовың кім, шырағым? Ақдәулет де, – деді түсінбеген Алтын.

Бағдан түсіндіріп әлек:

– Репиннің Третьяков галлереясында ілулі тұрған осы картинасына қарап тұрып Балашов деген бір орыс офицері: «Сұмырай», – деп қанжар сілтеген ғой...

– Иә, сол Балашовың ендеше...

Бағдан келесі кенерені көтерді: Бағдан Шаймұратов. «Айша Бибі». – Айқұш-ұйқыш жеті-сегіз сызық түскен. Бағдан кенерені қолына ұстап тұрып қалды:

– Ала-бөтен тілгілейтін бұл суреттің не жазығы бар еді?

– Оған кінәлі мен, шырағым... – деп мүдірді Алтын.

– Қайтіп?

– Киепеті соғады. Ең болмаса, мына Айша анаңа қол тигізбе, – деп едім, соған ерегісіп жасағаны...

Бағдан әрі қазбаламады. Қолына жұққан шаңды кетірмек болып, алақанын шапалақтады да, сыртқа шықты.

– Ал сау болыңыз, Алтын апа.

– Сау бол, шырағым...

Екінші үйден айнала бергенде аңдып тұрғандай алдынан жүгіріп Көпжасар шықты.

– Ағатай, тоқтаңыз... Бағдан тежемені басты.

– Ана бала бар ғой бәрібір өлетін еді...

Түсінбеген Бағдан:

– Неге? – деп сұрады.

Көпжасар машина есігінен ішіне үңілді:

– Жұрт айтады....

– Жұрт не деп айтады?

Көпжасар біреу-міреу естіп қалмасын дегендей үніле түсті:

– Алдан бітерде Әспет жеңгем жылан етіне жерік болған...

Бағдан түк айтпады. Естімеген болды да жүре берді.

Қарайлар ештеңе қалған жоқ. Ендігі бет – Алматы. Жүріп келеді. Ойлап келеді:

Мұны жұрттан артық санаса, артық санап, асыра бағалағандықтан ғана колка салған болса, өз жайын неліктен жасырды? «Бағдан аға, менің халім осындай, келе жаткан себебім мынадай», – деп жол үстінде шынын айтса, Бағдан жіберген кателіктің бірі де болмас еді ғой. Сұп-сұлу, тап-таза қалай алып келсе, Бағдан оны дәл

солай тап-таза, сұп-сұлу күйінде алып қайтар еді. Неге жасырды? Неліктен Бағдан бұл шындықты көлденең адамдардан естіді? Әлде шынымды айтам деп, сырымды ашып алам ба деп қорықты ма? Бір ғажабы – Бағдан Әспетке шаң жуытар емес. Тереңірек ойлап қараса жаңағы сұрақтарға тапқан жауабы мұның өз пайдасына емес, Әспет пайдасына шешіліп жатқанын анықтады. Осы Әспет зақылеттес адамдар болады – өз басының жайын айтып, шашыла бермейтін адамдар. Ондайлар өліп бара жатса да шағынбайды... біреуге сабыт та салмайды. Мал баққан қазақ аулында туып, мал жайын жақсы білгендіктен бе Бағданның есіне жылқы малы түсті. Осы бір сұлу жануар төрт аяғын байлап-матап, бауыздап жатқанда дыбыс шығармақ түгіл тұяғын да серіппейді. Керемет емес пе? Асылы, шағынбау, мен осындай болып қалдым деп байбалам салып, біреуге міндетсімеу – асылдықтың белгісі. Кім білсін жоқ жерде жүрегі тілгіленіп, көңілі құлазып, кең мұхиттың бір қиырында, апатқа ұшыраған кемеден ұшып түскен секілденіп Бағданның мүсәпір болып қалуы – Әспеттің осы бір мінезінен шығар. Егер ол былтыр кездескен бойда өз халін пәш етіп, бұл мүсіркесе екен, аяса екен деп арзан есеп құрса, Бағдан мүмкін осыншама қиналмаған да болар ма еді, әлде қайтер еді? Данышпан Леонардо да Винчидің «Джокондасы» көрермендерін табындырғанына бес жүз жыл. Осы бір жарты мың жыл бойында адамзат әулетінің оған деген махаббатының айнымай, суымай келе жатқан сыры неде?! Оның сыры Монна Лизаның жұмбақтығында емес пе екен? Сол бес жүз жыл бойы шешуі табылмаған бітімсіз бір дау бар: Монна Лиза күліп тұр ма? Әлде Монна Лиза күлмей тұр ма? Мына кереметті қараңыз. Сол бес жүз жыл ішінде орта есеппен жиырма буын ауысқан екен. Соның бір де бірі жауап бере алмаған сұрақ. Былай қарасаң адамның күлген, күлмегендігін айыруда нендей қиындық бар! Күлген, күлмегеніңізді керек десең бесіктегі бала да айыра алмай ма? Не ғажайып бұл сонда? Бұл ғажайыптың кілті – Монна Лизаның ішкі дүниесінің томаға тұйық, жұмбақтығында деп біліңіз. Сол себепті Монна Лизаны түсіну өз көңіл күйіне байланысты. Бір келіп қарадыңыз: Джоконда сізге миығынан күліп жымиып тұр. Айнала беріп қайта үніліңізші: жоқ, Джоконда жымиып тұрмаған екен, үстіңнен қарап, «неткен сорлы едіңдер», – деп мазақтап тұр екен... Ал түсініп көр... Сол секілді құлай берілген көңілдің де сыры міне Әспеттің осы жұмбақтығында жатыр. Не сұмдық? «Жылан жегім келеді», – деді-ау! Тағы да жерік емес пе екен? Бірақ бұл күдікте негіз жоғына кешегі Әспет айтқан сөздерді саралай келіп көзі жетті: «Ойнап айтқам. Жылан жейтін жерік емеспін», – деді емес пе. Бағдан өзіне-өзі разы болмай бетін тыржитты: Бағдан сен өзің не болып кеткенсің, таза жерден қоқыс іздейсің. Пасықтық қой. Мұның қалай, жігітім?! – Жігіт ойы енді көлеңкеден шығып нұрлы, сәулелі бір жағаға қарай бет алды. Кеше Маусымбек үйінде

неге оңаша қалғың келмеді осы? Жалғыздықтан үрейің ұшқан себебі не? Маусымбекті сағынып келген жоқ едің ғой. Сөйтсе де қасында қалдырдың. Себеп? Себебі – оңаша қалсаң, Әспетті ойлар едің. Өз білместігінмен өз жүрегіне өзің салған жара бар еді. Сол сыздатып ауыртатын еді. Сен содан қорықтың. Ендеше дәл осындай сезім Әспет басында да бар еді ғой. Ол жалғыздықтан қорыққан еді ғой. Өтірік күлгені, Айша Бибіге шақырғаны, суға түскені, жылан тауып бер деп жетелеп кеткені... бәрі-бәрі өзінің ана қайғылы, мүшкіл халін бір сәт болса да ұмыту еді ғой. Қайғымды ұмыттырар, алданышым болар деп, саған қол созып еді ғой. Сен болсаң сол үміттің биігінен табылудың орнына, көп наданның бірі болдың да, саздап аяқтың астында жаттың. Бағдан жүрегі сазып тағы ауыра бастады. Ту сырты шымырлай мұздап, маңдайынан шып-шып салқын тер шықты. Жер табанын суырып, асфальт жолды доңғалағына бүктеп салып, зырлап келе жатқан кішкене машина жолдан бұрыла беріп кілт тоқтады. Сыртқа көтерілген Бағдан кеудесін желге беріп, терең дем алды. Біраз желпініп, олай-бұлай жүгірді де, содан кейін:

– Алматыға барған соң қайтсем де іздеп табуым керек Әспетті, – деген байлам жасап, машинасына отырды.

6

«Табам», – деп, Бағдан қанша қадап айтса да Әспет, бірақ таптырмады. Консерваторияға барғыштады. Кездесіп қалмас па екен деп көше кезді. Әспет жұмыс істей алады-ау деген әр қилы мекемелерде болды. Университет пен институттардың, Ғылым Академиясының үйлерін шарлады. Балалар бақшасына, мектептерге телефон соқты. Бәрінен естілер жауап біреу-ақ: «Құрмантаева Әспет? Жоқ, ондай адам істемейді мұнда». «Өзі хабарласып қалмас па екен?» – деп үйде де, шеберханасында да ұзын шнур жалғап, телефонды қасына да қойып жүрді. Бәрі зайғы.

Бір ретте шеберханада отырған. Жұмысы түскірі жүрмей, бір түсірген бояуы өзіне ұнамаған соң сыпырып тастап, қайта-қайта жазып күйзеліңкіреп отырған-ды. Кенет телефон шылдырлады. Әйел даусы. Бағданның жүрегі тулап кетті.

– Не істеп отырсың?

Бағдан кешеулеп барып айырды: өз әйелі, Сәлима.

– Немене, асық ойнап отыр дейсің бе, жұмыс істеп... – деп ашуланды Бағдан.

– Мен қазір барам, – деп Сәлима телефон трубкасын салды.

Бағдан «аманшылық па?» – демекші еді, үлгіре алмады.

Шеберхана маңына онша көп ат ізін сала бермейтін әйелінің мына мінезіне таңданған Бағдан жұмысына қайта кірісті. Арада қанша уақыт өтті, кім білсін, бір кезде Сәлиманың даусы шықты:

– Кәне, қаншығы қайда өзінің?

– Қаншығы несі?

Сәлима бас жоқ, көз жоқ куыс-куысты тіміскілей бастады.

– Ау, батырекесі, не іздеп жүрсің?

– Әлгі қаншықты.

– Қаншығың не? Ит не?

– Қой, жігітім, ойынды.

Тату семьяны бұзып, Сәлима екеуінің арасына от жағушы біреу барын Бағдан енді аңғарды. Қай суретші болмасын, өз шеберханасына жазу ниетімен кімді қаласа соны әкеле алады. Аздаған өзімшілдігі, жоныпі тастайтындай ғана қисықтығы болғанымен, «ал кеттімі» жоқ, алды кең, негізі момын, бар тілеуін бала бақсам, Бағданға қызмет істесем деген ниетке бағындырған Сәлима оны жақсы білетін, жақсы түсінетін. Соны біле тұра, түсіне тұра келіп тұр. Олай болса, азғырынды, өсек әсері ойсаң да мықты. Әуелі шамданыңқырап қалған Бағдан негізі аңқау, сенгіш әйелінің мүлт жіберіп алғанына күлді.

– Ондай сенбестігің болады екен, «қазір барам», – деп телефон неге соқтың? Үндемей келіп үстімнен түспейсің бе! Сен келем деген соң қоя бердім...

Сәлима не дерін білмей аңырып қалды.

– Қойшы, ойының қалмайды екен осы сенің...

– Осындай ойын бола ма? Сенбесің бар, телефон соқпа, барам деме. Аңдып жүр де, үндемей бас. Жөні осы. Теріс деші, кәне?

Үндей алмаған Сәлима терезе жақтағы кушеткаға барып отырды. Сол жайды пайдаланды ма, Бағдан енді аздап ақылгөйсіңкірей сөйледі.

– Бізде қазір бәрі бар: бала бар, үй-жай бар. Ақшамыз да бар. Бағданыңның атақ-даңқы өз алдына. Ол қазір халыққа танылып қалған ел адамы. Мүмкін біреулерге татулықпен күн кешіп келе жаткан осы өміріміз ұнамайтын шығар. Арамызға от жағып, араздастырып жіберсек дейтін шығар.

– Жоқ, қайта жақсы болсын дегені.

– Жақсы болсын дегендер осылай жасар ма? Сені маған жаны ашығансып шаптаса – көр соқыр, надандығы. Ал біліп шаптаса – залымдығы. Қайсысы болсын жақсы емес. Өнер адамы қай заманда болмасын өсек сырығының ұшында жүрген. Тоғышарлар өсегінің сырығы. Сол өсектің сойыл соғары өзің болсаң, ол менің ғана емес, сенің де бақытсыздығың ғой... «Жаман айтпай жақсы жоқ», сондай бақытсыздыққа душар бола қалсаң, жаңағы «жаны ашымпаздарың» кол ұшын берер ме саған? Бермейді емес, бере алмайды, беру колынан келмейді. Көп болса, «алда байғұс-ай», – деп мүсіркейді. Тілейтінің осы ма сонда?

Сөз паркын түсіне білетін Сәлима күрсініп алды да:

– Ана, Әспет дегенің кім? – деп сұрады.

Бағдан мүдіріп қалды: Қайдан естіді? Кім айтты? Тіпті екеуінің кездескенін тірі жан көрген жоқ қой. Маусымбек Әспетті білген емес. Алтыннан шықты деуге, ауыз бармайды. Бағданның кім екені оның түсіне де енбеген. Көпжасар – бала. Қайдан шықты бұл әңгіме? Қайран.

– Неге үндемейсің?

«Сен жұртты танымасаң да, сені танитын көз көп», – деп жорыған Бағдан:

– Білмесем, не деп үндеуім керек? – деді таңданған болып.

– Білмесең, мә, ендеше? – деп, Сәлима бір қомақты қағазды Бағдан алдына лактыра салды.

Ашып қараса, вагон-ресторанда қызға байқатпай отырып Бағдан жасаған Әспет суретінің эскиздері. Бір эскиздің астында: «Әспет!» деген өз қолы.

– Иә, бұл Әспет, – деді ары таза Бағдан.

– Оның кім? – деп тұрмын ғой мен саған.

Съезд сапарындағы альбомда осындай қырық-елу эскиз болатын. Соның ішінде толып жатқан әйелдер де бар еді. Сол эскиздердің бәрін былай тастап – Әспетті алып келгеніне мүлде қайран.

– Малшы мал бақпаса, аңшы аң ауламаса, жазушы кітап жазбаса, олардың несі малшы? Несі аңшы? Несі жазушы? Сондай-ақ көрген-білген кездескен адамдарымды альбомыма түсірмесем менің қай жерім суретші? Жол-жөнекей кездескендердің бірі шығар?

– Ойнама, шыныңды айт!

Бағдан жалтара сөйледі.

– Ана альбом ішінде толып жатқан бейнелер бар. Солардың біріне соқпай, бұл эскизге неге шүйліктің?

– Себеп бар.

– Қандай?

– Екеуің поезд ресторанында бірге отырыпсыңдар.

Жамбыл сапарын біліп қалды ма деп секем алған Бағданның жүрегі орнына түсейін деді.

– Оны кім айтты?

– Кім айтқанын қайтесің. Әспет деген кім деп тұрмын ғой, соны түсіндір.

– Әспет деген бе?.. Соның кім екенін өзім де жөндеп білмеймін. Тегі, сол менің өзім болсам керек, – деді Бағдан салмақты қалпына келіп.

– Ойнайсың, ә?.. – деп жымиды ашуы таркай бастаған Сәлима.

– Ойын емес, шыным. Байқайсың ба, алдыңғы жылы съезге барып келгеннен бері менің тақырыбым да, стилім де өзгере бастады

ғой. Сол – Әспеттің арқасы. Менің көзім ашылайын деді, Сәлима. Тегі, кемелдік келе жатқан болар...

Сәлима біраз үнсіз отырды да, тақырып өзгерді, стиль өзгерді деген соң ба:

– Осы ана жылғы бір картинаң қайда? – деп ашу-араздығы жоқ сұрақ қойды.

– Қайсысы?

– Әлгі «Егін орағы алдында...» деген бе еді? Бірдемелері ұнамайды, жөндеймін деп жүруші едің ғой?

– Ә, ана бір картина ма? Жойып жібергенмін.

Сәлима шошып кетті.

– Өзіңді танытатын дүние емес пе еді?

– Бүгін танытса да, ертең құны болмай қалатын шығарма маған қайбір түпкілікті бедел әперер дейсің. Бедел емес, сабынның көбігі ғой ол. Қазір бұрқырап тұрғанымен ертең жоқ. Сен егер ақылды болсаң, менің бойымдағы құдай берген талантты сабын көпіршігіне итермелеме.

Негізгі мамандығы мұғалімдік болғанымен біраз жыл өнер адамының қасында жүргенін танытып:

– Бұл жанрдан неге шошисың? Тек қана портреттер жазып та аты шыққан суретшілер бар емес пе? – деп дауласты Сәлима.

– Ол портреттерде өмір бар. Ол келбеттерден қайғы мен қуанышты да, ақыл-ой, кемеңгерлікті де, ашу-ыза мен күлкіні де, жақсылық пен жаманшылықты да, қулық пен зымияндықты да, бәрін де көре аласың. Олар шын көркем туындылар.

– Е, сен де ендеше солай етіп жаз.

– Жоқ, егінжай ол палитраның орны емес, қалай жазсаң да плакаттың аты плакат.

Сәлима жығыла сөйледі:

– Көзге көбірек түссін, ауызға жиірек іліксін ғой менікі...

– Жоқ, бұл көзге ертең түспейтін, ауызға ертең ілікпейтіндердің жолы. Арзан жол.

Сәлима үндеген жоқ.

Міне, жұбайымен екеу ара болған осы әңгімеден кейін сегіз жылдан астам уақыт өтті. Жылдар қарап жатпайды. Әлденелерді алып, әлденелерді сыйлап жатыр. Аларын опырып, ойсыратып бірден де алмайды. Сәт сайын, сағат сайын күн, ай сайын жымба жолдап алады. Сол алыстың белгісі – самайға ақ кіре бастады. Басында нысана ғой деп жұлып тастап жүрген Бағдан жүре бара әлгі жылы құрғырлардың алып жатқан бірдемелері екенін түсініп, мойынсұна берді. Ақыл-ойдың тоқтасқанын, таланттың қалыптасқанын танытып мұрт қойды. Өзі ат жақты келген өңін ашып, сындарлы ұзын бойына әлдебір сүйкімділік, ірілік сыйлаған қоп-қою, қап-қара әдемі мұрт. Бір күні Бағдан айнаға қарап отырып, сол мұрт ара-

сында да жасырынып жүрген ақ талдарды көрді. «Әзірге жасырына тұр. Қайда барам дейсің, ертең өзің-ақ шығарсың», – деп күлгенді. Бұл – жылдардың ұрлағаны болса, сыйлағаны әлдеқайда еселі. Алып-алып, есесіне түк бермей қойса қайтер едің? Жастық дәурені өтіп, кемелді кісілік шаққа жеткен Бағдан соны шүкіршілік етеді, ең алдымен ол тағы бір ұл бала көрді. «Айбарымыз болсын деп атын Айбар қояйық», – деді Бағдан. Сәлима қарсы болған жоқ. Бұл – оның өмірдегі табысы болса, өнердегі табысы ше? Атаулы жылдар Бағданның кыл қаламынан ірілі-уақты елу-алпыс шығарма туғызды. Соның ішінде он шақтысы ірі полотно – атақ пен бедел әкеліп, Бағдан даңқын қалыптастырған шығармалар. Бұрынғы «жас суретші» деген анықтама әлдедашан ұмыт болған-ды. Енді Бағдан фамилиясына: «белгілі суретші», «көрнекті суретші», «бетке ұстар суретші» – деген анықтамалар қосарлана жүретін болды. Айла-қулықсыз, өзінің адал еңбегі арқасында көзі біршама дұрыс ашылып, қиқым есеп, халтура дегенге соқпай, екінің бірі дәл басып танып, таба бере алмайтын шеберлік атты жолға адаспай түскен таланты арқасында жеткен анықтамалар ол. Шын надан, шын топас адам «мен топаспын» деп өзінің ондай «қасиетін» ешқашан да мойындамақ емес қой. Бір кезде Аса өзенінің бойында Әспеттен айырылып, күйзеліп қалған Бағдан өзін-өзі: «Надансың, Бағдан, топассың», – деп жерлесе, ол оның топастығы емес, қайта топас еместігі. Қыз жанына терең бойлап үніле алмай, мүлт жіберіп алғандығына білдірген өкініші ғана болатын. Задында сенгіш Бағдан жақсылық пен жаманшылық жолы қай жерде айырылып, дарын мен дарынсыздықтың, ауырдың үсті, жеңілдің асты дегендердің қай жерде жіктелетінін «білем» деп сеніп айтар болса, ол Әспеттің арқасы. Егер ол бұл күнде даңқты суретші атанса сол даңққа жету жолында екі-ақ рет кездессе де, өнеріне үкім шығарып, жүрегінде лепті таңба, із қалдырып кеткен Әспет әсерінің айрықша екенін айқын түсінеді. Содан ба, жылдар өтіп жатса да, Әспетке деген ыстық сезім өршіп сала бергендей: келіп қалар, телефон шылдыратып қалар, бір жерде болмаса, бір жерде көрініп калар деген үмітпен күн кешкен Бағданның жолы тағы да Жамбыл каласына түсті. Бірақ анадағыдай жан баласына айтпай, ұрланып бармады. Ұзақ жылғы жемісті еңбектің түйіні секілдендіріп, сонда ашылған өз көрмесіне шақырылып барды.

Маусымбек бастаған бір топ жас жігіттер қарсы алды. Өнер үзеңгісіне аяқ салсақ па деген дәмелі жастар. Көрме орталықтағы казақ драма театрының фойесінде ұйымдастырылған екен. Келген адамдарда қисап жоқ. Бағдан шарапаты театрдың өзіне де тисе керек. Бұрын ойналып, ығыр болған спектакльдердің өзіне де келушілер көбейген. Мұның бәрі автордың көңілін аулау үшін өсіріп айтқан сөз емес екеніне көп кешікпей Бағданның өз көзі де жетті: Театр төңірегі қара-құра кісіге толы. Күйкі тірлікте кездесетін

әр кілы өмір тауқыметінен біршама биіктеп, көңіл жүдетер ұсақ-түйектің бәрін ұмытып, қошемет пырағына отырып қанаттанып алған Бағдан өзін қарсы алған топпен фойеге кірді. Ар жақтан аздап қиық пен шербидің мәткесіне ұқсайтын сопақ бет әдемі келіншек шығып қарсы алды:

– Бағдан Шаймұратович, хош келдіңіз. Күтуліміз біз сізді. – Көрме директоры Анна Васильевна деген кісі осы екен.

Бағдан рақмет, ырзалығын танытып ілгері өтті. Әр кезде мұның қиялынан туып, мына екі қол арқылы дүниеге келген сурет-картиналарға үңіле қараған жұрт. Бір ғажабы, осы бір «г» әрпіне ұқсас фойенің екі жақ қабырғаларына ілінген сурет-картиналардың барып тоғысар жері – жаңағы «г-нің» шолақ жағындағы кең маңдайды түгел алып тұрған«Айша Бибі» картинасы екен. Картина алдында үймелегендердің қарамы тіпті үлкен. Қолына микрофон ұстаған түсіндіруші сөзі саңқ етті:

– Бұл – қазақ совет бейнелеу өнеріндегі ірі полотнолардың бірі...

Бағдан шегініп кетейін деп еді, Маусымбек оның қолынан ұстап ілгері сүйреді:

– Тыңда қазір не дерін...

– Бұл картинаның құндылығы – өткен заманның бүгінгі күнмен үндесіп, тілдесіп жатқандығында. Картинаның фонына қараңыздар: мыналар, міне, Айша Бибіні көруге барған бүгінгі еңбек адамдары. Ана арғы қырқадағы электр линиясы, жартылай тұмсығы ғана көрінген жеңіл машина.... Бұдан сегіз жүз отыз жыл бұрын өткен Айша Бибі анамыздың түсіне де енбеген жаңалық.

Әрі тыңдауға Бағданның дәті шыдамады. Маусымбек құшағынан жұлқына босанды да, шегініп кетті. Фойенің екінші залына бұрылып, жаңағы түсіндірушіден біраз алыстаған соң, «бұл не болды?» дегендей соңынан ере келген «шербидің мәткесіне»:

– Осы картинаны алып тастаңыздаршы, – деп өтінді.

Ештеңеге түсінбеген Анна Васильевна таңыркай берді:

– Ол не дегеніңіз, Бағдан Шаймұратович, бүкіл көрменің көркі ғой бұл картина, қалайша алып тастаймыз?!

Басқа ештеңе деп сөз қатпаған Бағдан далаға шықты. Соңынан ерген Маусымбек пен тағы бір жас жігіттен:

– Машиналарың бар ма, қыдырайықшы? – деп сұады.

– Бар болғанда қандай!

Әлгіндей болмай лып етіп пұшық мұрын бір машина келді. Шоферден рұқсат алып рульге отырған Бағдан ескі жолды ұмытпаған екен, бір көшеден екіншіге, одан үшіншіге, төртінші көшеге өтіп акыры баяғы үйдің алдына келіп тоқтады. Бірақ дарбаза, қақпа да, үйдің өзі мен қоршауы да өзгеріп, жаңарып кеткен. «Дұрыс келдім бе өзі? – деп күдіктеніп еді, баяғыда өзі Әспетпен бірге көлеңкесінде отырып демалғысы келген терекке, соның ар жағындағы Көпжасар

баланың үйіне карап көнілі орнына түсті. Сөйтсе де, жанарып, өзгеріп кеткен үйге кіргісі келмеді де, касында отырған шофер жігіттен:

– Мынау үйде Көпжасар деген бала тұрады. Соны шақырып шыға қойшы, – деп өтінді.

Жүгіріп кеткен жігіт өзінен де зор бір жігітті ертіп кайта шықты.

– Осы үйде Көпжасар деген бір бала тұрушы еді...

– Көпжасар менмін. Сіз кімсіз?

Бағдан не дерін білмей қысылып калды.

– Бұл аған суретші, Бағдан Шаймұратов, – деді артта отырған Маусымбек.

Көпжасар елпілдеп калды.

– О, сізді білем ғой мен. Кеше көрменізде болдым. «Айша Бибі» – тіпті, керемет сондай!

Осындай жөні жоқ жерде өзін пәш етуді жөнсіз деп білетін Бағдан әңгіме такырыбын тез өзгертті.

– Өсіп кеткенсің, Көпжасар.

– Ағасы, мені қайдан білесіз? – деп сұрады танданған Көпжасар.

– Осыдан сегіз жыл бұрын осы көшеде бір көргенім бар еді...

Көпжасар канша ойласа да есіне түсіре алмады.

– Оқасы жоқ, ал өзің қайда оқисың?

– Осындағы су шаруашылығы институтының үшінші курсында... Содан кейін кілт өзгеріп: – Ағасы, неге отырсыздар машинада? Түсіңіздер, үйге жүріңіздер... – деп өтінді Көпжасар.

– Рақмет, шырақ...

«Ал сонда не тілейсіздер?» – дегендей Көпжасар Бағдан мен Маусымбекке кезек қарап тұрып калды. Бағдан: «Айтсам ба екен, айтпасам ба екен», – деген толкумен асықпай сөйледі:

– Мына көрші үйде... баяғыда Алтын деген әйел тұрушы еді...

Көпжасар іліп әкетті.

– Иә, тұрған. Өткен жылы кайтыс болды.

– Кайтыс болды? – деп Бағдан әрі таңданып, әрі шошып калды. – Неліктен?

Ер жетіп, кемелдене бастаған Көпжасар мына үлкен кісі қойған сұрактың ерсілігін байкады ма, жымия жауап берді.

– Неліктен дерініз бар ма? Ауырды да дүние салды.

– Ал оның інісі бар еді ғой?..

– Иә, Акдәулет деген інісі болған. Қазір білмеймін.

– Апасының жаназасына келе алмады ма?

– Жоқ.

«Сұрасам ба, сұрамасам ба?» – деген әлгі толку Бағданды тағы баурады:

– Баска жактан, айталық, Алматы жағынан ешкім келмеді ме?

– Келді, – деп Көпжасар тақ еткізді. – Әспет дейтін келіні болатын... Сол келді.

– Алматыдан ба?

– Ол арасын білмедім, ағасы, Алматыдан емес қой деймін...

Ендігі тұрысты артық деп санаған Бағдан:

– Ал, сау бол, Көпжасар, – деп жүріп кетті.

Бағдан үндемеген соң қасындағы шофер бала да, Маусымбек пен оның қасындағы жігіт те көпке дейін ауыз ашпады. Қызық! Әспет, әйтеуір осы Бағдан жүрген жерлерде жүр. Мүмкін ол Бағдан жұмыс істеп отырған кезде шеберхана алдынан талай рет өткен де шығар-ау. Мүмкін жаңа ғана Әспет жүріп кеткен көшені бойлап Бағдан да жүрген болар...

Кенет Бағдан ойын бұзып бір дауыс шықты:

– Аға, сіз қалғып кеттіңіз ғой деймін... Рульге өзім отырғаным дұрыс болар... Қайда барамыз, айтсаңыз болды ғой. Бұл қалада мен білмейтін қуыс жоқ.

Бағдан тоқтап, орынды шофер баланың өзіне берді.

– Әуелі бір азық-түлік магазинінің алдына тоқта. Содан кейінгі бетің – Аса өзені. Мәжнүн тал... білесің ғой?

Шофер бала күлді.

– Бүкіл Аса өзенінің бойында бір-ақ талымыз бар. Қалайша білмеске...

«Әуелі азық-түлік магазиніне», – деген соң ба, Маусымбек көңілденейін деді.

– Е, бәсе... Үлкен қаладан келгендерде сарқыт-сауқат деген болушы еді... Қайдағы бір өліп қалған кемпірді іздеп...

– Алтын деген бір жақсы кісі еді, – деп ақталды Бағдан.

– Ол кісіні мен де білетін едім, – деді Маусымбектің қасында отырған жігіт.

– Ал, иә? – деп Бағдан артына жалт бұрылды. – Сіздің атыңыз кім?

– Осында қала өрнектейтіндердің бірі. Суретші. Аты – Мирас, – деп таныстырды оны Маусымбек.

– Ал, Мирасжан?..

Аға суретші мән беріп, қадала қарағандықтан ба, Мирас мүдіріңкірей сөйледі.

– Шынында да мен ол кісіні емес, ана келінін білетінмін...

Шаң жуытпай жүрген Әспет туралы әлдебір ерсі, қолайсыз сөз естіп қалам ба деп қорыққан Бағдан жүрегі лүпілдеп қоя берді. Інісін білем демейді, келінін біледі.

– Иә, келіні деген кім еді? – деп Бағдан салқын қандылықпен жай сұрады.

– Келіні – Әспет. Ой, керемет адам еді!

Бағдан күрсініп қойды.

– Оның керемет екенін қайдан білесің? Ай, бір бәлең болған-ау, тегі?! – деп әзілдеді Асаға жеткенше асығып отырған Маусымбек.

Бағдан мазасызданынқырап қалды.

– Ай, Маусымбек-ай, балалармен ойнайсын-ау.

Мирас қысылған жоқ:

– Неге білмеймін? Ол кісі бізге сабақ берді ғой.

– Бізге де берген, – деп қосарланды шофер жігіт. – Орысша, қазақшаға бірдей, ағып тұратын.

– Мұрат дұрыс айтады, – деп қостады Мирас. – Мен орыс класында сегізіншіде оқыдым. Ал Мұрат қазақ класының сегізіншісінде оқыған. Әспет апай сөйлегенде біз аузымызды ашып қалатынбыз.

Мына сөздерден кейін Бағдан жүрегі орнына түсейін деді: «Апасы сонда жиырма-ақ жаста!» Мирас тоқтар емес:

– Кейде Әспет апай әдебиет пен өнер, эстетика тақырыбына лекция оқитын-ды.

– Рас айтасың, Мирас. Менің де есімде. Ол лекцияларға сонда қала мектептеріндегі мұғалімдер түгел жиналатын... – деді Мұрат.

Бағдан тағы бір күрсініп алды да, шалқая отырды. «Әлдене дер екен?» –деген түйіткілді көніл жадыраған сайын Әспетке деген сағыныш туы көтеріліп сала берді; Жаным-ау, неге хабарласпайды?

– Ол апайларын қайда енді? – деп сұрады енді Бағдан жымбажолдап.

Жігіттердің жауабы бұл ретте қабыспай қалды.

– Қайта түсіп, МГУ-ды бітірген соң өзінің туған жері Маңқыстауға барды деп естігем, – деді Мұрат.

– Жоқ, қате. Әспеттің туған жері Маңқыстау емес, Семей жағы ғой. Ол қазір Ақсуат, Тарбағатай, Аякөз аудандарының бірінде болса керек, – деді Мирас.

Осы әңгімемен олар Аса өзенінің жағасына келді. Шынында да кемері аласа мына бір тау өзені осы тұста тым жаланаш екен. Қай жақтан келіп қарасаң да көзге түсері баяғы жалғыз ағаш – Мәжнүн тал. Машина тура соған бет алып келеді. Арада сегіз жылдан астам уақыт өтсе де, бәрі де Бағданның көз алдында. Әне, арғы беттегі ана ойпаңдау көгалды жерге машинасын қойған. Міне, мына бір жерден қол ұстасып екеуі бергі жағаға өткен... Бұрқырап жатқан қоймалжың лай су да сол қалпы.

– Ал, ағасы, мәжнүн талыңызға келдік, – деп Мұрат машинасын кілт тоқтатты.

Көктемде дүрліге көтерілген дала реңкі қуқыл тарта бастаған шақ. Күн сондай ыстық. Тау жақтан соққан леп жақын жерде лапылдап жанған от қызуындай. Машинадан қарғып түскен жігіттер суға бірден лап қойысты. Ал Бағдан болса, шешінуін шешінсе де бүкіл жан дүниесін баураған сағыныш сезімінің жетелеуімен мәжнүн тал астына келді. Жылдар қылауы оған да белгі берген. Жалбыр шашты

бір бұтақтар еңкейе-еңкейе қуарып сынып түсіпті. Оның есесіне жас бұтақтар ұшталып, «кәне, былай тұр, орнынды мен басам» дегендей жайыла еңкейіп келеді.

Бағдан баяғы өз «орнына» келді де шалқалай жатты: Аспан нәлге салғандай тұп-тұнық, мөп-мөлдір. Бар болғаны батыс жақ қияда алақанға салып үрлеп, ұшырып жіберген мақта секілденіп екі-үш шөкім ақша бұлт қалықтап барады.

Құдды бұдан сегіз жыл бұрынғы аспан. Сегіз жыл бұрынғы ақша бұлттар. Тасқа жазылған өлеңнің бүгінгі күнге жеткен жолдары тағы да көңілге оралды: аспан... бұлт... Аруана дүние... Оқыс бір түйін: сегіз жыл дейсің, сегіз жүз жыл бұрын да мөп-мөлдір осы бір аспанда үлпілдеген осы бір бұлттар қалықтаған ғой. Кім біледі, жан тәсілімін жасар алдында Айша ананың бір кезде жер дүниені табындырса да, міне, енді сөніп бара жатқан қара көздері қазақы үйдің қара шаңырағынан дәл қазір мына Бағдан көріп жатқан мөлдір аспанға, ана қалықтап бара жатқан ақ үлпек бұлттарға түскен болар?.. Сурет салып дағдыланбаған, бірақ тіл өнерін дертке балап, көкке көтерген ел осы бір сәтті келер ұрпаққа жеткізіп бер деп дәуперісі ақынына тапсырған шығар... Дәуперісі?.. – Бағдан сегіз жүз жыл бұрын өтіп кеткен атсыз ақынға осындай тенеу тапқанына шошынып қалды. Жоқ, шын дәуперісі ол ақын. Өйткені «...Аруана дүние...» жай ақынның қолынан келе бермейді. Жай тілдің ұшына орала да бермекші емес. Аруана дүние?.. Мал баққан қазақ даласында аруана сұлулықтың төресі. Олай болса, мына қолдан тайып өтіп бара жатқан ыстық дүниеге ыстық іңкәрлік болды ғой?.. Арманды Асан Қайғының аңыз болған желден жүйрік желмаясы да осы аруана. Олай болса, дүниенің ешкімге ұстатпай кететін шолақтығы ма екен аруана? Аруана – туған жерге деген айнымас махаббат бейнесі. Көзін байлап жердің қай түкпіріне апарып тастасаң да, бөтен жерді жерсінбейтін, туған жерін таппай қоймайтын жануар ғой ол. Олай болса жер қиянында тірлік кешкен атақты Бибі өлер сәтінде өзінің туған жеріне апарып қоюды өсиет еткен екен ғой? Мына сиқырлы сөз тіркесінде не сыр, нендей мән бар? Бағдан қалай ойланбаған осыны? Осы жұмбақты шешіп алмай Айша Бибіні қалай жазған? Бағдан шалқайып жатқан қалпы көзін жұмды. Кенет он бойын соғып өткен дауылдай «қайта жазсам» – деген шабыттың жойқын күші баурап әкетті. Бағдан Айша Бибіні қайта жазады. Жоқ, қате, Айша Бибіні емес Әспетті жазады. Айша Бибі Әспеттің фонында тұрады. Сегіз жыл болса да құлақта тұнған таныс дауыс, Бағданның іңкәр даусы – Әспет даусы. Сонымен не айтпақсың? – деп сұраған секілденді. Жоқ, қате, ең әуелі Мәжнүн тал... одан әрі Айша Бибі, ал одан әрі қол жетпес алыста Әспет... Көзі жұмулы Бағдан жаңағы өзі іңкәр дауысты естір ме екенмін деп тағы да құлақ тікті: жалаң аяқ құм баскан аяқ дыбысы жақындап келеді... Жүрегі тарсылдап соққан жігіт көзін

жұма түсті: қазір келеді де, шөп еткізіп мұның бетінен сүйеді. Сонда қайтсе де шапшаң қимылдап үлгереді де, құшақтай алады. Босатпайды сосын. Рас, осы үміт ақталып қалатындай аяқ дыбысы қасына келіп тынды. Мұның бетіне көзін қадап енкейгені сезілді. Дем алысы естілді. Бағдан құшағын аша берді: «Ал шөп еткізсейші енді». Бірақ шөп еткізген ешкім болмады. Бағдан көзін ашты: өзіне үніле төніп тұрған Маусымбек екен.

– Ұйықтап қалғанның қай жағысың? Жүр, суға түс. Жігіттер дастарқанды жайып, дайын отыр, – деп Маусымбек Бағданның қолынан тартты.

7

Сол күннің кешінде кездесуде болып қонақ үйге кеш қайтқан Бағдан түнде қызық бір түс көрді. Дәл өңіндегідей. Аса өзені бұрқырап жатыр. Арғы бетте жарға төніп Айша Бибі күмбезі жарқырап тұр. Бұл жерге қалай келіп қалған? Бағдан соған қайран. Жоқ, қате екен. Айша Бибі келмеген, қайта Аса өзені сол Айша Бибі күмбезінің қасынан өтеді. Қалайша? Тіпті түсініксіз. Бағдан осы бір жұмбақты шеше алмай қиналады. Өзі бергі бетте. Баяғы мәжнүн тал. Шашақты бұтақтары басын бұрынғыдан да төмен иіп көлемді аумақты алып жайылып кеткен. Бағдан соның көлеңкесінде отыр. Қасында... Әспет. Иә, иә, Әспеттің тап өзі. Ап-айқын. Ақшыл өңінде тіпті бір дақ, мін жоқ. Үстіне киген кең етек, ақ көйлегі төгіліп башпайына дейін түгел жауып тұр. Сондай жарасты. Әспет өңін көк көйлек ашады деген ұғым қайдан шықты осы? Әспет өңін ақ көйлек қой ашатын. Сол ақ көйлектей аппақ періште өңінде күлкі бар. Әспет Бағданға қарап күледі. Бағдан қол созды:

– Сағындым ғой, Әспет, келші бері...

Әспет басын шайқап, жылжи бергендей болды...

– Босқа әуреленбе, Бағдан. Ана екі баланды қайтесің? Сәлиманы қайда қоясың?

Бағдан ұмтылып жүгірген секілденеді, бірақ жүрісі өнбейді. Әспет жеткізбейтіндей.

– Токташы, Әспет! Екі бала өзімдікі ғой. Ал Сәлиманы...

Аккудың сұңқылы секілді бір дауыс Бағдан сөзін естіртпей жіберді:

– Жоқ, Бағдан, қателесесің. Мен өз қуанышымды басқа біреудің қайғысы мен көз жасынан іздемеймін. Менің бақытым басқа біреудің бақытсыздығында болмауға тиісті.

– Әспет! Аялдашы сәл ғана!..

Әспет аялдамады. О, ғажап! Жалаң аяғымен Асаның ыстық құмын басып біршама жүгіріп барды да, жерден көтеріліп жүре берді. Құдай-ау, Әспет құс емес еді ғой, қалайша көтеріліп, қалықтап

кетті? Жоқ, Әспет құс екен. Құс болғанда да құс төресі – аққу екен... Жаңа: «Менің бақытым басқа біреудің бақытсыздығында болмауға тиіс-ті, – деп аққуша сұңқылдап айтқаны да содан. Бағданның «ақ көйлек» дегені де қате. Ақ көйлек емес, аққудың ақ қанаттары екен ғой. Әспет сол ақ қанаттарын баяу қағып барды да, Айша Бибі күмбезін жанап өте берді... Жоқ, жанап өткен жоқ, тура барды. Айша Бибі әуелі сырылып жол берген секілді еді, о да қате болып шықты. Айша Бибі сырылмады. Көтеріле берді. Көтеріле берген Айша Бибі күмбезін Әспет ақ қанатына отырғызды да, мөлдір аспанның сонау қиясындағы ақша бұлттарға қарай самғай барып көзден ғайып болып жүре берді...

Бағдан шошып оянды. Байқаса жүрегі құрғыр тулап, қара терге түсіп қалған. Сағатқа қарап еді, ертеңгі сегіз. Алды да, Маусымбекке телефон соқты.

– Әй, Маусымбек, түнде жер сілкінген жоқ па осы?

– Оны қайдан шығардың?

– Білмеймін... Маған Айша Бибі күмбезі құлап қалған секілді болып тұр.

– Қой оныңды. Айша Бибінің қалған қабырғасы әлі мың жыл тұрады, – деп Маусымбек жұбата жауап қатты.

– Қайдам?.. Барып қайтсақ қайтеді?

– Түс көрудің қай жағысың? – деп күлді Маусымбек. Дегенмен Бағдан өтініп қоймаған соң, ертеңгі шайды ішкеннен кейін, Маусымбек пен Мұрат, Мирас төртеуі кешегі пұшық машинамен Айша Бибінің басына келді. Машина әрірек етекте қалған. Бұлар жаяу көтеріліп үнсіз айналып, құламай тұрған жалғыз қабырғаны зерттеп ұзақ қарады. Күмбез дін аман. Үстіне орнатылған шынылы қалпақтың есігі құлыптаулы тұр. Кейін орнатылған шойын шарбақтар мен тас плиталар төселген аллеялар кеш келсе де, ұқыпты қолдың, қамқор иенің барлығын танытады. Күмбез іргесіндегі тақтайда «XII ғасырда соғылған бұл ескерткішмұра Біріккен Ұлттар Ұйымының оқу-ағарту, ғылым мен мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы – ЮНЕСКО-ның қарауына берілген» деген жазу бар. Күмбез тағдыры енді беделді халықаралық ұйымның қолында. Көңілге тоғы да сол.

Осы бір кезде етекке үлкен автобус келіп тоқтады. Ішінен шулай түскен қырық-елу саяхатшылар жақындаған сайын, сыбырға ауысып, ақыры күмбезді үнсіз айнала бастады.

Айша Бибіні өз көзімен көріп көңілі орныққан Бағдан машинаға мініп жатып қасындағы жолдастарынан:

– Келген сайын байқайтыным – ойнап-күліп дабырласып түскен адамдар Айша Бибі басына келгенде үндей алмай қалады. Себебі неде? – деп сұрады.

Мирас пен Мұрат бұл жайында ойланбағандықтарын танытып жауырындарын қиқаң еткізді. Ал Маусымбек жауабы көңілге конбайды.

– Канша көне дегенмен күмбез астында өлік жатыр ғой...

Бағдан оларды сынайын деген жоқ еді. Ана екі жігітті аз біледі. Ал өз жолдасы Маусымбектің сурет салу тәсілі біршама дұрыс болғанымен, әр құбылыстың тереңіне үніліп, философиялық ой түйіндей бермейтінін бұрыннан сезетін. Айналып келгенде бұл сауалды Бағдан өзіне қойған еді. Соған енді өз жорамал-топшылауын ортаға салды.

– Менінше, өлік жатқандықтан ғана емес, Маусымбек. Көзі барға көрініп тұрғаны секілді, құлағы, көңіл құлағы барға сөйлеп тұр ғой бұл күмбез. Сегіз жүз жылдан астам уақыт сөйлеп тұр. Жер бетінде ұлылық барын, жер бетінде сұлулық барын, жер бетінде асыл махаббат, тазалық барын паш етіп тұр ғой... Бұл ұлы мұраның басына, келген адам соны түсінеді. Соны түсінеді де тазарып, ағарып қайтады. Биіктеп қайтады.

Ана үшеу келіскендіктерін бас изеп түсіндіріп, үндей алмай қалды. Жанағы пікірдің жалғасын қуалаған Бағдан да ойда. Асфальт жолмен зырлап келе жатқан пұшық машина Аса өзеніндегі көпірден өтті. Баяғы Әспет екеуі келе жатып бұрылған жер кейін қалды... Әспет... Кенет ой көзі көптен бері іздеп, бірақ таба алмай жүрген бір ғаламат шындықты ашты: Байқаса, ана Әспет пен мына Айша Бибі күмбезінде бір ғажайып үндестік, ғаламат ұқсастық бар екен. Айша Бибі секілді Әспет те ұлылық пен сұлулықтың, тазалықтың иесі. Егер Бағдан Әспет бейнесін жасаймын десе, ол бейнені, міне, осы қасиеттерден іздеуге тиісті.

Жел ызыңын, мотор үнін басып, кенет аққу сұңқылы естілді: мен өз қуанышымды басқаның көз жасы мен қайғысынан іздемеймін...

Мүмкін бұл тіпті аққудың сұңқылы да емес шығар. Көрген түсте Әспет айтқан осы бір мөлдір сөз ұзақ жыл бойы Бағданның өз көкірегінде піскен, сөйтсе де тілге оралып дыбыс болып шықпаған, мұның өз жан сыры шығар?.. Бірақ одан Әспет ұтылып тұрған жоқ қой. Өйткені, ол бұл сөзді өз аузымен айтпаса да, сол шындықты бар болмыс, ісімен танытып, Бағданға қайтсе де мойындаттырып, көзін жеткізіп кетті ғой. Бағдан күрсініп қойды. Көңіл көзі тағы бір шындыққа тірелді. Әспет бұған енді қайтып телефон соқпайды. Әспет бұған енді қайтып кездеспекші емес...

Бағданның жүрегі сыздады. Көңілге медеу болсын деді ме, жазсам ба деп арман еткен әлгі бір түк нобайы жоқ бұлдыр сағым секілді Әспет бейнесін қайта ойлай бастады. Қалай жазбақ? Ұлылық пен сұлулықты, тазалықты танытар бұл асыл бейне қылқалам ұшынан қай күйде, қай түрде шықпакшы? Кенет Бағданның көз алдына Джоконда келе қалды: қызық. Әспет жалаң аяғымен құм басып,

бұдан алыстап бара жатқанда қай күйде кетті осы? Күліп кетті ме? Әлде жылап кетті ме? Бағдан ойлап-ойлап таба алмады. Бірақ таба алмадым деп ренжіген жоқ. Өйткені шын талантты дүниенің өмір мен өлім таласындай болып ауыр толғақпен келетініне оның көзі жете бастаған еді. Бір жап-жақсы әннің өлеңінде «мен сенің құдіретіне түсінбедім» – деген жол бар. Сол туралы Әспет бір сөз орамында: «Қандай аңғалдық! Түсінсе ол құдірет бола ма? Құдіреттің құдіреттілігі түсініксіздігі мен жұмбақтығында емес пе?.. Неліктен оған таңданып қамығады?» – деп еді. Сол сөзді есіне алды да Бағданның көңілі орнына түсейін деді. Шалқая отырды. Керек десең Әспеттің жұмбақтығының өзі жақсы. Себебі: Әспет адам түсінбейтін құдіреттілікке мензейді. Егер жұрт ойлап, бағалағандай Бағдан бойында шын таланттың бір сыныгының бары рас болса, бір әдемі күні бұл құдіретті бейне Монна Лизадай жарқырай шығып, галереяның бір үлкен залында жұрт көзін сұқтандырарына сене берсе де болады ғой...

1978 жыл.
Алматы – Саздыағаш.

ӘНІМ СЕН ЕДІҢ

Екі бөлімді мелодрама

Қатынасатындар:

Сапар – ауыл мұғалімі
Тыныштгүл – анасы
Науан – колхоз председателі
Сара – ревкомкомиссия бастығы
Мелдес – колхоз бухгалтері
Қарғаш – бухгалтердің көмекшісі
Нұргүл – қызы
Бақат – ауданнан келген уәкіл
Алмас – Қарғаштың інісі, 9 жаста
Эпизодта үй күтуші әйел

Оқиға осы заманда болған.

Бірінші бөлім

Сапардың қонақ үйі. Шымылдық ашылғанда Сапар диванда қисайып, көзін жұмып ойланып отыр. Бір шетте іс тігіп отырған Тынышгүл баласының сәл жудеу кескініне шошына қарайды... Осы мезетте ән естіледі. Сыршыл да, сәл мұңлы ән. Сапар оны елегізи тыңдайды.

С а п а р *(ән біте)*. Апа, осы әнді кім салатын еді?

Т ы н ы ш г ү л *(сәл аң-таң)*. Қандай ән?

С а п а р. Осы... әлгінде ғана... біреу ән айтқан жоқ па?

Т ы н ы ш г ү л (үрейлі). Ешкім айтқан жоқ... Мазамды алды деп радионы да сөндіріп қойдың ғой?..

С а п а р *(диванға қайтадан қисайып)*. Солай ма?! Әшейін ызың екен ғой онда... *(өзіне-өзі сөйлеп.)* Біраз болды, осы бір ән қыр соңымнан қалмай жүр... Сондай бір таныс дауыс! Бірақ кімнің даусы? Таппай-ақ қойдым... Апа, почта келді ме?

Т ы н ы ш г ү л. Келді, қалқам. *Тынышгүл бір бума газет-журналдар, біраз хаттар әкеп береді. Анасына күлімсірей қараған Сапар еркелеген сияқтанып, оның қолынан ұстай алады.*

С а п а р. Апа!... Табиғат қартайса, сарғаяды. Адам қартайса, ақшыл тартады деуші еді. Ал сенің, тіпті, кимешегіне дейін ағарған ба, қалай өзі? *Ол анасының көкірегіне басын қойды. Анасы ойлы пішінмен оның шашынан сипайды.*

Т ы н ы ш г ү л. Бала, соңғы кезде бір түрлі жүдеп кеткен секілдісің. Бір жерің ауырмай ма?

С а п а р. Жоқ, апа.

Т ы н ы ш г ү л. Әйтеуір, алаңсың. Әлде бірдеме мазалайтын секілді.

С а п а р. Жоқ, апа... Ештеңеге де алаң емеспін.

Т ы н ы ш г ү л *(сеніңкіремей)*. Немере сүйіп отырсам да, сен маған осы уақытқа дейін бала секілдісің. Ойыңда не барын мен, тіпті, айтпасаң да сеземін...

С а п а р (қалжыңға шаптырып). Ал, не бар? Айтшы, білсең.

Т ы н ы ш г ү л. Жарайды, айтсам айтармын. *(Күрсініп.)* Бірақ қазір қыстама... *(Бір конвертті көрсетіп.)* Мына хаттың ала бажақ сырты әдемі екен. Не дейді?

С а п а р *(жымиып)*. Биыл жазда бейбітшілікті жақтайтын физиктердің халықаралық жиыны болмақ. Соған шақырыпты.

Т ы н ы ш г ү л. Барасың ба?

С а п а р. Бармақ түгіл, сөз сөйлеймін. *(Анасын құшақтап.)* Сен сияқты аналар немересін, ақ шашты әжелер шөбересін сүюге тиісті.

Т ы н ы ш г ү л. Айт, айт... Халық басына не кесепат әкелмеді бұл соғыс. Түгел айт.

Осы кезде есік қағылып, ішке Нұргүл кіреді. Ажары жарасқан осы қызды көргенде, Сапар өңі қашып, орнынан ұшып тұрды да, сілейіп қалшия қалды.

Т ы н ы ш г ү л. Кел, кел, балам.

Н ұ р г ү л. Сәлеметсіздер ме?... Профессор Жарқынбаевтың үйі осы ма?

Т ы н ы ш г ү л. Осы... Төрге шық, қызым.

Н ұ р г ү л. Рақмет.

С а п а р *(енді ғана тіл біміп)*. Апырау, жаңылмасам, сен осы Қарғаш емессің бе?

Н ұ р г ү л. Жоқ, мен – Нұргүлмін.

С а п а р *(даусы бәсең)*. Нұргүл?!

Н ұ р г ү л. Қарғаш менің мамам.

С а п а р. А-а, солай ма?!.. Ойпырым-ай, калай қатты ұқсайсың?

Н ұ р г ү л *(күліп)*. Мамама ма?

С а п а р *(пауза)*. Иә, мамаңа. Мамаңның өзіне ғана... Ал, қайдан жүрсің?

Н ұ р г ү л. Осында университетте оқып жатырмын...

С а п а р. Қашан түстің?

Н ұ р г ү л. Биыл... Сізді мамам көп айтып отырады. Қабылдау емтиханы алдында сізге «бар» деп еді... Мен... мен...

С а п а р. Иә, айта бер.

Н ұ р г ү л. Мен ұялдым...

С а п а р. Иә, енді қалай келдің?

Н ұ р г ү л. Мамам қайта-қайта хат жазып қайтсең де бар, айт, бір тыңдаса, сізді ғана тыңдайды деді.

С а п а р. Ол кім еді?

Н ұ р г ү л *(кемсеңдеңкіреп)*. Ол ма? Ол өзімнің ағам – Алмас.

С а п а р. Алмас?!

Н ұ р г ү л. Күн көрсетпейді, мамамды да, мені де сондай жек көреді.

С а п а р. Иә, Алмас ағаңды білемін. Жақсы білем. Сұлукиядан қуылып, жалғыз кетіп бара жатқанымда шырылдап араға түскен, бірге кетем деп соңымнан қалмаған сол Алмас қана болатын. Бірақ ол кезде тым жас, 9–10 жасар кезі еді. Шырылдағанмен не тыңдырсын. Жылай-жылай қала берген.

Н ұ р г ү л. Алмас ағам қазір ендеше сол Сұлукияда совхоз директоры. Бірақ апам байғұсқа қарайласпайды. Менімен де дұрыстап сөйлеспейді. Апаммен бірге туған деуге аузым бармайды тіпті.

С а п а р *(ойланып)*. Ендеше оның да бір мәні болғаны да, Нұргүлжан.

Н ұ р г ү л. Сол мәні болғасын шығар апамның қайта-қайта сізге бар, айт дей беретіні.

С а п а р. Ал маман қалай?

Н ұ р г ү л *(сәл күрсінгендей болып).* Наукас... Басын көтеріп жүргені болмаса, салдыраған ку сүйек...

(Қалтасынан бір нәрсе алып.) Мынаны сізге беріп жіберді.

С а п а р. Бұл не?... Жүзік!.. *(Сәл ойланып, содан соң ақсия күліп.)* Апа, мына жүзікті танисың ба? Сенің жүзігін!.. Сенен ұрлап алып, Қарғашқа берген ем. Әлі сақтап жүр екен-ау.

Т ы н ы ш г ү л. Ие, ие, таныдым... Ойпырм-ай, сонда іздемеген жерім қалмады. Зым-зия жоқ боп кетіп еді-ау, бәсе...

С а п а р. Әй, балалық-ай десеңші...

Н ұ р г ү л *(қабақ шытып).* Апам мұны құны жоқ асыл зат секілді тірі жанға ұстатпай, қастерлеп сақтап отыратын.

С а п а р *(селк етіп).* Солай ма?.. *(Көзі ұясынан шыға.)* Солай ма?

Осы кезде манағы ән естіледі де, Сапар құлап кете жаздап, бойын әрең түзеді.

Т ы н ы ш г ү л. Балам, саған не болды?

С а п а р *(жауап қатпай).* Таныдым...

Т ы н ы ш г ү л. Нені, бәтір-ау?

С а п а р. Таныдым... Мына дауысты таныдым. Құдай-ау, Қарғаштың даусы екен ғой!.. *(Нұргүлді құшақтай алып, аймалай.)* Маман екеуміз бірге өстік, бірге оқыдық...

Н ұ р г ү л. Білем.

С а п а р. Біздер албырт шақтың небір қызық күндерін бірге өткіздік...

Н ұ р г ү л. Білем... Біздің ауылдағылар сізді мақтан етіп отырады. Анада Академияға сайланғаныңызда «жерлесіміз академик болды» деп той да жасады. Бірақ «елді мүлде ұмытып кетті, келмейді» деп те отырады.

С а п а р *(сәл күрсініп).* Бармағаным рас, Нұргүлжан. Он сегіз жыл өтіпті, содан бері. Он сегіз жыл. Мен кетерде жаралған бала, міне енді бой жетіп, университетке де түсіп үлгеріпті. Сөйтсе де ұмытты дегені қате. Туған жерді кім ұмытады. Ұмыткан жоқпын. Ол бір жатқан хикая ғой... хикая...

(Сапар Нұргүлді босатты да, авансценаға келді. Тағы да сәл мұңлы, сыршыл ән естіледі).

С а п а р. Соғыс біткен жыл. Мен онда он сегіз жаста едім. Ал Қарғаш болса, толып, пісіп келе жаткан он жеті жасар бой жеткен қыз болатын. Сондағы бір қайғылы оқиға менің оқуды бітіріп қайтып оралуыма байланысты болған еді.

Сахнаның бір жақ шетінен Қарғаш көрінеді.

Сахнаға асыға басып, қолында чемоданы бар Сапар шығады. Қарғашты көрген ол аңырып тоқтап қалады.

С а п а р. Қарғаш!

Қ а р ғ а ш *(сәл қуанышты).* Сапар?!

Бұл екеуі біріне-бірі ұмтыла барып құшақтасқылары келді де, әлде неден бөгеліп қалды.

С а п а р. Қалай өзгергенсің, Қарғаш!.. Тіпті сұлуланып кетіпсің...

Қ а р ғ а ш *(ұяла жымиып).* Қойшы... Әншейін айтатын шығарсың.

С а п а р. Рас, Қарғаш... Мен алғашқыда танымай да қалдым. *(Жалын ата.)* Қарғаш!..

Ол ұялып, қызарып тұрған Қарғашты енді ғана құшақтай бергенде, арсалақтай кірген Алмас үркітіп жібереді.

А л м а с. Сапар аға!

С а п а р *(селк етіп).* Бұл кім?... Ойбай-ау, мынау шынымен-ақ Алмас па?

Қ а р ғ а ш. Сол тентек.

С а п а р. Дардай азамат болыпты. Кел, бетіннен сүйейін... *(Сүйеді.)* Хал қалай? Оқып жүрсің бе?

Қ а р ғ а ш. Иә, жетістіріп жүр. Алатыны ылғи екілік...

А л м а с (намыстанып). Иә саған! Үштік!

С а п а р *(күліп).* Үш деген де жаман емес. Өйткені үштен кейін төрттік бар. Ал төрттің ар жағында мен мұндалап бестік тұрады.

Қ а р ғ а ш. «Сапар ағам келген соң, сол кісінің қолында жақсы оқимын» – деп жүр ғой, әйтеуір... Көрерміз енді уәдесінде тұрғанын.

С а п а р *(күліп).* Е-е, мұның жарады, жолдас.

А л м а с. Сапар аға, менің көкеме Мелдес ағай ат сатып алып берді...

Қ а р ғ а ш *(шапшаң).* Жүгірмек, сокпа қайдағыны! Сатып алған өзі ғой көкемнің!

А л м а с *(бұртиып).* Иә, сен білесің бе, мен білем бе?! Мелдес ағай!

С а п а р *(жымиып).* Қайдан алсаңдар, одан алыңдар. Құтты болсын.

Қ а р ғ а ш. Осы-ақ қай-қайдағыны былжыратып...

(Ашулы.) Бар, ойна!

А л м а с *(бұртиып, теріс қарап қалды).*

С а п а р. Қой, ренжітпе баланы. Алмас жақсы жігіт.

Бұл нағыз Амангелді болады. Солай ма, Алмас!

А л м а с *(мақтанып).* Мен Чапаев боламын.

С а п а р. Ендеше бар, ойнай ғой... *(Конфет беріп.)* Мә, мынау базарлық!

А л м а с *(қуанып).* Алакай, конфет!.. Қарғаш, Сапар ағам конфет берді!.. Сапар аға, мен саған бір нәрсе айтайын ба?

С а п а р. Айт!

Қ а р ғ а ш. Мынау тағы бір нәрсені қоқытқалы тұр. Бар, ойна дедім ғой саған!

С а п а р. Жоқ, айтсын айтатынын.

А л м а с *(сыбырлаған болып, қатты)*. Қарғаш сені ылғи айтып отырады... Ол сені жақсы көреді. *(Сыртқа қарай қаша жөнелді.)*

Қ а р ғ а ш. Ө, жүгірмек! Сенбе оған, Сапар!

С а п а р *(қиыла қарап)*. Ал, сенсем ше?

Қ а р ғ а ш *(паузадан соң)*. Бала шіркін не айтпайды.

С а п а р. Қарғаш!.. Ойымнан әсте кеткен емессің...

Қ а р ғ а ш *(өкпелі)*. Сол екен ғой боратып хат жазғаның.

С а п а р *(асығыс)*. Жаздым. Олла-билла, талай мәрте жаздым.

Қ а р ғ а ш. Біреуін де алған жоқпын.

С а п а р. Каникулға да осы сен үшін келетінмін... Бірақ ауылда ылғи болмайтынсың.

Қ а р ғ а ш. Колхоз шаруашылығы... Қол тигізе ме?

С а п а р. Бухгалтерсің бе?

Қ а р ғ а ш *(күліп)*. Бухгалтерлік қайда?! Жәрдемшімін.

С а п а р. Оқуды неге тастап кеттің, Қарғаш? Қызмет табылмайды деп ойладың ба?

Қ а р ғ а ш *(күрсініп)*. Бұлай боларын білгенде, кетпес пе едім оқуға? Қалар ма едім сенен? *(Ол бетін басып, жылаған күйі шыға жөнеледі)*.

С а п а р *(тұра жүгіріп барып, тоқтатпақ болады)*. Қалай болғанын білгенде? Қарғаш!..

Шам сөніп, қайта жанғанда, Сапардың үйін көреміз. Үй ішінде топырлаған әйелдер Тынышгүлді құттықтап жатыр. Бір шетте нарттай қызарып Сапар тұр.

– Ойбай-ау, үлкен үйдегі келін-ау, тіл-аузымыз тасқа, Сапарың сойталдай жігіт болып кетіпті!

– Етегің елпі, жеңің желпі жүріп, жоқшылық тауқыметін көп тартып едің, қолыңды жылы суға малып, шалқая отыратын уақытың болды енді.

Т ы н ы ш г ү л. Құдайға шүкір.

С а п а р. Сәлеметсіздер ме, апалар!

– Есен бол, қалқам!

– Баланды көріп, көзайым болдың ба, ене? Енді той істе!

Т ы н ы ш г ү л. Құдай қаласа істеймін.

– Жоқ, алдымен келін түсір. Сонан соң екі тойды бір-ақ істе!

Т ы н ы ш г ү л. Е, түсірсе несі бар, жасаған ием жеткерді. Мандайынан шертіп жүріп түсірем.

С а п а р. Апа!

Т ы н ы ш г ү л. Қойдым, қойдым... Өзің біл... Жүгірген алмайды, бұйырған алады деген...

– Бұйыртпағаны несі? Оқитынын оқып болды... Енді не керек?

– Бәсе, міне, оң жамбасында да бірі отырған жоқ па жұлқынып.

– «Алпыс күн» қайнағаның қызы ма?

– Қарғашты айтасың-ау?

– Енді кім деп ең? Әбден бой жетіп болды. Ай десе аузы, күн десе көзі бар...

Е к і н ш і ә й е л. Бір колхоздың дүрдей есепшісі! Анау Арам сарының оң қолы болып, бір үйлі жанды асырап отыр.

С а п а р. Солай ма? Қарғаш бухгалтер екен ғой?

Т ы н ы ш г ү л. Әйтеуір, бір бұйыртқаны болады да.

Осы кезде ішке Сара кіреді. Оны көрген әйелдер әжептәуір қымсынып, тайсалып қалады.

С а р а. Ие, мырза, оқымысты болып оралдың ба?

С а п а р. Сәлеметсіз бе, Сара апай?

Ә й е л д е р: «Дүрдей азамат!...» – деп шулай бастаған еді, Сара алара қарап, тоқтатып тастады.

С а р а. Жә, немене шулап? Барыңдар әйда! Аман-саулық сұрастыңдар ма? Жетеді. Қайқайыңдар!

Әйелдер сыбыр-сыбыр етіп, топырлап шығып кетеді.

Т ы н ы ш г ү л. Мен шай қояйын.

С а р а. Ештеңенің керегі жоқ, жеңеше. Қолыңды алып, «көзайым» болдың ба деп айтқалы келдім.

Тынышгүл *(көзіне жас алып)*. Рақмет! Әкесінің көзін көрген едің... Әйтеуір, жалғыз бала...

С а р а. Ал, Сапар, ауылға келгенің тәуір болды. Өзің сияқты оқыған жігіттер колхозымызға керек-ақ.

С а п а р. Мекенім менің мектеп қой...

С а р а. Болсын... Мектеп колхоздікі, ауыл өзіндікі.

Мен ревкомиссияға бастықпын ғой. Сені де мүшелікке сайлатам. Бірге жұмыс істейміз.

Т ы н ы ш г ү л. Сонау бір жылдары әкесі де ревкомиссия болып еді Сапаржанымның.

С а р а *(күліп)*. «Ат тұяғын тай басар» деген. Егер Сапар екеуміз бірігіп кетсек, осы ауылдағы талай сұғанақтардың аспанын тарылтамыз.

С а п а р. Қайдан білейін?.. Қолдан келген көмегімді аямаспын.

С а р а. Көмегің сол болсын – адал бол! Әкеңнің жалтағы жоқ, бір бет, өр мінезді адам еді. Соған ұқсасаң – мың да бір рақмет!

Т ы н ы ш г ү л. Менің де бар тілегім сол.

С а п а р. Сенімінізге рақмет, Сара апай!

С а р а. Ал, қош!.. Біраз аунап-қунаған соң іске кіріс. *(Кетеді.)*

Т ы н ы ш г ү л. Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін деген, ә?! Көрдің бе жаны ашуын.

С а п а р. Өзі бір еркек мінезді жақсы адам ғой.

Т ы н ы ш г ү л. Күйеуі мен жалғыз баласы соғысқа кетті деп қарап отырмады, тіршілікке сүңгіді де кетті. Тыным деген болсайшы. Колхоз жұмысы деп дедек қағып жүргені...

Осы кезде әлгі бір сыршыл ән қайтадан естіледі. Сапар елең етеді.

С а п а р. Ән?! Бұл кімнің салған әні, апа?

Т ы н ы ш г ү л. Қарғаш қой... Соның даусы.

С а п а р. Ойпырым-ай, білмеппіз, өзі әнші екен ғой... Даусы қандай әдемі.

Т ы н ы ш г ү л *(сәл күрсініп)*. Ие... Осы ауылдағы қыз-келеңнің алды болған қазір Қарғаш... Әкесі байғұс өмір-бақи кемтарлық-пен келе жатыр еді. Қарғаш ер жетіп, қазір «Алты күн» қайнағаның жағдайы жақсарған.

С а п а р *(сыбырлай сөйлеп)*. Қарғаш!.. *Шам сөніп, қайта жанғанда колхоз кеңсесінің алдында ән салып тұрған Қарғашты көреміз. Ұрлана басып Сапар келеді.*

С а п а р. Өзің әншісің ғой, Қарғаш... Даусың да жақсы...

Қ а р ғ а ш *(сәл қымсынып)*. Қойшы...

С а п а р. Рас... Мен бүйтіп ән сала алсам, күндіз-түні ауыз жаппаған болар ем...

Қ а р ғ а ш *(сенбей, сәл мазақтап)*. Ойпырым-ай, ә?!

С а п а р. Рас, Қарғаш!.. Мен мына көкшіл аспанды, толқын атқан Есілді де, үнсіз көсілген даланы да әнге қосар ем... Мен, ең алдымен, бір сен үшін жырлар едім.

Қ а р ғ а ш. Менің солай етпейтінімді қайдан білесің.

С а п а р *(қуана, сенбей)*. Рас па, Қарғаш?.. «Рас» деші!..

Қ а р ғ а ш *(естілер-естілмес)*. Рас.

С а п а р *(сәл тұрып, содан соң)*. Қарғаш!

Ол ұмтыла барып Қарғашты құшақтай алады. Қарғаш та оның құшағына кіре береді. Осы кезде жүгіре кірген Алмас сықылықтап күліп жібереді.

А л м а с *(тақпақтап)*. Ө-лә, Қарғаш!.. Көке-ме айтам! Ө-лә, Қарғаш!... Кө-кө-ме ай-там!.. Ө-лә, Қар-ғаш!..

Қ а р ғ а ш *(шошып кетіп)*. Ө, жүгірмек!

С а п а р *(абдырап, асып, сасып)*. Оу, Алмас!.. Бұл сен бе едің?.. Мен саған конфет беріп ем ғой...

А л м а с *(тоқтамай)*. Ө-лә, Қар-ғаш!.. Көке-ме...

Қарғаш тұра қуған еді, Алмас сықылықтап ұстатпай кетеді.

С а п а р. Қап, мынаны-ай, ә?

Қ а р ғ а ш. Енді көкеме айтады. Ұят болды.

С а п а р. Мейлі! Білгені жақсы! Мен енді ешкімнен ұялмаймын да қорықпаймын.

Қ а р ғ а ш. Ел іші, біреу-міреу сезіп қалса, күлкі боламыз...

С а п а р. Шегірткеден қорыққан егін екпейді деген. Жұрттың сөзінен үркіп, сені жақсы көретінімді жасыра алмаймын.

Қ а р ғ а ш. Сапар! Аялдай тұршы азырақ. Ойланайық...

С а п а р. Неге, аялдаймын? Сондағы... сырын білмейтінім сен бе?

Ол Қарғашты қайтадан құшақтағысы келген еді, Қарғаш оны салқын түрмен тоқтатып тастады.

Қ а р ғ а ш. Кім біледі, мүмкін, мен болармын...

С а п а р. Неге?... Неге сен болмақсың?

Қ а р ғ а ш. Неге екенін кейін айтам!

С а п а р *(мұңлы дауыспен)*. Бұл мені... сүймегенің бе, Қарғаш?

Қ а р ғ а ш (асығыс). Жо-жоқ!..

С а п а р *(Қайтадан жайнап)*. Ендеше неге айтпайсың қазірі?

Қ а р ғ а ш *(қинала)*. Кейін дедім ғой! Кейін. *(Қорқынышты.)* Ой-бай, Мелдес ағай келе жатыр! Бізді көріп қоймасын.

С а п а р. Келсе қайтеді? Неге шошыдың соншама?

Қ а р ғ а ш. Үлкен кісі ғой, ұят болатын шығар... Маң-маң басып, ішке Мелдес кіреді. Қарғаш сәл абыржулы.

Қ а р ғ а ш. Сәлеметсіз бе, Мелдес аға!

М е л д е с. Ә, Қарғаш... Мынау кім?

С а п а р. Ассалаумалейкүм. Мен – Сапармын.

М е л д е с. Ә, інішек... Ат-көлік аман келдің бе? Оқуды бітірді дей ме сені?

С а п а р. Бітірдім.

М е л д е с. Енді не істемексің?

Қ а р ғ а ш. Сапар мұғалім болмақшы.

М е л д е с *(Сапарға)*. Солай ма?

С а п а р. Ие.

М е л д е с *(тыржиып)*. Бір мектепке бір мұғалім жетіп жатқан жоқ па? Неғыласың қоса қабаттасып?

С а п а р *(жымиып)*. Менің дипломым мұғалімдік.

М е л д е с. Диплом мал таппайды, малды сен табасың. Одан да жаныңа жайлы жағын ойластыр.

С а п а р. Сонда не істемекпін?

М е л д е с *(сәл бөгеліп)*. Мына Қарғашпен бірге оқыған көрінесің... Үй-жағдайыңа да жақсы қаныкпын... Сен былай ет: әзірше фермаға учетчик бол. Содан кейінгісін көре жатамыз.

С а п а р. Оу, менің мамандығым – мұғалімдік. Мен қалай учетчик боламын?

М е л д е с. Мына Қарғашта ешқандай мамандық жоқ. Ал қазір өзің көрші есепшотты қаққанда көз жаныдырады. Көп ұзамай бір колхозға бас бухгалтер болып кетеді.

Қ а р ғ а ш *(қызаңдап)*. Қойыңызшы, Мелдес аға.

С а п а р. Ол – Қарғаш қой. Ал, мен... білмедім.

М е л д е с. Мұғалімнің бір ай салпақтап жүріп тапқанына базарда бір пұт бидай да бермейді. Бала, неғыласың, айтқанды істе! Қарғашқа көрші болған соң айтып тұрмын.

Қ а р ғ а ш *(Сапарды түртіп)*. Сен солай ет, Сапар. Біраз күн учетчик болсаң, Мелдес ағай басқа жұмысқа ауыстырады ғой.

М е л д е с. Бала, егер ауызбіршілігіміз болса, қатырып күн көруге болады. Сен ойлан. Сонсоң маған келерсің. *(Кетуге ыңғайланады.)*

С а п а р. Мен айтарымды ойланбай-ақ айта аламын. Мен мұғаліммін. Басқа мамандықта шаруам жоқ.

К а р ғ а ш. Мелдес аға, Сапар ойланады әлі... фермадағы жұмысты бұл әлі білмей тұр. Солай емес пе, Сапар?

(Түртіп қалады.)

С а п а р *(күмілжіп)*. Енді... Қайдам...

М е л д е с. Мейлі, ойланса ойлансын. Шешеңмен де ақылдас... Қарғаш, тезірек ішке жүр, жұмыс бар. *(Кетеді.)*

Қ а р ғ а ш. Сен немене, бәлденіп! Үлкен кісі жақсылық істейін деп тұрғанда!

С а п а р. Сонда мен енді фермаға қарай жүгіре жөнелмекпін бе?

Қ а р ғ а ш. Жоға!.. Мелдес ағаның қанаты астына кірсең қор болмайсың... Ең алдымен тұрмысың жөнделеді...

С а п а р. Гәп тұрмыста ма екен?! Соғыс бітті, заман енді түзеледі. Талай жыл оқып алған мамандығымды қалайша тастап кетем?

Қ а р ғ а ш *(сәл ашулы)*. Сен оқу қуалап ауылдан қол үзіп кеттің. Сол себепті мұндағыны біле бермейсің! Жалаң аяққа галош киіп, бүрсеңдеп масақ теріп күн көрдік біз... Біз көргеннің жүзден бірін көрсең, сонда сен бар ғой... Жоқ, тұрмыс тауқыметі қиын, Сапар. Оны ойламасаң болмайды.

С а п а р. Ойланбайтын мен бе екем? Менің де көздеген мақсатым бар...

Қ а р ғ а ш *(шаршаған дауыспен)*. Жарайды, мен кеттім. Әлгі кісі күтіп қалды. Тағы бірде дауласа жатармыз.

С а п а р *(реніші)*. Әңгімемнің ұйқы-тұйқысын шығардыңдар-ау! Менің ойым мүлде басқа. Тіптен басқа, Қарғаш...

Қ а р ғ а ш. Білемін... Кейін, кейін... Қазір емес. Айттым ғой мана.

С а п а р *(даусы әрең шығып)*. Қашан?

Қ а р ғ а ш *(кенет өзгеріп)*. Сапар, сен былай ет: жексенбі күні кешке таман біздің үйге кел, кең отырып сөйлесеміз.

С а п а р. Қарғаш?

Қ а р ғ а ш. Ал енді бөгелме, бар, бар... Қош, Сапар!

(Кетеді.)

С а п а р. Қарғаш «Жексенбі, жексенбі» деп кетті де, мен сол тұрған орнымда қалшиып қалыппын. Осы күннен бастап менде маза қалмады. Күні-түні ойлайтыным – Қарғаш. Күні-түні қарайтыным колхоз кеңсесінің үлкен есігі мен Қарғаш үйінің көк қақпасы. «Жексенбі күні Қарғашпен оңаша жолығамын, кең отырып сөйлесемін» – деген тәтті ойдың ләззаты әбден баурап алды.

Осылайша уәделескен күн де жетті. Мен мұнтаздай болып киініп, Қарғаштың үйіне күн бата барсам, осы ауылдағы қыз-жігіттер түгел жиналыпты. Бастаңғы болып жатыр. «Қарғаш оңаша кел деген сиякты еді ғой. Мұнысы несі?» – деймін. Қуанышым су сепкендей басылды. Бірақ ол ойымды білдірмеймін. Бір қолайлы сәтті пайдаланып, Қарғашқа еріп далаға шықтым.

Сапар мен Қарғаш. Аңдаусыз келе жатқан Қарғашты Сапар құшақтай алады.

Қ а р ғ а ш *(шошып)*. Бұл сен бе?! Тyh, жүрегім тоқтап қала жаздады ғой.

С а п а р. Мен ғой бұл!.. Мен!

Қ а р ғ а ш *(Сапардың құшағынан ысырылып)*. Тоқтай тұршы, Сапар.

С а п а р. Тағы да «кейін» демексің бе?

Қ а р ғ а ш *(күліп)*. Немене, күткің келмей ме?

С а п а р. Күте-күте шаршадым. Фермаға учетчик бол дегеннен басқа әлі бір жылы сөзінді естіген емен.

Қ а р ғ а ш. Асықпа. Асықпаған арбамен қоян алады.

С а п а р *(жөпелдеме)*. Не болмаса бар сыбағадан алаңсыз құр қалады...

Қ а р ғ а ш *(күліп)*. Өзің ақын болуға айналыпсың ғой.

С а п а р *(салқын)*. Мен кім болмайын деп жүрмін. Арман көп, бірақ, бәрі де алыстап бара жатқан тәрізді.

Сақылдап күліп жіберген Қарғаш Сапарды еркелете шашынан сипаған еді, бұлардың үстіне Мелдес кіріп келді.

Қ а р ғ а ш *(шошып)*. Ойбай!

М е л д е с *(бұларға сезіктене қарап)*. Кеш жарық!

С а п а р. Ешкіңіз арық.

М е л д е с . Сен әлі райыңнан қайтқан жоқсың ба?

С а п а р. Қайта қоймайтын шығармын.

М е л д е с *(екі-ұшты)*. Жарайды... Қарғаш, мен сені іздеп келдім. Оңаша сөзім бар еді...

(Сапар шығып кетеді).

Әлгі қызыл көз Сара баланы ревкомиссияға өткіздіріп алды. Есіттің бе?

Қ а р ғ а ш. Ие, естідім.

М е л д е с. Естісең, одан аулақ жүр... *(Сәл күмілжіп.)* Онымен оңаша тұрганыңды көруімнің алды-арты осы болсын!

Қарғаш (қып-қызыл боп). Сапар – бірге өскен құрбы... Несі бар оның?

М е л д е с *(зілдене)*. Сенің құрбың – менің ұрым болып жүрмесін!

Қ а р ғ а ш *(кеткісі келіп барып, тоқтайды)*. Ағай!..

М е л д е с. Айт, айт!

Қ а р ғ а ш *(күрсініп)*. Жарайды, неғылайын... Сәл пауза.

М е л д е с . Мына шуылдақтарды бүгін тағы жинағансың ба?

Қ а р ғ а ш. Ие... Апам мен көкем нағашымдікіне кетті. Сонан соң...

М е л д е с . Осы сендер жиналып алып не айта бересіңдер?

Қ а р ғ а ш. Ән саламыз... Би билейміз...

М е л д е с. Ойын да ойнайсыңдар ма?

Қ а р ғ а ш. Бүгін бір қызық ойын ойнадық. Сапар үйретті.

М е л д е с. Қандай ойын?

Қ а р ғ а ш. «Ауған хан мен Қалған хан» деген жаңа ойын.

М е л д е с . Ол біздің жасырақ кезімізде ойнаған ойын ғой. Ол қайдан есіне түсіп жүр?

Қ а р ғ а ш. Білмедім.

М е л д е с. Біздің заманымызда бұл ойынды ойнағандарды комсомолдан шығарушы еді...

Қ а р ғ а ш. Ойында тұрған не бар?

М е л д е с. Ал, жарайды... Мм-м... Ауылға уәкіл келді. Қазір ұйықта да ерте тұр. Ертең жұмыс... Ана шуылдақтарыңды ендігәрі жинама.

Қ а р ғ а ш *(паузадан соң)*. Жарайды...

Мелдес кетті де, Қарғаш жалғыз қалды. Оның ойында талай нәрсе барлығы сезіліп тұр. Кескіні қайғылы. Сапар тасадан шығады.

С а п а р. Қарғаш!..

Қ а р ғ а ш *(сәл үрейлі)*. Бұл кім?

С а п а р. Мен – Сапармын.

Қ а р ғ а ш. Сен әлі осында ма едің?

С а п а р. Қоштаспай кете алмадым...

Қ а р ғ а ш *(әңгімені басқа жаққа аударып)*. Сен көре алмай қалдың ғой, қызық болды ғой жаңа. Ауданнан әлгінде өкіл келіпті. Активтерді далаға қуып жатыр. Шақырып алып Мелдес ағайға да тапсырма беріпті. Алды жаман дейді. *(Пауза.)* Сен неғып үндемей тұрсың, Сапар?

С а п а р *(қинала)*. Қарғаш!..

Қ а р ғ а ш. Әу?

С а п а р. Бір нәрсе сұрасам, шыныңды айтасың ба?

Қ а р ғ а ш. Сұра.

С а п а р. Әлгі Мелдес ағай сіздің үйге келгіштей береді дейді ғой жұрт.

Қ а р ғ а ш *(күліп)*. Сол ма сұрағың... Ой, тентек!.. Әкемдей адамды... Жұрт не демейді?

С а п а р *(қуанышты)*. Рас па, Қарғаш?

Қ а р ғ а ш. Рас.

С а п а р. Қарғаш!.. *(Ол Қарғаштың маңдайынан лып еткізіп сүйеді.)*

Қ а р ғ а ш. Ұят болады ғой, Сапар.

С а п а р. Мейлі!... Мейлі!..

Қ а р ғ а ш. Сонда бұл ненің өтеуі?

С а п а р. Бүгінгі бастанғының...

Қ а р ғ а ш *(күрсініп)*. Ойын ғой мұның бәрі...

Осы кезде қақырынып-түкірініп Өтеген кіреді де, әкесінен ұялған Қарғаш қаша шығады.

С а п а р. Ассалаумалейкүм!

Ө т е г е н. Уәлейкүмсалам! Сапармысың?

С а п а р. Ие, Өтеке?

Ө т е г е н. Қалай, мал-жан аман ба? Шешең қуатты ма?

С а п а р *(сәл жымиып)*. Мал дейтін менде мал жоқ қой. Шешем қуатты.

Ө т е г е н. Е, болмаса болады да. Мал басқа жиналады. Басың жас... Кім біледі, әлі-ақ...

С а п а р. Әрине.

Ө т е г е н. Осы сені, Сапар шырақ, осы ауылға мұғалім болып келді дей ме?

С а п а р. Иә, Өтеке, мұғалім болып келдім.

Ө т е г е н. Қалада төрт жыл оқу оқып?

С а п а р. Иә, төрт жыл оқып.

Өтеген *(мырс етіп)*. Мен сені құрығанда колхозға есепші болатын шығар деуші едім. Төрт жыл оқу оқып, мұғалім болған азабым құрысын!

С а п а р. Неге олай дейсіз, Өтеке?

Ө т е г е н *(сөзін бөліп)*. Әй, тәйір-ай! Ана Қеңпейілдің Қапездері он жылдан бері оқымай-ақ мұғалім болып, бала оқытып келе жатқан жоқ па? Ең болмаса пермеге ушетшік болып орналасып ал, жоқ дегенде қарның тоқ болады, білдің бе?

С а п а р *(күліп)*. Учетчик бол деген әңгіме сізге де жеткен-ау.

Ө т е г е н. «Алпыс күн атан болғанша, алты күн бура бол» деген мақалды естуің бар ма?

С а п а р. Еститінмін.

Ө т е г е н. Солай, ендеше!... Қалтаңда көк тиының жоқ, құр талтаңдағаныннан не пайда?! Анау Мелдеске карашы! Бір колхоз жұмса – жұдырығында, жазса – алақанында.

С а п а р *(мырс етіп)*. Арам сары ма?

Ө т е г е н. Көре алмаған адамның сөзі бұл! Мелдестің арам түгіл сайтаны да жоқ. Өз қатарының алды. Туған-туысқандарына да қайырымы мол. Бір жігіт сол Мелдестей-ақ болып алсын!

С а п а р *(күліп)*. Бір колхозға бір-ақ бухгалтер керек. Ол кайсымызға жетеді?

Ө т е г е н. Көңіл табысса жетпейтін не бар. Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса – ас көп деген атам қазақ, түсіндің бе?

С а п а р *(мырс етіп)*. Түсіндім.

Ө т е г е н. Түсінсең сол. Мелдеске өзім барам. Айтамын ана Сапар деген балаға көзіннің қырын сала жүр деп. Мелдес кісі ғой. Түсінеді. Айтқан сөзімді далаға тастап көрген жоқ әлі.

С а п а р *(қабақ шытып)*. Ие, солай көрінеді.

Ө т е г е н. Әкең марқұм құрдас еді. Сол есіме түсіп айтып жатырмын ғой, бала, бетіннен жарылқасын.

С а п а р. Рас, Өтеке, біздің орын бұл емес қой. Тағы да оқи берсем, Алматыға барып оқысам деймін. Бірақ оған апам көнбейді. Сол кісінің көңіліне қарап өстіп жүрмін ғой...

Ө т е г е н. «Алпыс күн атан болғаннан, алты күн бура болған артық». Соны ұмытпасаң болғаны.

Өтеген шығып кетеді. Сапар ойлы пішінмен бөгеліп қалады.

С а п а р *(мырс етіп)*. «Алпыс күн атан болғанша...» Қызық екен! Қай заманнан, қай дәуірден қалған мақал бұл?.. *(Сәл сескенгендей болып.)* Егер ол осы мақалды Қарғаштың құлағына әбден сіңірген болса қайтем? Мүмкін, Қарғаштың да ойы осы шығар?! Әйтеуір, оқи алмай калғанына түк ренжімейді! Малы түгел адамша, бейқам жүр...

Сахнаға үстінде жұмыс киімі, қолында қамшысы бар Сара шығады.

С а р а. Кеш жарық, Сапаржан!

С а п а р *(селк етіп)*. Кеш жарық... Оу, түнделетіп қайдан жүрсіз?

С а р а. Уh.. Біздің тіршілік ылғи осы. Әсіресе, науқан кезінде үй бетін көрмейміз... Сапар, мен саған келе жатыр ем. Әңгіме бар.

С а п а р. Айтыңыз.

С а р а. Сені ревкомиссияға сайлаттым. Білесің ғой?

С а п а р. Білем. Рақмет.

С а р а. Ендеше, іске кірісетін уақыт болды. Ертеңнен бастап складты тексереміз. Сонан соң бухгалтерлердің книгасымен салыстырамыз.

С а п а р. Жарайды... Бірақ...

С а р а. Айта бер!

С а п а р. «Мына бала келмей жатып...»— деген сияқты реніш туып жүрмесе.

С а р а. Егер ондай ренішке қарайласаң, анау Арам сары мен Қарғаш сияқтылар бұл колхоздың бұтын – бұт, қолын – қол қылып жіліктеп алып кетеді!..

С а п а р. Қой, ол мүмкін емес. Қарғаш ондай арамдыққа бармайды.

С а р а. Арам сары әккі емес пе, бармағанына қоя ма?! Қарғашты құдды бір тоқалы сияқтандырып иемденіп алған.

С а п а р *(ыршып)*. Апа, қысқартыңыз! Өтірік ол!

С а р а *(сәл сескеніп)*. Оу, Сапаржан, саған не болды? Қарғашты айтқанда...

С а п а р *(жылдам)*. Айтпаңыз Қарғашты!

С а р а *(сәл бәсеңдеу)*. Мен айтсам, осы ауылды кеулеп бара жаткан өсекті айтам...

С а п а р. Ерменіз өсекке! Өзіңіз коммуниссіз.

С а р а. Жарайды, айтпайын. Бірақ тексерейік. Анығына жетеміз сонсон.

С а п ар. Тексерейік. (Ашулы) Мен енді барлық жұмысты жиыстырып қойып, тек осымен айналысам.

С а р а *(жымиып)*. Міне, мұның – ерлік. Өз ауылың, өскен жерің. Жаның ашымаса бола ма?! *(Сәл бөгеліп.)* Ал сен, Қарғаш жөнінде жаман ойға келме. Мүмкін, ол сөз есек шығар, кім біледі... Он екісінде бір гүлі ашылмаған жап-жас қыз, алданып қала ма деп қорқамын...

С а п а р *(қабақ шытып)*. Апа, айта бермеңізші!

С а р а, Жарайды, жарайды... Ал, мен кеттім. Сау бол! *(Кетеді.)*

С а п а р *(жалғыз)*. Егер Қарғаш осыдан бір әңгімеге шатылса, ісім сенімен болсын, Арам сары!

Шам сөніп, қайта жанғанда колхоз кеңсесін көреміз. Қабағын түйіп, есеп шот қағып Мелдес отыр. Сара мен Сапар түнеріп тұр.

М е л д е с *(есеп шотты сарт еткізіп)*. Айттым ғой тексертпеймін деп, тексертпеймін!

С а р а. Бұл заңсыздығың үшін жауап бересің.

М е л д е с. Алдымен өзің жауап бересің! *(Сапарды нұсқап.)* Бұл кім? Мұғалім! Колхоз шаруашылығына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адамды ревкомиссияға қосып, енді, міне, діңкілдетіп қойдың. Сенің бұл жолсыздығыңды аудандық уәкіл Мүсәпіров жолдастың өзіне айттым.

С а р а *(шаптығып)*. Сондағы бөтенің кім? Сапар ма? Осы колхоздың шаңырағын өз қолымен көтерген адамның баласы бөтен бе? Осы ауылдың топырағында туған бала бөтен бе, айтшы қане?

М е л д е с. Ой, сен шаптықпа! Немене сонша, аузыңнан түкірігің шашырап! Тексергіш болсаң, бес жылдан бері қайда жүрсің? Мынадай қызыл танау науқан кезінде екірең-екірең етесің?

С а п а р. Ақсақал, мені бөтен демеңіз. Мұғалім болсам да бұл колхозға мен де мүшемін.

М е л д е с. Мүше болсаң, книжкаң қайда? Көрсетші! *Сапар қипалақтап қалады.*

С а р а. Ал, өз книжкаң қайда? Сен де көрсетші.

М е л д е с. Менің книжкам орнында.

С а р а. Ендеше Сапардікі де орнында... Бес жыл қайда жүрдің деп бұлаң құйрыққа салма! Иншалла, соғыс бітті. Кімнің не істегенін тексеріп, ақ-қараны айыратын кез енді келді.

М е л д е с *(қол сілтеп)*. Науқан бітсін! Сонсын көрерміз... Ал, қазір миды ашытпаңдар. Уәкілге бір ақпар дайындап жатырмын.

С а р а. Сен уәкілді бетке тұтпа. Ревкомиссияға жүктелген тиісті міндет бар. Өз жоспары бар. Істейміз соны!

М е л д е с. Маған десең, тау құлатыңдар!

С а п а р. Тауды емес, сені құлатамыз!

М е л д е с *(орнынан тұрып, ысылдай сөйлеп)*. Ә-ә, солай де! Сендердің мақсаттарың – мені жарға жығу екен ғой?! Бірақ, осы сөзіннен танба, Сапар! Ал, Сара, сен бар ғой, бала-шағаны айтақтай беруді қой, білдің бе.

С а р а. Сапар ревкомиссияға сұранып келген жоқ, біз қостық. Ол колхоз шаруашылығына жаны ашыған соң араласып жүр.

М е л д е с. Сен өйтіп жуып-шаймай-ақ қой. Пікірлерің белгілі болды. Ал енді, сөздің тоқ етері: шөп шабу науқаны бітпейінше менің қолым босамайды, көп болса уәкілге барып шағым етерсіңдер. Бар, бара қойыңдар!

С а р а *(шаншыла)*. Жарайды, сен де сөзіңнен танба! Көрерміз!

М е л д е с. Көрсек көрерміз!

С а р а. Жүр, Сапар! Мұны тыңдаған уәкіл бізді де тыңдайтын шығар. *(Кетеді.)*

Олар кетісімен Мелдес орнынан ұшып тұрып, әбден ашу кернеп, қолындағы қаламды атып ұрады.

М е л д е с. Көрерміз!.. Сендер түгіл, сендерден де зорларды көрген бұл Мелдес. Жатқан жыланның құйрығын бастыңдар ғой, ал енді бекем болыңдар!... *(ішке кірген Қарғашқа)* Сырттан келген топаннан, үйден шыққан су жаман деген. Тоқтат анау бала қоразды!

Қ а р ғ а ш *(түсінбей)*. Оныңыз кім еді?

М е л д е с *(ашулы)*. Сапар!.. Мен оған жақсылық ойлап, жайлы орынға отырғызғалы жүрсем, ол шірік өзіме айбат қылды ғой. Егер анау қызыл көз Сараға ергенін қоймаса, айтпады деме, оңдырмаймын! Оңдырмаймын дедім, оңдырмаймын.

Қ а р ғ а ш. Тексерсе тексере бермей ме! Онда тұрған не бар?

М е л д е с. Бұлардың сырын білдім ғой мен. Ауыл ішіндегі пышың-пышың сөзге еріп, мұқатпақ болады.

Басқалардікі бір жөн, Сапарға не жоқ? Әлде саған деген қастығы бар ма еді ол иттің?

Қ а р ғ а ш *(сәл үрейлі)*. Маған ба?.. Жо-жоқ!!

М е л д е с. Ендеше, жайына жүрсін! Келмей жатып, ел сөзіне ермесін. Өстіп жүріп бір бәлеге шатылса, алдымен бишара шешесі сорлайды. Ал, маған... *(Қатты)* Маған Сапар түгіл құдайыннның да әлі келмейді қазір! Түсіндің бе?

Қ а р ғ а ш *(сенімді)*. Ермейді Сапар! Мен оны жұрт сөзіне ермейтіндей етем! *(Ол есікке қарай тұра жүгіреді.)*

М е л д е с. Қарғаш!

Қарғаш жалт бұрылады.

М е л д е с. Сапарға барасың ба?

Қ а р ғ а ш. Ие.

М е л д е с. Аудандық уәкіл де тісін қайрап отыр. Соны да айт!

Қ а р ғ а ш. Жарайды... *(Кетуге ыңғайланады.)*

М е л д е с. Қарғаш!

Қарғаш тоқтайды.

М е л д е с *(сәл бөгеліп)*. Жарайды... Бара бер.

Шам сөніп қайта жанғанда, Қарғаш пен Сапарды көреміз.

Қ а р ғ а ш. Саған не болған, Сапар? Сенде мұндай мінез жоқ сияқты еді, бұл істеп жүргенің не?

С а п а р. Маған ба? Білмеймін... Не болыпты?

Қ а р ғ а ш. Осы ауылда серік қыларлық басқа адам таппағандай, Сараның сөзіне ергеніңе жол болсын?.. Өзің оқудан биыл ғана келдің. Ауыл-үйдің өсек-аяңына осы бастан араласқаның, жетісейін дегенің екен!

С а п а р. Қарғаш, мен түкке де түсініп тұрған жоқпын. Ревизия жасағалы жүргенімді айтасың ба?

Қ а р ғ а ш. Енді не деп едің?! Келмей жатып, бұл не лаңың?

С а п а р. Ревизия жасаса қайтеді?! Онда тұрған жаманшылық не? Бәрібір мен болмасам, басқа біреу көмектеспей ме?

Қ а р ғ а ш. Көмектесе берсін. Он жерден тексерсін, бәрібір Мелдес ағайдың есебінен бір шашау таба алмайды. Құр жаманатты боласың.

С а п а р *(қабақ шытып)*. Мелдес аған аршыған жұмыртқадай аппақ болса, неменеге байбалам салып тызақтап жүр?

Қ а р ғ а ш. Байбалам салып жүрген ол жоқ! Тек сен араласпасын дейді.

С а п а р *(жылдам)*. Сонда сені Арам сары жіберді ме?

Қ а р ғ а ш *(сәл қипақтап)*. Ол жағын неғыласың?.. Өзім келдім. Өстіп жүріп жазым болып кетсең, сөзіңді сөйлер кім бар?

С а п а р *(мырс етіп)*. Жазым болатындай, мен не істеппін? Бірақ айтпады деме...

Қ а р ғ а ш. Бөгелме, айта бер.

С а п а р. Егер ол сені де шатыстырып жүрсе, ісім Арам сарымен болады!

Қарғаш түйіліге бұрылады да, кетуге бет алады.

С а п а р. Қарғаш! *(Қарғаш тоқтайды.)* Сен де менің тілімді ал: жолама Арам сарыға! Таста бұл жұмысты!

Қ а р ғ а ш *(ызалана)*. «Арам сары». Осылай дегеніңді қоймадың-ау сен!

С а п а р. Қоймаймын! Әйтеуір, оның тегін адам емес екенін сезеді жүрегім, сезеді!

Қ а р ғ а ш. Мелдес ағай осы ауылдың білдей азаматы. Егер ол кісі болмаса, осы колхоздың есеп-қисабы әлдеқашан тоз-тоз болар

еді. Басқарманың өзі де оның алдында құрдай жорғалайды. Аудандық уәкіл де оның бетін қайтарған емес... *(Сапарды құшақтай алып.)* Араласпашы осы іске! Мелдеспен тіресерлік не қаукар бар сенде! Екі шайнап бір-ақ жұтады. Тіпті, уәкіл де соның жағында.

С а п а р. Жоқ, Қарғаш... Мелдестерден қорқып, бұта-бұтаны паналайтын жайым жоқ. Мен дейтін болсаң мұндай сөзді айтпа маған! *(Кетуге ыңғайланады.)*

Қ а р ғ а ш. Сапар, тоқташы! Бұл ауылда саған жаны ашитын менен басқа ешкім жоқ...

С а п а р *(қайырыла келіп, төніп)*. Сенің жаның, біле білсең маған емес, Арам сарыға ашып тұр. Неге қызғыштай қорисың оны?!

Қ а р ғ а ш *(ашына)*. Сапар!

Бірақ Сапар бұрылған жоқ. Қарғаш оның соңынан ұмтыла берген еді, жылап кірген Алмасқа бөгелді.

Қ а р ғ а ш. Кім тиді саған? *Алмас жауап қатпайды.*

Қ а р ғ а ш. Кім тиді деймін саған? Немене әкең өлді ме? Неге жылайсың?

Алмас бұрынғыдан да бетер өксиді.

Қ а р ғ а ш *(ашуы басылып)*. Ай-на-лайын! Қоя қой енді... Жыламашы. Кім тиді? Айтшы маған! Мен оның әкесіне көрістірейін!

Алмас әлі өксіп тұр.

Қ а р ғ а ш. Садырбай ұрды ма?

Алмас «жоқ» дегендей басын шайқайды.

Қ а р ғ а ш. Қарның ашты ма?

Алмас басын шайқайды.

Қ а р ғ а ш. Қойшы жылағаныңды. Не болды, айтшы... Ай-на-лайын, Алмасым, артымнан ерген жалғызым...

А л м а с *(өксіп)*. Ахметпен төбелестім...

Қ а р ғ а ш. Неге? *Алмас үндемейді.*

Қ а р ғ а ш. Әлде өзің тиістің бе?

А л м а с. Ол маған: «Мелдес сенің жездең»,– деді.

Қ а р ғ а ш *(ыршып)*. А?

Алмас қайтадан өксиді.

Қ а р ғ а ш. Ол онбағанның шешесіне айтайын. Онысы несі-ей! Үйретіп жүрген біреулер бар ғой тегі.

А л м а с *(өксік арасында)*. Бәрі де мазақтайды... Зиба да, Ермек те...

Қ а р ғ а ш. Қарай гөр мыналарды!.. Оқу оқып жүрген жоқ, бәле іздеп жүргендер ғой бұлар.

А л м а с. Тәте... Мелдестің атын қайтып берші өзіне.

Қ а р ғ а ш. Неге? Ол атты сатып алған көкем.

А л м а с. Көкем емес... Білем...

Қ а р ғ а ш *(сұрланып)*. Сен түкті де білмейсің...

А л м а с *(ызаланып)*. Білем... Егер ендігәрі біздің үйге аяқ басты бар ғой, көкесіне танытам мен Мелдестің.

Қ а р ғ а ш. Алмас!

А л м а с. Я болмаса... я болмаса... асылып өлем...

Ол далаға қарай тұра жүгірген еді, Қарғаш оны ұстай алды.

Қ а р ғ а ш. Айналайын Алмас!... Мелдес ағай әшейін кеп жүр үйге. Сен оған ренжіме... Ол сені жақсы көреді...

А л м а с *(сөзінен таймай)*. Жақсы көрмей-ақ қойсын. Маған ондай сақалды жезденің керегі жоқ.

Қ а р ғ а ш *(қатты)*. Ой, оңбаған!

(Баланы шапалақпен тартып жібереді.)

Мұндай сөзді қоясың ба, жоқ па?

А л м а с. Қоймаймын дегесін қоймаймын!.. Біздің үйге аяғын аттап басты бар ғой... аянбаймын, бетін тырнап, қан жоса етем. Не болмаса, мұндай сөзді естіп қор болып жүргенше Есілге кетіп өлем. *(Шыға қашады.)*

Қ а р ғ а ш *(жалғыз)*. Енді қайттім?! *(Жыламсырап.)* Енді қайттім?.. *(Жылап.)* Енді қайттім?!

Қайғылы музыка. Шам сөніп, қайта жанғанда колхоз кеңсесін көреміз. Науан, Мелдес, Бақат отыр. Бәрі де түнжыраулы. Сапар келеді. Қарғаш бір шетте есеп шотты қағып отыр. Сөзге тікелей араласпайды. Бірақ әлденеге алаң екені іс-қимылынан анық аңғарылады.

С а п а р. Мені шақырған екенсіздер...

Н а у а н. Сапар, танысып қой. Мына кісі аудандық тері-терсек жинайтын мекеменің бастығы. Біздің колхозға төтенше өкіл.

Б а қ а т. Мүсәпіров Бақат.

С а п а р. Сәлеметсіз бе, ағай! Жақсы болған!

Б а к а т *(жөпелдемете)*. Немене, немене?! Жақсы болғаның қалай?

С а п а р *(кібіртіктеп)*. Сіздің... осы ауылға келгеніңізді айтам.

Б а қ а т. Ие, «жақсы болды». Ондай кекесінді тоқтат, бала!

С а п а р. Менде ондай ой жоқ, ағай.

Б а қ а т. Жә, жетер! Ремонт қалай?

С а п а р. Қандай ремонт?

Б а қ а т. Мектептің.

С а п а р. Жүріп жатыр...

Б а қ а т. Отын дайындау ше?

С а п а р. Жүріп жатыр...

Б а қ а т. Сенде «жүріп жатыр» дегеннен басқа сөз бар ма? Маған конкретный сөз керек.

С а п а р. Айтып тұрмын ғой.

Б а қ а т. Егер ремонт уақытылы бітпесе, орныннан алынатыныңды білесің бе?

М е л д е с. Сапар басқаны білмесе де, мұны біледі ғой.

Б а қ а т. Білгені жөн. Әйтпесе менде «жастарды жинап алып «хан» ойынын ойнайды» деген ақпар бар.

С а п а р. Мұны сізге айтып жүрген мына Мелдес кой?

Б а қ а т. Онда шаруаң болмасын!

М е л д е с. Ал мен айттым сонда неғыласың?

С а п а р. Неғыласын!.. Ойында тұрған не бар?

Б а қ а т. Сен бала, жап-жас болып алып, ку көрінесің. *(Мазақтап.)* «Ойында тұрған не бар». Сен бала, ескілікті көздейсің, ә? Хандықтың заманы өткен. Байқа!

С а п а р. Біздің ойнағанымыз халық ойыны. Оның ешқандай әбестігі жоқ.

Б а қ а т *(тіксініп)*. Солай ма?! Оны ендеше кезінде көрерміз! Ал қазір мынаны айтшы: жұмысқа неге шықпайсың?

С а п а р. Жұмысқа шықпағаны несі? Кеше бір класты ақтаттырдым. Алдыңғы күні екінші класқа жаңадан еден төсеттірдім. Бүгін...

Б а қ а т. Жоқ, колхоз жұмысын айтам. Көмектеспейді дейді ғой сені колхоз жұмысына?

С а п а р. Мұны да айтқан Мелдес ағай ғой?

М е л д е с. Сен бала, тақылдама! Немене, «Мелдес, Мелдес»! Қырық жылдан бері Мелдеспін! Ал, мен айттым, сонда неғыласың? Балаларды алып шөпке шық дегенде құлақ аспай кеткенің өтірік пе?

Б а қ а т. Неге үндемейсің?

С а п а р. Үндегенде не дейін? Колхозға көмектес дегенді ешкім шындап айтқан жоқ маған.

Б а қ а т *(шықылықтап күліп)*. Еще шындап айту керек екен ғой бұған?.. *(Ашулы.)* Дардай мұғалімсің, шындап айтудың керегі не саған? Өзің неге келмейсің? Балаларды қалай оқытпақсың ертең?

М е л д е с *(кекете күліп)*. Оның үстіне, уақытша мектеп меңгерушісі. Ди-рек-торы!

Б а қ а т. Вот, әне, еще мектеп меңгерушісі...

Н а у а н *(манадан бері бірдемені жазып отырған еді, енді салмақпен)*. Сапар шырақ, сен ренжіме, бәрі де ел, колхоз қамы. Соғыс біткенмен етек-жеңімізді әлі жия алмай жатырмыз. Сансалалы шаруашылық бар. Бөле келгенде соның көбіне адам мен көлік жетісе бермейді. Жайымыз сондай қиын қазір, жан мұрынның ұшында. Пішен шабудан соңғы орындамыз. Қауырт бір қарқын туғызбасақ, келер қыста малды қырып алатын түріміз бар. Қолда бар адам күшін де, көлік күшін де осы пішен науқанына салайық деп едік. Оқушыларыңды алып, біраз күн егіннің арам шөбін жұлдырып қайтсаң деген тілек білдіргелі отырмыз...

С а п а р. Мұныңыз жөн ғой, Науан аға. Осылай деп жайлап түсіндірсе де жеткілікті. Шығамыз жұмысқа.

Н а у а н. Сенімен бірге жұмыска Қарғаш та шықсын. Баланың аты бала ғой. Екеулеп ие болындар.

М е л д е с. Қарғаш бара алмайды. Отчет.

Н а у а н. Отчетты өзін де бірдеме етерсің!

М е л д е с. Менде он кол жоқ. Оның үстіне мына білгіш маған жұмыс тауып беріп қойды. Ана Сара екеуі ревизия жасамақ.

Н а у а н. Мына қарбалас кезде ме?

Б а к а т *(сыздап)*. Директор жолдас, осы сен кеше қайда болдың?

С а п а р. Оны неғыласыз?

М е л д е с. Сенен өкіл сұрап отыр, дұрыстап жауап бер.

С а п а р. Тоғайда болдым. Тоғайға барып үйге тал әкелдім.

Б а к а т. Онда сені кім жіберді?

С а п а р. Ешкім жіберген жоқ, өзім бардым.

Б а к а т. Ешкім жібермесе, өзің неге барасың?

С а п а р. Өзім бармағанда қайтем, абактыда отырған адам емес-пін ғой соншама?!

Б а к а т. Жоғарғы басшылар, айталық, мына біздер күні-түні кірпік ілмей, сенің бакытыңды ойлап отырмыз. Ал сен болсаң, тоғайға барып, бас камынмен жүрсің. Коммунистік сана деген қайда, шырағым-ау?

С а п а р. Қайда болсын! Орнында.

Б а к а т. Олай болса, бұл не істегенін?

М е л д е с *(кекете)*. «Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар» деген осы.

Б а к а т *(бастырмалатып)*. Үндемейсің, ә?

С а п а р. Үндегенде не дейін?

М е л д е с. Мойындағаны ғой. Ненің етін жегенін мысықтың іші біледі.

С а п а р. Мелдеке, сіз абайлап сөйленіз!

Б а к а т. Үлкен кісінің бетінен алма, жолдас! Колхоздың кандай халде екенін білесің бе, өзің?

С а п а р. Білгенде кандай! Колхоз халі мүлде ауыр казір. Пішен шабу науканынан артта калып койып отырмыз.

Б а к а т *(ыршып)*. Оны саған кім айтты?

С а п а р. Кім айтканы калай?

Б а к а т. Колхоз шөп науканын орындай алмай отырса, ол мына сен сияктылардың кырсығы! Білгіш екенсің, соны білесің бе?

С а п а р. Қырсықтың кайдан, калай келетінінің бәрін білемін.

М е л д е с. Өкіл жолдас, айтып едім ғой, бұл бала тілін тартпайды деп.

С а п а р. Осы «бала, бала» дегенінізді коясыз ба, жок па?

М е л д е с. Немене, Қарғаштың көзінше «бала» деген сөз жакпай калды ма? Әлде бала екенің өгірік пе?

С а п а р. Қарғашта шаруаңыз болмасын!

М е л д е с *(мазақтап)*. О-май-ай, ә?!

Б а қ а т *(кекетіп)*. Бәрін біледі. Біле тұра бас қамын ойлап, өз шаруасын күйттеп кетеді. Осы сен халық жауы емессің бе?

С а п а р. Жоқ, мен халық жауы емеспін, сен халық жауы!

Қ а р ғ а ш *(айқайлап)*. Сапар, саған не болған?

С а п а р. Айтқаным айтқан.

Қ а р ғ а ш. Жасы үлкен ағалардың бетінен алып... Сұмдық қой мұның?

Б а қ а т *(бәріне)*. Бәрің де куә боласыңдар. Көрейік халық жауы екенімді қалай дәлелдер екен.

М е л д е с. Қарғаш та, Науан да, мен де – бәріміз де куә боламыз.

С а п а р. Сіз өз басыңызға жауап беріңіз.

М е л д е с. Онымды өзім білем.

Қ а р ғ а ш *(әр қилы мәнмен)*. Сапар деймін!..

Колхоз кеңсесі қараңғылықта жоғалады.

С а п а р. Осы оқиғадан кейін опалаң-топалаң болды да кетті. Милицияға да шақырылдым. Аудандық оқу бөлімінен кісі келіп, мектептің жайын тексерді. Жайшылықта бар-жоғын сездірмейтін аудандық комсомол комитеті де шабуылдаумен болды. «Ауған хан мен Қалған ханды» қалай ойнадыңдар? Неге сен дәл осы ойынды ұсындың? Көздеген мақсатың не? Ойын үстінде тағы қандай сөз айтылды? – деген сияқты толып кеткен сұрақтар жауды. «Сұлуқия» бастауыш мектебінің қысқа әзірлігі нашар. Колхозбен байланысы жоқ деген қорытынды да шығып үлгірді. Қойшы, әйтеуір, қатаң сөгіс дегеніңді арқалап зорға дегенде құтылдым-ау, бұл қырсықтан...

Осыдан кейін менде бір батылдық пайда болды. Қайтсе де Қарғаштың түпкі ойын білмекпін...

Қ а р ғ а ш *(ішке кіріп)*. Мені шақырдың ба?

С а п а р. Иә.

Қарғаш *(салқын)*. Айта бер.

С а п а р. Қарғаш, неге өкпелейсің маған? Жақында ревизия бітеді. Кімнің кім екенін сонсоң көресің.

Қ а р ғ а ш *(күрсініп)*. Ол бітеді дегенше, сен де бір жайлы боларсың.

С а п а р. Мен бе?

Қ а р ғ а ш. Енді кім деп едің? Қазірдің өзінде-ақ басыңды әңкітәңкі етіп жіберген жоқ па?

С а п а р. Мені ондайдан қорқады дейсің бе? Болмай бара жатса, қайтадан оқуға кетем.

Қ а р ғ а ш *(күрсініп)*. Мен де кейде оқуды неге тастадым деп өкінемін.

С а п а р *(жалын ата)*. Онда бәрімен де қош айтысып, қол ұстасып оқуға аттанайықшы.

Қ а р ғ а ш . Әй, Сапар-ай, қайтейін сені?..

С а п а р. Рас, айтам, Қарғаш. Бар пейілім осы.

Қ а р ғ а ш *(паузадан соң)*. Жоқ, Сапар, бәрі де кеш енді мен үшін... Ал сенің оқи беруіңе болады. Келешегің алда...

С а п а р. Дүниеге келмей жатып, келешектен үміт үзген сені ғана көрдім.

Қ а р ғ а ш *(кекесінді, үмітсіздікпен күрсініп)*. Келешек?..

С а п а р. Қарғаш!

Қ а р ғ а ш. Әу!

С а п а р. Екеуміз бала кезімізден көрші тұрдық. Енді міне есейдік... Ел санатына қосылдық!

Қ а р ғ а ш. Ие, сосын?

С а п а р. Менде әке, ал сенде аға жоқ. *(Пауза.)* Екеуміз де жартымыз... *(Тағы да пауза.)* Бір бүтін болайықшы, Қарғаш!..

Қ а р ғ а ш. Сосын!

С а п а р. Сосын бақытты семья құрамыз.

Қ а р ғ а ш *(паузадан соң)*. Жоқ, Сапар, саған оқу керек әлі.

С а п а р *(жалына сөйлеп)*. Содан кейін де оқи береміз ғой, Қарғаш?

Қ а р ғ а ш *(қатқыл үнмен)*. Жоқ, алдымен оқуды бітіріп аласың!

С а п а р. Неге?.. Неге?!..

Қ а р ғ а ш. Ал, оқу іздеп кеттік. Не ішеміз, не жейміз? Менің әкем, сенің шешең не күн көреді?.. Алмасты қайда тастаймын?

С а п а р. Ел іші... Бір реті табылады да.

Қ а р ғ а ш. Қысқа жіп күрмеуге келмей жатқанда реті қайдан табылсын.

С а п а р. Жіптің ұзын-қысқа болуы өз қолымызда.

Қ а р ғ а ш. Ойбай, әне, Мелдес аға мен Өкіл келе жатыр. Ұят болады, мен көздеріне түспей-ақ қояйын. *Ол шыға жөнелмекші еді, Сапар оны ұстай алады. Қарғаш әрең тоқтайды.*

С а п а р. Қарғаш, тоқташы!

Қ а р ғ а ш. Бол тезірек айт. Қазір кеңсеге бара салып бірден мені іздейді.

С а п а р. Қарғаш, осы сен жайдан-жай жүріп, Арам сары десе көленкесінен неге қорқасың?

Қ а р ғ а ш *(тіксіне)*. Мен бе қорқатын?

С а п а р. Сен.

Қ а р ғ а ш. Мен сені сыйлаймын деп... басыма шығарып алған екенмін. Мұндай әңгіме айтатын болсаң, бұдан былай аулақ жүр! *(Ол шыға жөнеледі.)*

С а п а р *(айқайлап)*. Қарғаш!.. Ол Қарғаштың соңынан тұра жүгірген еді, қарсы алдынан Тынышгүл шығады.

Т ы н ы ш г ү л. Балам, даусың қатты шықты, не болды?

С а п а р. Сұрама, апа, сұрама... *(Ол анасының көкірегіне басын қойды да, өксіп жылап жіберді.)*

Т ы н ы ш г ү л. Бұл сенің есейгендігіннің белгісі, балам... Жылағың келген екен, қымсынба, жылап ал. Жылап ал да көзіннің жасын әбден саркып тауысатын бол. Содан кейін жылағаныңды көрмейтін болайын, мен бейбак.

С а п а р. Аспан да, жер де сондай тарылып барады. Тыныс алар ауа жоқ. Не істедім енді? Қаңғырып кетсем қайтеді, апашым. *(Жүгіре басып шығып кетеді.)*

Тынышгүл ойда. Өтеген көрінеді.

Т ы н ы ш г ү л. Ә, «алты күн» қайнаға, бері таман кел. Айтатын сөзім бар. Бас, бассаңшы аяғыңды. Қарғашың қызметке іліккен соң көзіннің еті өсейін деген-ау деймін. Көрмеген болып сырттай бересің әманда.

Ө т е г е н *(аңқаусып)*. Құлағым сенде, Тынышгүл.

Т ы н ы ш г ү л. Осы сенің не ойлағаның бар?

Ө т е г е н *(аңқаусып)*. Не ойласын демек едің көршіне. Күн ұясынан шығып, ұясына батады. Ай да өзінің баяғы қалпында.

Т ы н ы ш г ү л *(сыбырлап)*. Қарғаш десе біздің баланың еңірегенде етегі толады. Құда болайық, көк соққыр.

Ө т е г е н. Е, мен бір мәнді сөз айтады екен десем... Қазіргі баланың жәйін кім біліпті? Ана Мелдеспен сөйлесіңдер. Бір нәрестені адам жерге де қияды. Қарғаштың билігін сол Мелдеске бергем.

Т ы н ы ш г ү л. Өй, төбеңді көрмегір, көк соққыр. Жетіскен екенсің олай болса...

Сахна қараңғыланады. Музыка гулеп кетеді.

Ш ы м ы л д ы қ.

Екінші бөлім

Таң алды. Әлде ымырт шағы. Бірінші бөлімнің соңындағы Сапар көңіліне әуендескен шартты авансцена. Бір шеттен Сапар шығады, қапалы.

С а п а р:

Құлайын деп бара жатсам құлдырап,
Көңілім жүдеп, көзім алды бұлдырап,
Сондай кезде естимін мен бір әнді,
Аққан бұлақ секілденген сылдырап.

Есті жиып, өз бойымды тік ұстап,
Тіршіліктің әуенімен тыныстап.

Сергимін де, сезім гүлін құлпыртам,
Кел дегендей болады бір күміс бақ.

Біттім-ау деп, енді айтарым жоқ-ау деп,
Өз-өзімнен іштей қапа болам кеп.
Сондай кезде бұлттан шыққан күндей боп,
Салған әнің жүрегіме жетер кеп.

Қуанамын, шаттанамын содан соң,
Жарқылдаймын жүрегімді жылатпай.
Мүмкін сенің асқақ әнің шығар бұл,
Мені сүйеп келе жатқан құлатпай.

Осы кезде бір әдемі сыршыл ән естіледі. Сапар елең етіп елегізіп, әлгі әнге құлақ түреді.

С а п а р *(сыбырлап).* Қарғаш... Алыстан танимын. Бұл – сенің әнің ғой!.. *(Тақпақтап.)*

Ұмыта алмас осы әнді,
Ұмытқым да келмейді.
Ән өледі дегенге
Жүрегім әсте сенбейді...

Пистолет жарығы бір бүйірдегі Қарғашқа түседі.

Қ а р ғ а ш. Қайтейін, алдайын деп алдадым ба мен сені. Адам кейде дарияға тастаған борық секілді. Батпайсың, жағаға шығып та жатпайсың. Аға бересің. Аға бересің. Мен бір сондай салынды секілдімін, Сапар. Қай жерден барып шығатынымды өзім де білмеймін. *(Ол кетуге ыңғайланады).*

С а п а р *(ышқына).* Тоқташы, Қарғаш! Рас, сен маған қуаныш берген жоқсың. Бірақ алдадың деп те айта алмаймын. Сөйтсе де осы дүниеде жер басып тірі жүргеніннің өзі қуаныштың үлкені сол мен үшін. Сен маған әсем ән секілдісің. Тыңдаймын да елтимін!

Қ а р ғ а ш. Ымыртта салған әннің келер күні ыстығы қайтады. Кешір мені, Сапар!

С а п а р. Тоқташы, сәл тоқташы, Қарғаш! Сен мені емес өзіңді-өзің алдап жүрсің! Түнгі дауыс алысқа кетеді! Құлақ салшы өз даусыңа!

Қ а р ғ а ш. Білмедім, Сапар. Білмедім... *(Кетеді.)*

С а п а р *(тұражүгіріп).* Қарғаш!.. *(Кілт тоқтап.)* Қайырылмады... Бұрылмады... Қош, Қарғаш! Мүмкін, соңыннан қалмай жүгіріп, мезі еткен де болармын! Қош, Қарғаш!

Тағы да әлгі бір сыршыл да мұңлы ән естіледі. Сапар есеңгіреп, елегізіп тұр. Сахна шарттылығы жоғалады. Сапар үйінің алды. Өтеген көрінеді.

С а п а р. Ассалаумағалейкум!

Ө т е г е н. Уәлік.. Сапармысың?

С а п а р. Иә, Өтеке.

Ө т е г е н. Қалай, мал-жан аман ба? Шешең қуатты ма?

С а п а р *(сәл жымиып)*. Үнемі сұрайтыныңыз мал мен жан, Өтеке. Жоқ малым да аман. Шешем де қуатты... Осы әлгінде ғана қақпа алдында сөйлесіп тұр едіңіздер ғой?

Ө т е г е н. Солай ма? Осы күні ұмытшақ боп барамын. Есімде жоқ... Ал енді малың жоқ болса, басың жас. Мал басқа жиналады... *(Жан-жағына қарап.)* Әне, тақтай түсіріпсің. Азамат болғаныңның белгісі бұл. Дария тамшыдан құралады. Таси бер өстіп.

С а п а р. Бұл тақтайды түсірген мен емес.

Ө т е г е н. Енді кім?

С а п а р. Оны апам білмесе...

Ө т е г е н. Уақасы жоқ. Кім түсірсе ол түсірсін. Әйтеуір үйіне келе берсе болды. Жұмыс қалай?

С а п а р. Ептеп...

Ө т е г е н. Мұғалімдерге қап-қап ақша береді деп естимін, рас па?

С а п а р *(жымиып)*. Ол айлық қой.

Ө т е г е н. Қазір құр ақшаға не аласың? Кәпірәтібің де, базарың да жылан жалағандай тып-типыл. Баяғыда айттым, пермеге ушетшік бол деп... Көндің бе оған?! Әй, сен бе, сен! Әкеден бала бір сүйем кейін туады деуші еді, сол рас екен.

С а п а р. Неге олай дейсіз, Өтеке?

Ө т е г е н. Әкеңе тартсаң ғой, бұлай болмас ең. Кісінің сабақты инесіне тимейтін, ешкімге залалы жоқ ақ көңіл адам еді жарықтық.

С а п а р. Ал мен ше?

Ө т е г е н. Жоқ, сен оған ұқсамадың, Сапар шырақ, ұқсамадың. Мен бәрін естіп жүрмін, осы ауылдағы өсек-аяңға араласатын көрінесің. Оның не? Істеген жұмысыңды біліп, анау шешең байғұстың көз қуанышы болып жүре бермейсің бе?

С а п а р. Сонда мен не істеппін?

Ө т е г е н. Мелдес деген кісі – алтын адам. Басқарма деген келеді, кетеді. Ал біздің Мелдес болса ошақтың үш бұты секілді, шотын қағып отыра береді. Осы колхоздың тірегі сол. Ал, сен болсаң, кім көрінгеннің сөзіне еріп, анау-мынау дейтін көрінесің.

С а п а р. Ревкомиссия жұмысына қатысқаным болмаса, не істеппін мен оған?

Ө т е г е н. Қатыспа! Неге қатысасың? Ойнақтаған лақ от басады, шырақ.

С а п а р. Өтеке, менде басқа пиғыл жоқ.

Ө т е г е н. Пиғыл-сиғылыңды білмеймін мен. Жайыңа жүр деген соң жайына жүр. Ана Сара деген елден шыққан әйел. Ерме сөзіне.

С а п а р. Кім елден шыққан, кім елден шықпаған – ол әлі белгісіз.

Ө т е г е н. Айтқанды тыңдамайды екенсің, өз обалың өзіңе. *(Кетеді.)*

С а п а р *(жалғыз)*. Аз-кем қарны тойса, соған мәз, қайран Өтеке, не дауа бар сендейге! Арам сарыны кез келген жерде қызғыштай қорып, шаң жуытқың келмейді. Қарғаштың да құлағына күн сайын құя беретінің осы ғой.

Асыға басып Сара келеді де, Сапарға тесіле қарайды.

С а р а. Оңашасың ба? Ә, жақсы болды-ау.

С а п а р. Келіңіз.

С а р а. Кәне, маған қарашы, тура қарашы! Сен бала, осы істеп жүргенің не?

С а п а р. Не істеппін?... Білмеймін.

С а р а. Өйтіп тақтай ұрлағанша қаңғырып кеткеніңнің өзі жақсы еді ғой?

С а п а р *(шошып)*. Тақтай ұрлағаны несі?

С а р а. Осы әлгінде қос басында тамам жұрттың көзінше Арам сары өкілге айтты. «Кеше кешке колхоздың тақтайы жоғалған еді, іздестіре келсек әлгі облыстан оқып келген мұғалімізідің қорасынан таптық» – деді.

С а п а р. Қой, бекер шығар, апа!

С а р а. Мынау не дейді? Міне, оң құлағыммен естідім де, анығын білейін деп әдейі шауып осында келдім.

Өкілдің беті жаман, шырағым.

С а п а р *(айқайлап)*. Апа! Апа!

Тынышгүл келеді.

Т ы н ы ш г ү л. Әу, қарағым!

С а п а р. Мына тақтайларды кім әкелді, апа?

Т ы н ы ш г ү л. Білмеймін... Әйтеуір, біреулер әкеліп түсіріп жатқан... «Кімсіңдер?» —деп едім, «Есепші айтқасын түсірдік»,– деді...

С а п а р. Түрі-түсін байқаған жоқсың ба? Кімдер екен?

Т ы н ы ш г ү л. Білмедім... Ана Арам сары жіберген шығар деп, тіпті кімдер екенін аңғарған жоқпын.

С а п а р. Ойбай, бишара апам-ай, баланды су түбіне өз қолыңмен батырыпсың ғой?!

Т ы н ы ш г ү л *(шошып)*. Не дейді, бәтір-ау? Не боп қалды, балам?

С а п а р. Арам сары оңдырмай тұздады бізді...

Т ы н ы ш г ү л. Арам сары?!

С а р а. Қой, Сапар, отырма. Кеңсеге бар. Арам сарымен сөйлесіп, ақ-қараңды аш.

С а п а р. Сөйтейін.

Т ы н ы ш г ү л. Не болды, балам-ау, түсіндірсейші.

С а п а р *(кете беріп)*. Кейін... кейін айтам, апа.

Шам сөніп, қайта жанғанда, колхоз кеңсесін көреміз. Сапар, Сара кіреді.

С а п а р. Мелдеке, мен сіз түсіртіп берген тақтайдың ақшасын төлегелі келдім.

М е л д е с. Қандай тақтай? Өзің не айтып тұрсың? Есің дұрыс па?

С а п а р. Апама уәде беріпсіз ғой...

М е л д е с. Шешең сонау бір кезде тақтай сұрағаны рас. «Көрерміз» дегенім де өтірік емес. Бірақ сол «көрермізді» пайдаланып, ешкімнен сұрамастан, бас жоқ, көз жоқ қоғам мүлкін сүйрей жөнелуді қайдан шығардыңдар?

С а п а р. Мен сүйредім бе? Түсіріп берді ғой.

М е л д е с. Кім түсіріп берді? Кәне, айтшы соны? Жерге қағып жіберейін әулие болса да... Ә-о, үндемейсің бе? Үндейтін бет жоқ қой сенде.

С а п а р. Мен үйде жоқ болатынмын. Апам сіз жіберген кісілер шығар деп мән бермепті.

М е л д е с. Өлсеңдер біреуге қандарыңды жақпай өліңдер!

С а п а р *(қатты)*. Бұл шын сөзіңіз ғой?

М е л д е с. Енді не деп ең?

С а п а р. Жарайды, ендеше! Кім ұры, кім қары екені ашылар әлі. Әне, Науан ағай келе жатыр. Сол кісіге түсіндіремін!

Ішке Науан кіреді.

С а п а р. Науан аға!.. Науан аға!..

М е л д е с. Мына бала, тіпті, жұмыс істетуді қойды.

Н а у а н. Сабыр, сабыр, Сапар, асықпай сөйле.

С а п а р. Иланыңыз, Науан аға, тақтайды мен ұрлаған жоқпын. Имандай сырым, адалмын. Өзім жоқта біреулер әкеп түсіріп кетіпті. Апам байғұс қартайған адам, кім екенін байқамай қалыпты.

М е л д е с *(мазақтап)*. Ойпырым-ай, ә?..

Н а у а н. Жарайды, жарайды, Сапар. Бір жөні болар, қорықпай-ақ қой.

С а п а р. Ұры деген атағы өлтіріп барады, Науан аға... Мұғалім басымен тақтай ұрлағанша, без теріп жегенім жақсы емес пе?

Н а у а н. Жарайды. Сен абыржи берме. Тап қазір болмаса да, күндердің күнінде ақ-қарасы ашылады мұның.

С а п а р. Оған дейін «ұры» деген атақты арқалап жүрмекпін бе?.. *(Жыламсырап.)* Науан аға... Өмір-бақи кетпейтін қара күйе жағылды ғой маған...

Н а у а н. Жылама! Оның не?! Дардай жігіт емессің бе?.. Әне, өкіл келе жатыр. Жасыңды сүрт.

Б а к а т *(кіре бере)*. Ә, бала, бұрынғы кінәларың аздай, енді ұрлық жасауға кірістің бе? Тұра тұр.

С а п а р. Мен ұрлық жасағаным жоқ.

Б а к а т *(қатты)*. Енді кім? Сен болмағанда мен бе енді?! Тақтайды қайдан алдың?

С а п а р. Мелдес ағай түсіртіп беріпті... Олла-билла!...

Б а к а т. Әй, сенің «олла-биллаң» не, а? Сен өзің біресе «хан» ойнайсың, біресе Аллаға сиынасың... Ишь какой?!

С а п а р. Аузымнан байқамай шығып кетіпті. Кешіріңіз.

Б а к а т. Сен ұрлықты да байқамай істеп жүрген боларсың?

Н а у а н. Өкіл жолдас, менде бір ауыз сөз бар... Сені тақтай ұрлады деп жазғыра алмаймын, Сапар. Сенбеймін ондай сөзге. Сондай-ақ Мелдесті де жазғыра алмаймын. Оған да көзім жетпейді...

Б а к а т. Менің де... Балалы-шағалы адам...

Н а у а н. Тақтайды біз алыстан тасып әкеп жатырмыз. Колхоздың өз жыртығын бүтіндемей тұрып, Мелдестің маған түк деместен шешене кездескенде «көрерміз» деп мырзалық жасауы мүмкін емес.

М е л д е с. Е, бәсе, солай деші...

С а п а р. Нәуке, бірақ солай болғаны рас, рас!

Н а у а н *(тыңдамай)*. Менінше, мұнда бір жансақтық бар ма деймін: колхоз мүлкіне арам қолын шын сұққан біреулер сенің үйіннің қасынан өте бергенде, әлде неден қысылған да, аудара салған. Әйтпесе, ұзыннан өші, қысқадан кегі жоқ Мелдес аған не себепті ондай іске барады? Сені жыққанда не мұратқа жетеді? Ойланшы өзің? Мүмкін емес.

С а п а р. Мүмкін, солай болса, солай шығар... Кім біледі.

М е л д е с. Солай да, олай да емес.

Н а у а н. Енді қалай?

М е л д е с. Сапар тура ұрлап алып отыр тақтайды.

С а п а р *(ышқынып)*. Мен бе?

М е л д е с. Тап сен!

С а п а р. Оны кім көріпті?

М е л д е с. Өзіннің көршілерің керген. Өтеген, Қарғаш...

С а п а р. Қарғаш қазір мектепте репетиция жасап жатыр. Алып келіп беттестірсем, ұялмайсыз ба?

М е л д е с. Мен ұялмаймын. Бірақ өзің қарабет болып қалып жүрме.

Сапар «Қарғаш! Қарғаш!» деп жүгіре шығады. Шам сөніп қайта жанғанда мектеп класының бір бұрышы көрінеді. Мектеп күтуші әйел класты сыпырып жатыр.

С а п а р. Шеше, басқалар қайда?

Ә й е л. Отырып-отырып, тарап кетті.

С а п а р. Қарғаш келді ме?

Ә й е л. Келмей қалғаны сол Қарғаш болды ғой деймін.

С а п а р. Оған не болды екен? Хабар алған жок па?

Ә й е л *(дүдәмал)*. Алды ғой деймін.

С а п а р *(паузадан соң)*. Сіз бір нәрсені менен жасырып тұрсыз... Айта беріңіз.

Ә й е л. Қарғаш келмеген соң, үйіне адам барған еді... *(Ар жағын айта алмай бөгеледі)*.

С а п а р *(сәл үрейлі)*. Ие, ие...

Ә й е л. Ұры мұғалім басқарған үйірмеге қатынаспаймын депті.

С а п а р. Не дейді?..

Әйел жоғалып кетеді. Қайғылы музыка. Музыка соңы әйел күлкісіне, еркек күлкісіне айналып кетеді. Сахна ала көлеңке. Өң мен түс арасы секілді. Есеңгіреген Сапар көңілінің көрінісі іспетті. Сапар төменде, Мелдес жоғары ат үстінде тұрғандай. Қолында қамшы. Сапар ұмтылмақ болады.

С а п а р. Не сен, не мен тұрамын бұл жерде.

М е л д е с. Жоқ сен емес, мен тұратын шығармын бұл жерде. Ұры мұғалім!

Қамшыны үйіре беріп Сапарды тартып жібереді де жоғалып кетеді. Сапар құлап барып түзеледі. Тынышгүл көрінеді. Музыка.

Т ы н ы ш г ү л. Балам, саған не болған? Түсің бұзылып тұр ғой. Бір жерің ауырды ма?

С а п а р. Жоқ, апа, саумын.

Т ы н ы ш г ү л. Үйге кір, бұл не жүрісің?

С а п а р. Апа, жүктерді бу!

Т ы н ы ш г ү л. Неге, бәтір-ау?

С а п а р. Кетеміз, көшеміз. Мүлдем көшеміз.

Т ы н ы ш г ү л. Қайда?

С а п а р. Оны сұрама, апа. Әйтеуір Мелдес пен Қарғаш тұрған ауылдан кетсек болды.

Т ы н ы ш г ү л *(бұрқылдап)*. Осы ма, осы қыздан күдіктенуші едім, ақыры айтқаным келді. Мелдеспен ауыз жаласып кеткен түрі жаман еді. Анау көксау әкесі де «алпыс күн атан болғанша» деп жүріп, аузы топайдай боларын сезбейді...

С а п а р *(ышқына)*. Апа, айтпашы!

Т ы н ы ш г ү л *(шошынып)*. Шырағым-ау, бетіңе жара түсіпті ғой.

Сапар үндемейді. Басын анасының төсіне салады.

(Ашынып.) Өй, шірік, көз жасыңды көрсетпе деп едім ғой мен саған! Қарғаштан басқа қыз құрып қалып па! *Төргі жақтан Қарғаш үйінің терезесі көрінеді. Терезеде Өтеген.*

Ө т е г е н. Мұ не Қарғаш, Қарғаш деп... мазаны алдыңдар ғой, әрірек барып ұрсысыңдар!

Т ы н ы ш г ү л. Өй, тесік өкпе көксау неме, жүн-жұрқаның арасында ыңырсып жатушы едің. Ана Мелдес итке арқа тіреп, тірілейін деген екенсіңдер.

Өтеген. Әй, катын, шаптықпа өйтіп, Мелдес ел адамы. Тиіспе оған.

Тынышгүл. Мелдес! Мелдес! Мелдес емес, Арам сары ол иттің аты. Ел білмей атамайды. Сен болсаң, соның артына кіріп кеткелі жүрсің, кәрі қойдың жасындай жасың қалды. Не жетпейді сен қақпаска!

Өтеген. Әй, катын, кан жоса кылам, тарт тілінді!

Тынышгүл *(ерегісіп)*. Мен тартқанмен жұрттың аузына қақпақ қоя алмайсың. Дүние қоңыз Өтеген жалғыз қызын Арам сарының астына салып берді деп дүйім ел шулап жүр. Ал кес барып солардың тілін.

Сапар *(ыршып)*. Апа, айтпа дедім ғой мұндай сөзді, Қарғашта түк жазық жоқ.

Тынышгүл. Әрі кет әрі ынжық неме, біз жүрген жерге тары ексе, көрейін мен бұларды.

Қатты басып шыға жөнеледі. Терезедегі Өтеген де олай-бұлай қарманып төбелеске дайындалған адамның кейпін танытып кейін кетеді.

Сапар. Жоқ, сенбеймін! Қимаймын Қарғашты жамандыққа. Өсек! Өсек сөз мұның бәрі. *Осы кезде асыға басып Қарғаш келеді де үйіне кіруге бет алады. Сапар ышқына барып, оны ұстап қалады.*

Сапар. Жүр, Қарғаш, мен десең! Кетеміз!

Қарғаш *(үрейлі)*. Қайда?

Сапар. Жүресің, Қарғаш, менімен!

Қарғаш. Қой деймін, Сапар. Түн ішінде. Ұят болады.

Сапар *(қатты)*. Кімнен? Мелдестен бе?

Қарғаш. Ау, денің дұрыс па өзіннің?

Сапар. Дұп-дұрыс, сап-саумын.

Қарғаш. Сапар, жіберші қолымды. Ауырттың.

Сапар. Қарғаш, мына айдай әлемге айқайлап айтам: жақсы көрем сені! Өмірлік жарым деп қараймын саған! Иланшы осыған! Иланбасаң, шарттың ең ауырын қойшы. Орындай алмасам, жолда қалайын! Мен десең, жүресің қазір, кетеміз бұл ауылдан!

Қарғаш. Жоқ, жоқ, атама ондай сұмдықты. Ешқайда да бармаймын.

Сапар. Рас айтасың ба?

Қарғаш. Рас айтам, Сапар!

Қарғаш қолын жұлқа суырып алды да, ішке кіріп кетті. Сапардың салы суға кетіп, есеңгіреп тұр. Не істерін білмей дағдарған ол, терезенің алдына барды, жарыққа сығалады. Осы кезде Мелдес келеді.

Мелдес *(қорқытып)*. Һайт!

Сапар *(селк етіп, бұрыла қашып)*. Ойбай!

Мелдес. Оу, сен өзің қорқақ екенсің ғой.

Сапар. Иә, тағы не айтайын деп едің?

М е л д е с. Ұрлықты тындырып, енді әр үйдің терезесін сығалауға шықтың ба?

С а п а р. Қарғаштың үйі мен үшін «әр үй» емес.

М е л д е с *(мырс етіп)*. Дастарканға кеш келдің, шырақ. Бұл үйде саған қалған сыбаға жоқ. Жолама Қарғашқа!

С а п а р *(төніп)*. Дастаркан, сыбаға деген не сөзін?

М е л д е с. Сөзім сол. Қалай түсінсең солай түсін.

С а п ар *(ышқына)*. Ағаларым әскерге кеткенде, осы ауылда жалғыз қалып... есірген екенсің!

М е л д е с *(қатты)*. Әй, бала!

С а п а р. «Бала» деме мені! Сендей шал болмасам да істемеймін иттікті!

М е л д е с. Кім шал, а? Кім?

С а п а р. Сен!

М е л д е с . Мен кім екем, шал ма екем? Сұра ана Қарғаштан!

Бұл сөзді естіген Сапар, біреу үстіне суық су құйып жібергендей біразға дейін сілейіп тұрып қалды да, содан соң тұра ұмтылып, Мелдесті жағадан ала кетті.

С а п а р. Не дедің, ә? Не дедің? Қайта айтшы!

М е л д е с *(жұлқынып)*. Әй, өзің... Кет былай!.. Өй... ей... Мынау қайтеді-ей! Сабай ма?..

С а п а р. Өлтіремін!

М е л д е с *(айқайлап)*. Аттан! Аттан!

С а п а р *(жағаласа жүріп.)* Кәне, қайта айтшы! Қайта айтшы!.. Қарғаш кім, а? А?! Қарғаш кім?.. Мә саған!. Мә!..

М е л д е с. Өй, мынау қайтеді-ей?! Өлтіре ме?... Уа, жұрт, аттан! Аттан!

Қолына бақан ұстаған Өтеген жүгіре шығып, екпінімен келе Мелдесті салып өтеді.

Ө т е г е н. Бұл қайсың жеті түнде?.. Қане, жау қайда? Жау қайда?

М е л д е с. Оу, оу... Өтеке, бұл – мен ғой.

Ө т е г е н . «Менің» кім?

М е л д е с. Мелдеспін.

Ө т е г е н . Солай ма?! Мен басқа бір ит екен десем.

(Ол енді Сапарға ұмтылып, оны да бір салып өтеді).

С а п а р. Оу, әке, бұл – мен!.. Мен... *(Басын қорғалайды.)*

Ө т е г е н. «Менің» кім?

С а п а р. Сапармын... Менде тіпті кінә жоқ.

Ө т е г е н. А-а, солай ма?! Мен сені басқа бір ит екен десем... Ал кәне, кім бүлік салып жүрген мына жеті түнде?

Ол екеуіне кезек-кезек ұмтылып жүргенде Қарғаш шығады.

Қ а р ғ а ш *(жан ұшырып)*. Көке!... Көке! Мұның не?

Ө т е г е н. А!.. А!.. Жеті түнде мына біреулер... Басқа жер таппағандай, осында кеп төбелесіп...

М е л д е с. Өтеке, мен емес! Мынау ит! Жағамды жыртқанын қарашы!

Ө т е г е н. Дардай адамның жағасын жыртып... Оның не?

С а п а р. Дардай адамның айтқан сөзін естісеңіз...

М е л д е с. Ә, бала... өзің бір...

Қ а р ғ а ш. Сапар, үйіне бар!.. Мелдес ағада шаруаң болмасын. Ұят болады.

М е л д е с *(арқа сүйеп)*. Мен мұны аяп жүрсем... Осыдан құдайдың таны атсың өз қолыммен абақтыға тығайын.

Сапар оған қайтадан ұмтылған еді, Қарғаш жібермейді.

Қ а р ғ а ш. Сапар!.. Ақымақ болма дедім ғой мен саған.

С а п а р. Сен жайлы не айтып жүргенін білесің бе? Егер білсең... бүйтіп қорғамас едің...

М е л д е с. Не айтыппын?

Ө т е г е н. Мелдес ештеңе де айтпайды. Бәрін бүлдіріп жүрген өзің. Қарағым Мелдес, жүр үйге. Мына бала жазым қылар. Қалалы жерде шайка болады дейтін. Бұл содан да сау емес.

Қ а р ғ а ш. Жүріңіз, Мелдес аға!

М е л д е с *(үйге беттей бере)*. Құданың құдіретін, мына баланың қылығын-ай, ә? Сендер болдыңдар, әйтпесе, жерге қағып жіберетін едім!

С а п а р. Қарғаш!

Қарғаш сәл бөгеледі де, басқалар ішке кіріп кетеді, осы кезде жылап-еңіреп Алмас шығады.

А л м а с. Апа!.. Тәте!.. Арам сары тағы келді! Ку деймін оны!.. Куып жіберші!

Қ а р ғ а ш. Алмас! Жүр үйге!

А л м а с. Бармаймын!.. Арам сары тұрған жерге бармаймын!

Қ а р ғ а ш. Жүр үйге, жүгірмек!

А л м а с *(енді ғана Сапарды көріп)*. Жүрші, Сапар аға! Ол тағы келді... Жүрші, Сапар аға... Жүрші... Куып шығайықшы екеулеп ана Арам сарыны.

Қ а р ғ а ш. Сен қоясың ба, жоқ па? Әлде бір нәрсе көргің келіп тұр ма?!

А л м а с. Қоймаймын! Келмесін ол! Неге келеді?! Келмесін! Керегі жоқ ондай жезденің... Керегі жоқ, керегі жоқ.

С а п а р. Алмас...

Қ а р ғ а ш *(зекіп)*. Сөйлеме оған!.. *(Алмасқа.)* Жүр деген соң, жүр! Тапқан екенсің! Қара мынаны!

А л м а с. Бармаймын!.. Сапар аға, ұрысшы Қарғашқа! Неге келтіреді Арам сарыны? Келтірмесін!.. Ұрысшы!

Қарғаш оны жұлқылап сүйрей жөнейді.

А л м а с. Бармаймын!.. А-а-а!..

С а п а р *(ұмтылғысы кеп)*. Қарғаш!

А л м а с. А-а-а... Сапар аға... а-а-а...

Қарғаш оны жұлқылап алып кетеді. Сапар қайғылы тұрып қалады.

С а п а р. Қарғаш! Туған ауылым «Сұлуқияға» сен деп келмеп пе едім. Бірақ келгеннен кейін сен деп қана тірлік кештім. Сен деп қырларды кездім. Сен деп Есілдің тоғайын араладым. Сен деп қуандым да, сен деп қамықтым. Мына жайнаған дүниенің сенсіз сәні жоқ болды. Сен болмасаң мен үшін жарқырап күн де шықпайтын секілді. Жайқалып гүл де шешегін жармайтын секілді. Сылдырап аққан өзенде де түк мағына жоқ еді. Қарғашжан, соны сен түсіне алмадың. Бағалай алмадың. Қашанға дейін шыдаймын, жеткен жерім осы болды. Түк өкпем жоқ. Кінә қияға көтеріле алмаған өзімде. Қайда бармайын, қай жерлерде жүрмейін, әманда бақытты болуыңды тілермін. Қош, Қарғаш!

Осы кезде арқалаған жүгі бар Тынышгүл шығады.

Т ы н ы ш г ү л. Жүр, балам... Өз үйіннен айдап шықты деген осы да.

С а п а р *(паузадан соң)*. Жүр, апа! *Екеуі де қайғылы пішінмен қол ұстасып шығып кетеді.*

Сәл паузадан соң шырылдап жылап Алмас шығады.

А л м а с. Қалмаймын дедім, қалмаймын мен бұл үйде. Сапар аға-а-а! Қайдасың, Сапар аға?!

Жүгіріп Өтеген өтеді.

Ө т е г е н. Өй, жүгірмек, қайт дедім ғой мен саған!

Біраздан кейін асығыс Қарғаш шығады.

Қ а р ғ а ш *(алқына)*. Сапар!.. *(Олай-бұлай жүгіріп.)* Тағдыр осылай болды! Не істейін? Не дейін саған?

Жылап тұрған Қарғашты үйден шыққан Мелдес қолынан жұлқи тартып, ішке алып кетеді. Музыка. Пауза.

Д и к т о р. Осы оқиғадан соң көп жыл өтті. Есіл талай тасыды, талай сабасына түсті. Өстіп елінен кеткен Сапар егдейіп барып он сегіз жыл өткен соң тағы да ауылына оралды.

Шам қайта жанғанда сол баяғы Қарғаш үйінің сыртын көреміз. Бірақ, үй бұрынғыдай емес, уақыт ізі түскен, көнерген. Сахнаға біз бірінші бөлімде көрген егде Сапар шығады.

С а п а р *(музыка фонында)*. Сұлуқия! Неткен сұлу жер едің! Сенің күнің басқаша шығып, басқаша бататын еді. Самалың да басқаша желпіп, бораның да басқаша соғатын. Тоғайларың да басқаша бүрлеп, басқаша көгеретін. Көкегің де басқаша шақыратын. Осы бір тұста Есіл де өзгеше кемел толқып, бұйралана ағушы еді. Көшедегі қияң да басқаша, ешбір жерге ұқсамайтын. Мен саған сәби күлкім мен кез жасымды қалдырған едім. Қуанышымды, күйінішімді қалдырған едім. Тау өзеніндей дүрліге тұтанып, өзегімді өртеген алғашқы махаббат, сәтсіз махаббатымды қалдырған едім. Қайдасың, Қарғаш?

Мен мұндамын дегендей Нұргүл көрінеді. Ә, сен Нұргүл екенсің ғой. Келе ғой! Кел бері! (Құшақтап.) Сен маған сондай ыстықсың. Өйткені сен бұдан он сегіз жыл бұрынғы аумай қалған Қарғаш секілдісің. Сондықтан да ынтықсың.

Құшағын жайып Алмас келеді. Оның енді соқталдай жігіт болған шағы.

А л м а с . Сапар аға! Аман-сау оралдыңыз ба туған жерге?

С а п а р *(үңіліп).* Сен кімсің? Алмаспысың? О, кел бермен, Алмас болсаң! *(Құшақтасады. Сапар қарманып қалтасынан конфет алып Алмасқа ұсынады.)*

А л м а с. Бұл не, Сапар аға?

С а п а р. Конфет.

А л м а с *(күліп).* Сапар аға, сіз тіпті, немене, мені боқмұрын бір бала көргеніңіз бе?

С а п а р. Азамат болғаныңды естігем. Бірақ менің көңілімде сен баяғы бала қалпыңда қала бермексің.

Конфетті не істерін білмеген Алмас Сапардың екінші жағында тұрған Нұргүлге ұсынады.

Ә, мұның реті жаңа табылды.

Н ұ р г ү л . Рақмет, Сапар аға!

С а п а р. Рақметті берген кісіге айту керек.

Н ұ р г ү л. Сіз болмасаңыз бұл кісі конфет беріп мені жаман үйретпеген.

Алмас қысылыңқырап қалады. Нұргүл шығып кетеді.

С а п а р. Нұргүлде жазық жоқ, Алмас. *(Алмас бірдеме демек болып еді, сөзін бөліп).* Кінәлі болсам, мен болармын, биікке көтеріле алмаған. Кінәлі болса, Қарғаш болар төменге түсе алмаған, кінәлі болса Арам сары...

А л м а с *(сөзін бөліп).* Құдай ақы, атамаңызшы.

С а п а р. Ал Нұргүлде түк күнә жоқ. Жетім етпе, қанатыңның астына ал туған жиеніңді. Естідің бе!

А л м а с . Естідім, Сапар аға! Айтқаныңыз екі болмайды.

Сыртта Нұргүл даусы.

Н ұ р г ү л . Мама, Сапар аға келді! Сапар аға... Мама! Мама!

Осы кезде екінші жақтан сәл жүдеу, қартайған Қарғаш көрінеді. Алмас жоғалып кетеді.

Қ а р ғ а ш *(өзі ойда, даусы).* Көрсем деуші едім сізді көптен бері. Алдыңыздан өтіп, кешірім сұрасам деуші едім. Адам жас кезінде, албырт кезінде ненің қадірін білген?! Ой-ақыл көзін жіберіп, не нәрсені түсінген? Сайтан көбелекше жылтыраған ның бәрін от деп санаппыз да, тереңде жатқан шын асылды танымай, шын сезімді елемей теріс жолмен кетіппіз... Адамдар неге түсінбейді екен осы бірін бірі? Жүрек түбіне тереңірек неге бойламайды екен осы? Көңілдің қандай екенін танып, жүрек сырларын білуге тырысса,

адалдық та, арамдық та жарық күнге шыға келген болар еді. Сонда арамды адал деп, ал шын асылды жылбысқы деп қор санап, адаспаған да болар едік қой. *(Кете бастайды.)*

С а п а р. Тоқташы, Қарғаш! Бұл өмірдегі әнім сен едің! Үзбеші оны! Таусылмасын ән! Сөнбесін күн!

Қ а р ғ а ш . Қош бол, Сапар!.. Сен де менің әнімсің! Айтылмай қалған әнімсің!

Қарғаш кетіп, Сапар қайғырып тұрып қалады... Осы кезде сахна сыртынан жастардың шатты даусы, көңілді күлкісі естіледі. Сапар селк етті. Осы бір бақытты дауыстарға қызыға құлақ түрді..

С а п а р *(өзі үнсіз, ойлы. Даусы естіледі).* Бір кезде мен де сендер секілді жас болғанмын. Кеудемде шалқып алғашқы махаббаттың оты да жанған. Бірақ аялар шын иесі табылмады. Соған мен де өкінем. Қарғаш апаларың да өкінеді. *(Пауза).* Сыйласа көріңдерші, шырақтарым! Біріннің бірің жан дүниелеріне тереңірек үңіліп, ұғыныса біліңдерші! Жер қазасыңдар ма, мал бағасыңдар ма, болмаса, әлемнің кең қиырларына жол салып, жаңалықтар ашасыңдар ма, ол өз алдына, жүректеріңді шын тулаткан асыл махаббаттарың болса, жас нәрестедей әлпештеп, аялай көріңдерші! Адам әманда жоқты іздейді. Барды «бар екен», «молды мол екен» – деп ойламайды. Іздемейді. Сендер де сондайсыңдар. Бойларында шып-шып шүпілдеп тұрған мөлдір сезім бар. Мол сезім. Соны абайсызда білместіктен төгіп ала көрмеңдерші! Ен табиғаттың ішінде махаббат адамға ғана берілген. Ұлы жүректен ғана орын тапқан ол. Жүрек біткеннің бәрінде сол асыл махаббаттың оты лаулап тұрса, жарқырап күн де шығады, жасанып көктем де келеді. Жылатып ала көрмеңдерші сол асыл нәрестені!

Алмас пен Нұргүл қатар шығып Сапардың қолтығынан алады. Олардың соңынан қартайған, үсті алба-жұлба Арам сары шығып баспалап қарайды.

Ш ы м ы л д ы қ .

ДӨКЕЙ КЕЛЕ ЖАТЫР

Үш бөлімді комедия

Қатынасатындар:

Көпей	– совхоздын бөлімше бастығы
Мариям	– әйелі
Ұлқу	– қызы
Қилау	– әкімдікті ансаған пысық жігіт
Шилау	– бөлімше есепшісі. Кішкене бойлы жігіт
Базаркүл	– жесір, әйел. Сондай зор
Дыңқыш	– почташы
Дөкей	– институт бітірген жас жігіт

Оқиға осы күнгі.

Бірінші сурет

Ұлқу әні – «Біздің ауыл».

Көшеде ешкі-лағы шауып жүрсе,
Бір итті бір ит қуып қауып жүрсе
Ауылдың көркі қандай болар еді
Күлге аунап, ойнап-күліп тауық жүрсе.

Қайырмасы:

Мақтауға тіл бармайды,
Даттауға тіл бармайды.
Біздің ауыл, біздің ауыл
Біздің ауыл осындай...

Ұлдары ұрлап ішіп ұлып жүрсе,
Қыздары қызыл ішіп, күліп жүрсе
Ауылында не береке қалар еді?
Үлкені соны көріп, бұғып жүрсе.

Қайырмасы:

Айналайын жарандар,
Сенбесеңдер қараңдар.
Біздің ауыл, біздің ауыл,
Біздің ауыл осындай!

Шымылдық ашылған кезде сахнаға дедек қағып: «Қатын, қатын», – деп айқайлап Көпей шығады да, сол күйі жүгіріп өтеді. Іле-шала Қилау шығады. Ол Көпейдің артынан аңдып, жол қарап біраз тұрады.

Қилау. Көпей бүгін бүлінді. Отырған орнынан су шыққандай алаңсыз көтерілді. Сабаздың дедектеуін қарашы. Аяқ-қолы жерге тимей безіп барады... Әне, әне... Мәйімбеттің байлаулы төбетін басып кете жаздап, екеуі екі жаққа қашты. Ит екеш итке де жан керек екен, тіпті, үруге де шамасы келмей қалды... Ойбай, мынаусы кім? *(Күліп.)* Ой, кәдімгі Шилау ғой. Көпейді көріп, бұрыла сап, ол да безіп барады. Қараңдар, қараңдар, қалтасынан қағазын алып, бір нәрсені түрте бастады. Шилау шығады. Қолында блокнот, қалам. Артына алақтап, сөйлей кіреді. Қилау бой тасалап қалады.

Шилау. Мына Көпейді жын ұрған шығар. Көзі ақшиып кетіпті. Алдында атан жатса да аңғарар емес, жаншып барады. *(Ойланып.)* Бұған не болды, ә? Ебіл-дебіл боп жүруінде бір себеп бар-ау тегі. *(Каламын алып.)* Ұмытып қалармын, түртіп алайын... *(Күбірлеп жаза бастайды.)* Март айының он жетісі күні... *(Спектакльдің жүрген күнін айтуға да болады.)* Шаңқай түс... Көпей ауылды айналып шауып жүр...

Қ и л а у *(жасырынып тұрған жерінен шығып, Шилауға жақындайды)*. Ие, қалай өзі... Түртіп жатырмысың?

Ш и л а у *(сасқалақтап)*. Ие, түртіп жатырмын...

Қ и л а у. Сенің түрткілегеніне төрт жыл болды, түймедей пайдасын көрмедік-ау соның.

Ш и л а у. Асықпа, Қилау, басың жас, көресің әлі... *(Залға.)* Осының өзі де сау сиырдың жапасы емес. Кәпірдің көзі жаман екен.

К и л а у. Сен былай ет: түрткенді қой, шұқыла.

Ш и л а у. Шұқылағаны қалай?

К и л а у. Солай. Шұқылай берсең апан қазуға да болады, апан. Түсіндің бе?

Ш и л а у *(түсінгендей болып, күлімсіреп)*. Түсінген сияқтымын.

Қ и л а у. Түсінсең – сол. Бар. Керек кезінде тағы сөйлесеміз.

Ш и л а у. Жарайды, жарайды. *(Кетеді.)*

Қ и л а у *(артынан зекіп)*. Қатын өсек тергеннен басқаны білмеген шірік. Факті керек, факті. Өзің сөйлеме, факті сейлесін... *(Сыртқа бой жазып.)* Ау, мына Көпей бері бұрылды. Ор қояндай орғуын қарашы: алпысты алқымдаған шал емес, алтыдағы баладай ырғиды. *(Қилау бой тасалап тығылып қалады. «Қатын, қатын»,– деп даурыққан күйі Көпей шығады)*.

К ө п е й. Қатынға жұмыс істетсең осы. Қолыңа түспейді. Қай жайларда жүргенін бір аллам білсін... Үһ шаршадым-ау.

Алдында алжапқыш, Мариям шығады.

М а р и я м. Не болды? Неге іздедің? Ауылдың үстін азан-қазан қылдың ғой.

К ө п е й. Сұрама, кемпір. Өлді деген осы шығар.

М а р и я м. Сен-ақ күніне он өліп, он тірілесің.

К ө п е й. Осы жолы шын өлетін шығармын. Ажал ешқайда бұрылмай төтелеп келе жатыр.

М а р и я м *(жақтырмай)*. Ойпырым-ай, ә! Төтелеп келе жатыр.

К ө п е й. Осы жолы аман қалсам, мен сірә, тірі де өлмеспін.

М а р и я м. Сондай-ақ не боп қалды? Түсің қашып тұр ғой.

К ө,п е й. Дөкей келе жатыр, дөкей!..

Қ и л а у *(басын қылтитып)*. Е, бәсе, Көпейдің дедектеуі жаман еді.

К ө п е й. Совхоздың орталығына да соқпастан, тура осы бөлімшеге келе жатыр.

М а р и я м. Келе жатса, бір жұмысы бар-дағы. Немене, ауылға адам жолатқың келмей ме?

К ө п е й *(ашуланып)*. Адам болса бір сәрі. Келе жатқан дөкей деп тұрған жоқпын ба мен саған?

М а р и я м. Дөкей болса, дөкей шығар. Ол да адам. Келсін, несі бар!

Көпей *(кекесінмен)*. «Келсін, келсін». Олар тегін келе ме, актара, төңкере, тексере келмей ме?

Мариям. Тексерсе несі бар, неден қорқасың? Ішкен-жеген ештенең жоқ.

Көпей. Ондайым жоқ-ау. Дегенмен тіміскілеп кетсе, кім біледі, бір жағынан бірдемесі қоқып жүрсе... Әңгімеге шатылайын десең оп-оңай. Ең киыны қоймадан ұрланған қаракүл елтірілер болып тұр ғой. Қай иттің жымқырғанын кім білсін, әйтеуір жүзге жуық елтірі жоқ.

Мария м. Жоғалса, өзің алған жоқсың. Заң орнына бар. Тексереді. Дөкей келеді екен деп сонша үркіп... Көлеңкеңнен қорыққаныңды қоймадың-ау сен байғұс.

Қилау *(тасада ыршып)*. Сотқа беруге болмайды. Пенсияға шығайын деп отырғанда қара пәле болып жабысады өзіне.

Көпей. Пенсияға шығуға екі-ақ жылың қалса, көрер ем қорықпағаныңды... «Қай жағымнан кез қылады» деп көжене де қарауыл қойып ішті деген осы да...

Мария м *(жұбатып)*. Қорықпа, Көпей. Онан да дөкейді күтіп алуға дайындал.

Қилау *(тасадан шығып)*. Көпе, не болды? Женгеймен оңаша сөйлесуге шыққансыз ба?

Көпей. Ой, мұндай оңашасы құрысын да... Оңашалаймыз деп жүріп тамашамыз шығып қалмаса...

Қилау *(Мариямға)*. Көпеңде мұндай әдет жоқ еді. Оңашалап алып, әбден қысқан екенсіз, ә, жеңеше.

Мария м. Менің қысқаным неғылар дейсің, құдай басқадан қыспасын.

Көпей. Тексеруші келе жатыр. Мә, оқы. *(Қилауға телеграмма береді.)*

Мария м. Дөкей келеді десе құты қашатын әдеті емес пе мұның. Қарадай жүріп қалшылдап тұр.

Қилау. Жеңеше-ау, батырлықтан пайда жоқ. Жарға жығыласың.

Көпей. Жығылғанда да мүрдем кетесің.

Қилау. Ой, мынау директордан ғой... Ол курортта емес пе еді?

Көпей. Курортта болғанда да – Алматыда. Нағыз дөкейлердің іргесінде жүр.

Қилау *(телеграмманы оқып)*. «Таяу күнде Дөкей барады. Қарсы алғайсың».

Көпей *(еңсесі түсіп)*. Жағдай осы...

Мариям *(кекетіп)*. Жағдай осы... не болыпты салың суға кететіндей. Көп болса, газетке жазар... Кім біледі, жақсылығыңды көбірек көріп мақтап жазар, керек десең.

Көпей. Мактап жазса жақсы-ау. Дегенмен пәледен машайық қашты дегендей, мактап та, даттап та жазбаса тіпті жақсы болар еді ғой.

Қилау. Көпе, шұрқ етпеңіз. Шалбарды қолмен емес, белбеумен ұстатады. Сіз бел болсаңыз, біз – белбеуміз. Бір амалын өзіміз-ақ табамыз. Ел емеспіз бе!

Көпей. Енді көптеп-көмектеп бірдене етпесек... Көппен көтерген жүк женіл демекші.

Қилау. Көпе, шұрқ етпеңіз. Мына женгемнің озат сауыншы деген атағының өзі-ақ сіз үшін қалқан. Таудай бәленің бетін осы кісінің өзі-ақ қайырады.

Мариям *(насаттанып)*. Ол атақ баяғыда еді ғой. Қазір қартайдық.

Қилау. Сіз бе қартайған?... *(Күліп.)* Сіз қартайғанша біз алжып та үлгерерміз, женеше...

Көпей. Тіпті биылғы көрсеткіші де мәз емес мұның...

Қилау. Көрсеткіш деген не, тәйірі, сол да жүк болып па? Шилаудың қолында тұрған нәрсе. Түртіп жіберсе тынып жатады.

Көпей *(шошып)*. Оу, сонда... *(Ар жағын айтуға батпай тежеліп қалады.)*

Қилау. Көпе, шұрқ етпеңіз... *(Бір нәрсе айтқысы келген Мариямды да сөйлетпей тастайды.)* Женеше, сауған сүтіңізді біліңіз. Ертең қонақ келеді. Соны күтуіңізді біліңіз.

Көпей. Иә, сол қонақты күтіп алудың қамына кірісейік. Жүр, кеңсеге барып ақылдасайық.

Мариям *(Қилауды оңашалап)*. Көлеңкесінен қорқатын бишара емес пе бұл ағаң. Өзің ақыл беріп, бас-көз бол, қайным.

Қилау. Женеше, шұрқ етпеңіз... *(Залға.)* Бас-көз болар ма екем, әлде бар көзін жоқ қылар ма екем. Көрерміз.

Мариям. Осы бала пысық көрінеді, етегінен ұста.

Көпей *(қабағы түксиіп)*. Не шыкса да пысықтардан шығушы еді...

Мариям. Болмашыдан үркіп, түніліп жүретін әдетің сенің.

Көпей. Жә, жә... тізгіннің ұшын босатса аспанға шапшисыңдар-ау. Жүр, Қилау.

Барлығы да кетеді. Іле-шала Шилау шығады. Блокноты қолында.

Шилау. Бұлардың сыбырласуы тегін емес. Партиясына Қилауды қосып алып, жәмпақтауларын көрдің бе?.. Мына Қилау ма? Не шыкса да осыдан шығады. Не оқу оқып, не қызмет қылып жарытпай, Алматыны сілтідей тындырып келіп еді, рабочком боп шыға келді. Ұмытып қалармын, түртіп алайын.

Көзінде көзілдірігі бар Дыңқыш келеді.

Дыңқыш. Бастықты көрдің бе?

Шилау *(қағаздан басын алмай)*. Жоқ.

Д ы ң қ ы ш. Қилауды көрдің бе?

Ш и л а у. Жоқ.

Д ы ң қ ы ш *(мырс етіп)*. Е, бәсе, «ақ түйе көрдің бе десең жоқ» дейтіннің нағыз өзісің ғой.

Ш и л а у *(басын көтеріп)*. Шал, не деп тұрсың?

Д ы ң қ ы ш. Неғылайын деп едің? Оны да жазып алмақпысың?

Ш и л а у. Не істелді, не қойды, не айтылды, не айтылмады – бәрін түртіп алып, есептеп қою керек, шал.

Д ы ң қ ы ш. Бәрін есептеп қойғыш екенсің, менің осы «Ақжол» колхозында қанша істегенімді айтып берші.

Ш и л а у. «Ақжолыңыз» осы совхоз болмай тұрғандағы колхоз ғой?

Д ы ң қ ы ш. Ие. Осы өзіміздің бұрынғы колхоз.

Ш и л а у *(блокноттарын әрі-бері ақтарып, іздестіріп, ешнәрсе таба алмайды)*. Жоқ, сіз істемепсіз.

Д ы ң қ ы ш. Істемегені қалай? Шырағым-ау, біле білсең, мен осы колхозды қолдан құрған адаммын. Ал, сен істемепсің дейсің.

Ш и л а у. Менің блокнотыма жазылмаған. Значит, істеген жоқсыз.

Д ы ң қ ы ш *(күліп)*. Қайдан жазылады. Мен колхоз құрып жүрген кезде, блокнотың түгіл, өзің де жоқ болатынсың.

Ш и л а у. Блокнотта жоқ қой. Значит жоқ. Точка, сонан соң тағы точка.

Д ы ң қ ы ш. Жазатын нәрсені жазбай, есеп шатастырып жүрген сен сияқтылардың кесірі ғой мандайым тайқиып, тиісті пенсиямды ала алмай жүргенім.

Ш и л а у. Оған ешкім кінәлі емес, өзіңіз. Документ жинау керек шал. Документ.

Ысқырып әндетіп, шығып кетеді.

Д ы ң қ ы ш *(тістеніп)*. Мен документ жинағанда ғой, сен сияқты талай қағаз кеміргендердің басын жалмайтын едім... О, тоба, кейде пәле қумаймын десең де пәлеқор атанады екенсің ғой.

Қилау шығады.

Қ и л а у. Хал қалай, шал?

Д ы ң қ ы ш. Халдың несін сұрайсың, шырақ. Пенсиямды қуалап кірмеген тесігім, ашпаған есігім қалмады. Ештеңе өндіре алмай, әбден шаршадым.

Қ и л а у. Сонда не дейді? Не сұрайды?

Д ы ң қ ы ш. Құдайдың қайдағы жоқ, атам заманғы документтерін сұрайды. Колхоз боп тұрғанда документ жинау кімнің есінде болған.

Қ и л а у. Ие, документсіз ештеңе өнбейді. Пенсия аламын деп иегің қышымасын, шал. Факті керек, факті.

Д ы н қ ы ш. Ие, ие. Құтты өзің сиякты ана облыстағылар да «пақ, пақ» деп таңдайын тақ еткізеді.

Қ и л а у. Шал, пенсия алғың келе ме?

Д ы н қ ы ш. Алғым келмесе әуре болам ба?

Қ и л а у. Ендеше шұрқ етпе. Өзім әперемін. Көпейден стажыңыз, айлық табысыңыз туралы куәлік алып беремін. Шаруаңыз бір минутта тынады.

Д ы н қ ы ш. Олай десең, шаруам он жылда да тынбайтын болды. Көпей берсе жанын берер, бірақ куәлік бермес. Әбден түңілдім.

Қ и л а у. Шұрқ етпе, шал. Орталыққа бір жапырақ қағазды түртіп жіберші, куәлікке қосып қатынын да берсін.

Д ы н қ ы ш. Тай-құлындай тебісіп өскен замандасым... Оны жамандап қай төбеге шығам?

Қ и л а у. Қарайласпаған замандастың аты өшсін. Көпей куәлік бермеген соң, басқалар қайта сабап жібермепті.

Д ы н қ ы ш. Заң айтып әбден басымды қатырды. Қилау *(шап етіп)*. Заң айта ма? Во, сізге керегі сол. Заңды сіз де айтыңыз, кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс болар екен.

Д ы н қ ы ш. Олай болса алдынан тағы бір өтейін. Берсе берді, бермесе – оны да көрдік.

Қ и л а у. Шыға сап маған келіңіз. Арғы жолды өзім сілтеймін... Шалбарды қолмен емес, белбеумен ұстайды. Көпей соны ұмытпасын. Ал, қош. Мен сізді көрген жоқпын, сіз мені көрген жоқсыз.

Д ы н қ ы ш. Қош, шырақ. Мұны да бір сыналық. Мен сені көрген жоқпын, сен мені көрген жоқсың. *(Кетеді.)*

Қ и л а у. Қасқырды қасқыр жейді деуші еді Бейсекем. Дөкей келгенде мен бұларды біріне-бірін шоқпар қылайын. Сонда ғана, Қилауеке, бөлімше бастығы бола аласың. Бөлімше бастығы болсаң, оның ар жағында директорлық дегенің қол созым жерде тұрған жоқ па?!

Ұ л қ у д ы ң әні.

Махаббат қызға да бір, ұлға да бір
Қызықты қыр асырмай, қызғана біл.
Көзбенен көздегіні түсінбесе,
Махаббат қызға да ауыр, ұлға да ауыр.

Қ а й ы р м а с ы:

Аяулы жан құрдасым,
Қимас досым сырласым,
Маған бұрған жүрегің
Басқа жанға бұрмасын.

Батқан күн қайта туар күндегідей,
Жұлдызың қайта шығар түндегідей

Махаббат оты қайтса, көңіл суып,
Өмірің айдалада жүргеніндей.

Қайырмасы:

Аяулы жан құрдасым,
Қимас досым сырласым.
Маған бұрған жүрегің
Басқа жанға бұрмасын.

Қилау бой тасалап қалады. Артынша елбе-делбе болып, әбден ынтыққан Шилау кіреді.

Ш и л а у. Ұлқу... *(Іздейді, таба алмайды.)* Бұлақтай сыңғырлаған сөзіңнен айналдым, күндей жарқыраған көзіңнен айналдым, қауындай піскен өзіңнен айналдым... Айдай жарқыраған ақ тамағыңнан... махаббатыңның отына өртенген Төлегенмін мен, Қозы Көрпешпін, Кебекпін. Мен тіпті, Қобыландымын... Алпамыспын...

Ұ л қ у *(шыға келіп).* Сәлеметсіз бе, Алпамыс аға... Жо-жоқ, Қобыланды аға... Жо-жоқ, Қозы Көрпеш... *(Сықылықтап күледі.)*

Ш и л а у *(абдырап).* Мен Шилаумын, Ұлқу...

Ұ л қ у. Әлгінде ғана Қобыландымын деп тұр едіңіз ғой.

Ш и л а у. Шын ғашық басқаны былай қойғанда ит те болады екен, Ұлқужан...

Қилау *(басын қылтитып).* Ойдөйт деген... Мұның да осындайы бар екен ғой... Ой, Қобыландым...

Ұлқу *(күліп).* Ағай, сіз Қобыланды да, басқа да болмай-ақ, адам болсаңызшы.

Ш и л а у. Менің адам болу, болмауым өз қолында, Ұлқужан!

Ұ л қ у. Менің қолымда ма?.. Мына менің?

Ш и л а у. Иә, сенің... Алты жыл, төрт ай, сегіз күн отасқан әйелім қайтыс болғалы үш жыл, он ай... жеті... *(Күбірлеп санап.)* Жо-жоқ... тоғыз күн болыпты. Содан бері адам болудан қалдым. Күндіз-түні ойлайтыным бір сен.

Қ и л а у *(күйініп).* Адам деген әйелмен де өстіп сөйлесе ме... Бүрсейші... Умажда, умажда бас салып...

Ш и л а у. Жүдегенде де құрып барамын... Салмағым бұрын алпыс бес килограмм еді, ал қазір... *(Блокнотын алып, беттерін ашып іздеу сала бастайды.)* Ал, қазір... алпыс төрт килограмм 560 грамға түсіпті...

(Шилаудың сөзінің арасында Ұлқу кетіп қалады. Оның кеткенін Шилау байқамайды.)

Жардан құлағандай домалап барам. Қолымнан келсе, бар дүниені шулатар едім. Өтеміз де бұл дүниеден, Ұлқужан. *(Ұлқудың жоқтығын енді аңғарып, жан-жағына қарай берем дегенде, баспалап қарап тұрған Қилау байқатпай Шилаудың артынан келіп қолын оның иығына салады. Шилау оны Ұлқу деп қалады)* Ұлқу, Ұлқужан!

Қ и л а у *(басын шайқап).* Қояннан қоян туады, қасқыр тумайды деуші еді, рас екен.

Ш и л а у *(басы салбырап).* Рас екен.

Қ и л а у. Қыздан мұндай қорлық көргенше, өлгенің артық.

Ш и л а у *(жыламсырап, кетуге ыңғайланады).* Қош бол, Қилау, бақұл бол. Жаның ашыса, кейінірек барып көме саларсың.

Қ и л а у. Мынаның дені сау емес шығар...

Ш и л а у *(блокнотын алып).* Осы сөзінді түртіп алайыншы.

Қ и л а у *(күліп).* Ой, өлгелі тұрып түрткенді неғыласың?

Ш и л а у. Кім біледі, о дүниеге барғанда да керек боп жүретін шығар. *(Жаза бастайды.)*

Қ и л а у. Ауру қалса да әдет қалмайды деген, ә... Осы қызда шын ойын бар ма, айтшы?

Ш и л а у. Ойым түгіл тойым да бар.

Қ и л а у. Ендеше, шұрқ етпе. Өзімдікі болды дей бер. Бүркітше бүреміз, «шик» еткен даусы да шыкпай қалсын.

Ш и л а у. Қалайша, ағатай?

Қ и л а у. Он-оңай. Қыздың билігі әке-шешесінің қолында. Әкесіне жақсақ болды.

Ш и л а у. Бәрі дұрыс-ау. Бірақ, қалай жағынам?

Қ и л а у. Оп-оңай. Шешесін газетке жазбақшы болып тілшілер келе жатыр. Сүтті артық сауды деп ақпар бер. Мақтасаң тымағын қоқитпайтын қазақты көрген емеспін. Әкесінің аузын... сөйтіп майла.

Ш и л а у *(ойланып).* Мұның дұрыс-ау... Бірақ сезіліп қалса?..

Қ и л а у. Шұрқ етпе! Құдықтың суына құдайым ден-саулық берсін, қоса сауамыз.

Ш и л а у *(әлде де қорқып).* Сонда да болса қиын-ау...

Қ и л а у. Көпей тұрғанда құдайдан да қорықпа. Әйелін мақтағанды қай еркек жек көреді.

Ш и л а у *(қуанышты).* О... Нағыз ақыл... Түртіп алайын. *(Қағазын алып, сәл ойланып, айниды.)* Жоқ, мұндайды түртуге болмайды.

Қ и л а у (күліп). Неге? Түртіп ал.

Ш и л а у. Өзгенікін түртуге болар еді. Бұл – өзімдікі.

Қ и л а у. О, құдай атсын сені, құдай атқыр. Түртемін деп жүріп үркітіп алма Ұлқуды. *(Нығыздай сөйлеп.)* Қыздың билігі әкесінде, білдің бе, әкесінде.

Ш и л а у. Білгенде әбден білдім... *(Далаға көзі түсіп, үркіп кетеді.)* Ойбай, Базаркүл келе жатыр. Енді қайттім?...

Қ и л а у. Базаркүлің кім? Кәдімгі өзіміздің Базаркүл ме?

Ш и л а у. Сол. Қыр соңымнан қалмаған бір бәле болды... Енді қайда тығылам? Ағатай, қалай құтылам? Ақыл берші, састым ғой.

Қ и л а у. Бұл шын сөзің бе?

Ш и л а у. Ит болайын, шошқа, доңыз, мысық болайын.

Қ и л а у. Ендеше, шұрқ етпе. Өзім құткарып берем. Сен бара бер.

Ш и л а у. Құп, құп... Ағатай, ендігісін өзің біл...

(Асығып-үсігіп кетеді. Білекті сыбанып жұлқынып Базаркүл шығады.)

Б а з а р к ү л. Әлгі Шилау сұмырайды көрдің бе?

Қ и л а у *(күліп)*. Бір бөлімшенің дырдай есепшісін қалайша сұмырай дейсің?

Б а з а р к ү л. Сұмырай демек түгіл суға тұншықтырып өлтірейін... Көрдің бе!

Қ и л а у. Көргеннен бір нәрсе түсетін болса, көрдік.

Б а з а р к ү л. Бәлдене бермей айтсайшы, қайда кетті?

Қ и л а у *(жан-жақты нұсқап)*. Осылай қарай ма... Әлде былай қарай ма еді... Әйтеуір оңаша жер іздеп кетті.

Б а з а р к ү л *(күдіктеніп)*. Оңаша?

Қ и л а у. Бір қуыршақты қолтыққа алған еркек қандай жер іздеуші еді?

Б а з а р к ү л *(тістеніп)*. Солай ма!... Бәсе, қуаласам да кетпейтін неме жалынсам да жоламайтын боп алды. Бір кәкір бар екенін біліп ем-ау, білгенмін... Қайда кетті, айтшы маған, үстерінен түсіп, тауықтай жұлайын.

Қ и л а у. Менің тілімді алсаң жолама. Ауылыңды таба алмай қаласың.

Б а з а р к ү л. Мен бе?.. Мен бе?.. Ондай ауылға шетінен от қойып, күлін желге суырайын... Тек кіммен кеткенін айтшы.

Қ и л а у *(сыбырлап)*. Көпейдің қызымен, Көпейдің Ұлқуымен.

Б а з а р к ү л *(тістеніп)*. Солай ма... Ұры алыстан келді ме десем, іргемнен түскен екен ғой. Біреудің иемденіп жүрген адамын тартып алатын қыздың әуселесін көрейін. Ауылды кім таба алмай қалар екен, қара да тұр.

Қ и л а у. Ол – Көпейдің қызы. Абайла.

Б а з а р к ү л. Көпейдің қызы болмақ түгіл, Дөкейдің қызы болса да, қайда кетті, айтшы тек?

Қ и л а у. Некелеп алған заңды байың емес, айқайыңа төзе ала ма сенің?

Б а з а р к ү л. Некелеп алмасам да, ноқталап алғам. Көзім тірі тұрғанда, алдырмаймын басқаны. Өзім де ешкімге тимеймін.

Қ и л а у *(сыртқа)*. О, сорлы, басқа сені неғылсын... *(Базаркүлге)*. Менің тілімді алсаң, айтыспа. Көпей қалай десең де бастық. Соның дегені болады.

Б а з а р к ү л. Айтысқанда да орысша айтысармын мен. Тек үстінен түсірші. Өз көзіммен көрейін.

Қ и л а у. Ендеше шұрқ етпе. Бүгінше үйіне қайт, ертең дәл осы уақытта осы жерге келе ғой, дәл төбесінен түсірейін.

Базаркүл. Е, құдай, ертеңінді ертерек әкел. Үстерінен түсейін де, жалғыз қызына ие бола алмай жүрген Көпей, Көпей болмақ түгіл дөкей болса да, шаңырағын ортасына түсірейін. Ертеңінді ертерек әкел, құдай...

(Сахна айналады.)

Базаркүлдің әні.

Опалансақ біздің де әріміз бар,
Айналдырар бір еркек әліміз бар.
Сүйгеніңді тартып ап пәле болды-ау,
Осындағы жел аяқ кәрі қыздар.

Қайырмасы:

Батыр десе батырмыз,
Бажылдауға жақынбыз.
Жаман шалдан айырылып
Үйде жалғыз жатырмыз.
Ешкі басым Шилауым,
Аз болды ма сыйлауым!
Местей әйел тұрғанда,
Қыз іздеген милауым!

Еркек деген әйелден биік екен,
Әйел сөзі қайтсе де сұйық екен.
Қолда барда алтынның қадірі жоқ,
Жар болмаса біздерге қиын екен.

Қайырмасы:

Батыр десе батырмыз,
Бажылдауға жақынбыз.
Жаман шалдан айырылып,
Үйде жалғыз жатырмыз.
Ешкі басым Шилауым,
Аз болды ма сыйлауым!
Местей әйел тұрғанда,
Қыз іздеген милауым!

Шымылдық.

Екінші сурет

Көпей мен Шилау отыратын кабинет. Көпей кабинеттегі мүліктерді ақтара қарап, бұрқылдап сөйлеп жүр.

К ө п е й. Кабинет болған соң, кабинеттің де шамалы приличный болғаны жөн. Мынау не?.. Анғал-саңғал...ішіндегі мүлкін біреу көшіріп әкеткендей боп-бос... Столы стол емес, құдай біледі мынандай орындыққа мен түгіл сиыр да отырмас.

Ш и л а у. Сіз түгіл талай-талай есектер де отырып кеткен.

К ө п е й *(тапырақтап)*. О не дегенің?

Ш и л а у. Сізден бұрынғы бастықтарды айтам. Не бір айғыр, есек, өгіз бастықтарды көрдік қой.

К ө п е й. Кәпір-ай, теңеуің жаман екен!..

Ш и л а у. Есекті қанша сипасаң да, бәрібір есек күйі қалады.

К ө п е й. Ойпырмай, саған сөз шақ келмес. Бүгіннен бастап мына столдың жабуын өзгерт, графин қойдыр, қоңырау орнаттыр.

Ш и л а у. Есігіңіз көшеге шығады, қоңырауды далаға орнатамыз ба?

К ө п е й *(есіне түсіп)*. Солай екен-ау... Қайда орнатсаң сонда орнат, не орнатсаң соны орнат. Әйтеуір жөндеші кабинетті... Ойбай-ау, дөкейлер фермадан бұрын ең алдымен кабинетті сынайды. Алақандарына түкіріп келе жатқан шығар ылғи қызыл көздер.

Ш и л а у Тоқтаңыз, түртіп алайын.

К ө п е й *(сескеніп)*. Осы түрткен сайын жүрегімнің бір жұмсақ жері бүлкілдей бастайды. Әй, нені түртпексің? «Қызыл көз» дегенді ме?

Ш и л а у. Жоқ, Ол сөзіңіз бұрыннан жазулы.

К ө п е й. Енді неменені?

Ш и л а у *(ежіктеп)*. Столға жабу керек. Графин, стакан, қоңырау...

(Осы кезде Дыңқыш кіреді, Шилау мен Көпей оны жақтырмай теріс айналып кетеді.)

Д ы ң қ ы ш. Ассалаумағаләйкүм!

Ш и л а у *(Дыңқышты нұсқап)*. Қоңырау орнатпасаңыз көретін күніңіз осы. Кім көрінген баса көктеп кіріп келеді.

Д ы ң қ ы ш. Әй, бала, мен қашаннан бері саған «кім көрінген» болдым?

Ш и л а у. Совхоздың жұмысына жарамай қалғанның бәрі адам санатынан шығарылады.

Д ы ң қ ы ш. Санаттан шығарсаң шығар, бірақ, жарқыным, пенсиямды алып берші.

Ш и л а у. Пенсия алып беретін мені бір дөкей дейсіз бе? Келе жатыр ғой, әне ылғи дөкейлер, айтыңыз соларға арызды. *(Бұл сөз Көпейге ұнамай қалады.)*

Көпей *(өзіне-өзі)*. Іріген ауыздан шіріген сөз шығуын қарашы!

Дынқыш. Солардың келетінін естіп, әдейі келіп тұрмын. *(Көпейге.)* Маған не анықтама бер, не тұрысатын жеріңді айт.

Көпей. Жау жағадан алғанда ит етектен тартады деуші еді. Дөкей келмек түгіл құдай келсе де, бермеймін справка.

Дынқыш. Неге? Әлде менің колхозда істегеніме сенбейсің бе?

Көпей. Сенем, білем. Бірақ бір нәрсеге арқа сүйеп беретін документ жоқ. Колхоздан қалған қағаздар тоз-тоз боп жыртылып кеткен. Облыста отырғандар справканы неге сүйеніп бердің десе, не айтамын? Қартайған шағымда алдай алмаймын үкіметті...

Дынқыш *(ашуға мініп)*. Олай болса, түс алдыма!

Көпей. Қайда?

Дынқыш. Облыска барамыз. Әлгі сөзіңді солардың алдында айтасың.

Көпей *(қомпаңдап)*. Барайын, барайын... Облыс емес, Алматыға дейін барайын. (Ойланып.) Түсінсейші Дыңқыш, өтірік справка берсем мені қызметтен қуады. Қызметтен қуылсам, пенсиядан да қағылам. Өзің алмағанынмен қоймай мені де құр алақан қалдырып қарамай қаптыру ма сондағы ойын?

Дынқыш. Шыдай-шыдай өлдім ғой, түге. Анықтама орнына өзіңді еткізем Облсобеске.

Шилау. Мына сөзді түртіп алайын. *(Жаза бастайды.)*

Дынқыш *(блокнотын жұлып алып)*. Осы сен түрткілегеніңді қоясың ба, жоқ па? Отырған жеріңде мойыныңды торғайдың мойнындай жұлып алайын ба?

Көпей *(Дыңқышқа)*. Саған бүгін бір нәрсенің салқыны тиген шығар... Бұл жер – кеңсе. Неменеге даурығасың?!

Дынқыш. Бұл әлі даурыққан ба? Даурыққанның көкесін көрерсің әлі... Келсін осыдан дөкейлер.

Көпей *(қорқып)*. Әне, бұлар өстеді енді... Кит етсе корқыта бастайды.

Дынқыш. Ендеше бер анықтамаңды!

Көпей. Ойпырым-ай, мынаның алқымнан алуын-ай, ә... Сен түсінсейші, ей... Мен де пенсиядан қағылам дедім ғой.

Дынқыш *(тыңдамай)*. Жетті енді. Алдыңнан өттім. Маған енді өкпен жоқ шығар. *(Кетеді. Іле қайта кіріп.)* Сендер мені кетіп қалды деп тұрсыңдар ғой.

Көпей *(сылқ отырып)*. Бәсе-ау, бүгін түсімде қатыныммен құшақтасып жүр едім-ау. Түсіме қатын кірді дегенше дұшпанға жолығам... Қап, мына Дынқыштың қылығы-ай, «тышқан да батыр» дегендей, дөкей келеді дегенге дандайсып есігімнің алдында ат ойнатты ғой...

Шилау. Келісу керек еді. Бір нәрсе деп қоқытып жүрмесін...

Көпей *(жыларман болып)*. Қоқытады, қоқытады... Түсімде қатын көргенім рас болса, бір қырсық айналдырады, Шилау.

Шилау. Көпе, қорықпаңыз. Бәрін өзім жайластырам.

Көпей *(қуанып)*. Е, шырағым, сөйтші. Баскадан бұрын мені ана елтірі дауынан құтқаршы. Есебі қолында ғой, шырағым.

Шилау. Жоқ, құтқарам дегенде... мен де түс көріп ем, соны айтпақпын ғой!

Көпей *(шошынып)*. Сенің түсіне де әйел еніп жүр ме сонда?

Шилау. Жоқ... Үлкен бір шаһардың ішінде жүр екенмін деймін. Бір уақытта аспанға қарасам, ғажап сұлу құс төбемді біраз айналып жүрді де, әлден уақытта құлдилай келіп тас төбеме қона кетті...

Көпей *(өзеуреп)*. Қона кетті ме?

Шилау. Қона кетті.

Көпей. Ендеше құдай берді де. Үйленесің.

Шилау *(қуанышты)*. Айтқаныңыз келсін, Көке. *(Күйеу бала болам деген дәме.)*

Көпей. Базаркүлді аласың. Ауыз бірліктерің жарасады.

Шилау *(шошып)*. Базаркүлді алам ба?

Көпей. Әрине. Енді кім деп едің?

Шилау *(сылқ отырып)*. Ендеше, құдай берді емес, құдай ұрды деңіз. Бәсе, төбеме қонған құс қанды тырнағымен шеңгелдеп бүріп еді-ау.

Көпей. Бір есепті үйленбегенің де жақсы-ау. Аюдай ақырған біреуіне жолықсаң абақтыға түстім дей бер. Жүгіріп Ұлқу келеді. Қолында шляпа.

Ұлқу. Папа... Папа... Киіп көрші, дүкеншіге зорға таптырып алдым.

Шилау *(орнынан тұрып)*. Сәлеметсіз бе!

Ұлқу. Сәлеметсіз бе?!

Көпей *(шляпаны киіп көріп)*. Мынауың үлкендеу сияқты... Размері нешінші?

Ұлқу. Алпыс.

Көпей. Мен де 60 киетін едім... Сонда немене қартайған сайын басымның кішірейіп бара жатқаны ма?

Ұлқу. Мен барып ақшасын төлейін. *(Жүгіріп шығып кетеді. Асыға-аптыға Қилау келеді.)*

Қилау. Жаңа ғана тазарткан көшені қарашы, тағы да былғанды. Көк түйнек келгір тауықтар қарап жүрмейді, ағызып жүреді екен.

Көпей. Неғылсаң да өзің біл, Қилау. Маған десең қырып таста. Қолыңнан қақпаймын.

Қилау. Қайда барсаң да қара құрттай өріп жүрген бір тауық. Қайсы бірін қырып тауысасың.

Ш и л а у. Жоқ, онша көп емес. Мен сіздерге точный айтайын, *(блокнотын алып қарап)* бұл ауылда 237 мекиен, 56 қораз бар.

Қ и л а у. 56? Қашанғы есеп?

Ш и л а у. Екінші жарты жылдың есебі. То есть, бірінші январьға дейінгі есеп.

Қ и л а у *(басын шайқап)*. Мынаған дауа жоқ шығар... *(Шилауға бұрылып)*. Ал жүр екеуміз әлгі 237 тауықтың қаматқанын қаматып, қаматпағанының басын аламыз.

Ш и л а у. 237 тауықтың 56 қоразы тағы барын ұмытып кеттің... *(Иығын қиқаң еткізіп.)* Сонсоң тауықтарда менің шаруам жоқ. Ол иттерді қаматам деп жүргенде көзінді шұқып алар.

Қ и л а у. Көзінді шұқымақ түгіл өзінді шұқып алса да, Көпең айтса – бітті. *(Оңаша шығарып.)* Атаңның тілін алмайтын неғылған тентек күйеусің...

Ш и л а у *(сасқалақтап)*. Оу,.. оу... Асатпай жатып...

Қ и л а у. Шұрқ етпе. Құсты қолыңа қондырамын.

Ш и л а у. Олай болса, жан пида... Жүр, қамамақ түгіл бауыздап берейін.

К ө п е й. Қилау, басқаларын реттедің ғой?

Қ и л а у. Көпе, шұрқ етпеңіз. Бәрі дайын. Көше сыпырылды, клуб тазартылды, қоралар жөнделді. Бүгін кешке дейін тауықтарды қаматамыз, қабаған иттерді байлатамыз.

К ө п е й. Әйтеуір, бар сенгенім өзіңсің. Құдай тағала сені жеткізгенін қарасайшы.

Жүріңдер, көше тазалығын тағы бір қарап, аралап шығайық.

Ұ л қ у ә н і «Көңілді көше».

(Бұл ән үстінде Көпей, Шилау, Қилау қолдарына сыпырғыш алып сахнаға шығады. Көше сыпырған имитация жасайды).

Көше көркі көк терек
Сыбырласып тұратын.
Көше көркі көк сәуле
Жымыңдасып тұратын.
Көше көркі бозбала
Арманым деп аңсаған.
Көше көркі кемпір-шал
Жастық-ай деп тамсанған. (2 рет)

Көше көркі қыз-бала
Қызыл-жасыл киінген.
Көше көркі жеңгейлер
Әзіліңе сүйінген.
Көше көркі бозбала
Арманым деп аңсаған.

Көше көркі кемпір-шал
Жастық-ай деп тамсанған. (2 рет)

Көше көркі той-думан
Келін түскен, қыз берген
Біздің ауыл бүгінде
Осындай боп өзгерген.
Көше көркі бозбала
Арманым деп аңсаған.
Көше көркі кемпір-шал
Жастық-ай деп тамсанған. (2 рет)

Сахна айналады, дуниені тындырғандай Көпейлер кіреді. Телефон шылдырлайды.

Көпей *(шошып).* Жайсыз уақытта бұл кім болды?

Қилау. Жайсыз ба екен, сағат он екі.

Шилау *(түзетіп).* Он минуты кем он екі.

Қилау. Жиырма минуты кем болса да он екі.

Көпей. Осы звандап тұрған дөкейлердің бірі шығар. Телефонды сен алшы.

Қилау. Көпе, қорықпаңыз, қасыңызда біз бармыз. Өзіңіз сөйлесіңіз.

Көпей. Жарайды, өзім-ақ сөйлесейін. Әйтеуір ағаларыңды шырылдатып ұстап бермесендер болғаны... *(Трубканы алып.)* Алле... Я, я... «Жаңа жол» совхозының төртінші бөлімшесі... Бұл кім? *(Көзі ақшиып кетеді.)* Кім, кім?.. *(Қасындағыларға.)* Құдай ұрды, ауданнан... *(Трубкаға.)* Я, я, тыңдап тұрмын... Бұл ма?... Бұл... бұл... *(Шилауды түртіп.)* Әй менің фамилиям кім еді осы?

Шилау *(ол да сасып қалып).* Кім еді? Өй, әлгі иттің баласын... Қап! *(Блокнотын ақтара бастайды).*

Қилау. Сұрап тұрғаныңыз кімнің фамилиясы?

Көпей. Ой, сволочь, менің... (Трубкаға.) Бұл – Көпей Бапалаков қой... Ие, ие, келетінін есіттік. Дайындалып жатырмыз. Хал ма? Хал... енді... жаман емес сияқты... Ет пе? Ет...

Шилау. 102 процент.

Көпей. 102 процент. Ие, 102. Тағы да тапсырамыз. Ерегістірсе тауықтарды да тапсырамыз. Сүт пе? Сүт...

Шилау. 103 процент.

Көпей. 103 процент. Ие, ие. Озат сауыншыларымыз да бар. Кімдер дейсіз бе?... Со бәлелер кімдер еді өзі...

Шилау. Бапалакова Мариям.

Көпей. Бапалакова. *(Ыршып, Шилауға бұрылып.)* Ой, ол сауыншы емес, менің әйелім ғой.

Ш и л а у *(блокнотына қарап).* Сізге қашан әйел болғанын білмеймін, сауыншы болғанына төрт жыл.

К ө п е й *(трубкаға).* Қазір, қазір... *(Шилауға.)* Ой, мен өз әйелімді калай мақтамақпын?

Қ и л а у. Мақтауға сыйса мақтау керек әйелді, Көпе, сіз бүлдіреді екенсіз. Бері әкеліңіз телефонды.

К ө п е й. Өй, өй... *(Трубканы бермей тырысады, бірақ Қилау қоймай алады.)* Жарайды, бүліне қалса жауапты өзің бересің. Мына Шилау куә.

Ш и л а у. Мен куә, Көпе.

Қ и л а у *(трубканы басып, Көпейдің даусына салып өтірік сөйлеседі).* Бөлімшедегі маңдай алды сауыншылардың бірі – Бапалақова Мариям. Ие, ие, Бапалақова. Көрсеткіші дейсіз бе?..

Ш и л а у. Әр сиырдан жылына үш мың литр.

Қ и л а у. Әр сиырдан жылына үш мың екі жүз елу жеті литр сүт сауады... Ие, ие...

К ө п е й. Өй, өсіріп жібердің ғой. *(Шилауға.)* Екі мың литр деп жүрген жоқ па едік?

Ш и л а у. Ол қате екен.

К ө п е й. Әйтеуір томпақ болып жүрмесін...

Қ и л а у. Представление жасау керек пе? Наградқа?... Пожалуста. *(Қасындағыларға.)* Орденге ұсыну керек деп жатыр... *(Трубкаға.)* Тап қазір жазамыз. Жарайды, жарайды...

К ө п е й. Бұл бір қызық іс болды-ау... Әкелші, өзім сөйлесейін.

Ш и л а у. Көпе... *(Ол Қилаудың телефон құлағын қолымен басып, трубкаға өтірік сөйлегенін сезіп тұр).*

Қ и л а у. Дөкейлерді күтіп алудың бар қамын істедік. Ие, ие... Тауықтарды қаматып, иттерді байлату қана қалды. Ол жұмысқа Көпең екеуміз... *(Басып қалып, тез жөнделіп.)* О-э-м.. Шилау екеуміз тап қазір шыққалы тұрмыз.

К ө п е й. Құртты-ау, мынау құртты-ау... Өлді деген осы...

Қ и л а у *(трубканы қойып).* Тірілді деген осы. Жеңгеміздің ыржанайы көтерілгелі тұр. Шұрқ етпеңіз, Көпе.

К ө п е й *(бетін қолымен басып).* Мен жоқпын, өлген адаммын, білгендеріңді істей беріңдер.

Қ и л а у *(Шилауға).* Қағаздарды дайында.

Ш и л а у *(лып етіп).* Дайын. *(Қағаз береді.)*

К ө п е й. Ойпырым-ай, көз ілеспей қалды ғой тіпті.

Қ и л а у. Заман солай, Көпе. Қармақ қауып тұрғанда карпып қалу керек.

К ө п е й *(Шилауға).* Сен, бала, әлгі ақпарды анықтап тексердің бе?

Ш и л а у. Бір емес, он тексердім.

К ө п е й. Уһ, аздап жан кірейін деді-ау...

Қ и л а у. Әлгі Дыңқыш шалға жолықтым. Дөкейлерге Көпей жоғалтқан қаракүлдерді де айтам деп жүр.

К ө п е й *(шошып)*. Ойбай, тағы не дейді?... Қилаужан, жүгір, ұста, қайыр бетін пәленің.

Қ и л а у. Көпе, шұрқ етпеңіз. Ол жағын да тындырдым.

К ө п е й. Уһ, Қилаужан-ай, қадіріңді білмейді екенбіз, адам емес, алтын екенсің ғой... Жүр, ендеше әлгі тауықтарды қаматайық. Әлгі жоғалған елтірілер тауық күркесінде тығулы жатпасына кім кепіл.

(Ол бастап шығып кетеді, шляпасы ұмыт қалады. Қилау қуалай барып, тоқтап, шеткерірек шығады).

Қ и л а у. Дыңқыштың арызы мынау... Қатыныңды мақтап берген өтірік ақпарың мынау... Екі қолымда екі сойыл тұр, екеуін бірдей сілтесем, жағдайың не болар екен, Көпе?!

(Сахна айналады. Қилау әні.)

Өмірдің бір қызығы шағыстырған,
Біреуді біреуге айдап қағыстырған.
Бірін-бірі жұлып жеп жатқан шақта,
Қызық көріп мәз болып алыс тұрған.

Қ а й ы р м а с ы:

Бірің адам, бірің мал
Тіресіндер текеше,
Бірің өліп бірің қал
Менің шаруам жекеше.

Шатақ десе шайтандай қақаңдаймын
Қанша айтсам да өсекті қақалмаймын.
Тыныш жүру тентекке машақат қой,
Біреулерді бұзбасам жата алмаймын.

Қ а й ы р м а с ы.

(Үзілісті осы жерде жасауға болады).

Ш и л а у. Көпе, уа, Көпе... Ұзап кетіпті... Семірген шелпегін аспанға атады деуші еді. Әйелін мақтаған соң Көпең шляпасын да тастап кетті-ау... О, жарықтық Көпем... *(Шляпаны олай-былай құбылтып киіп одырая қаранады...)* Ал, маған жарасса керек қой?! Қап, айнаның болмауын-ай. Осылай кисем, құдай біледі, құйып қойғандай болатын-ақ шығар... *(Әндетіп.)*

Алатаудың ақбасы көк аспанға екі-ақ елі жетпей тұр.
Былқылдаған сұлу қыз көкейімнен кетпей тұр.
Көкейімнен Ұлқужан кетпей тұр-ау, кетпей тұр...

Кәні, Шилау, көшеге шықшы, талтаңдашы... Жалғанды жалпағынан басып, сүрші дәуренді... «Мынау келе жатқан Шилау, пәленбай деген совхоздың бас бухгалтері» деп қолдарын шошайтатын болсын... Ал, сен келе жатсаң кердеңдеп... Уа шіркін, сұлулығың жұрттың бәрін таңдандырып не бір Қыз-Жібек, Баян сұлу, Айман-Шолпан, Ақтоқтылар қоғадай жапырылып құлап, естерін жия алмай талып жатса... Ал, мен... *(Одырайып, қоқиланып.)* Біреуін де ұнатпай, шетінен отказ беріп... Осы кезде... *(Армандай сөйлеп.)* Осы кезде... тал шыбықтай бұралып Ұлқу келсе... есімнен танып мен тұрсам... Сүйріктей саусақтары мойыныма оралып, мен болсам аш белінен құшақтап, сонан соң біртіндеп жоғарылап бара жатса... О, Ұлқужан... *(Осы кезде дәл қарсы алдынан Ұлқу кіріп, оның мына түрін көріп таң қалып тоқтап қалады).*

Ұ л қ у. Оу, неғып тұрсыз?

Ш и л а у *(қолын көкірегіне қысып, көзін жұмып).* Түс көріп тұрмын... Мен бір ғажап түс көріп тұрмын, Ұлқужан.

Ұ л қ у. Папам қайда?

Ш и л а у. Мен ғажап түс көрмей тұрған кезімде Қилау екеуі шығып кеткен.

Ұ л қ у. Оу, шляпаны қалай киіп алғансыз... өстіп те кие ме? Бері әкеліңіз... *(Жөндеп кигізе бастайды.)* Қорқақ болып бара жатырсыз ба деймін?!

Ш и л а у. Мен батыл болып көрген жоқпын...

Ұ л қ у *(шляпаны айналдырып).* Міне, енді джентельмен болдыңыз...

Шляпамен айнылысып, Шилауға тақалып тұрған Ұлқуды терезеден Базаркүл көріп қояды.

Б а з а р к ү л. Бетім-ау, міне, міне... Өсек расқа айналды. *(Жоғалып кетеді.)*

Ұ л қ у *(күліп).* Көшеге шығыңызшы, қыз-келіншектер қоғадай жапырылсын...

Ш и л а у *(жалын ата).* Ұлқужан!.. *(Ол құшақтағысы келеді, Ұлқу сықылықтай күліп, шыға жөнеледі.)* Ұл-қу... Ұлқужан! *(Есіктен шыға бермек болған Шилау нақ босағада Базаркүлмен соқтығысып қалады.)*

Ш и л а у (тұтығып). Ә... Ә...

Б а з а р к ү л *(төніп).* Қолға түстің бе, найсап?!

Ш и л а у *(шегіншектеп).* Аулақ, аулақ!

Б а з а р к ү л. Кімге «аулақ» дейсің, а!... Кімге?.. Кеше ғана аяғыма жығылушы едің, қызбен келіскен соң, жеріниіп қалдың ба?

Ш и л а у. Мен сені білмеймін... Көрген емеспін...

Базаркүл *(білегін сыбанып)*. Мені ме... Мені көрген жоксын ба?

Шилау (қорқып). Көрсем көрген шығармын, ұмытып қалыппын.

Базаркүл. Сен, мүмкін, аламын деп ант су ішкеніңді де ұмытып қалған шығарсың.

Шилау. Ойнап айтқам... Ішкен кезде адам не демейді!

Базаркүл. Байымнан да ойнап жүріп ажыраткан шығарсың.

Шилау. Мен бе екен ажыратқан?.. Бір байың сенен қашты, біреуінен өзің қаштың...

Базаркүл. Арағымды ішіп, оп-оңай құтыламын деп тұрсың ғой...

Шилау. Менен де саған аз өткен жоқ. Менде бәрі жазулы... *(Блокнотқа жармасады.)* Сенің саудагер екенің де жазулы.

Базаркүл. Ә-ә, солай ма?... Жазып жүр екенсің ғой... Жарайды, мен де жазайын... Қағазға емес, шие жегендей ғып, бет-аузыңа жазайын. Ол тұра ұмтылады, Шилау столды айналып қашады.

Шилау. Ойбай, арағыңды төлейін. Үш есе ғып төлейін...

Базаркүл. Қанжығама байлап әкетем... Осыдан қыңқ деп көрші, бір-ақ мытып бық еткізіп жыныңды шығарайын... Жүр үйге. Бүгіннен бастап үйіме көшесің!

Шилау *(безектеп)*. Бармаймын дегесін бармаймын... Басқа адаммен уәдем бар.

Базаркүл. Басқа адамың Көпейдің қызы ғой. Қызшылын жаманның... Әйел атаулыдан бездіріп жіберейін!

Шилау *(бажылдап)*. Безбеймін... Безе алмаймын... Ғашықпын...

Базаркүл. «Ғашықпын?»... Мә, саған «ғашық»... Ол сия дәуітпен жіберіп ұрмақшы болғанда, Шилау столдың ар жағына тұра қалады. Базаркүл ұра алмай біраз әуре болады. Осы кезде ішке Қилау кіреді.

Қилау *(сөйлей кіріп)*. Ойпырым-ай, бұл ауылда ит дегенің бықып жүр екен ғой. Бес жүз бар шығар.

Шилау *(столдың тасасынан)*. Тұп-тура 92 ит, 64 күшік бар.

Қилау. Оу, Шилаумысың?.. Қайдасың-ей? Бұл ауылдың итін де санап қойғансың ба?..

Базаркүл. Шилау жоқ.

Шилау. Бармын. Мен мұнда. Тасадан шыққысы келген Шилауды Базаркүл жасқантып, қайта қуып тығады.

Базаркүл. Шилау жоқ дедім ғой. Жоқ.

Шилау. Ойбай, жоқпын.

Қилау *(күліп)*. Ойпырым-ай, талай қуғынды көріп едім, бірақ бүйтіп қуысқа тыққанды көрсем көзім шықсын. Базеке, араша, араша.

Шилаудың қашып шығуына көмектеседі.

Базаркүл. Оған жақтасып әдейі шақырдың ғой... Бірақ тоқта... Осыдан Шилау жоламай кетсін, жоламай кетсе бар ғой, тап сенің етегіннен ұстаймын.

Килау *(күліп)*. Етегімнен ұстап, кай бір напақа табам дейсің. Жүз аунатсаң да бір құмалақ түспейді менен.

Базаркүл. Кісісіне жолықпай жүр екенсің... Бірін емес, мынын түсіремін... Тек, Шилау, құтылсын де...

Килау. Көпей тірі тұрғанда құтылып та кетуі мүмкін.

Базаркүл. Құтылмайды... Әлгінде ұстап алдым. Дәл осы жерде Көпейдің қызымен шөпілдесіп сүйісіп тұр екен...

Килау *(өтірік таң қалып)*. Дәл осы жерде ме?.. Базаркүл. Дәл осы жерде.

Килау. Сонда әкесінің кабинеті қызының оңаша сүйісетін жері болғаны ма?

Базаркүл. Ие, ие солай.

Килау. Масқара... Оңаша жолығуларына да жағдай жасап жүрген Көпейдің өзі болды ғой?

Базаркүл. Сол, сол...

Килау. Олай болса, аянатын түк жоқ. Алдымен Көпейді құрт. Көпейді құртсаң қызы өзінен өзі-ақ құриды. Сонда Шилау шұлғау болып өзіне қалады.

Базаркүл. Сөйтейін... Байымды аздырды деп дөкейлерге арыз берейін... Бір жапырақ қағаз жазып бере қойшы.

Килау. Шұрқ етпе, Базеке. Қағазың дайын. *(Қалтасынан қағаз алып.)* Тек қол қойсаң болды.

(Базаркүл кетеді.)

Килау. Ал, Көпе тағы бір сойыл қосылды. Сақтан енді. *(Өлең айтады да кетеді.)*

Өмірдің бір қызығы шағыстырған,
Біреуді біреуге айдап қағыстырған.
Бірін-бірі жұлып жеп жатқан шақта,
Қызық көріп мәз болып алыс тұрған.

Қайырмасы:

Бірің адам, бірің мал
Тіресіндер текеше,
Бірің өліп бірің қал
Менің шаруам жекеше.

Шатақ десе шайтандай қақаңдаймын
Қанша айтсам да өсекті қақалмаймын.
Тыныш жүру тентекке машақат қой,
Біреулерді бұзбасам жата алмаймын.

Қайырмасы.

Үшінші сурет

Көпейдің үйі. Көпей сәнді киінген, алжапқышы бар. Столға ас әзірлеп жүреді. Гүл әкеледі. Оны Қилау жаратпайды. Гүлді өзінше басқа жерге қояды.

Көпей. Дөкей мына жерге отырады.

Қилау *(гүлді ортаға қойып).* Жоқ, мына жерге отырады. Айталық дөкей келеді. *(Тысқа шығып маңғазданып келеді.)*

Көпей. Сәлеметсіз бе? Төрлетіңіз, мына жерге отырыңыз.

Қилау. Дөкей мына жерге, сіз ана жерге, мен мұнда отырам. Дөкей ортада, екеуміз екі жағынан былай ет асатамыз. *(Көпей мәз болып бұған күледі. Мариям кіреді.)*

Мариям. Жүрген жеріңді у-шу ғып, базар қыласың да жүресің-ау!

Көпей. Неғыппын сондай-ақ!

Мариям. Әлгіде Бөсербайдың тауығын қуып кетіпсің, кемпірі ойбайлап ауылды басына көтеріп жатыр.

Қилау. Ондай кемпірдің өзін де қамау керек еді.

Көпей. Кемпірлердің бүгінгі істегені ме?! *(Тістеніп.)* Тұра тұр, осыдан дөкейлер келіп кетсін. Бұл кемпірлерді мен детдомға өткізеді екенмін.

Мариям *(күйіп-пісіп).* Не дерсің бұған, не дерсің?.. Бара-бара бала болуға айналды ғой...

Көпей. Әр бәтшағардың қорасынан ондап қара тауық өріп шығады, балапанды өздері басып шығара ма, қайдам, шиқылдаған шөжеден аяқ алып жүре алмайсың.

Қилау. Көпе, шынында да осы кемпірлер мәселесін шешіп алу керек еді. Өздері көбейіп барады.

Мариям. Көбеймей... қырасыңдар ма енді?

Көпей. Шынында да басты қатырды. Әсіресе Дыңқыштың кемпірінің бүгінгі істегені ме... Дыңқыш болмақ түгіл... *(Осы кезде үйге Базаркүл кіреді. Әр қуыстан біреуді қарап іздеп жүр.)*

Мариям. Жарқыным-ау, не іздейсің? Айтсайшы, тауып берейік.

Базаркүл. Өзім-ақ тауып аламын. Жеті қабат жер астына кірсе де қоймаймын.

(Ол ортадағы столды итеріп жібереді. Көпей қорқып кетеді. Стол үстіндегі тамақты жей бастайды).

Көпей. Өй... өй... Өзі ақсақ стол... Абайла, құлатып аласың.

Базаркүл. Құласа неғылар дейсің. Көпейдің дәулеті столға жетпесе, не бітімшілікке жүрсің?!

Мариям. Әй, ойыны ма десек, шындап барасың ғой. Не керек өзіне?

Базаркүл. Сапылдама! Ненің етін жегеніңді ішің біліп тұрған шығар. Тап қазір!

Көпей. О, шебер құдай, не дейді мынау?

Мариям. Айтып тұрғаның не сенің?.. Бар, айда, жоғалтқаныңды базардан изде...

Базаркүл. Базардан емес, тап сенің үйіңнен іздеймін. *(Білегін сыбанып.)* Табасың ба, жоқ па?.. Әлде тұрған жеріңде тауықша жұлайын ба осы?

Мариям. Ойбай-ау, мынау ақыр соңы үйімізге келіп ойран салды ма?.. Қилау, құртсаншы мынаның көзін.

Көпей. Мен барып милицияға звондаймын. *(Базаркүл Көпейдің алдын тосып, аузына бауырсақ тыға салады.)*

Базаркүл. Босағадан аттап қара, столыңмен бірге шойнаңдап қаласың.

Көпей. Шықты ғой мұнан бір дәу... *(Бауырсаққа қақала сөйлейді.)* Дөкейді алыстан күтсек, өз ауылымызда екен ғой...

Қилау. Базеке, бұл жер – кісінің үйі. Көпең жаманды-жақсылы бастық...

Базаркүл. Адырам қал-ау, мынау ма бастық?.. Бастық... Мұндай бастыққа апчхи!.. *(Өтірік түшкіріп салады.)*

Көпей *(өкініп)*. Арамтамақ деп айдалайын деп тұрған жерінен арашалап қалып ем... О, сорлы басым, аз болды өзіме...

Қилау. Базеке, ұят. Есіңіз бар адамсыз... *(Базаркүл ілулі тұрған Көпейдің шляпасын көріп, жүгіре барып жұлып алады).*

Базаркүл. Міне, міне, таптым, менің күйеуімнің телпегі.

Мариям *(шляпаға ұмтылып)*. Бер, былай. Бұл менің шалымның шляпасы.

Базаркүл. Әй, қатын, аулақ жүр. Осы уақытқа дейін байының телпегін танымай, көзінді шел басты ма?..

Көпей. Жыртасыңдар, түге... Бері әкел, шляпі менікі. *(Ол алмақшы болады, Базаркүл бермейді, алыс-жұлыс).*

Базаркүл. Бермеймін, бермеймін. Қилау, куә бол, телпегін де, өзін де тығып отыр бұл кәпірлер...

Мариям. Куә бол, Қилау... Мынау ойранымен қоймай, ақыр соңы тонайын деді ме?

Көпей. Мыналар жыртатын болды-ау киілмеген шляпіні... Әй, Базаркүл, шляпіде нең бар сенің? Жібер, жыртасың! *(Көпей жүгіріп барып Базаркүлден шляпаны жұлып алғанда құлап қалады.)*

Базаркүл. Тап ендеше! Таппайды екенсің, жыртпақ түгіл өртеп жіберем. *(Көпейдің орнынан тұруына Базаркүл жағымпаздана болысады.)*

Мариям. Жарқыным-ау, іздегенің кім өзі?

Базаркүл *(мазақтап)*. Білмейтін шығарсың, ә?...

Көпей *(әйеліне)*. Оу, кемпір-ау, мынадан таза бәлеге қалған шығармыз. Бір нәрсе ғып құртсайшы көзін.

Базаркүл. Тауып берсеңдер, өзім-ақ кетем.

Көпей *(жалынып)*. Айналайын, кім еді өзі? Айтшы, тауып берейін.

Базаркүл. ЗАГС-тен де өткізіп бересің бе?

Көпей *(амалы таусылып)*. Ол жағын қайдан білейін енді...

Мариям. Мұны бір ЗАГС-тың бастығы деп пе едің?

Базаркүл. Бұл – осы ауылдың бастығы. Ит екеш итке дейін қаматтырып жатыр ғой.

Көпей *(әйеліне жалынып)*. Қойшы сен... Бір нәрсе ғып құтылайықшы... Қайтесің енді, басқа салған соң. *(Базаркүлге.)* Жарайды, ЗАГС-тен де өткізіп берейін.

Қилау. Көпең айтса бітті. Уәдеге мықты адам. Айта бер байыңды Базаркүл.

Базаркүл *(қылымсып)*. Байым – Шилау. *(Мұны естігенде Көпей мен Мариям «уһ» деп отыра кетеді.)*

Көпей. Баяғыдан бері айтпайсың ба солай деп.

Мариям. Қарап жүрмей, қарай гөр Шилау сұмның тіршілігін!

Көпей. Қилау, тап әлгі Шилау итті. Байлап берейін. Соның кесірінен қырыла жаздадық қой.

Қилау. Шилау төрт күннен бері жоқ. Қашып жүр.

Мариям. Байқаңдар, шынымен өліп, бәлесіне қаларсыңдар.

Базаркүл. Ойбай, тезірек табайық ендеше, өлмей тұрып ЗАГС-тен өтіп алайын.

(Осы кезде аптыға басып Ұлқу келеді.)

Ұлқу. Ойбай, өрт, өрт, өрт кетті!

Көпей *(ұшып тұрып)*. Қайда?

Қилау *(өзіне)*. Бәсе, осылай болса керек қой.

Мариям. Ойпырым-ай, қай жерде?

Ұлқу. Малбағар қыстауының сыртынан.

Базаркүл *(зарлап)*. Ойбай-ау, дәл менің үйімнің іргесі ғой.

Ұлқу. Сол жерде тау боп жатқан қоқырсық бар...

Базаркүл. Ол қоқырсық па екен, көң ғой.

Ұлқу. Өртенді не болса да.

Базаркүл. Ол өртенгенше өзім өртенсем ше... Ойбай, жоқ іздеймін деп жүріп барымнан айырылған шығармын...

Ол зарлаған күйі шығады.

Көпей *(Қилауға)*. Жүр, біз де көрейікші. Ауылды өртеп алып!..

Ұлқу. Маған салса, тең жартысын өртер едім...

Көпей *(алара қарап)*. Сонан соң әкеңнің күлін кай жерден іздер едің?

(Қилау, Көпей шығады. Олар кетісімен Ұлқу анасын құшақтай алады.)

Ұлқу. Апа... Апа... Біздің ауыл өмірінде бүйтіп тазарып көрмеген шығар. Көшелерінде көлденең шылау жоқ. Қоралардың іші айнадай таза. Клуб екеш клубтың едені де өмірінде бір рет сумен жуылды. *(Булыға күліп.)* Иттер ше... Олардың да даусы індікештен әрең естіледі... Ай, папамның күші-ай!

Мариям. Папаңның емес, дөкейлердің күші ғой. Солар келеді дегеннен бері әкеңде ұйқы жоқ.

Ұлқу. Өз күшін білмейді екен ғой папам. Жұртты осылай қатаң ұстаса ғой, ауыл қандай сәнді болар еді.

Мариям. Папаң істемеймін дей ме, кейде оның жұмсайтын адамы жоқ, қолы қыскарып, отырып қалады.

Ұлқу. Әлгі Базаркүл үйінің қасына үймеген нәрсесі жоқ, тау ғып қойыпты. Біз білінбей бардық та, шырт еткізіп шырпыны қойып жіберіп едік, от лау ете қалды. От лап еткен кезде біреудің «ойбай» деген даусы қосыла шықты да, оттың ішінен атыла шыққан бір адам айдалаға каша жөнелді.

Мариям *(сенбей)*. Не дейді? Көң ішінен адам шықты ма?

Ұлқу *(күліп)*. Шыққанда қандай...

Мариям *(ентелеп)*. Ие, ие, кім екен?..

Ұлқу. Жыға танымадық, тегі Шилау ма деймін!

Шилау. Көпе, сүйінші, Ұлқу, апа! *(Үсті басы жұлым-жұрым, әр жері күйген шалбардан денесі жалтырап көрініп тұр. Ұлқу мен Мариям Шилаудың түріне қарап күледі. Ұялған Шилау қаша жөнеледі. Сахна айналады, бір шетке шығып сүмірейіп өзінің мұңын айтады.)*

Сұлуға сырттан қарап сыйлау екен,
Шамасын жаңа білді Шилау екең!
Қол жетпес Ұлқужанда нем бар еді,
Шынында милау десе милау екем.

Сұлу қыздар жақсы екен,
Жақсы қыздар тапшы екен.
Бажылдауық – бажылдауық Базаркүл
Барып тұрған бақсы екен,
Барып тұрған бақсы екен.

Қу көңіл шүйке басты менсінбейді,
Қасына одан тәуір келсін дейді.
Құрығым Ұлқужанға жетпеген соң,
Асылып Базаркүлдер өлсін дейді.

Сахна айналады. Мариям, Ұлқу, Шилау.

Шилау. Көпең қайда?

М а р и я м. Қазір келеді... Ау, қалқам-ау, қайдан жүрсің? Үстіне не болған?

Ш и л а у. Апа, сіз сұрамаңыз, мен айтпайын.

М а р и я м. Сонда да шет-жағасын білдірсеңші.

Ш и л а у. Өліп тірілдім. О дүниеге барған жерімнен әйтеуір әупіріммен қайтып келдім. Дозақтың отына салып еді, оған да жанбадым. Мінеки... *(Күйген жерлерін көрсетеді.)*

Ұ л қ у *(күліп)*. Түу, шынында да мықты екенсіз.

Ш и л а у. Бұл оттан тірі қалдым, сірә, мәңгі өлмейтіндігімнің белгісі шығар.

М а р и я м. Көп жаса, өліп неғыласың, шырағым.

Ш и л а у. Бүйтіп көп жасағаны құрысын. О дүниенің дозағынан бұ дүниенің мазағы жаман ба деп қалдым, жеңеше.

М а р и я м. Не болды, сонша таусылып?

Ш и л а у. Көпең келсін. Бәрін баяндап, ботадай боздатайын деп отырмын. *(Ұлқу Шилауға шалбар әкеп береді. Онысы өте үлкен. Шилаудың мықынына тұрмай түсе береді. Көпей мен Қилау кіреді. Екеуі де көңілді, мәз.)*

К ө п е й. Жарайсың, қызым. Қоқырсықты өртегенің дұрыс болған. Ой, мынаған не болған, ей?.. Қайда жүрсің, қайдан шықтың?

Ш и л а у *(жыламсырап)*. Дозақтың отынан...

Қ и л а у *(мырс етіп)*. Дозақтың?..

Ұ л қ у. Базаркүлдің қоқырсығын өртеген оттан шығыпты.

К ө п е й. Е, бәсе, ішінен адам шықты деп жұрт шулап еді. Сен екенсің ғой.

Ш и л а у. Дозақтың отынан болса – менмін.

К ө п е й. Мынау ауысқан шығар. Дозағың не? Базаркүлдің оты.

Ш и л а у. Базаркүлдің оты не, дозақтың оты не? Бәрі бір.

К ө п е й. Е-е, олай десең жөні келеді. Ал, енді жұмысты қойдың? Қоқырсыққа нағып тығылып жүрсің?

Ш и л а у. Мына Қилау ғой көң арасына тығылсаң Базаркүл таба алмайды деп...

К ө п е й. Базаркүлден құтыла алмайсың. «Алам» деп уәде берген соң, алып тынасың.

Ш и л а у. Оу, Көпе, ішкен адам не демейді? Жердегі түгіл, аспандағы айды алам дер.

М а р и я м. Шын уәделерің бар болса, ұят емес пе, қосылу керек.

Ш и л а у. Оу, жеңеше, уәде де бір, су да бір. Уәде бергендерді жинаса өз алдына бір ауыл болар.

Ұ л қ у *(қабақ түйіп)*. Не деген тұрақсыз... Папа, қалайша шыдап жүрсің мұндайға.

Ш и л а у. Оу, Ұлқыш, мен әйелім өлген, бойдақ адаммын.

Қ и л а у *(күліп)*. Не істессм де өз еркім, аяқ-қолым бос дейсің ғой?

Ш и л а у. Қила-еке, күлменіз. Осы әйелден құтқарып берем деген уәдем бар. Міне, қағаздарды әкелдім. Көпем екеуің көріндер.

К ө п е й. Бұл не қағаз?

Ш и л а у. Базаркүл үш жылдан бері бұрау басын сындырған жоқ. Бар білгені сауда. Нағыз арамтамақ.

К ө п е й. Оу, сен оған бір жерде уборщица деп ақша төлеп жүрген жоқ па едің?

Ш и л а у *(жыламсырап)*. Қайтейін, бір нәрсе ғып соттан құтқар деп жылап отырып алды. Құтқарып едім, ал енді... «аласың» деп зорлағысы келеді. Ол байға тигісі кеп отырған жоқ, мені әйелдікке алғысы келіп отыр.

К ө п е й. Мынау ма, мынау... Осының түртемін дегенінен-ақ шошушы едім... *(Қилауға.)* Бұл істі қолыңа ал. Арамтамақ, саудагер қатынды тайраңдатып жүргізе алмайтын шығармыз.

Қ и л а у. Базаркүлге түк істей алмайсыз.

К ө п е й. Неге?

Қ и л а у. Мына Шилауға қосылып алып, қызметте жоқ әйелді қызметте дейсіз, оған айма-ай пәленбай сом ақша төлеп тұрасыз. Арамтамақты қорғап келген өзіңіз, істеріңізді істеп болып өзіңізді өзіңіз қалай ұстап бересіз?

К ө п е й *(Шилауға)*. Сен бе, сен?!

Ш и л а у. Оу, Көпе, менің сізге еш жазығым жоқ. Өз қолыммен істедім, өз мойнымнен көтерем. Ауданға барам да, шынымды айтам.

К ө п е й. Жаныңның барында тез жет. Айт бәрін... Қартайған шағымда қара дақ түсіруге айналдырдыңдар.

Қ и л а у. Ешқайда жібермеңіз оны.

К ө п е й *(шошып)*. Неге?

Қ и л а у. Ол барса, бүлдіреді.

К ө п е й *(шошып)*. Астапыралла. Тағы нені шығарды. *(Шилауға.)* Әй, тағы нең бар еді?

Ш и л а у. Білмеймін.

М а р и я м *(күйіп-пісіп)*. Осы кәпірге сенбе деп құдайдың зарын қылдым. Тыңдады ма бұл...

Ұ л қ у. Апа, қойшы... Қызмет бабы, бірде олай, бірде былай... *(Шығып кетеді.)*

К ө п е й *(Шилауға)*. Әй, айтасың ба, жоқ па?

Ш и л а у. Білмеймін... *(Қилауға қарайды.)*

Қ и л а у. Бұл барса *(Мариямды нұсқап)*, мына жеңгейдің көрсеткішін өсіріп өтірік жазғанын да айтуы мүмкін.

К ө п е й. Неғыл дейді?... Өтірігі қалай?... Әй, сол жазғаның өтірік пе еді, шыныңды айтшы?

Ш и л а у. Әрине, өтірік.

К ө п е й *(қақалып)*. Мынау бір ит шығар... Әй, өтірікті неге жазасың ә?.. Өлтіргің кеп жүр ме?... Қай әкеңнің ақысы қалып еді

бізде?... Бұл не қастығын? *(Шилауды қуып жүріп ұрмақ болғанда, Шилау еңкейіп қалады. Көпейдің жұдырығы Қилауға тиеді. Ол жалпасынан түседі. Көпей Шилауды ұстай алмайды.)*

Ш и л а у. Менікі қастық па екен... Женгей орден алсын дедім... Жаз деп қоймаған мына Қилау.

Қ и л а у *(ыршып)*. Әй, бала жайына жүр. Шатпа бәлеңе. Мен қашан «жаз» деп айттым? Көпеннің қызын аламын деп бар дүниені сапырдың кеп...

К ө п е й *(ыршып)*. Кім менің қызымды?... *(Шилауға ұмтылады.)*

М а р и я м. Не дейді, бәтір-ау?! *(Көпейді жібермейді.)*

Қ и л а у *(Шилауды нұсқап)*. Мынау шіріктің дәмесі бар.

Ш и л а у *(кекештеніп)*. Оу, Қила-еке, өзің айттың, жаз дедің, бәрін өзім тындырам дедің...

К ө п е й. Қилаужан, шап ауданға. Қайыр әлгі қағазды.

Қ и л а у. Кеш қалдық.

М а р и я м. Қалқам-ау, барсайшы... Мынаның өтірігінен біз ұятқа қалатын болдық қой.

К ө п е й *(күйініп)*. Өтірік оныкі емес, менікі болып шықты ғой. Мына мен сор маңдай ғой қол қойған ол қағазға! Жығылғанның үстіне жұдырықтап жатыр.

М а р и я м. Су түбіне кетті деген осы ендеше. Жаманшылықты алыстан күтіп ең, жақыннан шықты.

Ш и л а у. Қилау бармаса, мен барам. Алам қағазды.

Қ и л а у *(мазақтап)*. О, шіркін, аларсың. Ол қағаз әр жерге, бар редакцияға кетті. Мәскеуге дейін кетті.

Ш и л а у *(сұлқ түсіп)*. Ендеше, шын құрыдық... *(Қилауға айқайлап.)* Бұл Көпеңе не қастығын бар еді? Осы кезде қасында Дөкей бар Ұлқу келеді. Дөкей шетке шығып жүрт назарынан тыс қалады.

Ұ л қ у. Мына елтіріні танисыздар ма?

К ө п е й *(ұмтыла түсіп)*. Оу, мынау біздің әлгі қоймадан жоғалған елтірілер ғой.

Ұ л қ у. Әлгі Базаркүл үйінің жанындағы күйген көң астынан шықты.

К ө п е й. Базаркүлдің?! Не дейді?

Б а з а р к ү л. Мен білмеймін. Мен тыққан жоқпын бұл елтірілерді. Мен білмеймін.

Ұ л қ у. Ұрының арты қуыс дегендей неге байбалам салдыңыз. Сізді айыптаған ешкім жоқ қой әзірге.

Базаркүл. Е, бәсе, мен айыпты емеспін.

Қ и л а у *(Базаркүлге)*. Құтылып кетпексің ғой. Оның бола қоймас.

К ө п е й *(ашуланып, Шилаудың блокнотын қағып жібереді)*. Бөлімшенің білдей есепшісің. Танауыңның астында мынадай ұрлық

болып жатады, соны неге көрмейсің?! Сөзде бар да, істе жоқ жәй пысыксын ба деймін. *(Батып.)* Ал ұрым қайда менің?..

Ұлқу. Алыста емес, осы төңіректе! *(Қилау сезіктеніп жиырыла түседі.)* Өзіңді колпаштап, жаны ашығансып жел беріп, ақыл айтқансып жүретіндердің бірі. *(Бәрі Қилауға тесіле қарайды...)*

(Қилау. «Мен емес ұрлаған», — деп Базаркүлге бұрылады. Бәрі енді Базаркүлге тесіледі).

Базаркүл. Мен емес ұрлаған. Ұрлап әкелген ана Қилау. «Ешкім елемейді, көң астына апарып тық» деген де осы.

Ұлқу. Кім кінәлі, кім кінәсіз тексереміз әлі.

Есік қағылады. Жұрт шошып қалады.

Көпей. Біздің ауылда есік қағып кіретін ешкім жоқ еді. Дөкей болмаса... кіріңіз...

(Пауза. Жұрттың бәрі: «кіріңіз». Өлеңдетіп Дыңқыш кіреді).

Дыңқыш. Пенсия алатын болдым. Міне, хабары. Дыңқыштың өмірбақи «Акжол» колхозында жұмыс істегені рас, жақсы істеген» деп аудандағы үш коммунист кепілдеме беріпті.

Көпей. Онда жазған қағазды қайтып алатын шығарсың.

Дыңқыш. Жастайымнан бірге өскен сенің үстіңнен арыз жазып жын ұрып па мені, жазған жоқпын. Әлгі Қилау ит көптіріп жүрген.

Дыңқыш бір шетке шығады. Дөкей мен Ұлқу ымдасып отырады. Оны Мариям сезіп қалып күйеуіне сездіреді, Көпей аң-таң өзі сасқалақтап басқа жұртқа қарайды.

Көпей. Сен қай баласың?

Дөкей. Мен Дөкеймін.

Көпей. Дөкей?!

Дөкен. Иә, Дөкей...

(Мариям, Ұлқу, Шилау жарыса күледі).

Көпей. Мынаның дені сау ма өзі?!

Дөкей *(сасқалақтап).* Совхоздың директоры телеграмма бердім, сізге тапсырдым деп еді...

Көпей *(ашуланып).* Ойнайтын адамың мен емес. Не шатып тұрсың өзің? Дөкейің не?

Дөкей. Рас, айтам, аға! Дөкеймін. Бұдан төрт жыл бұрын өзіңіз Ауыл шаруашылық институтына жіберген Қоғабайдың баласы кәдуілгі Дөкей ше? Неғып танымай қалдыңыз?

Көпей. Не дейді? Ой мынау Қоғабайдың күшігі ғой. *(Бәрі күледі.)*

Дөкей. Оқуды бітірдім. Содан совхоз директоры кездесіп өзімізге кел деген соң осында келіп тұрмын.

Шилау. Дөкей келеді деп сандалып жүрсек, мынау болып шықты ғой. Түртіп алайыншы.

Ұлқу. Түртетін блокнотыңызды тастамап па едіңіз?

Шилау. Иә, солай екен-ау, қап түртетін-ақ оқиға еді!..

М а р и я м. Дөкей шырағым, не болса да ауылынды бір сілкіндірдің. Сені келеді деп күтіп отырмыз.

К ө п е й *(шек-сілесі қата күліп).* Дөкей келеді дегенге сен тіпті есіме түссеңші. Құдай қара бастырайын десе, аяқ асты екен ғой...

Ш и л а у. Тіпті менің де есіме келмепті ғой.

М а р и я м. Менің де есіме келмепті.

К ө п е й. Ақымақ басым, жоқ нәрседен қорқып өзімде де бар. Көзім енді ашылғандай. Адал адам үшін дөкейің көп болса мына біздің Дөкейдей-ақ шығар.

Д ы ң қ ы ш. Қоянды қуа берсе батыр болады дегендей, біздің Көпей дөкей болып бара ма деймін! *(Бәрі де көтеріледі. Ұлқу мен Дөкей оңашалана береді).*

Ұ л қ у. Сағындырдың ғой, Дөкей!

Д ө к е й. Содан екен ғой Дөкей келеді деп ауылды дүрліктіргенің?

Ұ л қ у *(күліп).* Қөң астында қоқсып жатқан ауыл шаңдағын осылай сілкуге тура келді.

Д ө к е й. Құрған тұзағың мықты.

Ұ л қ у. Байқа, Дөкей, ойлаған жерден шықпасаң саған да сондай тұзақ бар.

Д ө к е й. Іздеп келгенім сол ғой менің. Қане, қайда тұзағың? Өзім барып түсейін. *(Екеуі құшақтасады).*

Ш и л а у. Өлді деген осы шығар. Уа, жарандар, аузыма су тамызсаңдаршы!

Ш ы м ы л д ы қ.

ҚАЙДАСЫҢ, ЗӘРИНА?

Драмалық повесть

Қатынасатындар:

Зәрина	– фельдшер, 18-де
Тоғаш	– аға шопан, Зәринаның күйеуі, 25-те
Тыныштүл	– Зәринаның шешесі
Сұрау	– Зәринаның інісі
Кемел	– ғалым
Жұбатқан	– совхоз басшысы
Ерден	– қарт шопан
Бекет	– шопан
Берден	– шопан
Дүкенші	
Гүлсара Жанасова	– дәрігер

Шал, бала көтерген әйел, секретарша

Оқиға осы күні алыстағы бір мал жайылымында өтеді.

Бірінші акт

МЕГЗЕУ

Тасжарған, жыңғылды, тықыр нұра, кең атырап. Алыста қиянқилы тау жүлгелері мұнартады. Бергі беткейде аптап күнге бөгіп, мұнартып жатқан құм төбелер. Құм мен тақыр нұра шегі айқын, анық. Құм жағаларды сағалап қонған киіз үйлі ауылдар, жайылған мал нобайлары.

З ә р и н а. *(аңырып).* Адасып кеткеннің қай жағындамын осы? Мына қырдан ассаң болды демеп пе еді? Жер жұтып кеткен бе өзін? Енді не істедім? Мәссаған безгелдек, іздегенің осы болса... Ал айырып көр мына шытырман жолдарды?! *(Ақсақалды қария көрінеді. Қуанып.)*

Не істерімді біле алмай, дал болып тұр едім, оң кездестіңіз-ау, қария.

Қ а р и я. Айдың, күннің аманында не көріпті, балам-ау, осыншама қысылып?

З ә р и н а. Ми қайнатқан медиен далада жол таба алмай тұрсаң ай мен күннің аманынан не пайда, қария. Мына қырдан ассаң болды алдыннан шығады деп еді...

Қ а р и я. Иә, дұрыс айтқан, осы қырдан ассаң болды...

З ә р и н а. Осы қырдан асканда... Осыншама неткен көп жол бұл? Қайда апарады?

Қ а р и я. Сол өзің іздеген әсия жағаларға.

З ә р и н а. Бәрі де ме?

Қ а р и я. Бәрі де.

З ә р и н а. Бұл өңірдің адамдары қызық па деймін, қай жолдын қайда апаратынын анықтап, бағдарнама неге қағып коймаған десеншi?

Қ а р и я. Бағдарнама әр қияға асатын, әр тарапқа апаратын жолдарға қағылады, балам.

З ә р и н а. Бір ғана әсия жағаларға апаратын болса, осыншама шиырлап көп жол түсірудің не керегі болды екен?

Қ а р и я. Е, бұл көне заманнан келе жатқан қағида. Біреу тау асып барғанды ұнатады. Біреу айналып барғанды қалайды. Енді біреулер төтелеп тартады. Барар жерің біреу болғанымен жол көп. Жалғанның қызығы да осында.

З ә р и н а. Сонда қайсысына түскенім дұрыс?

Қ а р и я. Қайсысына түсем десең де еркіндс, балам. Адаспайсың. *Жолаушы сәл кідіріп тұрады да, бір жолға түсіп ұзай береді.*

2

Сахна шалғайдағы аудан орталығының сәнсіз клубына ұқсайды. Қарақожалақ қабырғаларда әрқилы ұрандар, міндеттемелер, диаграммалар. Ортада қиюы қашқан ескі стол. Басында Жұбатқан. Жиналыс өткізіп жатқан секілді. Бірақ жалғыз. Тыңдаушылары көрермендер. Әлдекіммен пікір таластырған түрі бар.

Ж ұ б а т к а н . Слушай, немене, комсынасың ба, сонда темір пешті? Жаксыны көрмеу деген, міне, осы. Бұрын үй ортасына от жағып, быксып, коксып отыратын койшы Совет үкіметінің аркасында енді түтіннен құтылды. Бұл аз ба сенінше?!

(Ешкім үндемейді. Пауза.)

Жолдастар! Бұл заманда койшыдан бай адам жок. Табыстың көкесі соларда. Жоспарын орындаса, косымша ақы дегенің де соларда. Біз оларға жұмак орнаттык. Жұмак... *(Су ішіп.)* Қай байдың койшысының түсіне еніпті мұндай кереметтер. Айтшы, кәне, кәне? *(Тағы да ешкім үндемейді. Пауза.)* Ә, үндемейсің... Ретің бар үндемейтін.

Жүгіріп Бекет келеді.

Б е к е т . Апырай, Жұбаткан аға-ай, киын болды-ау.

Ж ұ б а т к а н . Сен тағы келдің бе, Бекет?

Б е к е т . Келмегенде қайтейін, мен малда жүргенде тағы да қысылып...

Ж ұ б а т к а н *(сөзін бөліп)*. Тоғашқа бар дедім ғой мен саған.

Б е к е т *(күмілжіп)*. Тоғашқа барғанда...

Ж ұ б а т к а н *(сөзін бөліп)*. Айттым ғой мен саған, Тоғашқа бар деп. Тоғашқа көмекші екенсің, бар, соған бар. Сонымен сөйлес. Мәселеңді сол шешеді.

Б е к е т . Тоғашқа барғанда...

Ж ұ б а т к а н *(сөзін тыңдамай)*. Тоғашқа айтылған, бар дедім ғой енді.

(Бекет қипалақтап зорға шығады. Жұбатқан әлгі ойын жалғап.) Слушай, деймін, сен өзің кой шаруашылығын...

(Малмандай су болып Ерден карт келеді. Қасында Зәрина.) Ау, Ереке, саған не болған?

З ә р и н а. Атам суға кетіп кала жаздапты.

Е р д е н *(тісі-тісіне тимей)*. Апырай, әлгі Тоғаш балам болмағанда...

Ж ұ б а т к а н. Иә, кайтіп?

Е р д е н. Не кайтібі бар дейсің. Тұра тұрындаршы, ең әуелі есімді жияйын.

З ә р и н а. Қатты тоңған екенсіз. Ыстығыныз да бар ғой деймін.

Ж ұ б а т к а н . Ал не болды?

Е р д е н. Не болушы еді? Мына Зәрежанның әкесі Сәрсембайдың кебін кие жаздадым. Дарияның түбіне карай тасша жөнеле бергенімді білем. Тілімді кәлимаға да келтіре алмадым.

Ж ұ б а т қ а н. Дарияның түбіне сені кай құдай айдап апарды? Соны айтшы?

Е р д е н. Айтсам, айтайын. *(Зәринаға)* Зәринажан, жағамды дұрыстап жіберші.

(Зәрина Ерденнің жағасын дұрыстайды.)

Дарияның түбіне айдап апарған құдай тап мына сендерсіндер, Жұбатқан.

Ж ұ б а т қ а н. Мына біз бе?

Е р д е н. Тап сендер.

Ж ұ б а т қ а н *(Зәринаға)*. Мына шал есінен адаскан шығар.

Е р д е н. Қыс салпақтап Қызыққум барасың. Жаз салпақтап Жазыққум келесің. Көктемде салпақтап Сырдан өтесің. Ерте өтсеңбір пәле, боран соғып кетіп бар малды қырып алуың мүмкін. Ауа райын бажайлап кешеулей берсеңтағы пәле. Мұз түсіп кетеді. Сосын өкпеңді өшіріп, паромнан кезек күтіп апталап жатқаның арғы бетте. Не сұмдық бұл. Әй, сен осы шотаяққа ұксаған жауырыныңды көрсете бермей, бері қарашы, Жұбатқан. Аспанға ұштық, ғарышқа бардық, айға қондық деп кекігенде кереметсіндер. Ана қала аузындағыдай қалқыма көпір құра салудың несі киын осы сендерге? Кегежелерің неге кейін тартып тұрады осы біз дегенде? Неге ойламайсыңдар осыны?

Ж ұ б а т қ а н. Бәрі де болады, ақсақал. Аптықпа.

Е р д е н. Болады... болады... осы боладыны айтып келе жатқаныңа он жыл болды ғой. Былтыр да болады, алдыңғы жылы да болады? Бүйте берсеңдер, қой емес, шошқа бакканым жақсы. Айтпады деме, Ерден шалың әлі осыны істейді. Бүйтіп суға кетіп өлгенше, шошқа кораның сасығын иіскеп тоғай ішінде жатканым жақсы.

(Кетеді.)

Ж ұ б а т қ а н. Ау, Ерден... Сен өзің қой шаруашылығын...

3

Жасаулы отау үй. Терезеден Дарияның арнасы, аласа тоқал үйлер көрінеді. Солардан екі қабат бір үй оқшауырақ тұрады. Дала бұлыңғыр. Қар жапалақтайды. Үй іші көшуге қам жасаған. Тынышгүл кіріп, шығып, төсек-орынды буып-түйіп жүр.

С ұ р а у. Апа, Зәрина тәтем сөйтіп Жазыққумға кете ме?

Т ы н ы ш г ү л. Жазыққумға кетеді.

С ұ р а у. Біржола көшіп кете ме?

Т ы н ы ш г ү л. Неге біржола кетеді? Күзде мал Қызылқұмға қайтканда қайтып келеді.

С ұ р а у *(аз-кем тоқтап)*. Неге бізден бөлініп кетті?

Т ы н ы ш г ү л. Әлі үлкен жігіт болған соң, сен де бір шүйке басқа ересің де, мені тастап кете барасың.

С ұ р а у. Иә, деген, маған шүйкебастың керегі жоқ.

Т ы н ы ш г ү л. Ей, жазған-ау, сонда сен не, ана Барлықбайдың Байбатырына ұқсап, бұл өмірден қатынсыз өтпексің бе қу тізеңді құшақтап. О не дегені-ей. «Маған сен керек емессің, қатын керек», – деп ертең-ақ шыға келерсің.

Сұрау өкпелеп, орнынан тұрып кетеді. Жа, қой енді, ойнап айтам... Қазір Тоғаш жездең келіп қалады.

Қуанып Зәрина келеді.

З ә р и н а. Апа, мемлекеттік емтиханды тапсырып шықтым жаңа. Училищені бітірдік сөйтіп.

С ұ р а у. Оһо, Зәрина тәтем училищені бітірді, дәрігер болады енді. *(Жүгіріп шығып кетеді).*

Т ы н ы ш г ү л. О, айналайын, бітірдің бе қоймай жүріп. Құтты біздің үйдегі жарықтықтың өзі секілді. Ойына бірдеме алса, бітірмей тынбайды.

З ә р и н а *(түсі өзгеріп)*. Менің тойымда құдағиды шаңыраққа асам деп саған жармасқан кішкене шал бар еді ғой...

Т ы н ы ш г ү л. Иә, әлгі қаукар құда ғой?..

З ә р и н а. Сол атай суға кетіп қала жаздапты.

Т ы н ы ш г ү л. Не дейді?!

З ә р и н а *(мақтаныңқырап)*. Қорықпай-ақ қой, күйеу балаң шығарып алыпты. Атайдың өзі айтты әлгінде.

Т ы н ы ш г ү л. Сенің әкең де өстіп қой соңында салпақтап жүріп суға кетті ғой. *(Жыламсырап.)* Жазған бала ертеректе кездеспеді ғой... Ерте кездессе сенің әкеңді де мына қаукар құдаға ұқсатып судан суырып алатын еді ғой...

Қолында жөргекке ораған баласы бар әйел келеді. Нәресте шыр-шыр етеді.

Ә й е л. Шыракжан, мына жазған екі күннен бері емшек салмай қойды. Шалқалақтап жылай береді, жылай береді. Көрші, шырағым.

З ә р и н а. Ауруханаға неге бармадың?

Ә й е л. Ойбай-ау, онда барсам, бәлніске саламыз деп тура бас сала ма деп қорықтым ғой, шыракжан.

З ә р и н а. Мына бөлмеге алып жүрші.

Екеуі кетеді. Тоғаш пен Бекет келеді.

Т о ғ а ш. Бекет, сен оныңды қой деймін. Ылғи бір бүйрек-тен сирақ шығарасың да жүресің. Әйелің екіқабат болмақ түгіл, төрт қабат болса да рұқсат ете алмаймыз. Сені маған көмекші етіп

тағайындап берді ме, берді. Олай болса, кара су теріс акса да рұксат жок. Жұбатканның бұйрығы осылай. Ал жөнел, мал есіз калмасын. Кешікпей мен де барам.

Т ы н ы ш г ү л. Келін байғұстың күні таянып калып па еді?

Б е к е т. Жок, шама бойынша жаз ортасына карай.

Т ы н ы ш г ү л. Е, бәсе, іші тым кіші секілді еді.

Б е к е т. Бірак жүрегі жаман. Әлгінде жүрегі кысып, ауруханаға алып кетіпті. Соған барып шығайын десем...

Т о ғ а ш. Бекет, айтылды ғой саған. Бар деймін...

(Бекет кеткісі келмей зорға шығады.) Апа, Зәрина қайда?

Т ы н ы ш г ү л *(екінші бөлмені көрсетіп)*. Жылағанын қояйын деді ғой жазған бала.

Қолында жөргекке ораған бала Зәрина көрінеді. Қасында әйел.

З ә р и н а. Жеңешетай, баланы мазалайтын кіндігі. *(Баланы шешесіне беріп.)* Көрдің ғой енді. Күнде жанағыдай етіп мына ертіндімен жуып отыр.

Ә й е л *(ұялып)*. Тұңғышымыз ғой. Тамағынан, маңдайынан иіскей беріппіз. Төменгі жағына кім көз салған.

Т о ғ а ш. Ау, Зәрина, сен тіпті болмай жатып дәрігерлік құра бастағансың ба? Таста оны. Осы жұрт сенсіз де бала өсіріп, жан бакқан. Ең әуелі аман-есен қойды өткізіп алайық бергі бетке.

Ә й е л. Мал-мал деп-ак өлетін болдык-ау осы.

Т о ғ а ш. Әй, катын, көкіме өйтіп. Шалкактасаң, сол малдың аркасында шалкактап жүрсің. Андағы баланы таста да ана өткел аузындағы байына бар. Ыстык су апарып бер ең болмаса, аузын жылытсын.

Ә й е л. «Әй, әй», деп немене осы! Жалғанды конышынан басып жүретін әдетің-ау. Барам ба, бармаймын ба, өз шаруам. Не жұмысың бар? Тынышгүл әйелдің касына келіп ым жасайды. Байланыспай-ак кой деген сиякты.

Т ы н ы ш г ү л. Әлгі Зәрежанның айтканын істе. Жарайды енді...

Ә й е л. Қайдан білейін, тіпті, кит етсе, «әй, катын!» деп коя береді. (Кетеді).

З ә р и н а. Ренжіп калды ғой, байкап неге сөйлеспейсің осындайда.

Т о ғ а ш. Байкап сөйлесетін түгі де жок. Байы үш күннен бері Дарияның арғы бетінде күндіз-түні малмен алысады. Ал, бұл болса, жылы үйде шалкактаумен жүр.

З ә р и н а. Онын күйеуі сөйтті екен деп қырылып каламыз ба енді. Кез келгенге жөн үйрете беріп керегі не?

Т ы н ы ш г ү л. Қайтсын, баласы ауру көрінеді ғой.

Т о ғ а ш. Алдындағы отарынан айырылып калса, ертен Жұбаткандардың алдында «балам ауру еді» деген дәлел болмайды.

З ә р и н а. Неге дәлел болмайды. Ауру баланы далаға тастай алмайды ғой енді. Оған да бағушы, қағушы керек емес пе!

Тоғаш Зәринаға одырая бір қарайды. Бірақ үндемейді. Іштей қыстыққанын байқатып олай-бұлай жүре бастайды.

Т о ғ а ш. Апа, шайың бар ма?

Т ы н ы ш г ү л. Бар, шырағым, бар, казір.

Шай дайындай бастайды. Тоғаш терезеге барады.

Т о ғ а ш. Дауыл кайта көтерілді. Бүгін тағы да өте алмайтын болдык-ау бергі бетке. *(Ойланып.)* Әлгі Сұрау кайда жүр осы? Керек кезде зым-зия жоғалады да кетеді.

З ә р и н а. Бала емес пе, ойнап жүрген шығар.

Т ы н ы ш г ү л. Сұраужан неге керек болды, шырағым? Бірдемеге жұмсайын деп пе едің?

Т о ғ а ш. Иә, мен барғанша, әлгі Бекетпен бірге қой қайырыса тұр дейін деп ем.

З ә р и н а. Сұрау кой кайырыса ала ма мына дауылда?

Т о ғ а ш. Өбектей беретін түк те жок. Барып кайырыса тұрса, шегі шыкпайды. Бір отар койды дәл сол Сұраудай күнімде алғанмын мен.

Т ы н ы ш г ү л. Сұраужан казір келе кояр деймісің. Бакқан малымыз ғой. Мен бара тұрайын. *(Дайындала бастайды).*

З ә р и н а. Жок, апа, мен барайын.

Т ы н ы ш г ү л. Койшы, жаным, ерлі-зайыпты болып оңаша отырып бір шүйіркелесетін кезі болмай ма екен адамның. Тоғашжан болса, мал-мал деп, сен болсаң емтихан-емтихан деп күндерің өтіп барады. Ештеңесі жок.

Т о ғ а ш. Онда Бекетке айта сал, байқаулы болсын. Кешікпей мен де барам.

Т ы н ы ш г ү л. Айтайын, шырағым.

Кетеді.

Т о ғ а ш. Ал, шүйіркелесейікші бір. Қатын, ал шай құйшы.

(Зәрина еркелегенін байқатып теріс қарайды.) Ал, ал кешірім ет. Қатын емессің, әйелсің, жок, қызсың. Зәринаны бері каратып алады. Әдеттері ғой әйел біткеннің катын десе кейіп калатын. Кемпірлердің өзі де «қыз секілдісің әлі» десең кылмыңдай бастайды. Не болды саған, Зәрина?

З ә р и н а. Жай... *(Пауза.)* Мен бүгін соңғы емтиханды тапсырдым.

Т о ғ а ш. Жаксы болған. Жазыккұмға барған соң той жасаймыз.

З ә р и н а. Керегі жок тойдың. Жұрт ішеді, жейді. Қыза-қыза бір-біріне жеңсік бермей дауласады. Ал мен болсам казан-ошакпен алысамын. Ондай тойдың рахаты не?

Т о ғ а ш. Енді не керек?

З ә р и н а. Бүгін училищеде комиссия жұмыс істеп жатыр. Кімнің қайда баратынын сұрайды. Мен осында қалам дедім. Комиссияның бір мүшесі «осында деген жалпылама сөз, қарағым. Қайда істегің келеді, соны айт»,– деп тұрып алды. Мен үндемедім...

Т о ғ а ш. Үндемегені несі. Күйеуге шықтым, күйеуіммен бірге мал бағамын демедің бе?

З ә р и н а *(аз-кем бөгеліп)*. Училищені бітіріп қой бағам десем «қой бағу үшін училище бітірудің не керегі бар еді?!» – деп күлмей ме.

Т о ғ а ш. Неге күледі? Қайта газет біткен «Сәрсенбаева Зәрина аурулар училищесін...»

З ә р и н а *(сөзін бөліп)*. Дәрігерлік училище де.

Т о ғ а ш. Иә, «дәрігерлік училищені бітіріп, қойшы болып кетті» деп шулайтын болады. Жұртқа өнеге етіп тартады.

З ә р и н а. Осындай сөзді естігенде жүрегім сыздайды. Жаралғанда көзін қоймен ашқан қазаққа «Қойға барыңдар!» деп жар салудың не жөні бар осы?

Т о ғ а ш. Газет қалай деп жазса, солай болуға тиісті. «Біздің келешегіміз қойменен»,– деп Жұбатқан бекер айтып жүрген жоқ. Оған бола бас қатырмай-ақ қой. Ондайды аудан, облыс басшылары ойлайды, білдің бе?

З ә р и н а. Білдім, Тоғаш. *(Күрсініп)*. Білдім.

Т о ғ а ш. Білсең сол.

З ә р и н а. Мен саған көптен бері айтам деп айта алмай жүрген бір сөзім бар еді...

Т о ғ а ш. Иә, айт.

З ә р и н а *(қиналып)*. Тілімді алсаң, қойдан шық.

Т о ғ а ш. Ха...ха..ха...! Ал сосын? Қойдан шыққанда не істемекпін?

З ә р и н а. Істейтін іс табылады. Қалаға барамыз. Мен ауруханалардың бірінде қызмет істей тұрам, сен оқисың.

Т о ғ а ш. Жөн, жөн. *(Сықылықтап күледі.)*

З ә р и н а *(күлкісіне мән бермей)*. Сен оқуды бітіресің де, қызметке орналасасың. Содан кейін мен оқитын болам.

Т о ғ а ш *(күлкіден тиылып)*. Қой, шырағым, ондай тәлкекті. Ана Жұбатқанға қарашы, не бары жеті-ақ класс білімі бар. Сөйте тұра бір ауылдың алдына жан салмайтын қожасы. Міне, мен де оқымай-ақ адам болып кеттім... Оқи беріп немене, езіп ішесің бе? Онсыз да «сенің қатының оқымысты» дегенді екінің бірі айтып көзге шұқитын болды осы күні.

З ә р и н а *(мұңайып)*. Сен ертең отарды айдап Жазыққұмға көшесің. Ал мен болсам... Осында қалам...

Т о ғ а ш *(сеніңкіремей)*. Ehe, қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көретін болдық қой?

З ә р и н а. Күлкісі жоқ, Тоғаш. Мен саған өткен-кеткен адамдардан сәлем жолдап, хаттар жазып тұрам, сенімге толы әдемі хаттар.

Т о ғ а ш. Естімеген елде көп деген осы екен-ау. Тірі болсақ талай-талай кереметті естірміз де, көрерміз де әлі.

З ә р и н а. Латында бір мақал бар екен, орысша айтқанда: «Оранжерея хороша, но жить в ней нельзя».

Т о ғ а ш *(түсінбей)*. Немене, немене?

З ә р и н а *(күліп)*. Оранжерея... оранжерея. Қазақша айтқанда гүл өсіретін үй. Міне, сол гүл өсіретін үй сондай жақсы. Бірақ онда тұрып болмайды. Түрлі хош иістерге елтіп басың айналады.

Т о ғ а ш. Ранжінді қой, шырағым. Жазыққұмға неге бармаймын дейсің, соныңды айтшы?

З ә р и н а. Сен мал бағасың. Ал мен не істеймін Жазыққұмға барғанда?

Сырттан Жұбатқанның даусы шығады.

Ж ұ б а т қ а н н ы ң д а у ы с ы. Тоғаш, о Тоғаш? Сушай, қайдасың деймін?

Т о ғ а ш. Жұбатқан ғой мынау. *(Абыржиды)*.

Ж ұ б а т қ а н. Ойбай-ау, қойыннан айырылдың ғой...

Т о ғ а ш. Қойы құрысын, Жұбақа, шатақ болып жатыр мұнда.

Ж ұ б а т қ а н. Ие, не шатақ?

Т о ғ а ш. Мына Зәрина Жазыққұмда мен істейтін ештеңе жоқ, осында қалам, көшпеймін дейді.

Ж ұ б а т қ а н. Істейтін ештеңе жоғы қалай? Дәрігерге жұмыс табылмай ма екен? Ең алдымен аурухана саламыз. Сосын санаторий орнатамыз. Сосын... *(Бөгеліп.)* Қысқасы, Жазыққұмды мүлде жайнатып жібереміз. Бұл жұмыс емес пе екен?

З ә р и н а. Бәрін қойып, медпункт аштырсаңыз да жарар еді ең алдымен.

Ж ұ б а т қ а н. Сушай, бәрі де болады. Жұбатқан айтпайды. Жұбатқан айтса, болады дей бер.

Т о ғ а ш. Е, бәсе...

Зәрина кетіп қалады.

Ж ұ б а т қ а н. Сушай, әйелім екен деп ашық ауыздық жасама. Медпункт ашсақ дәрігер табылады. Жазыққұмға баратын, бірақ қойшы табылмайды. Білдің бе?

Т о ғ а ш. Білдім, Жұбақа.

Ж ұ б а т қ а н. Сушай, сен малыңа сақ бол. Биыл өзіңді геройлыққа ұсынамыз ба деген ой бар. Білдің бе?

Т о ғ а ш. Білдім, Жұбақа.

Қ а р а н ғ ы л ы қ. *(Тоғаш үйінің ауласы. Тынышгүл мазасыз.)*

Т ы н ы ш г ү л. Сорлы балаға барма деп едім... Тоғаш келіп қалса, не деймін енді?!

Жүгіріп Сұрау келеді.

С ұ р а у. Апа, осында бір топ жігіттер келе жатыр. Жаңа дүкеннен шықты. Тоғаш жездеме «ферма бастығы болдың, жуасың қайтсең де» деп болмады. *(Шығып кетеді).*

Т ы н ы ш г ү л. Не дейді? Апырау, енді не істедім? *(Сасқалақтап.)* Шеше тілін алмаған соң не шара!.. Жүгіріп сыртқа шығады. Сырттан дабырлаған дауыстар.

Б е р д е н. Ал, кәне, үйге кірмейміз бе?

Б е к е т. Кірсек, кірейік.

Б е р д е н. Ой, бұл иттің әйелі оқымысты көрінген. Жөндеп шай берер дейсің бе? Қашан келсең де кітапқа үніледі де отырады. Бөксесін бір көтермейді-ау жарықтық. Әйелі қайда ей мұның?

Б е к е т. Әйелі дәрігер ғой. Үйінде отырмайды. Жағалай жүріп ауруларды емдейді.

Б е р д е н. Шіркін, өзіміздің әйелді айтсайшы. Көгендеулі қозы секілді. Күн дейсің бе, түн дейсің бе, қойып кеткен жеріннен табылады.

Б е к е т. Ей, қойшы, қатыныңды мақтай бермей, таңдайым кебірсіп барады. Бірдемесі бар ма екен?

Тінтіп арақ іздей бастайды.

Б е р д е н. Әй, бірақ оқымысты әйелі бар иттің үйінде арақ тұра ма? *(Ана екеуін оңашалап.)* Әй, мұның қатыны ауырған баланы арақпен шомылдырады дейді ғой. *(Шықылықтап күледі.)*

Б е к е т. Қаңқу сөз шығар. Баласы ауырмайтын қазақ жоқ, шашы шақ келеді дейсің бұл сорлының.

Күліседі.

Б е р д е н. Ойбай-ау, әлгі Тоғаштың өзі қайда? Содан айырылып қалмайық. Есіктен Тоғаш көрінеді. Қойны-қонышы толған арақ.

Т о ғ а ш. Мен мұндамын, жігіттер. Айырылып қалмайсыңдар Тоғаштан. Тиын санаған Тоғашты қашан көріп едіңдер!

Тоғаш бутылкаларды алып жерге қоя бастайды.

Т о ғ а ш. Сендердің қамдарың ғой, жігіттер, менің кешігіп жатканым. Қатен! О, қатен!.. *Өзгелерден бөлініп алға шығады.*

З ә р и н а? Ә, Зәрина?! *Бір бүйірден Тынышгүл көрінеді.* Зәрина қайда?

Т ы н ы ш г ү л *(сасқалақтап).* Ертемен кетіп еді. Келмей жатыр...

Т о ғ а ш. Осы сендер оңай деп ойлайсыңдар ма? Мен ферма бастығы болдым, ферма бастығы... Білдің бе, ферма бастығы. Аналардың бірі де ферма бастығы болған жоқ, мен болдым ферма бастығы. Оңай болса, солардың бірін тағайындай салмас па еді. Жоқ, олардың бірін де тағайындаған жоқ. Мені, Тоғашты тағайындады. Тоғашты. Осыны неге түсінбейді ол?

Т ы н ы ш г ү л. Түсінеді, жаным, түсінеді ғой.

Т о ғ а ш. Түсінеді... Түсінсе үйде неге отырмайды.

Т ы н ы ш г ү л. Қазір келіп қалар енді. Сабыр етші, Тоғашжан. Мен шай коя берейін, бара тұршы, күте тұршы, кішкене.

Тынышгүл абыржып бәйек болып жүреді.

Қайдан келе қалып еді ойда жоқта. Ашы шекше шұбатылып шыққан жоқ па, сорлы неме. Қалай бармайды енді. *(Ойланып.)* Жазған баланын өзінде де бар. Төбе көрсеткен соң тезірек қайтып отырмай ма ауыл қайдасын деп. Өйте ме байғұс бала. Қай уақытта кім неменемен ауырып еді? – деп әңкүр-мәнкүрше өткен-кеткеннің бәрін тексеріске алып жатқан шығар қадалып? *Зәрина келеді.*

Неғып кешіктін? Шырағым-ау?

З ә р и н а. Осы жұртқа таным бар, апа. Құдай-ау, қалай ел болып, бала өсіріп жатырмыз десейші. Кәдуілгі баланың үсті-басын таза ұстау деген бар ғой, соны құнттамайды.

Үйден дабырлаған дауыстар шығады. Біреулер әндетіп жатыр.

З ә р и н а. Апа, үйде біреулер бар ма?

Т ы н ы ш г ү л. Тоғаштың жолдастары. Сені іздеп жатыр, тезірек үйге кір, жаным.

Зәрина үйге беттейді. Босаған арақ бутылкалары. Зәринаның келгенін ешкім байқамайды.

Т о ғ а ш *(өлеңдетіп).*

Қарағым, айналайын, келдің қайдан?
Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан...

Б е р д е н *(кейіп).* Әй, әй, Тоғаш, сен кой, білдің бе? Сенде дауыс жоқ. Ферма бастығы болдым деп сен бар ғой... Бәрі бір дауыс жоқ сенде... Бірінші дауыс мына менде. Менің дауысым бірінші дауыс, білдің бе? Ал сонан кейінгі дауыс ана Бекетте. Бекеттің дауысы екінші дауыс. Ал, кәне, Бекет екеуміз қосыламыз.

Т о ғ а ш. Оттапсыңдар. Менің дауысым бірінші де дауыс емес, екінші де дауыс емес, менің дауысым... безразмерный дауыс, білдің бе? Өзім айтам.

Айналайып, қарағым-ай, келдің қайдан?
Ала үйрек алма...

Мойынын көрсетеді де қолымен ұшып кетті дегенді білдіреді. Жұрт сол кезде Зәринаның келгенін аңғарып шуласа бастайды.

Б е р д е н. О, Зәрина келді.

Б е к е т. Зәке, Зәрежан, кел кел. Күйеуін ферма бастығы болды.

З ә р и н а. Е, жақсы болған.

Т о ғ а ш *(Зәринаның дауысын естіп).* Ау, қатын, қайда жүрсің, ей сен? Мен ферма бастығы болдым. Мен ферма бастығы... ал менің әйелім аурулар училищесін бітірген.

З ә р и н а *(қасына келіп қисайып кеткен жағасын түзеп).* Қанша айтам, саған, аурулар училищесі емес. Ондай училище жоқ өмірде. Дәрігерлік училище.

Т о ғ а ш. Жоқ, аурулар училищесі. Аурулар, білдің бе? Мен солай деймін. Солай болады да...

Б е к е т. Біраз отырып, ойнап-күлдік, осы да жетер, таркайық, жігіттер.

Б е р д е н. Тарқамаймыз. Неге тарқаймыз! Бұл ферма бастығы болған Тоғаштың тойы. Ал көмекшіліктен аға шопан болған Бекеттің тойы қайда?

Т о ғ а ш. Е, бәсе, ендігі той сенде, жалтарма! Жалтарма!

Б е к е т. Қарсылық жоқ қой оған. Бірақ әйелім сырқат қой... Бәлністен жаңа шықты ғой...

Б е р д е н. Жоқты сылтауратып жалтарма дедік қой саған. Бір тоқтыны алып ұрып соясың. Той жасайсың. Жүріңдер, жігіттер.

Жұрт қопарыла береді.

Б е к е т. Апырай, әйел байғұс ауру еді, не болар екен енді? Жә, жүрші.

Бекет пен Берден шығып кетеді.

Т о ғ а ш. *(масаң).* Аурулар училищесі. Мен солай дедім, солай болады да. Аурулар...

Ұйықтап кетеді.

З ә р и н а. Апа, Сұраужан. *(Жыламсырап.)* Бүйткен өмірі құрысын да. Апа деймін, Сұрау, Сұрау. Әй, Сұрау, кайсың барсың?

Тынышгүл мен Сұрау келеді.

Т ы н ы ш г ү л. О не қарағым? Тағы да жатып қалған ба? Әйтеуір бір жақсы жері – ішсе, байланыспайды. Үндемей, отырып-отырып бір кезде сылқ ете түседі. Бұған да болса шүкіршілік, ішіп алған соң еліріп, екі аяғынды бір етікке тықса не істер ең.

(Екеуі бірігіп, көтеріп салмақ болады.)

З ә р и н а. Жалған түйенің жарты етіндей болып жатқанын қарашы. Бауыздап тастаса да түк білер емес.

С ұ р а у. О-хо, соғыс болып өткен секілді ғой.

Т ы н ы ш г ү л. Сұраужан, әй, еркексің ғой, мұнда келші, мына жезденді былай апарып жатқызайық.

З ә р и н а. Жатсыншы осылай. Несіне әуре боламыз төсекке апарамыз деп.

С ұ р а у. Тәте деймін-ау, жығылғанша неге іше береді десейші. Толтырып-толтырып бір-екі стакан ішсе болмай ма? Оның орнына шишалап құлата береді, құлата береді.

З ә р и н а. Әлі өскенде сен де өсітерсің. Мыналарды көріп жүріп, ұзап кайда барармын дейсің.

С ұ р а у. Өйтпеймін мен. Өйтпеймін деген соң өйтпеймін. Білдің бе, тәте!

Т ы н ы ш г ү л . Қайтсін. Ішейін деп ішеді дейсің бе, реті болады ғой осындай бір. Біреуі жоғарылап жатады, біреуі орнынан алынады. Біреу балалы болады, біреу қаралы болады дегендей, қайғырса да, қуанса да аракка жүгінетін заман ғой.

З ә р и н а. Күйеу баланның жығылып қалғанын актағалы тұрсың ба енді?

(Жағын таңған дүкенші көрінеді.)

Д ү к е н ш і . Келінжан-ай, дүкенде зорға тұр едім, мына тісі құрғырдың қаксап әкетіп бара жатқаны.

З ә р и н а. Қазір, қайнаға. Қазір.

Д ү к е н ш і . Зәринажан-ай, шыдатпай барады, енді не істедім?

З ә р и н а. Қазір, казір.

Д ү к е н ш і. Мына тісі құрғыр түнімен қаксап, қадір түнін күзеткендей көрер таңды көзіммен аткыздым. Әкетіп барады.

З ә р и н а. Мен не істей алам, ағатай. Қолымда не аспап жоқ, не дәрі жоқ.

Д ү к е н ш і . Сонда да бір амалын ойластыра көрші, келінжан. Ауданға барайын десем, ауыл-үй шай-қантсыз қалады ғой, қалқам. Ұртымның бәрі жалкаяк ісік.

З ә р и н а. Кәне, аузыңызды ашыңызшы. *(Дүкенші аузын ашады. Зәрина әрлі-берлі қарайды.)* Дүкенші қайнаға мен ештенені көріп тұрған жоқпын.

Д ү к е н ш і . Ойбай, келінжан-ай, қалай көрмейсің. Ана қызыл етін қара, қызыл етін. Келінжан-ай, аздап арақ тамызып бассам қалай болар еді.

З ә р и н а *(енді түсініп).* О, онда жаксы болады. Манадан бері соныңызды айтпайсыз ба.

Стаканға арақ толтырып дүкеншіге ұсынады.

Д ү к е н ш і *(қипақтап).* Дәкеге тамызып бассам...

З ә р и н а. Жоқ, дүкенші қайнаға. Тіс ауруына осылай баскан дұрыс болады.

Д ү к е н ш і. Осылай дедің-ау, келінжан.

З ә р и н а. Иә, иә, осылай. *(Дүкенші бір стаканды қағып салады.)* Енді қалай болды, қайнаға?

Д ү к е н ш і *(тамсанып).* Әлгіндей емес, басылайын деді ме қалай?

З ә р и н а (стаканға құйып беріп). Мынаны да ішіп жіберіңіз.

Д ү к е н ш і. Мұны ішсем мүлдем жазылып кетем бе, келінжан?

З ә р и н а. Иә, мүлдем жазылып кетесіз, қайнаға.

Д ү к е н ш і . Ішсем ішейін, онда *(ішіп болып.)* О құлдығың болып кетейін, келінжан) айығып кеттім ғой тіптен. Хе-хе...

Шығып кетеді. Тоғаш қорылы күшейе түседі. Зәрина ауыр ойда. Қараңғылық. Музыка.

Тоғаштың үйінің алды. Кемел жұмыс үстінде.

З ә р и н а. Кемел аға, сазды сордың екі тұсынан алдым.

К е м е л. Өте жақсы. Ертең жүретін біреу болса, машинасына тиеп жіберейік. Ондағылар күтіп отыр.

З ә р и н а. Кемел аға, мені бір азапка салып қойдыңыз ғой. Түбінде бірдеңе шығара алсақ жақсы болар еді-ау.

Сұрау келеді.

З ә р и н а. Керек кезде сен де зым-зия болып кетесің.

С ұ р а у. Тоғаш жездем жібермеді ғой, қой қайырасың деп. Арамтамақ, ең болмаса, ішкен-жегеніңді ақта деп жекіді. Сосын малға кеттім.

З ә р и н а. Кемел аға, кейінгі кезде осы іініңізді түсінбей бара жатырмын. Мен сорлы, дәрігер болсам, адам бойындағы кеселдермен күрессем, тіпті жеңе алмасам да күресе берсем деп армандаймын. Бұл ойымды Тоғаштың тыңдағысы да келмейді.

К е м е л. Азапсыз рахат болмайды, Зәрина. Тоғаш ақылсыз жігіт емес, түсінеді әлі.

З ә р и н а. Қайдам, Кемел аға...

К е м е л *(ойланып)*. Ал, мен тағы да бір барып қайтайын. Дәлелімізділ тапжылтпайтын болғаны дұрыс. *(Кетеді.)*

Екінші жақтан Тоғаш келеді.

Т о ғ а ш. Шаршап келдім, шай әкелші.

З ә р и н а. Қазір қояйын.

Т о ғ а ш. Күйеуім бір шөлдеп келеді-ау, шай дайындап қояйыншы дсу ғой ойына бір кірмейді, қашан қатын боп жарытасың осы?

З ә р и н а. Онда шалап іше тұрсаң қайтеді?

Т о ғ а ш. У болса да әкелші.

Зәрина шалап жасап әкеледі.

З ә р и н а. Жұбатқан аға хабарласқан жоқ па?

Т о ғ а ш. Хабарласты.

З ә р и н а. Не дейді?

Т о ғ а ш. Оның саған не керегі бар?

З ә р и н а. Бар керегі.

Т о ғ а ш. Керегі болса, айтшы қане?

З ә р и н а. Мен адам емеспін бе? Ылғи кекетесің де отырасың өстіп.

Т о ғ а ш. Адамсың, адамсың. Айтайын керегі болса, Жұбатқан бүгін рациямен сөйлесті. Қой қырқу науқанын бір аптада аяқтаңдар. Жүн өткізуге он күн срок. Орындамасаңдар, бастарыңмен жауап бересіңдер деді. Айтсам сол.

Т о ғ а ш. *(Қайта киіне бастайды. Әлденені ізден жүріп саз салынған құмыраның бірін домалатып кетеді. Кейіп.)* Мына бәлелерің не осы сенің?

З ә р и н а. Қазір, қазір. Ол әлгі Кемел ағаның...

Т о ғ а ш *(сөзін бөліп).* О, Кемел аған да, өзің де бар бол. Бар болыңдар! Әлгі шұлғауы түскір кайда? Құмыраларды самсатқанша катын болып, шұлғауымды дайындап коймайсың ба?

Шыға беріп қайта оралады.

Жұбатканнан тағы бір хабар бар. Бүнкіт ашылмайтын болды. Зәрина үйде отыра алмаса, койға барсын деді.

Шығып кетеді. Зәрина мұнайып отырып калады. Сыртта әйел даусы шығады.

Ә й е л д а у с ы . Әй, Тоғаш, Зәре келін үйде ме?

Т о ғ а ш. Зәре келінді кайтейін деп ен?

Ә й е л. Кайтетіні несі, құдай-ау. Әлгі біздің үйдегі аған сырқаттанып калды. Зәре келіннің колы емсекті еді, шақырып кел деп жіберді.

Т о ғ а ш. Сырқаттанбақ түгіл, арам неге катпайды. Бар. Зәрина жок.

Ә й е л. Ау, шырағым, арам каты не? Есің дұрыс па өзіннің?

Т о ғ а ш. Немене, дұрыс емес деп естіп пе едіңдер? Бар деймін. Жұрт үшін алған катын жок. Катынды мен өзім үшін алғам. Түсінікті ме? Ал бар енді. Бастарың ауырса, салып осында келесіңдер. Бүнкітің жок мұнда ашып койған. Карамды көрмеңдер бұдан былай.

Тоғаш пен әйел дабырласкан қалпы алыстай береді.

З ә р и н а. Сұмдык-ай, мына Тоғашка не болған? Карап тұрып жасы үлкен адамға кет дегені несі? Ұят-ай... Пауза... Әлде... әлде осы менің істеп жүргенім кате ме екен? Шынында да Тоғаштың осыншама ширығуына мен себепкер болармын ба? Кішкене кезімде әжем маркұмның апама «күйеу тілін алған әйел кор болмайды» деп отырғанын талай естігенім бар еді. Жаны бар-ау, осы сөздің... Рас, рас, ерте кетеді, кеш келеді... Сонда ыстық асы мен салулы төсегі дайын тұрмаса, еркек бишараға ол үйдің несі сән? Койшы, кыска жазда көбелек куалаған балаға ұксамайыншы. Тастайыншы бәрін де. Кай казактың әйелі ұшпакка ұшып жатыр. Бәрі де кыз кезінде әр түрлі арманның жетегінде алабұртып жүреді де тұрмыска шығып, казан-ошакпен араласкан соң кош айтыспай ма бәрімен. Мен де солардың бірі шығармын. Әуреленбейін. Басы ауырмак түгіл өлейін деп жатыр десе де, Тоғашты ренжітіп бармайтын болайын ешкайда. Будым белімді осыған.

Зәрина ойда. Жүгіріп Бекет келеді.

Б е к е т. Ойбай, Зәрина, кайдасын?

Зәрина үндемейді.

Б е к е т. Ойбай, болшы, тезірек, әлгі Биғайшажанды толғак кысып жатыр.

З ә р и н а ...

Б е к е т. Кемпір атаулыда кисап жоқ, кетіндер десем болмайды ата-бабаның мирасы деп.

З ә р и н а. Қазір, қазір...

Б е к е т. Біреулері үйді сабалап, біреулері отқа қарынның құрышын тастап итәлек... Жүр енді тезірек.

З ә р и н а ...

Б е к е т. Жүр деймін, тезірек. Былай құр тартып, Биғайшажанды бүйтіп асып қойды. Биғайшажанда не ес бар дейсің, бар айтқаны, тұншығып барам, бірге өскен құрбым еді, Зәринаны шақыршы тезірек деді. Биғайшажан осыдан аман-есен босанды ғой... Әй, Зәретай, қуаныштың көкесі сол болар еді ғой...

Зәрина оянып кеткендей.

З ә р и н а. Биғайша дейсің бе? Қазір, қазір.

Жиналып болып шығып кетеді. Жағы таңулы дүкенші келеді.

Д ү к е н ш і. Келен?.. Ә келен... Келінжан-ау, әкетіп барады мына тісі құрғыр. *(Ыңқылдайды.) (Екінші жақтан Тоғаш көрінеді. Дүкеншінің даусын естіп, баспалап тыңдайды).*

Келенжан, қайдасың, келен? Ең болмаса тісі құрғырға бірер тамшы болса... Келен...

Т о ғ а ш... Мә, саған бірер тамшы, сақалды сайтан! *(Жағын таңған орамалды сыпырып алады.)* Тамызатын болсаң, ана дүкенінде тұрған жоқ па жәшік-жәшігімен. Тамыз сонда бар да.

Д ү к е н ш і. Бұл иттің баласы қай жақтан сап ете қалып еді.

Т о ғ а ш. Көрдім ғой көресіні!..

Әлденені ұмыт қалдырған Зәрина қайтып келеді.

З ә р и н а. Саған не болған? Мыналарың не?

Т о ғ а ш. Саған не болған, саған не деймін?

З ә р и н а *(әр жерді қарманып жоқ іздеп)*. Маған ештеңе де болған жоқ.

Т о ғ а ш. Жоқ, болған саған.

З ә р и н а *(жоғын тауып)*. Ә, мында тұр екен ғой.

(Шыға бастайды.)

Т о ғ а ш. Тағы қайда кеттің?

З ә р и н а. Әлгі Биғайша босана алмай қысылып жатыр екен. Далада Бекет күтіп тұр...

Т о ғ а ш. Биғайша болмақ түгіл Биғайшаның әкесі босанса да бармайсың.

З ә р и н а. Бірге өскен құрбы ғой, қалай бармаймын қысылып жатқанда? Ертең қалай көрісеміз сосын?

Т о ғ а ш *(кетпек болған Зәринаның алдын орап)*. Қалай көріссен олай көріс, мен сені ешқайда да жібермеймін.

Зәрина есікке ұмтылады. Тоғаш итеріп жібереді. Қыстыққан Зәрина төсекке асылып үнсіз солқылдап жылай бастайды. Бекет келеді.

Б е к е т. Тоғаш босатсаңшы. Саған не болған?

Т о ғ а ш. Жок. Жок. Ешқайда бармайды!

Т ы н ы ш г ү л. Ау, бауырларым-ай, неғып тұрсыңдар. Биғайшажаннан айырылып қалдық қой.

Б е к е т *(Тоғашқа)*. Хайуан.

Музыка.

Ш ы м ы л д ы қ.

Екінші акт

Сахна бірінші картинадағыдай. Жүгіріп қария келе жатады.

Қ а р и я. Жазған бала мүлде теріс кетті-ау. Қап, көз жазып қалғанымды қарашы. Апырай, түсіндіріп-ақ айткан секілді едім. Ей, Мүскін жолаушы, былай, былай қарай.

Қараңғылық.

Жұбатқанның кабинеті. Кәдуілгі осы заманғы әкімдер отыратын кең кабинет. Терезеден Дарияның бір бұрылымы, одан әрі қуарып, реңі қайта бастаған ұлан-ғайыр дала. Бір жерде әлденеге қалдырып кеткен үлкен шан. Бір жерде құлап қалған телеграф бағанасы. Жұбатқан жалғыз. Ширақ басып олай-бұлай жүреді. Асыққаны, абыржығаны байқалады.

Ж ұ б а т қ а н. Апырай, сұмдық болмаса игі еді? Кнопкасын басады. Ауыл интеллигентінше киінген көмекші әйел кіреді. Сушай, әлгі Қолдасбаев қайда?

К ө м е к ш і. Сіздің баяндамаңызды жазамын деп мана үйіне кеткен.

Ж ұ б а т қ а н. Бір жұма болды ғой, әлі бітірмеп пе?

К ө м е к ш і. Бір әйел күтіп отыр ертеден бері. Не дейін? Кірсін бе?

Ж ұ б а т қ а н. Уақыт қайда? Баяндамаға дайындалып жатқан жоқпын ба?

К ө м е к ш і. Кетпейді. Жазыққұмнан келдім, қайтсем де кірем дейді.

Ж ұ б а т қ а н. Жазыққұмнан? Онда бір бес минутке... Ало... ало... бес минут... баяндама... Көмекші әйел шығып кетеді. Зәрина кіреді. Қасында Сұрау. Жұбатқан орнынан тұрып қарсы жүреді.

О... о... о... дәрігер жолдас, сен екенсің ғой. Кел... кел... О, мынау Сұрау деген жігіт пе? Ал, отыра қалыңдар.

С ұ р а у. Ой, қандай биік, басың айналады тіпті.

Ж ұ б а т қ а н . Жұбатқан ағаң осындай биік үйде отырып қызмет істейді, балақай.

С ұ р а у. Жұбатқан аға, мұндай биік үйдің керегі не сізге?

Ж ұ б а т қ а н . Ол былай, балакан. Біздің ауданның жері кең байтақ. Қыс жайлайтын Қызыккум мына Сыр бойынан бес жүз шақырым. Ал, жаз жайлайтын Жазыккум болса, ол да үш жүзден кем емес. Осындай киян алыс жерлерде не болып жатканын биік үйде отырмасақ көре алмаймыз.

С ұ р а у. Сіз соның бәрін көріп отырасыз ба?

Ж ұ б а т қ а н . Көрмегенде ше. *(Сағатына қарап.)* Уақытым сондай тығыз, Зәрина. Бір үлкен баяндамаға дайындалып... Мұрнымнан шаншылып жатырмын. Ал, халдарың қалай?

З ә р и н а. Халдың несін сұрайсың, Жұбатқан аға. Хал жақсы емес.

Ж ұ б а т қ а н . Немене, малда шығын бар ма? *(Қағаздарын қопарып.)* Келген мәліметке қарағанда өлім-жітім жоқ секілді еді ғой...

З ә р и н а . Жо.. малда шығын жоқ. Шығын адамда бар.

Ж ұ б а т қ а н . Ие?

З ә р и н а . Бекеттің әйелі қайтыс болды.

Ж ұ б а т қ а н . О... о... оның жүрегі жаман еді ғой. Ие, сұм ажал бір күні бізге де аяңдап келеді ғой. *(Күрсінеді.)*

З ә р и н а. Аурулар сонша көп. Күн демейді, түн демейді, келе береді, келе береді... Не шақырып алып кетеді. Қолымда диплом болған соң бармауға ұяласың.

Ж ұ б а т қ а н. Тіпті дұрыс. Бару керек. Жарайсың, Зәрина. Қойшы деген халыққа не жақсылық жасасаң да артықшылығы жоқ.

З ә р и н а. Бірақ Тоғаш менің өстіп жүргеніме сондай қарсы...

Ж ұ б а т қ а н... О... О...

З ә р и н а . Кім тағайындады сені дәрігер етіп? Үйде отыр. Ал үйде отыра алмайды екенсің, қой бақ. Айтары осы.

Ж ұ б а т қ а н. О.. о... *.(Ойланып.)* Тоғаш теріс айтпаған, Сушай, табыстың бәрі бұл күнде қойда.

З ә р и н а *(кекесін күлкімен).* Сөзіңіз құдды Тоғашекеңнің сөзі секілді. Сізден естіген екен ғой.

Ж ұ б а т қ а н . Сушай, дәрігерлік училищені бітіріп, қойға бару екінің бірінің қолынан келе бермейді.

З ә р и н а. Бұл не, ерлік, әлде ездік пе? Қайсысы дегіңіз келеді.

Ж ұ б а т қ а н. Жақсы көретін келінім едің, түсінбей қалдым ғой мұныңа.

З ә р и н а. Түсінетін түгі де жоқ, Жұбатқан аға. Дәрігерлік пункт ашылмаса Жазыккумға қайтып бармаймын мен.

Ж ұ б а т қ а н . О... о... не істемексің сонда?

Зәрина. Мен істейтін жұмыс жоқ па? Ауруханаға орналасам, болмаса қалаға кетем.

Жұбаткан. О... о... Тоғаш қайда қалады?

Зәрина. Жақсы көрсе ереді. Ермесе... қала береді.

Жұбаткан. О... о... *(Зәринаға жақын келіп жайдарылана сөйлейді.)* Сушай. Сәл сабыр ете тұру керек, Зәрина. Сабыр етсең дәрігерлік пункт те, бәрі де болады, бәрі... де. Көрерсің, ендібір онжылда Жазыккұмда нағыз коммунизм орнатамыз мына біз. Ана Әсия жағаларды бау-бақшаға айналдырамыз. Сарайлар соғамыз. Секіртпе сулы құдықтар қазып, кер далаға гүл жазира жасаймыз. Асфальт жолдар саламыз. Қаласаң зырлатып машинамен бар, қаласаң вертолетпен ұш. Ерік өзінде. Оны мына отырған Сұрау ғана емес, сен де, Зәрина, мен де, бәріміз де көреміз әлі.

Зәрина мен Сұрау бірте-бірте елігіп, Жұбатқан сөзін ұйып тыңдайды.

Сұрау. Ой, Жұбаткан аға, кандай тамаша! Онда мен де қойшы болар едім, Жұбаткан аға... ал қойлар ше?

Жұбаткан. Қойлары қалай?

Сұрау. Жо... Олар да көре ме дегенім ғой.

Зәрина *(күліп)*. Әй, анқау бала-ай, қайдағы жоқты сұрайды да жүреді. Ол кезде кой тұра ма, жүнін кырқып ап етке өткізіп жібермей ме?!

Жұбаткан. Жо... жо... кой тұрмайды деме. Қой шаруашылығы болмаса, біз үшін келешек жоқ. Ұқтың ба?

Сұрау. Жұбатқан аға, Жұбатқан аға... ал сонда қалай койды вертолетпен бағамыз ба?

Жұбаткан. Вертолетпен бакқаны несі?! Қазір қалай бақсақ солай бағамыз.

Есіктен көмекші әйел көрінеді.

Көмекші. Облыстан. Телефонды көтеріңіз. Жұбатқан жүгіріп барып телефонды көтереді.

Жұбаткан. Ало... ало... ә, Құттыеке, сәлеметсіз бе? Иә... иә... Аha... аha... о... о... жақсы, жақсы... қазір міне, міне көтерілдім.

Трубканы кояды да түрегеледі. Әбігерленіп кнопканы басады. Көмекші әйел көрінеді.

Жұбатқан. Машинам қайда? Машинамды дайындаттыр.

(Көмекші әйел басын изеп есікті жабады. Жұбатқан папкасын алып есікке ұмтыла беріп, сәл кідіреді.)

Айтсада Жазыккұмға қайта бер, Зәрина. Көп кешікпей өзім барам. Бәрі де болады, білдің бе, ойына түк келмесін, білдің бе? Ал, сен, балакай, оқуынды бітір. Жүгіріп шығып кетеді. Зәрина отырып қалады.

С ұ р а у *(терезеден қайта үңіліп).* Зәрина, тәте, әне, біздің кластың терезесі. Біз мына жерде отырған Жұбаткан ағаны ылғи көреміз. Ал ол бізді көрмейді. *(Шегі қатып күледі.)*

З ә р и н а *(ойланып).* Жарайды... тағы да бара тұрайық Жазыққұмға. *(Көтеріле береді.)*

Жазыққум. Тоғаштың отауы. Тынышгүл жалғыз. Елегізулі.

Т ы н ы ш г ү л. Орталыққа кеткеніне міне үш күн. Дәрігер болам деп қызым әлек, болдырмаймын деп күйеу балам әлек. Түбі жақсылық болса игі еді?

Ерден келеді.

Е р д е н. Зәрина орталыққа кетті деді ме осы?

Т ы н ы ш г ү л. Иә, қаукар құда. Учіліш бітіргені бір пәле болды.

Е р д е н. О не деген сөзің, құдағи-ау? Сол Зәринажанның арқасында емес пе өстіп қалқайып жүргенім.

Т ы н ы ш г ү л. Иә, анада, «шонданай, шонданай» деп қақсап, сал бөксе болып қалған секілді едің, қақаңдап кетіпсің.

Е р д е н. Шипасын салайын десе оңай екен ғой, құдағи. Күнде мал жусайтын кезде қойды тақырға иіріп тұзға түсіп жүрмін.

Т ы н ы ш г ү л. Менің де барғаныма біраз күн болып қалды. Ет пен терінің арасында әлгі жүгіріп жүретін желқұсадан тазарған секілдімін. Жарықтық қасиетті су деген сол-ау. Көтеріп әкететін секілді ме, ойнақшытып, аунатып жатқызбайды.

Е р д е н. Құдағи-ау, мені ме, сені ме! Пендешілікті қойсайшы бұл, сондай ойнақшытып, ауната бастағанда, шіркін-ай қасымда осы құдағи неге жоқ деп ойлап қалам.

Т ы н ы ш г ү л. Қара-қара құтыруын...

Е р д е н. Құдағи...

Т ы н ы ш г ү л. Не дейсің, қаукар құда?

Е р д е н. Ертеңнен бастап сорға бірге барып түсіп жүрейікші.

Т ы н ы ш г ү л. Бетім-ау, мына шал құтырған шығар. Қой, балалар естісе, ұят-тағы.

Е р д е н *(ойланып).* Әлгі Кемел бала қайда екен осы? Былтыр мына сордың басынан санатор салдырам деп кетіп еді. Тезірек салдырса екен санаторын.

Т ы н ы ш г ү л. Сонда не болады?

Е р д е н. Не болғаны несі, тәйірі алғыр, бала болып кеткенсің бе өзің. Құда-құдағи болып оңаша бір бөлмеде шонданайды емдетіп жатар едік қой.

Т ы н ы ш г ү л. Кет әрі. Мына әбілет басқыр не деп барады. Малыңа бар.

Тынышгүл кетеді.

Е р д е н. Ау, құдағи?.. Қап, қайырылмады-ау, әлде неге мазасызданатын секілді ме өзі?..

Саз салған құмыраларды көтеріп Кемел келеді.

Кемел. Көз талдырып карап қалған жәйіңіз бар екен, Ерден аға.

Ерден. Е, Кемелмісің, шырағым? Қыран көзді сендер болмасаңдар, біз байғұстар канша қадалғанмен қайбір алысты көре аламыз?

Кемел (күліп). Жас болып алыска карап біздің де бітіргеніміз шамалы-ау, Ереке.

Ерден. Олай деме, Кемелжан. Сенің басқа жұмысыңды қайдан білейін. Осы мына Жазыққұмнан санатор салдырам дегенің ұнайды маған.

Кемел. Бірақ ол санаторий салынғанша ешкінің құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жететін шығар-ақ.

Ерден. Жо... жо... олай деме, Кемел, мына сор дегенің сұмдық. Әлгі Тынышгүл құдағи екеумізді құдайы құрғыр шонданайдан соккан еді, осы сорға түскеннен бері жақсымыз.

Кемел. Иә, иә, мұның шипалы сор екенін дәлелдеу қиын емес, қиыны баскада, Ереке.

Ерден. Е, дәлелдеп берсеңдер, несі қиын.

Кемел. Ай, Ереке-ай, айдалада санаторий салу керек дегенді кім колдап, каражат босата қояды дейсің.

Ерден. Неге айдалада? Қатар жатқан екі-үш ауданның малы мен жаны осында емес пе жаз бойы.

Кемел. Осында екені осында. Рас айтасыз. Бірақ ең алдымен осы елге медпункт керек. Медпункт аштырған жөн әуелі.

Жүгіріп Тоғаш келеді.

Ерден. Аштырсаңдар несі қиын. Дәрігеріміз дайын.

Тоғаш. Тоғаш үйіндегі келініңіз кісі емдемейді бұдан былай. Ата кәсібін жасап кой бағады, Ереке.

Кемел. Түтінің түзу, Тоғаш тауып айтып тұрсың.

Тоғаш. Әй, ағасы-ай, бір ауылдан міне сіз шықтыңыз ғой. Сол жетпей ме. Бәріміз бірдей ғалым болып кетсек, малды кім бағады. Қаланыздағы әлгі босып жүргендерді кім асырайды?

Үшеуі де күліседі.

Ерден. Әне, біздің Тоғаш алдырмайды сөзге.

Кемел. Оның рас, Тоғаш. Жұрттың бәрі ғалым болып кетсе, мал бағатын ешкім қалмайды. *(Ойланып.)* Бірақ бұл сіз бен біздің ұғымымыз. Біз ғана осылай ойлаймыз. Жұрттың бәрі ғалым болып кетсе бар ғой, онда малды сол ғалымдардың өздері баккан болар еді. Бірақ біздінше, казіргіше бақпайды, өздерінше, ғалымдарша бағар еді. Қой бағудың жана бір тәсілін ойлап тауып, бізден жүз есе, мың есе артық бағар еді. Бірақ қай заманда болмасын, жұрттың бәрі бірдей ғалым бола бере алмайды. Біреу мал бағады, біреу әкім болады. Енді біреулер акын, жазушы, инженер, ғалым болады. Мені кинайтыны бұл емес, туыстар, мені кинайтыны

– ғалым бола алатындар талпынбағандықтан малшы болып, ал малшы болатындар талпынғандықтан әкім болып кетіп жатады. Осы мені қинайтыны.

Т о ғ а ш. Кемел аға, не десен о де, менің жеткен жерім осы.

К е м е л. Әй, ат құлағынан арғы жерге шошына карайтын осы бір мінезіміз-ай, Ереке.

Е р д е н. Содан ғой Кемелжан, бар тірлігін малдың тұяғына бағындырып, кай жерде от бар, кай жерде су бар деп үдіре көшіп жүре бергені. Өйтпесе, жер сүмесін еміп, тамаша қалалар тұрғызбас па еді. Сәнді сарайлар, иһрам, имреттар қалдырмас па еді артына. *(Даусын бәсеңдетіп, сыбырға көшіп.)* Сол ата-бабаларға ұқсап әлі де үнемі барды сағалаймыз. Жоқты іздемейміз. Осы аудандағы он колхоздың жаз жайлайтын жері қазақы белбеудің жалпақтығындай ғана мына құм жағалар. Оны дардай етіп Әсия жағалар деп атаймыз. Бер жағы тықыр тепсең, такыр нұра, су жоқ. Ал ар жағы қалың құм. Отыз шақырымнан әрі сұғынып бір қойшы барған емес. Сөйте отырып жер жетпейді дейміз. Қайдан жетеді барды сағалаған соң. Осыны айтсаң, жек көрінішті боласың, Кемелжан.

К е м е л *(күрсініп)*. Түсінем, түсінем, ақсақал. Жақсы бағбан күн сайын алма бағын аралайды. Қуарған, құрт түскен бұтақтары болса, ойланбайды, кесіп тастайды. Дерт шалған бұтағынан арылған соң жеміс ағашы өнімді бұрынғыдан да көп береді. Бұл табиғат заңы. Біз өмір сүрген қоғамда да сондай құрт түскен бұтақтар бар. Бірақ соны сіз секілді жақсы бір бағбан келіп кесіп тастайын, кеселден құтқарайын десе, әлгі алма ағашының тамырына балта сілтеді деп даурыға қалатындар бар ғой бізде.

Е р д е н. Тауып айттың, Кемелжан. Дәл қышыған жерден шығып отырсың.

К е м е л. Неге өйтеміз? Неге солай? Неліктен күдіктене қаламыз?

Е р д е н. Е, осыны айтшы, шырағым. Алысты көре алмаймын дегенім осы ғой менің.

К е м е л. Әлсіздігіміз бұл. Өйткені даурықпалық, айқайшылық жауырды жаба тоқушылық дегеннің бәрі де әлсіздіктен туады.

Е р д е н. Міне, міне...

К е м е л. Әлсіз дегенде совет үкіметі әлсіз деп ұғып қалмаңыз, Ереке. Совет үкіметі құдайға шүкір, тамырын тереңге жіберген каркара емен секілді, жау да, жұт та шайқалта алмайды. Әлсіз болғанда, ана Жұбатқандар әлсіз. Олардың күні-түні ойлайтыны – кайтсем орнымнан түсіп қалмаймын? Сол себепті сіз сиякты бағбан келіп шірік бұтакты кесе бастаса, тамырға балта шапты деп айкайлайды олар. Әрбір совет азаматының көкірегіне ұялаған асыл есім – совет үкіметі деген сөзді өзіне кару етіп алып, сонымен

сокпак болады. Арзан айла. Міне, біздің әлсіздігіміз осында, Ереке. Ен әуелі біз осы дертпен күресуіміз керек.

Е р д е н. Жөн, жөн, жөн айтасың, Кемелжан.

Кемел кетеді. Ерден соңынан кетеді. Тынышгүл көрінеді.

Т о ғ а ш. Зәрина қайда?

Т ы н ы ш г ү л. Айтпады ма, ауданға кеткен жоқ па? Сұрау екеуі.

Т о ғ а ш. Оны неге жібердің?

Т ы н ы ш г ү л. Мен жіберді дейсің бе, шырағым. Өздерін болып келіскен шығарсыңдар дегем.

Т о ғ а ш *(кекетіп)*. Келіскен шығарсыңдар дегем, келіскен шығарсыңдар дегем...

Т ы н ы ш г ү л. Ақырынырақ сөйлеші балам, даусың құлағымды жарып барады.

Т о ғ а ш. Ақырын сөзді естігің келсе, жел берме қызыңа.

Т ы н ы ш г ү л. Естиін дегенім осы ма еді, балам-ау. *(Кетеді.)*

Т о ғ а ш *(ойланып)*. Апырай, айдың күннің аманында тірі жүріп қатыннан айырылды деген не сұмдық? Ешім ишанның «қатының өзіннен бір елі төмен болсын, ал бір елі жоғары болса, құдайдың ұрғаны деп отырғанын талай естідім» деуші еді әкем марқұм. Қайран бұрынғының кісілері-ай, білмей айтпайды екен ғой... Өзіме де обал жоқ, төртінші класты бітіріп үйінде отырған Өрмекбайдың қызын ал, қақ-сокта жұмысы жоқ, нағыз тенің. Шаруаңды істейді, дегеніңді екі етпейді, қой аузынан шөп алмайтын көнбіс, міністкер торының нақ өзі деп талай ағайын айтты-ау. Соған мына сор маңдай илікпеді ғой. Ал тарт енді сазайыңды... Апырау, ес болсайшы бұл мұндарда. Атам қазақ атам заманнан бері дәрігерсіз-ақ күнелтіп келе жатқанын неге түсінбейді? Әкесі Сәрсенбай өмір баки қойдың қиын тазалап, дарияның қамысын шапканнан басқа түкті көрмеген еді. Қалай жетіле қалды десеңші? Зәрина?.. Ә, Зәрина. Жо.. жоқ... не дәрігер тұрар, не мен тұрармын.

Шам сөнеді.

Жазыққум. Сордың шеті көрінеді. Сұрау, Кемел, Зәрина. Зәрина микроскопқа үңіліп әлденені зерттеген түрі бар.

К е м е л. Иә, Сұрау онжылдықты бітірген соң Алматыға, өзіме келесің. Жоғары оқу орнына түсесің.

С ұ р а у *(мұңайып)*. Ал, Тоғаш жездем «Алматыда түкте те жоқ, қалада тұратындар тойып тамақ ішпейді. Мал секілді, жейтіндері көк шөп. Қарның ашып қалады. Қайта өзіме кел. Бәрін қойғанда тамағың тоқ болады» дейді.

К е м е л *(күліп)*. Дүниеге әркім өз биігінен қарайды, балақай. Біреулер ойда тұрады, өзінен басқа ештенені көре алмайды. Бірақ көре алмаса да, алысты көрдім деп ойлайды. Енді біреулер шы-

ғандап биікте тұрады. Қиян шалғай алысты көреді. Бірақ кең дүниені көрдім деп даурықпайды.

С ұ р а у *(шегі қатып күледі).* Жұбатқан ағаны айтам... Ол бізді төбелесіп жатсақ та көрмейді. Сөйте тұрып бәрін де көрем дейді. *(Тағы күледі.)*

К е м е л. Жұбатқан аған отырған биік алысты көру үшін емес, алыстан көріну үшін жасалған биік. Иә, солай, шырағым.

З ә р и н а. Менің ойымша, бұл сордың сазы ревматизм, полиатрит ауруларына табылмайтын ем.

К е м е л. Дұрыс айтасың, Зәрина.

Тұмсығы көрінген машинадан Жұбатқан қарғып түседі.

Ж ұ б а т қ а н. Апырау, бұларға айтқан сөз желге айтқанмен бірдей деймін. Бұлар кісіні осылай шаршатады деймін.

К е м е л *(қалың ойда отырған қалпынан селт етіп).* Пай-пай, сендердің әдеттерің-ай, өстіп шулата жүретін.

Ж ұ б а т қ а н *(әрлі-берілі ойқастап жүріп).* Ашуланбауыңа қоймады ғой, бұлар, Кемел-ау.

К е м е л *(бап, салмақпен).* Ал не сұмдық болып қалды осы күйгелектенетіндей? Кәне, айтшы, біз де білекті сыбанып кірісіп кетейік.

Ж ұ б а т қ а н *(Кемелді құшақтап, күліп).* Құрдас деген, міне, осындай. Баяғы қалпы, жоқ жерден ілік тауып алып сынап-мінеп жатқаны...

С ұ р а у. Кемел аға жөн айтады.

Ж ұ б а т қ а н. О... о...

К е м е л. Әне, кердің бе? Жұбатқан «Сен не дейсің?» дегендей Зәринаға қарайды. Зәринаның да айтары осы... Қарамай-ақ қой о жаққа.

З ә р и н а *(күліп).* Мен бір есептен Жұбатқан ағаны жақтап кетем бе деп отырмын.

Ж ұ б а т қ а н *(көтеріліп).* Әне, Зариналың кім жақ екенін көрдің ғой...

С ұ р а у. Зәрина тәтем дәрігерлік пункт тезірек ашылар ма екен деп жағымпаздық жасап жатыр...

Бәрі де күліседі.

К е м е л. Бұл мені баяғы қалпы деп санап жатыр ғой. Өзі де сол кездегісінен ұзап кетпеген. Сырлы аяққа су құйып, аузымен үрлеп дауыл тұрғызатын әдеті болушы еді. Көрдіндер ғой, міне, осы жерде де сол мінезіне басып жатқан жоқ па?

Күлкі. Реніштi Тынышгүл келеді. Қарт ананың ау-жайына қарап, бәрі де тынып қалады. Жұбатқан әзілдемек болады. Бірақ онысы әсерлі шықпайды.

Ж ұ б а т қ а н. О, құдағиы құрғыр-ау, әлі осындамысың. Күйеу бала ұнаған екен әбден.

Т ы н ы ш г ү л *(үнсіз көзінің жасын сүртіп).* Сұраужан, мен саған келдім.

С ұ р а у. Жай ма, апа?

Т ы н ы ш г ү л. Ауылға қайтамыз, балам.

З ә р и н а. Апа, аз күнге шыдай тұр, бірге кетерміз дегенім қайда? Күйеу балана өкпеледім деп мені отқа тастамаксың ба?

Тынышгүл үндемейді. Үнсіз домалаған көзінің жасын сүртеді тағы да.

Ж ұ б а т қ а н. Немене, Тоғаш бірдеме деп жүр ме?

Т ы н ы ш г ү л. Жоқ, ешкім де ештеңе деген жоқ, қарақтарым.

К е м е л. Енді не болды?

Т ы н ы ш г ү л. Әлгі біздің үйдегі маркұм үнемі түсіме енеді. Айтары ауылға кайт. Аруағы ренжиді ғой деймін, қайтпасам болмайды. Тұр, Сұраужан. Неге мелшиіп қалдың, бассаңшы аяғыңды.

Сұрау шешесінің соңынан ереді.

З ә р и н а. Апатайым-ау, өлтіріп неге кетпейсің мен бейбақты.

Шешесінің соңынан кетеді. Аз-кем қолайсыз тыныштық басады.

К е м е л. Әлгі Тоғашы түскір ренжіткен болды ғой, тілдеп жатканын бір ретте естіп қалғаным бар еді.

Ж ұ б а т қ а н. Ондай болса, айтпай ма жаңа?

К е м е л. Ай, Жұбатқан-ай, айтатын ана Тынышгүлдей болып па? Айтқанда не, өз колын өзі кесе ме? *(Жұбатқан сабырлы қалыпта, салмақпен үнсіз отырады.)* Зәрина жәйі қатты толғантады мені, Жұбатқан.

Ж ұ б а т қ а н. Толғантса, не істейін. Қаражат сұрап баяғыда хат жазғанбыз.

К е м е л. Сендердікі сол хат жазудан келеді ғой.

Ж ұ б а т қ а н. Хат жазбағанда... Өз зарплатымды берейін бе?

К е м е л. Бер өз зарплатыңды. Неге бермейсің? Мына жалпақ жатқан жазық құмда бір-ақ дәрігер бар екен. Соның өзіне жұмыс тауып бере алмай отырсың. Шын күйіп-пісетін, шын шыдамсыздық көрсететін жер, міне, осындай жер емес пе!

Ж ұ б а т қ а н. Ерте ме, кеш пе, пункт мәселесі шешіледі. Бірақ ол мәселе шешілгенше дені сау адам қалайша шыдап отыра алады? Осыған таңым бар. Ал облыстан хабар келді, биыл Жазыккұмнан пункт ашуға каржы жоқ, ендігі жылға қалдырылды дейді. Сонда не, ендігі жылға дейін өстіп отыра бермек пе?

К е м е л. Не істе демексің сонда?

Ж ұ б а т қ а н. Қой бақсын күйеуіне қосылып.

К е м е л *(ызалы күлкімен).* Білгем осыны айтарыңды. Қойдан асып нені көрем дейсің. *(Ойланып.)* Сен, міне, ел ағасысың, Жұбатқан. Ал, сенің әкең болса, қой баккан еді...

Ж ұ б а т қ а н. Немене, жалғыз менің әкем ғана ма, сенің әкең де кой баккан. Бәріміздің де әкеміз...

Кемел. Иә, иә, айтайын деп келе жатканым осы. Менің әкем де кой баккан, сенің әкеңде кой баккан. Менің әкемнің әкесі де кой баккан, сенің әкеңнің әкесі де кой баккан.

Жұбаткан. Дәл солай.

Кемел. Менің әкемнің әкесінің әкесі де кой баккан. Сенің әкеңнің әкесінің әкесі де...

Жұбаткан. Өй, сен шұбалтып кеттің ғой.

Кемел. Ата-бабамыз көзін коймен ашты.

Жұбаткан. Иә, коймен ашты.

Кемел. Ал ендеше, сөйткен казакты «кой бак, кой бак!» деп...

Сырттан шу естіледі. Шырылдаған әйел дауысы естіледі.

Кемел *(шошынып)*. Апыр-ау, мынау Зәринаның дауысына ұқсайды ғой... Әлгі Тоғаш бар болғыр бір жазым жасап жүрмесе игі еді?!

Жұбаткан *(шошынып)*. Ә, Тоғаш дедің-ау?! *(Сағатына қарайды.)* Ал онда мен кеттім...

Машина шегініп кетеді. Кемел ойда.

Кемел. Бар, бар, бір пәлесі тиер деп қашып барасың ғой.

Қараңғылық.

Жазыққум. Тоғаш үйінің алды. Зәрина жалғыз.

Зәрина. Апам мен Сұраудың кеткеніне бір ай болып қалыптыау. Ұрланып жаз да өтіп барады. Бүгін болмаса, ертең болар деген үмітпен көп күндер кейінде қалды. Енді Қызылқум не қызығын дайындап тұр екен? *Бекет келеді. Сондай қайғылы.*

Бекет. Жаңа Биғайшаның басына барып кайттым. Бұрынғыдан да аласарып бір-ак уыс тәмпе болып қалыпты...

Зәрина *(күрсініп)*. Иә, аяулы құрбы еді ғой. Амал канша...

Бекет. Кеше ғана талай-талай жан сырларын шертісіп, өмірдің ыстығы мен суығын бірдей бөлісіп жүрген ет-бауыр жакын адамның енді бір кішкене төмпе болып жатканы ақылға сыймайды тіпті.

Зәрина *(торығыңқырап)*. Шын ғашық, шын сыйласты адамдарды өстіп ажал айырады. Сыйласа білмейтіндерден ойбайласаң да құтыла алмайсың.

Бекет. Бұрын Биғайша барда ештенені ойламайды екенмін. Қандай өкінішті, Зәрина. Қой соңында салпактап жаксы жылдарды кор етіппін ғой ойлап карасам. Ақыл шіркін түстен кейін келген сон не шара бар?!

Зәрина. Ақыл шіркін түстен кейін келген соң дедің-ау, Бекет.

Ойланып олай-бұлай жүреді.

Бекет. Сөге көрме, Зәрина, асыл құрбы едің, коштасқалы келдім сенімен. Астанаға оқуға кетіп барам.

Зәрина. Коштасқалы дейсің бе, Бекет?

Бекет *(кетіп бара жатып)*. Ал сау бол, Зәке. Анда-санда Биғайшаның басына барып тұрғайсың.

Бекет кетеді. Зәрина соңынан ұзақ қарап тұрады. Кемел келеді.

Кемел. Асығыспын, Зәрежан. Астанаға жүріп барам...

Зәрина кешеулеп бұрылады.

Зәрина. Не дедініз? Кемел аға екенсіз ғой.

Кемел. Телеграмма алдым. Алматыға шақырып жатыр.

Зәрина. Менен басканың бәрі де кетіп жатыр. Кетіп жатыр.

Кемел. Бір жола кетіп бара жаткан жоқпын, Зәрина. Қайтып оралам кешікпей. Сені куандыра кетейін деп әдейі соғып отырмын.

Зарина *(алгі бір сезімнің ырқынан шыға алмай).* Кемел аға, кішкентай бір құс болсам деймін. Сөйтіп, киян шалғай алыска ұшып кетсем...

Кемел. Сол кішкене құска тіл бітсе... «Шіркін-ай, адам болып жаралып, жер бетінде алшан басып жүргеннен артық не бақыт бар екен дүниеде» демесіне кім кепіл.

Екеуі де күледі.

Зәрина *(күрсініп).* Кемел аға, Жұрттың бәрі сіздей болып неге жаралмайды екен, сонда мен секілділер құс болсам деп армандамас еді ғой.

Кемел *(күліп).* Жұрттың бәрі мен секілді болса «шіркін-ай, осы жұрт Жұбаткандай неге болмайды екен?!» дейтіндер де табылар еді ғой.

Зәрина ойланып қалады.

Зәрина. Жаңа менің көз алдымда Бекет құс болып ұшып кетті. Мына ұлан-кайыр далада құс болып самғап жүргеннен артық не бақыт бар дейсің, Кемел аға. Бекетке ұқсап, мен де ұшып кетсем бе деймін...

Кемел. Мен жуырда облыс орталығында болдым. Жазыккұм жайлы пікірімді ортаға салдым. Облыс басшылары бәріне де келісті. Таяудағы екі-үш жылда Жазыккұмға санаторий салынады. Ал, медпункт мәселесіне келсек, о да ашылатын болды. Міне, қағазы. *(Қағазды Зәринаға ұсынады).*

Зәрина *(қуанып).* Қандай жаксысыз, Кемел аға.

Кемел. Бүгін-ертең сенің атыңа жарлық келеді. Жұбаткан уәде беріп калды. *(Күліп.)* Сөйтіп Сәрсенбаева жолдастың құс болып ұшып кетуге уақыты болмай қалады енді. *(Екеуі де күледі.)* Ал, қайтып оралғанша, Зәрина.

Кемел қоштасып шығып кетеді. Зәрина оның да соңынан ұзақ қарап қалады. Үстінде ақ халаты бар бейтаныс әйел ертіп асығыс Жұбатқан келеді.

Жұбаткан. Сушай, Зәрина, Тоғаш кайда?

Зәрина. Жұбаткан аға, сіз де келіп қалдыңыз ба? Жоғары шығыңыз. *(Әйелді байқап.)* Жоғары шығыңыздар.

Жұбаткан. Жоқ асығыспын. Тоғаш керек еді.

Зәрина. Жайласыңыздар, тамақ піскенше келіп те қалады.

Ж ұ б а т қ а н . Сушай, онда Тоғаш былай етсін. Ана қызыл отаудың үйін әзірше медпунктке берсін. Ауданға бара салысымен қызыл отауға арнап үй жібертем, осылай де.

З ә р и н а. Жақсы, Жұбаткан аға. Айтайын.

Ж ұ б а т қ а н *(бейтаныс әйелге қарап).* Жатсынбаңыз. Бұлар сондай жақсы адамдар, Гүлсара Жанасовна.

З ә р и н а. Бұл кісі кім?

Ж ұ б а т қ а н . О, таныстырмаған екенмін ғой. *(Бейтаныс әйелге.)* Бұл жолшыбай өзіңізге айтып келген ферма бастығы Тоғаштың үйі. Мына кісі Тоғаштың жұбайы – Зәрина. Маңдай алды қойшы.

З ә р и н а. Не айтып кеттіңіз, Жұбатқан аға?

Ж ұ б а т қ а н *(мән бермей).* Ал мына кісі Гүлсара Жанасовна. Жазыққұмның жаңа дәрігері.

З ә р и н а *(шошынып).* Дәрігер?

Ж ұ б а т қ а н *(асығып).* Иә, иә, дәрігер. Ал Гүлсара Жанасовна жатсынбаңыз, бұлар сондай жақсы жандар. Енді айналып келгенше еңбекте ерекше қарқын туғызып, медпункт мәселесін жөнге қоятын болыңыз. Жұбатқан шығып кетеді. Зәрина толғаныс үстінде.

Музыка.

Тоғаштың үйі. Түн ортасы. Қатты есік қағылады. «Тоғаш, тез бол, есік аш» деген Берденнің даусы естіледі.

Т о ғ а ш *(ұшып түрегеліп).* Бұл кім? Берден? Малға қасқыр шапқаннан сау ма, мал аман ба?

Б е р д е н. Мал аман. Зәрежан әлгі дәрігерің қайда? Кішкентайымыз қатты ауырып... Денесі от па дерсің. Күйіп барады... Күркілдеп жөтелгенде дем ала алмайды тіпті.

Т о ғ а ш . Балаң ауырса, қатының не бітіреді. Күндіз алып келмей, кеш түскенде елді дүрліктіріп.

З ә р и н а. Гүлсара Жанасовна, тез киініңіз. Мына кісімен арғы бетке барасыз.

Г ү л с а р а. Арғы бетке? Осы түн ішінде ме?

Б е р д е н. Кешіріңіз, айналайын, жүріңізші тезірек. Сәби ғой...

Г ү л с а р а. Осы қараңғыда жылымға түсіп өл дейсіз бе? Қазір ыстық түсіретін мына дәріні беріңіздер. Ертең осында алып келіңіз.

З ә р и н а. Қысылып жатқанда, бармауыңыз қалай Гүлсара? Аузына емшек сала алмай жатқан сәби дәріні қалай іше алады?

Г ү л с а р а. Мен қалай ішкізем. Ішсе де, ішпесе де барғандағы беретін дәрім осы.

З ә р и н а. Барыңыз, Гүлсара Жанасовна. Ыстығы жоғары болса ішке түсіп өкпе ауруына шалдығуы мүмкін. Пенициллин ала барыңыз да ине салыңыз.

Г ү л с а р а. Кірпігі қимылдап жатқанда уколды көтере алмай, үзіліп кетсе қайтем? Екі ортада мен...

Зәрина. Қорықпаңыз. Бара көресіз.

Гүлсара. Жо, жоқ, біреудің обалына қала алмаймын.

Зәрина. Қайта бармасаңыз обалына қалмайсыз ба?

Берден. Зәринажан, болмаса өзің жүрші.

Тоғаш. Не оттап тұрсың өзің. Жалақысын алып отырған ана дәрігер бармағанда қарынға жабысқан талақтай бұған не бар?

Зәрина. Гүлсара барады. Бармаса мен барам.

Тоғаш. Кім? Сен бе? Аяғынды аттап басшы.

Зәрина. Басса несі бар, басам.

Берден. Зәринежан, жанжалдаспай-ақ қойыңдар. Басқа емі жоқ болса, дәрісін алдым. Тағы беретін дәріңіз жоқ па?

Гүлсара. Жоқ.

Берден кетіп бара жатады.

Тоғаш *(айқайлап)*. Әй, Берден малыңа сақ бол. Көрші қойшыларға қасқыр шауып, шығындап кеткенін есіңде ұста!

Зәрина. Қандай тас жүрек едіңіз, Гүлсара. Сізді де адамның арашасы дейді. Дәрігерлік парызды былай қойғанда адамның адамға деген жанашырлығы қайда?

Тоғаш. Қойшы, көкімей. Сенің-ақ жүрегің елжірейді де жүреді екен. Біреу үшін суға батып өлсін бе?

Гүлсара. Және арғы бет менің участогым емес қой.

Зәрина. Қысылтаяң шақта арғы бет, бергі бет деудің несі жөн. Күшің жетпесе де, қысылып жатқан адамға қол ұшын беру дәрігерлік парыз.

Гүлсара. Мен оны сізден жақсы түсінем.

Зәрина. Түсінгеніңіз осы ма? Егер адамға қол ұшын бермесеңіз, дәрігерлігіңізден не пайда? Мен әр уақытта шындықты қалайтын адаммын. Мен үшін сіздің осында келгеніңіздің өзі де жұмбақ.

Гүлсара. Мен де сізді өте жақсы түсінем. Сыншыл болсаңыз мен де шынымды айтайын. Мұнда келген мақсатым – екі жылымды өтеп, дипломды қолға алу.

Зәрина. Енді мен бәрін де түсіндім. Әкеліңіз шприцті мезгілмезгіл укол салып, өмірін бір күнге ұзартсам да дәрігерлік парызымды өтейін.

Тоғаш. Дәрігерлік парыз, дәрігерлік парыз. Парызшылын жаманның. Ешқайда да бармайсың?!

Зәрина. Маған тор атты ерттеп бер.

Тоғаш. Ә, бұл үкімнің орындалуы қиынырақ болар. *(Зәрина киініп кете бастайды.)* Тоқта!

Зәрина. Сенің әніңді тыңдай-тыңдай болғанмын. Тұр былай жолымнан!

Зәрина тоқтамастан шығып кетеді.

Қараңғылық.

Далада алай-түлей боран. Зәрина жалғыз.

З ә р и н а. Тоғаш, ә, Тоғаш. Апыр-ау, шынымен-ақ жалғыз қалғаным ба, далада?

Өткен өмір көз алдына келе бастайды. Ар жақта Тоғаш көрінеді.

З ә р и н а. Міне, біз қосылғалы үш ай. Үш күн оңаша қалып көрмеген секілдіміз.

Т о ғ а ш. Уақыт болып жатыр ма, соған, Зәретай.

З ә р и н а. Осыдан үш ай бұрын училищеге күнде келуші едің. Уақытты сонда қалай таптың екен?

Т о ғ а ш. Онда жанды шүберекке түйіп жүрдік қой. Зәретай, қатынсыз өтуге бола ма дүниеден.

З ә р и н а. М... солай де. Қатынсыз жүргенде жанды шүберекке түюге болады екен. Қатын алғаннан кейін жанды шүберекке түюге болмайды екен. Түсінікті.

Т о ғ а ш. Өзің емес пе едің: «Енді қашан келесің?» – деп қиылып тұрып алатын. Сонда мен көнілінді қимағандықтан «ертең ертемен» деп қалай айтып қалатынымды өзім де байқамайтынмын.

З ә р и н а. Құсың.

Т о ғ а ш. Түк те құлығы жоқ. Рас айтам. Сосын былай шыға беріп «қап, ертең ертемен» деп қалай асығыс айтып қалдым екен, келер жұмада демеген екенмін. Ендігі жолы болсын» деп өкінетінмін.

З ә р и н а. Қара, енді, мықтымсынуын. «Ертең келейінші», — деп өзің емес пе едің қиылып тұрып алатын. Бір жолы «Емтиханға дайындалайын, ендігі жұмада келсең қайтеді?» – дегенімде «ертең келем, егер орныннан табылмасаң, асылып өлем» деген батыр кім еді? Қайта мен емес пе едім көнілінді қимайтын.

Т о ғ а ш. Жә... жә... Бас жағына барыспайық. Бір жолы өз қалауың бойынша араға екі күн салып келгенімде: «Кеше қайда болдың? Күттім сондай?» деп жыларман болғаның қайда? Тере берсе, сенен де шығады ондайлар.

З ә р и н а. Иә, деген, мен онда күнде келіп жүріп екі күн жоқ болып кеткен соң сені ауырып қалды ма екен деп қорыққам...

Т о ғ а ш. Жарайды, жарайды ақталмай-ақ қой енді. Қызылқұм мен Жазыққұмның ыстығы мен суығына бой бермей жүрген Тоғашты ауырып қалды деп қорыққан жоксың. Соқпа өтірікті.

З ә р и н а. Шынымды айтсам, мен Жұбатқанның көнілін қимағанмын. Қайта-қайта кабинетіне шақырып алып «Тоғаш жақсы бала, бақытты семья құрасыңдар» деп болмады ғой. «Анаңа хабар берілген, ол кісі қарсы емес»,– деп те айтқан. Сол сөзіне нанып қой анамды ренжітіп алғаным.

Т о ғ а ш. Жә, доғар. Осы күйеуім шаршап келеді-ау деп шай қайнатуды да білмейсің. Қашан үйренер екенсің. Тоғаш көрінбей кетеді.

З ә р и н а. Тоғаш, ә, Тоғаш. Не болды саған? Мен сені кінәлағым келмейді. Өйткені өрісің белгілі сенің. Алабұрттқан көнілге төтеп

бере алмағанын да содан. Сенімен төс түйістірген күннен бері іздеумен, елегізумен келем. Не істеймін? Неге елегізимін? Оны өзім де білмеймін. Ау, қайсың барсыңдар?

Қ а р а н ғ ы л ы к.

Тынышгүл үйі. Тынышгүл абыржып, біреуді күткен тәрізді.

С ұ р а у. Апа, әлі он жылдықты бітірген соң мен де Зәрина тәтем секілді дәрігер болам.

Т ы н ы ш г ү л. Қайдам, шырағым, тым ұзақ күтіп қалдық-ау.

С ұ р а у. Апа-ау, саған не болған? Келгенше сол болып жатыр да.

Т ы н ы ш г ү л. Кешіккенге айтам, балам. Бие сауыны болмағанымен сүт пісірім уақыт өтті-ау. Сұраужан, әлде өзіміз барып тауып алсақ қайтеді. Күте-күте шыдамым таусылды. Шаршаған секілдімін.

С ұ р а у. Шыдай тұрайық, апа. Біз онда барғанда Зәрина тәтем мұнда келіп жүрсе адасып қалмаймыз ба?

Т ы н ы ш г ү л. Қайдам шырағым, шыдасақ шыдай тұрайық.

Ар жақтан қария көрінеді.

Қ а р и я. Ей, қамкөңіл ана, сабыр ете тұр азырақ. Сәл күте тұр. Күте тұр, ана. Сен дүниеге ана болып жаралғанда күту үшін жаралғансың. Қыршын кезінде жолдасыңды майдан көзіне аттандырып оны ұзақ күттің. Бағын жанды. Қайтып оралды жан жарың. Жұбайлық өмірдің бар қызығын енді көре бастаған кезінде жесір қалдың. Сәрсекеннің енді қайтып келмейтінін жақсы білесің. Сонда да жылы орнын суытпай күтіп отырсың.

Сен күтуге жаралғансың, ана. Күте тұр, сәл ғана күтші.

Ерден келеді.

С ұ р а у. Ата, үш күн болды, Зәрина тәтем әлі жоқ.

Бәріміз жүріп Зәрина тәтемнен айырылып қалдық қой, ата.

Е р д е н. Апырай, енді не істесек екен? Іздеу керек! Иә, иә іздеу керек!

Далада алай-түлей боран. «Көмектесіңдер!» деген Зәринаның даусы естіледі. Жан-жағынан қасқырлар жақындап келеді. Қайда қашарын білмеген Зәрина жар қабақтан жаңа қатып жатқан мұзға секіріп кетеді. «Қайдасың. Зәрина?» деген іздеушілердің даусы естіледі.

Ж ұ б а т к а н. Тал түсте кісі жоғалды деген не деген сөз. Айдың, күннің аманында қара пәле болып жабыспаса еді?

С ұ р а у. Зәрина тәтем қайда?

Т о ғ а ш. Бейбақты жер жұтып кетті ме? Әй, нәуетек-ай, десеңші.

С ұ р а у. Қайда, Зәрина тәтем қайда?

Бала көтерген әйел. Шыракжан-ай, қайда кете қалдың бізді тастап? Бала кездегі көп арманды, сөнген арманды қайта тұтатып ала көңіл етіп кеттің ғой, шыракжан. Неге айтпадың кетеріңді. Соңыннан қалмайтын едім...

Д ү к е н ш і. Жасың кіші бала болғанымен еркелегім келіп тұрушы еді. Таза едің, аңқау едің. Енді кімге еркелейін? Енді кімге емдетейін тісі құрғырды?..

С ұ р а у. Зәрина тәтемді көрдіңіз бе? Зә-ри-на...

Қараңғылық.

Сеңнің үстінде қалқып келе жатқан Зәрина көрінеді. «Көмектесіңдер, көмектесіңдер! Қайсың барсың?! Тоғаш!..»

Қараңғылық.

Қ а р и я. Айтыңдаршы неге бұлай?! Ау, азаматтар, айтыңдаршы неге бұлай болды?!

Музыка.

ҚЫР ГҮЛІ

Екі перделі драма

Қатынасатындар:

Сағындық – революция жолындағы жас азамат
Нарша – Сағындықтың қалыңдығы
Гарпед (Карпов) – Сағындықтың досы
Әубәкір – Сағындықтың әкесі
Әлти – бай
Күләйма – Әлтидің қызы
Дайша – Әлтидің әйелі
Әлғали – Сағындықтың жама ағайыны
Боярский – казак-орыс байы
Омар – Әлтидің жандайшабы
Хабар – гимназия шәкірті
Ауыл адамдары. Трактористер.

Оқиға 20 жылдарда Казақстанның солтүстігінде өтеді.

Жаз айының ашық күні. Егін арасындағы бұралаң жолдың шаңын шұбалтып жеңіл машина келіп тоқтады. Ішінен ырғалаңқырап барып бір кісі шықты. Ол облыстық партия комитетінің жаңа секретары Николай Васильевич Карпов. Жер ортасынан асып, сары-кідір тартқан шағы.

Николай Васильевич машинадан ұзаңқырап барды да, төңіреккe көз салды. Айнала көз жетер жердің бәрі көгерген егін. Кең сахараны қуалай соққан ыстық леппен баяу толқып тербеледі. Обком секретары еңбек алаңанынан жаралған осы бір сұлу көрініс ті тамашалай ма, әлде өткен күннің басқа бір күңгірт елесін қуалай ма, томаға-тұйық ұзақ тұрды.

Машинадан тағы біреу шықты. Әлғали Төпенов — совхоз директоры. Оның да самай шашы ағарған. Бетінде әжімнің қалың ізі бар.

Әлғали жай басып Карповтың қасына келді. Ол да шалғай қайқаңға көзін қадады:

Бір бетте айдалған аңыз. Жабыңқы жалғыз мола. Басына қойылған белгі қисайып қирап қалған. Сол молаға тұмсығын тіреп трактор тұр. Бір малшы мен бір тракторист қып-қызыл дау үстінде. Дауыстары еміс-еміс талып естіледі.

М а л ш ы. Қой дедім ғой мен саған!

Т р а к т о р и с т. Ал мен саған былай тұр дедім ғой.

М а л ш ы. Былай тұрмаймын мен.

Т р а к т о р и с т. Онда маған өкпелеме.

М а л ш ы. Өкпелегенде не істейсің?

Т р а к т о р и с т. Бұрылмаймын. Қиратып, басып кетем...

М а л ш ы. Ал, кәне, баса ғой.

Т р а к т о р и с т. Басам дедім, басам. Басып кету түк те емес маған.

У-шу. «Баса алмайсың!» «Басам!» Карпов пен Әлғали осылай карай беттеді.

К а р п о в. Бұл не шу?

М а л ш ы. Е, мынау сәупік өзеуреп болмайды.

Ә л ғ а л и. Жөндеріңді айтыңдар. Бұл кісі Николай Васильевич Карпов. Обкомның бірінші хатшысы.

М а л ш ы. Мен бұл жерде мола бар, айналып өт деймін. Ал мына ант атқан көнбейді. Моланы да, сені де таптап кетем дейді.

К а р п о в. Мола таптағаны қалай?

Т р а к т о р и с т. Мола болғанда... Бұл мола... Бұл моланы осы жердің адамдары бай баласының моласы деген.

К а р п о в *(елеңдеп)*. Кім деген байдың баласы екен?

Ә л ғ а л и. Руы Самай; Әубәкір деген бай болған, Николай Васильевич...

К а р п о в *(ойланып)*. Ә... Ә... Күркенің Әубәкірі ме?

Ә л ғ а л и. Иә тап өзі...

К а р п о в *(ойланып).* Күркенің Әубәкірі... Сонда бұл жерде жаткан Сағындық болды-ау?

Ә л ғ а л и *(таңырқап).* Біледі екенсіз ғой, Николай Васильевич.

К а р п о в. Білгенде қандай! Бұдан қырық жыл бұрын осы жерде болғаным бар... *(Тракториспі қасына шақырады.)* Сөйтіп моланы айналып өтуге болмайды дейсің?

Т р а к т о р и с т. Болмайды дегенде...

К а р п о в. Жо... Жо... Күмілжіме...

Т р а к т о р и с т. Иә, рас еді.

К а р п о в. Айналып өтуге болмайтыны – бұл жерде жаткан бай баласы? Солай ма?

Т р а к т о р и с т. Со-со-лай...

К а р п о в. Қай жақтан келген едіңіз мұнда?

Т р а к т о р и с т. Одессадан...

К а р п о в. Ә, Одессадан?.. *(Салмақтап.)* Одессадан келген екенсіз ғой? Ал Одессадан келген жігіт, сіздің есіміңіз кім сонда?

Т р а к т о р и с т. Николай.

К а р п о в. Николай? О, аттас болдық онда. Сіз де Николай біз де Николай. *(Қарқылдап күледі.)* Екі Николай кездесіппіз ретіменен. Сонда сіз моланы таптап кетесіз? Ана малшыны да таптап кетесіз?

Н и к о л а й. Кешіріңіз. Қателік болды.

К а р п о в. Ал сіз бұл жерде қандай байдың баласы жатқанын білесіз бе?

Н и к о л а й. Жоқ, білген емеспін.

К а р п о в. Ендеше тыңдай бер. Бұл бұдан қырық жыл бұрын болған оқиға..

ШЕГІНІС

Бірінші бөлім

Әлти осы өңірдің үлкен байы. Сағындықтың әкесі Әубәкірмен құда болып, көңілді жүрген шағы. Қызы Күләйманы гимназия шәкірті Сағындыққа қосса, орыс, қазақ арасында өрісі кеңейеді, мәртебесі өседі. Қазір Әлти өз үйінде, өз жақыны Омар пысық екеуі осы жайді әңгіме етіп отыр.

Ә л т и. Күйеу баланы осында келеді дедің бе? Оны саған кім айтты?

О м а р. Тәйкеттің Сүлеймені. Макөшінге барған екен, Сағындықты вокзалда көріпті...

Ә л т и. Қо-ош!

О м а р. Қасында бір орысы бар дейді.

Ә л т и. Қо-ош?

О м а р. Беті осы ауыл дейді.

Ә л т и *(ойланып)*. Ой, Омар...

О м а р. Ләббай, Әлеке?

Ә л т и. Сол Сағындық баланы қайда оқиды деді осы?

О м а р. Кетрампор шаһарында. Қасым баласы Хабар бар ғой, сонымен бірге кемназияда.

Ә л т и. Ана өзіміздің дөңдегі шоғадағы бай Қасымның Хабары ма?

О м а р. Дәп солай. Екеуі бір бөлмеде жатып оқиды.

Ә л т и. Сонда күйеу бала кім болып шығады екен?

О м а р. Анада Әубәкір осында құдалыққа келгенде бір сөзінде: балам кемназияда, аман болса, ақ патшаның көмекшісі болады демеді ме?

Ә л т и. Ақ патшаң құлаған жоқ па еді?

О м а р. Жай қауесет пе деймін. Әзірше тынышпыз ғой.

Ә л т и *(ойланып)*. Әу, сонда күйеу бала ақ патшаның көмекшісі болса, мына мен – Әлти бай ақ патша көмекшісінің қайын атасы болам-ау, сонда.

О м а р. Әлбетте, Әлеке. Құдай қаласа болып тұрсың.

Ә л т и. Қатен... Әй, Қатен...

Дайша кіреді.

Д а й ш а. Мені шақырдың ба?

Ә л т и. Сен мына жаман шалыңның кім болайын деп тұрғанын білдің бе?

Д а й ш а. Түсімде ақ боз атқа мініп жүр екенсің. Тәуіпке жорытсам сіздің үйдегі кісінің мәртебесі өседі, ақ патшаның оң тізесінде отырады деді.

Ә л т и. Міне, міне... Қатын, дәп өзі. *(Күледі.)* Ал Күләйма қайда?

Д а й ш а. Күләйма осында, біздің үйдің кісісі.

Ә л т и. Дайында ендеше. Күйеу баланы келе жатыр.

Д а й ш а. Жақсы... Дайындайын.

Шыға бастайды.

Ә л т и. Жоқ, тұра тұр, қатын... Әлгі күйеу бала келеді ғой... Сонда Күләймаға айтып қой, бетімен сөйлеп қойып жүрмесін. Көп күлмесін.

Д а й ш а *(күрсініп)*. Айтудан кінә жоқ-ау, біздің үйдің кісісі. Құдайтағала *(басын көрсетіп)* мына жерге бірдеме бермеген соң, не амал бар.

Ә л т и. Жә, жә, өз қызың туралы өзің сөйдесің, басқаларға не жорық. Бар айтқанды істе. *Дайша шығып кетеді.* Омар?

О м а р. Ләббай, Әлеке?

Ә л т и. Қонакқа қой сойғанымыз жөн болмас... Ана тор дөнен дұрыс шығар?..

О м а р. Ана таңын қасқыр тарткан дөнен бе? Жоқ, ақ патша көмекшісінің қайын атасы болайын деп отырып... таңын қасқыр тарткан... жо... ұят болады, байекесі. Ана ту жүрген көк бие дұрыс...

Ә л т и *(ойланып)*. О да жөн екен-ау... Ай, Омарым-ай, сенің осы ақылың үшін ұнатам ғой...

О м а р. Е, әрине, естіген елден ұят қой. Таңын қасқыр тарткан байтал сойып...

Ә л т и *(Омарды сөйлетпей)*. Жә, жә... Ал енді күйеу баланың алдынан кім шығады?

О м а р *(ойланып)*. Күйеу баланың алдынан ба? Күйеу баланың алдынан... Күйеу ба... Әһа, күйеу баланың алдынан Бірімжан шықсын...

Ә л т и. Таптың, Омар. Күйеу баланың алдынан Бірімжан шығады. Ал, келіп есік алдына тоқтағанда аттың басын Қасым ұстасын.

О м а р. Жөн, Әлеке, Қасым ұстайды...

Ә л т и. Ал, арбадан қолтықтап, арбадан қолтықтап бар ғой өзің түсіресің.

О м а р. Жөн, Әлеке, өзім түсірем.

Ә л т и. Ал, үйдің есігін Шәбден ашады.

О м а р. Жөн, Әлеке, есікті Шәбден ашады.

Ә л т и. Тоқта, Омар... Ойбай-ау. Паянтозды кім төсейді? Паянтозды ұмытып барады екенбіз ғой...

О м а р. Құдай-ау, естен шығып кетіпті ғой паянтоз дегенің, әрине, Әлти бай күйеу баласын паянтоз төсеп қарсы алмаса... Сұмдық қой... Сонда паянтозды ма? Паянтозды... Мына мен өзім төсейін...

Әлти. Ә!?

О м а р. Иә, иә, ең алдымен паянтозды төсеп жіберіп, сосын күйеу баланы былай қолтықтап...

Ә л т и. Ә, дұрыс енше... Таптың, Омарым, һе, һім. Ең алдымен қайын ата болып алайын... былайғы жұртпен қалай сөйлесуді білеміз ғой сосын.

О м а р. Әлбетте, Әлеке.

Ә л т и. Қымызды өзім сапырам...

О м а р. Әлбетте, қымызды өзің сапырасың.

Ә л т и. Аяқты сен әпересің...

О м а р. Ә?

Ә л т и. Аяқты сен әпересің деймін.

О м а р. Әлеке, сен қымыз сапыр, мен аяқ тасиын, сонда күніміз не болады? Күйеу бала түгіл, құдай болса да жұрт артын ашып

күлмей ме? Жоқ, қымызды мен сапырам. Аякты балалардың біріне тасытамыз.

Ә л т и. О да жөн екен-ау. Әй, Омарым-ай, тауып кетесің-ау осындайда. Ал жүр онда дайындала берейік.

О м а р. Ә, жүр, жүр, Әлеке.

Екеуі де шығып кетеді. Күләйманы жетелеп Дайша келеді.

Д а й ш а. Ал олай дейтін болсаң, әкеннің өз аузынан естіші не дегенін. Жүр былай қарай.

Күләйма шегіншектей береді. Әй, біздің үйдегі кісі, мына қызына бірдеңе десеңші. *(Аңырып.)* Көтек, біздің үйдің кісісі жоқ па? *(Күләймаға.)* Ойбай-ау, мына сорлыға не болған, жүр деймін. Күйеу баланы кім деп ойлайсың өзің?.. Кетрампорда оқып жатқан төре.

К ү л ә й м а. Төре болса қайтейін. Күйеуге тимеймін дедім, тимеймін.

Д а й ш а. Неге тимейсің? Сонда не, кәрі қыз атанып, осы үйдің босағасын құшақтап өтесің бе?

К ү л ә й м а. Еркектердің бәрі ит, алдайды.

Д а й ш а. Өй, жап аузыңды.

К ү л ә й м а. Жаппаймын. Өтірік пе? Түнде қасына келіп, қол салғанда айтпайтыны жоқ. Ал ертеңіне... Ал ертеңіне түк көрмегенсіп шайын ішеді де аттанып отырады.

Д а й ш а. Қой деймін, қызым, мына сөзді әкең ести көрмесін.

К ү л ә й м а. Естісе қайтейін, конақ түсірмеңдер онда.

Д а й ш а *(аярланып)*. Айналайын, ақылды өзі. Өстіп турасын айтады... Төре болғанда, басқа еркектің біріне де ұқсамайтын төре. Сен білесің бе оның кім екенін?

К ү л ә й м а *(жуасыңқырап)*. Жоқ.

Д а й ш а. Білмесең, ана Самай ішіндегі Күркенің Әубәкірі бар ғой... Соның баласы.

К ү л ә й м а *(өзгеріп)*. Әлгі өткен қыста біздікіне келген жігіт пе?

Д а й ш а. Иә, сол. Дөңдегі Шоғадағы Қасымның Хабарымен бірге келіп еді ғой?!

К ү л ә й м а *(өзгеріп)*. Хабар жаман.

Д а й ш а. Хабар жаман болса, жаман бола берсін. Ал Сағындық оқыған, ақылды бала.

К ү л ә й м а. Сағындық!.. *(Күледі.)* Апа, мен онда киінейін.

Д а й ш а. Бар киін, жаным. Бәрін де дайындап қойғам... *Күләйма кете бастайды.* Ау, балам, Күләймажан?.. Сағындық келгенде, әрине, екеуіннің бір онаша қалатын кезің болады. Сонда байқаулы бол. Бетімен сөйлеп қойып жүрме.

К ү л ә й м а. Апа...

Д а й ш а. Әу, құлыным?

К ү л ә й м а. Әкеммен ең алғаш кездескенде не дедің сонда? Айтшы?

Д а й ш а *(күліп)*. Не дейін, түк үндемей жүзімді төмен салып, тұра бердім. Жоғары қарауға дәтім шыдамаған. Ұялғам сондай. Күләйма сықылықтап күледі.

Бар, Күләймажан. Киіміңді киіп, әзірлене бер. *Күләйма шығып кетеді. Омар келеді.*

Қайын інім, ал не болып жатыр?

О м а р. Бәрі әзір, жеңеше. Күйеу баланы қарсы алу жабдығы түгел ойластырылды. Жылқыға кісі кетті.

Д а й ш а. Қонақ келгені осы емес қой. Ас табылады ғой бұл үйден. Мен мына өз баламның жайын ойлап, қамығам.

О м а р. Қырық жетіні байлап матап алып отырғаның мынау, не қамығатыны бар? Әубәкір ақылсыз адам емес. Кіммен құда болғанын біледі.

Д а й ш а. Қайдам, қайным. Жүрегім сонда да төп. Ел-жұрттың алдында масқара болмасақ...

О м а р. Қам жеме деймін, жеңеше. Екі баланы жағыстыру жағын маған тапсыр.

Д а й ш а. Олай ете алсаң, қалағаның болар еді ғой.

О м а р. Бір айғырдың үйірі...

Д а й ш а. Болады, қайным. Біздің үйдің кісісінің берері өз алдына. Қызынан малын аямайды.

О м а р. Уәде құдай аты...

Д а й ш а. Уәде құдай аты, қайным... Әлти келеді.

Ә л т и. Күн екінді болды. Күйеу баланың келер шағы да жақындап қалды-ау, ә, Омар?

О м а р. Иә, Әлеке, құдай біледі, дәл қазір Көсеней қыстауынан бері асты.

Ә л т и. Ал енше, Омар, күйеу бала келмей тұрып, екінді намазын оқып алайық. Қатын, жайнамаз қайда?

Дайша су әзірлейді, жайнамазды дайындайды. Екеуі алда.

Дайша кейінірек намаз оқи бастайды. Осы кезде сырттан жүгіріп бір малшы келеді.

М а л ш ы. Сағындық тоқтамады. Өтіп кетті...

Ә л т и *(намазды бұзып)*. Не дейді? Оны саған кім айтты?

М а л ш ы. Өзім көрдім. Сиыр жайып жүр едім. Жеккені қос ат. Көшірде бір жігіт. Ал қасында бір орысы бар. Қара жолмен құйғытып былай өте шықты. Біздің ауылға көз де салған жоқ.

Ә л т и. Не деп тұр мына сорлы? Өз көзіңмен көрдің бе? Сағындықты танушы ма едің?

М а л ш ы. Танымағанда ше?

Ә л т и. Сенің де танымайтының болсайшы бір.

О м а р *(екі жағына кезек қарап)*. Ассалаумағалейкум, Рахметолла. Ассалаумағаләйкүм, Рахметолла! Әлеке, саждаға басыңды сал. Намазың бұзылды.

Ә л т и. Мынау ит емес пе, намаз үстінде кеп айтып... Малшы: «Мен білмедім ғой, байеке, мен білмедім ғой, байеке», – деп шегіншектей шығып кетеді. Үшеуі тағы намазға бас кояды.

Д а й ш а. Жол ауыл іргесінен өтеді. Таяқ тастам жерге келіп, қалайша ат басын бұрмайды?

Ә л т и. Әшадан лә иләһә еллалла. Мен де соған қайранмын.

О м а р. Әлеке, намаз бұзылды.

Ә л т и *(ашуланып)*. Бүйткен намазы құрысын!

О м а р. Күнә, Әлеке, күнә.

Ә л т и. Әй, сен осы қашаннан бері сұфы бола қалғансың?

О м а р. Бәрі де құдай ісі.

Ә л т и. Ә, құдай ісі болса, кейін дұрыстап оқып, күнәмізді жуармыз. Ал сен қазір Әубәкірдің ауылына аттан. Күйеу бала не хабармен келді екен? Ау-жайы қалай екен? Соны біл.

О м а р. Жеңешем айтқаны болады ғой?

Д а й ш а. Болады делінді болады. Біздің үйдің кісісі баласынан мал аямайды дедім ғой.

Ә л т и. Мал аямауын аямаймыз-ау, бірақ сен ауызды молырақ ашқан екенсің.

О м а р. Олай болса, өздерің біліңдер. Көлденең іске күйініп отқа түсер жайым жоқ.

Д а й ш а. Әй, біздің үйдің кісісі-ай. Жоқ жерде тарыла қалатын әдетің бар-ау. Қызыңның қызығынан аяғаныңды ертең көрге әкетпексің бе?

Ә л т и. Аяп отырмын ба, сөздің сірәғысы ғой...

Д а й ш а. Сірәғысы болса, қайнымның қалауы орындалады.

О м а р. Ал енше мен отырмайын.

Ә л т и *(зорланыңқырап)*. Ал жарайды, Омар, жолың болсын!

Омар кетеді. Сахна қараңғыланады.

2

Әубәкір байдың арнап тіктірген отау үйі. Есік алдында Әубәкірдің өзі. Көзін қалқалап, алысқа қарайды. Қасында бір топ ауыл адамдары.

Ә у б ә к і р. Апыр-ау, рас Сағындық па келе жатқан?

Ауыл адамдары. Рас, Әуке, дәл өзі.

Ә у б ә к і р. Жолда атасына барып сәлем беруге тиісті еді. Мұнысы қалай болды екен?

А у ы л а д а м ы. Білмеген шығар...

Ә у б ә к і р. Қайтып білмейді?..

Шапқын келеді.

Ш а п қ ы н. Жолаушылар жақындап қалды. Алдынан шығыңдар.

А у ы л а д а м ы. Алты жасар бала алыстан келсе, алпыстағы шал алдынан шығар деген. Әуке, балаң келе жатыр, ал, кәне, баста.

Әубәкір бастаған топ сыртқа ойыса береді. Сахна босаған кезде екінші жақтан Сағындық пен Гарпед шығады.

С а ғ ы н д ы қ. Ал Гарпед мырза, келістік қой? Бір оқ шығармайтын боламыз.

Г а р п е д. Келіскенде қандай, Сағындық Аубакирович, ең аяғы ит тұмсығы да қанамайды. *(Алты атарын алып, қайта қабына салады.)*

С а ғ ы н д ы қ. Е, жөні осы... *(Екеуі де қарқылдай күледі. Сағындық келген бетте жапырлап әлгі топ келеді.)*

А у ы л а д а м ы. Сағындықжан-ау, біз сені ана жақтан іздеп жүрсек, мына жақтан шығыпсың ғой.

С а ғ ы н д ы қ. Әкем қайда?

Әубәкір келеді.

Ә у б ә к і р. Е, жаратқан ием бергеніннен айналайын!...

(Сағындықты құшақтап маңдайынан сүйеді. Амандық сұрасады. Оқыстан.) Сен осы жолда Әлти ауылына соқпай өткенің рас па?

С а ғ ы н д ы қ. Әке, мен бұл жолы дем алайын деп келгенім жоқ. Тығыз шаруа бар.

Ә у б ә к і р *(кейіңкіреп)*. Не шаруа соншама, әкетіп бара жатқан! Анада әдейі хабар салдым, Әлти секілді бай ауылдың үстінен ат ойнатып өте шығуға бола ма екен, балам?! Ұят жасағансың.

С а ғ ы н д ы қ. Ұят болса, бірер күннен кейін әдейі барып ат басын тіреп, кешірім сұрармыз. Шаруа тығыз болған соң үйге жетуге асықтым.

Ә у б ә к і р *(разы болып)*. Е, бәсе, Әубәкір нәсілі осылай болса керек еді.

С а ғ ы н д ы қ. Әке, сасқандықтан таныстыруды да ұмытып кетіппін. Бұл кісі Гарпед деген кісі. Морозовтың сізге жіберген арнайы делдалы.

Ә у б ә к і р. Ә, Мороз бай ма, Мороз байды білем. Бір жылы Қоянды жәрменкесінде табақтас та болғанмын.

Жұрт шуласып кетеді: Байекесі Мороздың өзімен де табақтас болған. Біздің байекең қайда бармады. Қорғанға да барған!

Ә у б ә к і р. Табақтас болғанда, тіпті қызық.

Д а у ы с т а р. Ие, ие, сондағыңызды айтыңызшы.

Ә у б ә к і р. Шәуешектен бір дүңгін сәудегері шай әкепті. Алам деген ойымда жоқ, жай былай жөнін білейін деп барсам үстінде жанат ішік, басында құндыз бөрік, бір орыстың дәуі тұр. Байқаймын, саудасы ұсақ. Шай жәшігіне дүңгін бес сом сұрайды, орыс-

тын дәуі үш сом береді. *(Күлкі.)* Сонымен жыным келіп кетті де: Әй, дұнған, неше жәшік шайын бар? «Жүз жәшік». Бары сол ма? «Мә ендеше бес жүз сомын» деп акшаны суырып тастадым да, жүз жәшікті арттырып алып жүре бердім. Сөйтсем әлгі дәу Мороз байдың өзі екен.

Жұрт шуылы: Екі жүз қойдың құны-ау сонда? Біздің Әукеңсөйтеді?!

Ә у б ә к і р . Содан Мороз бай екі жыл менімен араз болып жүрді. Шөп шабатын машина, сайман әкел деп жіберген делдалымды катарынан екі жыл қайтарып жіберді. Ақыры үшінші жылда татуластық, әйтеуір.

Г а р п е д. Ие, мен сонда Морозовтың қасында тұрғам. Сіз келдіңіз де, ай-түйге карамастан кие жөнелдіңіз ғой. *(Күледі. Әубәкір де күледі.)*

Ә у б ә к і р. Ие, ие, сол жағында орта бойлы бір бала тұрып еді. Жөн-жөн, жаңа есіме түсті.

Г а р п е д. Ие, сондағы бала менмін.

С а ғ ы н д ы к . Морозов Гарпедті сол бала кезінен бастап баулыған.

Ә у б ә к і р. Ә, Мороз бай кісі тани біледі. Обалы нешік менің де көкжалдың ішіндегі осалы емес екенімді бірден таныды ғой. Соның арқасында арадан қыл өтпейтін дос боп кеттік.

Г а р п е д. Александр Иванович сол достығын салық етіп жіберіп отыр мені.

Ә у б ә к і р. Құлағым сізде. Мороз бай салық етсе, көтереміз.

Г а р п е д. Александр Ивановичтің салығы – мың лау астық.

Ә у б ә к і р. Мұның карымы не сонда?

Г а р п е д . Астық тапсырғандар үшін үй басы бір-бір шөп машинасы, бір-бір ат тырнауышы, мың кез кездеме, қалғаны акшадай. Ал осы істі ұйымдастырғаныңыз үшін Александр Ивановичтің сізге арнайы сыйлығы тағы бар.

Ә у б ә к і р. Мороз бай бұл жолы шын көсілген екен.

С а ғ ы н д ы к. Жұмысшылары ашыға бастапты. Морозов астыкка мұктаж.

1 - ш і қ а р а с а қ а л . Біздің үйде былтырдан қалған бір капшык бидай бар еді, бір шөп машинасын алып калар ма екем, байеке, соны бір жеріне тыға салшы.

2 - ш і қ а р а с а қ а л . Маған да бір шөп машинасы керек еді?

Г а р п е д. Астығыңыз бар ма?

2 - ш і қ а р а с а қ а л . Жинаған тері-терсегім бар еді, соны алмас па екен Мороз бай?

С а ғ ы н д ы к. Морозов байлармен ғана сөйлеседі. Орта шаруалармен сөйлеспейді.

2-ші қара сакал. Сағындыкжан-ау, тіл білесің ғой, түсіндірсейші ана Карпетіне, тері-терсегі бар деп, шөп машинаға мұктаж деп...

Әубәкір *(2-ші қара сақалға ашулана қарап).* Өстіп косарланып отыратын әдетің сенің. Тері-терсекті кайтеді Мороз бай? Бар, итке таста тері-терсегінді. *(Жұрт үндемей қалады. Соны сезген Әубәкір тез көңілденіп.)* Гарпед мырза, Мороз бай делдалын кісі таппай жібермеген болар. Мың арба деген не, тәйірі. *Жұрт та тез өзгеріп көңілденеді.*

Гарпед. Морозов та «Аубакир Куркинычка мың арба деген не, тәйірі», – деп калды.

Әубәкір *(Сағындыққа).* Балам, кағаз ал!

(Сағындық қағаз, қарындаш алады.) Бояр байға елу лау... Көбештегі Иван доска қырық бес лау... жаздың ба?

Омар кіреді.

Омар. Әлти байды кайда калдырдың? Жаз оған да бір елу лауды.

Әубәкір. Е, Омармысың? Төрлет, Омеке? Төрлет! *(Сағындыққа.)* Иә, Омекен дұрыс айтады. Әлти құдаға да елу арба деп кой.

Омар. Бірак бір ғана шарты бар: Сағындык өзі келіп әкетеді.

Әубәкір *(Күліп).* Әлбетте, Омар, әлбетте.

Сағындык. Барған сайын елу лау шығарсаныздар, Әлекеңнің босағасын тоздыратын боламыз әлі...

Ду күлкі.

Омар *(күліп).* Окыған балалар, міне, осылай сөйлейді.

Гарпед. Морозовка астык керек, астык шығатын жерге барудан біз жалыкпаймыз.

Әубәкір. Ал, не жаздың, окышы, Сағындык?

Сағындык. Боярский Никонор Слыч... елу лау... Көбештегі...

Әубәкір *(Сағындықтың сөзін бөліп).* Токта, балам... жок. Бояр байға елу аз болады, жетпіс лау деп кой.

Дауыстар. Ой, одан жүз лау да шығады. Каптесер емес пе?

Әубәкір. Жүз десен, жүз де ендеше. *(Гарпедке.)* Гарпед мырза, ол өзі осы өлкенің шіріп жатқан шонжары. Әдейі апарып таныстырсам калай болады?

Сағындык. Әбден дұрыс. Шаруаны сол Боярскийден бастайык.

Гарпед. Сағындык не айтса, сол болады. Мен карсы емеспін.

Жұрт қопарыла береді.

Әріректе астық қабылдау пункті. Астық тасыған жұрт ерсілі-қарсылы өтіп жатады.

Гимназия шәкірттерінше киінген Сағындық өзінің сүйген қызы Наршамен кездеседі.

С а ғ ы н д ы қ. Амансың ба, Наршажан? Бүгін мен келгелі табаны күректей бір апта. Бір рет кісі де жіберіп ем. Келмедің. Енді алып ұшқан көңіл сап басылып, жүдеп қалған жайым бар еді. Тіпті көре алмай кетем бе деп те қорқып ем...

(Нарша көпке дейін үндемейді. Беті ашылмаған уыз ұяң қыздың мінез-ибалығын танытып, жүзін төмен салып тұрады.) Неге үндемейсің, Нарша?

Н а р ш а. Үндегенде не айтайын, Сағындық. Көре алмай қалам ба деп мен де қорықтым... Келеді ғой деп күтумен болдым...

С а ғ ы н д ы қ. Оның рас, Наршажан. Мен бірақ бұл жолы ауылға дем алайын, тынығайын деп келгем жоқ. Мойнымда үлкен жүк бар.

Н а р ш а. Түсінбесем де, ет жүрегім сезген секілді соны. Шақыртып жатыр деген соң әдептен озып келіп тұрмын.

С а ғ ы н д ы қ *(тебіреніп)*. Оқудың бітуіне бір-ақ жыл қалды енді. Бірақ бір күн сенсіз тұруға халім жоқ, Нарша. Сағындым сондай. Өткен жылғы жазды есіме жиі ала берем. Алты ай қыс армандаумен болдым. Жыл құсы қашан келер екен? Мен ауылға қашан барар екем деп армандап ем. Сол күнге жеттім, міне.

Н а р ш а *(нұрланып)*. Осы жуырда түс көріп едім. Түсімде бір кең дарияның үстінде екенбіз деймін. Құдай-ау, кәдімгі өңімдегідей. «Сағындық, біз қайда бара жатырмыз», – деп сұраймын. Сіз сонда: «Әне алыс қырқаны көресің бе? Сонда жердің жаннаты, иран бақ бар. Соған барамыз», – дейсіз. Көзім талғанша қараймын. Бірақ шалқыған көк теңізден басқа ештеңені көре алмаймын.

С а ғ ы н д ы қ. Шалқыған теңіз – ол біздің болашақ ғұмырымыз ғой, Наршатай.

Н а р ш а *(мұңайып)*. Қорқам сондай, Сағындық.

С а ғ ы н д ы қ. Неден?

Н а р ш а. Сіз мен үшін аспандағы жұлдызбен тең секілдісіз. Қолымды бекерге созам ба деп қорқам.

С а ғ ы н д ы қ *(күліп)*. «Сен бай баласысың. Ал мен кедей қызымын. Сен қалада оқисың, ал мен ауылда тірлік кешкен, аздап мұсылманша ғана сауатым бар адаммын...» Осы ғой қорқатының?

Н а р ш а. Рас, былтыр мұндай сөзді айтпа деп өтініп едіңіз. Сонда да ойыма орала береді.

С а ғ ы н д ы қ. Баяғы бір ескі әуен, бос күдік, Нарша. Махаббатта «бай», «кедей» деген ұғым болмайды. Махаббаттың өз байлығы бар. Онысы – шалқыған сезімі. Жүрек лүпілі. Байлық?.. Бар тірлігі мал тұяғына бағынған мына кең сахарада байлық деген не, тәйірі. Бір жылғы жұтқа төтеп бере алмайтын байлық. Оның үстіне заман да қазір басқа. Асан қайғы армандаған жерұйыққа бет алып келеміз. Сонда көздің құрты – байлық та, қу сінір кедейлік те жойылады.

Н а р ш а *(оқыстан).* Біздің ауылдарды аралап жүрген ана орыс қонақ кім осы?

С а ғ ы н д ы к. Әлгі маған еріп келген Гарпедті айттың ба?

Н а р ш а. Ие, сол Гарпед.

С а ғ ы н д ы к *(ыңғайсызданыңқырап).* Оны неге сұрадың?

Н а р ш а *(ол да ыңғайсызданып).* Жай... Былай, жай сұрағаным ғой...

С а ғ ы н д ы к. Ә, ол ма? Ол ана Екатеринбург қаласындағы бір алпауыт байдың делдалы. Орысша – маклер. Қыр байларынан қожасына астық сатып алып жүр.

Н а р ш а. *(ойланып).* Саудагерге тіпті де ұқсамайды өзі. Ондай саудагерлер осында келсе, сіздің үйге түсіп, Дмитриевкаға барса, орыс байларының үйіне түсіп, карта соғып, ішіп-жегеннен басқа түк бітірмеуші еді. Ал мына Гарпед болса, ылғи...

(Сағындық бір нәрсе айтқысы келіп оңтайланып тұрып қалады. Соны Нарша сезе қояды.) Бірдеме айтқыңыз келді ғой деймін?..

С а ғ ы н д ы к. Жоқ, жай. *(Зорланып күледі.)* Саудагерлердің бәрі бірдей ме? Олардың ішінде мына Гарпед секілді парасаттылары да болады.

Қолында телеграмма, Гарпед кіреді. Наршаны байқамайды.

Г а р п е д. Телеграмма, Сағындық Аубакирович. Телеграмма. Ондағы жағдай түзелейін деген.

С а ғ ы н д ы к. Жағдай түзеледі екен деп жайбарақат болмайық, Гарпед мырза.

Г а р п е д *(шошынып).* Немене, сыбыс бар ма?

С а ғ ы н д ы к. Орыс байлары тым самарқау. Аяғын басқысы келмейді.

Г а р п е д. Онда қалай болды?

С а ғ ы н д ы к. Сіз Морозовтың делдалы болсаңыз, әкем маған делдал. Қайтсең де орыс байларының қыбын өзің табасың деп елші етіп жібердім. Не шара, бүгінгі таңда бұдан басқа айла жоқ.

Г а р п е д *(күліп).* Делдал біткенге жарыдық қой. *(Ойланып.)* «Күнәні» тарих шіркін кешеді де. *(Наршаны байқап, сескеніп қалады.)*

Сағындық *(күліп).* Гарпед мырза, бұл Нарша ғой.

Г а р п е д. О, Нарша ма? *(Жақындап келіп, қолынан сүйеді.)* Нарша Гулхайыровна... Мына Сағындық Аубакировичті ертелі-кеш зарлатып қойған Нарша сіз екенсіз ғой?

Нарша төмен қараған бойы, тағзым етеді.

С а ғ ы н д ы к *(күліп).* Дәл соның өзі.

Г а р п е д. Наршатай, Сағындық Аубакировичті енді зарықтыра көрмеңіз. Биыл, қалай болса да, Сағындық Аубакировичпен бірге қалаға келіңіз.

Н а р ш а. Оны Сағындық біледі ғой...

Гарпед. Сағындық білсе, сол жанағы мен айткан. Ал достар сендерге кедергі жасамайын, кетейін... Жүгіріп Әлғали келеді. Жас жігіт. Сағындықтың жамағайыны.

Әлғали. Әу, Сағындық деймін... Қайдасың, Сағындық?

Сағындық. Ие, Әлғали, не болды? Тыныштық па?

Әлғали. Әлти бай...

Сағындық. Не қыл дейді екен Әлти бай?

Әлғали. Сағындық келмесе, астық жоқ деп барған адамды қайтарып жіберіпті.

Сағындық. Әлти байдың ол бір қулығы да.

Гарпед. Енді қайттық?

Сағындық. Қайткені несі? Барамыз. «Астық шығатын жер болса барудан біз жалықпаймыз», – деп айтқан кім еді осы?

Гарпед *(күліп)*. Оны айтқан кісі осы төңіректен ұзап кетпеді ме деймін.

Нарша *(қолайсызданып)*. Рұқсат етсеңіздер мен кетейін.

Сағындық. Жоқ, рұқсат жоқ, Наршатай. Кетпейсің.

Әлғали. Сағындық, әне әкеннің өзі осылай қарай беттеп келеді.

Нарша мен Әлғали кете береді. Сасқалақтап Сағындық «Наршалап» Наршаның соңынан жүре түсіп барып қалады. Әубәкір көрінеді.

Әубәкір *(ұнатыңқырамай)*. Гарпед мырза, айтыңызшы осы баланың не ойлағаны бар?

Гарпед. Ойы көп қой балаңыздың жете алатын болса, Аубакир Куркиныч.

Сағындық *(сасып)*. Іс жаман басталған жоқ, әке.

Әубәкір. Әкең кіріссе, іс жаман аяқталмайды да, балам. Ал өз жайыңды айтшы, не ойлағаның бар?

Сағындық. Не ойлайын, әке. Биыл оқуды бітірем, сонан соңғысын көре жатармыз.

Әубәкір. Жоқ көре жатқанды қой, балам. Жасың болса, міне, жиырмадан асты. Ата-анаң қызығыңды көргісі келеді.

Гарпед. Аубакир Куркиныч, дұрыс айтасыз. Сағындық Аубакировичтің үйленетін уақыты жетті. Үйлен де, қатыныңды қалаға алып бар, оқыт деп ылғи айтамын бұл жігітке. Заман талабы осы.

Әубәкір. Дөп айтасыз, Гарпед мырза. Осы өңірде өзімізбен босағасы тең Әлти деген бай бар. Құда болып отырмыз. Келінімізде мін жоқ. Көргенді жердің баласы жаман бола ма?

Сағындық *(шошынып)*. Әке, о не дегеніңіз?

Әубәкір. Дегенім деген.

Гарпед. Ұнатқаны бар ғой, Аубакир Куркиныч.

Әубәкір. Ұнатқаны кім сонда? Орыс па, әлде ноғай ма?

Сағындық. Орыс та, ноғай да емес. Осы жердің қызы.

Ә у б ә к і р. Келген сайын әлгі қу сінір Жақыбайдың ауылына барғыштай береді деп естуші ем. Таңба түсірме сүйегіме. Теңіне бар.

С а ғ ы н д ы к. Таңба түспейді сүйегіне. Бардың жоқ болуы, жоктың бар болуы оп-онай бұл заманда. Аласа босаға биіктеп, биік босаға аласара береді, әке.

Ә у б ә к і р. Астағыпыралла, мына бала не деп кетті, Гарпед мырза?

Г а р п е д. Сағындық Аубакировичтің айтқанында жан бар. Көне заманның бар ғұлама философтары дүниенің баянсыздығын айтып кеткен...

Ә у б ә к і р *(тіксініп)*. Гарпед мырза, сіз осы Мороз байдың делдалысыз ба, болмаса мына қазақ сахарасына келген әзәзілсіз бе? Кімсіз?

С а ғ ы н д ы к. Әке, бұл не дегеніңіз? Гарпед мырза бар болғаны шындықты ғана айтты ғой.

Ә у б ә к і р. Шындық-мындығыңызды білмеймін мен, Гарпед мырза. Балаға өйтіп жел бермеңіз.

С а ғ ы н д ы к. Өз жүрегімнің қалауы сол болса, қайтесің. Боска жазғырма Гарпед мырзаны.

Ә у б ә к і р *(ойланып)*. Олай болса, Мороз байға сәлем айтыңыз. Гарпед мырза, тілегін орындай алмаймын.

Г а р п е д. Тым шұғыл кеттіңіз ғой. Біз райдан қайттық, Аубакир Куркиныч.

Ә у б ә к і р *(күліп)*. Ә, мен де райымнан қайттым.

С а ғ ы н д ы к *(қынжылып)*. Дүниенің бәрі «мә саған, мә маған» сауда болып кетті ғой...

Г а р п е д. Саудасыз тірлік жоқ, жігітім. «Сен маған балта берсең, мен саған пышақ берем» түу-түу заманнан келе жатқан қағида.

Ә у б ә к і р. Делдалдығынды жаңа таныдым ғой, Гарпед мырза. *(Күлкі.)*

Дауыстар. Сықырлаған арба дыбысы. Өз нөкерімен Боярский келеді.

Б о я р с к и й. *(әртінірек таразы басындағы біреуге)*. Әділ есеп адамды жақын етеді. Дұрыстап адал өлше астықты.

Ә у б ә к і р. О, Бояр баймысың, жақсы келдің.

Б о я р с к и й *(қалжыңдап)*. Жаңа үлкен үйіне түсіп, Аубакир Куркиныч қайда деп сұрасам, бәйбішеңіз отау үйде деп жауап береді. Мұнынызы қалай, Аубакир Куркиныч, Сағындық Аубакировичпен жарыстыра отау тігудің қай жағындасың, ә?

Бәрі де күліседі.

Ә у б ә к і р *(күліп)*. Мынадай бір аңыз бар екен: қайтсе де ана сүтін өтеймін деп бір ер азамат шешесін арқалап Мекеге бара жатыпты. Талай жыл арып-ашып, жолаушылап кеп бір жерге дем алып отырса, бір жүргінші жолығысады. Жай-күйін сұрасып

біліскеннен кейін әлгі жүргінші: «Е, бейшара ана, арып-ашып Мекеге барғанша, бір шал тауып алып үйінде жатпайсың ба?» депті. Сонда әлгі әйел: «Ондай атты күн қайда? Оны білер ұл қайда?» деген екен. *(Күліседі.)* Сол айтқандай-ақ баламен жарыстыра отау тігетін баяғы заман қайда?!

Боярский. Ие, заман бұзылды ғой. Өтірік-шынын кім білсін. Қызылжарға да қызылдар келіп кіріпті деген қауесет бар.

Сағындық *(шошынған болып)*. Қой, бекер болар.

Гарпед. Бізге жеткен хабарға қарағанда Қызылжар қамалы берік.

Боярский. Ә, маклер мырза, сіз де осында екенсіз ғой.

Гарпед. Мен енді қайда болуға тиісті едім?

Боярский. Маклер мырзаның жүріс-тұрысы маклерге ұқсамайды деген де хабар бар. Жаңағы хабар секілді, лайым теріс бола көрсін.

Гарпед. Шүбәланбауыңызға болады.

Боярский. Шүбәсіз болса жүріңіз, осымен бүгін елуінші лау келді. Таразы басына барайық, көзіңізбен көріңіз.

Гарпед. Құп болады.

Гарпед жол бастайды. Боярский артына қайырылады.

Боярский. Байқа, Сағындық Аубакирович. Түбінде біз сені ғана білеміз. Айтпады деме.

Сағындық. Бұрынғыдай емес, жоқ нәрседен секем алып жұқарайын дегенсіз бе деймін, Никонор Силыч.

Боярский. О да мүмкін. Заман солай. *(Кетеді.)*

Әубәкір. Балам, осы мені буынсыз жерге жұмсап жүрген жоксың ба?

Сағындық. О не дегенің, әке?

Әубәкір. Заман болса мынау. Сол Кетрампорын да қағынып тұрған секілді көрінеді ғой. Түбінде осы астық барар жеріне жетпей қолды болса, орыс, қазақтың ақсақал, қара сақалына не бетімізді айтамыз?

Сағындық. Жол жайы күн ілгері ойластырылған. Астықты станция басына жеткізіп берсеңдер болды. Ар жағын олардың өздері біледі.

(Гарпед Боярскиймен әлденеге таласып қалған секілді. «Сағындық, бері кел!» деген дауыс. Сағындық кетеді).

Әубәкір. Осы Гарпед дегеннен қорқам. Саудагер адамға мүлде ұқсамайды. Түбі балам орға жығылмаса жарар еді.

Омар келеді.

Омар. Айтқаныңның бәрі орындалды, Әуке. Әлекең ауылы күтініп дайын отыр.

Әубәкір. Мен де мұнда қарап жатқам жоқ. Балаға тақым бұрау салып жіберіп едім, бірден көнді.

О м а р. Бала көнуін көнеді-ау. Бар бәле ана қасындағысында ма деп қоркам. Әлғали көріне беріп, әңгіменің төркіні бөтен болған соң тұрып қалады.

Ә у б ә к і р. Осы бәледен құтылудың қандай жолы бар, Омар?

О м а р. Омардың қалағанын орындасаң құтылудың жолы табылады.

Ә у б ә к і р. Орындалады, Омар, орындалады.

О м а р. Бір айғырдың үйірі.

Ә у б ә к і р *(қолын ұсынып).* Келістік, жалғыз-ақ бір ғана шарты бар.

О м а р. Құлағым сенде.

Ә у б ә к і р. Сағындық түк сезбейтін болсын.

О м а р. Сағындық түк те сезбейді, Әуке.

3

Әлти ауылының көрінісі. Омар жол қарап тұр. Кейініректе Әлти. Дайша, ауыл адамдары. Күләйма.

О м а р. Құдай жазса, екі айғырдың үйірі қалтада. Ретін тауып екі дәуді тағы бір-екі айғырдың үйіріне тотитсам... Төрт айғырдың үйірі... *(Күліп.)* Сонда Омекеңнің мұртын балта кеспейді-ау...

Шаң көрінеді. «Келе жатыр, күйеу бала келе жатыр!» деген дауыстар. Гарпед. Әлғали келеді. Амандық-саулықтан кейін қонақтар үйге кіріп жайласады. Омар қымыз сапырады.

Ал, Омеке, іске сәт!

Ә л т и. Ал, Сағындық шырақ, ана Кетірампорыңда не жаңалық бар, айта отыр.

С а ғ ы н д ы қ. Жаңалықтың үлкені – астық жоқ. Мороз бай аштан өлейін деп жатыр.

Ә л т и. Астағыпыралла-ай, Мороз бай ашықса, зауал да бір орысқа келген. Сағындықжан, мына қатын екеуміз ойлап-ойлап шеше алмай жүрген бір сауалымыз бар. Соны айтшы.

С а ғ ы н д ы қ. Шамам келсе, айтайын. Сұраңыз.

Ә л т и. Сен ғой, Сағындықжан, Кетірампорда оқып жатырсың ғой. Сонда қандай оқу?

Д а й ш а. Иә, Сағынтай, қандай оқу, соны айтшы.

С а ғ ы н д ы к *(күліп).* Гимназия деген оқу.

Ә л т и. Хо.. ош... Құлағым сізде.

С а ғ ы н д ы қ. Бары сол... Гимназия.

Ә л т и. Әлгі дөңдегі Шоға Қасымның Хабары да сол кемназада ма?

С а ғ ы н д ы к. Иә? Кемназда. Менімен бірге оқиды.

Ә л т и. Сонда Қасымның Хабары кемназды бітірген соң ақ патшаға көмекші болады деген сөз рас па? Соны айтшы.

С а ғ ы н д ы қ. Болса болар. Хабар пысық жігіт.

Ә л т и *(қынжылыңқырап)*. Ақ патшаның көмекшісі біз өзің болатын шығар деп жүрсек...

Гарпед пен Сағындық күледі.

Г а р п е д. Ақ патша құлағалы үшінші жыл, міне.

Ә л т и. Не дейді? Ақ патша құласа, жұрт қалай тірлік етіп жүр?

Г а р п е д. Морозовтың аштан өлейін деп жатқаны содан ғой.

Ә л т и. О жасаған ием, тәуба.

С а ғ ы н д ы қ. Мороз бай бірақ құлаған патшаны қайта тұрғызам деп бар каражатын соған жұмсап жатыр. Ендігі дәмесі – сіздер, қыр байлары. Көмектесетін шығар деп әдейі делдалын жіберіп отыр.

Ә л т и *(әлгі бір ойдан шыға алмай)*. Апыр-ау, ақ патшаның көмекшісі деген бекер болды-ау сонда.

Омар кесеге қымыз құйып, қасында отырған Әлтиге ұсынады. Сол кезде Сағындық Әлғалиға ым қағады. Әлғали ұшып тұрып кесе толы қымызды алып көтеріле берген Омарға жармасады.

Ә л ғ а л и. Омеке, мен әперем ғой кеселерді.

О м а р. Жоқ, сен қонаксың, өзім әперем отыра бер.

Ә л ғ а л и. Жоқ, қонақ болсам да жасым кіші, мен әперем.

Ә л т и *(ұнатпай)*. Қонақ болса да, ат қосшы емес пе, несіне таластың, Омар, әперсін дағы.

О м а р. Ал, ендеше мына кесені Сағындыкжанға ұсын.

(Кесе Сағындыққа ұсынылады). Ал, енді мына кесені Гарпед мырзаға. *(Әлғали кесені шайқалақтатып әкеле жатып, жарқ еткізіп төгіп алады. Кесе қақ айырылады.)*

Ә л т и (ақырын). Ой, өзің бір аланғасар неме екенсің ғой, көзіне карамайсың ба?

Ә л ғ а л и. Байқамай қалғаным... Былай келе жатып, мына бір кілемі түскірдің тұйығына сүрініп кетіп...

О м а р. Әлекең үйінде ақ төгілді деген не сұмдық! Обал болды ғой, обал.

С а ғ ы н д ы қ. Бұйырмаса, бір айғырдың үйірі де жоғалып кетеді, Омеке. Опына бермеңіз.

(Алдында тұрған кесені Гарпедке ұсынады.) Ал маған басқа ыдыска құйып беріңіздер. Сасып қалбалақтаған Омар біресе ана кесені, біресе мына кесені алып, көп әуреленеді.

Д а й ш а. Мына қайныма не болған! Былай отыршы өзің. Өзім сапырам қымызды.

С а ғ ы н д ы к. Е, женеше. Соныңыз дұрыс. Керек кесесі сынған соң Омекеннің берекесі кетіп қалды.

О м а р *(естімеген болып)*. Мен, Әлеке, ас жағына барайын.

Д а й ш а. Ие, кайным, сен сүйт. Омар шығып кетеді. Дайша сапырып қымыз құйып бере бастайды.

Ә л т и *(төс қалтасынан добалдай сағатын алып).* Намаз оқитын уақыт болып қалыпты-ау, катын.

Әлти шығады. Дайша, Дайшаның соңынан Күләйма да шыға бастайды.

Д а й ш а *(кейін қайырылып).* Күләймажан, сен осында ана Сағынтай ағаннын қасында бол.

Күләйма екі қолымен бетін басып орнына кеп отырады. Саусақтарының арасынан Сағындыққа сығалап қараумен болады.

С а ғ ы н д ы қ. Е, Күләйма қарындас, сіз екенсіз ғой?

К ү л ә й м а *(сықылықтап күліп).* Сағындық...

Гарпед пен Әлғали ақырын басып олар да шығып кетеді.

С а ғ ы н д ы қ. Ие, Күләйма қарындас, аман-сау, барсыз ба?

(Күләйма үндемейді. Пауза.) Қарындас-ау аман-сау барсыз ба деймін?.. Хат танисыз ба, Күләйма? Молда бетін көрген шығарсыз?

Күләймада әлі үн жоқ. Қолайсызданған Сағындық жақындап келеді. Күләйма, неге үндемейсіз? Әлде тілініз жоқ па?

Пауза.

Е, осы үйде тілі жоқ бір бала бар деуші еді. Сол осы Күләйма болып шықты-ау тегі?

К ү л ә й м а. Иә, тілім деген, бар менің. *(Салаң еткізіп тілін көрсетеді.)*

С а ғ ы н д ы қ. Енше неге үндемейсіз?

(Күләйма тағы да үндемейді.)

Тілің болғанмен сөйлей алмайтын болып шықтыңыз ғой.

К ү л ә й м а. Иә, деген, сөйлей де алам.

С а ғ ы н д ы қ. Ал сонда үндемеуінізге жол болсын?

К ү л ә й м а *(тез-тез).* Сағындықпен онаша қалған кезінде үндеме, аузына берік бол деген апам.

С а ғ ы н д ы қ. Ым... солай де, неге үндеме дейді сонда?

К ү л ә й м а. Баяғыда өстіп әкем ұрын барғанда апам да үндемей қойыпты.

С а ғ ы н д ы қ. Е, түсінікті ендеше...

К ү л ә й м а. Көп сөйлесең, ақылынның жоқтығын сезіп қояды дейді апам.

С а ғ ы н д ы қ. Жөн-жөн, апаң жөн айтқан.

К ү л ә й м а. Сағындық оқымысты бала, тіпті құйтықандай да шалыс сөйледің бар ғой, бірден сезе қалады деген тағы да апам.

С а ғ ы н д ы қ *(күледі).* Иә, тағы не деп еді?

К ү л ә й м а. Апам тағы да айтқан, оқыған адам залым болады дейді.

С а ғ ы н д ы қ *(күліп).* Мен сондай залыммын ба сонда?

К ү л ә й м а. Жоқ, сіз залым емессіз. Сіз қайта сондай жақсы адамсыз.

С а ғ ы н д ы қ *(күліп)*. Оны қайдан білдіңіз?

К ү л ә й м а. Сіз былтыр келдіңіз ғой, сонда білдім.

С а ғ ы н д ы қ. Қайтіп?

К ү л ә й м а *(сәл толқыңқырап)*. Сіз былтыр келдіңіз ғой, сонда...

С а ғ ы н д ы қ. Қысылмаңыз, айта беріңіз.

К ү л ә й м а. Сіз сонда бар ғой, түнде кеп маған қол салған жоқсыз. Ал басқа қонақтардың бәрі де жаман, ылғи кеп оятады. Оянбайын десең де қоймайды... *(Сағындық сұрланып сала береді. Сырттан Дайшаның «Күләйма» деген даусы шығады. Күләйма шығып кетеді.)*

С а ғ ы н д ы қ *(басын ұстап)*. Қандай надандық десенізші. Омардың түрі анау, бір айғырдың үйіріне әкесі мен шешесін де сатып кеткелі тұрған. Жер дүниеге аты шыққан Әлти бай мынау, көр соқыр. *(Гарпед келеді.)*

Г а р п е д. Әлти баймен сөзді мықтап байластық. Елу арба...

С а ғ ы нды қ. Елу арбасы түссін. Кетейікші, Гарпед, бұл жерден.

Г а р п е д. Е, не болды?

С а ғ ы н д ы қ. Әлғали-ау, Әлғали?..

(Жүгіріп Әлғали келеді.)

Әлғали аттарды жек, казір аттануымыз керек. *(Әлғали жүгіріп сыртқа кетеді.)*

Г а р п е д. Не болды, Сағындық Аубакирович?

С а ғ ы н д ы қ. Әлгінде Әлғали қымызды неге төкті? Білдің бе?

Г а р п е д. Жоқ.

С а ғ ы н д ы қ. Ендеше, не болды деп сұрама.

(Асып-сасып Әлти, Дайша, Омар келеді.)

Ә л т и. Сағындықжан, бұл не? Кеткені несі?

С а ғ ы н д ы қ. Кеткеніміз кеткен. Ал, сау тұрыңыздар.

Ширақ басып Гарпед екеуі шығып кетеді. Әлти мен Омар аңырып қалған. Дайша боздап жылай бастайды. «Әй, ет-жүрек бір жаманшылықты сезіп еді?» Күләйманы шақырып алады.

Д а й ш а. Сен, қатын, әлгі Сағындыққа не деп қойдың?

К ү л ә й м а. Түк те дегем жоқ.

(Дайша ұрмақ болып ұмтыла түседі.)

Д а й ш а. Түк демесең неге кетіп қалды Сағындық? Түк демедің, ә? Түк деген жоқсың, ә?

(Күләйма бақырып әкесіне тығылады.)

Ә л т и. Жә, болды енді...

Д а й ш а. Қалай болады? Өй, сен hарға үндеме дегенім қайда?

К ү л ә й м а. Үндемеп едім, Сағындық: «Неге үндемейсің?» деп коймады. «Тілің жоқ» деп мазақтаған соң тілімді көрсеттім. «Енді

неге үндемейсің?» деп сонда да қоймады. Сосын «апам үндеме» деп айткан деп шынымды айттым.

Д а й ш а. О, ку қатын...

Ә л т и. Бәрін бүлдірген өзің екенсің ғой. Үндеме деп нең бар. Балалар өзінше шүйіркелесіп бір сөйлеспеуші ме еді оңаша қалған соң. Тұрған жеріңде қамшының астына алайын ба осы!

Д а й ш а. Әне бұл кит етсе маған бас салады. Күлеймаға айтып қой, бетімен сөйлеп қойып жүрмесін деп өзің едің ғой қоймаған.

Ә л т и. О, ит сенен-ақ көрдім ғой көресіні! *(Ұмтыла береді. У-шу. Дайша дауыс көтеріп сыртқа қашады. Соңынан бақырып Күлейма кетеді.)*

О м а р. Әлеке, ашу алды, ақыл соңы. Ашуыңды бас, қатын сабағанмен іс бітпейді. Басқа бір амалын ойлайық.

Ә л т и. Иә, Омар, соныңды айтшы.

О м а р. Мен айтсам, Сағындықты өлтіру керек!

Ә л т и. Астағыпыралла. Кісі өлтірген деген не сұмдық!

О м а р. Ойбай-ау, Әубәкірдің орыс баласы не істеп кетті, түсінесің бе өзің? Бүкіл бір тайпа елдің сүйегіне таңба салып, өлтіріп кетті ғой. Ойбай-ау, Әлти байдың үйіне ұрын келіп, қызын алмақ түгіл, көтерген дәміне қарамай кетіпті, берген асын төгіп, кесесін қиратып кетіпті...

Ә л т и. Жә, жә... болды енді...

О м а р. Әлде құр сүлдерің, тірі қалғаныңды шүкіршілік дейсің бе?

Ә л т и. Ал, қалай өлтіресің? Оп-оңай ма кісі өлтіру? Арты не болады?

О м а р. Оп-оңай. Ол үшін осылардың не жұмыспен жүрген адамдар екенін білу керек.

Ә л т и. Оны қалай білесің?

О м а р. Дөңдегі Шоғадағы Қасымның Хабарына барам...

Ә л т и. Е, мұның табылған ақыл. Ай, Омарым-ай! Қапиядан жолды осылай табасың-ау! Ал, жолың болсын онда! Әумин!

О м а р. Әумин.

4

Көкорай шалғын көл басы. Алыста ауыл нобайы. Қараша жүдеу үй. Нарша үйі. Сағындық. Нарша оңаша.

С а ғ ы н д ы қ. Наршатай, түк те қиындығы жоқ. Міне, арбаның арысы секілді екі сызық тартасың. Сосын шашылып қалмасын деп бел ортасынан көлденең бір сызық тартып қосып қоясың. Мұны «эн» әрпі дейді.

Н а р ш а. Ны...

С а ғ ы н д ы қ. Иә, «ны» десең де болады. Бірақ «эн» деп оқылады. *Нарша күледі.*

Н а р ш а. «Ен». Үйге ен деген секілді екен.

Сағындық. Тап солай. Ал мынау сондай бүйірлі, мынадай шүмегі бар әріпті «а» дейді.

Н а р ш а. «А» *(күледі.)* Шәйнекке ұқсайды ғой өзі.

С а ғ ы н д ы қ. Иә, тұтқасы жоқ шәйнекке ұқсайды. Ал мынау «р» әрпі, содан кейін мынадай етіп шарбақ саласың, ол «ш» әрпі. Сосынғысы жанағы құман. Сонда «Нарша» болып шығады.

Н а р ш а. Ғажап! Қағаз бетіне әлде бір жұмбақ сызықтармен аты-жөніңді, айтқаныңды айнытпай түсіріп, сосын бұлжытпай қайталап беру – ғажап қой!

С а ғ ы н д ы қ. Нарша! Бар дүниенің кереметі мен ғажабы сызықтарда емес. «Нарша» деген сиқырлы есімде тұр ғой.

Н а р ш а *(күрсініп).* Айға талпынған бала секілдімін ғой мен.

С а ғ ы н д ы қ. Наршатай, түсінсеңші менің жан сырымды. *(Ойланып.)* Былай қарағанда маған не жетпейді? Не ішейін, не киейін демеймін. Бірақ саналы адам дүниеге келгеннен кейін бар мақсаты ішіп-жеумен, киінумен ғана шектеле ме? Бай баласы болсам да, осы бір теңсіздікті, аштық-жаланаштықты көргенде өзегім өртенетін еді. Сен түске дейін ұйықтайсың. Содан кейін тұрасың да сары қымызды сапырып ішесің. Түннен қалған жал-жаяны кертіп жейсің. Ал ертеден қара кешке дейін салпақтап жүріп, сен ішіп отырған қымызды дайындаған, сен ішіп отырған тамақты әзірлеген күн-жалшы балалары – менің құрбыларым бір түйір бауырсақты қашан ұсынар екен деп көзін сатып есікте тұрады. Менің сонда бұлардан нем артық. Олар неліктен осылай? Бұл мені көптен бері жегідей жеп жүрген сұрау. Шынымды айтсам, кедейшілік бар жерде байлық маған арам ас сияқты...

Н а р ш а. Ақылдысыз ғой, Сағындық. Жатсам-тұрсам да атыңызды дұғама қосып, амандығыңызды тілеп жүрем, әманда. Жалғыз-ақ... Жалғыз-ақ сахараға үйреніп қалған басым, тынысы тар қалаға көндіге алмаймын ба деп қоркам.

С а ғ ы н д ы қ. Сахара маған да бір қым-қиғаш әсер салады, Наршатай. Шынымды айтсам, мен сахараны соншалық жек көрем. Өйткені сахара адамды енжарлық, жалқаулыққа үйретеді. Шабандыққа үйретеді. Сахарада сені санадан жырақ, жайбарақат тірлік баурайды. Ал қалаға барсам, сол жек көрген сахараны көргенше асығам. Сағынамын соншалық. Аңсап, асығып келем де көпке дейін маукымды баса алмай жүрем. Екі ынтық жанның сөзін баспалап келіп тыңдаған Әлғали оқыс көрінеді.

Ә л ғ а л и. Бәле, жек көрген нәрсесін де аңсайды екен адам деген.

С а ғ ы н д ы қ. Оу, сен Әлғалимысын. Қайдан сая бола қалдың?

Ә л ғ а л и *(Наршаға)*. Жек көре тұрып Сағындықтың сахараны неге сағынатынын білем мен.

Н а р ш а. Неге өйтеді, айтшы, Әлғали?

Ә л ғ а л и. Өйткені... онда... сахарада Нарша бар.

Сағындық пен Әлғали қосыла күледі.

Н а р ш а *(күліп)*. Е, мен басқа бір шын себебі бар екен десем...

Оқыстан Омар көрінеді. Үшеуі де күлкіден кенет тиылады. Омардың қолында ортеке.

О м а р. Мен сені өз ауылыннан іздеп жүрсем, осында екенсің ғой, Сағындық. *(Ортекені ойнатып қояды.)*

С а ғ ы н д ы қ. Иә, Омеке, осындамыз.

Ә л ғ а л и. Омеке, мына ортекеңіз не, бала болайын дегенсіз бе?

О м а р. Ортекем – менің ортеке. Көлденең келген адамды Омекең осы ортекеше ойнатады.

С а ғ ы н д ы қ. Е, Омеке, мұның керемет екен.

О м а р. Әлти байды мен он жыл осылай ойнатып келдім. Сенің әкең Әубәкір де менің қолымда. Оқымыстымын деп көкімей-ақ қой. Керек болса, Омекеннің қолында сен де осылай ойнап кетесің, Сағындық.

С а ғ ы н д ы қ. Иә, Омеке, мұның бір жаналық екен.

О м а р. Мен сенің қандай шұбар жылан екеніңді жақсы білем, Сағындық.

С а ғ ы н д ы қ *(шошынып)*. Түсінбедім ғой мұныңды.

О м а р. Шошынба, Сағындық. Ана, Гарпедің де менің алаканымда.

С а ғ ы н д ы қ *(өзіне-өзі келіп)*. Жұрттың бәрін қашаннан бері алаканына салып жүретін болғансың, Омеке?

О м а р. Қашан деп сен сұрама! Қашан деп мына мен сұрайын. Қалыңдығыңды қашан келіп әкетесің? Соны айтшы?

С а ғ ы н д ы қ. Ол болмайтын шаруа, Омеке.

О м а р. Басың екеу емес, отпен ойнама, Сағындық.

С а ғ ы н д ы қ. Ауыл арасындағы ондай қокан-лоқыңның талайын естігенбіз, Омеке. Естігенбіз де күлгенбіз талай-талай. Е, бар жаналықтан жырақ, бейқам жатқан анқау ел, аңқаулықтан арылмай арамза молдалардан құтыла алмайсың ғой...

О м а р. Анқау елдің арамза молдасы біз емес, сіз боларсыз ба деймін. Хабар! Ә, Хабар! Бері кел. *(Гимназия шәкіртінше киінген Хабар кіріп тағзым етеді.)*

Х а б а р. Мороз бай мың да бір алғысымен сәлемін айтты сіздерге. «Аштан өлуге қалып едім, астықтың алды жетіп жақсы болды» деді. Қаркындарың жақсы, қимылдай беріңдер. Маклер Гарпедке дұғай сәлем. *(Омар екеуі кете береді.)*

С а ғ ы н д ы қ. Омеке, тоқтаңыз.

О м а р *(қайырылып)*. Омекеннің уақыты жоқ, аялдайтын. Не басыңды тігесің, не қалыңдығыңды кеп әкетесің. Екінің бірі. Ал жүр, Хабар.

Х а б а р. Ал, Омеке бастаңыз. Хабар мен Омар шығып кетеді. Сағындық сұлқ отырып қалады.

Н а р ш а. Сағындық сізге не болды?

С а ғ ы н д ы қ *(сейіліп)*. Ә, Гарпед мырза қайда болды екен?

Ә л ғ а л и. Әлгінде ғана астық қабылдайтын жерде көргем.

С а ғ ы н д ы қ. Білмедің бе, бүгін қанша лау жөнелтілді?

Ә л ғ а л и. Жетпіс лау.

С а ғ ы н д ы қ. Сонда ұзын-ұрғасы жеті жүзге жетіп қалды-ау.

Ә л ғ а л и *(қалтасынан кітапшасын суырып)*. Алты жүз тоқсан үш.

С а ғ ы н д ы қ. Бұл бір біткен іс болды.

Н а р ш а. Сағындық, жаңағы кісі не деп кетті? Соған қайранмын.

С а ғ ы н д ы қ. Жаңағы Хабарды айтасың ба? Е, ол бір жүрген есуас. Гимназиядан екі рет шығып, екі рет ақшаның күшімен Аллалалап қайта кірген.

Н а р ш а. Сонда да, сөзі бұзық сондай. Түрініз бұзылып кетті тіпті.

С а ғ ы н д ы қ *(күліп)*. Ал Омар болса, Әлтидің намысын жыртып жүр. Саспай-ақ қой оған бола.

Н а р ш а. Олай болса, Гарпедте не шаруасы бар Омардың?

С а ғ ы н д ы қ. Гарпед жөнінде де бірдеме деді ме?

Н а р ш а. Айтты ғой жаңа «ана Гарпедіннің де кім екенін жақсы білем, о да менің алақанымда» деп...

С а ғ ы н д ы қ *(күліп)*. Есуастар не демейді, Наршатай.

Н а р ш а *(қамығып)*. Осы сіз бірдемені жасыратын секілдісіз менен.

С а ғ ы н д ы қ *(Наршаны құшақтап.)* Жасыратыным көп сенен, Наршатай.

Ә л ғ а л и *(жөтеліп)*. Көкек. Мен қайда тығылып тұрмын, табындаршы, кәне?

(Нарша ұялып бетін басады.)

С а ғ ы н д ы қ. Сен әлі осында ма едің, Әлғали?

Ә л ғ а л и. Жоқ, мұнда емеспін. Тығылып тұрмын, табыңдар.

(Қуанып Гарпед келеді.)

Г а р п е д *(шек-сілесі қатып)*. Сенің әкеңді айтам, жарайсың Аубакир Куркиныч. Ана Дмитриевканың бір байының жағасынан алып «қайтсең де жиырма бес лау астық арттырасың. Олай болмаған күнде ана Кетрампор байына не бетімізді айтамыз. Қазақ сахарасында жүргенімен құр жанды қуыршақ екен демей ме?» Сөз осы.

Ә л ғ а л и. Ағатайым шынында да қатты кеткен екен.

Сағындық. Иә, әкемізді де алдауға тура келді.

Нарша *(шошынып)*. Алдағаны несі?

Сағындық *(өзгеріп)*. Ә, Наршатай, конаққа қымыз бермейтін бе едін?

Гарпед. Сондай каталап келіп едім, Нарша Гүлхайыровна!

(Нарша «қазір» деп шығып кетеді.)

Сағындық. Әлғали, сен ат дайында. Гарпед мырза бәріміз жайлау аралап, бой жазып қайтайық.

Әлғали. Жақсы, мен ат дайындайын. *(Кетеді.)*

Сағындық. Гарпед мырза, бұл жерде енді қалуға болмайды саған.

Гарпед. Себеп?

Сағындық. Қасымов Хабар жаңа осы үйден кетті.

Гарпед *(шошынып)*. Қасымов Хабар?.. Ол қайдан жүр екен?

Қымыз алып Нарша келеді.

Нарша. Гарпед мырза, алыңыз.

Гарпед *(кесені алып, қағып салады)*. Басында ұнатпаған едім осы ішімдікті. Өңшең жасық пен жылбысқыға үйреніп қалғандықтан ба, тым қышқылтым сияқтанып тұратын-ды. Қазір тіпті мүлде басқаша. Барған сайын тілді үйіріп бара ма қалай? Іздейтін секілдісің. Ішпей қалсаң, бір нәрсең жетпей тұрғандай болып көрінеді екен.

Сағындық *(күліп)*. Табиғаттың заңы солай, Гарпед мырза. Жат нәрсенің жақсы екенін енді-енді түсініп, тұшынып келе жатқан кезде уақыттың бітіп қалатын әдеті бар.

Нарша. Гарпед мырза аттанғалы отыр ма?

Гарпед. Иә, Нарша сұлу, аттанатын болып отырмыз.

Нарша. Жүрем деген ойыңызда жоқ секілді еді, шұғыл шешіпсіз ғой...

Сағындық. Мороз байдан хабар келді. Әйтпесе жүре тұрғанын мен де қалаған болар едім.

Нарша. Асықпаңыз, Гарпед мырза, қыдырыңыз, жатып демалыңыз. «Астық, астық» деп уақыттарыңыз шабуылдаумен өтті ғой.

Гарпед. Осы бір аз күннің ішінде даламен әбден туыстасып кеткендеймін. Артымда қимасым қалып бара жатқандай. Амал не, күтіп тұрған іс бар, ажырасуға тура келеді. Оқасы жоқ, Наршатай, әлі дүние бір орнығып, заман шарасына түскен соң, жазғы демалысты осы қырларда өткізетін боламыз.

Сағындық. Қазақ халқының пейілі өзінің сахарасындай кең. Сен секілді асыл достарына қашанда есігі ашық.

Гарпед. Оны көзбен көрдік, Сағындық Аубакирович. Бұл істі атаусыз қалады деп ойлама.

Әлғали келеді.

Әлғали. Аттар дайын болды.

Г а р п е д. Бақытты адамдар уақыттың қалай өткенін анғармайды деген осы-ау, қымыз ішіп, әнгімемен отырып, түстің болғанын байқамаппыз ғой. Ал жүрейік онда.

С а ғ ы н д ы қ. Сапар оң болсын, Гарпед мырза. *(Әлғалиға.)* Ал, Әлғали, саған тығыз тапсырма бар.

Ә л ғ а л и. Шамамам келсе, мен дайын.

С а ғ ы н д ы қ. Мына Гарпед мырзаны қазір станцияға алып жүресің.

Ә л ғ а л и *(сасқалақтап)*. Ойбай-ау, әлгінде ғана серуенге шығамыз демеп пе едіндер?

С а ғ ы н д ы қ. Сен сұрамайсың, біз айтпаймыз себебін. Гарпед мырзаны станция басына жеткізіп саласың да түнделетіп қайтып ораласың. Түсіндің бе?

Ә л ғ а л и. Түсіндім, Сағындық.

С а ғ ы н д ы қ. Түсінсең сол. Жолда барынша сақ болған жөн.

Г а р п е д. Қалған астық жиналса, өзің де жатып алмассың...

С а ғ ы н д ы қ. Әлбетте Морозовқа даланын сәлемін жеткізе бар. Ықылас-ниетін көрдің ғой...

Г а р п е д. Қалай болса да айтам ғой сәлеміңді. Көріскенше, Сағындық Аубакирович!

С а ғ ы н д ы қ. Көріскенше, Гарпед мырза. *(Әлғали мен Гарпед шығып кетеді. Нарша Сағындыққа үрейлене қарайды.)*

Наршажан, басымыз кесіледі, бірақ біз Гарпед мырзаны кешелі-бүгін көрген жоқпыз.

Н а р ш а. Сағындық, дүние неге екені белгісіз тарылып бара жатқан секілді. *(Жыламсырап, Сағындықтың мойнына асылады.)*

С а ғ ы н д ы қ *(қайталап)*. Біз Гарпед мырзаны көрген жоқпыз.

Екінші бөлім

1

Түн. Сахна алды. Жарық Карповтың басына түседі.

К а р п о в. Гарпед сөйтіп аттанып кетті. Сағындық сахарада жалғыз калды.

Карповтың басын кексе Әлғалидың басы алмастырады.

Ә л ғ а л и. Сөйтіп мен Гарпед мырзаны станцияға апарып салып қайттым. Сағындық сахарада жалғыз қалды.

Жарық өшеді. Жүгіріп Әлғали шығады.

Ә л ғ а л и. Сағындық, ә, Сағындық?

Сағындық көрінеді.

С а ғ ы н д ы к *(шошынып)*. Не болды, Әлғали?

Ә л ғ а л и. Қуғын. Әлти байдың ауылының тұсында соңымнан бір қуғын түсті. Мен қалай жүрсем де, калмай койды.

С а ғ ы н д ы к. Гарпед мырза аман-сау барды ма?

Ә л ғ а л и. Аман-сау. Сол тегі Омар бастаған біреулер ме дейім әдейі менің жолымды тоскан.

С а ғ ы н д ы к. Аман-сау барса, жарады. Ал енді Наршаға жетейік. Мен де жүретін болдым. Дабырласып Әубәкір, Әлти, Омар келеді. Дайша мен Күләйма артта, онашалау. Сағындық, Әлғали баспалап шығып кетеді.

Д а й ш а *(Күләймаға)*. Бас деймін аяғынды, бассаңшы.

К ү л ә й м а *(кейін шегініп)*. Ал баспаймын, басымды кессең де баспаймын.

Д а й ш а. Кесірлісін-ай мына қатынның.

Ә л т и. Балаңа сөзің өтпейді екен, неге бізді әуре еттің, Әубәкір?

О м а р. Әуре еткені өз алдына, сүйегімізге таңба салды ғой.

Ә у б ә к і р. Бұл тұйықтан шығар жол жок деп мен ойламаймын. Сағындық акылсыз бала емес.

О м а р. Күні-түні әлгі Жакыбайдың үнінен шыкпайды дейді. Акылдысы сол ма!

Ә л т и. Бүйтіп тірі өлік болып отыра алмаймын, Әубәкір. Мені ашуландырма. Мен ашуландым бар ғой...

Д а й ш а (Күләймаға). Әкең әне қатты кетті. Бәрі сенің камың.

К ү л ә й м а. Менің камым... *(Күледі.)*

Ә у б ә к і р. Заман болса мынадай. Бұрынғының баласы кайда, әке ойындағысын кабағынан түсінетін.

О м а р. Әлекең ашуланды бар ғой, Әубәкір, байка...

Ә л т и. Омар рас айтады. Мен ашуланбайын. Мен ашуландым бар ғой...

Ә у б ә к і р. Сонда не кыл дейсің, Әлти?

Ә л т и. Не кыл дейсің! Қара мұны! Не кыл демеймін мен саған соншама шығынға белшемнен батып отырып. Қыз бала Әлтидікі, барар жері Әубәкір бай деп мыналар қоймаған соң қайда ат сабылтпадым. Түу-түу Самарханнан жүзік алдырдым ба? Алдырдым. Түу-түу Түрікпеніннен қалы кілем алдырдым ба? Алдырдым. Ит арқасы киян Ірбітті қайта-қайта шапқыздым ба? Шапқыздым. Ендеше соның бәрі баланы жасаулап аттандыру қамы.

Ә у б ә к і р. Қайдан не алдырғанынды несін айта бересің, Әлти. Қырық жетіні матап беріп, мен де үндемей отырмын ғой.

Ә л т и. Үндемегенде ше? Мал даулайын деп пе едің менен.

Ә у б ә к і р. Бала көнбесе, не істеймін, даулаймын.

О м а р. Әлекеңді ашуландырма дедім ғой, Әубәкір. Әлекең ашуланса...

Ә у б ә к і р. Не істейсің сонда, қырасың ба?

О м а р. Шаңырағыңды ортаға түсіреді Әлекең.

Ә л т и. Иә, Омар дұрыс айтады. Ашулансам шаңырағыңды ортаға түсірем.

Ә у б ә к і р. Байқа, Әлти. Біз де бір жылы шектің иесіміз ғой, қарап қалмаспыз.

О м а р *(аярланып)*. Шыныңды айтшы, Әубәкір. Гарпед мырзаның қайда қашырып жібердің?

Ә у б ә к і р *(шошынып)*. Қайда қашырыппын? Гарпед мырза осында.

О м а р. Ә, солай ма! Ал Әлекең екеуміз Бояр байға барамыз. Бояр байды ертіп қайтып келеміз. Гарпед мырза мен Сағындық баланыздың не істеп жүргенін сонда сөйлесеміз.

Ә л т и. Иә, сөйлесеміз. *(Әубәкірден басқалардың бәрі де шыға бастайды. Дайша мен Күләйма соңында.)*

Д а й ш а *(Күләймаға)*. Өй, тұр.

К ү л ә й м а. Енді қайда барамыз?

Д а й ш а. Бояр байдың аулына.

К ү л ә й м а. Бармаймын.

Д а й ш а. Өй, тұр деймін, бармағаны несі?

К ү л ә й м а. Бояр байға барып, Сағындықты жамандайсыңдар. Бармаймын.

(Дайша желкелеп қызын алып шығады.)

Ә у б ә к і р. Күләйжан?.. Ау, Дайша құдағи? *(Ере түсіп барып тоқтайды.)* Апырмау, мыналар не деп кетті? Сағындық, ә, Сағындық!

(Дауысқа Әлғали келеді.)

Ә л ғ а л и. Ағатай, не?

Ә у б ә к і р (тез өзгеріп Әлғалидың алқымынан алады). Жаның барында айт. Гарпед мырза қайда?

Ә л ғ а л и. Білмеймін, ағатай.

Ә у б ә к і р. Жоқ, білесің, айт, деген соң, айт. Әйтпесе буындырып өлтірем.

Ә л ғ а л и. Өлдім, ағатай, айтайын, қоя беріңізші.

(Әубәкір Әлғалиды босатады.)

Ә у б ә к і р. Ал, кәне.

Ә л ғ а л и. Гарпед мырза станцияда. Сағындық айтты, Гарпед мырзаны апарып саласың деді, сосын апарып салып келдім.

Ә у б ә к і р. Мен неге білмеймін. Маған неге қоштаспай кетеді? Ойында түк жоқ еді ғой кетем деген.

Ә л ғ а л и. Білмеймін, ағатай.

(Сағындық келеді.)

Ә у б ә к і р. Балам, осы сен не істеп жүрсің?

С а ғ ы н д ы қ. Не істейін, әке, жүрмін.

Ә у б ә к і р. Гарпед мырза қайда?

С а ғ ы н д ы қ. Гарпед мырза жүрген осында.

Ә у б ә к і р *(оқыстан)*. Маған ақылдаспастан Гарпед мырзаны неліктен қашырып жібердің? Соны айтшы?

С а ғ ы н д ы қ. Қашырып жібергені несі. Гарпед мырза осы кеше ғана осында...

Ә у б ә к і р. Өтірік айтпа, балам. Шыныңды айт. Мен бәрін білем.

С а ғ ы н д ы қ *(Әлғалиға қарап, жайды түсінеді де)*. Бәрін білсең, несін айтам, әке.

Ә у б ә к і р. Неге кетті? Соны айт.

С а ғ ы н д ы қ. Морозовтан төтенше хабар келді.

Ә у б ә к і р. Оны мен неге білмеймін?

С а ғ ы н д ы қ. Хабардың тұтқиылдығы сондай, Гарпед мырзаның ай-түйге қарауға шамасы келмеді.

Ә у б ә к і р. Ол не хабар сондайлық?

С а ғ ы н д ы қ. Жөнелтілген астықтың қолды болар қаупі бар екен. Сол себепті Морозов астық тиелген вагондарды қарулы жасақпен Гарпед мырзаның өзі бастап келуін мақұл көрген.

Ә у б ә к і р. Ал осы астық қолды болса, біздің күніміз нешік?

С а ғ ы н д ы қ. Қолды болмасы үшін кетті ғой Гарпед мырза.

Ә у б ә к і р. Жаман айтпай жақсы жоқ, қолды болды делік?

(Сағындық көпке дейін үндемейді.)

Үндемейсің, ә? Қолды болса, ана Бояр бай бізді үйтіп жейді, білдің бе?

(Сағындық үндемейді.)

Оған енді сенің қырсығыннан Әлти барып қосылғалы отыр. *(Пауза.)* Сен балам, райдан қайт. Әлти әлі де біздің уыста.

С а ғ ы н д ы қ. Сүйгенім бар ғой, әке.

Ә у б ә к і р. Сүйген-күйген!.. Ол еріккеннің ісі. «Сүйген-күйгенді» жағдай көтермейді казір. Әлгінде осында Күләйма: «Бояр байға барып, Сағындықты жамандайсыңдар, бармаймын!» – деп отырып алды. Сүйген деген, әне, сол емес пе. Өзің сүйгенді алма, өзіңді сүйгенді ал! – деген атам қазақ.

С а ғ ы н д ы қ. Балаңа есі ауысқан қыз алып беріп жұрт табасына қалмайсың ба, әке, соны неге ойламадың?

Ә у б ә к і р. Балам әлі бала екенсің ғой. Қатын алма, қайын ал. Әлти екеуміз құда боп, тізе коссақ, бұл өлкеде кімнің азуы батады біз екеумізге. Басқаны былай қойғанда сонда Бояр байының өзі де бізбен байқап-байқап сөйлесетін болады. Мен арғы түбін ойлаймын балам.

С а ғ ы н д ы қ. Мен арғы түбі, бергі түбі дегенді білмеймін. Таңдағаным біреу-ақ. Ол – Жақыбайдың қызы. Ақ батаңды бермесең... Онда бәрібір, алып кетем.

Ә у б ә к і р *(ойланып)*. Жарайды, рұқсатымды берейін. Бірақ бір тілеуім бар.

Ә л ғ а л и *(қуанып)*. Алақай, ағатайым батасын берді.

С а ғ ы н д ы қ. Қай тілегіңізді болса да орындайын, әке, айта беріңіз.

Ә у б ә к і р. Қызылжарға барып қайтатын шұғыл бір шаруа болып тұр. Сен болмасаң, басқа адам тындыра алмай ма деп қорқам.

С а ғ ы н д ы қ. О не қылған шаруа?

Ә у б ә к і р *(әлгі ойын жалғап)*. Қайтып келген соң тойыңды жасап, батамды беріп, аттандырып салам.

С а ғ ы н д ы қ. Онда Екатеринбург сапарын кейінге қалдыратын боламыз ба?

Ә у б ә к і р. Иә, иә. Кетрампор сапарын кейінге қалдыра тұрасың.

С а ғ ы н д ы қ. Сонда Қызылжар сапарының мәні не?

Ә у б ә к і р. Мен бір орыс байымен бірлесіп дүкен салдырып жатыр едім, қандай халде? Бітті ме? Біткен жоқ па? Түгінен хабарым жоқ, ана бай бар болғаны ақша сұрата береді. Бергенім шарттағы мөлшерден асып кетті. Соны барып, рас, өтірігін тексеріп қайтасын.

С а ғ ы н д ы қ. Жаксы, әке. *(Қараңғы түседі. Сахна алды. Үйден шыққан Сағындыққа Нарша ұмтыла береді.)*

Н а р ш а. Шыдамым таусылды, жан ием, неге шақыртыпты? Аманшылық па?

С а ғ ы н д ы қ. Атаң рұқсатын беретін болды. *(Буыны дірілдеген Нарша отыра кетеді.)*

Не болды, Наршатай?

(Көтеріп тұрғызып алады.)

Н а р ш а. Ел кісісі ғой, түсінетін шығар деп ойлаушы едім. Енді өлсем де арманым жоқ, Сағындық.

С а ғ ы н д ы қ. Өлгені несі, дүниенің бар қызығы енді ашылып, көктемнің бар гүлі шешек жарғалы тұрғанда өлім жайлы ойлай ма екен адам деген.

Н а р ш а. Ата рұксат берсе, болды. Менің бар қызығым атаның сол батасында ғана. Әйтпесе көзге шыққан сүйелдей болып, ата пиғылына көлденең тұрғаныма қамығушы едім. Екі кісі бас қосса, мені әңгімелейтін секілді, өз-өзімнен қуыстанып жүруші ем. Енді неге болсын ризамын, Сағындық.

С а ғ ы н д ы қ. Жалғыз-ақ бір он күнге шыдау керек, Наршатай?

(Нарша тесіле сұраумен қарайды.) Себебі Қызылжарға шұғыл барып қайтуға тура келіп тұр.

(Нарша мұңайып қалады.)

Сенші, жаным, сен жоқ жердің бәрі де көшкен елдің жұрты секілді, құлазып қаңырап тұрады, Наршатай. Бір он күнге шыдаймыз, бірақ. Атаң той жасап, ақ батасын беріп аттандырып салмақшы.

Н а р ш а. Сарғайтпаңызшы жан ием, жалбарынамын, тезірек орала көріңізші.

С а ғ ы н д ы қ. Өлермін, бірақ оралармын қайтсем де. Наршатай, тез оралам.

(Сағындық кете береді. Нарша соңынан ұзақ қарап тұрып қалады.)

2

Сахна түпкірі қара көлеңке. Біраз адам жиналған секілді. Гөй-гөй сөз. Сахна алдына Әубәкір шығады. Соңында Омар.

Ә у б ә к і р. Ал мынаны ала тұр. Салмақтысы кейін болады. *(Ақша ұсынады.)*

О м а р. Салмақтысын не деп түсінеміз сонда?

Ә у б ә к і р. Анадағы уәде, уәде. Бір айғырдың үйірі.

О м а р. Жоқ. Омар ол пиғылдан қайтқан. Заман қазір басқа. Омар да басқа.

Ә у б ә к і р. Қысылма, Омар. Осы құдалық жолында аянайын деп тұрған мен жоқ. Бәрі де бала үшін.

О м а р *(ойланған болып)*. Он қадақ алтын.

Ә у б ә к і р *(шошынып)*. Ол байлықты мен қайдан таппақпын?

О м а р. Жылама. Әубәкір, жылама.

Ә у б ә к і р. Жылағаным емес, шыны сол.

О м а р. Ал ендеше өз мөлшеріңді айтшы.

Ә у б ә к і р. Жанағының тең жартысы болсын. Қайтейін, балам үшін.

О м а р. Ә, жарайды. Омар саудаласып жатпайды. *(Екеуі қол алысады.)*

Ә у б ә к і р. Әуелі жауабын өзім беріп жатам ғой. Сен байқап отырып, ұрымтал жерден басып қалатын бол. Сонда бәріміздің де есебіміз түгелденеді.

О м а р. Уәде құдай аты.

Ә у б ә к і р. Уәде құдай аты, Омеке.

(Әубәкір мен Омар жоғалып кетеді. Шам жанады. Казак-орыс байының кәдуілгі бай бөлмесі. Боярский бастаған бір топ казак-орыс байлары. Ортасында Әубәкір, Әлти, Омар.)

Ә у б ә к і р. Бояр бай, асылық айтасың. Бұл іске түк қатысы жоқ баламның.

Б о я р с к и й. Сонда Сағындық Гарпедтің кім екенін білмеді демексің бе, Әубәкір?

Ә у б ә к і р. Құран көтерем.

Б о я р с к и й. Құраның өзіне. Сағындық Гарпедтің большевик екенін жақсы біледі. Біле тұра әдейі алып келді.

Ә л т и. Астағыпыралла. Құран көтерем десе де сенбейді ғой мына дүлей!

Ә у б ә к і р. Білмейді, Бояр бай, білмейді.

Ә л т и. Бояр бай, Сағындықтың білмейтіні рас.

Б о я р с к и й. Оны немен дәлелдемексіндер?

Ә у б ә к і р. Балам мені алдамайды. Кісі өлтірсе де маған айтуға тиісті.

Б о я р с к и й. Баланды онда білмегенің. Біздің қолымызда қазір ақпар бар. Гарпед пен Сағындықты бұл өлкеге қызылдар жіберген.

Ә у б ә к і р. Иланбаймын, Бояр бай. Сен мұны ашу үстінде долбармен айтып тұрсың. Бар пәле ана Гарпед дегенде. Сағындықты да, бізді де алдап соғып отыр.

Б о я р с к и й. Жақсы, Сағындық Гарпедтің кім екенін білмеді дейік. Бірақ мен алтынға шаққанда мың теңге шығынға ұшырадым. Бұған кім кінәлі?

Ә у б ә к і р. Оған Сағындық емес, мен кінәлі.

Б о я р с к и й *(кекетіп)*. Мүмкін онда шығынды орнына салатын шығарсың?

Ә у б ә к і р. Орнына қазір салуға дайынмын. Тек бізге тыныштық бер, Бояр бай.

Ә л т и. Мен де аздап үлес қоса алам құда үшін.

Б о я р с к и й. Бір тиынды екі тиын етіп балалатып жататын саудагер Әубәкір едің. Қашаннан бері мырза болып кеткенсің?

(Зілмен.) Жоқ, Әубәкір, біздің шығынымыз тиынмен толмайды. Ең киыны Сағындық біздің сендерге деген сенімізді ұрлап кетті. Оны ештенемен толтыра алмайсың енді.

Ә у б ә к і р. Сонда не істе дейсің?

Б о я р с к и й. Біз саған ештене де істе демейміз. Жалғыз-ақ Сағындық қайда, соны айтсаң болды. Жүзбе-жүз кездесіп, бір екі-ауыз сөйлесеміз де, әңгімені тамамдаймыз. Иә, сөйтеміз біз.

Ә у б ә к і р. Сағындық осыдан екі күн бұрын аттанып кеткен.

Б о я р с к и й. Онымен бізді алдай алмайсың, Әубәкір Куркиныч. Ойлан.

Ә у б ә к і р. Ойланғаным осы.

Ә л т и. Иә, Әубәкірдің бұл ойланып айтқаны.

Б о я р с к и й *(Омарға)*. Сенің де айтарың осы ма?

О м а р. Жоқ, мен Әубәкірдің айтқанына да, Әлтидің айтқанына да қосыла алмаймын.

Б о я р с к и й. Иә, иә, Омарчик, сөз сенікі.

О м а р. Әубәкір жауапты ойланып айтып отырған жоқ.

Б о я р с к и й *(мәз болып)*. Е, міне, әділ адам осылай болады. Жарайсың, Омар. Ал сосын?

О м а р. Әубәкір, сен, анау деп, мынау деп бұлталақтатпа. Сағындық қайда, турасын айт. Қателік жасаған екен, мойнымен көтерсін.

Ә у б ә к і р. Сағындық Кетірампорға жүріп кеткен дедім ғой.

Б о я р с к и й. Әубәкір, сенің осы сөзден басқа білерің бар ма?

О м а р. Бояр бай, олай болса, былай жасау керек.

Б о я р с к и й. Ал, иә?

О м а р. Сағындықтың осында сүйгені бар. Жақыбай дегеннің қызы. Сол қызды аманатқа алдыр да қамап таста. Сағындық бір соқпай қоймайды.

Д а у ы с т а р. Міне табылған ақыл!

О м а р. Ал, Сағындық оралмады бар ғой, онда Жақыбай қызын құрбан етіп жіберу керек.

Б о я р с к и й *(ойланып)*. Бұл айтқаның теріс болмасқа керек. *(Әубәкірге.)* Ал жақсы. Сағындық бізбен сөйлеспейтін болса, онда Нарша сұлу жоқ дей беріңдер.

Ә у б ә к і р. Бояр бай, құдайдан қорықсаңшы!

Б о я р с к и й *(кесіп)*. Сөз бітті. Ал жолдарың болсын!

Шам сөнеді. Сахна алды. Омар өтеді..

О м а р. Омардың есебі түгел. Енді Әлтиды айналдырайын.

Әлти өтеді.

Ә л т и. Мынау бір әділ шешім болды-ау. Жақыбай қызының қарасы өшсе, Әлти қызының бағы жанды дей бер.

Әубәкір көрінеді.

Ә у б ә к і р. Апырай, мыналардың әлпеті тым жаман екен. Енді қайттым? Бұл пәле бір шүйкебаспен кете қалса жаксы ғой. Кетпейді-ау, бірақ кетпейді. Жазған балам-ай, оқуынды оқып, тек жүретін-ақ жөнің бар еді. Мынадай теріс жолға түсуге не мұктаждық итермеледі, балам-ау. Сағындыкжан, ә, Сағындык. *(Кеңкілдеп жылайды.)*

Әлғали келеді.

Ә л ғ а л и. Ағатай, не болды сізге? Іс немен тынады?

Ә у б ә к і р. Істің беті жаксы емес, балам. Жок, жаксы емес дедім бе? Жок, жаман емес, деймін. Істің беті жаксы. Бірак істің беті... Әлғали, сен қалаға шап. Істің беті... істің беті болғанда былай... Әлғалиға сүйеніп Әубәкір де сахнадан шыға береді.

3

Нарша әбдіре сандығына төсек-орын, нәрселерін салып дайындық үстінде.

Н а р ш а *(саусағымен санап).* Сәрсенбіден сәрсенбі жеті күн... бейсенбі сегіз, жұма тоғыз, сенбі он, жексенбі он бір, бүгінмен он екі. Кешікті-ау. Ит-құстан, тіл-көзден аман болсаң жарар едің. *(Ойлана күліп.)* Өзі жок жерде тіл ұшына мың түрлі сөз кеп оралады. Айтайын дегенім соншалық көп секілді. Іздеймін. Әманда қасымда болса екен, кетпесе екен деймін. Сөйтіп отырғанда келе қалса, не дерімді білмей абдырап қалам. Қызық тіпті.

Өңі сұсты, Әлғали келеді.

Н а р ш а. Сағындық кайда? Әлғали, неге үндемейсің? Аман-сыңдар ма, айтсайшы тезірек?

Ә л ғ а л и. Істің беті жаман, Нарша.

Н а р ш а. Не дейді?

Ә л ғ а л и. Әлгі анадағы Гарпед мырза делдал емес, камөнес болып шығыпты. Астықты түгелімен Марғау өткізіп жіберген.

Н а р ш а. Сұбықан-алла-ай, арты не болар екен енді? Өй, саудагерге ұқсамаған еді өзі де.

Ә л ғ а л и. Арты не боларын кім білсін. Дмитриевканың Боярский бастаған байлары Сағындықты аласұрып іздеп жаткан көрінеді.

Н а р ш а. Енді не істедік? Сағындық біле ме мұны?

Ә л ғ а л и. Сағындық білмейді тегі. Білмегені жаксы ғой деймін.

Н а р ш а. Неге?

Ә л ғ а л и. Жарлық солай. Сағындыкка тағы бір тапсырма бар әкесінен. Мен сол жарлыкпен қалаға жүріп барамын. «Мұндағы жайды айтпайсың», – деп менен ант алды. Ал, Нарша, сак бола көр. Кетеді. Сыртта ат дүбірі.

Н а р ш а. Келді ғой? Боярский бастаған төрт-бес казак-орыс сау етіп кіріп келеді. Бәрі де карулы.

Б о я р с к и й. Ә, жас калыңдык, Нарша сұлу екенсің ғой? Күйеу бала қайда?

Н а р ш а *(тез өзгеріп)*. Ат сабылтып іздейтіндей неге керек болып калды? Құлағым сізде, айта берініз.

Б о я р с к и й. Қарай көр мынаны! Калай-калай сөйлейді?! *(Күліседі. Нығыздап.)* Жалғыз құлакпен бітпейді біздің шаруамыз. Сіздің құлағыныз керек емес, күйеу баланың өзі керек бізге.

Н а р ш а. Онда Кетрампор барыңыз. Бүгін он бірінші күн, Сағындык аттанып кеткен.

Б о я р с к и й. Ал сіз ше, калыңдык, не бітімге калып койдыңыз? Бірге кетеді деп естіп едік кой.

Н а р ш а. Дәм тартпағаны шығар, дәм тартқан күні мен де калмаспын, аттанатын болармын.

1-ші к а з а к - о р ы с. Сіздің дәміниз баска бір жерден тартып тұрған секілді, бикеш.

Б о я р с к и й. Тәлкектің бізге керегі жок, кәне, шындыкты айт. Қайда Сағындык? Әйтпесе найзаның ұшына іліп кетеміз.

Н а р ш а. Шындыкты айтты деп ілесіздер ме?

2-ші к а з а к - о р ы с. Осы катын жолға дайындалғанға ұксайды. Көрмейсің бе, буынып-түйініп отырғанын?!

3-ші к а з а к - о р ы с. Сағындык осы төніректе болмасын?!

2-ші к а з а к - о р ы с. Осы төніректе болса, сокпай кетпейді мұнда.

Б о я р с к и й *(күліп)*. Әй, көксілдерім-ай, капияда тауып кететіндерің бар-ау! Ал онда мына катынның аяк-колын байлап тастаңдар. Аттар камыс арасына апарылсын.

(1-2 казак-орысқа.) Сен, сен үйді аңдисыңдар. Мерзім — таң атканша. Сағындык келмесе мына катынды алып деревняға келіңдер.

Б ә р і д е. Айтканды бұлжытпай орындаймыз!

Н а р ш а. Бәрібір, атсаңдар да шыны сол. Сағындык кетіп калған.

У-шу, шыңғырған әйел даусы.

Түн ортасы ауған шақ. Жиырмасыншы жылдардағы Қызылжар қаласындағы бір көше көрінісі. Бұрыштағы үй номері айқын. Омар, Әлти, Күләйма шығады.

О м а р. Міне, тап осы үй. Шамы бар, әлі жатпапты.

Ә л т и. Иә, осы үй секілді.

О м а р. Осы үй секілді емес. Сол үйдің нағыз өзі.

Ә л т и. Мен енше кете берейін.

О м а р. Кете бергенде шаруаны пысыктап алайык, Әлеке. Есепті ағайын айырылмайды.

Ә л т и. Уәде-уәде ғой.

О м а р. Жоқ, ол уәденің күні өткен.

Ә л т и. Бір айғырдың үйірі...

О м а р. Жоқ, Әлеке, заман болса мынадай, Омекең жылқы бағып жүре алмайды.

Ә л т и. Сонда не, ақшалай ма?

О м а р. Ақшада емес. Тазасы.

Ә л т и. Мөлшерін білуге бола ма екен сонда?

О м а р. Омар ауызды кең ашпайды, он қадақ!

Ә л т и. Өй, мына ант атқан не деп тұр. Он қадақ тазаны мен қайдан таппақпын?

О м а р. Ендеше өзің сөйлес. Мен кірмеймін. *(Кете бастайды.)*

Ә л т и. Әй, әй, батыр екесі, тоқта.

О м а р *(тоқтап)*. Құлағым сенде.

Ә л т и. Төрт қадақ, қазіргі бары сол мендегі.

О м а р. Омар саудаласуды білмейді. Болса болсын.

Ә л т и. Уәде құдай аты. Орындап шығасың.

О м а р. Уәде құдай аты.

Әлти бір жаққа, Омар Күләйманы жетелеп екінші жаққа кетеді. Перде көтеріледі. Жарық үй ішіне түседі. Жиырмасыншы жылғы жұпыны қала тұрғынының үйі. Сағындық солдат киімін киген біреуге тапсырма беріп отыр.

С а ғ ы н д ы қ. Мұрат, диірменінің қасына күзетті күшейту керек. Кәрімге соны жеткіз.

С о л д а т к и і м д і. Құп болады. Бір сауалым бар сағаң, Сағындық.

С а ғ ы н д ы қ. Мархабат. Сұрай бер.

С о л д а т к и і м д і. Гарпед мырза хақында не біледі екен, біз хабар ала алмай отырмыз деп еді Кәрім.

С а ғ ы н д ы қ. Ә, Гарпед мырза қазір Екатеринбургта. Ел ішінен жиналған астық тиісті жеріне жөнелтілген. *(Әлғали келеді.)*

Ау, сен Әлғалимысың? Түн қатып, суыт жүріп не? Ел Аман ба?

Ә л ғ а л и *(тұтығып)*. Д...дін аман.

С а ғ ы н д ы қ. Нарша қайда?

Ә л ғ а л и. Нарша да д...дін аман.

С а ғ ы н д ы қ. Ал өзің неге келдің?

Ә л ғ а л и. Әкеңнен тағы бір тапсырма...

С а ғ ы н д ы қ. Тапсырма?! *(Солдат киімдіге бұрылып.)* Ал жақсы онда, Кәрімге жаңағыны айтарсың. Сақтықта қорлық жоқ. *(Солдат киімді кетеді. Әлғалиға.)* Ал о не қылған тапсырма?

Ә л ғ а л и. Жазғытұры байекең Ірбіт шапты ғой. Сонда Ірбіттің Күртенрау деген байымен компан болып Қытайдың бір саудагерімен контрасия жасаған екен.

Сағындық. Контрактация.

Әлғали. Иә, контрасия.

Сағындық *(күліп)*. Иә, айта бер.

Әлғали. Сол Күртенрау байекеңе хат жазып, тез жетсін депті. Хаты мінекей.

Сағындық *(хатты күбірлеп оқып)*. Иә, шақырғаны рас екен.

Әлғали. Соған қайтсе де барып қайтыңдар деп мені жіберді. *(Пауза. Сағындық ойда.)* Және айтты: асықпаңдар деді. Ел көріп, жер көріп, күзге қарай қайтасыңдар деді.

Сағындық даусы. «Өлермін, бірақ оралармын қайтсем де.»

Сағындық. Күзге қарай?..

Наршаның даусы. Сарғайтпаңызшы, жан ием, жалбарынамын, тезірек орала көріңізші!

Сағындық. Күзге қарай дей ме?

Гарпедтің даусы. Қалған астық жиналса, өзің де жатып алмассың.

Сағындық. Күзге қарай...

Әлғалидың даусы. Жек көре тұрып, Сағындықтың сахараны неге сағынатынын білем ғой мен. Өйткені онда... сахарада Нарша бар.

Сағындық. Әлғали, әкенің бұл тапсырмасын орындай алмаймын ғой деймін.

Әлғали. Әке бұйрығы қатаң, Сағындық. Тілін алмасаң теріс батасын береді.

Сағындық. Қай ата түсініп еді өзінен кейінгі ұрпақ сырын? Көреген деген Абайдың өзі де: «Қорқамын кейінгі жас балалардан» деп түніліп кеткен. Ата үшін бар жақсылық артта, Әлғали. Ал біз болсақ жақсылықты алдан, болашақтан іздейміз. Түсін, Әлғали, бұл айтқанды.

Әлғали. Түсінем ғой, Сағындық.

Сағындық. Түсінсең, әке, ата деп далақтай берме. Сенің ендігі орның біздің сапта.

Әлғали. Сағындық, өзіңмен бірге алып кетші. Мен де барып оқиын. Азамат болайын. Үй ішіне айтсам, «Қаражат қайда?» деп жібермейді.

Сағындық. Шын жыласа соқыр көзден жас шығады деген. Қаражат деген сөз болып па! Талап керек, талаптана білу керек.

Әлғали. Бұрын айта алмаушы едім, өлсем де сенің қасыңда болам енді, Сағындық. *(Екеуі төс тақасып құшақтасады.)*

Сағындық. Ал, Әлғали шыныңды айтшы, Гарпед жайында ел ішінде не сыбыс бар?

Әлғали. Ойбай! Сағындық, ел іші бүлініп жатыр.

Сағындық *(шошынып)*. Иә, не болды?

Ә л ғ а л и. Сен сұрама, мен айтпайын. Әйтеуір, дәп қазір ел бетін көруге болмайды саған. Әке жарлығы да мына оқиғаның ыстық-суығы басылғанша сені алыста жүре тұрсын дегенді аңғартатын секілді. Өйткені: «Тілімді алмаса теріс батамды берем!» —деп үш қайтара айтты.

С а ғ ы н д ы к *(дағдарып)*. Наршатайдың халі не болар екен десейші енді?

Н а р ш а н ы ң д а у с ы. Сарғайтпаңызшы, жан ием, жалбарынамын, тезірек орала көрінізші.

С а ғ ы н д ы к д а у с ы. Өлермін, бірақ оралармын қайтсем де.

Есік тықылдайды.

С а ғ ы н д ы к *(шошынып)*. Бұл кайссың? *(Бесатарын суырып есікке жақындайды.)*

Ә й е л д а у с ы. Есігіңді аш, Сағындық.

С а ғ ы н д ы к. Сіз кімсіз?

Ә л ғ а л и. Мынау Күләйманың даусы ғой?

С а ғ ы н д ы к. Күләйма?.. *(Есікке бұрылып.)* Қайдан жүрсің, Күләйма?

(Жауап орнына есік тықылдайды.)

С а ғ ы н д ы к. Жалғызсың ба, Күләйма?

(Жауап орнына есік тықылдайды.)

Ә л ғ а л и. Қасында кім бар, Күләйма?

(Тағы да есік тықылдайды.) Ар жағында аңдыған біреулер болмасын. Боярскийдің беті жаман.

(Сағындық есік ашпақ болады. Әлғали көлденеңдей береді.)

Құдай біледі, қуғыншылар бар.

Ә й е л д а у с ы. Сағындық, есік аш. *(Сағындық болмайды, есік ашады. Шашын жалбыратып жіберген Күләйма көрінеді.)*

С а ғ ы н д ы к. Күләйма, қайдан жүрсің, Күләйма?

(Күләйма үндемейді.)

Ә л ғ а л и. Жалғыз келдің бе, әлде қасында біреу бар ма?

(Күләймада үн жоқ.)

С а ғ ы н д ы к. Бұл үйді қайдан тауып келдің?

(Күләйма үндемейді.)

Ә л ғ а л и. Әлде біреу көрсетіп жіберді ме?

(Күләймада үн жоқ.)

С а ғ ы н д ы к. Күләйма, мен Сағындық қой. Неге үндемейсің?

К ү л ә й м а. Са...ғын...дық. *(Пауза.)* Омар ағам үндеме деген маған.

(Оқыстан Омар көрінеді.)

О м а р. Сағындық, мен сенің құдай қосқан қалыңдығыңды алып келдім.

Сағындық. Е, бәсе, Омар екенсің ғой. Сенің ісің шығар деп едім өзім де.

Омар. Енді тырп ете алмайсың, Сағындық. Қалыңдығын қасында қалады.

Сағындық. Қалыңдығым ауылда менің.

Омар. Жоқ, ол қалыңдықты іздемей-ақ қой, Сағындық. Жақыбай қызының алдынан жарылқасын. *(Омар алақанын қайырады да кете бастайды. Күләйма соңынан ереді.)* Сен осында қаласың, Күләйма.

Сағындық *(Әлғалиға)*. Мына Омар не айтып тұр, Әлғали?

Әлғали (жыламсырап). Әлти бай, мына Омар, ағатай үшеуі бірігіп Наршаны Боярскийге ұстап берген.

Сағындық. Осы Омар ма?

(Бес атарын кезеп ұмтылады. Омар қашады. Омардың соңынан бақырып Күләйма кетеді.)

Сағындық. Өлі-тірісін білесің бе?

Әлғали. Тірі ме деймін. Тамыр Мекеттің үйінде деп естігем.

Сағындық *(қуанып)*. Өзіміздің дос Никита ма? Олай болса, қайтсе де біз Наршаны ажалдан құтқаруымыз керек.

Әлғали. Өз басыңды ойла, Сағындық. Боярский Дмитриевканы түгел каруландырыпты деп естігем.

Сағындық. Біз де бір, екі солдат алып барамыз. Бірақ олармен бетпе-бет кездеспеуге тырысамыз. Шама келсе, қараңғы түнді жамылып ұрлап әкеткенге не жетсін.

Әлғали. Тәуекел, Сағындық.

Түн. Терезе алдынан қараңдап бір-екі солдат өтеді. Сағындық, Әлғали.

Әлғали. Үйді айналып шықтым. Тыныштық.

Сағындық. Сен аттарды алып ойда тұрасың. Солдаттар үй төнірегінде болады. Жақсылықтың бірінші белгісі ысқырық.

Әлғали. Түсіндім, Сағындық. Әлғали қараңғылыққа батып кетеді. Ақырын ғана терезе қағылады.

Дауыс. Әй, бұл қайсың?

Сағындық. Бұл бір жолаушы.

Нарша Сағындықтың даусын бірден таниды.

Нарша. Жалынамын жан ием, көріне көрме. Бояр байдың беті жаман. Жазым етеді. Жолыңа құрылған тұзақ бар.

Сағындық. Наршатай?..

Никита. О, Сағындық Аубакировичпісің? Кел, кел.

Есік ашылады.

Нарша. Мекет аға, шам жаға көрмеші. Торушылар бар.

Никита. Е, тірі болсақ өлмейміз.

Шам жағылады.

Н а р ш а. Ағатай-ай, торға түсесіз ғой енді. Үй айнала жау, бәрінің де аузы алынып қойылған. Аялдамаңызшы, аттана көрінізші енді. Сіздің жолыңызда құрбан болсам, арманым жоқ бұл дүниеде. Аз күнде мол бақытты көрдім. Өнім түгіл, түсіме енген нәрсе ме еді. Разымын мен тағдырға.

С а ғ ы н д ы қ. Наршатай, жүзің сынық, аз ғана күннің ішінде сондайлық жүдеп қалыпсың ғой, жаным-ау.

Н и к и т а. Іш құса, ауру бұл бала. Күні-түні дала бетін көрмейді. Бүк түсіп жатады да қояды. Әйтпесе біз жер айдатқанымыз жоқ. *(Қатынына.)* Ей, қатын тұр. Қадірлі қонақ келді. Самогонды әкел.

С а ғ ы н д ы қ. Самогон ішіп отырар уақыт жоқ, Никита тамыр. Ал, Нарша, киін. Сені алып кетуге келдім мен. *(Нарша киіне бастайды. Кенет далада у-шу. Мылтық атыла бастайды. Сағындық бес атарын ұстап есік қайырмасына ұмтылады.)*

Не болса да жастығымды ала өлейін. *(Сол кезде Боярский бастаған қарулы топ кіре бастайды. Никита солардың жолын бөгеген болып, «Мұнда ешкім де жоқ, ағайындар!» – деп айғай салып жақындай береді де, Сағындыққа жармаса түседі.)*

Б о я р с к и й. Ә, большевик Аубакирович, біз сізді көп күннен бері ат сабылтып басқа жақтан іздеп жүрсек, мында екенсіз ғой?

С а ғ ы н д ы қ. Ия, мен осындамын, Боярский мырза. Керек болсам, міне, алдыңда тұрмын.

Б о я р с к и й. Бізбен бірге жүресің, олай болса. *(Сағындық «Қайда?» деп сұрамайды. Қозғала бастайды. Нарша жылайды.)*

Б о я р с к и й. Жылама бикеш. Бекерге жылайсың. Мына Сағындық Аубакирович екеуміздің әнеугіден қалған есебіміз бар. Сол есепті айырысамыз осы түнде. Сосын қайтарып жібереміз.

Е к і н ш і к а з а к - о р ы с. Біздің үйде үлкен той бар еді. Сағындық бізбен бірге сол тойда болады... Ертең қайтады сосын.

С а ғ ы н д ы қ. Жылама, Наршатай, келем ғой мен. Қайтып келем. Бұл бір жаңсақтық қана болуға керек. *(Олар Сағындықты алып кете береді. Нарша «жан бауырымдап» боздап қала береді.)*

ШАЙҚАҚ

Бір перделі драма

Қатынасатындар:

Батырбек
Жаңыл – Батырбектің әйелі
Панар – Жаңылдың сінлісі
Ғабдолла
Қайкен
Жамантай

1

Қала тәртібімен жиналған Батырбек үйінің ас ішетін шағын бөлмесі. Ғабдолла Батырбектің үлкен портретін қабырғаға ілемін деп әуре. Төменде Батырбек. Біресе алыстан, біресе жақыннан қарайды. «Жоғарырақ», «төменірек», «оңға қарай», «солға таман» деп жөн сілтеп тұр.

Ғабдолла. Міне, үйдің сәні енді кірді. Жан-жақтың бәрі құлпыра салып барады.

Батырбек. Өзі де бір өнерлі неме екен. Айнытпаған.

Ғабдолла. Кімді қалай шығарарын художнигің де біледі. Бірер жүзді тастап жіберген кезде көзіннен ұшқындаған бір отты байқаушы едім. Міне, сол бір құбылыс айна-қатесіз түскен де, мәңгі-баки токырап қалған. Елу жыл өтеді. Жүз жыл өтеді. Сонда бейтаныс келер ұрпақ келіп карайды да, осы отты дәл казіргі менше дәл басып таниды-ау, ә!

Батырбек масаттанып, портретті әр қырынан бір келіп тесіле қарайды.

Батырбек. Соны ойласаң көкірегіне нұр саулап жүре бергендей болады, тіпті.

Ғабдолла. Бала кезден бірге өсіп, өкшеңді басып келе жатырмын ғой, түсінемін бұл сөзіңді. Ау, жеңеше, жеңеше деймін. Қайда жүрсің? Келсеңші бері, көрсеңші келіп бөлменнің құлпырып кеткенін.

Жаңыл кіреді.

Жаңыл. Оның рас, қайным, құлпырып кетіпті бөлмем.

Ғабдолла. Анау қабаққа қара, дүниенің бар қайратын бір өзіне сыйғызып тұрған. Анау көзге кара, өткеннің тұңғиығына, болашақтың жұмбақ сырларына кадалып қалған.

Жаңыл. Рас айтасың, қайным.

Ғабдолла. Шіркін, осыншалықты дана болып адам баласы да жарала береді екен-ау?!

Батырбек. Итің жеткізе біледі.

Ғабдолла. Жетпей тұрған бір-ак нәрсе бар.

Жаңыл. Түсінем, қайным. Қазір ұйымдастырып жіберейік.

Ғабдолла. Жо-жоқ, ол өз алдына бола жататын дүние ғой. Жайшылықта колы ашық жеңгемізге мынадай елеулі оқиға үстінде не күн туыпты. Жетіспей тұрғаны басқа нәрсе.

Жаңыл. Иә, қайным?

Ғабдолла. Енді мына қабырғаға дәл осындай етіп мына Жаңыл жеңешемнің портретін ілсе... Бұл бөлме бұдан да құлпырып сала берер еді-ау.

Жаңыл. Ойбай, қайным-ау, көзіміздің тірісінде үйімізді музей етіп жібермекпісің. Осы мына Батырбек өзі үйде, портреті төрде. Бір

бөлмеге сол керік те жететін шығар. Құдай-ау, шеге қағамын деп қабырғаны жарып тастапсың ғой, қайным, байқа дегенім қайда?!

Б а т ы р б е к. Жә, жә, сондай ұсақтық неге керек.

Ж а н ы л. Қайдағы ұсақтық. Анада бір ай әуре болғанымыз қайда. Сылақшы табылса, бояу табылмай, бояу болса, сылақшы қолға түспей жынданып кете жаздамап па едік. Сол азапты қайта тартар жайым жоқ енді.

Б а т ы р б е к. Батырбектен қабырға қымбат болғаны ғой саған.

Ғ а б д о л л а.

Ой, жеңеше-ау,
Мінезің сенің өзгеше-ау.

Қолында кітаптары бар Панар көрінеді.

– О, шамшырақтай жарқырап Панардың өзі келді ғой. Бері, бері кел, Панар. Қара мына жездене. Қабағына, көзіне қара.

П а н а р. Көзінің тірісінде бір қабырғаны алатын портрет жаздырып, оны өз үйіне ілгенді мына Батырбек жездемнен ғана көріп отырмын.

Ж а н ы л. Жезденнің әдеті емес пе, бір нәрсені көңіліне алса, қисая тартатын. Портрет дегенді ойлады да, ұйқы-күлкіден қалған жоқ па?!

Б а т ы р б е к. Осы бір жаман жезде ойда жокта өле қалса ғой, жақсы жездем, алтын жездем, жақсы күйеуім, алтын күйеуім деп жылайсыңдар. Ал қазіргі айтып тұрғандарың мынау. Көзіннің тірісінде бір жылы сөз естімеген соң, өлгеннен кейінгі мақтағандарыннан не пайда.

П а н а р. Рас, ойда-жокта өліп қалсаң жылаймыз. Жақсы жездем еді деп жылаймыз. Ал мына тірі күнінде не деп жыламақпыз. Жаман жездем еді, тезірек өлмеді деп пе?!

Ғ а б д о л л а. Ха, ха, ха. Шіркін, бұлай демесеңе Панар боласың ба, Панар болып аспирантурада оқырсың ба!

П а н а р. Мақтай бермеңізші, осы сіз. Сіздің осы бір мақтау сөздеріңізді ести-ести құлағым сарсыды.

Ж а н ы л. Ғабдолла қайнымның тілі жұмсақ. Жұмсақ тілдің түрпідей қадалғанын сенен көрдім, сінілім.

Б а т ы р б е к. Сендер бірің де мені түсінбейсіңдер. Мені түсінетін жалғыз Ғаблолла ғана.

Сасқалақтаңқырап Қайкен кіреді.

Қ а й к е н. Апырай, әлгі Бекеңе қайтыс болыпты...

Ж а н ы л. Не дейді? Қай Бекеңе?

Қ а й к е н. Әлгі өзіміздің бастық Бекеңе. Бекентай Байқабылов.

Ж а н ы л. Алда байғұс-ай, көп ауырды ғой өзі де.

Б а т ы р б е к. М, м... Өлді де...

Ғабдолла. Ө-өлді...

Жаңыл. Апырау, селт етпейсіңдер ғой, тіпті.

Батырбек. Мал болмайтыны көптен-ақ белгілі болатын. Ертең бе, бүгін бе деп күтіп отырған хабарда селт еткізер не жаңалық болушы еді.

Ғабдолла. Иә, күткен хабарымыз ғой.

Жаңыл. Қайдам. Беке, Беке деп ауыздарыннан тастамайтын еділдер. Қит етсе, Бекеңді шақырып жібере қояйық деп Батырекең де мазалап бағушы еді. Енді үндемей қалғандарыңды айтамын.

Панар. Көзіннің тірісінде мақтаған жөн. Өлген соң не десе, о десін.

Жаңыл. Иә, бұл біздің Батырекеннің философиясы. Жүр, Панар, қолымнан талай рет дәм татқан адам еді, барып үй ішіне көңіл айтып шығайық. Біздің қолдан одан басқа не келеді.

Жаңыл мен Панар шығады.

Қайкен. Ендігі бір жаңалық, үлкен үй жағында сөз болып жатқанға ұқсайды. Зады, орнына кісі іздейтін болса керек.

Батырбек. Кімдерге құрық салыпты?

Қайкен. Кім білсін, әйтеуір әр түрлі ұсыныстар бар ма қалай?

Ғабдолла. Шіркін, бұл орынға лайық бір-ақ адам бар. Бірақ үлкен үй оны біле бере ме?

Батырбек. Иә, оның кім? Өзіміздің Жыландыдан ба?

Ғабдолла. Иә, өзіміздің Жыландыдан.

Батырбек. Кім демексің сонда? Мына Қайкен арасулық болса да, етене сырлас болып кеткен жолдас қой. Жасырма.

Қайкен. Иә, мен өздеріңмін ғой. Қымсынбай-ақ қой, Ғабдолла.

Ғабдолла. Ол мына дүниенің төрт бұрышына көзін қадап қалған Батырекеннің нақ өзі. Қара келбетіне. Дүниенің бар даналығын да, бар тентектігін де бір басына жинап алған отырысына қара.

Үшеуі де күледі.

Қайкен. Оның рас. Бір лайықты адам болса, соның өзі ғой.

Батырбек. Лайықтысы лайықты-ақ еді-ау. Әттең не керек, пәле-жаланың құрбаны болып жүрміз ғой. Құландылық біткен түгел жабылып, «жершілсің», «менмен», «мақтаншақсың» деп жапқан жоқ па пәлені. Ақты-қарасын тексеріп жатқан кім бар оның.

Ғабдолла. Тиісті жеріне айтып жеткізу керек. Батырекеннің от ауызды шешен, майталман көсем, организатор екенін жұрттың бәрі де білмей ме.

Батырбек. Шіркін, алты ай емес, алты-ақ күн сол араға барып отырсам, дүниені шыр көбелек айландырар едім-ау.

Ғабдолла. Жыландылықтардың мерейі өсіп, құландылықтар жер болып қалар да еді.

Батырбек. Жер болғаның не, күн көре алмай, тозып кетпес пе еді.

Ғабдолла. Өздеріне де сол керек.

Батырбек. Бірақ ондай атты күн қайда? Жоқ қой ондай атты күн. Шіркін, бұл орынға өзімді есептемегенде бір қолайлы адам бар еді...

Қайкен. О да Жыландыдан ба?

Батырбек. Талант десең талант бар. Сауат десең сауат бар. Организаторлық қасиеті дейсің бе, онысы да бар.

Қайкен

Ғабдолла *(қосарланып)*. Бұл кім болды екен?

Батырбек. Ол мына отырған... Иә, иә, нақ мына отырған Қайекеңнің өзі ғой. Амал қанша, мұның да соңында шала бар байлаған.

Қайкен. Тілімізден жазып жүрміз ғой. Мінді бетке айтпай тұра алмаймыз.

Батырбек. Оның үстіне жұтып қоятыным да бар демейсің бе.

Қайкен. Иә, ептеп оның да жаны жоқ емес.

Ғабдолла. Енді кім бар бұл орынға лайықты?

Қайкен. Ең дұрысы осы отырған Ғабдолланың өзі еді...

Ғабдолла. Иә, біз де көресіні тілден тартып жүрген жоқпыз ба.

Қайкен. Оның рас. Мен көзге жамандаймын деп, ал сен болсаң көзге мақтаймын деп опық жедік.

Ғабдолла. Қайтейін. Жақсы көрсем жасыра алмаймын. Жақсы көремін деп айтып саламын. Құдайдың берген мінезін бұл қайтерсің, айтпайын десем де болмайды «айт, айт!» деп ар жақтан үнемі итермелейді де тұрады. Сосын айтасың да саласың. Оныңды түсінсе жақсы-ақ қой. Түсінбейтіндер де көп емес пе. Мына марқұм болған бастықпен келісе алмауымның да бір ұшы сонда ғой. «Сіз осы, Беке, асыл нәсілден жаралған көшелі жандардың бірісіз ғой» деп жақсы көңілінді, жақсы сезіміңді айта бастасаң, бет-аузын тыржитып үндемей қалатын сазарып. Әй, өзі де бір ит еді, айтқанға міз бақпайтын, өліп тынды ақыры.

Батырбек. Әй, жігіттер, мен таптым шын лайықты адамды бұл орынға. Мына өзіміздің Жамантай бар ғой, содан дұрысы жоқ.

Ғабдолла. Ой, ол жарамайды. Жыландыдан деп мақтай берсең де, бір жақындығын көрген емен. Әрі ана Құланды жағында достары бар.

Қайкен. Бұл ойланатын идея екен. Жамантай жуас жігіт. Бір қолға қондырып алса, айтқанды орындаттырасың да отырасың.

Батырбек. Ой, ол өзіміздің қол бала емес пе. Ағасының айтқанын екі етсе, құртып жібермеймін бе!

Ғабдолла. Бұл жағынан алғанда келіп те қалатын кандидатура.

Қ а й к е н. Оның үстіне Жамантай жөнінде үлкен үйде де бірер сыбыстың барын құлағым шалған еді. Білім, қабілеті бар жас жігіт, істеп кетеді.

Б а т ы р б е к. Ақыл-кенесімізді аямаспыз. Баулимыз.

Ғ а б д о л л а. Бұл жағынан алып қарағанда жаксы жігіт екені жақсы жігіт енді.

Б а т ы р б е к. Ойлай келгенде жөні осы. Ал қарап отырып қапы қалмайық. Қазірден бастап іске кірісейік. Тіпті менде мынадай да ой бар. Мен білсем, осы біздің Панар балдыз бар ғой, дұрыстап таныстырып қойса бар ғой кет әрі демейді. Сол күнді бір ойлашы сонда. Өзі өзіміздің Жыландыдан болса, оның үстіне өзі Батырбек дадаңның балдызына үйленген болса, қайда барады? Ешқайда да бармайды. Мына менің, мына Батырбек көкеннің бұзауы болады да шығады. Ал, кәне, отырмайық. Былай болсын. Төрекеңмен мен өзім сөйлесемін. Тіпті Осекеңді де өз мойнымa алайын. Осындайда көтермеген мойынды итке таста. Алда-жалда бар ғой, жаман айтпай жақсы жоқ, анау айтқандай жан мұрынның үшіне келсе бар ғой, онда Белекеннің өзінің де тамырын басып, байқаудан Батырекең тайынбайды. Ал сен бар ғой, Қайкен, ең алдымен өзің осы тоқтамға табаныңды мықтап бас.

Қ а й к е н. Бастым ғой, Батырбек-ау.

Б а т ы р б е к. Жоқ, жоқ. Былай шыға бере бұлтың ете қалатының болатын. Білем ғой мен сені.

Қ а й к е н. Бастым деймін.

Б а т ы р б е к. Бассаң, онда осы шешімді ана арасулықтардың бәріне де құптаттырасың.

Қ а й к е н. Шамамның келгенінше.

Б а т ы р б е к. Үшіншіден, ана Тасекене де құлаққағыс етесің. Жазатайым болып, Тасекең шалқалап қалса, шаруаның шырқы бұзылады дей бер. Бірақ былай жайлап түсіндіресің. Істің жайын, мекемеміздің келешегін ойлағанда деп...

Қ а й к е н. Әрине жайлап, істің жайын мекемеміздің келешегін ойлағанда деп...

Ғ а б д о л л а. Шіркін біздің Батырекеннің басы істей біледі-ау, ә!

Б а т ы р б е к. Ал, Ғабдолла, сен бар ғой... сені мен бар ғой... Более бір тонкий шаруаға жұмсағалы отырмын. Тілің майда. «Сіз», «бізді» білесің, орындап шығарсың деп ойлаймын.

Ғ а б д о л л а. Әлбетте, «сіз», «бізге» келсе болды ғой.

Б а т ы р б е к. Сен онда былай ет, анау менің балдызым бар ғой. Өзі бір өзіме тарткан тентек неме. Тентекті тентек тыңдамай тік келіп қалатыны бар ғой. Ал сен болсаң битіп тілін тауып дегендей. Жамантаймен жағыстырып жіберсең...

Ғ а б д о л л а. Айтқаның орындалады, Батырбек.

Б а т ы р б е к. Ал онда отырмайық. Жолдарың болсын!

Қайкен мен Ғабдолла кетеді. Батырбек портретке жақын келіп сұқ саусағын шошайтып сөйлейді.

Ғабдолла біліп айтады. Сен иттің басың істей біледі, әттең не керек, таудай талабын болғанымен, бармақтай бағың жоқ. Ұрыншактаусын. Мактамен білдірмей бауыздап жіберетін жерде, қызыл кенірдекке салып айқайлап шыға келесің. Тал бойындағы мінін сол. Әйтпесе, сен бұл үйде емес, біздің мекеменің төрінде тұрмас па едің. Ойлан мұны, Батырекесі.

(Телефон шылдырайды.)

– Алло... алло... ие, иә. Өзінсің бе? Иә, шаруа не болып жатыр? Е, оны естідім ғой. Ал өзің не ойлап жүрсің? Ә! Ойбай-ау, «таз таранғанша той таркайды» дегендей, сен найқалғанша, ана құландылықтар біреуді әкеп отырғыза салмай ма? Иә, оны кімнен естідің? Үлкен үйде сондай сөз бар дейді? Аha! Бұл бір жақсы лепес екен. Ал онда былай ет. Ана Қарекене айтып қой. Ана үлкен үйдегі Белекене сөйлессін. Жай сөйлеспесін, мыктап сөйлессін. Әйтпесе болмайды. Құланды дегенің бел алып кетеді. Өзіннің жезден емес пе, батылырак кетпейсің бе, битіп. Ұктың ба? Ұқсаң сол. Ал, жақсы. Қимылда. *(Трубканы сала берген кезде тағы телефон шылдырайды.)*

Иә? Ау, жаным-ау, сен қайда жүрсің осы күнге дейін? Ертең Құландыдан біреу тұра қалса, тағы да төбеңде әнгір таяқ ойнайды ғой. Осы арасын ойладың ба? Жо... жоқ... Сен ойламағансың... Ара түсе бере алмаймын енді саған. Көзсіз батыр болып болдым. Батырға да жан керек. Сөздің қысқасы сен былай ет. Коллективтегілердің тамырын баса бер. Мен істесем бірден көзге түсіп қаламын. Ал сен болсаң елеусізсің ғой. Иә, сөйт. Тамырын бас. Ана Жамантайды мактай бер, не дер екен, білдің бе? Жамантайға жақсы қарайды? Бәрі де сол бастық болсын деп отыр? Өй, онда көктен тілегенді жерден берді ғой. Дегенмен қулық болып жүрмесін. Сен солардың арасында бол. Жиі-жиі хабарласып тұр.

(Трубканы салады да қайта көтереді.)

Алло. Ә, бұл Терекең бе? Ә, бұл әлгі тентек інің Батырбек қой. Хал ма? Қалдың несін сұрайсың, Төреке. Хал жаман. Иә, бассыз қалып тұрмыз. Иә, иә, құландылықтар шабуылда сиякты. Қарап отырған біз ғана. Енді қайтеміз. Төрекең сиякты мыкты ағалары тұрғанда, кайтеміз дейміз де. Жамантай ма? Ау, ол өзіміздің жыландылық кой. Иә, иә, табанды жігіт. Жаманаты жоқ. Істегенде қандай. Иә, иә оның үстіне ақыл-кенесімізді беріп тұрамыз ғой. Ана Қайкен деген жігітті білетін шығарсың. Жоқ, ол арасулық болғанымен өзіміз. Рас, кейде бұлтың ете қалатыны болады. Бірақ негізі біздік. Соны кейін Жамантайға көмекші етіп койсақ, кенсе жұмысын таскаяктай қағыстыратын болады. Иә, жөн... Жөн айтасың. Әрине, жаның ашитынын білем ғой. Иә, жақсы. *(Трубканы салады.)*

Бұл жағы тынды. Енді ме? Ә, апырау, осы құландылықтар неге үндемей жатыр? Жо-жо!.. Мүмкін емес үндемеулері. Дауыл алдындағы тыныштық секілді. Жо... жо... Алдын алған жөн. Әйтпесе, болмайды. Иә, Белекеннің өзіне де құлақ қағыс етіп қояйын. Айып болмайтын шығар оным? Егер коллектив Жамантайды қалап отыр десем... Әлде сөйлеспей-ақ қойсам ба екен? Басқаша түсініп қалса, қиын болады-ау, түбі... Жо... жоқ... Бас сауғалауға болмайды. Осы жігітті жіберіңіздер дейін. Қалай түсінсе, олай түсінсін.

(Трубканы алады.)

Жо... жо... Мәжілісте отырғанның өзі де жөн болды. Кім біледі, арпаң-тарпаң сөйлеп тұрып, бірдемені бүлдіріп алсам, сорлағаным ғой сосын. Дегенмен, істің беті дұрысталып келеді. Енді қайтсе де Панарды ию керек.

2

Батырбек үйінің алды. Баспалдақта Панар мен Ғабдолла жолығысады.

Ғабдолла. О, алдым жап-жарық болып жүре бергенге жалт қарасам, Панардың өзі келе жатыр екен ғой.

Панар. Ғабдолла аға, кісіні көзіне мақтауды қашан қоясыз осы?

Ғабдолла. Шын жақсыны жақсы десе, оның несі айып. Алтынды алтын демей ме өз атымен.

Панар. Алтынды рас алтын дейді. Сол сияқты әркімнің өз аты бар емес пе.

Ғабдолла. Әйтеуір көңілім таза, Панар.

Панар. Көңілім таза деп кез келген жерде жайып сала берсеңіз, кірлеп қалуы да оп-оңай.

Ғабдолла. Міне, айттым ғой тұрған ақыл деп, оны қалай айтпай тұра аламын.

Панар. Тағы да мақтай бастадыңыз ба? Дауа жоқ екен.

Ғабдолла. Шіркін, қандай жігіттің маңдайы жарылып тұр екен десеңші!

Панар. Осы қаладағы бір жігіттің маңдайы шығар.

Ғабдолла. Ұзын бойлы ма?

Панар. Иә, ұзын бойлы.

Ғабдолла. Кеудесі былай?

Панар. Иә, кеудесі былай.

Ғабдолла. Мұрны аздап қоңқақтау?

Панар. Иә, мұрны аздап қоңқақтау.

Ғабдолла. Шашы қап-қара, жатпайды, тікірейіп тұрады үнемі?

П а н а р. Шашы кап-кара...

Ғ а б д о л л а. Жүргенде бүйтіп адымдай басып жүреді?

П а н а р. Иә, адымдай басып жүреді.

Ғ а б д о л л а. Өзі көп сөйлемейді? Арақты аз ішеді? Өзі ақылды?

П а н а р. Көп сөйлейтін, арақты көп ішетін ақылсыз жігітпен Панар таныс бола ма?

Ғ а б д о л л а. Жөн, жөн. Ал бетінде ептеп қорасан дағы бар ғой?

П а н а р. Қорасан дағы бар.

Ғ а б д о л л а. Қорасан дағы бар?

П а н а р. Иә, қорасан дағы бар.

Ғ а б д о л л а. Ойбай-ау, бұл өзіміздің Жамантай болды ғой.

П а н а р. Жамантай дегеніңіз кім?

Ғ а б д о л л а. Өй, ақылдым, менің. Шіркін, Панардай болып та қыз баласы туа береді екен ғой.

Батырбек көрінеді. Панар үйге кіреді.

Б а т ы р б е к. Ал, Ғабдолла, шаруаның барысы қалай?

Ғ а б д о л л а. Шаруаның барысы тамаша.

Б а т ы р б е к. Немене, былай жағыстыра алдың ба?

Ғ а б д о л л а. Жағыстыра алғаның не, «сүйдім, күйдім» дегізіп те қойдым ғой екеуін.

Б а т ы р б е к. Бұл апаң мен жезденнің қалауы дедің ғой?

Ғ а б д о л л а. Апырау, Ғабдолладан сөз қалатын ба еді! Талай сөздер айтылды.

Б а т ы р б е к. Бәсе, өзім де сезгенмін осылай боларын. Апасы Жаңыл, жездесі мен тұрғанда қайда барады деп едің. Есті тентек қой. Түсінген ғой жездесінің ау-жайын. Иә, істің беті түзелді, Ғабдолла. Барған жердің бәріне де құптатып келемін. Жақын күндердің бірінде әлгі Батырекеңнің жаман інісі бастық болыпты дегенді естисің. Құландымен біз сонда сөйлесетін боламыз.

Ғ а б д о л л а. Шіркін десейші!

Өлеңдетіп Қайкен кіреді.

Аспанда ұшып жүрген қара шыбын,
Қай жерде отыр екен қарашығым.

Б а т ы р б е к. Шаруаның беті қалай, Қайкен?

Қ а й к е н. Шаруаның беті жаман болса, Қайкен бүйтіп өлеңдетпейді ғой.

Ғ а б д о л л а. Шіркін, біздің Қайкендей болып та адам баласы жарала береді екен ғой.

Б а т ы р б е к. Ал сөйле, Қайкен.

Қ а й к е н. Не сөйлейтіні бар. Бүйтіп кіріп бардым да ашық айттым, егерде бұл креслоға Жамантай отырмаса, онда біздің мекеме ақ үйлі болып тозып кетеді дедім турасынан.

Б а т ы р б е к. Расы осы ғой. Иә, сосын?

Қ а й к е н . Сосын не болушы еді, «ойбай-ау, ойлап-ойлап өзіміз де сол Жамантайға тоқтап отырмыз» деген жоқ па?

Б а т ы р б е к. Төрекен де айтып жеткізген екен ғой онда. Сабазым-ай!

Ғ а б д о л л а . Шіркін, біздің Төрекеңдей болып та адам баласы жарала береді екен ғой.

Б а т ы р б е к. Ал ендігі сөзді үйде отырып бастайық. Үшеуі де үйге беттейді.

Бай дастарқан басында Батырбек, Қайкен, Ғабдолла. Жаңыл мен Панар кіріп-шығып жүреді.

Б а т ы р б е к. Не болса, о болсын, айды аспанға бір шығардық. Жамантайды отырғыздық креслоға.

Ғ а б д о л л а. Құландықтар енді байқап сөйлесер-ақ бізбен.

Б а т ы р б е к. Байқап сөйлеспей көрсін. Күлін көкке ұшырайын!

Қ а й к е н. Дегенмен өзі пысық па деймін. Кеше бір қызметкерді шақырып алып, жан алқымынан алмасы бар емес пе, екі рет айттым ғой, неге орындамадыныз деп. Шолақтықпен қорқытып, келте қайырып жатқан жоқ, зіл, салмақ сезіледі мінезінен.

Б а т ы р б е к . Батырекен білмей, таңдамайды кісіні. Үндеме, Батырекеннің жаман інісі талайды тотитады әлі.

Ғ а б д о л л а . Соның өзі бізді де ала кетіп жүрмесін. Түрі жаман.

Б а т ы р б е к. Мен барда тырс етпе. Батырекеңнен асып қайда барады дейсің. Қол шоқпар етеміз де, талай Құландыға жұмсаймыз әлі.

Ж а ң ы л. Ғабдолла қайным-ау, тез-тез деп асықтырып едің. Қонағың әлі жоқ қой. Қашан келетін еді?

Б а т ы р б е к. Иә, Жамаекең кешікті.

Ғ а б д о л л а . Он жерден жыландылық болса да, сол жігітіннің кей мінездері ұнамаушы еді. Бастық болған соң мұрынын көтерейін деген шығар.

Қ а й к е н. Қит етсе жаманшылыққа жори берудің керегі не. Осы мен қазақ тілін білетін болсам, «келемін» дегенін мына құлағыммен естігенмін.

Ж а ң ы л. Біз үшін қонақтың мезгілінде келгені жаксы.

Б а т ы р б е к. Жә, жә, сөзге араласа бермесенші сүйреңдеп. Қазір келгенде бірдеме деп айтып қалып жүрме. Аузыңды бақ.

Ж а ң ы л. Әне, мұның өститіні бар енді.

Ғ а б д о л л а . Ау, жолдастар, менің басыма бір тың идея оралды.

Қ а й к е н. Иә, құлағымыз сенде, Ғабдолла.

Ғ а б д о л л а. Осы мен білсем бар ғой, мына жыландыға қарағандар болып, түгел... бәріміз... мына Жаңыл женешемнің, алтын женешемнің ден саулығы деп бір-бірден қағып жіберген дұрыс болады.

Ж а ң ы л. Мұндай қайын інінің құлдығы болып кетсең болмай ма! Сырттан жамандағаннан да, көзге мақтаған дұрыс.

Б а т ы р б е к. Сөз тапқанға қолқа жоқ. Кеттік онда.

Қ а й к е н. Ау, жыландылық, жыландылық деп таңдайың так-так етеді. Арасулық ара ағайын мен қайда қалдым?

Ғ а б д о л л а. Өй, арасулығың не, жыландымын де деп баяғыда айтпап па едім. Жыланды тұрғанда Арасу деген сөз боп па, тәйір! Ал, алтын женешем үшін. *(Бәрі де көтереді.)*

Б а т ы р б е к. Ау, жолдастар, менің де басыма тың бір идея оралды.

Қ а й к е н. Иә?

Б а т ы р б е к. Жаңыл, сен бара тұршы.

(Жаңыл кетеді.) Жамантай келмей тұрғанда бір нәрсенің басын ашып алайық.

Ғ а б д о л л а. Иә, ашайық басын.

Б а т ы р б е к. Жамантай ғой мына араға отырады?

Ғ а б д о л л а

Қ а й к е н

(қатарласып). Иә, мына араға отырады.

Б а т ы р б е к. Қатарында Панар болады?

Ғ а б д о л л а

Қ а й к е н. Иә, Панар болады.

Б а т ы р б е к. Тамадаға Қайкенді сайлаймыз?

Ғ а б д о л л а. Ә?.. Иә, тамадаға Қайкенді сайлаймыз.

Қ а й к е н. Өмірінде бұт артары болмаған Құлсарт деген бір ку сорлы жолаушының атын суара бара жатып «Құлсарттың атқа осы мінгені мінген-ақ шығар» депті ғой. Сол айткандайын...

Б а т ы р б е к. Дұрыс айтасың, сенің атқа осы мінгенің мінген. Жамантайдың тәжірибесі аз, түбінде көмекші боласың да, бар шаруаны өз қолына аласың.

Қ а й к е н. Сенімдеріне рақмет. Қеңсе жұмысы дегенді, құдайға шүкір, білеміз ғой.

Б а т ы р б е к. Ал әзірше тамада боласың.

Ғ а б д о л л а. Қайкен тамада болады.

Б а т ы р б е к. Ал сонда сен осы-ей, бірінші сөзді кімге бересің?

Ғ а б д о л л а. Бірінші сөз кезегі маған келеді де.

Қ а й к е н. Жоқ, саған келмейді.

Б а т ы р б е к. Дұрыс айтасың. Ғабдолла, саған келмейді сөз кезегі. Келмейді.

Қ а й к е н. Меніңше-е-е... Бірінші сөзді... Бірінші сөзді ме? Бірінші сөзді тәртіп бойынша тамаданың өзі сөйлейтін шығар?

Б а т ы р б е к. Қолына бірдеме тисе, сенің сөйтіп ала құйрық торғай сиякты құбылып кететінің бар. Батырбек тұрғанда бірінші сөзді қалайша тамада сөйлеуге тиісті?

Ғабдолла. Иә, соны айтам-ау, Батырекен тұрғанда қалайша бұл сөйлейді?

(Жаңыл кіреді.)

Жаңыл. Жанжалды доғарыңдар. Қонақтарың келді. *(Бәрі де орындарынан ұша-ұша түрегеледі. «О, қош келіпсіз», «жоғары шығыңыз», «күтіп отырмыз» деген дауыстар.)*

Жамантай. Аздап кешігіңкіреп келдім. Жеңгеміз кешірер деп сенемін.

Дауыстар. Кешіргенде қандай, әбден кешіреді. Кешірмесе жеңге бола ма.

Жамантай. «Тяжела шапка Мономаха» деп орыстар айтқандай, сау басыма сақина тілеп алғандай болып жүрмін. Сіңбіруге мұрша болмай кетті.

Батырбек. Е, осындай жас кезде істеп қалған жөн. Мынадай жаман ағаларыңа арқа тіре де сілтей бер. Ал, кәне, отыра қал. Мына орындық манадан бері сені күтіп тұр. Айтпақшы, Панар қайда кете қалды? Панар? Панар?

(Панар келеді).

Батырбек. Ал, балдызым, енді бізден ұялмай-ақ қой. Ана Жамекеңнің қасына барып отыра ғой.

Панар. О не деген сөзіңіз, жездекей?

Батырбек. Жә, жә, қызымның өзі үйде, қылығы түзде деген. Мен білмейтін пәле жер астында.

Панар. Түкке түсінбедім.

Жамантай. Ау, ай-шай жоқ, бұларыңыз қалай? Ең алдымен танысайық та.

Батырбек. Е, бұрын таныс емес пе едіңдер?

Панар. Бірінші рет көріп отырсам, қайдан таныс болайын бұл кісімен.

(Батырбек Ғабдоллаға қарайды.)

Ғабдолла. Ойын осымен бітсін, ал енді іске кірісейік. Панар, мына Жамантайдың қасынан орын ал, кәне.

Панар. Осы сіздер неге соншама қолпаштап кеттіңіздер бүгін мені?

Батырбек. Мандайға басқан жалғыз балдызымды қолпаштамағанда, кімді қолпаштамақпын.

Панар. Жоқ, жездекей, ана апамыз екеуміз сап түзеп отырып алатын болсақ, онда аш қаласыздар.

(Кетеді.)

Батырбек. Балдызым тентек. Есті тентек. Өзіме тартқан.

Жамантай. Көрініп тұр.

Қайкен. Ал, жолдастар, мен тамада болатын, болатын болсам...

Батырбек. Тамадалықтан бұрын, жолдастар, мынаны білген

жөн. Мына төр алдында қасқайып отырған Жамантай менің талантты, білімді, ақылды інілерімнің бірі. Мына біз сияқты жаман ағаларының арқасында үлкен креслоға нық басып бір отырды. Осы бір нық отырғаны үшін бокалды бір аударып тастаймыз.

Ғабдолла. Ал бұл тост үшін мен өзім ішпей тұра алмаймын.

(Күліседі.)

Жамантай. Батырбек аға, тым асырынқырап алған жоксыз ба?

Батырбек. Қай жерде асырып, қай жерде жасырарын Батырбек аған біледі.

Ғабдолла. Шіркін, біздің Батырекең де айта біледі енді.

Қайкен. Ал, жолдастар, мен тамада болатын, болатын болсам...

Батырбек. Аты Жамантай болғанымен бұл өзі Жақсытай. Ал, Жақсытай, шын достық үшін, қатарымыздың сетінемес беріктігі үшін тағы да бір бокалды төнкереміз.

(Сыңғырлаған рюмка дауыстары.)

Қайкен. Ал, жолдастар, мен тамада болатын, болатын болсам... онда...

Ғабдолла. Шіркін, Батырекең сөйлесе алды, артын тақырлап, аламайымен копара сөйлемей ме. Бұл өзі Жамантай емес, шынында да Жақсытай.

Жамантай. Апырмай, тым асыра мақтап бара жатырсыздар, жолдастар. Мен колайсыздана бастадым. Басқа бір тақырыпқа ауыссақ қайтеді?!

Ғабдолла. Жаманды көзіне мақтасаң өзеуреп, есіріп кетеді, жақсыны көзіне мақтасаң ұялып, қысылып қалады деген бар. Жамантай мына мінезімен де өзінің асыл қасиетін танытып отыр.

Жамантай. Сөз тапқанға колқа жоқ деген. Жеткіздіңіз, Ғабдолла. Жетер енді.

Қайкен. Ал енді мен тамада болатын болсам...

Ғабдолла. Жаңа Батырекең әдемі бір тост көтерді. Қатарымыздың сетінемес беріктігі үшін көтерді. Дұрыс көтерілген тост. Жыландылықтардың қатары құландылықтарға қарсы күресте сетінемеуге тиісті. Әйтпесе олар бізді құртады.

Жамантай. Жоқ қателесесіз, Ғабдолла. Сіздерді құртып жүрген бір-ақ нәрсе бар. Ол сен құландылық мен жыландылық деп жікке бөлініп, біріңізді біріңіз ғайбаттап, болмағанды болды деп жала жауып арыз айдасып, қырық пышақ болысып жататындарыңыз. Бұл шындап келгенде ақыл-ойдың мешеулігі. Сананың төмендігі. Бұл ілгері басқан аяқты кері сүйрер кесірлі жай. Біздің мекемеде біз осы бір жыландылық-құландылық дейтін жікшілдермен күресті мықтап тұрып ашамыз. Аямаймыз да ондайларды.

Ғабдолла. Ау, мынауынның түтіні басқа ғой.

Қ а й к е н. Жамантай жөн айтады. Осы жік құрымай біз оңбаймыз.

Б а т ы р б е к. Жөн, жөн сөз. Бірақ жыландылықтардың жазығы жоқ қой.

Ж а м а н т а й. Жоқ, бар бәлені өрбітетін осы жыландылықтар. Не шықса да, әуелі солардан шығады.

Б а т ы р б е к. Сенген қойым сен болсаң дегендей, тоқташы, сен осы жыландыда туып, құландылық болып кетіп жүрген неме емессің бе?

Ж а м а н т а й. Мені жыландыда туды деп кім айтып еді сізге?

Б а т ы р б е к. Не дейді?!

Ж а м а н т а й. Мен құландыда да, жыландыда да туған жоқпын. Мен қазақ жерінде тудым, жолдастар. Бір жаққа бүйірі бұрады екен деп үміттенбей-ақ қойыңдар.

Ж а ң ы л. Қайным, жөн айтасың. Ұстаған жолың дұрыс. Аума содан.

Б а т ы р б е к. Есіл еңбек зая кеткен. Панар, балдызым менің, не болып барады мына дүние?!

КЕШ ОЯНҒАН МАХАББАТ

Телевизиялық драма

Қатынасатындар:

Жантуар
Шәмшігүл
Дәулет
Ескалин
Ескалиннің әйелі
Тәрбиеші әйел
Бибінұр

Базаларды, мебель магазиндерін басқаратын сауда қызметкері Дәулеттің кабинеті. Кабинет иесі жоқ, оны күтіп Жантуар мен Шәмшігүл отыр.

Ж а н т у а р. Шәмшігүл-ау, көрсе қызарлық жасап қайтеміз, осы өзіміз қосылған кездегі дүниеміз маған сондай ыстық көрінеді.

Ш ә м ш і г ү л. Үй шаруасына араласпа, ол әйелдің жұмысы.

Ж а н т у а р. Араласпа десең араласпай-ақ қояйын... Дегенмен өзімізде жасалатын мебельді де жаман демей жүр ғой. Соны алып кете берсек қайтеді?!

Ш ә м ш і г ү л. Жаңа пәтер алып, жаман мебель қойғанымыз ұят, Жантуар, жұрттың бәрінде импорт. Біз не, солардан кембіз бе?

(Осы кезде кабинетке Дәулет кіреді.)

Д ә у л е т. Ә, сәләмәтсіздер ме? Кешіріңіздер бір жұмыстармен ұсталып қалғаным, отырыңыздар берірек, төрлетіңіздер...

(Шәмшігүл мен Жантуар қосарлана амандасып Дәулеттің столына таман отырысады.) Ал құлағым сізде!..

Ш ә м ш і г ү л. Ал Дәуке, анада: «Қажет бірдемелерің болса, хабарласыңдар» – деп айтқан едіңіз. Реті келіп, қаланың нақ ортасынан екі бөлмелі пәтер алдық. Тіпті пәтер емес, жұмақ: еден дегеніңіз қызыл паркет, жалтырап жатыр, ванна мен ас бөлменің қабырғасы айна дерсің-ақ кафель. Терезелері аттылы кісі өткендей. Ыстық су, суық су, газ дейсіз бе, бәрі де қол астында. Он екі жыл отын-су тасып, күл шығарған басымыз, уһ, жеттік пе, жетпедік пе деп жүрміз.

Д ә у л е т. Ә, тамаша болған. Құттықтаймын! Тап өздеріңше қуанып отырмын. Құтты болсын үйлерің!

Ш ә м ш і г ү л. Шын қуанған адам «құтты болсынды» үйге келіп айтады.

Д ә у л е т. Жөн, жөн айтасың, Шәмшігүл. Оның да ретін келтірерміз бір... Ә, келген шаруаларыңызды енді түсіндім, жаңа пәтерге үй жиһаздары, жаңа мебель керек қой, солай емес пе?

Ж а н т у а р. Иә, солай еді...

Ш ә м ш і г ү л. Ұнатқанымыз «Космос».

Ж а н т у а р. Білмеймін, Шәкіннің ұнатқаны «Космос», ал мен болсам...

Д ә у л е т. Иә, ал сен болсаң?

Ж а н т у а р. Мен болсам, ана чех мебелі дұрыс па деп...

Ш ә м ш і г ү л. Қазіргі жұрт аузында жүргені осы «Космос». Соны аламыз. Біздің Жантуар білмесе де айта береді.

Д ә у л е т. *(телефон трубкасын көтеріп бірнеше номер алды да.)* Алло... Бұл кім? Ә, Бекбатыровсың ба? Өзіңде бол, қазір саған Шәмшігүл, Жантуар деген ерлі-зайыпты екі кісі барады... Ия, Шәмшігүл, Жантуар. Ал-ло... «Космосың» бар ма? Е, болса, сол «Космостың» біреуін...

(Жантуарға бір қарап) Ал чех мебелі ше?.. Қысқасы, қазір осы кісілер саған барады, қалаған мебелін беретін бол! *(Трубканы орнына қойды.)*

Бұрын үйленсеңдер де, жаңа үй болып жатырсыңдар ғой, тағы не керек? Қысылмаңдар, айтыңдар.

Ш ә м ш і г ү л *(батылдана түсіп)*. Екі-үш кілем керек еді... Екі-үш паллас... хрусталь, вазалар, рюмкалар...

Ж а н т у а р *(ыңғайсызданып)*. Бір жолға мебеліннің өзі де аз жүк емес еді ғой, Шәке?!

Ш ә м ш і г ү л. Жоқ, тағы келіп Дәукеңнің мазасын алғанша, біржола тындырып кеткеніміз жақсы.

Д ә у л е т. *(қарқылдап күліп)*. Шәкең дұрыс айтады. Бүгін тындыратын шаруаны ертеңге қалдырып керегі жоқ. Бірақ тағы да айтарым – бәрін бүгін тындырдық деп келмей қойып жүрмеңдер. Мынандай жерде отырып ағайынға қолғабыс жасамаудың несі жөн. Қолдан келгенді жасаймыз. Жиі-жиі хабарласып тұрыңдар. Мазалайды екенбіз деп қапа болмаңдар! *(Жантуар мен Шәмшігүл қосарлана алғысын айтысты. Дәулет қоштасып бұларды есікке дейін ұзатып салды.)*

Көңілді музыка. Экранда бума-бума гүлдер. Бір букетке екінші букет келіп қосылып жатыр. Сырттан «қоныстарың құтты болсын! Шәмшігүл отпен кіріп күлмен шығушы еді. Бір бейнеттің бір зейнеті бар деген осы. Көзі ашылды енді...» деген сөздер естіледі.

Бір кезде гүлдерге екінші экспозициямен, шампан толы бокалдар беріледі. Экранда тек қана хрусталь бокалдар... Сырттан бокалдар сылдыры, күлкі, құттықтау сөздер.

Д ә у л е т т і ң д а у с ы. Па, па. «Космос» дегенің үйді жайнатып жібереді екен-ау.

Б ө т е н д а у ы с. Е, бұл Дәулеттің еңбегі. Дәулет араласқан шаруа жайнамай қала ма?!

Т а ғ ы б і р д а у ы с. Жетпей тұрғаны мына бір жерге пианино керек.

Ш ә м ш і г ү л д а у с ы. Дәукең аман болса пианино да бола жатады.

(Мебель магазинінің ішінде екенін білдіретін шағын ғана задниктің алдында, егде тартқан әйел болса да, шалбар киген Бібинұр тұр. Оның қасына Шәмшігүл келеді. Екеуі шүйіркелесіп амандасады. Әрі-бері өтіп жатқан адамдар.)

Ш ә м ш і г ү л. Е, не алмаққа тұрсың?

Б и б і н ұ р. Бір мебель түседі деп...

Ш ә м ш і г ү л. Е, мебелің бар емес пе еді?

Б и б і н ұ р. Бар болатын, бірақ мынау айтулы.

Ш ә м ш і г ү л. Айтулы болғанда не, «Космос» па? *(Бібінұр мырс етіп күліп жіберді, даусында кекесін бар).*

Б и б і н ұ р. Арасына ағаш үгіндісін толтырған «Космос» алып жыным бар ма! «Будапешт» нағыз қызыл ағаштың өзі...

(Шәмшігүл Бибінұрдың арғы сөзін естуден қалды, бір түрлі тауы шағылып, қатты өкінді. Экранда ірі планда Шәмшігүл көрініп тұр, ол терең ойда. Бір кезде, бір шешімге келіп алға, камераға қарай жүріп кетті.)

Дәулеттің кабинеті.

Шәмшігүл кіріп келіп қысқа ғана амандасты.

Ш ә м ш і г ү л. Сәлеметсіз бе, Дәуке?!

Д ә у л е т. Ә, Шәке! Сәләмәтсіз бе? Төрлетіңіз... Жантуардың хәлі...

Ш ә м ш і г ү л. Дәуке! Маған мебель керек.

Д ә у л е т. Е, осы жуырда ғана алған едіңіз ғой?

Ш ә м ш і г ү л. Алғам. Бірақ ұнамайды. Онымен «Космос» деп дардай етіп жүрсем, арасы үгіндімен толтырылған бірдеме екен. Енді «Будапешт» керек.

Д ә у л е т. Ойбай-ау! «Будапешт» төрт-бес бөлмесі бар пәтерге лайық мебель. Оның үстіне... бағасы да...

Ш ә м ш і г ү л. Немене, бізді ақшасы жоқ кедей деп естіп пе едің?

Д ә у л е т. Құдай сақтасын, Шәке, ондай ой түсімізге де енген емес. Екеуің де айтулы қызметтесіндер. Жантуар болса анау, жобалау институтында бөлім бастығы, сіз болсаңыз, ғылым кандидаты, жоғары оқу орнында сабақ бересіз. Табаны күректей он екі жыл әй-шәйсіз өмір сүріп, біріннің көңіліндегіні бірің айттырмай, айтайын дегендеріңді қабақ қағыстан дөп басып білетін тату жандарсыңдар! Ақша сендерде болмағанда кімде болмақ?!... Шынымды айтайын, жалғызы ғана түскен еді, амал жоқ, өзіңіз келіп қалған екенсіз, алыңыз.

Ш ә м ш і г ү л. Жоқ, өйтіп қиналсаңыз алмауыма да болады.

Д ә у л е т. Жо-жоқ! Қиналып отырғаным жоқ. Қазір! *(Телефон трубкасын көтереді.)*

Алло... Бекбатыровпысың?... (Оның арғы сөзін музыка басып кетеді. Камера Дәулеттен жылжып отырып ірі планда телефон аппаратын көрсетіп тұрады. Біраздан соң екінші түрлі музыка беріліп телефонға екінші экспозиция мен будильник беріледі. Экранда будильник. Камера жылжып үй ішін көрсете бастайды. Үй-іші толы мебель. Бөлмеге көп заттар сыймағандықтан жазу столының үстіне тумба, оның үстіне үшінші қабат етіп телевизор қойылған. Орындықтар да бірінің үстіне екіншісі төңкерілген, бір жақта диван, оның үстінде гарнитурдың әр түрлі бөлектері, олардың үсті жабулы тұрғандықтан не зат екенін айыру қиын. Екінші жақта пианино, айнасы бар киім ілетін шкаф.

Екінші бөлмеге кіретін есік жоқ, сондықтан ол жақтан кроваттың шеті көрініп тұр. Шкафтың үстінде де, пианиноның үстінде де әр

түрлі үй жиһаздары. Үй-іші ала көлеңке. Камера осылардың бәрін панорамамен көрсетіп шығып, пианиноның үстіндегі будильникке қайта оралады. Будильниктің шырылдаған даусы естіледі. Екінші бөлмеден Жантуар шығады. Оның орнынан жаңа тұрған беті. Ол үюлі тұрған орындықтарды құлатып алады. Екінші бөлмеден Шәмшігүлдің даусы естіледі.

Ш ә м ш і г ү л. Не болды, жазған?

Ж а н т у а р. Мына үйілген орындықтарға сүрініп кетіп, иығымды сүйеулі тұрған кереует жақтауына соғып алғаным.

Ш ә м ш і г ү л. Байқамадың ба алдыңда стулдар барын?

Ж а н т у а р. Байқағандағым осы ғой.

Ш ә м ш і г ү л. Қатты ауырды ма?

Ж а н т у а р *(жауап орнына Шәмшігүлге шүйіле түсті)*. Ақшамыз бар екен деп құр бекер үй-ішін кәкір-шүкірмен толтыра беріп керегі не еді? Тіпті мына пианиноны ойнайтын ешкім жоқ, құр сәнге демесең...

Ш ә м ш і г ү л *(екінші бөлмеден жүгіріп шығып)*. Ешкім жоғы қалай? Қазан аузы жоғары. Отка қарап отырған жандар емеспіз, қайта тілеу тілеп тұрады. Анадағы айтқаным жетпесе, қайталап, анықтап айтайын, баламыз болар ма екен деп ырым етіп алдым!

Ж а н т у а р. Жарайды... мұның жөн болсын. Ал әлгі «Космосынақ» осы үйге жетіп жатыр еді ғой... Оны бір айға жеткізбей комиссионкаға өткіздің де үйді мына бір «Будапешт» деген бәлемен толтырдың да қойдың. Айналатын жер жоқ. Қос-қостан келген сұмдық бір: сырт киім салатын шкаф, іш киім салатын шкаф, ас сервизін салатын сервант, шай сервизін салатын сервант, бөлек-бөлек. Оның үстіне, горка деген пәлесі тағы бар.

Секретер дейсің бе, үш қырлы стол, төрт қырлы стол, шалқақ кресло, еңкек кресло, кітап сөресі, газет-журнал сөресі, жазу столы, сызу столы дейсің бе, тіпті санап тауыса алмайсың. Бұдан он жыл бұрынғы, жалғыз тақтай үстіне сиып кетер шағымыз емес, азда болса екі төсекте кең көсіліп жатып рахаттанып қалып едік, ал мынауыннын екі кереуеті бірдей симағасын біреуін жинап қабырғаға сүйеп қойдың. Шәмшігүл-ау, бүйтіп киналғанша, қаланың шет жағынан, жер алып кеңірек етіп үй салып алсақ қайтеді? *(Бұл сөздер айтылып жатқанда Шәмшігүл анда-санда экраннан шығып кетіп, жуынып-таранып, киініп алады.)*

Ш ә м ш і г ү л. Онсоң екі үйі бар деп көрсетіп жүрмей ме?

Ж а н т у а р. Мына үйді үкіметке тапсырамыз. *(Енді Жантуар жуынып-киініп жүреді.)*

Ш ә м ш і г ү л. Үкіметке тапсырамыз? Жоқ, шырағым, айта көрме. От жағып, күл шығарып жүрсін дейсің ғой... Бола қоймас оның. Он екі жыл от жағып, су тасығаным да жетеді.

Ж а н т у а р. Олай болса, тағы бір ой бар: мына пәтерге жарым жарты мебель қалдырып жасаулап қоямыз да, өзіміз қалған жарым жарты мебельді алып үй жалдап тұрамыз. «Бөлмемді баласы жоқтарға беремін» деген хабарландыруды талай жерден көргенім бар.

Ш ә м ш і г ү л. Жалға бөлме беретіндердің үйі дымқыл болады. Мебеліміз бүлінеді.

Ж а н т у а р. Енді не қыл дейсің?

Ш ә м ш і г ү л. Дал болмай-ақ қой, амалын өзім табармын. Бері қара! *(Шәмшігүл Жантуарды қасына отырғызады.)* Ана Есқалин бар ғой?..

Ж а н т у а р. Қай Есқалин?

Ш ә м ш і г ү л. Ана музейде істейтін Есқалин Сарыбас ше? Соның жалғыз баласы бар еді ғой? Сол үйленіпті. Содан көп кешікпей шешесі келінімен сиыспай, бөлініп кетіпті.

Ж а н т у а р. Иә, оның бізге қандай қатысы бар?

Ш ә м ш і г ү л. Тоқта! Төрт бөлмелі үйде сопайғаннан сопайып екеуі-ақ қалса, неге қатысы болмайды! Болады. Үстіне ақша қосамыз. Сөйтіп, айырбастау керек үйді.

Ж а н т у а р. Айырбастамайтын шығар?...

Ш ә м ш і г ү л. Өстіп кежегеңнің тартып тұратыны-ай! Баспа аяғынды ілгері! Ыңғайлы екі бөлмелі үй болса айырбастар едікті өздері айтыпты. Ал білгің келсе... *(Жантуар ойланып қалды, Шәмшігүл отқа май құя түсті.)* Музейден алатыны қанша дейсің, қонторғайлау тұрады деп естігем. *(Дәлел орынды болған соң, Жантуардың көнуіне тура келді.)*

Ж а н т у а р. Айтқаның болсын...

Ш ә м ш і г ү л. Тезірек шай ішіп, соларға жетейік!

Музыка.

Е с қ а л и н н і ң ү й і. Ас ішетін бөлме. Есқалин музей экспонаттарының бірін шұқылап отыр. Сырттан есік қоңырауы естілді. Есқалин орнынан тұрып барып есік ашты. Үйге Жантуар мен Шәмшігүл кірді. Есқалин әуелі бұрын келмеген адамдарды көріп таңыркап қалса да, кешеулеп барып таныды.

Е с қ а л и н. Ә, Жантуар, екенсің ғой. Жоғары шығыңдар! Мен қазір!...

(Есқалин экспонатты алып екінші бөлмеге шығып кетті.)

Ш ә м ш і г ү л *(күйеуіне сыбырлап).* Мынаның түрі жақсы екен, жолымыз болар!.. (Әр бөлменің есігін бір ашып). Мен тіпті қай мебельді қайда коюға болатынын да шамалап отырмын.

(Есқалин келіп, бұларға қарама-қарсы отырды.)

Е с қ а л и н. Дағарадай, дағарадай төрт бөлмеде жеңгең екеумізақ қалдық, Жантуар. *(Жантуар жөтеліп, Шәмшігүл қозғалып қойды.)* Жеңгелеріннің сыпырып, тазалайтыны болмаса, тіпті әне бір шеткі бөлмеге жұмалап басымды сұқпаймын мен.

Ж а н т у а р. Иә, екі бас үшін үйлеріңіз тым үлкен екен. *(Телефон звоногі, Есқалин ауыз үйге телефонға кетеді, оның: «Тыңдап тұрмын, жоқ ол кісі үйде жоқ» деген даусы естіліп тұрады.)*

Ш ә м ш і г ү л *(Жантуарға төніп)*. Жайына отырсайшы. Өлер жеріңді білмейтін әдетің-ау, олар екеу болса, өзің ше? Төртеу ме едің? *(Есқалин келеді.)*

Е с к а л и н. Айтпақшы, жеңгелерің осы сендерді де үй алды деген секілді еді?.. *(Жантуар «алдық» дерін де, «алмадық» дерін де біле алмай әйеліне қарады. Шәмшігүл қысылған жоқ.)*

Ш ә м ш і г ү л. Иә, Сәке, біз де алғанбыз үйді.

Е с к а л и н. Е, оларың жақсы болған екен. Үй тақсыретін біраз тарттыңдар-ау деймін осы? Жеңгелерің де: «Апырай, үйді бір алса, солар алуға тиісті еді», – деп жүруші еді.

Ж а н т у а р. Оныңыз рас, Сәке, біз көрмеген азап жоқ десе де болады. Кереметі сол азаптан әлі де болса құтыла алмай жүрміз...

(Шәмшігүл күйеуіне ала көзімен қарады, Жантуар сасқанынан сөзді басқа жаққа бұрды.)

Ж а н т у а р. Сәке, жеңгеміз қайда?

Е с к а л и н. Базарға кетіп еді, қазір келіп қалуға тиісті. Айтпақшы, мен шай қоя берейінші, бұрын есік ашып көрмеген балалар едіңдер. (Орнынан тұрды.)

Ш ә м ш і г ү л. Сәке! Әуре болмаңыз, көп рақмст, біз бірер минутқа ғана кіріп едік, рақмет. Отырыңыз... *(Есқалин қайта отырды, Шәмшігүл манағы бір әңгімені қайта жалғады.)* Келінді болды деп естіп едік, балалар не сонда, бөлек шыққан ба?

Е с к а л и н. Үйленген соң бала қызығы өзімен екен ғой. Келіннің төркіні осы жерде еді. Соларға көшіп кеткен. Қиыны мына дағарадай төрт бөлмеде сопайғаннан сопайып екеуден-екеуміз құлазып қалғанымыз ғой. Әйтпесе, бала шіркін қашанға дейін қанжығаңда жүреді дейсің!..

(Шәмшігүл енді оңтайлы жерден ұрды.)

Ш ә м ш і г ү л. Үй үшін қиналатын не бар, қала орталығындағы бір-екі бөлмелік пәтерге айырбастаңыз да жіберіңіз.

Е с к а л и н. Тіпті ол да ойымызда жоқ емес. *(Шәмшігүл енді іркілмеді.)*

Ш ә м ш і г ү л. Айран сұрай келіп шелегінді жасырма деген бар ғой, Сәке, біз сондай бір сөз естіп келіп едік. Жарығы мол екі үлкен бөлме. Балконы да үлкен, әрі көленке жағында. Қысқасы үйіміз жақсы. *(Есқалин үндеңкіремей қалды, Жантуар тап осы жерде батылырақ сөйледі.)*

Ж а н т у а р. Бөтен адамдар емеспіз ғой, шынымызды айтайық, ренжітпейміз.

Ш ә м ш і г ү л. Қысылмаңыз, Сәке, қосарымыз өз көніліңіздегідей.

Е с к а л и н. Қысылып отырғаным жоқ, Шәмшігүл шырақ. Жеңген қалай қарар екен, соны ойлап отырмын.

Ш ә м ш і г ү л. Е, өзіңіз тап басып, бел байласаңыз, жеңгеміз қайда кетер дейсіз!... Міне ініңіз отыр ғой, шынын айтайын, «қай жағынан шығамыз» деп күні бүгінге дейін қасы мен қабағына қарап жүреміз.

(Жантуар бір көтеріліп, желпініп алды.)

Е с к а л и н. Жаксы. Жеңгелерің келсін, тоса тұрыңдар. Қайда кетер дейсің, айырбастап жіберейікті шығарып жүрген өзі болатын. *(Есіктің звоногі.)* Ә, міне, өзі де келді білем, мен оған оңашада айтып көрейін... (Есқалин есік ашуға кетеді, әйелі екеуінің сөздері естіліп тұрады.)

Ж а н т у а р. Кісідегінің кілті аспанда деген емес пе, кешігіп жатқаны құнын көтерудің амалы шығар...

Ш ә м ш і г ү л. Мүмкін. Мейлі, тартынба! Біздің үйдің еркегі сен емессің бе? Еркекпен еркек болып сөйлеспейсің бе бір?

Есқалиннің әйелі шаптыға кіреді

Е с қ а л и н н і ң ә й е л і: Көкиін деген екен! О несі-ей! Ұялмай ма екен жасы үлкен, жолы үлкен адамға келіп, сондай сөз айтуға! Жантуар! Сені мен бір инабатты бала деп жүрсем... Кіммін деп, не бетіңмен келдің? Соны айтшы?

(Жантуар сөз таба алмай күмілжи берді.) Шаранаңнан тазармай жатып не бетіңмен келдің деймін?

Ж а н т у а р. Жеңеше, кешіріңіз, бір ағаттық болды.

Е с қ а л и н н і ң ә й е л і. Балам кетсе, өз балам, келінім кетсе, өз келінім. Бүгін болмаса, ертең қайтып келеді. Сонда бұл үйде үбірлі-шүбірлі мен отырмағанда өкшесі қанамаған Шәмшігүл мен сен қу бас отырмаксыңдар ма?

Ж а н т у а р. Апырай, тым қатты кеттіңіз-ау. Өзгені айтсаңыз да қу бас демеңізші! Біз де бір жылы шектің иесіміз ғой!.. *(Жантуардың басқа сөз айтуға дәті шыдамай орнынан тұрып есікке бет алды.*

Оның артынан Шәмшігүл шыға жөнелді. Есқалин кеткендердің артына бір, әйеліне бір қарап, мұның не дегендей түрде қалды. Музыка.)

Ж а н т у а р д ы ң ү й і. Жантуар мен Шәмшігүл үйге ашулы кірді.

Ш ә м ш і г ү л. Әлгі Есқалиннің әйелі нақ көргенсіздің өзі екен. Соншама шаптығатын әкесін біз өлтірген жоқ едік қой.

(Үрлеген қуықтай тырсылдап, ашуға булыққан Жантуар кінәні әйеліне аударды.)

Ж а н т у а р. Бәрін шығарған сен осы, ойда жоқта мебель алам, ойда жоқта үй айырбастаймын деп. *(Енді Шәмшігүл де шыдай алмады.)*

Ш ә м ш і г ү л. Мен... мен... мен... кінәлі бәріне де. Сенің қу бас атануына да кінәлі менмін!... Қу бас атансаң, оған өзің ғана кінәлісің.

Менің денім сап-сау. *(Шәмшігүл солқылдап жылап жіберді. Жантуар тез жадырап, өмірі ренжітіп көрмеген әйелінің маңдайынан сипады.)*

Ж а н т у а р. Жарайды енді. Қоя қой енді. Бадырайтып айтпасаң да түсінем ғой.

Ш ә м ш і г ү л. Сенің арқаңда әне «өкшесі қанамаған» атандық.

Ж а н т у а р. Жә, ки енді ашуыңды бір жолға.

Ш ә м ш і г ү л. Қимаймын.

Ж а н т у а р. Қимағанда не, өл дейсің бе енді. Осы үй де жарайды... *(Аз паузадан соң.)* Шәмшігүл, әзірше үй кенітеміз деп қайтеміз, осы екі бөлмеде-ақ тұра берсек қайтеді?

Ш ә м ш і г ү л. Сыйып отырмыз ба?!

Ж а н т у а р. Сияр едік қой. Мына ас ішетін бөлменің жартысындай үйшікке де сиып тұрып едік қой.

Ш ә м ш і г ү л. Онда дүниеміз, мебеліміз болмаған.

Ж а н т у а р. Иә, дүние пәленің бәрі осы мебельде болып тұр ғой. (Шәмшігүл тіксініп қалды.)

Ш ә м ш і г ү л. Неліктен мебельде?

Ж а н т у а р. Бұрынғы «Космос» болса, үй кенітеміз деп әуреленбей-ақ тұра берер едік қой.

Ш ә м ш і г ү л. Он екі жыл ит болып тұрғаным да жетеді. Енді адамша тұрғым келеді.

Ж а н т у а р. Сонда не қыл дейсін?

Ш ә м ш і г ү л. Ертең тура горсоветке барып, үш бөлмелі үй сұрайсың. Мынасын қайтарып береміз.

Ж а н т у а р. Жарайды, барсам барайын, тек ашуыңды басшы өзін. *(Жантуар әйелінің маңдайынан иіскеді, қанша ашуланса да Шәмшігүл жадырайын деді. Мебельдердің арасынан әр нәрсеге бір соқтығып өтіп, гардеробқа келіп шешіне бастады.)*

Ш ә м ш і г ү л. Айттым ғой, ертең қайтсең де горсоветке барасың.

Ж а н т у а р. Әрине, барғанда, қандай барам...

Музыка.

Тағы да сол Жантуардың үйі. Түс мезгіл. Шәмшігүл күйеуін күтуде. Гүлдерге су құйып радиодан айтылып жатқан көңілді әнге қосыла шыр айналып жүр. Үйге Жантуар кіреді.

Ш ә м ш і г ү л. Өй, не болды?

Ж а н т у а р. Не болғанын қазір айтам, отыршы өзін.

Ш ә м ш і г ү л. Иә, не болды деймін?

Ж а н т у а р. Ойбай, сұрама! Отыр деймін!

Ш ә м ш і г ү л. Айтпасаң отырмаймын!

Ж а н т у а р. Айтқанда, былай, басекең айтты: «балаларың болса жоқ, екі басты адамға екі үлкен бөлме жетеді. Ал бұдан былай бүйтіп жүгіре беретін болсаңдар, екі бөлмені қайтып алып, бір бөлмелі пәтергс жібереміз», – деді.

Ш ә м ш і г ү л. Құдай-ау, адамша бір шылым ұсынып...

Жантуар. Ойбай-ау, ұсынбайын дедім бе, кірсем қабырғаға «бұл бөлмеде шылым шегілмейді» деп баттитып тұрып жазып қойыпты. Енді қайтып шылым шегіңіз дейін.

Шәмшігүл. Мен саған өзіңді иығы тең адамша еркін ұстап, сөзді әріректен, өз мекемең жайлы, салынып жатқан жаңа үйдің сен жасаған проектісі жайлы баста, шаруаннын реті сонда ғана келетін болады деп үйретпеп пе едім.

Жантуар. Проект жайын бастай беріп едім, басекең: «Көлденең сөз тыңдап отырар уақытым жоқ, көрдің ғой қабылдау бөлмеде анталап күтіп отырған жұртты, тоқ етерін айтсаң»... – деп қадалып болмады.

Шәмшігүл *(зілді үнмен)*. Әйтеуір, басқан жеріннен шөп сынбайды-ау!..

Жантуар. Шәмшігүл, түсінсеңші, ақылды едің ғой. *(Шәмшігүл бір шешімге келіп.)*

Шәмшігүл. Телефонды ал да, қазір тез такси шақырт!

Жантуар. Е, не болып қалды?

Шәмшігүл. Шаруа бар.

Жантуар. Иә, төтеннен кездескен не шаруа? Аманшылық па?

Шәмшігүл. Шақыр дедім ғой таксиді! *(Шәмшігүл киіне бастайды. Жантуар коридорға шығады, оның телефон номерін алып... такси жіберіңіз... деген сөздері еміс-еміс естіліп тұрады. Жантуар үйге кіргенде Шәмшігүл киініп дайын тұрады.)*

Шәмшігүл. Найқалып тіпті болмай қойдың ғой, жүр!

Жантуар. Құдай-ау, қайда бара жатырмыз, айтып өлтірмейсің бе, Шәмшігүл-ау?

Шәмшігүл. Бір шаруаға белімді бекем байладым. Бала асырап алам!

(Жантуардың бұл мүлде ойланбаған нәрсесі екен. Шәмшігүлдің сөзі Жантуардың жан-жүйесін тебірентіп кетті. Экранда ірі планда Жантуардың, үлкен үміт күткен, жайнап қуанышқа бөленген көздері көрініп тұрады. Оның ойы сырттан магнитофон записі арқылы беріледі.)

Жантуар *(ойы сырттан)*... Бала!...

...Демалыс күні мойнына салып алып, паркке барсаң... зоопаркті аралатсаң...

...Тіпті басқа қызық-қылығын былай қойғанда. «Папа!» деген бір ғана бала даусының өзі неге тұрады?!.. Дүние жүзінің баласы бірақ дауыспен папалайды емес пе?!... Ал олай болса, өз нәсілің бе, басқаның нәсілі ме, не тұр онда!.. Әңгіме шын аталық махаббатпен тәрбиелей білуде ғой... Өзің біреуді «папа» демесең немесе біреу сені «папа» демесе бұл дүниенің сәні не?!

(Енді камера артқа шегініп Жантуар мен Шәмшігүлді бірге көрсетеді.)

Жантуар. Шәмшігүл сен керемет акылдылық жасадың. *(Бірнеше рет Шәмшігүлді сүйіп.)* Жарайсың, жаным! Жүр! *(Екеуі жүгіріп шығып кетеді.)*

Музыка.

Экранда үлкен үйдің сыртқы көрінісі. Оның қабырғасында жазу бар. Екінші камера жазуды ірі планда көрсетеді: «Балалар үйі» деген титр көрсетіледі.

Балалар үйінің кең, жарық коридоры. Шәмшігүл мен Жантуар кіреді. Оларды ақ халат киген, сүйкімді тәрбиеші қарсы алады.

Тәрбиеші. Ә, келіңіздер. Сіздерге бала керек қой?

Шәмшігүл. Иә.

Тәрбиеші. Онда былай қарай жүріңіздер. Әрине, керегі ұл бала болар?

Жантуар. Иә, ұл бала...

Шәмшігүл. Жоқ ұл бала емес, қыз бала. Ұл баланың азабы көп болады.

(Тәрбиеші қыз келіп есікті ашады.) Міне, ана бөлмеге қараңыздар! *(Тәрбиеші есікті ашқан кезде бөлмеден балалардың у-шу көңілді дауыстары естіледі, экранда киносъемка жүріп жатады.*

Киносъемка. Үлкен жарық бөлме. Балалар әр түрлі ойыншықтармен ойнап жүр. Ортасында тәрбиеші қыз әрбір балаға жақындап оның ойыншықтарын бұрын беріп тыныш таппай жүр. Бір шетте бір бала, үлкен ойыншық автомашинаны сүйреп келе жатыр. Кинокусокқа есіктен қарап тұрған Шәмшігүл, Жантуар, тәрбиеші қыз да көрсетіліп тұрады.)

Жантуар *(Шәмшігүлдің қолынан тартып).* Мына баланы карашы!

(Машина сүйреп келе жатқан дөңгелек жүзді, көзі қап-қара баланы көрсетті. Бұдан соң тек қана студияда құрылған декорация дәліз көрсетіледі).

Шәмшігүл. Ұл баланың керегі жоқ дедім ғой мен саған. *(Шәмшігүл ілгері кетті, Жантуар машинасын сүйретіп коридорға шыққан балаға еңкейді.)*

Жантуар. Атың кім?

Бала. Болат.

Жантуар. Болат?!

Тәрбиеші. Иә, бұл баланың аты Болат.

Жантуар. Болат, маман қайда?

Болат *(Тәрбиешіні көрсетіп).* Міне, тұр ғой.

Тәрбиеші *(Болаттың маңдайынан сүйіп, басын сипады).* Сондай ақылды. Үш-ақ жаста, бірақ елуге дейін санай біледі.

Жантуар. Болат, ал папаң ше? Папаң қайда?

Болат. Папам ба?... Папамды білмеймін. *(Осы кезде екінші бөлмеден Шәмшігүлдің: «Ау, Жантуар, жүрсейші», – деген даусы естіледі.*

Жантуар қозғала беріп артына қарады. Болат Жантуарға тесіліп қалыпты.)

Б о л а т. Папам бар ғой. Папам ертең келеді. *(Жантуар Болатқа қарай-қарай Шәмшігүл шақырған жаққа кетті. Сырттан балалардың шуымен бірге Жантуардың «ана бала ше, мына бала ше» деген дауыстары естіліп тұрады. Балалардың даусы, күлкісі алдын ала магнитофонға жазылып алынуы керек. Коридорда тәрбиеші қыз бен Болат машинаның дөңгелегін жөндеп екінші бөлмеге кетеді, бұларға бөлмеден шыққан Шәмшігүл мен Жантуар қарсы жолығады. Жантуар Болат кеткен жаққа қарап тұр.)*

Ш ә м ш і г ү л. Мен ойлаған бала мұнда жоқ болып шықты.

Ж а н т у а р. Құдай біледі дейін, ана Болат деген бала бар ғой дана болады.

Ш ә м ш і г ү л *(мырс етіп)*. Оны неден білдің?

Ж а н т у а р. Сөйлеген сөзінен. Тіпті үлкен кісі секілді.

Ш ә м ш і г ү л *(күліп)*. «Данышпандықты бақырғанына қарап айыратын болса, онда есек сорлы бәйгенің алдында келген болар еді» деген шығыс мақалы бар еді. Соның керін жасадың ғой.

Ж а н т у а р. Маған бала ұнады.

Ш ә м ш і г ү л. Маған ұнамады ендеше.

Ж а н т у а р. Неге ұнамады?

Ш ә м ш і г ү л. Мұрны...

Ж а н т у а р *(күліп)*. Өз мұрның бір оңып тұрғандай...

Ш ә м ш і г ү л. Оңып тұрмаса, неге соқтықтың? Күйемін де өлемін деп соңымнан қалмап едің ғой.

Ж а н т у а р. Себебі маған осындай таңқы мұрындар ұнайды.

Ш ә м ш і г ү л. Ал маған ұнамайды. *(Жантуар ақырын ғана есікті ашты, балалар шуы естіледі.)* Ал, жүрмейміз бе енді?

Ж а н т у а р. Шәке, әдейі келдік қой, ана баланы алып кетейікші.

Ш ә м ш і г ү л. Жүр дедім ғой мен саған.

Жантуар *(ашуға булығып)*. Жоқ, жүрмеймін ендеше. Жүре бер өзің...

Ш ә м ш і г ү л. Болды, жүр! *(Жантуарды сүйреп алып шығып кетеді.)*

Музыка.

Жантуардың үйі. Таң атып келе жатқан мезгіл. Екінші бөлмеден Жантуар шықты. Оның түні бойы ұйықтамағаны сезіліп тұр. Шам жақты. Пианиноны ашты, осы кезде пианино тартып отырған Болат елестеді көзіне (бұл қос қатар экспозициямен алдын ала түсіріп алған фотолар арқылы көрсетіледі). Диванға отырып еді, қасында Болат отырған елес көрінді. Сервантқа барып еді, сервант әйнегінен бұған күліп қолын созып тұрған Болат елестеді (мұның бәрі фотолар). Тағы бірнеше түрде көрді Болатты. (Жантуардың көңіл күйіне сай музыка

аңырап тұр.) Ең соңында қолында машинасы бар Болат елестеді де, (оның пленкаға жазылып алынған «папам бар ғой... папам ертең келеді» деген даусы естілді. Жантуар тез пиджагін киді. Шамды сөндірді, таң біліне бастапты. Ішкі үйден Шәмшігүлдің: «Таң сәріден қайда тұрып барасың?» – деген даусы естілді. Жантуар оған жауап қатпай қолды бір сілкіп шығып кетті.)

Музыка.

Балалар үйі. Коридор.

Тәрбиеші. Сіз Болатка келдіңіз бе?

(Жантуар басын изеді.)

Қайтып келетін шығар деп ойлап едім өзім де. Болат жаңа ғана тұрып тамағын ішіп жатыр. *(Тәрбиеші есікті ашты. Киносъемка.*

Кинокамера есікті бірге ашқандай. Болат кешегідей шетте емес. Көп баланың нақ ортасында. Өзге баладан өзгеше тіпті. Жұп-жұмыр, білезіктеніп келген сәби қолымен қасық ұстап, аузына апарғаны, сосын бұлтыңдатып шайнағаны тіпті қызық. Коридорда болмашы тірлік азабын ұмытып үлгірген Жантуар бала қылығына мүлде тебірене беріліп күле қарап тұрғаны врезкамен көрсетіледі. Болат бір кезде тамағын ішіп болды. Сосын қағаз салфеткамен аузын сүртті. Сосын даяшы қызға: «Рақмет!» деп столдан түсті де, томпаландап бері жүрді. Коридорда (студияда) тұрған тәрбиеші оны шақырды.)

Тәрбиеші. Болат, бері кел! Сен кеше менің папам ертең келеді деп едің ғой, міне папаң. Саған келіп тұр.

(Болат жақындай беріп сәл аңырып қалады.)

Болат. Папа?!

Жантуар. Иә, Болатжан, мен сенің папаңмын. Танымай калдың ба? Келе ғой бері. *(Жантуар жүрелеп отыра қалып қолын жайды. Болат ұмтыла берді.)*

Болат. Папа! Сағындым ғой сені!

Жантуар. Сағынсаң келдім, міне, құлыным. Бір жола алып кетейін деп келдім. *(Жантуар Болатты жерден көтеріп алып құшырлана сүйді.)* Оның көз жанары мен нұрындағы шын әкелік мөлдір махаббат бала жүрегіне осы сәтте жетті. Болат та «папалап» Жантуарды құшактап мойнына асылды.

Экранда ірі планда тек Жантуар мен Болат. Осы кезде, сырттан, магнитофонға жазып алынған Жантуардың ойы естіледі.

Жантуар ойы. «Дүниеде құрығанда үйі құрысын, дүниесі құрысын. Он екі жыл тұрған үйшігіме қайтып баруға бармын. Тек касымда Болатым болса жетті!...»

(Содан соң Жантуар Болатты мойнына мінгізді де, сол бойда далаға шығып кетті. Тәрбиеші әйел бұлардың соңынан сүйсіне, ұзақ қарап тұрып қалды.)

Музыка.

Кинокусок. Аспан ап-ашық. Көк жапыраққа малынған айнала таңғы самалмен баяу тербеліп, шайқалады.

Шашырап туған күн ұйқысынан енді оянып, дағдылы тірлік қамына кірісе бастаған кең көшенің сонау маңдайына ілігіп көтеріліп барады.

Жантуар Болатты мойнына отырғызған бойы сол қасқа күнді бетке алып адымдай басып жүріп келеді.

Бұл — қаланың әсем көшелерінің бірі Ленин проспектісі.

Жаңа ғана су шашатын машина жуып өткен көше асфальті күнмен шағылысып айнадай жарқырайды.

Ендігі сәтте Болатты жетектеп алған Жантуар, көше ортасымен оңы мен солындағы зәулім биік үйлерді артқа тастап, Калинин, Құрманғазы, Абай проспектінің түйіскен жол тораптарынан өтіп, ақбасты Алатауға қарсы кетіп бара жатқаны көрінеді.

Олардың көңіл күйі, адымдап аттаған жүрісі, бар күйкі тірлік азабынан құтылған көңілі алабұртып әкелі-балалы екі ғазиз жанды жаңа бір жарқын соныға жетелеп бара жатқандай.

ЛЕП БЕЛГІСІ

Бір актылы, үш көрініс комедия

Қатынасатындар:

Ғалия – артель бастығының көмекшісі, жиырма бесте. Сұлу келіншек.

Ғалима – институтте әдебиет пәнінен сабақ беретін мұғалима, 50 жаста, жуан адам.

Сырмақбай Қармақбаев – газет қызметкері. Отыз жаста.

Бірінші көрініс

Шағын бөлме. Оң жақта «Етік тігетін артель бастығы» деген жарнамасы бар есік көрінеді. Стол басында Ғалия машинка басып отырады. Макинтошын қарына іліп Сырмақбай Қармақбаев кіреді.

Сырмақбай Қармақбаев. О, қарындас! Сәлематсыз ба? Бұл газет қызметкері, кәдуілгі Сырмақбай Қармақбаев.

Ғалия *(түрегеп).* Сырмақбай Қармақбаев?! Хош келіпсіз. Мынадай кішкене артельде газет қызметкерін де көретін күн болады екен-ау? Қуанышты.

Сырмақбай Қармақбаев. Қуанышты? Хм. *(Жұртқа қарап.)* Сыртымнан ғашық біреу болмасын? Өзі де бүлдіргендей қып-қызыл, сұп-сұлу, әйел екен-ай. Үріп ауызға салып жіберер ме еді өзін?! *(Жағасын сипайды. Галстугін түзейді. Ғалияға қарайды.)* Мен осы артельдің озат адамдарын жазғалы келдім.

Ғалия. Өте жақсы. Қазір мен онда сізді цехқа алып барайын. *(Дайындала бастайды.)*

Сырмақбай Қармақбаев. Саспаңыз, қарындас, ең алдымен бастықтарыңызбен танысып, сөйлесуім керек.

Ғалия *(абыржып).* Онда қалай болды, Сырмақбай Қармақбаевич. Бастық әлгі әзірде ғана райкомге кеткен еді? Қап! Тым болмаса, бір секунд ертерек те келмеген екенсіз. Ие, уақытыңыз да жоқ қой. *(Аңырып.)* Не істеуге болады? Егер... Сырмақбай Қармақбаевич, егер уақытыңыз болса, (көпке) қалай десем екен, ә? *(Сырмақбай Қармақбаевқа.)* Сіз ғафу етіңіз. Егерде... егерде уақытыңыз болса, тоса тұрсаңыз. Қазір-ақ келіп қалар.

Сырмақбай Қармақбаев *(көпке).* Айттым ғой ғашық деп...

Ғалия. Болмаса, кабинетті ашайын. Сонда күтерсіз?

Сырмақбай Қармақбаев *(көпке).* Жарыққа ұмтылған сайтан көбелекше шыр айналуын көрдің бе? *(Ғалияға.)* Рақмет, қарындас. Мен мына, осы сіздің қасыңызда-ақ отырайын.

Ғалия. Тіпті жақсы. *(Стул әкеп қояды.)*

Сырмақбай Қармақбаев *(макинтошын іліп жатып көпке.)* Әйел деген иісі аңқыған гүл ғой. Ал мынау бір жұпар иісі мүңкіп тұрған біреуі екен. Өзіне мен де ғашық болып қалмайын.

Ғалия. Ішіңіз пысып кетеді-ау енді. Не істесем екен, ә?

Сырмақбай Қармақбаев *(отырып жатып).* Сіздей бикештің жанында мынадай жігіттің іші пыса ма? Ха-ха-ха. *(Күлкісін тез жиып.)* Ал іш пыспас үшін жұмыс істей отырайық. *(Қалтасынан блокноты мен қаламын алады.)*

Ғалия *(таңырқап).* Апырай, ә? Сіздер ғой үйде де, түзде де, отырып та, жүріп те жаза бересіздер, ә? Шіркін-ай, сіздердегі таланттың тым болмаса иненің жасуындай бірдемесін бізге берсе...

Сырмақбай Қармақбаев *(маңғазданып. Көпке).* Түсіңді жылытсан-ақ болды бұларға, гүлге үймелеген арадай айналсоқтай береді. *(Ғалияға күліп.)* Ал енді әңгімені сізден бастайық, қарындас.

Ғалия. Менен бастайсыз ба?

Сырмақбай Қармақбаев. Бірінші сұрақ:

(Қаламын сүйреңдете бастайды.) Халіңіз қалай!

Ғалия. *(аңырып).* О не дегеніңіз?

Сырмақбай Қармақбаев *(көпке).* Мм... газет оқымайтын болып шықты ғой. Осындай сұлулардың бойын бақаннан басқа ештенеге көңіл аудармайтын әдеті енді. *(Ғалияға.)* Ал газет алдыруыңыз, ондағы мақалаларды жанкиярлықпен аянбай оқып, ұйымшылдықпен талқылап тұру жағыңыз қалай?

Ғалия. Газет алдырамын. Оқып тұрамын.

Сырмақбай Қармақбаев *(бірдемелерді жазады).* Тақ... тақ... Ал артель мәселесіне көшейік. Бірінші сұрақ: пәрменді үгіттің арқасында, зор қаркын туғызып, жаңа табыстарға жеткен адамдар көп пе сіздерде?

Ғалия. Озат адамдарды айтасыз ғой?

Сырмақбай Қармақбаев. Тақ точно... «Пәрменді үгіттің арқасында» дегенді қосыңыз.

Ғалия. Озаттар көп бізде.

Сырмақбай Қармақбаев. Өздерінің күш-жігеріне кенеліп және өз күштеріне берік сеніммен қарайтын адамдар ғой олар?

Ғалия *(түсінбей).* Күш-жігеріне кенеліп?

Сырмақбай Қармақбаев. Тақ точно.

Ғалия. Күш-жігеріне кенелгендер бізде... ондайлар бізде... жоқ.

Сырмақбай Қармақбаев. Жоқ?

Ғалия. Жо-жоқ, бар. «Жоқ» деген сөздің сырғасы ғой жай.

Сырмақбай Қармақбаев. Өте жақсы. Та... ақ. Табыс қалай, ұшан теңіз бе?

Ғалия *(қиналып).* Сырмақбай Қармақбаевич, сіз мұны...

Сырмақбай Қармақбаев *(Ғалияның сөзін бөліп).* Ол табысты табу жолында мұрындық болған кімдер!

Ғалия. Мұрындық болған? Арбаның мұрындығы дегенді білуші едім. Ал кісінің мұрындық болғанын сізден естіп тұрмын. Асылы сіз мұны бастығымыздың өзінен сұрасаңыз. Кімнің мұрындық болғанын сол кісінің өзі болмаса...

Сырмақбай Қармақбаев. Бастық демекші, бастықтарыңыздың жанды басшылығы қалай?

Ғалия. Бастықтың жанды басшылығы?

Сырмақбай Қармақбаев. Так точно. Өзі қалай, қажетті мүмкіндікті түгел пайдалана ала ма?

Ғалия. Сіз мұның бәрін сол кісінің өзінен...

Сырмақбай Қармақбаев *(Ғалияның сөзін бөліп).* Ал көтеріңкі міндет алу жағы ше?

Ғалия үндемейді. Сағатына қарайды.

Ғалия. Бастық кешікті.

Сырмақбай Қармақбаев. Ие, кешікті.

Ғалия. Сол кісі мәжіліс бірденеге айналып қалған болар. Сіз бір айналып соқсаңыз. Не ертең келсеңіз, қалай болар еді?

Сырмақбай Қармақбаев. Так... так... о да жөн екен-ау. *(Блокнотына үңіліп.)* Айтпақшы. Сіз өзіңіз мұнда артель жүктеген тиісті міндетіңізді қашаннан бері атқарып келесіз?

Ғалия *(Ұнатыңқырамай).* Көп болды.

Сырмақбай Қармақбаев. Так... так... өте жақсы. Ал, қарындас, сіздің артельдің материалдық ынталандыру жағы қалай?

Ғалия *(күліп жіберді).* Бұл бір кең отырып сөйлесетін шаруа ғой. Мен қазір асығыс бір материал басып отыр едім.

Сырмақбай Қармақбаев *(көпке).* Қайда тартып бара жатқанын көрдің бе? *(Ғалияға.)* Оныңыз да жөн екен, қарындас.

Ғалия. Келетініңізді бастығымызға да ескертейін.

Сырмақбай Қармақбаев. Так... сіздің атыңыз кім болмақ, олай болса, қарындас? Мыңның түсін білгенше, бірдің атын... дегендей.

Ғалия. Ғалия.

Сырмақбай Қармақбаев *(Ғалияның қолын қысып).* Өте жақсы. Ойпыр-ай, қолыңыз неткен жұмсақ еді. Саусақтарыңыз тіпті қамысты көлдің ағаш қоғасындай екен.

Ғалия күліп ақырын ғана қолын босатып алады.

Сырмақбай Қармақбаев. Ал қарындас, то есть замандас, сізге қалай звондасам екен.

Ғалия бір тілім қағазға телефон номерін жазып, Қармақбаевқа ұсынады.

Сырмақбай Қармақбаев. Өте жақсы, Ғалия қарындас, то есть Ғалия замандас. Көп-көп рақмет. Телефон шылдырлайды.

Ғалия *(телефонды тыңдап).* Сіз ғафу етіңіз, мен қазір келейін, цехқа шақырып жатыр. *(Шығып кетеді.)*

Сырмақбай Қармақбаев *(жазғанына үңіліп).* Та... ак. Сонымен артель жайындағы мақаланың да құлағы қылтиып калды. Редакцияға бара салысымен өзіме-өзім пәрменді үгіт жүргізіп жанқиярлықпен еңбек етіп жіберсем, мерзімінен бұрын дайын етіп тастаймын ғой. Мынадай сұлу қыз факт беріп, шабыт беріп тұрғанда үш бет десе, сегіз етіп жібермеймін бе, тәйірі. Сөйтіп,

Сырмаекен норманы асыра орындап жібереді. Ал норма асыра орындалды дегенше, материалдық ынталандыру жағы өсті дей бер. Шіркін, Ғалияжан замандас-ай. Мен сізге шексіз борышты болам ғой. Өйткені сіз ғой мақаланың тууына тікелей мұрындық болғалы тұрған адам. Мұрындық демекші. *(Қалталарын қарманады.)* Апыр-ау, қайда салдым жаңағы қағазды? Қап! Қайта жазып бер десем ұят болады-ау. Басыңыз орнында ма десе, не айтпақпын? Қап, жоғалып қалып көзім ағармаса жарар еді. Е, таптым, мында жүр екен ғой. Әп бәре-келде... Так... Осыны жазған қолыннан айналайын, қолынның тырнағынан, тырнағынның көбесінен, көбесінің бояуынан, бәрінен қоса қабат айналайын. *(Запискаға үңіледі.)* Так-так 00–80 қос! 87. Так-так. Айтпақшы қос? «Қосы» несі мұның? Тіпті «қос» депті де қолақпандай етіп леп белгісін қойыпты. Қос, ә? Қосу... жоқ, қосар... о да емес. Қосақ. Әһа, қосақ... Қосылу. Қосылу керек... Қосылу керек... Қосылатын болсақ... Қосылайық. Е, жазған-ай. Қосыламын дегені екен ғой бұл. Бәсе, қолақпандай леп белгісі тегін қойылмаған. Та-ақ. Мен саған қосыламын. Әһа. Мен сені жақсы көремін. Мен сені сүйемін... Хи-хи-хи. Мен саған тие... кой, тоқта, Сырмаеке. Тереңдеп кеттің, тіпті шыға алмай қалып жүрерсің түге. *(Жоғары қарап.)* Шіркін, Ғалияжан-ай. Көзің сенің қандай, шу асаудың көзіндей шытынап тұрған. Тіпті электр шамындай десе де болады. Тіктеп қарай да алмадым-ау. Ал, жымиып тұрған құлағың ше, ал дөп-дөңгелек иегің, үлбіреген тамағың... Ал үш қоңырдың жайлауындай шалқақ жаткан ақ төсің ше? Ал бір уысыңа сыйып кетер қылдырықтай белің ше! Шіркін-ай, битіп, уыстап алып, мытып жіберер ме еді. Ал, ішің... Жо... жоқ, тоқта, Сырмаеке. Тереңдеп кеттің. Жазған басым-ай. Бір нәрсені жеңіл-желпі ойлау деген жоқ. Үнемі бір тұңғиыққа тартасың да тұрасың-ау. *(Сағатына қарап.)* Уақыт өтіп барады. Қой, отыра бермейін. Норманы асыра орындап тастаймын да мына қағаздағы леп белгісіне тартайын.

Макинтошын ап, шығып кетеді.

Шымылдық.

Екінші көрініс

Сырмақбай Қармақбаев. Терезе алдында үй гүлі. Қолында гүлі бар Сырмақбай Қармақбаев кіреді.

Сырмақбай Қармақбаев. Оho! Мәселе кайда жатыр. Біздің Ғалияжан кандай үйде тұрады... Байкайсыңдар ма? *(Екінші есіктен Ғалима шығады.)*

Сырмақбай Қармақбаев. Сәлематсыз ба, енетай. Көзінізге не қылған?

Ғалима. Көзіме бір теріскен шығып... Сөйтіп емтиханды үйде алуға тура келіп қалғаны.

Сырмақбай Қармақбаев. Емтиханды?

Ғалима. Ие, ие, жел тиеді деп, дәрігер далаға шығармай койды.

Сырмақбай Қармақбаев. Апыр-ау, осы мен сонда дұрыс келдім бе осы?

Ғалима. Дұрыс келгенде кандай? Отырыңыз. Емтихан алудан бұрын танысып алайық. Сіздің аты-жөніңіз?

Сырмақбай Қармақбаев. Емтихан алмастан бұрын? *(Көпке.)* Ә, сиқырлы қыз, менімен жаксылап танысу үшін әуелі шешесін салып отыр екен ғой. Алып көрсін емтиханды? *(Ғалимаға.)* Сырмақбай Қармақбаев.

Ғалима. Қай ауданнан келдіңіз?

Сырмақбай Қармақбаев. Мен осында газетте істеймін.

Ғалима. Әрі газетте істейсіз, әрі сырттан окисыз? Тіпті жаксы. *(Гүлді көріп.)* Кандай жаксы гүлдер! Маған әкелдіңіз, ә?

Сырмақбай Қармақбаев *(жұртқа қарап қолын жаяды)*. Осының бәрін істеттіріп отырған әлгі ку қыз-ау. Ай, Ғалия-ай! *(Ғалимаға.)* Ие, ие осы үйге, сіздерге әдейі арнап әкелдім.

Ғалима. Көп-көп рахмет сізге. Өзіңіз бір жөн білетін жігіт екенсіз. Қазір мұны мен суға салып кояйын. *(Суға салады.)*

Сырмақбай Қармақбаев. Осынша жаска келіп жөн білмеудің өзі... то есть осынша жаска келу емес. Әлі жап-жаспыз ғой. Тек көргеніміз көп кой.

Ғалима. Ие, ол жағы көрініп тұр...

Сырмақбай Қармақбаев *(көпке)*. Бәрекелде, кыз шешесіне ұнап калдык. Шаруа бір жайлы дей бер енді, Сырмаеке!

Ғалима. Ал, жаксы. Негізгі мәселеге көшейік. Шыныңызды айтыңыз. Дайындығыңыз калай?

Сырмақбай Қармақбаев *(көпке)*. Болашак енеміз бірден тойға дайындык жайын сұрай бастады ғой. *(Ғалимаға.)* Дайындык зор, бұл бір үлкен сын ғой, бізге емтихан деп сіз дұрыс айттыныз. Зор канағаттанған сезіммен өткізетін боламыз бұл емтиханды.

Ғалима. Жаксы екен онда. Ал енді сіз мына сұракка жауап берсеңіз.

Сырмақбай Қармақбаев. Пожалыста. Зор достық жағдайда жауап беруге әзірмін.

Ғалима. Пушкиннің қазақ поэзиясына әсерін айтып жіберсеңіз.

Сырмақбай Қармақбаев. Пушкиннің? Сіз соны рас сұрағалы отырсыз ба?

Ғалима. Әрине.

Сырмақбай Қармақбаев. Қойыңызшы, тіпті балаға ұқсатып... Күнде газетке жазып жататын сондай онай сұрақты білмейді дейсіз бе? Одан да әңгіменің ана жағын... шаруаның тоқ етерін тындырайық та.

Ғалима. Кім екенінізді білмей жатып, ештеңе сұрамай жатып шаруаңыздың тоқ етерін қалай тындырмақпын мен. Ол болмайды, жолдас.

Сырмақбай Қармақбаев. *(көпке).* Бәле, мына кісі қызына қалың мал сұрайын деді ғой. *(Ғалимаға.)* Газетте істеймін дедім ғой. Одан артық не білу керек мен жөнінде.

Ғалима. Газетте істеймін деп мұрныңызды шүйіре берменіз. Менің алдыма келгеннен кейін қойшы болыңыз, газетте істеңіз, оның маған бәрі бір. Ештеңе сұрамай, хал-жайыңыздың шамасын байқамай, шаруаңызды тындыра алмаймын.

Сырмақбай Қармақбаев. Ал жарайды енді. Сонда сіз не сұрағыңыз келеді? Басын ашып айтыңызшы. Ақшадай ма, әлде заттай бірдеме ме дәметерініз.

Ғалима *(ашуланып).* Ие сөйлеп кеттіңіз. Шетен қалпақ киіп, галстук тақканға көргенді адам ба десем, пасық болып шықтыңыз ғой.

Сырмақбай Қармақбаев. Тіл тигізбеңіз. Қоқан-лоқы жасамаңыз.

Ғалима. Сонда сіз мені пара алады деп ойлайсыз ба? Сөйлеспеймін сізбен.

Сырмақбай Қармақбаев. Жә, татуласайық енді. Қырғи-қабақ соғысты қояйық та.

Ғалима. Қырғи қабақ соғыс? Оның бұл жерге қандай қатысы бар. Асылы сізбен сөйлесу қиын екен. Әбден дайындалып, келер жылы келіңіз.

Сырмақбай Қармақбаев. Келер жылға дейін күтіп жүре алмаймын.

Ғалима. Ол өз шаруаңыз.

Сырмақбай Қармақбаев. Сіз мені ерегістірменіз.

Ғалима *(зілмен күледі).* Газетке жазатын шығарсыз?!

Сырмақбай Қармақбаев. Одан да жаманы болады?

Ғалима. Сонда не істемексіз?

Сырмақбай Қармақбаев. Сізден рұқсат сұраймыз. Той жасаймыз. Қосыламыз. Екеуміздің уәдеміз солай.

Ғалима. Сіз не айтып тұрсыз осы? Тойыңыз не? Қосыламыз не? Кіммен қосыласыз?

Сырмақбай Қармақбаев. Турасын айтқанда сіздің қызыңызбен. Ғалиямен.

Ғалима *(күледі)*. Ал егер менде қыз бала болмаса қайтесіз?

Сырмақбай Қармақбаев. Тәлкектемеңіз. Осы әлгінде телефонмен сөйлескенде күтіп отырмын, тез кел демеді ме!

Ғалима. Ол сөйлескен мен болатынмын.

Сырмақбай Қармақбаев. Олай болса, сіздің менде нендей шаруаңыз бар еді?

Ғалима. Мен сізді емтихап тапсыра келген сырттан оқитын студент екен деп қалғанмын.

Сырмақбай Қармақбаев. А, мен ендеше, сізді болашақ қайын енем деп келіп отырмын ғой. Қате болса, кешіріңіз.

Үшінші көрініс

Сахна бірінші көріністегідей. Ғалия машинка басып отырады. Сырмақбай Қармақбаев кіреді.

Сырмақбай Қармақбаев. О, қарындас, то есть замандас, қалай, бұрынғыша жанқиярлықпен еңбек етіп жатырсыз ба?

Ғалия. Үстінен түстіңіз. Бастық өзінде қазір.

Сырмақбай Қармақбаев. Мен бастыққа келген жоқпын, замандас. Менің шаруам сізде ғана.

Ғалия. Менде ғана ма? Ол бір қуаныш екен онда. Айта отырыңыз.

Сырмақбай Қармақбаев. Мен мәлімдеме жасасам, былай. Сіз, осы мені неге алдадыңыз?

Ғалия *(күліп)*. Қайтіп мен сізді алдаппын? Қызық екен.

Сырмақбай Қармақбаев. Ие, қызығын көріп келдім, замандас. Күлетін шаруашылық болмады бұл. Әлгі екеуміз осында кездесіп, сіз телефоныңызды бергеннен кейін болды бәрі. Ол бір аса қанағаттанғандық сезіммен өткен кездесу еді ғой. Содан кейін ұйықтай алсамшы. Несін жасырайын. Өзіме-өзім пәрменді үгіт жүргізсем де болмады. Жүрек шіркін үнемі дәйектілікпен сіз деп сокты да тұрды. Бойымда бір жаңа қаркын пайда болды. Содан өзіме көтеріңкі міндеттер жүктеп, қол жеткен табысты мақтан етермін деген сезімге толы болып, сіз берген телефонға звондасам «күтіп отырмын, тез келе ғой» дейді бір әйел даусы. Мен сіз екен деп

қалдым. Содан творчестволық күш-жігеріме кенеліп, жетіп барсам, емтихан алам деп студенттерін күтіп отырған Ғалима деген мұғалима болып шықты. Сөйтіп құрттыңыз ғой мені, замандас. Айтыңызшы, басқа адамның телефонын неге бердіңіз?

Ғалия. Мен беріппін бе? Мүмкін емес. Мен сізге артельдің телефонын ғана жазып бергенмін.

Сырмақбай Қармақбаев. Тана алмайсыз енді, міне қағазыңыз. 00-80. Қос! 87, «қос» деп тұрып леп белгісін де қойғансыз. Адамның жүрегіне әр түрлі ой салып тіпті.

Ғалия *(қарап)*. Мм... Сізді құртқан мен емес, леп белгісі екен ендеше. Анықтап қарасаңыз не етті? Бұл леп белгісі емес қой мүлде. Бұл бірдің цифры. Сонда сіз айтқандай леп белгісі мен сексен жеті емес, бір де сексен жеті.

Сырмақбай Қармақбаев. Не дейді?

Ғалия. Содан соң *(күліп)* пәрменді үгітті тым нашар жүргізгенсіз өзіңізге. Мен үйлі-баранды адаммын. Жүрек-жүрек деп жүгіре берсеңіз неңіз қалады?

Сырмақбай Қармақбаев. Мәссаған безгелдек! *(Мұңайып.)* Ойпыр-ау, дүние не болып кетті? *(Ойланады.)* Ал жақсы, замандас, то есть қарындас. Амал қанша, көрісуіміздің дәнді-дақылдық жағы сондай шығымсыз болады деп ойламаған едім. Қайтейін. Ал сау тұрыңыз, замандас, то есть қарындас. *(Кете береді).*

Шымылдық.

КӨРШІНІҢ КЕСІРІ

Тұрар бүгін ерте оянды. Бірден жолдастары есіне түсті. «Ертең тауға шығайық, шаңғы тебейік, мектепке ертерек кел», – деген олар. Сол жайды ол кешіне шешесіне айтып еді. Әлпеш үлкен ала көзін баласына өткір қадап, тұрып қалған. Бұл онын: «Бармайсың, түнімен жөтеліп шықтың, ауырып қаласың», – дегені. Шеше мінезіне сыралғы бала оны жақсы түсінеді. Бір мезет ол: «Рас, жөтелсем, жөтелетін шығармын. Ұйықтап жатқанда, корылдайсың десем, мамамның өзі де «кет әрі» деп, нанбайды ғой, кім біліпті», – деп күдіктенетін де.

Сонда да ол: «Қайтсем мамамның көнілін табамын», – деп түнімен ала көніл болып жатты. Байқаусызда жөтеліп қалмауға тырысты.

Міне, енді завод гудогі де айқайлады. Таңғы сегіз болып қалса да, қыстың ұзақ түні енжар сейіліп, үй ішіне енді-енді ғана ала сәуле еніп келеді. Қарсы қабырғада ілулі тұрған әке-шешесінің жас кезінде бастарын түйістіріп түскен суретінің жалпы нобайы ғана көрінеді. Тұрар түрегелді. Анасының қасына әлденеше барды. Оята алма-

ды. Батылы жетпеді. Айна алдына келді. Шешесіне тарткан үлкен ала көзін укалады. Маңдайына үйіле түсіп тұрған кекілін жоғары қайырды. Көзінің алдындағы томпақ сүйегі екен. Ол да бұған мамасынан ауыскан. Бірақ мұрнын айт, иіліп келген қоңқақ мұрны нағыз папасының мұрнындай. Тұрар сәл ойланып тұрды да, секіре бастады. Физзарядка жасаған болып еденді дүрсілдетті. Алақанын шартылдатты.

Біразға дейін түсім екен деп, ұйқылы-ояу түсінбей жатқан Әлпеш ала көзін кең ашып, бері қарады. Аузын болар-болмас бір сылп еткізді де:

– Мұ не, сайтан? Ішінде арыстан ойнап бара ма, ойнақ салып? Жат! – деп жекіді.

Тұрар иіліп келді де, Әлпештің мойнынан құшақтап алды.

– Мама, мамуня, мектепке барамын мен.

Қатты ұйқыдан кенет оянған Әлпеш әдепкіде ештенеге түсіне алмады.

– Мектепте не бар таң атпай? Бүгін демалыс емес пе? – Содан кейін есіне бірдеме түсті білем, басын көтеріп алды. Ұйқы басқан ала көзін сығырайтты:

– Мектепте ештене де жоқ. Түнімен жөтеліп шыққаныңды білмейсін-ау, жазған неме.

Тұрар тағы күдіктеніп қалды. Мүмкін бір ауық қатты ұйықтап кеткен болар, жөтелгенін сезбеген ғой, сірә.

– Одан да үйде бол. Ісшіні шақырғам, көйлек тіктірем саған, – деді Әлпеш көзін қайта жұма түсіп.

Тұрар көніп қалды. Ас үйге шықты. Диванға келіп жатып еді, ұйқысы келмеді. Қайта түрегелді. Аузын аңқайта есінеп біраз отырды. Төр үйдің есігінен барып сығалап еді, мамасы қалың ұйқыға қайта кеткен екен. Басқа бір төсекте теріс қарап папасы да жатыр. Тұрар есікті жауып қойды да, енді терезе алдына келді.

Үлкен терезеден күңгірт аспанның бір кішкене бөлегі ғана көрінеді. Қалың кар жауып тұр. Көлбемей, ұйтқымай, тік, баяу жауып тұр. Үлкен кар ұлпалары жерге түсерде қызық. Баяу қалқып келеді де, сәл орала беріп құсша қонады. Жел жоқ, дыбыс жоқ. Күңгірт аспанға бойлап тұрған қыраулы биік ағаштардың басы қыбыр етпейді. Есік алдындағы алма ағаштарының қырауытқан қалың бұтақтары бір-біріне айқаса иіріліп, киян-кілы өрнек жасаған. Ағаштар да аспанмен рендес. Жұлдыз сиякты ұзын кірпікті кар жапалақтары әлсін-әлі терезе көздеріне жабысады да, кенет еріп төмен қарай сырғанай жөнеледі. Жер дүниенің бәрі аппақ. Тек терезе тұсындағы бір топ каракат шілігінің астыңғы жағы ғана қарауытып көрінеді. Шартақ қадалары кардан басына қоқырайта қалпақ кие бастаған. Осының бәрі Тұрарға әлдебір кияли кинокартиналардағыдай болып елестеді.

Кенет жүрегін әлдене шымшып өткендей болды. Жолдастары осы бір киял дүниесімен сырғанап бара жатқандай.

Терезе жақтауына шығып алды. Желдеткішті ашып қойды. Жылы қыс таңының сызды, жұмсақ лебі соқты. Есік алдынан өтетін тар жолдың арғы бетін бойлап ағатын тау өзенінің шуылы келді. Тұрар желдеткіштен басын қылтитты. Қар жапалақтары келіп қона бастады. Дыбысы жоқ, салмағы жоқ, болса да денені түршіктірер зәрі бар.

Тұрар түшкіріп салды. Содан кейін шешесінің «суық тиіп қалады», деп мұны терезе жақтауына да шығармайтыны есіне келді. Жерге түсті, сағатқа қарады. Әлі тоғыз болған жоқ. Тұра сала кітап оқығысы келмеді. Енді не істеу керек? Ол күндегіше жылы киінді де, далаға шықты. Қолқабын шешіп, қада басындағы қарды жентектейін деп еді, анасы әлдебір тасадан ізін бағып тұрған сияқты көрінді. Ауладан шықты да, өзен қабағына барды. Басқа жерден айқын, ағаран тартып, су арнасына қарай қиыс жатқан жіңішке соқпақ үлкен бір қойтасқа барып тіреледі. Сол жерден мұз құрсауын тесіп шыққан ағын су жаңағы тасқа келіп соғады да, күміс көбігін аспанға шашыратып, кейін лыксиды. Сәл кідіріс жасайды. Содан кейін бұрынғыдан да бір жойқын шапшаңдықпен төмен қарай жоси жөнеледі.

Тұрарды бұл көрініс те жалықтырып жіберді. Бір сәтте конькиін алып, мұзды асфальтқа шықсам ба деп ойлап қалып еді, шешесінің ескертпесі кенет есіне түсті: «Көшеге коньки теппе! Машина басып кетеді». Не істерін білмей, бүкіл көшеге сыймай зеріккен бала үйге беттей берді. Сол кезде төменгі беттен кенет машина даусы естілді.

Үй бұйымдарын артқан жүк машинасы мұның қасынан өтіп, жуырда ғана біткен көрші үйдің алдына келіп тоқтады. Кабинадан өзі қатарлы бір бала шықты. Үстіндегі пальтосын шешіп, қар үстіне бүктеп қойды. Содан соң машина үстіндегі орақ мұрттыға қарап:

– Папа, мамам екеуің түсіре беріңдер, мен таси берейін, – деп дауыстады.

Тұрардың күлкісі келіп кетті: «Гардеробты қалай апарады?» Бірақ бала сөзіне орақ мұртты да, оның ар жағында тұрған шәлі жамылған әйел де күлген, қарсылық жасаған жоқ. Әуелі жеңіл нәрселерді жерге алып қоя берді. Кабинадан түскен бала үлкендерше аяғын нық басып үйге таси бастады. Енді бірде үлкен радиоқабылдағышты көтере жөнелді. Тұрардың жүрегі су ете қалды: «Қап, түсіріп алады-ау». Жоқ, түсірмеді. Еркін адымдай басып үйге кірді де, қайта шықты.

Осы кезде Тұрар да машина жанына келді. Оң бүйірден көрінген орта бойлы, шапшаң жүрісті әйел бұған мейірлене қарады.

– Көршінің баласымысың? Тіптен жақсы, біздің Қамбаржанға көмектесіп жібер, қарап тұрма.

Тұрар еркін басып, Қамбардың жанына қатарласа келіп тоқтады да, алдында жатқан шағындау жәшікті көтеруге енкейді.

– Оны сен көтере алмассың, былай тұр, – деді Қамбар жақындай беріп, үлкендерше сөйлеп.

Тұрар бойын жазды. Байқап қараса, Қамбар бұдан көп аласа екен.

– Онда папамның темір саймандары бар, – деп Қамбар қайталап айтты.

Өзін үлкенірек санаған Тұрар алғашқы кездескен бейтаныс балаларға тән мінез көрсетіп, өктемдеу сөйледі.

– Өзің нешедесің?

– Өзің ше?

– Мен бұрын сұрадым ғой.

– Мен он екідемін, – деп жауап берді Қамбар.

– Мен ендеше, он үштемін.

– Ендеше мен бесінші класта оқимын, – деді Қамбар мектепке жеті жасынан барғанын танытып.

Тұрар қонқақ мұрнын бір тартты да, үндемей қалды. Соны Қамбар пайдалана қалды.

– Дәу де болса, сен осы төртінші класта оқитын боларсың! – деп, тура қарап күлді. Он қабағының астындағы тыртығы Тұрарға енді айқын көрінді. Не себепті екені белгісіз, сол тыртық бұған төбелестен болған сияқтанды. Ұтылмаска ұмтылды.

– Ие, деген. Мен де бесінші класта оқимын.

Қамбар жымия күлді. Бала аңғалдығын қызықтаған үлкен адамның мысқылды күлкісі секілді.

– Ә, солай ма?!

Тұрар жәбірленіп қалды. Қамбардың қайтсе де бір әлсіз жерін таппақ болды.

– Мен ендеше сабақты беске оқимын.

Әлгі бір қабақ астындағы тыртық бері тепті де, оның қанды дөңгелек жүзіне жаңағы мысқылды күлкі тағы жүгіре қалды.

– Солай ма?! Ал мен, тіпті, нашар оқимын. – Содан кейін жиіркенгендей бір кейіпке келді. – Мақтаншақ!

Оның бұл сөзінде кекесін барлығын, сабақты нашар оқитын бала бұлай еркін сөйлемейтінін Тұрар аңғара қойды. Тағы жеңіліп қалғанын сезді.

– Ал сенің үйінде пианино жоқ, бізде бар, – деді Қамбарды немен мұқатарын білмеген ол.

Қамбар саспады:

– Пианинонын керегі де жоқ бізге. Пианино алатын ақшамыз да жоқ. Мүмкін сенің папаң үлкен начальник шығар, ақшаны көп табатын шығар. Ал менің папам заводта жұмысшы болып қана істейді.

Тұрар папасының ірі жерде қызмет істейтінін де, жалақыны көп алатынын да айтып мақтанайын деген жоқ еді. Қамбарды жеңер сөз таба алмаған соң айтқан. Тағы да ұтылып қалды. Бірақ бейтаныс балаға беріле салғысы келмеді. Өзінің бір жас үлкендігін пайдала-

нып күшін асырмақ болды. Оған үйден әлдебірдемені жайғастырып, кешеулеп шыққан шапшаң жүрісті әйелдің:

– Манадан бері сол бір жәшікті көтере алмай тұрсыңдар ма екеулеп? – дегені де қамшы болып кетті. Енкейе беріп жерден көтеріп алмақ болып еді, көзге қораш көрінсе де, қозғала қоймады: «Көтере алмаймын ба?» – деген күдік те, тер де бұрк етті.

– Айттым ғой көтере алмайсың деп, – деді Қамбар. Қарап тұрмады. Күбжеңдеп жатқан мұның алдынан келіп, жәшікті өзіне қарай тартты. Тұрар таласпады, бірден шалқайып та тұрып қалмады. Үлгіре алмай қалған адамның қимыл-қыбын жасай берді. Қамбар жәшікті шірене көтеріп алды да, жүгіре басып үйге қарай жөнелді. Тұрар ызаланып кетті. Өзіне ме, әлде өзгеге ме, оны тіпті білмеді. Бір сәтте оны салып жібергісі де келді. Өзінің әлсіздігін әшкере еткені үшін бе, әлде аздап қыр көрсетіп жүргені үшін бе? Оны да шамалап, жауап іздеп жатпады.

Қамбар қайтып оралған бетінде ентіге тұрып, сол бір жаман сезімнің отына май құя түсті.

– Айттым ғой көтере алмайсың деп... Мықты болсаң, мынаны көтерші. – Қамбар кабинадан екі басы шоқпарланып келген екі үлкен темір кесекті алып шықты.

Мектептің спорт залында осыны Тұрардың талай көргені бар еді. Ересек балалар бірінен соң бірі алып, көтеретін де жататын. Сонда да қапелімде аты есіне түсе қоймады. «Мұның аты не? Білесің бе?» – деп сұрап қала ма деп қыпылдап тұр. Бірақ Қамбар оның атын сұрап жатпады.

– Мықты болсаң, осы гантельдің бірін алшы, көрейін неше рет көтергеніңді, – деп өзі айтып жіберді, сөзі керімал жатса да, Тұрар қуанып кетті. Іркілмей барып оң қолымен гантельді көтеріп алды. Көкке қарай ұшырта бастады. Бірақ бұл тынық күштің ғана қарқыны екен. Қары талып қалды. Зорға дегенде жетіге жеткізді.

– Бәлі, – деді Қамбар екі қолына екі гантельді алып жатып. – Ал санай бер.

– Бір... екі... үш... сегіз... он бес... жиырма... – Тұрар санаудан жалығып кетті. Қамбар болса, әуелгі бір баяу ырғақпен көтере берді. Сонда оның есіне ертерек кезде үйіне су құбыры тартылмай тұрған кезде, келіп-кетіп жүретін бір студент қызға Әлпештің: «Бір шелекті қой, шырағым, екі шелекпен бар, көтеруге жеңіл болады», –дейтіні түсті. Қамбар тәсіл жасап тұр деп ойлады.

– Екі гантельді бірден көтеру, әрине, оңай.

– Оңай болса, көтере ғой. – Қамбар гантельді бұған ұсына берді. Тұрардың беті қайтып қалса керек, ұмтыла қоймады. Жалтара сөйледі:

– Гантельді көтеру дегенді білмеймін мен. Күресемісің өзің?

– Кел, күресемін.

Екеуі де кожырая, сүзісе келіп айнала берді де, ұстаса кетті. Жығам деген сеніммен ұстаған Тұрардың аз-кем арам ойы да бар. Іштен алғансып, екі шаттың арасынан тізесімен бір-екі рет нұқып қалды. Қамбар оны басында сезген болса керек, жамбасқа ала берді де, оның басын төмен тұқыртты. Тұрар кейін шалқайды. Сол бір сіресіп тұрған кезде Қамбар колын босатып коя берді. Тұрар шалкалай барып, құлап түсті. Басы машина дөңгелегіне соғылды.

Жаңа табыскан екі баланы ойнап жүр деп, өз шаруаларымен айналыскан ерлі-зайыптылар сасып калды. Тұрар тұратын емес, көзін жұмып, козғалмастан жатыр.

– Келмей жатып мұның не? Мұндай сұмдықты жасамаушы едің ғой! – деген әйел даусы шыкты. Оған еркек даусы косылды:

– Ой, мұндай тентектікті кім үйретті саған? Сен өзің кімнен туған немесің? Қалай өскенсің деймін? Бұрышка тұрғызып кояйын ба, осы, ә?

Қамбар бар айыпты мойнына алғандай. Дыбысын да шығарған жок.

– Көтер колынан, тұрғыз! Кешірім сұра! Татулас! – деді бастапкы әйел даусы. Жінішке де өктем шығып жатыр. Қамбар иіліп келіп, козғалмай жатқан мұның кеуде тұсынан капсыра құшақтады да, тік тұрғызды. «Біржола тұқыртып алайын», – деп ойлаған Тұрар басын сипалай берді:

– Ауырып барады, әкетіп барады.

Қамбар да, оның ата-анасы да бәйек болып қалды. Сол кезде бұл құбылысты терезеден көріп, үйден айқай сала шыккан Әлпештің даусы естілді. Бір көзін сығырайта ашып карап еді, шашы дудырап жүгіре басып келеді екен. Шаң-шұң сөйлеп келеді.

– Келмей жатып қыра ма, түге! Ойпырай, енді не істемекпін? Өлтірдіңдер-ау жалғызымды бәрің жабылып!

Ұйқыдан жаңа тұрған шешенің жәбірленген бала жағдайын жаманға асыра жоруы болар деп шамалаған ерлі-зайыптылар Әлпеш аузынан шығып жатқан артық сөздерге мән бермей кешірім сұрай берді.

– Кешіріңіз, осында өздері ойнап жүріп... Тіпті ойда жоқта... ойнап жүр десек... ештеңе етпес енді, – деп сасканда сөздің басын буа алмай да жатыр.

– Кешірімі құрысын? Бүлік сала келдіңдер ғой, түге, құрттыңдар ғой, түге! Жалғызымды жалғызсыратқан екенсіңдер ғой, түге, – деп Әлпеш даурыға келіп, баласының басынан құшақтады, – үйбайи... жарылып калыпты ғой. Енді не істейін. Мына кара, кан сорғалап тұр...

«Қан сорғалап тұр» дегенде Тұрардың өзі де шошып кетті. Басын сипап еді, ештеңе білінбеді. Сонда да: «Мамам көріп тұр ғой. Сорғаласа, сорғалап тұрған шығар», – деп күдіктенді.

Әлпеш даурыға берді:

– Мына қараңдар! Мұнда келіңдер! Қайдасыңдар, түге? Келіңдер мұнда! – Содан кейін Қамбардың шешесіне төнді, – жалғыз баланды бетімен жіберіп, не сандалбай сенікі?! Көргенің аз ғой, тегі?!

Қамбардың шешесі долы әйелдің ауанына бой ұсынса да, іштей кекете сөйледі.

– Ойпыр-ай, бір ағаттық болды енді, кешіре көріңіз енді. Көргенді адам көрінесіз ғой.

Бұл сөздің байыбына бармаған Тұрар: «Менің мамам бәріңді де бүрсеңдетер әлі», – деп ішінен күліп қойды.

Арада талай күндер өтті. Екі жақтан да айыбы болған балалық істің өкініші де басыла берді. Сонда да көрші баланы Тұрардың көргісі келмеді. Тіпті оған деген енді өшпенділігі де жоқ секілді. Сонда да аулақтана берді. Есік алдында, аула ішінде ұшыраса қалса, бұрылып кететін болды. «Бұзылған бала екен, араласушы болма», – деген шеше сөзін мүлтіксіз орындауға тырысты.

Ал, Қамбар болса, бәрін де ұмытқан секілді. Бір-екі рет бұған дауыстап, үн де қатқан-ды. Тұрар оқитын мектепке ауысқан соң, басқа танысы болмағандықтан ба, әйтеуір бұған жақын жүруге тырысып жүрді.

Тағы бір күн өтті. Әлпеш ертемен Тұрардың тамағын берді. Сумкасына бір плитка шоколад, бутерброд салды. Құнтымен жылы киіндірді. Жолда қолғабын шешпеске, қар жемеске, мектепте суық су ішпеске уәдесін алды да, сабағына аттандырды. Аз-кем уақыт отті. Есік қайта ашылды. Тұрар қайтып кірді. Аласы коп үлкен көздері шарасынан шығып кеткен. Түсі қуқыл тарта қалыпты.

– Мама... сұмдық!

Әлпеш бала соңынан сыртқа шықты. Ашық атқан таңда қытымыр аяз бар. Жылы үйден жеңілірек шыққан оның денесі дірілдеп кетті.

Тұрар шешесін тура өзенге алып жүрді. Аяз сорған қатқақ қар жүрген сайын сықырлайды.

Екеуі де өзен жарына келіп тоқтады. Төменде, бір тесіктен атқып шығып, булана қарғып жатқан су жағасында кішкене Қамбар тұр. Беліне дейін жалаңаштанып алған. Үлкен түкті орамалды шелектегі суық суға батырып алады да, онсыз да қызарып кеткен арқасын ысқылайды. Әлпеш көзін басты. Тұрар бір сәт қызықтай қарап тұрып қалды. Еріксіз дауыстап жіберді.

– Қамбар!

Әлпеш зекіп тастады.

– Дауыстама. Кеше осы баланың күлгенін көріп едім.

Аузы кисайып кетеді екен. Бұл жынданған бала! Қыстың сақылдаған сары аязында сау адам суға түсе ме әйтпесе. Бар сабағыңа! Жөнел! – деп Әлпеш үйге қарай беттеді. Бұл сөздерді естіп тұрған Қамбар күліп жіберді. Ішек-сілесі қата ұзақ күлді.

Сол күннің кешінде Тұрардың бар әңгімесі Қамбар жайында ғана болды.

– Мама, Қамбар қайтеді енді, өле ме? – деп сұрады.

– Қыстыгүні суға түскен бала өлмегенде қайтушы еді!

Тұрар түнімен ұйықтай алмай шықты. Көзі ілінсе-ақ болғаны, ұйтқыған боран соғып кетеді. Сол бораннның арасында жалаңаш Қамбар көрінгендей болады. Сақылдап күлген даусы келеді. Кенет сол күлкі жүректі тырнар, жан түршіктірер, қорқынышты бір музыкаға айналып кетеді. Көрші үйден әлдекімдер табыт шығарып бара жатқандай болады. Тағы бірде шошып оянды. Тұра сала далаға жүгірді. Сәске болып қалған. Көрші үйге үніле карады. Жым-жырт. Тік шатырға түнімен конактаған ұлпа қар төмен қарай баяу сырғанай береді де, гүрс ете қалады. Бакша ішінде із жоқ. Жеміс ағаштары сол ақ қырау жамылған күйінде мелшиіп қалған. Ақша қар басқан тау беткейі өзі кинодан көрген мұз таулары бар ақ теңіз секілді. Сол теңіздің биік бір жотасынан асып, кан күрең тартып күн туып келеді. Тұрардың денесі түршігіп кетті. Бәрі де бітіп қалған, түнде Қамбарды табытка салып, белгісіз бір жаққа алып кеткен сияқты. Сол кезде көрші үйдің әлі сыры кеппеген қызыл есігі шалқалай ашылды да, ар жағынан Қамбар көрінді. Кешегідей жалаңаш қалпы. Қолында түкті орамал. Сәл керіліп, екі-үш рет әдемі бір қимыл жасады да, өзенге карай жүгіре жөнелді. Тұрар үйге оралды. Таңғы тамақ үстінде ол папасына бұрылып:

– Осы, менің мамам өтірікші, – деді.

Әлпештің бет-ұшы шұңкырайып, көнтек ерні жыбырлап кетті. Қазыбек каркылдап күлді.

– Неге өтірікші?

– Кеше мамам Қамбарды өледі деген. Түк те еткен жоқ. Ол әне, тағы барып өзен суына шомылып жатыр.

Сол күні Әлпеш жаңа коныстанған көршінің үйіне барды. Оны дөңгелек жүзді, кара көзді, кескінді әйел жылы ұшырай карсы алды.

– Жоғары шығыңыз, отырыңыз. Шай коя коояйын. Таныса алмай жатырмыз. Новоселье жасай алмай жатырмыз, – деп шапшаң сөйлеп, құрақ ұшты. Бұл Қамбардың шешесі Гүлжәмила еді. Завод коммутаторында телефоншы болып қызмет істейтін. Өз кезегінен жаңа ғана келіп отыр екен.

Әлпеш оның сөзін салғырт тыңдады. Көлегейлемей өз ойындағысын бірден айтты:

– Осы сенің баланның есі ауысқандау ғой деймін. Солай ма?

Гүлжәмиланың түсі бұзылып кетті.

– Есі ауысқандаумасы қалай?

– Есі ауыспаса қыстыгүні суға неге түседі?

Гүлжәмиланың өніне бұрынғы жайдарылығы қайта жүгірді.

– Жындылығы емес ол. Жас күнінен бергі дағдысы. Өзі қыс қарсаңында туған еді. Жылы орап, далаға ұйықтатып жүрдік. Содан кейін қыстыгүні де далаға ұйықтататын болдық. Үйреніп кетті.

Әлпеш тағы өз сөзін сөйлей берді:

– Қыстыгүні өзенге шомылу жақсы тәрбиеден емес.

– Ойпыр-ай, бала күнінен дедім ғой. Кішкентайынан үйреніп кеткен, – деп, Гүлжәмила әлі де Әлпешті иландыру ниетінде зілі жоқ, көңілдестік қалыппен сөйлеп тұр.

– Қыстың аязында он екі жасар бала өзенге барып суға түседі, ih, – деп Әлпеш таңдана айтты. Басын шайқады. «Не шешесі, не баласы жынды. Екінің бірі».

Ештенені ұғып болмайтын мына әйелмен таласа беруді жөнсіз санаған Гүлжәмила енді оның сөзін қызықтап, күліп қалды.

– Неге күлесің? Жынданбасаңдар, баланы бұдан кейін өзенге жібермейтін бол! – деді де, Әлпеш есікті тарс қойып шығып кетті.

Ақылды қалпын сақтап қалған Гүлжәмила бір нәрсеге қайран:

«Не қимасы қышып жүр осының? Менің баламның не істегенінде қандай шаруасы бар?»

Сол бір күннен бастап, Тұрар пікірі күрт өзгерді. Қамбар оған енді басқа бір сипатта елестейтін болды. Жатса-тұрса көз алдында. Бір күні түсінде Тұрар қатты қиналды. Қалың боран соғып кеткен. Адасып жүр. Айқайласа, даусы шықпайды. Осы кезде алай-түлей арасынан Қамбар көріне кетті. Сом денесін тік ұстап, нығыз басып келеді.

Тұрар оның соңынан еріп еді, кенет көкорай шалғын өзен жағасынан барып шықты. Кейде Тұрар түсінде оның қиыр бір алыс теніз ішінде арыстан, жолбарыстармен алысып жүргенін де көрді.

Бір күні мектепте қабырға газетінің кезекті саны шықты. Онда Досжанов Қамбардың шаңғы жарысында бірінші орын алғаны айтылыпты. Мақала соңында: «Қамбар мектепке кейін келіп түссе де, сабақты жақсы оқиды, тәртіпті, үлгілі бала», – делініпті. Тұрардың есіне алғашқы күнгі: «Мен сабақты беске оқимын» дегені түсті. Ағат сөз екенін осы арада түсінгендей. Қабырға газетінен бұған қарап тұрған Қамбардан ұялғандай болып, бұрылып кетті (бұл екеуі бесінші класта оқыса да, группалары басқа болатын).

Тұрар енді Қамбарға жақын жүретін болды.

Бір күні ол сабақтан шықса, машинасымен папасы келіп тұр екен. Ала кетпек болып, Қамбарды тауып алып еді, көнбеді, жаяу баратынын айтты. Содан кейін Тұрар да жаяу қалып, онымен бірге жүрді.

Жол бойы Қамбар көңілді сөйледі. Көп сөйледі. Ғаламат бір кеме жасағысы келетінін, сол кемемен алыс суларды кезгісі келетінін айтты. Тұрар үндеген жоқ. Ұялып келеді. Оның бар ойы: «Мектепке машинамен барып, машинамен қайтсам... басқа балалар мініп-түсіп жатқанымды көріп тұрса...» – дегенге ғана саятын. Қамбар сөзі енді оның балалық ой дүниесін ашып, жаңа бір көкжиекке меңзегендей болды. Алыс бір арманға жетелердей. Сол жолда Қамбар оған үлгі есепті. Тіпті оның аяқ алысы, қол сермесі, бір езуін сәл көтеріп, айқын күлетіні, қабағының астындағы кішкене тыртығы – соның бәрі Тұрарға қалтқысыз ұнайды. Кейін келе Қамбарша қол сермеп, Қамбарша бір езуін көтере айқын күлетінді де шығарды. Қамбардың радиоқабылдағыш жасамақ ойы барын біліп, бұл да біраз уақыт сынған лампа, сым темірлерді жинап әуре болып жүрді.

...Бір сенбі күнінің кешінде Тұрардың үйіне көп қонақтар келді. Ұзақ отырып, коньяк ішті. Қатты күлісіп, сөйлесті. Жалыққан Тұрар ас пісіретін бөлменің ар жағындағы бір кісілік кішкене бөлмеге барып жатып қалды. Түннің бір уағында оянып кетіп еді, «вист», «пас» деген сөздерді естіді. Қонақтардың біреуі: «Адал ойнау керек», – деп қатқылдау сөйледі. «Алып қойыңдар, ішіп қойыңдар!» – деген шешесінің көңілді даусын да естіді. Алысырақтағы бір аула ішінен шақырған әтеш даусы мұның құлағына талып естілді. «Тан жақын болуға керек, жалықпай қалай отыра береді!» – деген оймен ол көрпесін қымтады да, қайта ұйқыға кетті. Енді бір уақытта көзін ашып алса, үйге жарық түсіп қалыпты. Түрегеліп, төргі үйге барып еді, есік бекітулі тұр екен. Ар жақтан шешесінің қатты қорылдағаны естіледі. Стол үсті жиналмаған. Үй ішін ащы спирт иісі алып тұр. Тұрар мұрнын тыжыртты да, далаға шықты. Демалыс болған соң кешірек тұрған Қамбар жалаңаш қалпында өзенге жүгіріп барады екен. Неге екені белгісіз, Тұрар да жүгіріп жағаға келді. Әнеугі бір суық кезде қаусырмалап келген көк мұздар енді сөгіліп, әрбір жерде ойдым-ойдым болып қалыпты. Түбі көрінер меруерт су төменге қарай толқи зырлап жатыр. Осы Тұрар тұрған бетте еніске қиыстап түсер баспалдақ та қардан аршылып қарайып қалған. Төменде шапаты бойлы Қамбар таска қолын тіреп еңкейе берді де, бір шелек суды еркін іліп алып, жағаға қойды. Тұрар төмен түсуге бата алмады.

– Батыр болсаң, ана шелектегі суды үстіне құй, – деп ол айқайлап күле сөйледі.

– Кел ендеше, құйып жібер.

Тұрар төменге түсті де, су толы шелекті көтеріп алды. Қамбар долыра бастаған арқасын тосты. Тұрар шелекті төңкере берді.

– Тағы да құйшы! Рахат! – деді Қамбар.

– Рас рахат па?

– Құй, рас айтам.

Тұрар су толы шелекті Қамбардың арқасына төндірді. Содан кейін жүгіріп жарға шықты. Үй жақтан еш қыбыр білінбейді. Әлі де ұйықтап жатқан болуға керек. Ол қайта жүгіріп төменге түсті. Шешіне бастады.

– Қамбар, мен де бүгіннен бастап суға түсетін болам.

Қамбар тартыныңқырап қалды. «Рас па?» дегендей қарап тұр.

– Шын айтамын, әкел суды, – деді көйлегін шешіп үлгірген Тұрар.

– Ауырып қалмайсың ба?

– А, сен неге ауырмайсың?

– Мен...

– Мен-сенді қой. Бол әкел, – деп Тұрар енкейе берді. Жылы денесіне әуелі мұздай су келіп тигендей болып еді. Қалтырап кетті. Бара-бара су емес, жаландаған өткір пышақ секілді болды. Бірде колтығына, бірде төсіне, енді бірде мойнына сумандай жүгіріп, терісін сыдырып жаткандай. Сонда да ол шыдай берді. Әрі-беріден соң тісі-тісіне тимей сақылдап кетті. Сол пышақ жүзі мұздай суық па, болмаса оттай ыстық па, білмейді. Әйтеуір бір өткір дүние.

Жазыла берген Тұрарға Қамбар орамал ұсынды.

– Енді ыскылап жібер. Жанып кете жаздайсың, – деді ол. Содан кейін, – Рақат па екен? – деп манағы өзі айтқан сөзді жандандыра сұрады.

Тұрар жылайтын адамша аузы кемсеңдеп жауап бере алмады. Тұла бойы қалшылдап, ұшып кете жаздап тұр.

– Ыскыла денеңді! – деді тағы да Қамбар.

Тұрар орамалды арқасына апарайын деп қолын көтеріп еді, иліге алмады. Дене шіркін енді өзінікі сияқты емес.

Қамбар орамалды өз қолына алды да, оны ыскылай бастады. Тұрар арқасын қисайтты. Басын шайқады. Сол кезде оның басы айналып кетті. Құлап қала жаздады. Қамбардың көмегімен сыртқы киімін киіп үйіне беттеді.

Келесі күні Әлпеш баласының өңі бұзылып отырғанын байқады. Температурасын өлшеп еді, қырыққа таяп қалған.

– Сені әлгі жынды бала суға алып барған ғой. Айт шынынды! – деп ол тепсіне сұрады.

– Апарған жоқ, мен өзім бардым, – деді Тұрар.

Әлпештің өңі бұзылып кетті. Телефонға жүгірді. Жарты сағаттан кейін жан-жағында қызыл кресі бар жүйрік машина сиренасымен көше бойын жаңғыртып, Тұрарды емханаға апара жатты.

Ал ашуға булыққан Әлпеш осы қаладағы мықты бір мекемеге бет алды. Бәрін де айтпақ, «кесірлі» көршіні бұл төңіректен құдырмақ.

1955 жыл.

ҚОЛАМТАДАҒЫ АРМАН

Бұл – колхоз шопаны Көшербай карттың калада тұратын үлкен баласына қонақтап қайтқан беті еді. Аттанар күннің қарбалас-думанымен жүріп, вокзал басына да поезд қозғалар сәтте ғана келіп жетті. Көшекең карт болса да пысықтығын, ширақтығын танытқысы келгендей зайыбына вагон есігін нұскай берді.

– Қалып коясың, бар кемпірім, орналаса бер. Мен қазір... Мына күшіктерді... – деп мүдірді де, «аталап» аяғына оралып жүрген екі немересін кезек-кезек кеудесіне басып сүйе бастады.

Келінінің демеуімен вагон баспалдағына көтерілген Салиқа:

– Жә енді, ол иттердің қылығы таусыла ма! Шын сағынса, өздері келсін, – деп ішке кірді.

Көшекең немерелерін әлі де сүйіп жатыр.

– Атасының құлыншақтары сол, атасының шырағы, жаны сол.

Сол кезде поезд да жылжи берді. Карт енді келіні мен баласының маңдайынан иіскеді де вагонға қарай көтерілді. Ұзын дәліздің есігін аша беріп, сонау бас жақтан терезе жақтауына сүйеніп тұрған Салиқаны көрді.

– Ау, кемпір, бұл жерде неғып тұрсың? Көпеге кіріп жайғаса бермейсің бе?

Салиқа қабағын тыжыртты.

– Іші қапырық екен. Жүрегім өрекпіп кетті.

Көшербай карт купе есігін кейін қарай сырғытып жіберді де, еркін аттап ішке кіре беріп аңырып қалды. Сол жақтағы диванда бір-біріне такаса отырған қыз бен жігіттердің түйіскен бастары алшақтай берді. Бетіне қан толқыны тепкен көзілдірікті жас қыздың абдырап қалғаны байқалады. Шеттеу шыққан самай шашын қалтыраған қолымен қайыра бастады. Ал кеудесін ілгері беріп шалқая отырған денелі сары жігіттің қабағында ұнатпағандай кейіс бар: «Қайдан келе қалдың?» дегендей көзін сығырайта алысқа қадап, терең алған демін ұртын томпайта ұстап, сәл отырды да тарс еткізіп сыртқа шығарды. Өзі де, биік кеудесі де басыла қалды. Көшекең шоқша сақалының ұшын ерніне жымқырып, тістелей берді. Шырайы мол кішкене қызыл жүзінде, момақан қоңыр көзінде абыржу мен ұялыс құбылысы бар. Ол ілгері басарын да, шегініп кетерін де білмей аялдап қалды да, ештемені елемегендей, көрмегенсіген бір аңқау дегдар қалыпқа тез түсті. Білегіне көлденең салған ұзын плащын қаудырлатып, іле беріп кейін бұрылды:

– Ау, кемпір, солай тұра бермексің бе сол жерде? Келсеңші бері.

Салиқа мамырлай басып есікке таянды, басын ішке ұсынып, бірден сол бетке көз құйрығын қадады.

– Бері жүр, – деді карт диванға отыра беріп, – Тегі, осы қабырғадағы астылы-үстілі орындар біздікі, болар. Бассаңшы аяғыңды кісі көрмеп пе едің, тәйір алғыр.

Көзілдірікті жас қыз тағы да қызарып кетті. Сезімнен көрі ақылға біткен қой көзін төмен салып, өкініші де, қуанышы да жоқ бір мүләйім қалыпта отырып қалды. Тамыршы карт сол кескінінен пәктік тазалықты, күнәсіздікті таныққандай болды да, соңғы сөзіне өкініп қалды. Сол жәйді өзі де ұмытқысы келіп, ана бейтаныс жолаушыларға да ұмыттырғысы келіп терезеге қарай сырғып отырды да, Салиқаға жылы шыраймен қарады.

– Кемпірім, отыр, шаршаған шығарсың. Әлгі күшіктердің қылығын қарашы, тіпті көз алдымда тұр. Аталаған дауыстары да құлағымда, – деп әңгіме тақырыбын басқаға аударды.

Салика коштай қойған жоқ. Баяу келіп отырды да, терезеге карады. Көшекең де сыртқа көз тікті.

– Жер-ақ шіркін. Бәрін былай қойғанда алмасына болайын. Кемпір, байқау керек екен-ау әлгі алмаларды. Желпіндіріп қойған дұрыс шығар.

Көзілдірікті жас қыз сыпайы ғана сызыла тұрды да, сыртқа шықты. Сары жігіт аузын томпайта тағы да бір терең дем алып көтеріле берді.

Купеде оңаша қалғаннан кейін Салика өзгеріп кетті:

– Бетім-ау, енді не дейін, – деп Көшекеңе сыбырлап карады. – Есікті ашып қалсам... екеуі бір-біріне кенеше жабысып алыпты. Айырылмайды. Ана біреу дүрдік ерін сарысы жеп жіберетіндей. Бүйтіп, өзіне тартып алып... (Салика екі қолын ілгері созып, ауада айқастырды да өзіне қарай тартты) басын олай бір, бұлай бір бұлғактатады. (Салика ернін сүйірлеп, ауаны сүйіп қойды). Ал әне бір көзілдіріктісі, тым болмаса, бір қарсылық жасасайшы. Жоқ, ол жоқ. Жазған неме қайта ана сарының бауырына кіріп барады битіп (Салика бұл жерде Көшекеңе қарай қисайып қойды).

– Жә, қатын енді. Мына шалың жігіт, өзің бір қыз болып көрмегендей жұтынып отырсың ғой. Болар енді.

Салика шалына ренішпен карады.

– Қыз болып, қашан сенің құшағыңа ынтызар болып едім. Өзің емес пе едің коярда коймай... болмаған. Іргеден келіп, кол жүгіртіп... маза бермеген.

Көшербай карқылдай күлді де, сақалын тарамдады...

– Жә, жә... жетер енді... бар болғыр. «Көшербайға бермесеңдер, суға кетіп өлем деп ағаларыңды коркытып отырып алған кім еді?»

– Мен онда кедей сорлының баласы ғой деп сені аяған болатынмын, – деп Салика шалкая отырды.

– Кедейшілін бар болғырдың! Кедейшіл болсаң қателеспейсің. Ха, хе, хе... – деп Көшербай басын бір иығына қарай қисайтып ұзақ сылқылдай күлді.

Сол кезде сары жігіт купеге қайтып кірді. Мына оғаш күлкіге сезіктеніп қалмасын деген оймен Көшекең төмен еңкейді. Қолына саквояж ілігіп еді, көтеріп тізесіне қойды. Аузын ашты да, ішін ақтара бастады.

– Пай, пай, осы үлкен келіннің пысығы-ай! Орамал, сабынға дейін ұмытпаған. Тек қарағымның ғұмыр жасы ұзақ болсын. Ұзағынан сүйіндірсін. Бір-біріне таупық берсін, – деп шұбалта сөйлеп, орамал, сабынды Саликаның сырт жағындағы сеткаға салды да, суытылған құс еті, жұмыртқа, бәліштерді жаймалы столдың үстіне қойды. Содан кейін газетті бетіне тақай ұстап оқып отырған сары жігітке карады.

– Шырағым, дәмге кел. Әлгі бала қайда? Ол да келсін, – деді.

Сары жігіт сыпайылық көрсете бастап еді, карт көнбеді. Есікті кейін сырғытып, әрірек бір терезе алдында тұрған жаңағы көзілдірікті кішкене қызды шақыртып алды.

– Мынау біздің осындағы үлкен келін баланың жолға салған дәмі. Алыңдар. Ұялмаңдар, – деп Көшекең шегіне отырып, малдасын құрды да, алдына жаңа бір ақ орамал салды. – Мыннның түсін білгенше бірдің атын біл дегендей, ныспың кім болады, шырағым.

– Қайыржан, – деп жауап берді сары жігіт. – Ал мына келініңіздің аты – Салика.

– Па, па... мына менің кемпірімнің аты да Салика. Атыннан айналайын.

Көзілдірікті кішкене қыз төмен карады. Ұялып қалды. Екі жастың арасындағы манағы бір оқыс қимыл әсіресе осы баланың бетіне шіркеу бола беретін сияқты. Ал үлкен Салика тамағын бір рет кенеп қойды да отыра берді. Сездіргісі келмесе де жас жолаушыларды қыртысы сүймей отырғаны аңғарылады. Сол жайды байқаған Көшербай карт:

– Тым жақсы. Ұялмаңдар, шырақтарым. Біз бір кезде сендердей жас болғанбыз, – деп қойды. Оны үлкен Салика да қостады.

– Иә, сөйткенбіз. – Содан кейін өзіне: «Бірақ сендерге ұқсап, көрінген жерде тістесіп жатпайтынбыз» деп күбірледі. Жөн сұраса келе Қайыржан Көкшетау облысындағы жаңа совхоздардың бірінде құрылыс инженері болып істейтіні анықталды. Демалыс алып Алматыға әдейі Саликаны іздеп келген. Ол Ауыл шаруашылығы институтын жуырда ғана бітіріпті. Сол Қайыржан тұрған жерге жолдама алыпты. Бұдан бір жыл бұрын табысқан, уәде байласкан екі жас кеше осылай аттанарда дос-жаран, ағайын-туғандарының алдында тойын жасап некесін қосыпты.

Бұл сияқты әңгімеден кейін дастаркан үсті кенейіп кетті. Кіші Салика да енді ашыла сөйледі. Оның әр күлкісін, қабақ қағысын, қимыл жүрісін Қайыржанның құмарта қызықтап отырғанын Көшербай барынша сезінеді. Кейде стол астында аяктарының ұрланып табысып екі жастың бойына құштарлық жалынын тұтатып, рақат сезімін салып өтетінін де аңғарады. Бәрі де түсінікті, бәрі де кеше ғана өз басынан ізін қалдырмай зулай өткен асыл жайлар. Көшербай карт бергі көп жылдардың арғы қабатында қалған сол бір асыл сезімдерін есіне алып жұбайына қарап еді, салғырт отырғанын аңғарды. «Ойпырау, мына жазғанның әлгі бір сөзді шынымен-ақ айтқаны ма?» деген күдік келді.

Салика көзілдірігін түзу мұрнының қырына туралап, түзеп қойды да тура қарап сөйледі.

– Сіз жоғарыға шығып әуре болмай-ақ қойыңыз. Мына төменде мен жатқан диванға ауысыңыз. Жоғарыға мен шығайын.

– Ие, карт адамдарға төменде болған қолайлы ғой, – деп Қайыржан да қостады.

Үлкен Салика рақмет айтып сыртқа беттеді. Қазіргі шақта жас та, кәрі де, тіпті ұзақ жыл өмір жолдасы болған Салика да түсініп жетпестей болып көрінген бір ғажап сезімге бөленген карт та екі жастың адал қылықтарына бөгет болмайын деп дәлізге шықты. Кенет шам жанды. Терезеден ашық аспан көрінеді. Сол ашық аспанның етегін белдеулей дүнкие жатқан адыр-белестер поезбен жарысып келеді. Арттан Салиқаның таныс дем алысы естілді. Аяғын сүйрете басып бері жақындап келеді.

Көшербай тұрған жерге аялдамай купеге қарай өтті. Бір сәт Көшекене шақырып алайын, аялдатайын деген бір ой келіп еді, бірақ дауыстамады. Сыртқа, бірінен соң бірі ауысып кейін қалып жатқан тау жүлгелеріне қарап тұра берді. Кейін сырғанаған есік дыбысымен Салика даусы бірге шықты.

– Ту, жазғандар-ай.

Көшербай кері бұрылып еді, Салика купе есігін қайыра жауып, бері келе жатыр екен.

– Дегенмен, ұятсыз екен өздері.

Көшекең әңгіменің не жайында екенін бірден түсінді. Бірақ үндемеді.

– Ана жазғандар тағы шөлдесіп қалыпты, – деп Салика тағы да қолын ауада айқастырды.

– Ол айып емес қой, кемпір. Жаңа қосылған балалар емес пе?

– Қойшы, тәйірі алғыр. Сен де бала бола қалғың келіп тұр ма?

Көшербай үндеген жоқ. Аяғындағы кебісін тарпылдата басып, зорлана жөтеліп, асықпай келді де, купеге кірді, төсек орын алдыртып жатып қалды.

* * *

Көшекен ертеніне ерте оянды. Сергіп, көңілденіп қалған. Төменде қарсы диванда Салиқа жатыр. Теріс қарап тізесін бүгіп алыпты. Жоғары бір полкада Қайыржан мен кішкене Салиқаның білектері айқасып қалыпты. Жас қыздың көзілдірігі сырғып кеткен. Жүзінде сәл бір күлкінің, куаныштың нұры ойнайды. Өз бойындағы бар тазалығын, асыл қасиетін өзінің сүйген жарына ұмсына беріп, осы бір тәтті де сергек ұйқыға шомғандай. Сол сәтте кіші Салиқа Көшекене бір кездегі өз Салиқасындай, ал, мына бір көз алдындағы бақыт – жігіт кезіндегі өз бақытындай болып көрінді: өзі қазір сексенді алқымдап, ал, кемпірі болса, жетпісіңді қорғалаған айша кемітіп, қиықтап тастаса да, бұлардың жігіт болған, қыз болған кезі кеше ғана секілді еді ғой. Үлкен Салиқа мына жастар қылығын қанша ерсі санағанымен, кезінде кіші Салиқадан да әрман емес пе еді?! Әлі есінде, Салиқаға сол өңірде үш жігіт ғашық болғанды. Бірі – дәулетті кісінің баласы – пан да ерке, өз құрбыларының серкесі – Кемелбек, екіншісі – атқамінердің баласы – өркөкірек те қарау Сыдық, ал үшіншісі – өмір-бақи мал баққан момынның баласы – мына Көшербай. Бір қызығы, Көшербай ана Кемелбек пен Сыдықтан өзін кем санайтын. Олардың алдында ақыл таластырып, білім салыстырып көрген емес. Аспандағы қол жетпес жұлдызға ұқсап, үш жігітті бірдей табындырған Салиқа сұлу басқалардың емес, мұның қармағына ілінер деп Көшербай сірә ойлап па?! Ойламаған... Ойламаса да, Салиқа сұлу мұның қармағына ілікті. Сонда бұлар алғаш рет шілік арасында кездескенде, көк шөпті төсек етіп, аспанында шөкімдей де бұлты жоқ көгілдір көк күмбезіне қарап, шалқалап жатқан Салиқа:

– Өмірімнің тірегі деп сені таныдым. Тағдырымның пірі деп сені таңдадым, – деген.

Сол сәтте Көшербайдың есіне өзінен көш ілгері санайтын екі жігіт, сол жігіттерді бұдан көш ілгері санайтын, артық бағалайтын қыз ағалары түскен еді. Ағалар қарсы болса?.. Мақтаншақ Кемелбек пен қасқарау Сыдық: намысты қолдан бермейміз деп төтелей тартса?.. Істің арты немен тынбақ?.. Жоқ, бұл қорқақтың көңіліндегі – ақыры не болар екен деген түйткіл емес, қай нәрсені болса да ушықтырғысы келмейтін, қай жерде болса да татулық іздейтін, өзгенің қайғысы үшін өзегін өртейтін, өзім дегенге өлімге де бара алатын, момын да адал жанның сауалы болатын. Осы шындықты зерделі Салиқа білетін-ді. Түсінетін-ді. Көшербайдың әлі есінде: күн ұзақ пішен шауып, кештетіп келсе, ауыл іші ызу-кию, у-шу. Жартыбай деген сінірі шыққан сорлы бар еді, соның жалғыз сиыры ми-батпақ тартпаға түсіп кетіпті. Шығарар бір пенде жоқ. Кемел-

бек зытып отырған. Ал қасқарау Сыдық болса: сиыр шығарам деп жүріп, құрдымға батып өлер жәйім жоқ, деп шықпай қойыпты. Сол сиырды жанын шүберекке түйіп, жағада өскен ағашқа арқан байлап, әр қилы айла-тәсіл қолданып, Көшербайдың суырып алғаны Салика көңілінде сенім мен ерліктің түйіні секілденіп өшпес із қалдырған болатын. Осы оқиғадан кейін Салика бір қызық түс көріпті: кәдімгідей өңі секілді. Бұған көңіл салып жүргендер – мына Кемелбек, Сыдық, Көшербай үшеуі ғана емес, тіпті көп екен. Солардан мезі болған қыз ағасы қырындаушыларға бір шарт қойыпты: әлгі ми-батпақ құрдымның арғы бетінде бір сиыр қалған. Сол сиырды бергі бетке кім алып өтсе, қыз ағасы Саликаны соған бермек. Бір қызығы, Саликаның өзі де сол шартқа қарсы болмапты. Себебі – Көшербайдан басқа бір пенденің бұл шартты орындай алмайтынын анық білген ғой. Шындығында солай болыпты да. Қыз жүрегінің қалауы Көшербай болуы да содан.

– Енді бізді елімнің өзі де айыра алмайды, – деп еді сонда Салика.

Дүниенің бар байлығын осы бір сәтке, ләззат сәтіне, ғашықтық, құмарлық сәтіне айырбастап жіберуге дайын жатқан Көшербай сүйген жарының кеудесіне сол қолын салып, қатты қысып, құшақтап сүйе берген, сүйе берген...

– Ризамын тәңірге! Тағдырыма ризамын!

Сөйтсе де Салика сөзінің мәнін Көшербай келе-келе, балалы-шағалы болған соң ғана түсінді. Жардың айтқаны рас екен. Бұлар өлсе, балалары бар. Олардан асса, қаулап немерелер келеді. Шөберелердің де ауылы алыс қалған жоқ. Олай болса, бұларды өлім қайтіп ажырата алмақшы? Салика мен Көшербай тұтатқан өмір оты нәсілден нәсіл қуалап, өмір бақи жалғаса бермек емес пе!?. Неге екені белгісіз, карт тағы да жоғарыға көз қиығын салды: Қайыржан мен кіші Саликаның білектері сол айқасқан қалпы. Қыз жүзінде пәктік пен жастық табы. Атып келе жатқан таң нұры дейсің бе, әлде ашылып келе жатқан гүл рені дейсің бе, әйтеуір Көшербай алыста қалса да, өз жүрегіне сондай жылы да жақын, таныс бір құбылысты аңғарды. Ол енді еріксізден төменге көз салды. Үлкен Салика өмірінде түк болмағандай, манағы бір теріс қарап, бүк түсіп жатқан қалпы, қозғалмаған.

Карт бір күрсінді де, сыртқа шықты. Жастарша еркін, шешіне ширақ жуынды. Содан кейін купеге дауыстап, жұртты оята келді. Кішкене бір уақыттан кейін тағы да дастарқан жайылды. Енді ауыл аралас, қой да қоралас болып кетті. Жастар тым сергек, әрі еркін отырды. Қайыржан бірдеме айтса кіші Салика оны құптайды. Тіпті ол сол сөздердің мағынасына да терең бойлап отырмағандай. Сонда да құптайды. Әрине, Қайыржан теріс нәрсені айтпайды ғой. Көшекең өз жұбайына қарады. Ол да көңілді. Анда-санда аузын

бір сылп еткізіп, термоска құйылған ыстық шайды тартып отыр. Жастардың мына бір жарастығын әлі де артық санайтын ынғайы бар ма, калай?!

Бір ретте кішкене Салика көзілдірігін козғай беріп Қайыржанға күлімдей карап калды. Көшекең ұялтпайын деген ниетпен терезеге бұрыла отырды. Жактауда тұрған ескі бір газетті колына алды. Үңіле беріп калтасына кол салды. Көзілдірігін іздеді. Зайыбына карап еді, ол да көзін сәл төмен салып отыр екен. Екі жастың мына таза кылыктары оны да еліктіріп әкеткен сиякты. Кескінінде бұрынғыдай реніш те, кірбің де білінбейді. Айрыкша бір күйге түскендей.

Кенет Көшербайдың есіне көзілдірігін Салика сыртындағы сеткаға койғаны түсті. Соны алайын деп, сол колын созып, зайыбына карай ұмтыла беріп еді, Салика оты кайта бастаған көз жанарын айрыкша бір сезіммен бір жалт еткізді де, Көшекеннің құшағына құлай кетті.

– Ау, мұның не? – деп Көшекең ең әуелі анырып калды да, кемпіріне шошына көз салды. Содан кейін ракаттана езу тартты: шалдың көз алдына кай заманғы шілік ішіндегі көк шөптің үстінде көгілдір аспанға көзін кадап, шалкалап жаткан өз Саликасы – балауса Салика елестеп жүре берді....

1955 жыл.

ҚАРАҚҰМ ЕМЕС, ҚАРАҒЫМ

Казакстанның жалпак өнірін алып жаткан ұшы-киыры жок құнарсыз құмды өлке – Қаракұмға ойда жокта жолымыз түсті.

Құнарсыз өлке?

– Ха-ха-ха. Құнарсыз өлке деп кім айтты? – Қызылорданың белгілі акыны Әбдікәрім Оналбаев маған осылай кадалды.

– Ал сонда Қаракұмның несімен мактанбаксыз? – деп мен де кайтпадым.

– Егер білгің келсе айтайын. Қаракұм – байлык коймасы. Мына ішкен тамағың, мына үстіне киген киімің бәрі де Қаракұмда жасалады. Сендер құм деген атынан ғана шошисыңдар. Шынтуайтка келгенде Қаракұмның не екенін білмейсіңдер, – деді ол. Содан кейін, – жалпы біздің облыска келген соң құмымызды көрмей кетуің өкінерлік іс, – деп түйді.

Оналбаев екеуміз жолға шыққалы отырмыз. Мен болсам Сыр бойындағы елді аралағым келеді. Ал Әбекең болса құмға тартады.

Көре алмай кеттім-ау деп өкінер құмда не керемет бар дейсің! Құмның аты құм емес пе! Жел үп етсе сырғи жөнелер, жыланның бауырындай қылтанағы жоқ құм шағылдар. Күйдірген күн. Буалдыр тартып мұнарткан қапырық дала.

Мен, міне, Қарақұмды осылай елестетемін. Бірақ амал жоқ. Әбекең болса осы арада туып өскен, жер жайын, ел жайын жақсы білетін көшелі адам. Көнбеске болмайды.

Сөйтіп, біз Қарақұмға тарттық. Қармақшыдан шыққан соң Әбекең алғашқы сөзін шофер балаға арнады.

– Әй, Рақым, су алуды ұмытқан жоқсың ба?

– Қарақұмда бәрі де бар емес пе! Керегі не судың? – деп мен күлдім. Әбекең де күлді.

– Бәрі бар екені рас. Бірақ жолда аралары керекар алты айшылық киян шалғай шөлейттер жатыр. Машина жазым болса, су осы тұста керек болады. – Осыдан кейін Әбдікәрім менің көңілімді аулағысы келді білем, Қарақұмды мақтай бастады. – Бұл төңіректі жайлаған қалың елде «Қарақұм дегенше, қарағым десеңші» – деген мәтел бар Қарақұм құнарсыз болса осылай дер ме! Шіркін, Қарақұмның самалды түнін, салқын ауасын айтсаңшы. Шипа ғой жанға.

Күні бүгінге дейін бұл елдің жаз жайлауы Қарақұм да, қыс қыстауы Сыр бойы. Наурыз туды, бітті. Мына дария бойында бір малшыны ұстап тұра алмайсың, бәрі де құмға тартады. Ерте заманда байлар сөйтетін еді. Сырда маса, сонаға жем болып, сіңірі шыққан кедейлер ғана қалатын.

Әбдікәрімнің бұл сөзі таң қалдырды мені. Жаз шыкса мал жайын білетін қазақ шаруасы көкорай шалғын, өзен-су бойын сағалаушы еді. Ал, мына ел болса өзеннен қашып, құмға тартады. Тіпті қызық. Мен енді «мақтаған құмды не де болса бара көрерміз» деп түйдім.

* * *

Қысты Сырда, не болмаса, арғы Қызылқұмда өткеріп шыққан қалың отарлар үдере көшіп, айлап жүріп Қарақұмға жетеді екен. Керік жатқан осы бір алшақ атырапқа түнделетіп болса да біз бүгін жетуге тиіспіз. Әйтпесе, мына ку медиен далада түнеуге тура келеді.

Күн көтеріліп қалды. Жер дүние манаурап, сілеміктене бастады. Талай бел-белестерден асып қаска жол жатыр. Бізді ғажайып бір киян шалғайға тартып барады. Бірер жерде дала тағысы үйірлі ақбөкен кездесті. Машинамен сәл жарысып отырды да, изенді-жусанды, түбірлі тасжарған өскен тықыр нұраның шаңдағын бұркырата алдымызды кесіп шу қарақұйрық бір-ақ тартты.

Жер жайын білмегендіктен бе, осынау ұлаңқайыр кер далада адам жоқ, тірлік жоқ дегенге сенгің де келмейді. Бір қырқадан асып едік, оң бүйірден теңіз шалқыды. Енді бірде көз ұшынан бұлдырап салт аттылар, түйелі керуендер көрінгендей болды. Одан әрі ну орман көгерді. Үзілмес бір үміт бар. Меніреу тыныштық басып тұрған мына далада біреу-міреуге кездесе қалатын сияқтысың. Келесі қырқаның астында ел бардай, қазір соған барып машина тұмсығын тірерміз деумен отырасың. Бірақ бір ғаламаты осының бәрі алдамшы елестер ғана. Жақындап келсең су дегенің сағым болып шығады. Салт атты ма, немесе түйелі керуен бе деп көз қадағаның кәдімгі бір түп қурайға айналып кетеді.

Енді бірде алыста көк мұнар кілегей сағым арасынан ғажайып бір қала көрінді. Кәдімгі қала. Мен тесіле қарадым. Жыпырлаған кілең бір қызыл шатырлы ақ үйлер. Бұл жерде қандай қала болуға тиісті? Сұрастыра келсем қала емес, Ханқазған деген биік төбе екен. Бесінге дейін бірде тура алдымыздан кес-кестеп, бірде бір бүйірден қатарласа жарысып, бір жақындамай қойды.

Енді жасырмай-ақ қояйын, жүрекке бір күдік кіре бастады. Ал, егер мына машина түскір сынып қалса ше? Баллоны жарылып кетуі де мүмкін ғой?! Әлде осының бензині таусылып қалып жүрмесе не қылсын? Қашан сені іздеп тауып алғанша талай күн өтпей ме?! Шеті де, шегі де жоқ мына тылсым шөлейт енді жұтып қоятындай болып кетті.

Осындай екі ұдай теткулі көңілмен отырғанымда жолдан сәл қиыстау әртіңгі қырқадан тағы да бір түйелі көрінгендей болды. Мен енді оған мықтаса тасжарған, не жыңғыл болар деп мән бермедім. Машина түлкі құйрық бұраң жолмен бұлталаңдап заулап келеді. Бір белден астық. Сол кезде Әбекеңнің:

– Ойбай, мынау түйелі кім болды екен? Тоқта, Рақым! – деген даусы естілді.

Сонда көрдім, жыңғыл дегенім бұл жолы шын түйелі адам болып шықты. Бізді көріп қиядан төтелеп салып келеді. «Аялда!» дегендей бөркін бұлғайды.

Рақым тежемені басты.

– Жоқ іздеген біреу болды ғой.

Әлгіндей болмай жанағы жапан кезген жалғыз да келіп жетті. Түйесін шөктіріп жерге түсті. Шоқша сақалды, шапаты бойлы тарамыс бір қара шал.

– Уай, балалар, алдарында мал көрдіңдер ме?

Біз Қармақшыдан шыға бергенде қара-құра көп отар көрген едік. Соны айттық.

– Апыр-ай, дарияға жетіп қалған екен ғой, – деді қара шал.

Жөн сұрассақ, ол көрші Жалағаш ауданының шопаны екен. Ана Қармақшыға жетіп қалған отар иелерінің бірі. Қора-қопсы қамын

ойлап, күздің бір айын алға салып, құмнан қыстауға көшкен беті екен. Өзі отарынан қалып кейін құмға бет алғанына екі-үш күн болыпты. Бақташы мінетін бір азбан бар екен. Ер-тұрманымен кетсе керек. Іздеген жоғы сол.

– Үйренген жері – құмға тартты ғой. Мына тықыр нұрада тұрақтар ма! – деді Әбекең.

– Өзім де солай шамалаймын, – деді карт.

– Әне, құм дегенің сол, – деп Әбекең енді маған карады.

– Апыр-ай, құм қайда, біреу қайда! Не қылсам екен? – деп дағдарды карт шопан.

Біз оған осы жерден қайтуға кенес бердік. Қарақұмға барған соң жүрген жерімізге сұрау сала, айта жүрейік – дегенді айттық. Карт та осы ақылды мақұл көрді.

Қоштасар сәтте шофер бала:

– Кария, шөл кажытқан шығар, – су бар бізде, су ішіңіз, – деді.

Шопан селдір сақалын тісіне басып сәл тұрды да, ынтасыздау ғана:

– Жарайды, бірер жұтайын, – деді.

Барынша арық та талдырмаш, бірақ елгезек, пысық Рақым өзіндей тарамыс шалға дүңгірдің қақпағын ашып қызмет етіп жатыр.

Шопан кішкенелігіне карамастан үлкен ыдысты жеңіл көтеріп жоғары апарды да, бір-екі рет суды карбыта ұрттап аузын сүртті.

– Бірер күндік жолыңыз бар ғой, сусыныңыз болмаса, құйып алыңыз, – дедім мен оған.

– Ой, тәйірі-ай, шөлдесем таңдайға басар бес-алты малтам бар. Бұл далада судан өлгеннің моласын көрген жоқпын, рахмет, шырағым, – деп ол түйесіне мінді де, желіп кетті.

– Жаудан-жұттан корыкпайтын нағыз дала батырлары, міне, нак осылар, – деп Әбдікәрім ұзап бара жатқан кішкене шалдың соңынан карап калды.

Мен өзімнен өзім ұялдым. Әлгі бір көңілге енген коркыныштын тіпті ерсі екені де аян болды...

Тағы да ілгері тарттық. Алдағы адыр-белестерге асылып баяғы каска жол жатыр. Күн кешкірді. Батыс жак алқызыл өрттей болып күн батты. Енді «Осының ар жағында бірдеме бар шығар» – деп дәме етіп отыратын шокы нобайын жоғалта берді. Алдыңғы бетті бейуақыттың кап-кара тыныштығы жапты. Біз енді тіршілік мекенінен тым алыстап кеткендейміз.

Ендігі бір сәтте алдымыздан шөккен нардай болып дүнкие карауытып бірдеме көрінді.

– Құмның шетіне іліктік. Мынау шағылдар, – деді Рақым. Ауырлай қалған машина қоңыздай ызылдап биік барканға өрмеледі.

Әлгіндей болмай ар жақтан ит абалады. Әр жерден от жылтырады. Жан-жақтан «келе жатыр», «келе жатыр» деген айқайлар естілді.

Рақым машинасын жер ошақта от жылтылдаған боз үйдің алдына әкеп тіреді. Қиық қара мұрты бар орта бойлы бір жігіт келіп қолымызды алды.

Бұл Энгельс атындағы колхоздың қой фермасының бастығы Кәрібоз Нұрпейісов деген кісі екен.

Сөйткенше болмады, жан-жақтан ит ерткен салт аттылар келіп топтала берді.

– Кешіккен соң, адасып кетпеді ме екен деп, сіздерді қарай шыққан адамдар ғой, – деп түсіндірді Кәрібоз.

Таңырқаған мен:

– Біздің келетінімізді қайдан білдіңіздер? – деп қалыппын.

– Рациямыз бар ғой, рация.

Мен Қарақұмның облыс, аудан орталығымен тығыз байланыста екенін сонда ғана түсіндім.

Кәрібоз үйінен тың көзге түскен екі нәрсе болды: бірі кіре беріс үстел үстінде ұқыпты жиналған газет-журналдар. Жасыратыны жоқ, өзім Алматыдан шыққанда баспаханада жатқан «Мәдениет және тұрмыс» журналының соңғы саны Қарақұмда алдымнан, шопан үйінен табылғанда қатты қуандым.

Бұл да бір аудан орталығы мен Қарақұм арасында жақсы байланыс барлығын танытатын жақсы нышан. Екіншісі – осы үй ішінің барынша тазалығы. Бір босағада керегеден асыра жиналған төсекорын крахмалданған ақпен жабылыпты. Айнала қабырға қолдан тоқылған тамаша кілемдермен ұсталған. Ыдыс-аяқтың тұрған жері де айрықша жинақылығымен көз тартады.

Табалдырықтан төрге дейін кілем, көрпе төселген. Біз аяқ киімізді босағада қалдырып шұлықшаң жоғары шықтық. Бір қынжыларлық нәрсе, дастаркан жерге жайылды. Бірақ көп сөйлемесе де, аса бір ілтипат көрсетіп жүрген Күләйлаш жеңгей бауырсақ пен құртты, қант пен тоңазытылған етті, тәттілерді жеке-жеке тарелка, вазаларға салып қала тәртібімен әкеп қойды. Шанышқы мен күміс қасықтар да келіп қалды. Жалтыраған қытайы кеселерге шәй құйылды. Бір жақтан бірер көкмойындар да көрінді. Кәрібоз кішкене рюмкаларға ақаңды құйып, әркімнің алдына қойды.

– Бұл шіркін Қарақұмда да болушы ма еді?! – деп сұрадым.

– Қу неме емес пе, жылы-жұмсақ жерді біледі ғой, – деп әзілдеді Әбдікәрім.

– Осының беделі түсіп бара ма деймін. Ішуді азайтты жұрт, – деді Кәрібоз.

Кәрібоздың бұл сөзін қалғандары өтірікке шығармайын деді ме, кім білсін, рюмкаға қол апарған ешкім болған жоқ.

– Біраз жыл соңына жарық алып түсіп жүріп те ішіп едік, мүйіз шықпады сонда да, – деді Салмырзаұлы Алмаш деген жігіт.

Екінші бір шұбар жігіт Алмашты құптай сөйледі.

– Мүйіз шықпағаның не, денсаулықтан айырылып қала жаздаған жоқпыз ба?!

Осыдан кейінгі әңгіме шаруашылық жайына ауысты.

Шопан біткен биыл көңілді көрінеді. Мал басы аман да әрі күйлі. Күзем жүні алынған. Міндеттемеде көрсетілген 45 килограмның орнына, мемлекетке өткізер әр қойдың салмағын 59-60 килограмға жеткізген. Ендігі іс қойларды іріктеп, шопандарға жаңа отар бөліп беру көрінеді. Осы жұмыс біткен соң мал қысқы жайылым – Қызылқұмға қарай бет алмақ.

Осындай әңгімемен көп отырдық. Бір кезде жиналған жұрт та көтерілді. Күләйлаш жеңгей қалың етіп төсек салды да, асты-үстімізді крахмалды ақ сейсептермен орап тастады. Ұзақ жолдан кейін біз Қарақұмның қиян шалғай бір түкпірінде тамаша ұйқыға ойыстық.

* * *

Қарақұм! Біз, міне, бір биік құм шағылдың кеудесіне шығып тұрмыз. Айнала көз жетер жердің бәрі шажырқайдай құжынап жатқан ірілі-уақты құм төбелер. Қырматаздың басындай. Бірақ бұл алдамшы көрініс. Көбіне «құм» десек болды, «бір тамшы суы жоқ, шөл» деген сөз көмекейімізге келіп тұрады. Қандай қате пікір. Мына Қарақұмды айлап кез, бірақ су іздемейсің. Өйткені, кез келген ойпаңды қолыңмен тырнасаң, қарыс сүйем жерден су шығады. Бұл кең өлке бетін құммен жауып қойған шалқыған теңіз. Ал онда не бір асыл шөп өспейді! Еркек, алабота, жантақ, сағыз, ебелек тағы сондайлар. Күз малды Сырға айдағанда жылқы, түйе сиякты жүрдек жануарлардың кейін тарта беретіні де содан болуы керек.

Қарақұмды – Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының жүз мыңдаған малы жайлайды екен. Арып келіп, семіріп қайтады. «Қарақұм – байлық қоймасы» десе дегендей-ақ.

Біз, міне, төбеде тұрмыз. Етекте сыртын кіршіксіз ақпен сылаған кішкене үй көрінеді. Бұл – аурухана. Одан әрі емхана, оның ар жағында дүкен. Әріректе биік антенналар көрінеді. Ол – рация. Ал одан әрі шашырай жайылған қалың қойлар.

Бұл – Қармақшы ауданының Қарақұмдағы орталығы – Жапақтың бүгінгі көрінісі.

Міне, біз әлгі ақ үйге келіп кірдік. Сегіз кісілік кішкене ауруха-на. Әр қилы аурулармен түскен бес-алты колхозшылар жатыр. Жас дәрігер Омаров Қасымқан өз шаруашылығымен таныстырды.

Жеңіл-желпі аурулар осында қаралады. Ауыр науқас Қармақшыға, не Қызылордаға жөнелтіледі. Керек дәрінің бәрі де бар.

Бір ғажабы, мұнда баланың іш ауруы болмайды екен. Өйткені Қарақұмның күні қоныржай да, шыбын деген атымен жоқ.

Одан шығып дүкенге кірдік. Астанадағы ірі универмагтың бір кішкене бөлімшесі сияқты. Баланың ойыншығынан бастап, жаңа сәнмен тігілген қымбат бағалы костюмге дейін ілулі тұр.

– Қойшылар не нәрсеге мұқтаж? – деп сұрадық дүкенші Бектасов Үсеннен.

– Үнді шайы бар, бұрын бір мұқтажымыз шай кесе болушы еді, ол да бар. Жібек те, шыт та көп. Жалғыз-ақ пүліш, берен жағы аз. Соны жиі сұрайды.

– Ол енді тым салтанат сән құрғандық қой, – деді сондағының бірі.

Рас, бұл сөздің жаны да бар шығар. Бірақ малшы біткен пүліш пен беренге ғана мұқтаж болса, Қарақұмға оның да барарына күмән жоқ.

* * *

Қарақұмда өткізген төрт күн ішінде көптеген малшының үйінде болдық. Бәрі де бай, ауқатты. «Отан» атты радиоқабылдағышы, газет-журналы жоқ бір үйді көрмедік. Ең қуанарлығы малшы үйінен бөстек кетіп, ақ сейсептер келген. Тазалық келген. Әсіресе Чапаев атындағы колхоздың малшылары Салмұрзаұлы Алмаштың жамағаты Айнаш жеңгейдің, Пернебеков Шәрі жолдастың үйіндегі Ажар замандастың ас, үй ұстау тазалықтарын ерекше атауға болады.

Рас, бұл үйлердің бәрінде де дастарқан жерге жайылады екен. Жамбастап жатып тамақ ішу үйренбегенге тіпті қиын.

Қармақшы аудандық тұтынушылар одағы малшыларға арнап аласа үстелдер де жасап шығарыпты. Біріншіден, бағасы қымбат, екіншіден, сүйегі ауыр, көшіп-қонып жүрген халық ауырсынатын түрі бар. Бірақ бұл дәлел емес.

Көп күнгі көргеніміздан тағы бір түйгеніміз – Кәрібоз айтқандай «арақ шіркіннің беделі түсе бастаған». Рас, қай үйге барма, тамағымен қоса арағын да алдыңа тосады. Бірақ ішуші аз.

Біздің осы пікірімізді дүкенші Үсен дәлелдей түсті.

– Бұрынғы жылдарда бір машина арақ бір жұмаға жетпей қалушы еді. Қазір айларға кетеді, – деді ол.

Бұл – шын қуанарлық бет бұрылыс.

* * *

Біз дүкенші Үсеннің үйінде отырдық. Үлкен шошақ карнын жалпақ белбеумен көтеріп тастаған бір дәу сары келді.

Осы Жапақтағы жүн қабылдау пунктінің бастығы Қаржаубаев Жұбан деген жігіт екен.

– Біздің де үй осында, конақ болыныздар, – деді ол.

Біз асығыс екенімізді, жүріп бара жатқанымызды айттық.

– Жұбан олай болса... – деп күмілжіді де, денесінің үлкендігіне карамастан ширақ басып далаға шығып кетті. Бір кішкенеден соң қайтып оралды. Қолында үлкен бір карбыз, бес-алты кызан, кияр, екі-үш түп пияз.

Қарақұмда көкөніс көрем деп кім ойлапты!

Бес-алты күннен бері көкшөп көрмегендіктен бе, әлде мына Қарақұмда тым таңсық көрінді ме, бәріміз де каужаңдап, тамашаладық та қалдық. Осы үйдің кішкене баласы да әкесінің артынан келіп түрткілеп жатыр.

Кесек бір киярды ұстап о да куанып кетті.

– Көкшөп дегенің мұнда кайдан келген?

Жұбан күлді:

– Шығар ма екен деп бір кішкене жерге еге салып едім, – бой бермей барады.

Мен он жағымда отырған аудандық партия комитетінің секретары Телжанов Хамитка сұрана қарадым. Оның себебі бар. Құм аралап жүргенде «пәленшенің ағашы», «түгеншенің ағашы», – деген жер аттарын жиі естіген едік. Ол ағаштардың кейбірі кесіліп калған. Кейбірі күні бүгінге дейін күткен ешкім болмаса да жайқалып өсіп тұрған екен. Содан түскен бір ой: ағаш өскен жерде көкөніс неге өспейді болған. Мен соны секретарь жолдаска айтканымда: – Құмда овощ өсуші ме еді?! – деген еді.

Сол жауабы есіне түсті білем, Хамит жалтара сөйледі.

– Малшылар Қарақұмға көктемді жолда өткізіп, жаздың басында келеді. Ол кезде овощ егуге болмайды.

– Екі-үш колхоз бірігіп, араларынан екі-үш адам бөліп «овощ егіндер», деп Қарақұмға ерте жіберсе кайтер еді?

Секретарь ойланып калды. Ие, бұл ойланатын шаруа.

Келер жылы әр малшының дастарканында көкөніс болсын! Оған Қарақұмда толық мүмкіндік бар.

* * *

Біз аттанатын күні түнімен нөсер құйды да, таң ата ашылды. Как біткеннің бәрі шалқыған көлге айналды. Малшы куанышында шек жок.

– Қарақұм биыл тіпті мейірлі, – деді Ленин орденді карт шопан Аманкайыр. – Жаз бойы күннің ыстығында бір тамған жоқ. Ашық болды. Міне, енді дер кезінде жауды. Екі-үш күннен кейін Қарақұм адам танығысыз құлпырып кетеді. Құтты қонақ келгенде қой егіз табады дейді ғой. Құтты қонақ болдыңдар.

Қарақұмның тағы бір сыры ашылды. Жаздың ыстығында жауған жаңбыр пайда емес, залал. Ондай жаңбыр артынан ыстық түссе, шөп біткен солып қалады екен! Ең пайдалысы күзде жауған жаңбыр.

Біз меймандос Қарақұм малшыларын төрт күн араладық.

Міне, баяғы таныс жолмен кейін қайтып келеміз. Артта көзге ыстық қимас бауырлар қалғандай. Қайта-қайта қарай береміз.

Иә, бұл атырап Қарақұм емес, қарағым екен.

1959 жыл

АЛТЫН САҒАТ

Пенде шіркінге жол дегенің қайда түспейді! Өз мекемеміздің шаруасысымен кеше ғана Қазақстанның солтүстігінен келіп едім, міне енді Қиыр Шығыска бет алып барамын.

Жол болса ұзақ. Осындай алыс сапар үстінде екі қолыңның алдына сыймай қалатын әдеті емес пе.

Зеріге бастайсың. Содан ба, жаңа бір таныстықтарды іздейсің. Сөйтсе де соның бір қисыны келе қоймайтын да кезі болады екен ғой. Оны мына қасымда жатқан жолаушыға қарап айтамын. Екеуміз қарама-қарсы отырып тамақ жейміз. Не болмаса, терезе алдында қатарласа ұзақ тұрып сыртқа караймыз. Одан жалыксақ, төсегімізге келіп, шалқамыздан түсіп жатамыз да кітап, газет оқимыз. Сонда да әлі бір тілдескен жоқпыз. Шынымды айтсам, таныссам екен, сөйлессем екен деп ынтығатын да сияқтымын. Бірақ инені мен сабақтағым келмейді. Оныма себеп те жоқ емес.

...Поезд бір станнияға келіп тоқтаған еді. Мен далаға шығып олай-бұлай жүріп бой жазып, қайтып келсем, купемде жуантық бір сары отыр. Үстінде макинтош. Қолында белбеулі жуан портфель. Ең алдымен, менің көзім оның кейпіне түсті. Жоғары қарай әнтек көтерілген дөңгелек иегі, май басқан үлкен бұғағынан мүлде көрінбейді. Екі танау кішігірім екі апан сияқты, кеңсірікке тік түсіп, таңырайып қалыпты. Мұрын дегеннің бар белгісі осы ғана.

Ал кабақ болса, ернеусіз көлдің жағасы секілді, жылмағайланып барып, жалпақ маңдайымен астасып жатыр. Осы бір кейпіне әуендесіп, селдір шашы да шалқасынан жатқыза таралған. Сонысына қарамайды, кеудесін де тік ұстап, шалқақтай береді. «Шалқақтасаң шалқақтай бер, – деп қоямын ішімнен. – Оған менің нем кетеді». Міне, содан бері үш күн өтті. Таныстығымыз әлгі.

Өмір деген қызық қой. Ұлы оқиғалардың тағдырын кейде болмашы бір себептердің шешіп кететіні бар емес пе! Айталық, Наполеонның Ватерлоода жеңілуіне себеп болған – кейінде қалған әскерінің үлгіріп жетпеуі екен.

Егерде ол әскер үлгіріп жетсе ғой... Әрине, дүние тарихының талай беттері басқаша жазылған болар еді-ау... Спартактың да тағдырын ат шешкен. Архимед те солай. Егер ол барын моншаға түспесе, «Эврика – таптым!» деп айқайлап, тыр жалаңаш жүгіріп шықпас еді далаға. Ал далаға жүгіріп шықпаған болса, бәлкім Сиракуз патшасы Геронның тәжіндегі алтын-күміс санаусыз қалар ма еді, әлде қайтетін еді? Міне, достым, солай, бәрінің де тетігі елеусіз де болмашы бір себептерде жатыр.

Дәп сол сияқты бір кішкене кілтипан болмағанда, мына жуантық сары екеуміз де ренжіскен адамдарша қонторғай қалпымызда жөнжөнімізге кете баратынымыз хақ еді. Кілтипан деп отырғаным кәдуілгі сағат. Құдайдың дес берісінде дәл уақытымен арамызға килікті де, манағы ешқайсымыз сабақтағымыз келмеген инені сабақтап жіберген!

Жігіттің аты Баржақсы болып шықты. Хабаровск өлкесінде көптеп көріспеген ағайындары болады екен. Кәдуілгі кезекті демалысын пайдаланып, соларды іздеп келе жатқан беті.

Әрине, Баржақсы екеуміздің танысуымыз анау айтқан елеулі оқиға да бола бермес. Сонда да екеуден екеу отырып алып, үндемес ойнау дегенің сондай қиын-ақ екен. Міне, танысқаннан кейінгі жағдай басқа. Купенің іші нұрланып сала берді. Оның үстіне Баржақсы айтқан әңгімені тыңдаймын деп уақыттың қалай өткенін де аңдамай қалыппын. Ал асыққан, ала көңіл болған жолаушыға уақыттың тез өтуі – мың да бірден табылмас шипалы ем сияқты болатыны айтпаса да түсінікті ғой.

Бәрі де сағаттан басталды дедім ғой. Мен төсегімде жатқанмын. Не істер екен деймін бе, қайдам, әйтеуір жуантық сарыға ауық-ауық ұрлана қарап қоямын. Ал анау болса, менімен шаруасы жоқ, газетке үңіліп отырған болатын. Бір мезет әлдене оқыс ойына келген адамша қауырт қимылдап, белбеулі жуан портфелін ашты. Әлгі «будильник» деп аталатын сағат бар ғой, сондай бір қоңыраулы кішкене сағатты алып шықты. Әуелі құлағына апарды. Содан кейін бұрап, олай бір, былай бір сілкілеп, біраз отырды. Басын шайқады. Ақыры маған бұрылды да:

– Айтып жібермес пе екенсіз, уақытыныз канша болды? – деп сұрады.

Жуантық сарыны мұндай сыпайы деп кім ойлаған. Ұшып тұра келдім де, шалбарымның кішкене қалтасына қолымды сала бердім. Қол салатын себебім, менің сағатым «Павель Буре» деп аталатын, алтын жалатқан ашпалы қақпағы бар репетейсіз, тым үлкен, атам заманғы бір қалта сағаты болатын.

«Павель Буренің» менің қолыма қалай түскені де тіпті жадымда жоқ. Әйтеуір бері салғанда, соңғы бір жиырма жылда сенімді серігім болып келе жатқаны анық. Соғыстан кейін сағат дегеннің небір кереметтері шықты ғой. Сонда да «Павель Буре» кейде бірер минут ілгері кетіп, кейде бірер минут кейіндеп қалып жүргенімен, соншама ұзақ мерзімнің ішінде бір сәт алдап, жұмыстан кешіктіріп көрген емес өзімді. Көксау шалдың кеудесінше сырылдап соғады да тұрады әмәнда. Содан ба, әлде жасым болса келіп, жылтыраққа жүгіргім келмейтінінен бе, немесе, кем-кетік, ой-шұқырының бәрін де түсініп, тоқтап қалар болса түртіп қалып, нұқып қалып дегендей жүргізіп алып жүре берер дағдым болған соң қимаймын ба, тіпті қайтсе де жоғалып қалмай қалтамда салдырлап жүре бергендігінен бе, кім білсін, әйтеуі өзгертейінші осыны бір, жаңа да жақсы сағат алайыншы бір деген ой келіп көрген емес маған. Жаңа костюм киген сайын, шалбарымның мықын қалтасын үйдегі жеңгелеріне кенейттіртемін де, добалдай «Павель Буремді» салып алып, тарта беремін қашанда.

Міне, қолақпандай етіп сол «Павель Буремді» шығардым ғой тағы да. Бағзы бір ертегілерде: «Бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық. Сол сандықтың ішінде қара дәудің жаны» деп келеді ғой. Дәл сол сияқты. Тырс еткізіп, күңгірт тарта бастаған алтын қақпағын аштым сағаттың. Оның ішіндегі кішкене қақпақты және аштым. Сосын барып уақытты айттым.

Байқаймын, жуантық сарының көзі сағатта. Іздеген жоғы табылғандай ішіп-жеп барады. «Бәлен уақыт болды» дегенім өз жайына қалды. Сенбей тұрсың ба дегендей, мен сағатты шынжырынан ағытып алдым да, ілгері ұсындым:

– Мінеки, көріңіз.

Жуантық сары сонда ғана есін жиғандай:

– Ә, рақмет, рақмет сізге. Мына «будильнигі» құрғырды бұрап коюды ұмытып кетіппін. Тоқтап қалыпты. Жақсы болды енді, – деп бастырмалата сөйлеп, сағат тілін жөндей бастады.

«Түріне қарасаң, бір сағатқа шамасы жететін-ақ жігіт сияқты, – коныраулы сағат алып жүргені несі екен? Менде «Буре», онда будильник, кездескен екенбіз мезгілімен», – деп ойладым мен.

Жаңағы әңгімеден кейін, таныстығымыз бөгеуін алған ағын судай жылжып жүре берді. Жүре-бара бірімізді біріміз шайға шақы-

рыстық. Өткен-кеткенімізді айтыстық. Неге екенін қайдам, ол енді қоныраулы сағатты портфеліне салып тастады да, әлсін-әлі маған келіп: «Уақыт қанша?» – деп сұрай беретін болды.

Қалтама қол салып, «Павель Бурені» шығарсам бітті, тесіле қарап тұрып қалады. «Бұл не тамаша?» – деп мен де аң-таң боламын.

«Мұныңыздың мәнісі не?» – дегім келіп талай-талай окталып та қалған сәттерім болды. Сонда да сыпайылық таразысы басып кете берді ме, сұрай алмадым.

Бірде Баржақсы отырып:

– Ресторанға бармаймыз ба, уақыт қанша болды екен? – деп сұрады. Содан кейін, – Бере тұрыңызшы... – деп «Павель Бурені» қолына алды. Айналдыра қарап сәл отырды. – Құдды сол сияқты аумайды.

– Нені аумайды дейсіз? – дедім мен.

– Мына сағатты айтамын.

– Иә?..

– Тіпті айтудың өзі киын. Содан бері он алты жыл уақыт өтті.

Бірақ есіме түссе әлі күнге жүрегім тітіркенеді. Қан майданда өлімнің небір кереметтерін көріп, ен ортасында жүрдік қой. Сонда да бұл бір айрықша хикая, – деп Баржақсы сәл тоқтады.

Мен шыдамсызданып қалдым.

– Ал хош?.. Құлағым сізде.

Баржақсы сағатты өзіме қайырды. Жайдары жүзіне кірбің ж үгірді. Қалтасынан темекісін алып, сіріңке тартып еді, етженді, мыртық саусақтарының дірілдеп кеткенін байқадым. Мазасызданып отыр.

– Айтыңызшы, бір адамға неше сағат керек? – Баржақсының даусы дірілдеп шықты.

– Қызық сұрақ екен. Лев Толстойдың «Адамға қанша жер керек?» дегені сияқты болды-ау мұныңыз, – деп мен күлген болдым.

– Толстой адамға бір жарым-ақ аршын жер керек екенін айдай әлемге айтып берді ғой. Ал мен болсам... ал жарайды, жақсы, әңгіме сағат жайында еді ғой. Тыңдай беріңіз. Кешегі Ұлы Отан соғысында жүрген кезімде мен бір ағаттық жасадым. Ағаттық болғанда мұның өзі... – деп Баржақсы мүдіріп қалды. Содан кейін шылымын борпылдата бір-екі сорды да, терезеден сыртқа лақтырды. – Жоқ, бұлай айтсам, келте болуы мүмкін. Түсінбей қаласыз. Мен одан да әңгімені басынан бастайын.

«Апыр-ай, айтуынан баптануы көп болды-ау мұның.

Не бұлталаң мұнысы?» – деп ойладым төзімім таусылған соң. Бірақ сыр білдірмей, сабырлы қалпымда отырмын.

– Азамат соғысы жылдарында әкем ақтардың қолынан өліпті, – деп бастады Баржақсы әңгімесін. – Мен онда анамның құрсағында

қалған екенмін. Жетім-жесірдің көрген күнінің қандай екенін білесіз ғой өзіңіз де. Өмір тауқыметін ерте бастан тартуыма тура келді. «Бар» мен «жоқтың» не екенін біз білгелі қашан. Өстіп жүріп өстік қой, әйтеуір. Он жылдықты да бітірер мезгіл жетті. Жоқ-жітікті көп көргендіктен ғой деймін, сабаққа зердесіз болмаған едім. Соған разы болды ма, кім білсін, жас тілеуден тыйылып, менің болашағымды ойлап, отырып қалған анам байғұс қарманып, қамданып той жасады. Ауыл-үйдің шал-кемпірлері мен өз құрбыларым жиналғанды. Қадарынша сый-сияпат көрсетілді. Үлкендер батасын берісті. Сол мезетте шешем барып бұрышта тұратын көне әбдірені ашты. Ішіндегі қоқыстарды аударыстырып-төңкерістіріп жүріп шүберекке түюлі бірдемені алып шықты. Көзімді алмай бағып отырмын. Анам бері таянды. Содан кейін маған қарап:

– Әкеңнен қалған аманат еді бұл. «Ұл болса, есін жинап, етегін жапқан соң қалтасына сал», – деп еді маркұм. Әкең өсиетін орындадым, міне. Көзіндей көріп ұстап жүр, – деді.

Түйіншекті жазсам, дәл мына сіздікіндей алтын сағат екен. Қарасаң, көз токтата алмайсың, жалтырап тұр. Тіпті циферблатындағы «Павель Буресіне» дейін ап-айқын. Өмірдің қайбір еркелігін көріп өскен бала едім мен. Бардың не екенін, жоқтың не екенін білемін ғой. Содан ба, сағат маған сондай ыстық көрініп кетті. Қуанғандығым болса керек, секіре беріппін.

Сол күннің ертеңіне-ақ көрші деревнядағы сағат зергеріне шапқылап бардым да, тазалаттырып, майлаттырып алтын бауын салбыратып төс қалтаға бастым ғой келіп.

Тыңдай беріңіз, қызықтың кереметі осыдан кейін болды ғой. Алтын сағатты төс қалтама басуым мұң екен, сап-салмақты, байсалды бір адам сияқтандым да қалдым. Бала мінез өз жайына кетті. Үлкендерше сөйлеп, үлкендерше жүргім келеді. Жұрт жиналған жер болса, асықпай басып барып сөзге араласатын сияқтымын. Қалтамнан сағатымды алып, ана бір шегені тырс еткізіп басамын.

Адам миы жетіп болмас әлдебір тылсым күш әмір еткендей-ақ алтын қақпақ жарқ етіп ашылады сонда. Ал мен болсам, «бәлен сағат, бәлен минөт, бәлен секонт болып қапты ғой», – деймін даусымды әдейі жуандатыңқырап.

Бір қызығы, бұрын: «Өй, құйысқанға қыстырылып саған не жоқ, бар жәйіне» – дегенді жиі естісем, енді мына мінезімді ешкім де ерсі демейтінге ұқсайды.

Әйтеуір, төрт-бес күннің ішінде өзгердім де кеттім. Енді қалай деп ойлайсыз, қалтаңда алтын сағатың болса, оның өзі орындалмас армандай алыс кетсе де, сондай жарқын, ғұмырында тілдесіп те, жүздесіп те көрмегеніңмен қарағаштай панаң – құдай тағаланың өзінен де зорырақ сияқты болып көрінетін жұмбақ бір адамнан

қалған аманат болса, қайтіп секеңдерсің! Сәт сайын төс қалтамды басамын. Тырс-тырс етіп дамылсыз соққан даусын естимін. Сонда мен өмір-бақи көрмеген, бірақ өмір-бақи аңсаған, «қалқам» деген даусына зар болған «әке» деген құдіретті сөздің иесі – сол бір ұлы адамның дем-тынысын, жүрек дүрсілін сезінгендей боламын. Қуанамын соған.

Бірақ бұл қуанышым ұзаққа бармады. Мен қайбір сағат салып машықтанған жан едім. Арада он күн де өткен жоқ, алтын сағаттан айырылдым да қалдым.

Бір ыстық күні суға түсейік деп көлге бара жатқанымда қалтамда бар сияқты еді. Қайтар бетте үшті-күйлі жоқ болды да шықты... Көр ізде, жер ізде кеп, таптырсын ба, шынымен жоғалған соң. Амал жоқ, салым суға кетіп үйге оралдым.

– Иә, сосын? – дедім мен асығып.

– Сосын ба, сосын сағат қайғысы да сап болды. «Балапан басына, тұрымтай тұсына», – дегендей, соғыс деген лап етті ғой. Мен өз замандастарыммен майданға аттандым. Талай рет жаралы да болдым. Талай рет өлім дегеніңмен бетпе-бет келіп қалған да сәттерім бар. Армияда болсаңыз, ондай жәйді өзіңіз де білесіз ғой. Бұл бір жөні бөлек, таусылмас тарихы бар, басқа әңгіме. Айтайын дегенім сағат жәйі еді ғой, енді соныма оралайын.

– Иә, соныңыз дұрыс! – деп қойдым мен.

– Бәріне де тиек болып жатқан Түйемойын ғой, – деп Баржақсы бір күрсініп алды да, әңгімесіп жалғай берді. – Түйемойын шын аты емес еді оның. Аты-жөнін ұмытып қалсам керек, есіме оралмай отыр тіпті. Кеңірдегі салақұлаш, сорайып тұратын. Содан ба, бәріміз де осылай атап кеткенбіз. Манағы «айырықша хикая» деп отырғаным да, «ағаттық жасадым» дегенім де осы Түйемойынға байланысты.

– Бір қызығы, Түйемойын екеуміз жақын жүрдік. Мұның өзі бір күлкілі жәй еді. Ол болса, ербиген, арық жирен. Ал мен аласа келген, толықша сарымын. Кескінімді, міне, көріп те отырсыз ғой. Таңырайып, шалқалап жатқан жоқпын ба? Ал Түйемойын еңкелектеп қалған бірдеме еді. Жирен шашы тікірейіп тұратын. Сарғыш көзі түксиген жарлауыт қабағының астынан ұрлана қарайды. Соған орай үлкен мұрыны да құстың тұмсығына ұқсас ұп-ұзын, іп-істік. Үшкілденіп біткен иегі де тамағына қарай илмиіп, кішкене бір шоқша сақал сияқтанып тұратын.

Тамақ ішкен немесе темекі шеккен кезімізде солдаттар арасында «контраст» деген сөз қайталана берсе, бітті, әңгіме Түйемойын екеуміз жайында деп біле беріңіз. Соған қарамастан біз жақын жүрдік бір-бірімізге. Әйтеуір қайсыбір сәтте болмасын, қатарласып қала беретінбіз. Ол өзі көп сөйлемейтін, сырын ешкімге айтпайтын тұйықтау жігіт, тіпті мінез жағынан да ұқсастығымыз шамалы. Мен

ептеп сырнай тартып, ол ептеп ән сала білетін өнері бар еді. Тегі, түу басында жақындасып кетуіміз содан болар. Әйтпесе қанды көйлек жолдас сиякты шешіле сөйлесіп, өткенімізді айтып, болашағымыз жайлы арманымызды ортаға салып жататын біз емеспіз. Сөйте тұра, оның әлдебір ағат мінезін де көрген емен. Бірақ: «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деп халық бекер айтпаған ғой. Түйемойынның сондай аласы барын жүре бара білдім.

Біз бір деревняда тұрғанбыз. Екі жақ та тыныш, майданның толас алған бір шағы. Көніліміз көтеріңкі. Өйткені жеңістің беті айқын бері қараған кез болатын бұл. Сонда да соғыстың аты соғыс қой. Ойда жокта маған жауынгерлік бір тапсырма берілді. Сол сапардан тым шаршап келдім де, қисайып жата кеттім. Жата кетісімен қор ете түссем керек, ұлыған сиякты ма, әлде мың құбылып мөңірегендей бола ма, әйтеуір азан-қазан шу келеді құлағыма. Ең әуелі дүрсілдеген бір дыбыс сиякты болып естіледі де, жамырай келіп жөнеледі, содан баяғы қалпына баратындай. Шошып ояндым, тым-тырыс секілді. Құлағымды тосамын. Шынында да бірдеме тырс-тырс етіп, сәл тұрады да, әр қилы ырғаққа салып ала жөнеледі. Бақсам, ондаған сағат даусы.

Басымды жұлып алдым. Аңдасам, жастанғаным Түйемойынның дорбасы екен. «Бұл не керемет?» – деймін ішімнен. Білмекке құмарлық жеңді ме, мен дорбаны аштым. Ашсам, сізге өтірік, маған шын, каптаған қол сағат. Кемінде бір елу-алпыс бар шығар. Бәрі де алтын шетінен. Бәрі де шет елдікі. Швейцарлық дейсің бе, американдық па керегі, неміс пен ағылшындардікін қалайсың ба, бәрі де табылады. Тіпті мына қызықты қараңыз, менің «Павел Бурем» де жүр солардың ішінде.

Мен қайран қалдым. Қасындағы жолдасың ол, ал не істеп жүргенін сездірмеген. «Қайтеді екен осыншама көп сағатты?» – деп ойлаймын. Бірақ: «Не істейтінінде сенің не шаруаң бар?» – дейді тағы бір ой тайталасып. Сөйтіп отырып «Павель Буреге» тағы көзім түсті. Құдды мен жоғалтқан сағат сиякты. Көзге ыстық сондай. «Қалап көрсем қайтеді өзін?» – деген тағы бір ой сап етті. «Жоқ, қалайтындай Түйемойын менің екі туып, бір қалғаным емес қой. Сат дейін».

Мен осы бір тоқтамға келдім. Содан кейін үстел үстінде жайып тастаған сағаттарды жинастыра беріп едім, Түйемойын кіріп келді, әуелі аңырып қалды да, жирен өңі күренітіп жүре берді. Жай басып менің қасыма келді, нәрселерін буып-түйіп дорбасына тықты. Менен бір қағыс сөз естіп қалам ба деп қаймықты ма, қайдам, сөзді өзі бастады.

– Сенің қарақан басың, Баржақсы, ал менде балалар бар, қатын бар. Олардың қамын ойламаска болмайды. Біреулер әр түрлі

комакты трофейге жүгіреді. Білмейді. Міне, сағаттың реті басқа. Орын алмайды, құнын да жоймайды. Елге оралған соң тамаша етіп үй саламын, – деп ашыла, ақтарыла сөйледі.

Мен оған «Павель Буренін» тарихын баяндап, өз ойымдағыны айттым.

– Жоқ, сат дегенді атама, егер соншалықты қызыққан болсаң, орнына басқа маркалы бір алтын сағат сал да, ала ғой, – деді Түйемойын.

Ең әуелі мен тіксініп қалып едім, кейін келе ой түсті: ана Түйемойын секілді обырлық көрсетсем, дүние қоңыздық танытсам бір сәрі. Маған керегі бір-ақ сағат емес пе? Ол да азамат соғысында опат болған әкемнің аманатын жоғалтпайын деген ниеттен туып жатыр, – деймін өз қабырғаммен ақылдаса келіп. Әй, адам деген қызық қой. Міне, қазір тірімін деуге аузың бармайтын оттың ішінде жүрсің. Бұл сәт тірі болсаң, келер сәтте бір шұқанақта жан тапсырмасқа кепілдігің жоқ. Сөйте тұра ойлағаның анадай. Қызық емес деңізші.

Баржақсы маған тесіле қарады.

– «Түстік өмірің болса, кештік мал жина» деген бар ғой, – деп мен оны көңілдендіре сөйледім.

Баржақсы күлді.

– Иә, ие тап соның өзі.

Сөйтіп, мен қайтсем де бір алтын сағат табуға белімді бекем будым.

Арада бірнеше күн өтті. Біз деревняға шабуыл жасадық. Немістер болса, бекініп алған, берілер емес. Қатты шайқас болды. Біздің жақтың дәуірлеп, жаудың берекеті кете бастаған кез ғой. Шыдатпадық. Түс ауа деревняны алып тындық. Қираған үйлер, қырылған солдаттар. Солардың ара-арасымен жүріп келемін. Ойым – бір алтын сағат. Жүре-жүре деревняның шетіне де шықтым. Кенет анадай жерде жатқан өлікке көзім түсті. Оң жамбасын ала құлаған екен. Түріліп қалған сол қолынан сағат жылтырайды. Қуансам керек. Жеделдете бастым аяғымды. Ана сорлы жан тәсілімін қыларда тірлік дүниесінің ыстық екенінен басқа не ойлады дейсің. Ал сен бір күн болса да артық ғұмыр сүргеніңді пайдаланып, сағат дегенді ойлайсың. Қандай хайуандық! Бірақ бұл енді ғана айтылып отырған сөз ғой. Ана Түйемойын сияқты ертенін ойлап, есеп-кисабын жүргізіп жүрген некен-саяқ біреулер болмаса, өлім не, өмір не, кім есептесті дейсің ол жерде. «Отан үшін жан пида!» – деп байладық қой басты ажалға. Осындай екі дүние бірдейлерге бүгін тірімін деп қуанып, ертең өлемін деп қайғырмайтын да қасиет бола ма деймін. Ілгері аттаған сайын жолдастарың сетінеп, келмес сапарға аттанып жатады. Ал сен болсаң, тамақ ішесің, темекі шегесің, ұйық-

тайсың. Кездесіп қалса, санитар қыздарға қырындап, әзіл айтасың. Әйтпесе арыстай біреу сұлап түсіп өліп жатса, сағатын алайын деп барармысың ғұмырында.

– Ие, мен сөйтіп, өлген солдаттың қасына келіп сағатын шеше бастадым. Қалай десең де, тумысымда бірінші рет жасаған шаруам ғой бұл, қолым қалтырап кетті. Мына өлген солдат өлмеген сияқты. Мені көрген соң ойымды біліп, қайтер екен деп қасақана жата қалғандай, қазір ұшып тұра келеді де жағаласа түседі менімен, әне, көзін көрмейсің бе күлімдеп жаткан.

Мен еріксіз солдатқа қарадым. Жоқ, көзі күлімдемепті. Түксиген жарлауыт қабағының ең түбінде жұмыла беріп тұнып қалған. Ал құс тұмсығы жапырылып, шоқша сақал сияқты болып келген сүйір иегі ілгері қарай әнтек көтеріліп, состиыңқырап тұр. Тағдырдың мына сайқымазағын көрмейсіз бе, өзіңіз де түсінген боларсыз, менің алдымда Түйемойын жатыр.

– Түйемойын? – деп қалдым мен.

– Ие, ие, Түйемойынның тап өзі. Арқасында баяғы сағат салған дорбасы. – Баржақсы маған қарады. – Енді не істеді деп ойлайсыз мені?

Мен күмілжіңкірей бердім.

– Жоқ, сағатын алған жоқпын мен оның. Бір окопқа апарып бетін жасырдым да, дорбасын моласының үстіне қойып кеттім. Міне, сізге айтпақ болған сағат тарихы осы, – деп тоқтады Баржақсы. – Содан бері он алты жыл. Сонда да сол бір қан кешіп жүрген ауыр күнде өрттің табындай болып өзекке басылып қалғандықтан ба, осы бір окиға әсте есімнен кетпейді. Алтын сағат көрсем-ақ жүрегім тітіркенеді. Мына портфельді алып, будильник ұстап жүргенім де содан.

Бұл кезде ымырт үйіріліп қалған екен. Шам әлі жана қоймапты. Купе іші ала көленке. Терезеден алыстағы бір таудың нобайы көрінеді. Бірде ілгері шығып, бірде кейін кетіп жарысады поезбен.

Мен сол терезеге қарап отырып қалдым. «Іздегені осы «Павель Буре» емес пе еді, бере салсам қайтеді?» – деген ой сап етті. Осы ойдың оралуы-ақ мұң екен, жиырма жыл серік болған сағатымды шешіп алдым да:

– Мен мынаны сыйлық болсын деп сізге ұсындым. Алыңыз. Әрі мына Қиыр Шығысқа бара жатқанда таныс болған мені еске түсіресіз, әрі әкеңіздің аманаты деп бағаларсыз, – дедім.

– Атай көрмеңіз, алтын сағат салмаска ант ішкенмін. Талай рет бағалы сыйлықтар да алып жүрмін ғой адал еңбегім үшін. Соның ішінде алтын сағаттар да болған. Бірақ мен бірін де байлаған емен. Дос-жар, жолдастарға тарту етер дағдыға айналып бара жатқан әдетім, – деп Баржақсы маңайына отырғызбады.

– Олар жәй сағат қой. Ал бұл болса, «Павель Буре». Аманат... – деп келе жатыр едім, Баржақсы киіп кетті.

– Аманат деген не, жәй сөз, жұбаныш ол. Мен сағатка қызықтым. Сол үшін анадай ерсі пиғылға бардым. Оң іс емес мұным. Оны өзім білдім бе? Білдім. Ал білген соң: «Әкеден қалған аманат еді, бәлен еді, түген еді», – деп өзімді-өзім жұбатып, арымның алдында ақталмағанда не істемекпін?!

Мен мүдіре бердім. Соза, соза қолым талған соң, сағатымды қалтама салдым.

Ал поезд болса, мақпал түннің құшағында Шығысты бетке ұстап сілтеп келеді.

1960 жыл.

КҮЛКІ

Уақытша ұйымдасқан құрылыс тресінде істеп жүрген кезім еді. Алматыдан бір өкіл келе қалды.

Екеуміз таңертең облыс орталығынан шығамыз да аудандарға барамыз. Салынып жатқан астық сарайларын көреміз. Бастық біреуге ақыл айтады. Екінші біреуге ұрсады. Ал үшінші біреудің жер-жебіріне жетеді. Қорқытады, қызметтен алып тастаймын деп столды ұрғылайды. Содан кейін... Ие, содан кейін қазіргі техника заманында жердің алыс-жақыны бар ма, тәйірі – кешке карай қала қайдасың деп бір-ақ тартамыз. Мен өкілді қонақ үйге алып келемін. Өзіне арналған бөлмеге жайғастырамын. Ваннасын дайындаттырамын, тамағын әзірлетемін. Ертеңіне машинаны алып тағы да қонақ үйге келемін. Бастық тұрып жуынғанша, тамағын ішкенше күтіп отырамын.

Несін жасырайын, мені мұндай «командировка» жалықтырып жіберді. Бірақ өкіл айтқан соң амал қанша, ұнатпасаң да үндемеуге тырысасың, дегенін істей бересің ғой.

Бұл бір өзі лайсаң, салқын шақ болатын. Ұзақты күн аспан әлемін тұнжыр күздің жылауық бұлты қоршап, жаңбыр бүркіп тұрды да, кеш түсе алаканшықтап қар жауып кетті. Біз бұл кезде «Қызыл кия» деген колхозға келген едік.

– Осындай карбалас уақытта қонып жатудың өзі қылмыс болады. Қалаға жетіп бір-ақ тоқтаймыз, – деп өкіл кесіп айтты. Шофер жігіт желкесін қасыды.

– Қалаға әлі отыз шақырым бар. Жол болса, жаман.

– Далада қалып қойып жүрмейік, – дедім мен.

Өкіл үндемеді.

Амал қанша... зорға жүріп келеміз. Жентектелген жабыскақ қар машина шынысын соққылайды. Әлде біреу тасада тұрып әдейі аткылап тұрған секілді.

Машина жарығы үш-төрт-ақ адым жерге ғана түседі. Алдынғы бет әуелі ақсұр перде ұстап қойғандай бозамық тартады да, арғы жағы қалың кілегей қараңғылыққа айналып тас түйін болып кетеді.

Біз бір ағаш қылтасына киліктік. Машина қар аралас лай суды сызып келе жатыр еді, бір заманда арты бұлғаңдап, қырындай тартты да, күрт токтады. Содан кейін өрмекші торына түскен шыбындай зуылдай бастады. Ілгері де жұлқынады, кейін де жұлқынады. Сонда да лыксып барып әлгі бір өзі қазған шұңқырға түседі.

Біз машинадан шыктык. Өкіл шалбарының балағын қолымен көтеріп, аяғының ұшымен бірер рет жиіркене аттай берді де, тәйкесінен түсті. Мен оған қарамадым. Аяғымдағы керзі етікпен көстеңдей басып, машинаны итеріп жатырмын. Біраз уақыт өтті. Мен болсам терге малшындым. Шофер жерге түсті де, машинаны бір айналып шыкты. Артқы доңғалактарына үнілді. Содан кейін:

– Трактор сүйреп шығармаса, отырған шығармыз мыктап тұрып, – деді.

Енді бірде өкілге қарасам, пальтосының жағасын көтеріп, желге жонын тосып бүкжиіп тұр екен.

– Ал, енді не істейміз? – деді ол. Тісі-тісіне тимей сақылдап тұрғанын сонда білдім.

– Не істеуші едік. Осы арада жатамыз. – Ашу буса да сызды үнмен ақырын ғана сөйледім.

– Үсіп өлеміз ғой.

«Өзіне де керегі сол еді» деп қойдым ішімнен.

– Тым болмаса, жарты литр спирт болса... – деп өкіл бүкжие түсті.

Кенет ойыма сап ете қалды. Осы қылтадан екі-үш шақырым жерде орман корушы Мұстафа дейтін карт тұратын. Үйінде бір-екі рет болғаным да бар еді. Ақ көніл, аңқылдаған мырза кісі болатын. Машинаны бір тәнірдің өзіне қалдырдық та, өкілді ертіп біз сонда тарттық.

Бағымызға кария да үйінде болып шыкты. Түн ортасы ауып кетсе де, құрақ ұшып қарсы алып жатыр.

– Ау, балалар, амансыңдар ма? Төрлетіңдер, төрлетіңдер. Ал, катын, іздесең таппайтын конақтар келді. Кимылда. Ал, Тайлан, аман-сау жүрсің бе? Бала-шағалардың дені сау ма? – Мұстафа карт ортадағы аспалы шамға колын калкалады, – ал мына бала кім?

– Алматылық. Өкіл, – дедім мен кекетінді дауыспен. – Қалада тығыз шаруасы болып, түнделете жүріп кетіп едік, отырып қалдық.

Карт онымды аңғармады білем, бәйек бола берді.

– Е, өз баламыз екенсің ғой. Былай шық. Ойбай-ау балам, өзің жаурап қалғансың ба? Қатын, әлгі ана біреуің қайда еді? Әлгі бала келіп кала ма деп, сақтап жүрген тентек суыңды айтамын.

Мен өкілге қарадым. Жақ жүні торайдың қылтанындай үрпиіп бозарып тұрса да, шегір көзі күлімдей қалған екен.

– Ал, шырақтарым, тоңып қалған екенсіндер, тамақ піскенше жылына тұрыңдар, – деп карт бір ала мойынның түбін көтере берді...

Өкіл қолының қалтырағанын сездірмейін дегендей, стаканды аузына еппен апарды да, төңкере салды.

– Пай-пай, жастың қимылы, міне, осындай болу керек қой, – деп Мұстафа карт ауыз үйге қарай беттеді.

Өкіл тірілейін деді. Бетіне бірден кан жүгірді. Маған карап басын шайқады.

– Форточкасы жоқ екен, қалай жатамыз?

«Онда далаға жат» дейін деп бір оқталдым да, өзімді өзім ұстап калдым.

– Үйі кір екен. Электр жарығы жоқ, – деді ол тағы да. – Қалай тұрады?

Мен үй ішіне еріксіз көз салдым. Терезелері үлкен екі кең бөлме. Оң қабырғада әлі өңі таймаған парсы кілемі тұр. Маңдай қабырғада шыныланған суреттер. Үй іші жинақы, таза. Жалғыз-ақ қабырғалар жергілікті жердің ақ балшығымен сыланған екен. Керосин шамымен сәл күңгірт тартады. Өкілдің «кір үй екен» деп отырғаны да сол болса керек.

Әлгіндей болмай буы бұрқырап үйеме табақ ет те келді.

– Балалар дәмді әлгі айырымен жейтін шығар, – деп койды карт. Лезде-ақ шанышқылар, екі-үш бутылка ала мойындар да жетті.

– Балалар тоңып келді ғой. Бірер рет көтеріп жібер, – деп карт ыдыс-аяқ әкеп жүрген жігітке карады. Өзі шарт жүгініп отырды да, шокша сакалының ұшын тарамдап, ерніне қыстырып койды. Дәмді тамағымен бірге тағы да стакандар сылдырады... Өкіл іркілмеді. Тастап-тастап жіберді де, етті көмекейлей асап жатыр.

– Алыңдар, шырақтарым! Бұйырған дәм ғой.

– Әй, шал, өзің бір жаксы шал екенсің, – деді бір кезде өкіл. – Ал мына үйің неге кір?

Мұстафа карт естімеген, елемеген кейіп білдірді.

– Алыңдар, суытпай алыңдар, шырақтарым. Балам-ау, аузыңды ашып отыра бергенше, қонақтарыңды күтпейсің бе! Құйып жібер!

Мен өкілге қарадым. Байқаймын «ақан» шіркін буынына түсіп кеткен болу керек, көзі тұманданып, шалықтай бастаған екен. Мен жігітке «құйма» дегендей белгі бердім.

Өкіл аузын қисаңдатты. Содан кейін ебі кеткен қолын табаққа апарды. Етті шеңгелдей алды да аузына апара беріп қарияға қарады:

– Ылғи ет жейсің, шал ә?

– Е, бұйырғанын, шырағым... Алыңдар, алыңдар, балалар. Саркыт беретін келін жоқ мұнда.

Өкіл ыкылық атып, шалқая берді:

– Біз бүгін осында жатамыз.

– Е, мына жеті түнде қайда бармақшы едіңдер. Жатасыңдар. Қатын төсекті қалың етіп салып береді.

– Бүрге жоқ па? – деді өкіл тілі күрмеліп.

Қария мазасызданып қалды.

– Ондайды білмейміз, шырағым.

– Ә, ылғи ет жегенше... ә? Әлгі ана борщ... Мына үйді айтам... кір... Мұстафа карт бар даусымен селкілдеп қатты күлді.

– Ха-ха-ха-ха!..

Өкіл басын көтеріп алды.

– Әй, шал, неге күлесің?

Мұстафа сұсты бір қалыпқа түсті.

– Сіз сиякты лауазымды адам үйіме келіп, қолымнан дәм татып отырғанына қуанып отырмын. Қуанғандығымнан күлемін де... – деді ширақ үнмен.

Өкіл көзін шалыктата берді.

ҚҰЛПЫ ТАС

Осы ауылда жатқанымда кешігіп бір суық хабар келді: көрші аудан орталығында тұратын Бекіш деген жолдасым бар еді. Қапылыста казалы болыпты. Өлім деген айтып келе ме, он алты жасар баласы бар еді, капияда мотоциклден құлап дүние салған.

Жолдас қақы осындайда өтелмей ме? Көңіл айтамын деп сол ауданға бардым.

Машинадан түскенімде Бекіш есіктің алдында тұр екен. Мені көріп әуелі езу тартты. Содан кейін қалың, ет жеңді үлкен беті бұзыла берді. Жуан қарнын кеудеме тақап, талдырмаш денемді әлеуетті колымен капсыра құшактап алды да, қарлыккан рабайсыз даусымен жылай берді.

– Сабыржаннан айырылдық, Тайлан.

Бекіш бір адым кейін шегінді де, көзінің жасын сүртті. Содан кейін:

– Бізді артына тастап, сандалтып кетті, – деді. – Ал неғып тұрсыңдар? Үйге кірейік.

Бекіш бұл сөзді сабырлы қалыпта айтты да, жуан денесін шапшаң қозғап үйге беттеді.

Жайғасқан соң да Бекіштің өзі сөйледі:

– Аруағы разы болсын, өткен-кеткендер айта жүрсін деп, биік құлпы тас орнаттым. Үш ай басына түней жатып орнаттым. Күшке де тиді, титығымыз қалмады, Тайлан. – Өңі тағы да бұзылып кетті. Ол орамалын көзіне басты. Содан кейін: – әйтеуір жұрттың бәрі де бұрын мұндай құлпы тас көрген жоқпыз дейді, – деп қойды. Сабырлы қалыпқа келіп, салқын сөйлейді. «Қанша айтқанмен ер ғой сабазыңыз. Өзіне-өзі тоқтау салып отыр» – деп ойладым. Сонда да әке көңілін жұбатар сөз тауып айта алмаймын. Бекіш кішкене көзін терезеге қадап, қайғысы да, қуанышы да жоқ бір кейіпте бір сәт отырып қалды. Содан соң түрегелді.

– Ал Сабыржанның басына барып, құлпы тасын көріп қайтпайсыңдар ма? – Бекіштің даусы ширақ шықты.

«Мола басына барып қайтсақ» деген сөз тілімнің ұшына үйіріле берсе де, жүрексініп отыр едім, енді өкініп те, қысылып та қалдым.

Біз молаға бет алдық. Қыстақтың жел жақ сыртынан өтетін шойын жолдан астық та, кішкене дөңге көтерілдік. Алдыңғы бір қыраттың сілемінде қалың мола көрінді. Солардың ішінен басына күмістен жарты ай орнатқан биік құлпы тас ашық күнге шағылысып, ерекше жарқ-жұрқ етіп тұр.

– Сабыржанның құлпы тасы анау, – деді май басқан іркілдек денесін зорға көтеріп дөңге қинала шыққан Бекіш. Алқына сөйледі. Содан кейін артта қалған темір жолға көз салды. – Бір жақсысы, мына темір жол үстінен тіпті айқын көрінеді. Алыстан-ақ мен мұндалап тұрады.

Біз мола басына келдік. Жан-жағын цементпен көмкерген жас қабыр. Бойындағы талантын аша алмай арманда кеткен бала қабыры. Үстінде көп гүл, жазуы өше бастаған қара ленталар. Аз ғана уақыт өтсе де, ана жер мекенінен кеткен балғын бала өміріндей солғын тартып солып қалған.

Жел жоқ талма түстің тыныш шағы еді. Сонда да кең сахара кеңістігінің әлде бір алыс түкпірінде туған ыстық леп ауық-ауық соғып өтеді де, сол бір өңсіз, ажарсыз гүлдерді ойнатады. Мына бір кең тынысты тірлік дүниесіне сол өлім шіркіннің өзі де елбек қағып, ізет етіп тұрғандай.

Көз алдыма Сабыр елестеді. Ол бір лапылдап келе жатқан өрт сиякты еді. Сабақты да жақсы оқыған. Самолет моделін де жасаған. Колхоз малына шапқан үш көкжал бөріні де өзі жайратқан. Бәс тігіп ағысы қатты өзеннен де жүзіп өткен. Сабыр, міне, сондай еді. Менің

көнілім бұзылды. Көзіме жас келіп қалды. Сол кезде Бекіштің самаркау даусы естілді:

– Бұл құлпы тастың биіктігі алты метр. Бір жарым метрі жер астында.

«Не есеп бұл? Сабырдай бала өмірін метрлеп қалай толтырмақшы?»

Мен теріс айналдым да жүріп кеттім. Артымнан ырсылдаған, алқынған дыбыс естілді. Жүрегін май басқан Бекіштің демалысы бұл.

Бекіш мені қуып жетті. Қатарласа жүрді. Екеуміз шойын жолды кесіп өттік. Бекіш артына қарады, содан кейін дүние ісіне кейіген, ренжіген, бірақ қайғысы жоқ бір момақан даусымен:

– Әйтеуір, қолдан келгені осы болды. Жақсы-жаман екенін қайдан білейін, – деп күрсінді.

Бекіш ойын енді түсінейін дедім.

– Жоқ, орнатқан құлпы тасын тым жақсы екен, – дедім мен.

«Рас па?» дегендей Бекіш маған сұрана қарады.

– Рас айтамын.

– Жұрт жақсы деседі. Соларға ұнаса болды-дағы, – деді бір арба болып ентіге басып келе жатқан Бекіш.

Апыр-ау, бұл құлпы тас бала басына қойылған ескерткіш пе? Әлде даңғой әкенің атын шығаратын бірдеме ме? Түсінбедім.

ҚЫРАН ҚИЯҒА САМҒАЙДЫ

Жиналыс тым кеш аяқталды. Өмірбек әрі шаршап, әрі ренжіп шықты. «Үй ішіңіз болса қалада ғой, жалғыз не бітіресіз, біздікіне жүріңіз» – деушілер табылып та еді, бірақ ол бара алмады. Дәл бүгін оңаша болуды қалады.

Үйге келді. Жым-жырт. Пенде аяғы жоқтықтан ба, бөлмелер тым қараңғы, құлазып көрінеді. Басында оқыс бір ой оралды да, Өмірбек сескеніп қалды: табыттай тыныштық пен қараңғылық басып тұрғын мына үлкен үй кімге құтты мекен болған? Талайлар тұрған бұл үйде. Солардың бәрі де дәл осы Өмірбек келген жолмен келген де, әр қилы жолдармен кеткен. Бірі істі болды. Бірі өз өтінішімен босады, ал үшінші біреулері көпшілікпен тіл табыса алмай кетті. Солардың бірі де тұрақтай алмаған қайырымсыз мекен бұл. Енді Өмірбекке не сыйын дайындамақ?

Осы бір жүректі тырнаған мазасыз ауыр ойдан құтылайын деді ме, Өмірбек сипалап жүріп, май шамды жақты. Кішкене

каптесерлер иесіз үйді еркін жайлап алған екен, бұрыш-бұрышқа лап қойып, сіңіп жатыр. Кір басқан жаланаш қабырғалардағы жиі қағылған шеге орындары да көмескі сәулемен тым үнірейіп, үлкен көрінеді. Бір жерде ұзақ мезгіл ілулі тұрған картина, портреттің карауытып таңбасы қалыпты. Өмірбек терең бір күрсініп дем алды. Өлеусірей жанған сықсима жалп етті. Бірақ ол қайта жағам демеді. Кіре берісте тұрған бүктеме койканы апарып жазды да, кисая кетті. Әлгі бір әзірде Макпал тауынан асып қара бұлт көтеріліп келе жатыр еді, енді үй шатырына тырс-тырс ұрып, жаңбыр сіркірей бастады. Одан басқа селкеу шыққан бір дыбыс жоқ. Әйтеуір жадау көңілдің бей-жай күйіне әуендесіп, тылсым бір тыныштық басып тұр.

Адам өмірі әуел баста сансыз сай-жыралардан жіңішке басталып, жүре бара кең арнаға айналар бұлаққа ұқсайды ғой. Өмірбектің де өмір жолы осылай басталған. Ол әуелі кішігірім мекемелерде шағын-шағын қызметтер атқарды. Содан білімінің саяздығын сезді де, Алматының ауыл шаруашылық институтына келіп түсті. Оны бітіргеннен кейін шаруашылық мекемелерінің біріне бастық болды. Ақыры еңбекшілер депутаттарының облыстық советіне жауапты бір қызметке ауысты. Міне, өстіп, түу баста жылап шыққан жіңішке бұлақ кең арнаға ойысып бара жатыр еді. Күнделікті шаруа жайын әңгімелесіп отырған бір ретте облыстық атқару комитетінің председателі:

– Сен осы бұл жерде қағаз басты болып несіне отырсың?! Шаруа жайын білесің, көрген жұмысың. Ауылға барсаң қайтеді? – деп салды.

Міне, осы сөз қамшы болды да, Өмірбек осында тарткан. Хош алған аудан басшылары:

– Колхоздың шаруашылығы жаман емес. Болашағы да мол. Шойын жолға да, тас жолға да жақын. Тек басқарушылар жиі алмасқандықтан болар, еңбек тәртібі шамалы. Іскер басшылық керек, – деп көтермелеген. Сондай бір лепірген көңілмен келген жас жігіт маңдайын таска соккан бекіре балықтай қайтып қалғанға ұқсайды енді.

Жиналысты бұлай басталар деп кім ойлапты.

– Екі бұты таралған, сымпыс құйрық мұның кім? – болды алғашқы сұрақ.

– Зәуде әртес болар. Сымдай етіп шалбар кигенді солардан көрген едім қалаға барғанда, – деп жауап берді шетірек отырған бір қара.

– Дудардай шәші де, шұрк-шұрк тесік бәтеңкесі де соған ұқсайды.

– Әртес болса, басқармалыққа несіне әуреленеді жазған бала? – деп бір кексе әйел аузын сылп еткізді. – Бірер күн бригадаларды аралап, өлең айтсын да қайтсын онда.

Жұрт ду күлді. Өмірбектің құлағына дейін қызарып кетті.

Ауданнан келген өкіл қайта-қайта сөйледі. Өмірбектің өмір жолын баяндады. Қайда істесе де абырой-атакка ие болып келе жатқанын айтты. Қыскасы, соның тегеурінімен ғана сайланды. «Жақсы үйім мен жылы орнымды тастадым. Ертең балаларды үйреніп қалған мектебінен айырып, көшіріп алуға тура келеді. Несіне келдім екен десенші. Әлде көрсеткен сенім, құрметіңізге рақмет, қайтып келдім деп тартып отырсам ба екен? – деп ойлады ол төсекте жатып. Осыдан кейін: қой, мұным ұят болар, ерегіскенде бұларға тар шалбар кигеннің бәрі бірдей емес екенін көрсету керек» – деп түйді. Осыдан кейін ұшқыр ой тағы да бір арнаға қарай ойысты:

«Осы жұрт кейде бала сиякты. Председательдің кирза етік пен фуфайка киіп жүруі шарт па екен! Жақсы киініп, таза жүрсе, несі айып?»

Өмірбектің қалада өскендігі, алған білімі, көрген тәрбиесі мына ауылдың талабына бой ұсынғысы келмеді.

* * *

Өмірбек таңсәріден оянды. Ақыл ойдан артық емес дейді ғой. Содан ба, кім білсін, көңілге алғаш оралғаны: «Қай жердің отын оттасаң, сол жердің суын сула», – деген ата мақалы болды. «Расында да еңбек адамдарының арасында өз атын өзі шақыратын көкек сиякты шікірейіп жүргенім дұрыс болмас», – деп түйді. Сөйтіп, әуелі магазинді барып аштырды да, брезент шалбар, кең коныш етік сатып алып киді. Содан көшеде кездескен біреуден:

– Шаштараз қайда екен? – деп сұрап еді.

– Жүнді таразылау деген бар, ал шаш таразылау дегенді естіген жоқпыз, – деп жауап берді ол.

«Бұл ауылдың итіне дейін кесір сөйлейтін болар ма?!» – деп ренжіген Өмірбек жанағының кескініне қарап еді, аңырып қалыпты. Тегі, шын білмейтінге ұқсайды.

– Ал, сақал-шаштарыңды кімге алдырасыңдар?

– Ә, оны мына ауылда қауға сақал деген карт бар, соған.

Қауға сақал дегені шапаты бойлы, селдір мұрт бір көсе шал екен. «Қалайша бұл қауға сақал атанған?» – деп ойлаған ол:

– Бұл ауылдың қауға сақалы сіз болсаңыз, шокша сақалы қандай екен? – деп әзілдеді.

– Оның сақалы менен де қалын! – деді күле карсы алған кария. Өзі бір жатқан куақы.

– Міне, жаңа мұсылман болдың, – деп күлді Өмірбектің шашын ұстарамен сыпырып болып: – Ал коныс құтты болсын! Істі неден бастамақ ойың бар, шырақ?

Мұның сынай қойылған, құйтыркы сауал екенін аңғарған Өмірбек алдырғысы келмеді.

– Ең әуелі танысып қоялық. Есіміңіз кім болады?

– Бұл бұрын бес колхоз еді. Енді іріленіп бір үлкен казан құрдық. Бәрі де Бектемістің бес баласынан тараған. Соның бірі – Қайнат. Сол Қайнаттың көп шалының бірі десең болады, – деді кауға сақал, орағыта сөйлеп. О да алдыратын емес, сынайы соны танытады.

Өмірбек сәл ойланып қалды. Содан кейін:

– Ал сіз ше? Неден бастау керек деп ойлар едіңіз? – деп сұрағына сұрақпен жауап берді.

– Қаланың далдың өскен кара таяғы ма десем, болжамың бар бала екенсің, – деп кария күлді. – Талай бастықтар болған мұнда, шырақ. Бірақ «осыны тындырып еді» – дейтін бірін атай алмаймын ба деп киналамын. «Ішкен мәз, жеген ток» дегендей келіп жатыр, кетіп жатыр. Колхоз жәйі шаруаға киыстау тигендіктен болар, үміт артқан біраз бас көтереріміз бар еді. Тауыққа тастаған тарыдай шашылып, әр тарапта жүр. Солардың басын кос. Жинап ал. Хош де. Екіншіден, парторгін өзің сияқты сырттан болсын.

– Неге? – деп қалды шыдамаған Өмірбек.

– Себебі бар. Мен жоғарыда бұл колхоз Бектемістен тараған бес ауылдан құралады дедім ғой. Қандай болса да бес жаққа тартып кететін кезі табылады. «Қанына тартпағанның қары сынсын» деген ғой. Сондайда іштен шыққан біреу болса, қарына тартпай тұрмайды. Асылы, сыйласуға жат жақсы, – деп тоқтады кауға сақал.

Бұл екеуі де Өмірбекке нанымды ақыл сияқты көрінді. «Қайнаттың тіні түзу, көшелі бір шалы екен» деп аттанды көп жәйді аңғарған ол.

* * *

Өмірбек кауға сақалдың тілін алды да, шет жайлап жүргендерге кісі жіберді. Өзі өндірістік кооперацияда қызмет істейтін Дүзенов Сәтімбайға келді.

Сырт естуінше Сәтімбай осы колхозды өз қолымен құрысқан, ағайын арасында абыройлы, шаруа жайына майталман, білікті адам. Дегеніне көнсе, ауылға шақырмақ.

Кооперация кеңсесіне кіре берісте мұны шоң желке, қызыл көз, дәу кара кездестірді.

– Мен Дүзеновты іздеп келіп едім, – деді Өмірбек.

– Дүзеновті қайте қояйын деп едің? – деп сұрады шоң желке, дәу кара.

– Ол өзіне айтылады да.

– Ал ендеше айта бер. Іздеген Дүзеновің мен боламын.

Өмірбек «рас па?» дегендей дәу каранын кейпіне карап еді, ойнап тұрмағанға ұқсайды.

– Сіз Дүзенов болсаныз, мен – Жолымбетов Өмірбек. «Мақпал» колхозының председателі.

Сәтімбай Өмірбекті басынан аяғына дейін бір шолып шықты да:

– Ұқсайсын, – деп езу тартты.

– Ұқсамайсын деген соң осылай киінуге тура келді, – деп Өмірбек те күліп, иегімен аяғындағы кирза етікті нұсқады. Өзі Сәтімбайға «кесек мінездің, істің адамысын-ау», – деп дән разы.

– Мен сені бірден таныдым. Және неге келгеніңді де сеземін, – деді Сәтімбай есік алдындағы шөркеге отырып жатып. Содан кейін жайдарылана сөйледі. – Әңгіме киімде емес, миында. Мен сол колхозды өз қолыммен құрыстым. Ұзақ жыл председатель болып істедім. Кейін колхоз іріленген соң: «Енді іріленген шаруашылықты білімді жас басқарсын. Біз барымызды сарқып болдық», – деп арыз беріп босағаным да рас. Мен босағанда тың ойлы бір жас келіп, біз білмейтін жаңалыққа бастар колхозды деп босаған едім. Байқаймын, біздің ауылға келгендердің бәрі де өзімше ойлап, өзімше пішетін баяғы кара токпактар. Содан: «Е, шырақ, сенің де шокырағың түсінікті маған» – деп кетіп қалып едім. Мен, міне, алпысқа астым. «Сәтекең бір кереметті жасап тастар», – дейтін шақтан кеттім.

Аяққа шебелет, бұтқа тар шалбар киіп сыланатын дәурен өткен. Бірақ шынымды айтайын, осы мына керза етік, күпәйке дегенің бар ғой жалықтырып-ақ болды мені. Түсініп отырған шығарсың. Енді бізше басқарған кара токпакты айтып отырмын. Ал, шырақ, ауылға әкелер жаңалығың болса, қайтып баруға, қолдан келгенше көмектесуге бармын, – деп түйді ол сөзін.

Сәтекең Өмірбектің іздеген адамы болып шықты. Аудандық партия комитетімен келісті де, оны колхозға көшіріп алды. Содан кейін көпшілік жиналысы Сәтімбайды председательдің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары етіп тағайындады.

Сол-ақ мұң екен. Шет жайлап жүрген Көпбаев Суаз зоотехник те, жүгері жөніндегі агроном Мақтанов Көктал мен есеп қызметкері Әлімбетов Тоқтанай да өз ауылына қайтып оралды. Дес бергенде бастауыш партия комитетінің секретары болып сайланған Қанатбай Еркінбаев партиялық басшылықты шаруашылықпен ұштастыра білетін, тәжірибелі іскер жігіт болып шықты. Өмірбектің көңілі орнығайын деді.

* * *

Жоқ, Өмірбектің көңілі әлі орнықпады. Ол шеті мен бұл шетіне ат түгіл, машина жүгіртсе жетпейтін колхоз даласын аралай берді.

Бұл өзі он мың гектар егін салатын, қырық мың қойы бар ірі колхоз екен. Осы ірі колхозда ең алдымен ішкі тәртіп нашар. Басқарма

отырысына шақырса, уақытымен бір пенде келмейді. Келе қалса, болмашы бір істің өзін әр жаққа тартады да, таң атқанша отырады. Бірер айғыр стаканды тастап алып келіп сөйлейтіндер де табылып жүр. Фермаларды аралап еді, жөні бүтін қора жоқ. Сауыншыларда баспана жоқ. Колхозда отыздан артық машина бар екен, әр қилы себеп табылады да жарым-жартысы шықпай қалады. Монша салу деген де бұрын ешкімнің есіне келмепті. Кеше қызылша аршыған жерге барып еді, баласын арқалап алған әйелдерді көрді. Қызық жай: он миллион табыс кіргізетін колхозда бала бақшасын, бала яслиін ашу деген де сөз болып па! Тек соңына түсуші табылмағаны ғой. Міне, қылышын сүйретіп қыс таяп келеді. Жаз Мақпал тауын жайлаған қалың қой бұдан екі жүз шақырым қысқы жайылым – Шағырлы, Тасқұдық, Ақтөбеге бет алмақ. Ал дайындалған бар пішен осы төңіректе. Сонда қыстың қақаған ақ түтек боранында ит арқасы киян, соншама керік жерге мал азығы қалай жеткізілмек?

Өмірбекті мазалаған жайлар осындай еді.

* * *

Осы бір жайларды әңгімелесу үшін басқарма отырысын шақыру керек болды. Өмірбек колхоз белсенділеріне күн ілгері хабарландырып қойдырайын деп ертемен кеңсеге келді. Өз кабинетіне өтіп бара жатыр еді. Маңдайшасында «бухгалтерия» деген жарнамасы бар бөлмеден үдере шыққан дауыс, қатты күлкі естілді. «Таң атпай бұл неткен ойын-сауық?» – деген түйткілмен есікті барып ашты. Соктауылдай бес-алты жігіт. Алдарында айғыр стакан, арақ пен нан кикымдары. Оқыстан келген колхоз председателін көріп, абыржып қалысты. Біреулері ебетейсіз кимылдап, шөлмектерді үстел астына жасырған болып жатыр. Өмірбек істің мәнін енді аңғарғандай. Әне бір төрде отырған бадыраң көз, шикіл сары есепші мұнымен кездескен сайын әлде бірденені айтып, жоқ нәрсеге таласа кетіп жүретін. Өмірбек: «Осы шіркін мас емес пе өзі!» – деп те күдіктенуші еді. Бірақ олай дейін десе, есепшінің бет құбылысында бір белгі жоқ. Содан: «Ақуа, адуын бір қыңыр болар ма!» – деп қойған. Сыр енді ашылғандай.

Табалдырықта аңырып қалған Өмірбек бір тоқтамға тез келді де:

– Ішер көбейсін! – деп жылы сөйледі. Көзін тапқан ағын судай тарғыл күлкі дүрлей жөнелді.

– Ал қалған бірденелерің бар ма? – деді үстел басына таяп келген Өмірбек.

Шулаған жігіттер жамырасып, председательге стакан ұсынды. Өмірбек тартынбады, бір жүз грамды қағып жіберді.

– Е, түсінбей жүр екенбіз, өзіміздің адам ғой мынауың! – деп шыкылыктады баяғы бадыран көз, шикіл сары.

– Бөтен деп санап па едің?

– Қайдам, тік бақайлау жүргенге шошынып қалып едік, – деді шеткерірек тұрған шұбар бет, кең танау.

Адыран көз, шикіл сары:

– Ертемен ептеп, осылай нетіп, аздап бас қосып алатын әдетіміз бар еді. Оны бұрынғы председатель де сезетін. Бірақ ісімізден ақау таппаған соң бетімізге келіп көрген емес, – деп әр жайды аңғартып, ақтарыла сөйлеген болды.

– Жұмыс дегенің, тәңірі, көрмеген дүние ме еді, тасқаяктай қағыстырмаймыз ба?! – деп шұбар да сөз косты.

«Көмекейлеріңді түсінемін», – деп ойлады Өмірбек. Содан кейін:

– Танысып алайыкшы ең алдымен, – деп адырақ көз, шикіл сарыға карады. – Сен кімсің?

– Мен бе? Мен есепшімін.

– Сен?

– Есепшінің көмекшісімін.

– Ал сен?

– Бас бухпын.

– Ал сен ше? – деп Өмірбек әлгі бір кең танау, шұбарға бұрылды.

– Мен бе, Өмеке-ау, мен сізге көмекші емеспін бе?

– Түсінісетін бір нәрсе бар, – деді Өмірбек сәл ойланып. – Колхоз жәйін білесіңдер ғой. Істелінер жұмыс ұшаң-теңіз де, соған кол күші жетісе бермейді. Ал сендер болсаңдар, тепсе темір үзетін сокталы-сокталы жігітсіңдер. Не бітіріп отырсыңдар бәрің ұйлығып осы жерде?

– Колхоз есебін жүргізіп... – деп мінгірледі бірі.

– Жок, сендердің нені жүргізіп келгендеріңді білемін мен. Бұлай болмайды енді, – ол шұбарға карады. – Сен бүгіннен бастап колхоздан қалаған жұмысыңды ал. Маған көмекші дегеннің керегі жок. Керек бола қалған күннің өзінде де, бұл жұмыс әйелдің де колынан келеді. Ал қалғандарың да сөйтіңдер, фермаға, немесе құрылыс бригадасына барыңдар, – деп Өмірбек үйден шыкты.

* * *

«Шолак кескен жокпын ба осы?» – болды үйден шыккан Өмірбектің алғашкы ойы. – «Томаға тұйыктан сен анаған барасың, сен мынаған барасың, деп кесіп-пішіп тастамай-ак, әуелі ескерту жасаса да жарайтын еді». Бірак канша шүбәланса да, адамдык ары сойталдай жігіттердің кенседе отырып арак ішіп, күн өткізіп жүргеніне тағы да бой көтерді. Қайтсе де Өмірбектің бұл шешімін

Сәтімбай мен Қанатбай қатты қостады. Олардың айтуынша колхозшылар арасында ауа жайылушылық байқалса, соның демеушісі осы есепшілер тобы сияқты. Өйткені: «Балық басынан шіриді, ең әуелі аналарыңды тыйып алыңдар», – дегенді өзінің де естігені бар еді. Бұл шындық болып шықты. Сол топ ыдыратылғаннан кейін жұмыс кезінде «буыны босап» қалатындар некен-саяқ бола бастады.

Ауылда еңбек тәртібінің қалыптаса беруіне Өмірбектің ауыл шаруашылығын, оның ішінде техниканы жақсы білетіндігі көп әсер еткен сияқты. Бір күні сол Сәтімбай екеуі даланы аралап келе жатыр еді, жол үстінде тұрған жүк машинасын көрді. Жақындап келсе, шофер машина көлеңкесінде ұйықтап жатыр.

– Ау, мықты, мұның не жатыс? – деп Сәтекең бұрынырақ тіл қатты.

Шофер ең алдымен керіліп алды. Содан кейін аспай-саспай-ақ:

– Машинам жүрмейді, – деп ыңырана берді.

– Неге жүрмейді? – деп сұрады Өмірбек.

– Қайдам, от алмайды.

– Кәне, кілтіңді бере тұршы.

Шофердің түсі өзгеріп сала берді, оны Сәтекең де, Өмірбек те байқап қалды.

– Әкел, қорықпа, мен де өзің сияқты шоферлық курсты бітіргенмін. Не кінараты бар екен, бірлесе іздестірейік, – деп Өмірбек машинаға отырды. Анау кілтті ұсынып жатып колхоз председателі мінген жеңіл машина шоферіне көзін қысқан сияқты болды, айтпа дегендей.

Өмірбек стартерді басты. Машина шынында да от алмады, қақала берді. Өмірбек моторға үңілді.

– Ойбай-ай, подсосты ашып қойыпсың ғой. Карбюраторға бензин толып кеткен соң машина қалай тұтанбақ.

Бала қылмысты адамдай қипақтай берді.

– Осыны да білмейсің, қайтіп шофер болып жүрсің? Тегі, басқа жұмысқа ауысқаның жөн болар, – деп қойды Өмірбек қайтер екен дегендей.

Шофер бала шошынып қалды.

– Білем ғой оны.

– Білсең, неге істейсің?

Шофер желкесін қасыды.

– Түнде шала ұйқы болып едім. Бойдақ жігіттердің жәйін өзіңіз де білесіз ғой. Сонсоң, кішкене көз шырымын алайын деп тоқтап едім, – деп шынын айтты.

– Одан да солай көш, – деп Өмірбек күле сөйледі. – Қазір бір жарты сағат тыныста да, жұмысыңа жөнел. Енді қайтып мұндай қулық жасайтын болсаң, жақсылық күтпе менен.

Осы оқиғадан кейін машинам жүрмейді деп бір шофер айтпайтын болды. Мұны әсіресе Сәтекең қатты аңғарды. «Білген деген осы міне, біз болсақ, не істей алар едік?» – деп ойлады ол. Бірақ іштей разы болды да, Өмірбекке тіс жарып ештеңе демеді. Өз әдісін қара тоқпақ десе де Сәтекең де талайды көрген, «жағымпаздық» – дегеннін түтіні қайдан ұшатынын түсінетін адам болатын. Асылы, түсіне білу деген де екінің бірінің қолына келіп қона бермейтін құс қой.

* * *

Өмірбектің бұл колхозға келгеніне екі-үш айдай уақыт өтті. Осы аз мерзімнің ішінде бұрын бос белбеу ауыл психологиясында біраз өзгеріс болып қалғанға ұқсайды. Өмірбек ең алдымен басқарма отырысын тәртіптеді. Бұрын күн бата бастаса, таңға созылатын бұл отырыстың енді бас-аяғы бір сағатқа жетпейтін болды.

– Ұзақ кіріспе жасаудың керегі жоқ, ісіңнің тоқ етерін сөйле, нендей көмек керек, соныңды айт! – дейді ол колхоз белсенділеріне.

Наряд деп аталатын бұл отырыс аптасына екі рет, кешкі сағат бесте басталады. Кешігіп келген адамға штраф салынып, үш еңбек күні қысқартылады, әрі өзі нарядқа қатыстырылмайды. Бұл осындай бір отырыста ортаға салынып, мақұлданған шара еді. Оның қаталдығын таныту үшін Өмірбек бір нарядқа әдейі кешігіңкіреп келді.

– Кешігуімнің бір реті болды, бірақ ол себеп емес, деп Өмірбек жаңа есепшіге қарады. – Тәртіпті бұзғаным үшін үш еңбек күнімді шегер.

– Бір жолға кешіруге болады ғой, оқа емес! – деп біреу жалпақтай сөйледі.

Өмірбектің күткені де осы еді.

– Алған қаулыны ойыншық деп қарайсың ба?

– Жо... қ... жо... оқ.

– Ендеше неге сипай сөйлейсің? Бүгін мен кешіктім, ертең сен кешігесің, оқасы жоқ деп кешіре беру керек екен ғой. Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы десек жұмыс істей алмаймыз. Шегерілсін үш еңбек күн.

«Мына баланың қуын-ай!» – деп іштей разы болып отырған Сәтімбай:

– Қаулының аты қаулы, үш еңбек күніне штраф салынсын. Әрі енді қайтып кешікпейтін болсын! – деп қойды.

Осыдан былай басқарма наряды айтқан сәтінде басталып, белгіленген уақытында аяқталатын болды.

Өмірбек бір күні Мырзаканов Әмір деген жігітті кеңсеге шақырды.

Әмір жас болса да, ауыл арасында жаман аты шыққан жігіт. Қит етсе жоғарыға арыз айдайды. Жұмыс істемейді. Колхоз белсенділерінің сүрінгенін аңдып, үйінде жата беретін мықтының өзі. «Маңайына үйір етпе. Ішіне кіріп алады да, іштен шалып, құлатып жібереді» – деп ескерткен мұның қамын ойлаған кейбіреулер. Соған иланған Өмірбек – «үйреніскен жау атыспакка жақсы... деген ғой, танысайын» деп шақырды.

Әмір кірпі шаш, еңгезердей қара жігіт екен, есіктен сөйлей енді:

– Бізді де керек ететіндер болады екен-ау.

– Жақсыға қашан да бір кісілік орын бар демей ме қазақ атаң. Керек етпесе, кінә өзіңнен болар, – деп Өмірбек әзілдей сөйледі.

– Жоқ, мен шындықты айтамын. Жақпасам, осы мінезімнен жақпайтын болармын.

– Мен сені колхоз шаруашылығына жаны ашығыш, турашыл жігіт, – дегенді естіп шақырып отырмын. Ақылдасатын мәселе бар.

– Құлағым сенде.

– Колхозда қырық мың қой бар. Орта есеппен алғанда дайындалған пішеннің жетпей қалу қаупі де жоқ емес.

– Пішен дайындау жөніндегі ақпарда қоспа бар екенін де ұмытпа, – деп қойды Әмір.

– Онда біздің хал тіпті қиын. Ең киыны мал қысқы жайылымға көшеді. Ал азды-көпті пішен-шөбің мына Мақпал бауырында. Сонда қыстың қарлы боранында мал азығын қалай тасып бермекпіз?

Әмір қалтасынан қалыңырақ бір конвертті суырды.

– Мен, міне, осы жайында обкомға жазып едім. Өзің шақырып алып, ақылдасып отырсың. Енді жөнелтудің жөні болмас. Осы арада-ақ шешерміз. Аш та, оқы! – деді ол.

Әуелде Өмірбек шошынынқырап қалып еді, оқи келе көңілі орнығайын деді. Өйткені Әмір де мұның өзін толғанткан жайды жазыпты. Оның арызында көңіл аударарлық екі ұсыныс бар екен:

«Малдың қысқы жайылымы деп аталатын Ащылы қайнар мен Шағырлыда, Тасқұдық пен Көктөбеде жалпақ жондар бар. Соған көктемде жоңышқа егу керек.

Екіншіден, малды жазда тауға ұстап, қыста бораны катты төменгі жазыққа түсіру де жаңсақтық. Боранды-шәшінді лайсаң күндерде де тау іші жылы болады. Біраз қойды осы жерде ұстау керек».

Өмірбек ойланып қалды. Шынында да осы арадан тракторлап шөп тасып майып болғанша, сол далаға неге жоңышқа егіп тастамаска?! Қойдың біразын тау бөктерінде неге қалдырмаска?!

Бұған карсы осында құлағына сіңген бірер пікір өре түрегелді.

– Ол далада су жоқ. Жоңышқа шыкпайды.

– Жаз жайлаған тауда ырыс жоқ. Әрі кар қалың түседі.

Әмір үндемей қалған Өмірбекке карады. Құдды күдігінің үстінен шыққандай:

– Жоңышка өспейді деген бос далбаса, жоңышка өскенде қандай, әдемі өседі. Тек кар суын пайдаланып ерте себу керек, – деді ол. – Тауға кар қалың түсетіні рас, бірақ шыңылтыр аяз болмайтындықтан үнемі ұлпа болып жатады.

Арызкой Әмір де Өмірбекке ұнап отыр.

– Егер біраз қойды қақпалап осында қалдырсақ, жауапкершілігін өз мойнына алар ма едің? – деп сұрады ол Әмірден.

– Сеніп тапсырсаңдар, неге алмайын. Аламын.

– Ал онда келістік соған. Тек бір ғана тілегім бар, – деп Өмірбек күлді. – Ауылың сені жақсы атамайды. Арызқой Әмір дейді екен. Бұдан былай арыз жазсаң, бірігіп отырып жазсақ қайтеді? Мүмкін осы жердің өзінде-ақ шешерміз. Шеше алмасақ, бетіннен жарылқасын, тиісті жеріне айдап жіберерміз.

– Мұндай сөзге құлдығың болып кетесің ғой, – деді Әмір.

Осыдан бірнеше күн өткен соң негізгі отарлардан биылғы төлдер бөлінді де, жаңа ферма құрылды. Құрама жиналысында бұл фермаиың бастығы болып Мырзақанов Әмір тағайындалды.

* * *

Сөйтіп, колхоз шаруашылығы бір ізге түсе берді. Ең алдымен, бір миллион екі жүз мың сомға жаңа шеберхана сатып алынды. Енді артельдегі елуге тарта трактор, отыз жүк машинасы, сол қарайлас комбайн осы ауланың өзінде-ақ жөнделетін болды.

Жас балалы әйелдердің жұмыска шығуы тым киындай берген соң, Өмірбек бұрынғы председательден өзіне ауысқан үйді балалар бақшасына берді.

– Апырау, өзің қайтесің? – дегендерге:

– Үй іші көшіп келгенше бір жөні болар, әзірге пәтерде де тұра тұруыма болады ғой, – деп жауап берді. Сөйтіп, аз күннің ішінде алпыс орындық жақсы балалар бақшасы ашылды. Оған керек-жарақтың бәрі қаладан алдырылды.

Содан кейін ванна, душы бар елу кісілік үлкен ақ монша қатарға қосылды. Ескі клуб жөнделді. Осы күзде орнатылған жас бақ ішінен би алаңы ашылды да, биік бағанаға репродуктор орнатылды. Ауыл жастары кешке сол төңірекке топталатын болды.

Бұрын ауыл ауыз суға да тапшы екен. Өмірбек мұны кезек күттірмейтін мәселенің бірі деп қарап, облыстық су шаруашылығы мекемесінен мамандар алдырды да, орталықтан шыныраy құдық казды әр көшенің пұшпағына колонкалар орнатылды. Су көбектері қаладағыдай жер астымен жүргізілді. Колонкадан алғаш рет су аққан күні ауыл әйелдерінің қуанышында шек болған

жоқ. Еңкейген қарт, еңбектеген балаға дейін әлдебір есте қаларлық оқиғаны айтқысы келсе – әлгі артезиан құдығынан су атқылаған күні... – деп бастайтынды шығарды.

Осының бәрі де айқай-шусыз орындалып жатты. Сәтімбайдың қайран қалатын бір жәйі бар. Ол өзі бастық болып жүрген кезде шаруашылықтың бәрін өз қолында ұстауға тырысушы еді. Жұрт түшкіріп салса да жәрекімін бұл айтуға керек. Көлік сұраған да, паек сұраған да, – бәрі де Сәтекеңе келетін. Сәтекең мұның бәрін колхозда еңбек тәртібін орнатамын деп істейтін. Сонда да не керек, кейде жұмысқа шығыңдар деп бригадир орнына үй аралап кететіні де болушы еді-ау. Өмірбек болса, тіпті бұлай емес. Ол бірінші күннен-ақ «мұндай мәселемен енді қайтып маған келмеңдер. Сәтекеңе барыңдар, – сол кісі шешеді...» – деп кесіп айтты. Сәтекең ойлап қараса, ол қазір орынбасар болып отырып, бұрынғы бастық кезіндегі шаруаны атқарып отыр екен. Сөйтсе де тізгін Өмірбектің өз қолында. Жұрт осыны көбірек сезінеді де, оны көбірек сыйлайды. Сәтекең мұны қызғанбайды. Қайта жаңа бір дүниеге көзі ашылғандай. «Бастық болсаң, осылай бол, біз бұрын бастықпыз деп қаукөрік болып жүріппіз де, бригадирдің жұмысын атқарыппыз ғой» – деп түйеді ол өз ойын.

Сәтімбайдың тағы бір қайран болғаны – сиыр базын салу жөнінде басқарма отырысында бір тоқтам болып, құрылыс бригадасы Мақпал тауының бауырына жіберілген. Арада бірнеше күн өткен соң Сәтекең сол жерге барса, баз емес сауыншыларға үй тұрғызылып жатыр екен.

– Бұларың не?

– Бастықтың бұйрығы солай.

Шаруа жәйін жақсы білетін Сәтекең ренжіңкіреп қалды. Міне, күздің қара жаңбыры басталып кетті. Қорасы жоқ мал қайда тұрмақ?

– Рас, күздің қара жаңбыры басталды. Суық түсті. Баспанасы жоқ адам қайда паналамақ? – деп жауап берді Өмірбек. – Шын қысылса, соқыр көзден жас шығады дегендей, сондай бір күн туса, төлді үйге де сақтауға болады. Ал қандай бір қиындық болмасын, адам мал қорада тұра алмайды.

Сәтекең қайырып ештеңе айтпады. Қайырғанда не десін. Өмірбектің сөзінде терістік жоқ. Мына қыстың тап есікті қағып тұрғаны ғой оның қысылатыны. Әйтпесе сауыншыға үй салу дегенге қарсы бола ма! Терлеуге тура келді. Колхоз белсенділері, оқушылар мен мұғалімдер сенбілікке шақырылды. Ақыры олар бұл қиындықты да жеңді.

* * *

Сентябрь түсісімен Әміркұлдың фермасы тауда қалдырылды да, былайғы қалың отарлар төменге – қысқы жайылымға бет алды. Оларды көп жерге дейін Өмірбектің өзі шығарысып салды. Жолда шопандармен әңгімелесті. Жәй-күйімен танысты. Солардың ішінен Өмірбектің көзіне ерекше түскен екі шопан болды. Бірі – Досболов Жайлаубай, екіншісі – Шүкенов Байданқұл еді. Бұл екеуі де өз алдынан жауға да, жұтқа да соқыр лақ бермейтін, колхоздың қара табан малшысы. Қонарын сай, көшерін жел біледі дегендей, олар жаз тауды жайлап, қыс төменге түседі. Ақ түтек боранмен, ұлыған бөрімен алысады. Шіркін, еңбек деп малшы еңбегін айтсаңшы! Сөйткен Жайлаубай мен Байданқұлдың колхоз орталығында баспанасы да жоқ екен. «Осы жұртта жарамсақтық көп. Мен үйімді балалар бақшасына бергенімде, өзің қайда тұрасың деп бәйек болғандар мына шопандар жәйлі тіл қатпады-ау. Тегі, олар адамды емес, орынды құрметтейді ғой», – деп ойлады Өмірбек.

Бұл жолдан осы бір ойды түйіп қайтқан ол сол бетінде үй ішін көшіріп алмақ ниетпен облыс орталығына келді. Бұрынғы өзі қызмет істеген мекемелерге барды. Облыстық атқару комитетінде болды. Іздегенге сұраған дегендей, әйтеуір, іздене де, сұрана да жүріп құрамалы он үй сатып алып қайтты. Көп кешікпей колхоз орталығындағы аласа кепелер сыпырылды да, көк шатырлы, верандалы, бір орталықтан жылытылатын еңселі үйлер пайда болды. Енді бұл үйлерге кімдер шығу керек деген сұрақ тұрғанда Өмірбек ең алдымен Жайлаубай мен Байданқұлды атады.

Ойлап қараса, бір отарда бес жүз қой болады екен. Мұны ерлі-зайыпты екі-ақ адам бағады. Сонда бір отар қойдың еті мен жүнін, алынған төлін шамамен алғанда, жаңағы ерлі-зайыптылар колхозға жыл сайын қырық мың сом таза табыс кіргізеді. Өмірбек басқарма отырысында осы есеп-қисапты дәлелдеп берді де:

– Қайтсе де шопан еңбегі адал. Үйді ең алдымен Байданқұл мен Жайлаубайға беру керек, – деді.

Сөйтіп, көктемнің бір шуақ күнінде екі шопан колхоз орталығына шақырылды. Электр сымы тартылып, саңғырап тұрған екі үлкен үйдің кілті ұсынылды оларға.

Сөзге шорқақ Байданқұл бірінші болып сөйледі.

– Бұрын мал-мал деуші едіңдер. Сонда біз тұрып: «Е, несіне арам тер боламыз, мал бақташысы табылды ғой» – деп келуші едік. Енді мал бақкан адамның қамын жегендерің әбден дұрыс. Осыларыңмен бізге бір міндет қылғандайсыңдар. Өйткені, сендер бізді ойласаңдар, біз малды ойлаймыз. Айналып келгенде есептерің түгел, – деді ол.

Бұл әркімді-ақ ойландырар сөз еді.

* * *

Бұл колхоз қыстан қысылынқырап шықты. Әміркұл айтқандай, мәліметте де қоспа бар екен. Қыс аяғында мал азығының тапшылығы сезілді. Ара-тұра шығын болғаны да рас. Бірақ осы киындықтан шаруалардың өздері алып шықты. Олар өз аулаларынан жинап алған жоңышқаны ортаға салды, десек те, бұл «суға кеткен тал қармайдының» кері ғой. Қырық-елу мың қойды аядай аулада өскен жоңышқамен қанша қыс асырауға болады?

Осыны ойлаған Өмірбек Әміркұл ұсынысына оралып соға берді. Оның үстіне биыл тауды қыстап қалған тұтас фермадан бір қойдың сетінемеуі – көп нәрсенің бетін ашқандай. Әрі Әміркұл да өз ісіне жауапты қарайтын тыңғылықты жігіттің бірі болып шықты. Осы жайлар оны бір тоқтамға еркін жетелеп әкелді де, Өмірбек тәуекелге барды. Колхоздан екі мың бес жүз сом қаражат шығарып, жоңышқа тұқымын сатып алдырды да, көктем келісімен қысқы мал жайылымына апарып алты жүз гектар жерге ектіріп тастады.

«Колхоз дәулетін босқа шашып жатыр, сусыз жерге жоңышқа шыкпайды», – деп сәуегейсігендер де табылды. Ондайларға Өмірбек:

– Бұрау басын сындырмай, үйінде жатқан ғана қателеспеуі мүмкін. Ал, мен болсам, осы колхоз үшін бірдемелер тындырып жүргенге ұқсаймын. Қателесуім ықтимал! – деп жауап берді.

* * *

Көктемгі егіс аяқталса, пішенге түскенге дейін біраз бір күндер болады. Бұл шаруа адамының арқасы босайтын бір шақ. Өмірбек осындай бір кезеңді пайдаланды да, демалыс алып, облыс орталығына аттанды.

Шаруа бақкан адамның әр нәрсені орайластыра жүретін әдеті емес пе, Өмірбек жолшыбай қысқы мал жайылымына соға кетуді мақұл көрді де, Тасқұдыққа тартты.

Мұндағы көңіл тойдырарлық бір нәрсе – кар суымен егілген жоңышқа қаулап өсіп, бойлап қалыпты. Тіпті кей жерлерде шешегін де жара бастаған. Тез шабу керек екен, – тегі, күзге дейін екі оруға болады-ау, сірә, – деп ойлады Өмірбек. – Рас, колдан суарылса жоңышқаны бір жазда үш-төрт мәртебе де оруға болады. Бірақ биылғы жыл үшін бұл да табыс. Ең қолайлысы – қыста осы өнірді жайлайтын малға екі жүз шақырымнан пішен тасылмайтын болады енді.

Осындай қуанышпен ол қалаға келді. Колхозға жаны шын ашитын адам демалыстамын деп шалқайып жата ала ма. Пішенге түсер мезгіл де таяп келеді. Шөпті шабу оңай-ау, бірақ соны үю бір

машақат болғалы тұр. Қол күші жетпейді. Ал шөп айырлайтын машина дегенің бұл ауылдағылардың түсіне де енбепті. Жатпай-тұрмай сондай бір төрт-бес машина сатып алу керек.

Өмірбек осы мақсатпен облсельхозтехникаға барып еді, ойда жоқта Мұстафа деген бір жолдасымен жолығыса кетті. Ол бұрын Өмірбекпен бірге оқыған еді, енді осындағы облыстың бір мекеменің бастығы болатын.

– Ауылға барам деп не болып кеткенсің, жаным-ау? – болды досының алғашқы сұрағы.

Өмірбек бұған әдепкіде мән бермеген еді, былай шыға бере жәбірленіп қалды. Өмірінде пәлен болсам деп арман етіп, шен қуып көрген жоқ-ты, алайда неге екенін кім білсін, дәп мына арада: «Қалада істеп жүре берсем ғой, ендігі мен де бір қазанның құлағын ұстаған болмас па едім, – деп досына сәл қызғаншақтық білдірді. – Шынында да мен осы не болып кеткенмін? Керзе етік, фуфайка дегеніңді колхоз председателінің маңдайына жазып қойып па». Осыдан кейін ол баяғы ықшам шалбарын, жеңіл шебелетін, сырттан салатын шолақ жең әсем көйлегін киіп жүретін болды. Бұрынғыша шашын өсіре бастады. Демалыс бітіп, ауылға аттанар күн де таяп қалды. Соны естіді ме, кім білсін, Мұстафа телефон соғып, мұны конаққа шақырды.

– Келмей қалып жүрме, басқа да шаруа бар, – деп қойды ол.

Кешке Мұстафаның өзі есік алдына шығып қарсы алды мұны.

– Міне, енді адам болыпсың ғой, – деп әзілдеп, үйге алып жүрді. Жылы да сәнді бөлмеде, мол дастархан үстінде шынайы әңгіме басталды.

– Достым, саған менің көңілім толмай жүр, – деді Мұстафа. – Қаладағы үй-жәйіңді тастап сенікі не осы? Балаларды үйренген мектебінен, Күлтайды кинотеатрынан айырдың. Сен мұныңды қой. Біздің мекемеде бір бөлім бастығының орны бос. Жалақысы тым жақсы. Сен сол орынға келетін бол. Көнсең болды, басқасын өзім тындырамын.

Өмірбек колхозды мақтай бастап еді, Мұстафа оны сөйлеттірмей тастады.

– Немене, мені колхоз құрылысының жауы деп ойлайсың ба. Сен бір-ақ колхозда отырсың. Ал, мына біздің мекемеге ондаған колхоз қарайды. Бұл орында отырсаң, сен сияқты маманның шарапаты бір ғана колхозға емес, жаңағы ондаған колхоздың бәріне де тиетін болады.

Мұстафаның сөзінде жан бар сияқты-ау осы. Өмірбек ойланып қалды.

Екі дос түннің бір уағында ажырасты. Өмірбек колхоздан босап келмек болып ауылға тартты.

* * *

Жұрт клубқа лық толды. Өмірбек әдейі баяғы қала киімін киіп келді. Ең әуелі, өзі келгеннен бергі жұмысқа қыска ғана ақбар берді. Содан кейін:

– Ал, ағайын, араларыңда біраз күн дәмдес болдым. Қолдан келгенше аянып қалғаным жоқ. Енді маған рұқсат беріңіздер, – деп өтінішін айтты.

Жұрт шу ете қалды.

– Неге бізден жерідің? Себебі не?

Өмірбек мұны бір шу көтеретін мәселе болар деп ойлаған жоқ еді. Қапелімде жауап таба алмай қалды.

– Неге кетпексің, соныңды айтшы?

Ебін таппаған тұз жалайды дегендей, Өмірбек жоқты сылтау етті:

– Мен қалада өскен адаммын, әлгі керзі етік, фуфайка дегенің жалықтырып болды әбден.

– Сол да сөз болып па. Дәлел емес, – деп дауыстады залдағылар.

Өмірбек енді жол тауып кетті.

– Е, былтыр тәуір-ақ сөз еткен жоқ па едініздер!

– Ой, тәйірі-ай, көпшілік болған соң не делінбейді.

– Босатылмасын!

Сөзді қазір колхозда шаштараз болып істейтін баяғы қауға сақал алды.

– Өмірбек шырақ, сен бұл колхоздан кетпе. Шаруа жәйін білетін, тыңғылықты бала екеніңді таныттың. Білмеген адам у ішеді демей ме атаң қазақ. Ол білместіктен туған жәй. Кім не киеді, онда біздің шаруамыз жоқ. Қаласаң қалаша киін, қаламасаң далаша киін. Өз еркің. Бірақ біз сені босата алмаймыз.

«Ие, босата алмаймыз. Қалай киінсе де өз еркі!» – болды жиналыстың ақырғы қорытындысы.

* * *

Өмірбек пен Қанатбай, Сәтімбай үшеуі жиналыстан бірге шықты.

Клуб пен колхоз кеңсесі жас отырғызылған аумақты бақша ішінде еді. Бақша аласа балшық дуалмен қоршалған болатын. Қақпаға келгенде Өмірбек сәл аялдаңқырай берді.

– Сәтеке, ендігі жұмысты осы дуалды киратып, шарбақ жасаудан бастауымыз керек. Ертең трактор шақырыңыз. Облыстан ағашқа наряд алып келдім.

– Сәтімбай үндемей қалды. Оған себебі де бар. Осыдан біраз жыл бұрын бұл дуалды Сәтекең өзі қалатқан болатын. Ең әуелі, ол

дүйім жұртты жинап алып, тазалық, мәдениет туралы кең түсіндірме жасаған. Содан колхоздың бір-екі бағланын шалып, көпті сенбілікке шақырып еді. Дуал қаланып болған соң, әлдебір керемет істі тындырып тастаған адамша, талай күн көтерілінкіреп те жүрген. Сөйткен Сәтекең қалай үндесін енді.

– Шынында, осы бір балшық дуалдар көшелердің де, үйлердің де шыркын алып болды. Құрту керек, – деп парторг Өмірбекті қостады.

Ақылды Сәтімбай ойланып барып: «Жан бар сияқты-ау бұл сөзде. Ана Байданқұл мен Жайлаубайға берілген еңселі көк сырлы үйлерді балшық дуалмен қоршаса, не сәні болар еді?! Соқыр болыппыз ғой өзі» – деп түйді. Байымдаса, Өмірбек бір қырдан асып түскендей. Сын қыркасы. Жас қыранның шын қияға самғайтын шағы енді келген сияқты.

1961 жыл.

СЕЛДІҢ ЕКПІНІ

Тұршабай төсектен көзінің алды күлтеленіп, беті ісіңкіреп тұрды. Байқаса, жан сүйері Шәрбан да солай екен. Жақ еті суалып, өңі қуқыл тартқан.

– Бүгін де ұйықтай алмаған екенсің ғой, жазған, – деп Тұршекең жіңішке даусымен ыңырси айтты.

Шәрбан күрсініп қойды.

– Ұйқы-күлкіден айырылдық қой.

Тұршабай әлдеқашан суып қалған шайына тесіле қарап ұзақ отырды.

– Не сұмдығы болса да, тезірек болса екен...

Бірін-бірі қабақ қағыстан түсіне қалатын осы бір ерлі-зайыпты тату адамдардың мазасыздығына, шынында да, көп уақыт өткен еді.

Айнала тау қоршаған мына сәнді қалаға жаз болса-ақ бітті, катер төнеді. Биігіректе, сонау қарлы шыңдардың арасында аузы мұрнынан келіп, мөймілдеп тұрған бір көл бар деседі. Сол көл жаздың сарша тамыз ыстығында тасып шығып... құдай сақтасын, тасып шыкса, жолында жатқан мына сәнді қаланы бар ғой... тіпті аузын бармайды, әйтеуір пәлекеттің бетін аулақ ете көрсін деңіз.

Әр үйде казір осы үрей бар. Сол үрейді радио да, күнде қала үстінде дырылдап ұшып жүретін вертолет те ушықтыра түсетіндей. Жолың болып тауға қарай жүре калсаң, таяқ тастам жерден жаңағы

болашақ катерді есіне салып, жарнама тактайлар тұрады. Қайтсе де, кала халкында біраз жылдан бері тыныштық жок.

Бұл тынышсыздықтан әр үй өзінше жол табатын-ды. Мәселен, Тұршабай болса, жаздың осы бір катерлі айында Шәрбан мен балаларды алып, алыс бір жакка кетіп калушы еді. Орталық курорттарға, тіпті болмаса, өзінің, кала берді Шәрбанның ауылына барып жатып алатын. Сөйтіп, кемді-күн демалыс шағы болса да, калаға төнген катерді естен шығарып, көңілі жай табатын-ды. Жок, көңілі жай табады деген жай сөз. Өйткені онда үй-жайы калды. Тірнектеп жинаған дүние шіркін калды. Бұл ретте әйел заты болған соң Шәрбан көбірек мазасызданатын еді. Оның есіне сервант толы қымбат сервиздер мен хрусталь, фарфор вазалар түсіп, кей түндерді ұйқысыз өткізетін. Әрине бәрін де араларына мақта салып, тастүйін етіп кымтап, орнықты деген жерге койып кетуші еді. Сөйтсе де, кім біледі, жасағанның жазымы боп, жер сілкінсе, ең алдымен кететін осы дүниелер ғой.

Шәрбан осы себепті ұйыктай алмайды. Тұршабай екеуі ертемен тұрады да, құлағын радиоға түреді. Оған да сенім жок секілді, ертеңгі дәмді іше салысымен почтаға карай жүгіреді, жаңа келген газеттерге үніледі. Әйтеуір, көңілге медет болары – өздерінің алыста жүргендігі.

– Дүниесі түссін, өзіміз аман болайыкшы, – деп кояды Шәрбан осындайда. Оны Тұршабай үнсіз костайды.

Көп жылдан бері бұл семья жазды осылай өткізуші еді. Биыл соның реті болмай калды. Өткен жылдардың бірінде Шәрбан ойда жокта ғылымға икемі барлығын таныткан-ды. Бір дастарқан басындағы әңгімеде әлдекалай:

– Осы Шәрбан неге диссертация корғап алмайды, – деген сөз туа калған.

Осыдан кейін Тұршекең мен Шәрбекең кауырт акылдасып:

– Рас-ау, корғап алу керек екен-ау, – деп токтаған. Соның аяғы Шәрбанның аспирантураға түсуімен тынды. Ал Тұршекең болса: «Он тиынға он тиын косылса, ішімізден өтіп бара ма, осы бір акшаның басы артық тұр дегенді ешкімнен де естімедім-ау осы. Кім Американы ашып, жарылкап жатыр дейсің, күн көрудің камы да, әйтеуір, кімдікі болса да» – деп топшылаған. Сол диссертациясы түскірдің толғағы биылғы көктемге дөп келуін көрмеймісің!

Диссертация толғағы дегенді, құдай сактасын, атай көрменіз. Кім білген оны, ғылыми кеңес дегенің жаткан бір машакат екен ғой. Анасы алай тартып, мынасы былай тартып, дегендей... құр көзіне жылтырағанымен шар саларға келгенде айнып жүре береді екен. Сол себепті, ғылыми кеңес мүшелерінің кыбын табу керек. Сөзінің өтетініне асыңды саласың, касыңды саласың. Амал бар ма, тіпті Шәрбанның өзін де саласың. Ал сөзің жүрмейтінге танысыңды

саласың, немесе танысыннның танысын саласың. Танысыңды, танысыннның танысын салу үшін оларға да өз тарапыннан бірдемелер салу керек кой. Әйтеуір, бұл іс үстінде алу жоқ, салу ғана бар. Бір жақсысы, сәтімен қорғай қалса, кейін салғаныннның бәрін қайырып алам деген үмітін болады. Әйтпесе, құдай ақына, диссертация қорғау дегенді дұшпаныннның басына да бермей-ақ койсын.

Міне, сөйтіп, Тұршекең асы мен қасын салып, танысы мен танысының танысын салып жүргенде біршама уақыт өтіп кетіпті. Күздің болғанын текенің бақылдағынан анғарған анғырт шалға ұқсап, Тұршекең сарша тамыздың келіп қалғанын, сел жайында қала ішінде гулеп жүрген сөзден барып білді. Амал канша, білгенімен не шара, мына шаруаны тастап қайда кете алады. Тағдырдың салғанын көреді де.

Бұл бұл ма, соңғы кездері тағы бір сұмдық қаңқу сөз тарап жүр. Қаңқу емес, расы сол: қалаға қатер төндіріп тұрған селдің жолын біржола жабу үшін екі жақтан қаусырмаланып келген екі тауды қысаң жерде тас-талқан етіп копарып, бөгеп тастау керек. Екі таудың да асты ұңғып қазылған шыңырау шахталар. Сол шыңырау шахталарда аузы-мұрнынан келіп, үйіліп жатқан жарылғыш дәрілер. Бәрі әзір. Бірақ талай жылдан бері жінішке аурудай созылып келе жатқан талас бар: ал тауды жардық, ал селдің жолын бөгедік. Ал сонда сел жолын бөгейміз деп жүріп, қала астындағы тыныш жатқан бірдемелерді козғап алып жүрсек ше?! Ал сонда не болады?..

Ал сонда не боларын дөп басып ешкім айта алмайды. Сол себепті, жыл сайын дүр етіп әңгіме көтеріледі де, шынтуайтқа келгенде кейінге қалдырыла береді. Ұзақ жылғы осы тартыстың нүктесі, не қылса да, биыл қойылмақ. Селге бөгеу салынады. Бүгін-ертең деп қала халқы осыны күтумен жүр. Сол күткендердің бірі осы Тұршабайдың үй іші.

Ұзақ ойланған Тұршекең суыған шайын бір-ақ ұрттады, шәшкесін төңкере салды.

– Жазған-ау, ең болмаса тамағыңды дұрыстап ішсейші! – деді Шәрбан. Тұршабай жауап қатпады. Құлағын әлденеге оқыс түріп, тынып қалды: алыстан талып естілген гүріл: әп-сәтте зорайып барып, тас төбеден дарылдап өтті.

– Вертолет! – Тұршекең даусы әлденеге мегзелгендей үрейлі шықты. Осы сөз камшы болды ма, Шәрбан ұшып түрегеліп, радионы косты.

Кәдуілгі таныс диктордың даусы, сарнап коя берді.

– Тыңдаңыздар, Тыңдаңыздар! Бүгін күн көтеріле бере қала сыртындағы тау жарылады. Сөйтіп, талай заманнан бері төніп келген сел апатынан біржола құтылатын боламыз.

Ерлі-зайыптылардың жүрегі зірк ете қалды. Бір-біріне тесіле карасып сәл тұрып еді, ойындағыларын айтыспай ұғысты. Тұршекең

сыртка жүгірді, Шәрбан болса, ұйықтап жатқан балаларды барып жұлмалай бастады.

– Ой, тұрыңдар, кәне тез тұрыңдар. Кешіксек құримыз. Аш көздеріңді. Киініңдер!

Бұл сөздің мәнін түсіне бермеген балалар шошып оянып, бақыра бастады. Шәрбан оған қараған жоқ, балаларға қатал үнмен шолақ қайырып, айқын-айқын жарлық берді де, жүгіріп сервантқа келді. Үлкен дәкені еденге жайып салып, үй ішінің әрін ашып, сәнін келтіріп тұрған қызыл ала, көк ала, сары ала сервиздердің бәрін жалма-жан орап түйе бастады. Осы кезде көше беттен машина даусы шықты. Шәрбан бір жеріне біз сұғып алғандай шоршыды. Бір қолында жаңағы түйіншек, бір баланы жетелеп, екіншісін алға сап, тағы бірі артында ұбап-шұбап үйден шықты.

Көшеде қара-құра кісі көп екен. Бәрінің де көзі тау жақта. Біреу үрейленіп, біреу тамашалап қарайды. Шәрбанның олармен ісі болған жоқ. Машинаға кеп жармасты. Тұршабай да тықыршып отыр екен, көгілдір «Волга» аң көрген тазыдай жұлқына кеп жөнелді. Әлі жайғасып болмаған ұйқылы-ояу балалар машина ішінде допша домалап, бірі «басым», бірі «қолым» деп байбайласып қалды. Еңкейе беріп, түйіншекті жайғастырып жатқан Шәрбекеңнің, өзінің де аяғы көктен келе жаздады.

– Ойбай, Тұршабай, тоқта!

Тұршекең аяғы тежемеге сарт етті.

– Не болды?

– Әлгі вазаны ұмытып кетіппін.

Шәрбан «жүгір» деп айтып үлгірмеді, Тұршабайдың өкшесі құйрығына сарт-сұрт тиіп, зытып бара жатты. Қабақ қағыста подъезге де сүңгіп кетті.

Осы кезде көшедегілер ду ете қалды.

– Жер сілкінді, жер сілкінді! – деген балалар шуылы құлақты тұндырарлық. Рас айта ма дегендей, Шәрбан тау жаққа көз салып еді, шаң-топырағы аралас қызыл жалқын бір шоғыр бұлт түйілген жұдырықтай болып биіктеп барады екен. Машинада отырғандықтан ба, Шәрбан түк те сезген жоқ. Оқшауырақ әңгімелесіп тұрған екі кісі де ештеңені сезбепті.

– Рас па-ей? Рас па-ей? – деп таңырқасып жатыр. Бірақ балалар шуылы зорая түскен.

– Бүйтіп қозғалмай тұр едім. Біреу табанымды қытықтап өткен секілді болды.

– Жо... Қасыңнан самосвал өтеді ғой, жер солай дірілдеді.

Осы кезде баспалдақтардан елікше секіріп түсіп, ентігіп Тұршабай келді. Құшағында үлкендігі екі жасар сәбидей сары ала фарфор ваза. Жұрт көңілі енді осыларға ауған секілді. Жаңағы оқиғаның әсері

сап басылып, айналада күбір көбейіп кетті. Содан қысылды ма, кім білсін, Шәрбан сәл шытынаңқырап:

– Қой, ентікпей-ақ қой енді. Сен найқалып жүргенде бәрі де бітіп қалды, – деді.

Тұршабай түсінбеді.

– Не бітіп қалды?

– Әне тауға қара.

Тұршабай тауға қарады. Әлгі бір кезде шоқталып түйілген қызыл жалқын от бұлты ыдырап, ала шарбыланып барады екен. Көп күнгі үрейдің салдары болса керек, Тұршабай «уһ» деп қалды. Ауыр ваза асфальтқа барып гүрс етті де, күл-талқаны шықты.

Қалай ұмтылып, машинадан қалай шыққанын Шәрбанның өзі де білмеді. Аяғына бірдеме оралған секілді еді, оған да қарамады, теуіп жіберген. Әлденелер тағы да асфальтқа түсіп, бытырлап, сытырлап жатты, онымен де ісі болмады. Тұла бойы қалшылдап, Тұршабайдың қасына жетіп келді.

– Байғұс-ай, сервизіңді де киратып алдың ғой, – деді Тұршабай ақырын ғана күңк етіп.

Шәрбан есін тез жиды. Машинаны қайта айналып жүгіріп барса, ақ дәке быт-шыт, көк ала, қызыл ала, сары ала сервиздің көк ала, қызыл ала, сары ала сынықтары бүкіл орамды жауып кетіпті.

Осы шуды естіп, үйдің екінші қабатындағы терезеден көз салған бөгде адамға мына көгілдір «Волганың» төңірегінде әлдебір ойыншық бомба жарылған секілді болып көрінді. Әйтеуір ел де, жұрт та, қала да дін аман. Селдің екпіні осы бір болмашы оқиғамен тынды.

1968 жыл.

МЕНІҢ АУЫЛЫМ

Солтүстікте бір қанаты Сібірдің қалың орманына сүңгіп, ал құбыла жағы керілген ақ селеулі кең жазыққа айналып кететін бір аудан бар – Преснов ауданы. Қайтып оралмас балаық шағымды өткізген ыстық өлке бұл маған. Мен міне сол ауылыма асығып келемін. Себебі, осы бір ыстық ұядан ұшқаныма, еңбеккор, сауықшыл ортадан кеткеніме көп жыл болды. Сол елден сараң келер хаттарда үніме қайталап айтылар бір жәй бар еді: ауылда

ұлан-кайыр өзгеріс болып жатыр. Колхоз байыды, ел тоғайды. Кел. Өз көзінмен көр! – дейтін.

Не өзгеріс бар екен? Қалай өзгерді екен?

Мен көзімді жұмамын. Туған ауылым елестейді. Жанарға, байыған ауыл емес, баяғы өзім кеткендегі жұпыны, жүдеу ауыл болып елестейді.

Жасыратын несі бар, ол кезде мен өскен Аманкелді атындағы колхоз тым күйсіз еді-ау. Міне, жетпіс жастағы палуан денелі Ыбыыш қарттың үйі менің көз алдымда тұр. Бұл үйден соқтауылдай төрт еңбек иесі шығатын еді. Ыбыш қарттың өзі астық сарайын күзететін. Үлкен баласы Мұхамеджан қысы-жазы демейтін, сиыр соңында жүретін. Құрманы болса құрылыс бригадасында, ал келіні Дәмен сауыншы еді.

Осы бір тату, еңбекқор семья әр жыл сайын екі-екі жарым мың еңбеккүн тауып отыратын. Сол еңбегіне Ыбыекең неше пұт астық, неше мың ақша алатын еді дейсіз ғой. Айтайтын: еңбеккүнге ақша алу дегенді ол кезде бұл колхоздың шаруалары мүлде білмейтін-ді. Ал астық болса, о да тапшы еді. Шығымсыз адамы бір ғана астыққа қарған соң киер киімі мен ішер шайының да, сояр соғымының да салмағы келіп сол астығына түсетін.

Колхоз мемлекет қарызынан құтыла алмайтын. Март туысымен «Тұқым жетпейді» – деп ауданға шауып жүретін бастықты көретінсің. Онда монша, клуб, диірмен дегенді де білмейтінбіз. Колхозшылар алты ай жаз, алты ай қыста бір де бір кино көрмейтін. Әр үйдің босағасында мехнат пен сордың дәл бір өзіндей болып кол диірмен тұрушы еді.

Ал мені, менің сол ауылым өзгеріп кетіпіті. Мен сол өзгерген ауылымды көрсем деп асығамын.

* * *

Ел шегіне де ілектік. Бұрын ат-арба ғана жүретін ескі сүрлеу үлкен машина жолына айналып кетіпті. Сол жолмен зулап келеміз. Машина міне бір шоқ ағаштың ішіне сүнгіп барады. Көзге ыстық, Көсеней шоғы деген таныс ағаш. Осы орманның ар жағында тусырап жаткан ақ селеулі жалпақ жон бар. Сол жонды ассаң болды, арғы ойда бір тамшы көз жасындай мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек болып кішкене көл жатады. Мен туып өскен колхоз мекендейтін Ылыя көлі ол.

Осылай әр бұтасы өзіме таныс туған жермен ойша ілгері кетіп калып едім, машина Көсеней шоғынан шыға бере кенет жалт бұрылды да, мен көрмеген жана бір жолға түсті. Ауыр машинаны женіл құйғытып келе жатқан кішкенебойлы бала шофер Жадыра Нұрканов менің өнімдегі сурауды анғарды білем:

Қазір тура жол жоқ,ана алдымыздағы далпақ жон түгел айдалып тасталған, – деді. Содан кейін: – Баяғы өзіңіз көрген дала емес бұл, мүлде өзгеріп кетті. Ал сол өзгеріс дегенің мына жолдан басталған, – деп күле сөйледі.

Жас шофердің осы бір ойлы сөзін қуаттап келемін. Сонда да менің көзіме өзгерістің басы дәл осы баланың өзі секілдене береді.

Жадыра бір кезде дәл осы ауылда менің алдымда сабақ оқыған еді. Жасыратыны жоқ, нашар оқыған. Кластан класқа көше алмай отырып қалған кездері де болған. Неге екенін өзім де білмеймін, әйтеуір осы Жадыра келешегін көп ойлай беретін болдым. «Сабақты нашар оқиды, не адам болады бұл?» – деген сұрақ күндіз-түні ойымнан кетпейтін. Содан болса керек, бір күні мен оның әкесі Тоққожин Нұрқанмекн сөйлестім.

Жадыра оқу оқып мандытар түрі жоқ, трактор курсына жіберіңіз, – дедім. Жадырам теріс айналып кетті. Дүниенің ащысы мен тұщысын көп көрді деген Нұрекеңнің өзі де ұнатыңқырамай қалды.

Трактор айдап жүргендердің қарық болып жатқаны белгілі ғой осындағы. Үсті-басын майлағаннан баска не табары бар? – деп бір-ақ қайырған.

Міне, бұл сондағы Жадыра.

Сол жәйді мен оның есіне салдым.

Ол кезде трактористердің табысы аз еді ғой. Ремонт дегенің де шала жүргізілетін. Алты күн жүрсе, алпыс күн азасы болмаушы ма еді. Қазір жағдай баса. Тіпті бұл күнде солардан мол табысты халық жоқ. Енді тракторға баруға әбден болады, – деп жауап берді ол. Орнықты жігіт болған. Өзі жуырда ғана үйленген екен. Әлі де енбектен қалмаған әкенің қазіргі колғанаты, келешектегі мықты тірегі сияқты.

Жадыра тағдыры мені қатты куантты.

* * *

Бұл бұрын «Ылыя», «Талпын» деген қойындас жатқан шарқы шағын екі колхоз еді. Жаны аралас, қойы коралас дегендей, үөршінің ішіндегі татуы да солар болатын. Міне, енді орайы келген соң іріленіп, мал-мүлікті қосып бір колхозға айналған.

Біз ең алдымен туған колхоздың бірінші бригадасында болдық. Аумақты орамды коршап алған үлкен ауланың іші толассыз кимыл. Қырман қақпасында үлкен автотаразы тұр. Араша құжнаған көп самосвал машиналар әлсін-әлі сол таразыға келіп сәл кідіреді де, үлкен сарайға ене беріп қанатын комдаған бүркітше жауырынын күдірейтеді. Содан кейін артында шұбалған шаң қалдырып, қыр асып бара жатқанын бір-ақ көресің. Бұл шақта колхоз даласында

отыз алты комбайн жұмыс істейді екен. Содан түскен астықты тасып үлгеру оңай шаруа емес қой.

Баяғы таныс та жақын адамдар. Міне, мынау ауылда «адал сары» атанған Молдаш Мұсабаев. Шынынды колхоз шаруашылығына жаны ашита адал сарының дәп өзі. Оның ұзақ жылдық іс-тәжірибесі соны танытады. Молдаш соңғы жиырма жыл бойына колхоздың есеп-қисабын жүргізді. Енді шаруашылығы ұлғайған ірі колхоз председателінің айналып кететін, сонда да дегенін істеттіретін баяғы қалпы.

Осы бес күндікте мемлекетпен есеп айырысамыз ба деп едік, әбігер болып жатырмыз, – деді ол бізді қарсы алып тұрып.

Әбігер болып? Жо-оқ. Қарбаластық бары рас, бірақ әбігерлік сезілмейді. Жұрт қимылы баяу секілді. Дән ақтағандардың ішінен тіпті маңдайы жіпсіген бірін көрмейсің. Оның себебі де бар. Мұндағы азғана топтың көбі бақылаушы ғана. Он екі киловаттық кішкене мотор дамылсыз жұмыс істеп тұр. Осындағы дән ұшырғыш, дән ақтағыш, дән артқыш құралдардың бәрін де қозғалтып қойған сол электр қуаты. Машина қимылы шапшаң да, адам қимылы паң көрінеді. Ал олар тап осылай паң жүріп-ақ күн сайын мемлекетке жиырма мың пұттан астық өткізе алады екен. Бір күнде жиырма мың пұт!

Менің есіме осыдан он жыл бұрынғы егін орағы келіп түседі. Шын қызыл танау әбігерлік сол кезде болатын еді-ау. Жұрт көбіне жұмысқа шықпайтын. Біреудің басы ауырады, біреудің балтыры сыздайды. Әйтеуір жұмысқа шықпауға дәлел табылады. Колхоз белсенділері әр үйдің есігін қағып жүргені. Біреуге ұрсады, екінші қорқытады, үшіншіні балаға ұқсатып алдамақ болады. Ырың-жырың бір дүние. Осындай халде колхоз председателі қарап отыра ала ма. Белсенділердің соңынан өзі жүреді. Тіпті асқынып кеткен бір шақ болса керек, бір ретте атқа мініп алып: «Өрт! Өрт! Қара өрт қаптап келеді. Алдынан шығындар!» – деп көшеде шапқылап айқайлағаны да болған. Енді байқасам, жұмысқа құлықсыздықтың басты себебі – алар табыстың мардымсыздығында екен.

Қайтсе де тәртіпке мойын сұнған адал халық қой, сәске түсте болса да қырман басына жиналатын. Ондаған күрек аспанға көтеріледі, бидай ұшырады. Үш тағанды мосында қол елеуіш изеңдей бастайды. Сөйтіп жүргенде кіші бесін болады. Қырық рулы елдей одан-бұдан құралған өгізді, атты, сиырлы астық керуені мемлекет қоймасына қарай ұбап-шұбап жөнеле береді. Енді бір уақытта күн ұясына қонады. Қыбырлай басып қыр асып бара жатқан үлкен көшке ұзақ қарап, ұзатып салған жаңағы Молдаш Мұсабаевты көретінсін. Сонда ол айрықша бір ырзалықпен:

– Бүгін, міне екі пұт астық жөнелттік, – деуші еді.

Екі жүз пұт?!

Бұл кешегі мен бүгінгі күннің адымы. Осы бір «кешегіміз», «бүгінгіміз» – деп өткендегі шағынды кәзіргінің молымен салыстыра беру дегеннің өзі жауыр болған көне әдіс қой. Алайда араға талай жыл салып оралғанымда туған ауылымда болған өзгерісті осылай салыстырмаска амалым болмады.

* * *

Мен Ыбыш қартпен осы қырман басында кездестім. Баяғы тың да сергек қалпы. Ыбыекең өз үйінің үлесіне тиген астықты ала келіпті. Бірақ бұрынғыдай каппен де, көлікпен де емес, үш тонналық екі машинаны бастап келді. Машиналарды таудай болып оқшау үйіліп жатқан алтын дәнге жіберді де, өзі бізге беттеді.

– Ыбыеке, мұншама астықтың бәрін қайте бермексіз? – деп қалжыңдадым мен.

Қарт таяғына сүйене беріп мұртынан күлді:

– Тұқымын құйып ала алмаған колхоз болса, қарызға беремін.

Колхозда ұзақ жыл кілтші болып ітеген қара мұрт Әлмырза сөзге араласты:

– Бұрынғы іріленбей тұрған кезде колхозға керек тұқым қоры осы мына биыл барып Ыбыекең албарына үйілетін астықтан асып та кете бермейтін.

– Жөн айтасың, – деп біздің қасымызда тұрған бетінде қорасан дағы бар мысық көз жалпақ сары Әлмырзаның сөзін тірілтті. Бұл колхоз ұйымдасқаннан бері адал еңбек етіп келе жатқан Бисәрінің Рамазаны. Екі сөзінің бірінде «Ой, доңыз!» – деп сөйлейтін болғандықтан ел ішінде «Доңыз» аталып кеткен бір доға, қатал адам. – Биыл астыққа шаш етектен болатын түріміз бар. Тіпті егін шықпайды дегенді ұмыт тық қой, шырағым. Шүкіршілік. Ал бір кезде жүгерінің қара көжесіне тарыққан күніміз де болған. Сен бала едің онда, біле бермеуің де мүмкін, – деді Рамазан.

Жоқ, мен бала юолсам да көжелікке зар күнді ұмытпаппын. Атышулы 1931 жылдың көктемі. Қыс бойы ақ түтек боранмен, аштықпен, колхоз құрылысының жауларымен алысып шалдыққан ел егінге шықты. Бір жақсысы колхозға арба-арба жүгері келе бастады. Жұмыс істегендер енді паек алатын болды. Ертемен еңбек істеуге жарайтындар жұмыска аттанады. Қос басында осы Рамазанның әйелі Айша екеуіміз-ақ қаламыз. Мен бала болғандықтан қаламын. Ал Айша болса ас пісіреді. Жұрт оған өлшеп көжелігін қалдырып кетеді.

Кіші бесінде Айша от жағады. Кішкене қазан асылған шағын ошактар жыпырлай бастайды. Мен де қарап отырмаймын. Шөпшек теріп әкеліп көмектескен боламын. Сөйтіп жүргенде кеш түседі. Күн

ұзақ бас білмейтін асау да арық-тұрақ сиырмен алысып, арып-ашып шаршап жер жыртып келген жұрт көжеге жапырласады. Ал Айша болса өз қазанын сонда ғана көтере бастаушы еді. Өйткені Ракең әйеліне сенбейтін. Жүгері салған жәшіктің кілті үнемі өз қалтасында жүретін. Көженің татымын байкаймын деп ожаудан ұрттамақ болған Айшаның талай рет сөгіс те естігенін білемін. Рамазанның сондағы: «Ой, доныз, менен бұрын ауыз салып әкетіп бара ма, тарт қолында!» дейтін сөзі күні бүгін құлағымда тұрғандай.

Сөйткен Рамазан міне енді адал еңбегінің арқасында ауылдағы мол дәулетті, іргелі бір үйге айналған. Баяғы ұсақтықтың ізі де жоқ. Қолы ашық, қонақ асыға мырза үй. Бір дәм үстінде әңгіме сол жүрегі көже жайына ауысып кетіп еді. Ракең:

Қайдағы жоқ естеріне келеді екен түге,одан да мына дәм алыңдар. Кісіні кісі жазғыратын заман емес-ті ол кез, – деп қызарақтай сөйледі. – Адал еңбек еттік. Үкімет жарықтық жеткізді міне.

Осы ретте мен екі нәрсені ойға түйемін: біріншіден, колхоздасканнан бергі жиырма-жиырма бес жыл адам табиғатын мүлде өзгертіп жіберген. Кісіні кісі жазғыратын заман болмай-ақ қойсын ол кез. Сонда да колхозшылардың көбі сеніп Айшаға көжелігін қалдырып кетіп жатқанда өз әйеліне күдікпен қарайтын Рамазанға не күн туыпты?! Бұл «адамға адам қасқыр» – деген ескі заман мінезінің салқыны болса кере-ті. Соны табиғаты өзгерген Ракеннің өзі де түсінген енді. Қызарақтайтыны да содан.

Екіншіден, еңбек бейнет емес, зейнетке айналған. «Пәленше өткен жылы пәлен істеп еді, пәлен мың тапты ғой», – деген екінің аузынан шығар мақтаныш сөз. Бұрын жұрттың жұмысқа қалай шығатынын айттым ғой жоғарыда. Ал енді бірлі-жарым кежір, керенау табыла қалса, «селеңдеп бос жүреді, не онар дейсің!» – деп көпшілік ондайды айыптап отырады екен.

Қызық бір жәй: әуелгі күндер мен ертемен шырқап салған әннен оянып жүрдім. Әсем саз тербеп оятады мені. Жүгіріп сыртқа шығамын. Жүк машинасының үсті сахна іспеттес. Көңілді жастар кетіп бара жатады. Кейін білдім, бұлар фермадағы жастар екен. Жұмысқа машинамен барады, ән шырқап барады, жұмыстан машинамен қайтады, ән шырқап қайтады. Бұл мені айрықша қуантады. Бұл мені айрықшы қуантады. Өйткені сонау сиырмен егін салып жүрген кезде жұмасқа өлеңдетіп шығу деген дәстүр болмайтын. Себебі де бар. Ондағы еңбектің зейнеті жоқ та, бейнеті көп, рахаты аз да, азабы мол еді.

Бүгінгі еңбектің бар ауырын техника көтереді, рахатын адам көреді. Машина колхоз шаруашылығына ғана емес, колхозшының азынаулақ жеке меншік шаруашылығына да батыл араласып кеткен. Огород салатын машина, колхозшы малына шөп әкеп

беретін машина. Тіпті отын-су да трактормен тасылады. Бір сөзбен айтканда, машина бүгінгі шаруаның кол баласына айналған. Бір ғажабы осының бәрі күнделікті тұрмыстың елеусіз бір көріністері болып кеткен. Тек өткен күнді еске ала бастасаң, сонда ғана қадірін түсінгендей боласың.

* * *

Менің аулымның ендігі бір көзге түсері үй-жай өзгерісі. Бұрын бұл өлкеде балшық үй деген болатын. Оның тұруы да, құлауы да онай еді. Бір шаруа баспанасыз қалса, түс кезінде ойпан жерге сокa апарып салатын, он шақты жігіт аударылып түскен шымды тасып әкеліп, кесіп-кесіп біріне-бірін қалайтын да, кешке дейін үй құралпына тіруші еді. Мұны ол жакта «помыш салу» дейді. Бірақ мұндай үйдің ғұмыры төрт-бес-ақ жыл. Әуелі қабырғалары жан-жакка шалкая тартып шатынай бастайды, содан кейін басыла, аласара береді де отырып қалатын. Бірақ мұны елеп үй тұрғызудың басқа бір әдістерін табайын дейтін бір жан табылсайшы сонда. Соғыстан кейінгі бір жылы Қажымұрат деген колхозшының балшық үйі құлап қалды. Жұрт помыш салуға жиналды. Мен сонда Қажекеңе:

– Күшіңіз ғой жетеді, мына көрші Жеке көлдегі украин шаруаларына ұқсатып, тым болмаса, құйма үй соктырсаңыз қайтеді? – дедім.

– Баспақтағы таусылғанша бас аман болсын. Бұл құлағанша аман болсақ болды, бір реті табылар, – деп жауап берген Қажекең.

Міне, енді менің ауылымдағылар құйма, немесе соқпақыш үйлердің беріктігі мен артықтығын тани бастаған.

Енсесі биік, ақ шатырлы үйлер қанатын кең жайып көбейіп келеді екен. Сондай сәнді үлкен үйдің бірі баяғы. Қажекеңдікі болып шықты. Ол өзі Ұлы Отан соғысының мүгедегі, қадірлі бір адам еді, сәлемдесе бардым.

– Ал Қаже, жақсы етіп үй салған екенсіз. Өзі мықты, іші құтты болсын, – дедім мен.

Қажымұрат тегі баяғыда өзі айтқан баспақ пен бас амандығы дегенді еіне алды білем, күлді.

– Мықты үй болғанда қандай. Баланың баласына кетеді, – деді. Содан кейін ойлантар бір жәйді сөйлеп кетті. – Шырағым, біз осы көзіміздің алдындағыға ғана ие, бала іспеттес адамбыз ба деп шамалаймын. Мына тұрған Жеке көлде Мәкәлай деген тамырым бар. Әлгі ақсақ Шодырдың баласы. Әкесі мен әкем тамыр болған. Үйін білетін де шығарсың. Көл жакта. Құйма үй ғой. Соны Шодырдың әкесінің әкесі салып кетіпті. Жүз жыл тұрған үй. Әлі де талайға кетер түрі бар. Ал мен болсам, қыска күнде қырық жерге қондым дегендей соңғы он бес жылда үш-төрт рет үй кабырғасын көтеріппін. Сонда

ана күнде барып жүрген Мәкәлайдың үйі жайында неге ойламадым екен десеңші!... Міне, енді кеш болса да әлгі жаман інің Мансур баланың аркасында мына бір үйді калкайттык. Мыктылығына көзім жетеді. Құтты болсын деген адал тілеуіне рахмет, – деп токтады ол. Бір Кажымұрат емес, бұл осындағы көпшіліктің пікірі. Бұрын бар шаруашылығы мал тұяғына бағынған ел іргелі, берік кора-копсы, үй –жәйдің мәнін енщді түсіне бастағанға ұксайды. Ойлантары да осы Кажең сөзінің.

* * *

Бір күні біздің үйге капсағай денелі бір жосатты дәу кара келді. Бұл осы ауылдағы көп комбайнның бірінің тұтқасын ұстаған Тапаұлы Сәбит деген кісі.

– Наукан уакыты ғой, карағым, болсай алмадым. Аттанатын да кезің жакындағы шығар, тіпті көрісе алмай калып жүрермін деп әдейі сәлемдесе келдім. Комбайнды әлгі өзің білетін бокмұрын бала жүргізіп калды. Бірак казір сойталдай жігіт, – ер жетті, колканат болды, – деді ол орак мұртын ширатын.

Сәкең екеуміз сыртқа шыктык. Көп әңгімелстік. Үлкен баласы жаңағы айткандай ер жеткен, өзіне көмекші болып комбайн штурвалында істейді екен. Өткен жылы бес жүз гектар егін орып жаксы абыроймен шыккан. Биылгв табысы да аз көрінбейді.

Біз осылай әңгімелесе жүріп Ылыя көлінің дөңіне шығып кеткенімізді байкамай калыппыз. Арғы кырка түгелімен егінжай. Сол егінжайда малша өріп комбайн жүр. Ағылған машинада сан жок.

Сәкең колымен маңдайын калкалап солай карап көз салды. Содан кейін:

– Әлгі бокмұрын бір ши шығарған ба деймін, комбайны токтап тұр ғой. Ренжімесең барғаным жөн болар, деп күректей алаканымен колымды катты кысты. Ал карағым, жат бауыр болып алыстай бермей, жиі жиі келіп тұрсаңдаршы ауылға. Шет жайлағанның кызығы болса, біз де көргенбіз. Аяналып келіп таптык қой туған жерді. Сәкең осыны айтты да, адымдай басып аяндап кетті. Мен оның артынан карап тұрман. Карап тұрып ойлап тұрмын. 1934 жыл. Кыстың ымырт шағы еді. Сол жылы колхоз кеңсесінің үйі кұлап калып, Кәсенов Нәби деген шаруа үйіне көшіп барған. Бәріміз де сонда отырғанбыз. Кенет кырау баскан есік сыкырлай ашылды да, лап етіп ак бу кірді. Содан кейін осы Сәбит көрінді. Отырғандар онымен солғын амандасты. Кайдан жүргенін де, кайда баратынын да сұрамады. Өйткені Сәбит осыдан бірер жыл бұрын колхоздан кашып кеткен болатын.

– Адасканның алды жөн, арты сокпақ деген бар ғой. Осынымыз жөн деп кетіп едім, адасқанымды біліп қайтып келдім міне. Уа, ағайын, орталарында ойнақтап жүрген лақ едім, аңдаусызда от бастым. Кешірер деп келдім. Мен сонда: не қылған тас бауыр еді бұлар, мынадай таусыла сөйлеп, аяққа жығылған жанның қателігін неге кешпексе? – деп ренжіп қалдым. Бірақ колхоз белсенділері сағынып отырған адамша бірден шолп ете түспейік деп сыр бүксе керек, көп кешікпей көпшілік жиналысы шақырылды. Сәбит колхозға қайта мүше болып кірді.

...Міне, мына алыстап бара жатқан қапсағай денелі қара кісі сондағы Сәбит. Өткен күннің сол бір қөңілсіз елесін есіне алды ма, жоқ па, мен оны білмеймін. Қайтсе де маған бір мақтаныш ой келді. Сол бір қысқы кеште бұлағайын колхоз есігін келіп қағып тұр еді. Міне енді осы ауылдың жанашыр жақыны, колхоз шаруашылығының шын иесі болып еркін басып төрінде кетіп барады.

Асылы колхоздан тыс жердегі шаруа адамының көрген күні не дейсің!

* * *

Кеш болғанын да білмей қалыппын. Батыс жақты алқызыл нұрға малып күн батып барады. Мен енді ауылдың екінші жағымен айналып жүрдім. Міне, мынау «Кішкене сор» деген көл. Жаңбыры жоқ кейбір шамырқанған ыстық жазда тұз байланады. Әртінгі бір заманда осы көлдің тұзын кәсіп етіп те күн көрген кез болыпты. Сордың шығыс жағында ауылға іргелес мола бар. Осы да қиян-қилы тағдырдың адамдары жатыр. Міне, мынау қомақты бір төбеде қыршындай он жігіт бар. Колхоз малына шабуыл жасаған қарақшылармен айқатса шәйіт кеткен. Мынау бір тап жауының қолынан қаза болған колхоз белсендісі. Ал мына жерде Жамболат деген қарттың бейіті. Ол өзі бір үйлі жаннан жалғыз қалған еді. Отыз бірінші жылдың қысында опат болды. Бұл бір менің бала көңіліме өшпес таңбасын қалдырған, естен кетпес оқиға. Колхоздың бас көтерерлері жаумен алысып жатқан кез. Әкем Жамболатты шығаруға жалғыз келді, қасында мен бармын. Ақ күртік қораның төбесінен жүріп кеткен. Есікке жақындап болмайды. Содан амал қайсы, әкем терезені қиратты. Өлікті арқанмен тартып шығарды да жалғыз апарып жерледі... Айта берсе бұл көп тарих.

Мен, міне ауылға беттеп келемін. Ымырт үйріліп, қас қарайған шақ. Қырман басынан элект жарығы жымыңдайды. Ал жұлдызды алқаракөк аспан қалыппен жағаға баяу соғып тыныш шайқалған Ылыя көліне төңкеріле түсіп жатыр. Манағы Сәбит асқан қырқадан комбайн даусы келеді. Абалап ит үреді. Енді бір жатқан жастар

шырқаған ән сазы келіп жетті. Бір ауық әлде қайдан тезек түтінінің ашы иісі келді.

Өмір сырына, сазды үнге толы әдемі кеш.

Мен, міне, жүріп келемін. Қарсы алдымда туған ауылым жатыр. Маркайған, өзгерген ауыл. Оның тарихы да шағын. Сонда да өткен күніне көз салсақ, талай романға тиек болар талай қалтарыс бұралаң жолы жатыр, келер күніне көз салсаң, жарқын үміт бар, бақытты болашақ бар. Менің ауылым қанаты қаткан қыран құс сиякты. Ол қазір биік белге шыққан. Міне, енді қанатын комдап, құз-кияға самғап бара жатқандай.

МҰХТАРДЫҢ ЫСТЫҚКӨЛДЕГІ ҮЙІ

Шоқтығы бұлтпен араласып жатқан Ұланның асуынан асып, ағыны қатты атақты Шу өзенін өрлей жүрсең, екі өңірде қаусырмалап жарысып отыратын жалаңаш шаткал, жартастар барған сайын аласарып шалкая береді де, салқын самалды көк мұнар кең жазық басталады. Ақ тақырдай асфальт жол еңістен-еніске құлап, белестен белеске асылып, арманға, ғажайып алыска, ала шарбы бұлтқа ұқсап бұлдырап, қалқып көрінетін Теріскейге қарай кете береді. Сондай бір көп белдердің біріне көтерілсең аяғыңның тап астында ақ жал толқындарын жағаға соғып тулап жатқан көлді көресің. Бұл – қырғыздың Ыстықкөлі.

Жаз шыкса болды қаланың қапырық ауасынан жеріген халық осы көлге ағылады. Таза ауа, көк айдынның барқыны, шипалы саз, жалыны бәсең күн көзі, айналадағы қарлы таулар бәрі де демалыска шыккан еңбек адамдарын бал арасына «мен мұндалайтын» түрлі түсті гүлше тартады.

Бұл көлдің жағасында желмен жарыса салынған қырғыздың талай қыстақтары бар. Соның бірі Ыстыккөлдің күнгей жақ бетіндегі Шолпан-ата. Шолпан-ата – жұрттың көп жиналатын жері. Көз ұшына құлдырап кете беретін маржан құмды кең жағаға бірі күнге күйіп, бірі күміс толқынға оранып жүрген көп халықты көресің. Солардың ішінен осынау бір жирен шаш, сары жігіт алғашқы күннен-ақ менің көзіме түскен еді. Әйтеуір, бізді төңіректеп үйіріле берген. Өзі молдаван болса да қазақ әдебиетін қадағалап оқитын білікті жігіт екен, әңгімелесе келе танысып кеткенбіз.

Бір күні ол маған көл жағасында оқшауырақ тұрған бір көк үйді көргенін айтты.

– Күндіз көрсең, төңірегінде бір пенде жоқ секілді, есік-терезесінің бәрі жабық тұрады. Ал кеш түсісімен мандайшасында жарқырап шам жанады. Бір жұмбақ сыр бар ғой деймін, – деді ол.

Молдаван жігітінің айтып отырған үйін мен бірден түсіндім. Ол біздің көзге айрықша ыстық, кеше ғана жаз айларында қатарлас жатқан екі елдің – қазақ пен қырғыз жазушылары жиі-жиі жиналып, әңгіме-дүкен құратын үлкен үй – Мұхтар Әуезовтің үйі.

Менің өткен жылы ол үйде болғаным да бар. Мұханмен күн ұзақ әңгімелескенбіз. Жазушы бүгінгі күн туралы жазып жатқан көп томды жаңа романы жайында айтқан. Кемелді шағына келген үлкен өнер иесінің көңілінде қиян-қиялы толғақты ойлар бар екен, соларын сөз еткен-ді. Мен ұлы ұстаз үйінен айрықша бір әсер-күймен аттанып едім сонда. Содан ба кім білсін, мына теңіз жағасында әзірге қаңырап тұрған бос үйге барғым келмеген. Оның осы бір иесіздігі көңілге тым ауыр секілді болды. Мен енді молдаван жігітінен ол үй тарихын жасыра алмадым. Арада бір-екі күн өтті. Молдаван жігіті өтініп болмаған соң, біз Мұханның үйіне бардық.

Көк шарбақпен қоршалған қомақты аула. Енді-енді бой салып, қорғалай өсіп келе жатқан жеміс шыбықтары. Мұханның өз қолымен еккен жемісі.

– Үй төңірегі жаланаштау, әзірге жеміс ағаштарын жаңадан отырғыздық. Осы жерде қаққан қазығын да мәуелеп өсіп кетеді. Аз жылдың ішінде бұл әлі тамаша бакқа айналады, – деп еді Мұхаң. Шынында да күтім көрген бақша секілді. Былтырғыдан әлдеқайда көтеріліп қалған.

Сол бақша ішінде қолында кетпені бар бір карт әйел жүр екен, біз солай беттедік.

Кемпір белін жазды. Бейнет айғыздаған ажымды салқын кейпінде «не керек сіздерге» деген сұрау бар.

Мен Алматыдан келгенімді, жазушы екенімді айттым. Сол-ақ мұн екен кемпір кетпеніне сүйеніп тұрып қалды. Кескініне қарасам, байсалды шегір көзінде меруерт жас моншақтары тұнып тұр екен.

Таныса келе оның осы үйдің қарауылшысы Матрена Ивановна Копылова деген кісі екенін білдік.

– Біз мына үйде тұрамыз, – деп Матрена Ивановна ауласындағы кішкене бір үйді нұсқады. – Екі қызым, кішкене немерелерім бар. Қыздарым осы совхозда істейді. Мен болсам еңбектен қалған адаммын ғой. Содан бір күні осы жерге көп ағаш әкеп үйді. Прораб келіп маған:

– Бұл бір дөкейдің үйі. Мына құрылыс материалдарын бақылайсың. Жоғалса жауап бересің, – деді.

Өктем сөйлегендіктен бе, әлде, «дөкей» дегеніне қырсығып қалдым ба, әйтеуір:

– Дөкейің түгіл, Құдайыңның үйі болса да кузетпеймін! – деппін ғой. Прораб күлмесі бар ма:

– Әй, Матрена шешей-ай, «дөкей» десе ерегісіп кететінің бар-ау. Дөкей емес, жазушы, Мұхтар Әуезов тұратын болады мұнда.

Матрена Ивановна көзіне іркілген жасты сүртті де, езу тартты.

– Сөйтіп, әлгі жаман неменің мені жеңіп кеткені ғой.

– Қатты бастасаңыз да тым тез көнген екенсіз, – деді молдаван жігіті.

– Құдай-ау, Әуезовтің үйін күзетпеймін деп қалай шалқаяйын. Естір құлаққа ұят қой, – деп жауап берді Матрена Ивановна. – Оның «Абайын» Мария да, Фрося да – бәріміз де оқығанбыз ғой бұрын. Шіркін, бір көрсек! – деп армандаған адамымызды Құдай өзі әкеп қасымызға қондырған жоқ па! Өй, тым кішіпейіл, жақсы адам еді. «Матрена Ивановна, менде мынадай бір ой бар. Сіз соған қалай қарайсыз?» – деп ақылдасып жүргені ылғи. Көз алдымнан кетпейді. Түсіме енеді. Шляпасы мен плащын, бәтенкесін көремін ылғи. Жерлесуге неге бармадым екен деп өкінемін осы күні. Есім шығып кетсе керек, ойыма келмепті той, тіпті.

Есік-терезесі жабық тұрғанмен үй бұрынғы қалпында. Төңірегі таза. Ұқыпты қолдың ізі байқалады.

Матрена Ивановнамен әңгімелесеміз деп күн батып, ымырт үйіріліп қалғанын да білмеппіз.

Біз қош айтыстық. Қақпадан шығып ұзай бергенімізде жарқ етіп шам жанды. Қарасақ көк терезелі үлкен үйдің алды самаладай жарқырап кеткен екен. Матрена Ивановна кетпенін арқалап баспалдақпен төмен түсіп бара жатты.

Самал жел соқты. Әрманғы Теріскей жақтан келіп жағаға ұрған жал-жал толқынның тынымсыз шуылы естіледі. Қызық, өткен жылы Мұхаңның үйінен дәл осы ымырт үйіріле аттанған едім. Теңіз осылай шайқалып жатқан. Мандайшадағы ана электр шамы дәл осылай жарқырап, аула ішіне нұр төгіп тұрған-ды. Сондағы бір сезім мені қайта баурағандай. Қадірлі Мұхаң дәл қазір мандайшасында шам жанып тұрған осы үйде, өзінің шағын жазу бөлмесінде казіргі қазақ өмірі жайындағы романын жазып отырған сияқты болып кетті маған.

Манадан үнсіз келе жатқан молдаван жігіті бір күрсінді де:

Өлдің деуге бола ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, –

деп тоқтады.

МҰХТАРИТА

Жолымыз түсіп Алматы облысындағы Үштөбе қаласында болғанымыз бар еді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сыздыков Жоланның үйінде отырмыз. Үй қожасының жамағаты Рәзия жас болса да, барынша толық денелі, аса бір келісті келген ақ сары, ашық мінезді сөзуар әйел. Сол дағдысына бағып аяғының ұшынан тұрды. Кіріп, шығып жүріп сөзге де жарытты. Қонаққа керегі де осы бір ашық мінез емес пе, бір жасап көңілденіп қалдық. Рәзияның ықпалына түсті білем, жайшылықта партия қызметкерінің ғұрпын сақтап сарң да салмақпен сөйлейтін Жоланымыз да даусын қаттырақ шығарып дабырланқырап көтеріліп, көтеріліп қояды.

Өстіп отырғанымызда сары шашын келте қырыққан төрт-бес жасар кішкене қыз бала кіріп келді.

– Мұхтарита, ана ағалармен неге амандаспайсың?! Үйге келген қонаққа сәлемдесетін бол деп қашанғы ескерте бермекпін сағаң? – деді Рәзия.

Мұхтарита бізге карап ап-айқын етіп: «Сәлеметсіз бе, ағалар?» – деді де, сары шашы желкектеп сыртқа қарай жүгіре жөнелді.

– Өзі сияқты аты да жақсы екен, – деді қасымдағы жолдасым. – Мұхтарита деп кім қойып жүр?

– Бұл аттың үлкен тарихы бар, – дедім мен аздап хабардар екенімді танытып.

Жолдасым еленде́п қалды.

– Ал сөз сенікі, онда айта бер.

– Сөз неліктен менікі болмақ? Мына басы-қасында болған ата-анасы айтсын да, – дедім мен күліп.

– Ойбай-ау, онда керемет қызық болды ғой. Біз мына Жолан екеуміздікі балалық па, айы-күнім жақындап отырғанда демалысқа шығып... – деп Рәзия сөз бастап келе жатыр еді, Жолан бөліп жіберді.

– Бұл бұдан бес жыл бұрын, 1956 жылы 28 маусым күні болатын. Біз Алматының ар жағында тауда демалып жатқанбыз. Есептен жаңылдық па немене, ойда-жоқта бір күні түн ішінде Рәзекең «ішім» демесі бар емес пе. Содан олай жүгірдік, бұлай жүгірдік машина тапсақшы. Сол төңіректе бір-ақ телефон болушы еді, ол да бұзылып қалыпты. Енді не істеу керек? Әлхал несін айтасың, не де болса үлкен жолға жетейік, бірдеме кездесер деп Рәзекенді қолтықтап үйден шықтық. Рәзекең әуелі тынышталған сияқты еді, үйден ұзай бере қол-аяғы жерге тимей безектемесі бар ма! «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің» дегендей, далада босанса қызықтың

кереметі сонда болады ғой. Ал сас келіп. Айнала кап-каранғы, мелшиіп-мелшиіп қалған зәулім бәйтеректер. Жалтактап төнірекке көз кадаймып. Мына кереметті караныз, карсы алдымдағы тал арасынан электр шамы көрінеді. Не де болса соған жетейік деп жан дәрмен кып келіп терезе кактык Қалқаны бар шам жарығының астында жазу столына үніліп бір үлкен кісі отыр екен. Ұшыптұра келді. Сағатқа карасам түнгі екі. Бұл уакытқа дейін жазу жазып отырған не еткен жан болды екен деп, ойлағанымша болмады, есік те ашылды.

– Кіріңіздер! – деген коңыр дауыс шыкты. Жүзіне карасам өзіміздің Мұхаң, кәдуілгі Мұхтар Әуезовтың өзі. Ой, ғаламат-ай, Мұханды сырттан жаксы білсек те, бетпе-бет кездесіп көрмеген едім. Міне, көрмейсің бе қызыкты. Бұлай кездесерміз деп кім ойлаған. Мен қысылып калсам керек, үндей алмадым. Мұхаң үлкен психолог адам ғой, жағдайымызды бірден сезді білем:

– Өндеріңізде үрей бар ғой, аманшылык па? Неғып тұрсыңдар табалдырыкта, кіріңіздер. Сосын сөйлесейік, – деді. Біз үйге ендік, бір бес минут өткен жок, жанағы Мұхтарита дүниеге келді, – деп токтады Жолан.

Сөзді ас үйде шаруаларын жайғап келген Рәзия жалғап әкетті.

– Атағы жер жарған Мұханды бұлай деп кім ойлаған, бала сиякты екен ғой өзі. Маған бөлек бөлме дайындаттырды, каладан дәрігер шакырды. Үй ішін аяғынан тік тұрғызды. Не керек, құрак ұшып, бәйек болды да калды. Әлгіндей болмай дәрігерлер де жетті. Олар мені алып кетеміз деп еді: – Жок, мен сіздерді алып кетсін деп шакырғаным жок. Жас нәресте кұтыла алмай отырған конағым емес менің. Анасы мен өзінің хал-жағдайын көрсін деп шакырдым деп, Мұхаң бізді босатпады. Содан біз Мұхаң үйінде бір жұмадай болдык. Ол кісі сол төніректегілерді шакырып той жасады да, атын азан шакырғандай етіп «Мұхтарита болсын» деді. Осыдан кейін Мұхтаритасын барынша жасаулап аттандырып салды. Мұхаң бізге осылайша кіндік ата болған еді, – деп токтады ол.

Содан кейін Рәзияның өңіне кірбең жүгірді:

– Мұхтарита биылғы маусымның 28 күні беске толды. Сол күнге кіндік атасын шакырайык деп кам жеп едік, ол тілекке жете алмадык.

Осы кезде үйге жүгіріп Мұхтарита кірді. Тым кағылез, пысык өсіп келе жаткан сүйкімді сәби. Мен оны алдыма отырғыздым:

– Сенің кіндік атаң кім?

– Мұхтар ата, – деді ол іркілмей.

– Мұхтар атаң кайда?

– Алматыда, кітап жазады. – Мұхтарита осыны айтты да, жүгіріп далаға шығып кетті.

Камығып калған ата-анасы:

– Мұхтар атасын сондай мактаныш көреді. Бала жүрегіне дақ салмайық деп суық хабарды естірткен жокпыз, – деді.

Иә, теніздей терен ой алыбы Мұхаңды жер мекеніне кетті деуге кімнің аузы бара алады дейсің.

БІЗДІҢ МҮСІНШІ ДОСЫМЫЗ

Москва қаласындаты Ленинград шоссесінде көзге жылы бір үй бар. Ол үйде РСФСР-дың Халық суретшісі, Қазақ ССР-ның Өнеріне еңбегі сінген қайраткер Евгений Викторович Вучетич тұрады.

Ұлылық таразысы – еңбек пен уақыт болмақ. Евгений Викторовичтің соғыстан кейінгі қай еңбегін алма, сол уақыт сынынан мүдірмей өтетін ұлылықты танитындайсың. Бұл сәуегейлік емес, шындық. Мен Алматыдағы гүл алаңына қойылған Ленин ескерткішінің жанынан тебіренбей өте алмаймын. Бұл көсем бойындағы ұлылықты жеткізе білгендік, аша білгендік. Былай қарасаң талай суреттерден көрген, дағдылы поза. Көсем оң қолын көтеріп жай басып келеді. Бірақ осының өзінде Вучетичтің өзіне ғана тән шешім бар. Мен бұл монументтен ой еркіндігін, кимыл еркіндігін көремін. Жаңағы дағдылы қол сермесі де, оң иығынан сыпырыла түсіп кеудесін ашып тұрған сырт киім де соны танытады.

Мен Совет Армиясының фашизммен шайқаста қаза болған жауынгерлеріне арнап Берлин қаласына қойылған ескерткіштің, әлгі Ленинград шоссесіндегі мастерскойдан макетін ғана көрдім. Соның өзінде өрен ерлікті, кесек мінезді, ұлылық пен адамгершілікті жырлаған эпопея секілденді ол маған. Ал осы монументпен тамырласып, үндесіп келетін ана семсерден сока соғып жатқан батырды бейбіт өмір мен еңбек тыныштығып мадақтатан көркем дастан деуге болар еді. Бұл тамаша мүсінді жайбарақат тұрып көре алмайсың. Жаланаш батыр бойындағы бұлт-бұлт етіп ойнаған бұлшық еттер күш пен сұлулықтың асыл қоспасын паш етіп тұрғандай.

Биыл ұлы жазушы Әуезов Мұхтардың басына тамаша ескерткіш қойылды. Мұны мен ұлттық көркем өнерінің мақтанып айта жүрер тамаша озат шығармасы дегім келеді.

Мен көп дүниеге көңіл көзін ашып кеткен ұлы ұстаздың басына жиі барамын. Жиі барамын да ақ мәрмәрдан жасалған асыл бейнеге карап ұзақ тұрамын. Мұхаңның кейпінде ыстық тірлік, шабыт нышаны бар, ол казір аса бір салмақты қоңыр үнмен ақырын ғана

біз білмейтін бір жай туралы терең мағыналы сөз қозғап кететіндей болады да тұрады. Немесе Мұхаң тіпті өлмеген секілді. Мына қамқор қолдармен айнала әсемдеп қойылған тас құрсауды сыпырып тастап, адымдай басып жүріп кететіндей. Бұл да Вучетичтің талант қуатын танытатын құбылыс.

Есіме түседі: 1957 жыл. Біз Евгений Викторовичтің мастерскойын араладық. Басында мен Алматының көшесінде жүргендей бір сезімде болдым. Қадірлі, жүзі ыстық ағаларыммен кездескендеймін. Өзіне тән байсалдылықты паш еткен маркұм Қаныш Сәтпаев кейпінен ой-парасатты танығандайсыз. Кеудесін сәл көтере түсіп қалған Калыбек Қуанышбаевта асқақ шабыт бар. Ол қазір «Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтып күн көрер? Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтып күн көрер?» деп күңірене жөнелердей тіпті. Ал Бауыржан Момышұлынан ой-қайратты, Ахмет Жұбановтан назды ақыл, сабырлылықты көргендеймін.

Тамаша көркем шешімі сәтімен табылған осы мүсіндерді бар ықыласымен көрсеткен Евгений Викторович Әуезов мүсініне келгенде мүдіріңкірей берді. Біздің қоштау, құптау сөздерімізді де қабылдамады.

– Мұхтар Омарханұлы мен үшін бір азап болып тұр. Мен әлі бұл мүсіннің көркем шешімін таба алған жоқпын. Бұл қайраткерге қай қасиет тән? Біле алмаймын. Тегі, бар қазаққа тән бар жақсы қасиеттің бәрі де осы кісінің бір басында болса керекті, – деп бір тоқтады. Содан кейін сәл үнсіз тұрды да, аса бір сеніммен: – Жоқ, мен бұл қазақтың образын қайтсем де шығаруға тиіспін, – деген еді.

Тастан түйін түйетін үлкен шебер сол уәдесін орындапты. Мұхаң басына қойылған мына ескерткіш соны анғартады.

Евгений Викторович қазіргі әлемдік мүсін өнерінің аспанында жарқырап туған ірі жұлдыздардың бірі екенінде дау болмаса керекті. Осындай ірі өнер иесінің өте кішіпейіл, мейірімді, әңгімеге ұста, әзілге жүйрік асыл азамат екенін де айта кеткен жөн.

– Қазақтар үшін осыншама мол еңбек сіңіріп келе жатырсыз. Бұл халықтың несі ұнады соншама? – болды реті келгенде қойылған әзіл-шыны аралас сұрақтың бірі.

– Бұл халық табиғаттың өзі сияқты таза, пәк, мырза халық.

Бір ретте отырғандардың бірі Әбділдә Тәжібаевтің мүсіні жөнінде:

– Маңдай шашы тым иіріліңкіреп кеткен екен. Оригиналдан алыстау емес пе? – деген әзілге Евгений Викторович әзілмен жауап берді:

– Бергенінен беретіні көптеу ме деген оймен киімін молдау етіп алуыма тура келді.

...Бір күні біз – Әбділдә, Евгений Викторович үшеуіміз – ресторанға бардық.

Кісінің тым көптігінен бе, әлде басқа бір реніші бар ма, даяшы көпке дейін елемей, ілтипат көрсетпей қойды. Қайтарған жауабы да қатқыл, салқын. Біз ренжіп, шаршай бастадық. Евгений Викторович те бір-екі әзіл араластырып еді. Оған да іліккен жоқ. Содан кейін Вручетич столда тұрған қара нанның қалдықтарын жинап алды да, әп-сәтте сондай бір шапшаңептілікпен он шақты куыршақ адамдардың мүсінін жасап қатарлап қойды. Дастарқан үстін жинауға келген даяшы әйел таңыркай берді.

– Мынау артист, – деді Евгений Викторович күліп тұрған бірін көрсетіп.

Сол кезде жайдарылана бастаған даяшы:

– Ал мынау ше? – деп сұрады ашулы бірін нұсқап. Евгений Викторович езу тартты.

– Бұл, тегі, даяшы болса керек.

– Қалайша даяшы, ыдыс-аяғы жоқ қой?

– Сыртымен ұқсамаса да, ішкі дүниесімен, мінез-құлқымен ұқсай ма деймін. Байқайсыз ба, көзінде ашу бар, – деді Евгений Викторович.

Даяшы шегі қатқанша күлді. Біз, сөйтіп, Евгений Викторовичтің тапқырлығы арқасында жақсы отырып, демалдық.

Міне, біздің досымыз Евгений Викторович Вучетич осындай адам.

ТАЛАНТ ТАҒДЫРЫ

Әлі есімде. 1936 жыл. Менің 4-класта оқып жүрген кезім болатын. Аудан орталығына кеткен мұғалімімізкішкентай бір қызыл қобдишамен оралды.

– Бұл патефон деген нәрсе. Кәдуілгі адамша сөйлейді. Өлең айтып, домбыра да тарта алады, – деді ол.

Темір сейлейді дегенге біз қайран болдық. Класс іші тынып қалды. Қара тегершік зыр қақты.

– Пай-пай, жұрттың жиналғанын-ай, бәрінің көзі жаудырап шығып барады... Апырмау, бір күні біреумен тәйт деп кетеді де қалады, онда қайтесің? Одан да жеңұшынан жалғасып алғанымызды ешкімге білдірмей ғана жөнелте қояйық. Өзің білесің, осы күні тілші дей ме, уәкіл дей ме, қаптап кеткен жоқ па! – деп шал кетті. Содан кейін:

– Қайта сүйтсе екен. Былтырғы Байсалбай құсатып екі көзінді жылтыратып абақтыға салып коймайды-ау. Дүние шіркін-ай, ә?! – деп сампылдап кемпір кетті.

Енді бірде:

Әуеде торғай өріп жүр,
Балапаны еріп жүр.
Айналайын, жан ата-ау,
Сағындырмай келіп жүр, –

деп қыз сынсыды. Қасқыр жарған бұзау бақырды. Ит үрді. Өзімізге таныс ауыл өмірінің кесек бір суреті көз алдымызға келді. Әнгіме тақырыбы ұзатылар қыз жайы екен. Ол кезде мұның ескі феодалдық қарым-қатынасты ажуа еткен, әлеуметтік астары бар шығарма екенін кім білген, әйтеуір біз езуімізді жия алмадық Ішегіміз түйілді. Сонда мұғалім тұрып:

– Бұл – «Қыз ұзату» деген сықақ. Шал болып сөйлеп, кемпір болып бажылдап жылаған да, қыз болып сынсып, бұзау болып бақырған да, ит болып үрген де бір-ақ адам. Ол – Қалыбек Қуанышбаев деген артист, – деді.

Бұл жанағы «темір сөйлейді» дегеннен кем әсер еткен жоқ бізге. Балалық тамашалауымызда шек қалмады.

Осы күнде алпыстың деңгейіне шығып қалған ұлы өнер иесі бәрімізге қадірлі Қалыбек қарттың даусын мен ең алғаш осылай естіген едім. «Сол шеберді көрсем-ау!» – деген киял шіркін, арманшыл жанға маза да бермейтін болды. «Қандай адам екен» – деймін. Көз алдыма әкелмек болып азаптанамын. Бірақ тұтас бір тұлға болып тоқырамайды. Құбыла береді. Бірде қызыл көз қыңыр шалға ұқсаса, бірде басына ақ жаулық салған адуын кемпір болып кетеді. Кейде үкілі такия киген қыз болып қылаң беретіні де бар.

Сәті түсті. Кейін университет қабырғасында жүрген кезімде Қазақтың академиялық драма театрының артистеріне барып, партия тарихынан лекция оқуыма тура келді.

Бір топ артистермен фойеде тұр едім, қолында жуан қара таяғы бар, кесек денелі, кияпатты бір адам маң басып бізге жақындай берді. Таяғын ұсына тастайды. Жүзінде күлкі нышаны. Қара көзінің кішкене қарашығын төңіректеген көк жолақ сақинадан айрықша жылылық нұры сезілердей. Артистер қаумалап кетті. Солардың ынғайынан мен оның өзім көруге құмарткан Қалыбек екенін анғардым.

Қаллекей бірдеме деп өзіл айтып, жұртты күлдірді де, папирос ұсына бастады. Кезек маған келді. Мен рақмет айтып, шылым шекпейтінімді сездірдім. Соным ұнамады ма, зілі де жоқ бір кейіппен:

– Е, шекпесеңе не қыл дейсің? – деді. Жасыратыны жоқ, қысылып қалдым. Үлкен адамның мына бір қылығы маған жеңілдеу сияқты көрінді.

Келесі күні театрға барсам, бір спектакльге анализ жасалып жатыр екен. Мінбеде Қаллекей. Жазып алғаны жоқ сияқты. Жатқа сөйлеп тұр. Арт жақтан келіп мен де отырдым. Әнгіме мизансцена жайлы болса керек.

– Сахнадағы артистің өзін көрсетпек болып массовкадағыларды көлегейлеп, алға шыға беруі жөн болмайды. Ол үлкеннің көңілін аударма болған бала қылығы сияқты. Басты рольде ойнайтындарды көрушілер онсыз да қадағалап отырады, – деді Қуанышбаев.

Тегі, массовкада шығатын болса керек, менің қасымдағы бір жолдас: «Дұрыс айтады!» – деп реплика берді. Мен одан:

– Қаллекей осы айтқанын өзі орындай ма? – деп сурадым.

– О не дегеніңіз? Рас, бізде массовкадағыларға: «Әрі тұр, бері тұр», – деп мезі қылып жіберетін артистер бар. Олармен сахнаға шыққанда асып-сасып, құтың қашып кетеді. Ал Қаллекеймен бірге болу рақат қой. Ол қайта массовкадағыларды көтермелей жүреді, – деді ол.

Кеше мен оны қазымыр емес пе екен деп ойлап қалып едім, теріске шықты мұным. Қаллекей маған жаңа бір қырдан көрінді. Кейін таныса келе білдім, ең алдымен, көп қамын, коллектив қамын ойлау – осы бір кесек талант иесінің басты сипаты екен.

Ең алғаш мен Қаллекейді Ғ. Мүсреповтың «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясындағы Мылқау ролінде көрдім.

Әуел баста пьесаны театрға қабылдаған кезде көбірек сөз болғаны да, дау туғызғаны да осы бір образ екен.

Авторлық мақсатта бұл бір айрықша қызық дүлей тұлға. Онда тіл де, құлақ та жоқ. Сырт кейпі дөрекі, кесек болса да, кемтар жаралған адам. Мақсатсыз иен қара күштің иесі ғана. Шыпдық қайда, жалғандық неде, ажырата алмайды. Науан хазіреттің айналасындағы алаяқ топқа тән қулық-сұмдықтан да бейхабар. Төңірегіндегі алыс-жұлыстың, керімал тартыстың түп мақсатын да түсінбеген. Осыдан барып ол жауыз топтың Аканға, әділет пен шындыққа қарсы көтерген қол шоқпары болып кететін де кезі бар.

Бірақ балуан қараңғылық басқан, надандық жайлаған аңқау елдің бейнесі есепті. Жауыздық деген табиғатында жоқ нәрсе. Үніле қарасаң, ішкі дүниесі Сәбидей таза да нәзік.

Бұл үлкен қайшылық, оның трагедиясы да осында.

Бәрін былай қойғанда артист көрушіні сөзімен баурайды. Бар ішкі дүниесін тілімен жеткізеді: мына Мылқау болса сол бір басты құралдан ада қалған дімкар жан. Оның үстіне мұның өзі әр актыда бір ғана көрініп кетер қосалқы образ. Ал сонда жаңағы қайшылықты қандай тәсілмен трагедиялық биік пафосқа көтермек керек?

Театр коллективін қатты ойлантқан, шешімі жоқ сауал осы болыпты. Содан кейін: «Мұны бір орындаса Қуанышбаев қана орындай алады», – деп Қаллекейге беріпті.

Ен алғаш, Мылқау сахнаға шыққанда көрушілер ду күлді. Ебедейсіз денесі де, адымдап басқан жүрісі де, тақыр жерге шыккан қылтанақтай селдір өскен сұйық мұрты мен еш нәрседен хабары жоқ мағынасыз бет әлпеті де, бәрі де күлдіреді. Соған қарап мен мұны трагедиялық тұлға емес, жұрт көңілін көтеру үшін ғана алынған мелодрамалық бірдеме шығар деп қалып едім. Жоқ, бұл алғашқы алдамшы ғана әсер екен. Бірте-бірте күлкі ізі суи берді. Әлдебір аяныш туғандай. Кемтарлығын мүсіркегендей болдым. Ақыр соңында үнін естімек болып домбыраны құлағына апарып мылқауға тән ғаламат бір оқыс дыбыспен басын шайқаған кезде, жасыратыны жоқ, көзге жас келіп қалады. Қаллекей қалың жұртты баурап кетті. Жалмұқан Ақтоқтыны талақ етіп, Мылқауға тастаған кезде карт шеберліктің биік мұнарасына көтерілгендей, зал демін ішіне тартып тынып қалды. Ал ағашқа таңылған Ақтоқтыны «қызым» деп аймалап жылаған кезде домбыра ішегіндей тартылып тұрған жан пернесі босап жүре берді. Шынымды айтайын, мен актерлік өнердің ұлылығы мен құдаретгілігін дәл осы сәтте ғана сезіндім. Көп күн бойы Мылқау бейнесі көз алдымнан кетпей қойды. Артист үнемі ұстара жүзінде жүрген сияқтанды. Сәл бір қате жіберсе-ақ болды, тайып кетердей. Онда бұл образ өзінің трагедиялық серпінінен айырылып, мелодрамалық сарынға ауысып жүре берген болар еді. Қаллекей соны түсінсе керек. Ол сыртқы жалтылдаққа әсте ұмтылмайды. Көрушіні күлдірем демейді. Қимыл-қозғалысқа да тым сараң, Мылқаудың жан дүниесін ашуда артист бір-ақ тәсіл қолданады. Ол – бет құбылысы. Қуанышбаев – Мылқау кейпінен қат-қабат көңіл күйінің небір нәзік сәттерін танытатын қиян-қилы нышанды байқауға болады.

Осы спектакльден кейін, мен Қалыбек картпен жақын танысып, көңілдес болып кеттім.

1945 жылы Қазақ театры Н.В. Гогольдің атақты «Ревизор» комедиясын қайта қойды. Қаллекей сондағы дуанбасының ролінде ойнады.

Жасырары жоқ, мен театрға теткулі көңілмен бардым. Артист өнерінің шыңы – Мылқау образы секілді маған. Ал дуанбасы болса сырттай сыпайы, бірақ ішінде ала шұбар жылан ұялап жатқан алаяқ, монтаны паракор адам. Мылқауға тура қарама-қарсы образ. Көңілде мұны қалай шығарар екен деген күдік болса керек.

Қаллекей диапазонының кеңдігін мен осында көрдім. Кеше ғана кулық-сұмдықтан ада сәбидей анқау қара күштің иесі Балуан енді сырттай жайдары, анқылдаған ақ көңіл зымиян дуанбасы болып

шыға келді. Кейде тіпті осы бір кішіпейіл де марқаматты бейненің ар жағында елді кан қақсаткан, содырлы сойқан тұрғанын ұмытып та кетесін. Артист дуанбасының шын келбегінің танылар сәтін уытты сатираның биік шыңына көтереді. Калыбек жасаған Сквозник-Дмухановский Абай айтқан:

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап
Әлсіздің сөзін салғыртсып
Шала ұғамын қырындап, –

дейтін жағымпаз-жырткыштың дәл өзі. Біздің ойымызша, дуанбасы – Қалыбек атакты комедияның сахналық тарихынан сөзсіз орын алады.

Карт артист сахнада өткен отыз жыл ішінде жүз жетпіске тарта рольде ойнаған екен. Бұл қилы-қилы мінездің, килы-қилы ой дүниесінің, кат-кабат көніл күйінің адамдары. Бірінде бар сыр-сипат, екіншісінде кайталанбас бедерлі тұлғалар. 1926 жылы қазақ сахнасының шымылдығын көтерген «Енлік-Кебекте» Қаллекей ойнамаған роль жоктың қасы. Ол Қараменде мен Көбей болып та, Абыз бен Кебектің өзі болып та сахнаға шыккан.

Бір қызығы, артист кай рольді болсын жеңіл меңгереді. Онымен әріптес болған режиссерлердің бәрі де: «Куанышбаевпен бірге жұмыс істеу рақат қой», – дегенді айтады. Қаллекейді, өз айтуы бойынша, катты кинаған, көп ізденткен үш-ак образ болса керек. Ол – жоғарыда біз айткан Мылқау мен дуанбасы, Абай тұлғалары ғана. Асылында, Қаллекей туғызған бұл үш образ ұлттық көркемөнердің үлкен табысы. Бұған біз Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясындағы Баптис образын да коскан болар едік.

1950 жылы «Искусство» баспасы басып шығарған «Калыбек Куанышбаев» деген кітабында О. Олидор былай деп жазды: «Куанышбаев сәбилік бір аңқау кулыкты Баптис образының кілті деп карады: шал өзін өте айлакер, көреген саясатшымын деп таниды, жұрттың бәрін такыр мұзға отырғызып жүрмін деп есептейді. Асылында, ол кыздарының қылығын кылт еткізбес, бала мінезді, ак көніл адам. Осы бір ак жаркын, ізгі шалдың бойында соншалыкты сүйкімді бір балалык кылык бар».

Кіші театрдың елу жылдық тойына «Асауға тұсаудан» үзінді койып беру үшін Казакстаннан Калыбек пен Шәкен, Хадиша үшеуі арнап шакырылды. Юбилейге жиналған жұрт Казак театрының ойынын үздік бағалады. Ал Куанышбаевты дарындылығы жағынан орыстың талантты артистері В.Н. Давыдовпен, М.М. Тархановпен тең түседі деп санады.

Карт артистің бойындағы осы бір ұлы куаттың көзі қайда? Сыры неде?

Қаллекей бірде маған:

– Сәтті бір образ жасай қалсам, кейбір сыншылар: «Куанышбаев пәленнен үйренді, түгеннен үйренді, пәлен кітапты ақтарды, түген кітапты төңкерді», – деп жатады. Мұның бәрі бекер нәрсе. Мен, ең алдымен, «жоғымды өмірдің өзінен аламын», – деген еді. Жаны бар сөз. Талантты артист көркемөнердегі реализм биігіне кітап жолымен емес, өмір жолымен, өз жолымен келген. Жоғарыда біз Қаллекейдің жүз жетпіске жуық образ жасағанып айттық. Солардың бәрі де үлкен өмір жолында өзі көрген таныс типтер. Ол мылқаулар мен сөзге ұста көбейлердің, надан Шораяқ пен зымиян Құнанбайлардың талайын кездестірген. Тіпті қазақ топырағына етене бұл бейнелерді айтпағанда, ана дуанбасы, Аков сияқты суы басқа жыртқыштарға ұқсасты да артист өзі өскен ортадан тапқан. Біздің ойымызша ұлы куат көзі осында болса керек.

Қаллекей сараң сөйлеп, көп тыңдайтын адам. Ал көпшілік «мынаны айт» деп өтінсе, бәлсінуді де білмейді.

Жақында бір кеште жиналған жұрт карттан «Ревизорды айтыңызшы» деп өтінді. Қаллекей жалғыз өзі екі жарым сағат бойына атақты комедияны жатқа ойнап берді. Ол дуанбасын ғана емес, Хлестаков болып та, Анна Андреевна мен Марья Антоновна болып та шебер ойнай алатынын көрсетгі. Отырған жұрт карт өнеріне қайран қалды. Жалғыз «Ревизор» емес, ол өзі қатысқан көп пьесаларды жатқа біледі екен.

Біз екеуміз бірге қайттық. Мен одан жолда: «Бұл пьесаларды жаттап алуыңызға себеп не? Өз ролінізді білсеңіз де болмай ма?» – деп сұрадым.

– Жоқ, бұл қате пікір, – деді карт. – Басқа рольдерді де жете білген жөн. Жалпы пьесаның рухын түсіне білген дұрыс. Өз ролінді сонда ғана меңгере аласың.

Соны айтты да ол үндемей қалды. Адам аяғы селдірей бастаған кең көшеде үнсіз жүріп келеміз. Шал қолында баяғы қара таяқ. Сермей тастап, маң басады.

Мен осы бір үлкен адам өтіп келген ұзақ жолды шолғандай боламын. Революциядан бұрын аты шулы Қоянды жәрмеңкесінде сықақ әңгімелерімен қалың топты да мәз етіп, өзі де мәз болып жүрген әлжуаз жастың, міне, енді ұлы актерлік өнердің қиясына шыққан шағы.

Бұл соқталы талант тағдыры, бақытты тағдыр.

ҰШПАЛЫ ТҮТІН

1957 жылдың қысында бір топ жазушы қазір «Алатау» аталатын санаторийге келдік. Мақсат: келер жылы Москвада өтер қазақ әдебиетінің онкүндігіне дайындық. Бітпей жатқан шығармалар болса, бітіру, орыс тіліне аударту. Қазақстан Жазушылар одағының ұйғарымы осылай.

Бір топ дегенде, атап айтар болсам: Дихан Әбілев пен Бауыржан Момышұлы, Ғабдол Сланов пен Қарағанды қаласында тұратын ақын Мақсұт Байсейітов және мен пақырын.

Бір адамның екінші адамға ұқсай бермейтіні секілді жазушының жазу әдісі де, кілы-киян болып келеді емес пе. Біреуі жазу үстеліне ертемен отырса, екіншісі түн тыныштығын қалайды. Жұмыс сол шақта өнік келмек. Шынын айтсам, арамызда ертеңді де, кешті де қалай коймайтындар да бар. Қайтерсің, шабыттың кінәмшіл құсы шалықтап басқа жақта жүрер болса, амалың қайсы! Ондайда тау-тасты кезесің. Достармен кездесесің. Мүдделі сыбайластарды іздейсің...

Іздейсің демекші, Ғабдол мен Мақсұт алғашқы күннен-ақ бірін-бірі түсінісе қалған адамдар болып шықты. Екеуі де сері. Екеуі де домбыра тартып, ән салады. Екеуі де аздап қыдыруды, аздап қызумен жүруді ұнатады. Мақсұт көп жаза бермейтін ақын. Сол себепті, қалтасы үнемі жұқалау болып келеді. Ал қалтасы жұқалар қыдыруды жақсы көретін болса, қайда жұмсасаң да шауып тұратын нағыз елгезектің өзі болып шығады екен. Мақсұт сондай елгезек. Дегеніңді емеуірініннен таниды. Керек десең, кәне қайда жұмсайсың? Қашан жұмсайсын деп, лыпып тұрғаны.

Өзің жұмыс істеп, мұрныннан шаншылып жүргендіктен бе, кейде Мақсұтқа жұмыс тауып бере алмай қалатын да кезің бар. Ондайда ақын санаторийдің қала жақ балконына шығып алып әндете бастайды:

Қаланың үсті көк түтін,
Мақсұтта бүгін жоқ күтім.

Мақсұттың бұл шағымын біреу болмаса, біреу естиді де, қолына тиын-тебен қыстырып, төменгі магазинге жұмсап жібереді. Мақсұт ағаш атқа міне шабатын балаға ұқсап тарта жөнеледі. Ендігі бір жарты сағатта ақынның көзі шырадай жанып, өні құлпырып шыға келеді. Желпінеді Мақсұт. Содан кейін манағы қала жақтағы балконға қайта шығады. Лекіте әндетеді:

Қаланың ұшты түтіні,
Мақсұттың болды күтімі.

Мақсұт – жап-жақсы ақындық таланттың, қайталанбас мінездің иесі еді. Дүниеден ертерек кетіп қалды...

КЕСЕЛ

Адам табиғаты дегенің жатқан бір қызық дүние ғой. Өз басың алай да, былай да шайқап, әр нәрсені қопсытыңқырап жүрсең де, аяғын шалыс баскан біреуді көре салып, тыжырынып қалатыныңды қайтерсің!

Көп кешікпей Ғабдол мен Мақсұт екеуі сондай тыжырынғыш жұрттың көзіне түсе бастады. Олар ештеңенді бүлдіріп тастамаса да, өйтіп жүреді екен, бүйтіп жүреді екен, дейтіндер шықты. Шағынушылар да табылды. Ақыры санаторий әкімшілігі екеуін де үйлеріне қайтару керек деген ұйғарым жасады.

Мен санаторийдің бас дәрігеріне бардым. Шешімдерінің қате екенін түсіндірдім.

– Түкті бүлдіріп жүрген жоқ қой олар. Ең ақыры дыбыстары да шықпайды. Ең болмаса, ескерту де жасаған жоқсыңдар, – деймін ғой алып қалудың қаразын ойластырып.

Бас дәрігер жөн білетін адам екен.

– Ішсе өз денсаулықтарына зиян. Оны өздері білсін. Жалғыз-ақ тілек: жұрт көзіне түсе бермесінші, – деп өтінді ол.

Мен бас дәрігердің сол өтінішін алып Ғабдолға барайын. Үнжырғасы түсіңкіреп отыр екен, мына хабарды естіп қуанып қалды.

– Енді татып алмаспын! – деді көңілденген Ғабдол.

– Олай етсең, – тіпті жақсы.

– Арақ деген зәһарды бүгіннен бастап аузыма алсам, баламның етін жейін, – деп Ғабдол қазыла қайталады.

Байқаймын, нәзік жанды жазушыға мына жағдай қатты әсер еткен секілді. Аты дардай әдебиет өкілінің санаторийдан аласталып жатуы оңай шаруа ма, жүрегін сондай ауырткан. Айттым бітті, кестім үзілді, мына шешім бұрқанысты жан тебіренісінің жемісі. Ғабдолдың кейпіне қарап, мен осындай тоқтамға келдім.

Өстіп, әдебиеттегі жасы үлкен аға үшін көңілім орнына түсіп, қуанып отырғанымда жалақтап Мақсұт кіріп келмесі бар емес пе!

– Саған не деді? Маған кетесің деп жатыр, – деді ол Ғабдолға қарап.

– Маған да солай деген...

– Ә, олай болса.. – деп Мақсұт сәл тұрды да, тумбочканың ішінен ширек шиша арақты алып шығып, екі стақанға бөліп құя бастады, Ғабдолда үн жоқ. Сөзге менің араласуыма тура келді.

– Мақсұт, арақты ішсең іш. Ғабекең ішпейді. Ғабдол күрт кетті:

– Жоқ, ішемін! Өзекті жанға бір-ақ өлім. Әпкел бермен стақанды!

Талант иелерін баудай түсіріп жатқан мына көк кеселден құтылар күн қайда?!

ЕКІЛІК

Жанна сүйтіп мектепке барды. Ата-анасының қуанышына сабақты да тәуір оқып кетті. Дәптерлерін де таза ұстап, маржандай тізілтіп жақсы жазатын болды. Жалғыз-ақ алғашқы кезде екінің таңбасын дұрыстап сала алмай жүрді. Құйрығы дөңгеленіп, латынша «S» әрпіне ұқсайды да тұрады ылғи. Мен бір күні балама оның осы кемшілігін бетіне бастым. «Екінің таңбасын жаза алмайсың, саған не болды, Жанна?» – деп қынжылдым.

– Бекер ренжисің, папа! Екілік дегеннің өзі осындай жаман болмай ма? – деп жауап берді ол.

БЕСТІК БАҒА

Бүгін біздің үйде үлкен қуаныш бар. Жанна екінші класка көшті. Жыл бойында төрт рет ауырып, оқуға бара алмай қалған еді. Соған қарамастан барлық сабақтан бестік баға алып шықты.

Біз үй іші болып осы бір кішкене қуанышымызды тойладық. Жаннаны аздап көтермелеп, мақтап та қойдық.

– Тек төрт рет ауырып қалғаның болмаса, барлық пәнді беске тапсырдың. Жарайсың, Жаннажан, – дедім мен.

Әке-шешесінің айырықша мейіріміне қуанып отырған Жанна:

– Енді бір рет қалғанымда, одан да бес алатын едім, – деп жауап берді.

Бала түсінігі қандай қызық десеңізші!

БАЛА ТІЛІ

Бізге көрші үйде Амангелді деген бес жасар бала бар еді. Майданда қайтыс болған әкесі Қаридан аумаған ала көз, кесек, қара бала болатын.

Амангелді екеуміз бір күні қала сыртындағы көлге бардық. Бой жаздық. Суға түстік. Алыста, айдынның ортасында топ үйректер жүр. Мен тереңге қарай біраз жүзіп барып едім, жағада тайыз суда ойнап жүрген бала маған айқай салды.

– Аға, маған анау үйректі ұстап берші?

– Үйрек казір ұстатпайды. Ертең мылтық әкеледі де атамыз, – дедім мен оған.

Үйге қайтып келе жатканымызда бала сол үйрек жайын әңгімелей берді.

– Аға, мылтықпен атып алған соң үйректі маған бересің бе?

– Иә, саған берем.

– Мен сосын үйге алып барам ба?

– Иә, үйге алып барасың.

– Мен сосын Күләш апама ас деймін бе?

– Иә, ас дейсің.

– Мен сосын жеймін бе?

Шыдай алмадым. Баланың бал-бұл тілін қызықтап күліп жібердім.

БҰЛ ЖАЛА...

Масаңбай екеуміз бір кезде бір артельде жұмыс істеген едік. Ол өзі Отан соғысының мүгедегі болатын. Бұл артельде мүгедектердің бетін ешкім қақпайтын еді. Әлі есімде, мейрам біткен оларға айырықша қуаныш әкелетін. Кәсіпшілер одағының жергілікті комитеті ақша шығарып, Масаңбайға, Масаңбай сияқты басқа да мүгедектерге бағалы сыйлықтар жасап тұратын.

Масаңбай бір мейрам қарсаңында жаңа үйге көшіп шыққан. Масаңбайға мүгедекке арналған машина да бергенбіз. Масаңбай мемлекеттен жәрдем де алып тұратын. Масаңбай...

Ие, соғыста қанын төгіп, бір аяғынан айырылып келген Масаңбайдан Отаны несін аяп қалды дейсің.

Бірақ Масаңбайдың қызба бір мінезі бар еді. Реті келсін келмесін «менің майданда қаным төгілген» – деп, тіпті балдағын ала жүгіретін кезі де, кейде киястанып жұмысқа да шықпай ішіп қалатын кезі де болатын.

«Мұның қалай, Масаңбай, сомадай болып ұят қой», – деп ұялтайын десең, «Контуженмін ғой, өзімді-өзім ұстай алмай қаламын» – деп кінәнің бәрін басқа бірдемеге аудара салатын. Ал артель коллективі Масаңбайдың сол мінезін кешіре беретін. «Қайтсін, қаны бұзылған, контужен ғой» – деп қоятындар да болатын.

Содан бері бірнеше жыл өтті.

Міне, ойда-жокта сол Масаңбаймен кездесіп калдым. Мен оны-мен көшеде кездестім. Көше болғанда да... Ие, несін жасырайын, Масаңбай көрінгенге колын жайып, сызды тротуарда отыр екен. Бет-аузы көнектей, касында бір бос шынжыр жатыр. Тұкыл аяғын балдағының үстіне салып көрінгеннің етегіне жармасады.

Мен оның касына келдім.

– Әй, туған, құдай тілеуіңді берсін, бала-шағаңның игілігін көр. Қайыр садака болса... – деп маған алаканын соза берді. Мен оған... ие, мен оған колымды ұсындым. Масаңбай шошып калды. Көзін ашты да маған тіке карады. Танымаған түр білдірді де, теріс айналып кетті. Ілгері жүрдім. Құлағыма тағы да әлгі бір карлыккан шерлі дауыс естілді.

– Құдай тілегінді берсін, бала-шағанның игілігін көр...

Ал менің көз алдыма Масаңбайдың жеңіс жылы туған, Жеңіс деген баласы елестеді. Арыкша келген танкы мұрын анасы елестеді.

Менің жан дүнием шайкалып кетті. Бес-он тиын бакыр үшін баскаға бала-шағасының игілігін тілеп, ал өзі игіліктен безіп кеткен Масаңбайдың осындай халге жетуіне кім кінәлі? Бетін какпайтын, мейрам сайын бағалы сыйлык беріп жүретін баяғы кішкентай коллектив кінәлі ме? Әлде сол камкорлыкты көтере алмаған Масаңбайдың өзі айыпты ма?

Мен артельге бардым. Масаңбайдың үйінде де болдым. Артель адамдары ескі мүшесін көріп куанысып калды. Баяғы таныс та ыстык жүздер. Ұлы Отан соғысының баяғы өзім білетін мүгедектері. Тек солардың арасында Масаңбай ғана жок.

– Масаңбай ішіп кетті ғой, – деп бір мүгедек күрсініп койды. – Жұмыска жұмалап келмей коятын болды. Содан соң жарымжандар үйіне тапсырып едік. Одан да кетіп калыпты.

Елден ерек Масаңбайға не сойкан болған, апыр-ау!

Мен осы сұракка жауап іздедім. Несін жасырайын, жазушы болмасам да Масаңбай жайында әңгіме жазғым келді, мүмкін сәтімен шығып жариялана калса, Масаңбайға, Масаңбай сиякты азып кеткендерге ой салар. Райдан қайтарар. Бірак калай жазу керек? Неден бастау керек? Калай аяктау керек? Мұның бәрі мен сиякты «жазушыға» ана Масаңбай өмірінің өзіндей шешілмес жұмбак сиякты болып көрінді.

Мен... ие, мен акыл алайын деп сыншыға тарттым. Ол өзі облыстык газетте боратып макалалар жазып жүретін, кездесе калсаң: «Алматыдағы ана жазушы анадай, мына жазушы мынадай» – деп әркімге бір ат койып, айдар тағып жүретін атакты сыншы болатын.

Мен барғанда сыншы кезекті макаласын жазып отыр екен. Көзілдірігін алып, көзін уакалады да, каны кашкан аш өнін маған бұрды.

Мен Масаңбай жайын айта бастадым. Сыншы нұры тайған жансар көзін қабырғадағы бір нүктеге қадап қимылсыз тыңдады. Ашынған да, толқынған да жоқ. Құптағаны да, қарсы болғаны да байқалмады.

Сыншы менің әңгімемді тыңдап болды да, жаны жоқ, өлі дауыспен:

– Біздің өмірімізде мұндай нәрсе болмайды. Бұл, бұл жала... – деді.

– Қалайша жала?.. Мен мұны өз көзіммен...

Сыншы мені тыңдамады. Көзілдірігін қалқандай үлкен құлағына ілді де, қаны қашқан өңін салып, істік тұмсығын жазып отырған қағазына тақай берді...

ӘЛГІ БІЗДІКІНЕ ҚОНАҚҚА КЕЛГЕНДЕ

Келесі күні ертемен тысқа шықтым. Аудан орталығынан қалаға қарай өтетін даңғыл жолдың үстінде, ұзын аққан Нұраның жағасына қоныстанған ауыл. Бұл бұрын өз алдына «Қызыл шілік» деп аталатын шарқы шағын, қауқары жоқ кішкентай ғана колхоз болатын. Енді «Париж коммунасы» деген үлкен колхозға қосылып, соның бір бригадасы ғана болып қалған екен.

Бригада демекші, «мұндағы бригадир кім еді?» деп ойладым. «Ие, Ахмет деп еді-ау түнде».

Сол кезде қара мұртты, дөңгелек күрең жүзді мығым біреу астындағы сыпсың торыны ойқастатып алдымнан өте берді. «Ие, ие, мынау Ахметтің нақ өзі ғой. Баяғы қалпы, өзгермеген тіпті».

– Амансың ба, шырақ? – деді ол анадайдан, – келгеніңді естідім. Қол тимей жатыр амандасуға. Райком мен райисполкомды қонаққа шақырып едім. Асығып барамын. Кездесеміз әлі.

Ахмет атын тебініп қалып, желіп кетті.

Ие, мен онымен тағы да кездестім. Бұрын бұл колхоздың алыстағы жайлауда малы болатын еді. Сол мал жайын, жайлау жайын сұрадым.

– Жайлауда қазір совхоздар орнай бастады ғой. Әлгі жуырда біздікіне райком мен райисполком келді ғой. Сонда олар келер жылы жайлаудан малды айдатып алдырармыз деп айтты, – деп жауап берді.

Енді бірде тістің тазалығы, беріктігі жайында сөз болып еді. Ахмет отырып:

– Тісің таза болсын десең, шеснок же, – деп қойды.

Жұрт үндемей қалды.

– Нанбайсыңдар ма? Рас айтам. Әлгі біздікіне келгенде райком мен райисполком тістерін пиязбен тазалады ғой. «Шеснокпен тазаласа, тіпті жақсы. Тіс берік болады», – деп айтқан.

Шіркін-ай, өзіндік түк ойы жоқ осындай жарамсақтар құрыса, кеудесіне нан пісіргіш, шенқұмар бюрократтар да азаяр еді-ау.

ТӨЛЖАННЫҢ ДОСТЫҒЫ

Міне, екі күндей де болған жоқ. Екі жылдық мектепті бітіріп шықтық. Жұрт жаңа қызмет орындарына кетіп жатыр. Ал, мен болсам... Ие, мен Қазақстанның солтүстігіндегі бір қалаға аттандым.

Бейтаныс қала. Жаңа қызмет орны. Жаңа адамдар күтіп тұр алда.

Адам деген қызық қой. Осындайда ең алдымен ескі танысың, дос-жаран адамың болса, соны іздемейсің бе?

– Ие, мен білетін кім бар еді осы келе жатқан қалада?

– Eh, Төлжан ше? Кәдімгі өзіміздің Төлжан Ырсаевты айтамын. Менің көз алдыма безеулі томпақ бет, салпы ерін, орта бойлы қара жігіт елестей қалды. Ие, ие, ол екеуміз университетте бірге оқып едік-ау. Төлжан журналистика факультетінде, ал мен... жә қойшы, менің қай факультетте оқығаным сөз болып па екен! Әнгіме екеуміздің бір бөлмеде құшақтасып бірге жатқанымызда емес пе! Біз студенттік кішкене дастарқанымызды да қызғанбайтынбыз. Елден келген сәлем-саукаттар да бөле жарылмай ортаға түсетін.

Ал университетті бітірген күні ше? Бар ақшаны ортаға салып, достарымыздың басын қосқанды қайтесің?

Содан кейін Төлжанды шығарып саламыз деп, вокзал басына келгеніміз бар еді-ау. Тіпті ол да емес. Бәрінен де Төлжан екеуміздің құшақтасып сүйіскенімізді, ұмытпаска серт берісікенімізді айтсаншы!

Міне, сол Төлжан мына мен келе жатқан қалада тұрады. Несін жасырайын, тіпті осы қалаға келе жатқаныма қуанып та қалдым. Жолдағы бір станциядан оған телеграмма соғып жібердім.

Ие, сүйтіп, сағына күткен күнге де жеттім-ау, әйтеуір. Поезд вокзалға келіп тоқтады. Мен жүгіріп перронға шықтым. Қыбырлаған

қалың жұрттың арасынан безеу бет Төлжанды іздеймін. «Ернің салпайып, бір тұтам мойныңды қылқындатып тұрған шығарсың бір жерде. Көзге түсе қалатын зор да емессің», – деп күліп те коямын.

Әлгіндей болмай жұрт та сиреп қалды. Төлжан болса, көрінбейді. Жүгімді көтеріп вокзал алдына өттім. Досым онда да жоқ болып шықты. «Әлде телеграмманы алмады ма екен? Әлде... поезд келетін күнді теріс көрсеттім бе? Айтпақшы, осы қай вагонда келе жатканымды айтпадым ғой деймін».

Осындай түйткіл ойлармен келіп таксиге отырдым. Бәрін де дұрыс көрсеткен, бәрін де айтып жазған сияқтымын.

«Мүмкін командировкаға шығып кеткен болар. Ие, сөйткен ғой. Әйтпесе мүмкін емес Төлжанның қарсы алмауы».

Қонақ үйге келіп орналасқаннан кейін де ойыма әр түрлі жорамалдар орала береді. Қойшы, бұл жерде отырып алып бал аша бергенше, неге барып келмеймін!

Мен Төлжанның қабылдау бөлмесіне келіп кірдім.

– Ырсаев жолдас бүгін ешкімді де қабылдай алмайды, – деді тырнағының көбесін тазалап отырған қыз.

– Алыстан келген адам едім, Төлжанның ескі жолдасымын.

– Бәрібір қабылдамайды. Арнаулы күн бар. Сонда келіңіз.

– Жоқ, айтып шығыңыз сонда да, Тайлан деген досыңыз келіп тұр деңіз.

Қыз орнынан зорға тұрып кабинетке кірді де, қайта шықты.

– Ол кісі телефонмен сөйлесіп жатыр. «Күте тұрсын» деді.

Ұзақ күттім. Содан кейін бір ой келді: «Әй, кой, Төлжанның да есігін күзетіп отырмақпын ба?».

Ұшып түрегелдім де, кабинетке сып беріп кіріп кеттім.

Сонау төрдегі үлкен столдың ар жағынан бірдемеге үніле қарап қара жігіт отыр. Кәдімгі салпы ерін Төлжанның өзі. Баяғы қалпы. Жоқ, ойбай-ау, қалай семіріп кеткен өзі. Томпақ беті шелденіп, көзінің алдын май басып қалған.

– Төлжан! – деп дауыстап ұмтыла бердім.

Ол басын көтерді. «Бұл кім?» дегендей май жауып кеткен жылтыр көзін маған қадады.

– Ау, Төлжан, танымай қалдың ба? Мен Тайлан ғой.

– А-а! – деп ыңыранды Төлжан. – Ие...

Мен сәл абыржыңқырап қалдым:

– Дәм айдап, қалаңа келіп қалдық.

– Өте жақсы болған, – деп ол сәл езу тартты. Содан кейін «айтар енді нең бар?» дегендей маған қарады. Кенет мен «Неге келдім осы?» – деп өкіндім. Аптыққан көңілім басылып қалды.

– Жәй амандық білейін деп... – деп күмілжідім аузыма сөз түспей.

– Рақмет, ұмытпағаның үшін, – деп Төлжан салқын ғана жымиды. – Ал, Тайлан, бір хат шаруамен отыр едім...

– Онда ғапу етерсің. Уақытыңды алдым ғой деймін...

– Басқа бір бос уақытты біліп алып келсеңші, Тайлан, — деді ол шығып бара жатқан менің соңымнан.

Бірақ мен Төлжанға қайтып бармадым. Оның бос уақытын аңдып жүрерліктей менде де уақыт болмай қалды. Біз бастапқы кезде не көшеде, не бір жиында кездесе қалсақ, салқын ғана бас шұлғысып жүрістік те, кейін тіпті бірімізді біріміз білмейтін адамдарша өтіп кететін болыстық. Әдепкіде оның бұл мінезі тым ауыр болған еді. Келе-келе көндігіп кеттім. Оның үстіне жұмысқа да төселе бастадым. Достар да көбейе берді. Бұл қалада бұрынғы достым Төлжанның тұратынын ұмытайын дедім.

Бір күні көшеде маған қарсы келе жатқан Төлжанды көрдім. Ерні салпиып, езуін жия алмай күліп келеді. «Басқа біреуге білдірген ықыласы ма?» деп кейін қарасам, ешкім де жоқ! «Бұған не болған?» Сонда да көрмеген болып оңға қарай бұрыла бердім. Сол кезде:

– Тайлан! – деген дауыс шықты. Мен амалсыз токтадым.

– Амансың ба, Тайлан. Көзіннің еті өсіп кеткен бе, немене? Қарамайсың ғой, – деп Төлжан күлді. Содан кейін келіп аркамнан қақты.

– Ойын ғой. Оқасы жоқ. Ал осы екеуміздікі не? Бірге оқимыз. Ұзақ жыл бір бөлмеде бірге тұрамыз. Енді, міне, танымаймыз бір-бірімізді Жарайды, кіналаспайық. Қызмет бабында ана-мына жағдай бола береді. Қара басыннын мүддесінен мемлекет ісін жоғары қоймасаң, қызмет істей аласың ба? Жарайды, ол бітсін. Ал мен саған келе жатырмын, достым. Бүгін біздікінде боламыз. Семьямызды таныстырамыз. Кешікпеңдер.

«Төлжан дегенмен ақылды жігіт қой. Менің өкпелеп жүргенімді біліп келіп отыр ғой» деген оймен, айтулы сағатта оның үйіне бардық. Үй иесі бізді жайраңдап қарсы алды. Көп отырдық. Көп тостарды көтердік. Түннің бір уағында бізді Төлжанның өзі шығарып салды.

– Қызмет деген бірде олай, бірде былай болды. Бәрінен де достық қымбат. Сол достықты бағалай білуіміз керек, – деді ол коштасып тұрып.

Мен үйге куанып қайттым. «Анада шынында да бір қауырт іспен шұғылданып отырған екен ғой. Әйтпесе кейін келерсің дер ме! Неге кейін бармадым екен десеңші! Ай, намысшыл басым-ай», – деп өкіндім. «Жоқ, райдан қайту керек. Төлжаннын семьясына үйді көрсеткен жөн».

Осы оймен ертеңіне оған телефон соқтым.

– Алло, алло, мені Ырсаевпен жалғасаңыз.

– Қайдағы Ырсаев? – деп таңданды телефондағы әйел даусы. Баяғы өзім барғандағы тырнағының көбесін тазалап отырған қыз болса керек.

– Тәлкекті қойыңызшы. Маған сіздердің бастықтарыңыз, Төлжан Ырсаев керек.

– Ырсаев бізде істемейді.

– Істемейді?! Қалай істемейді?

– Кәдімгідей істемейді. Бюрократтығы, мінезсіздігі үшін қызметтен шығып қалған.

Мен трубканы ұстап ұзақ тұрып қалсам керек.

– Телефонымызды босатпай тұрсыз. Трубканы салып қойыңыз, – деді жаңағы әйел даусы тағы да...

МАЗМҰНЫ

Повесть

МӘЖНҮН ТАЛ 5

Пьесалар

ӘНІМ СЕН ЕДІҢ *(Екі бөлімді мелодрама)* 53
ДӨКЕЙ КЕЛЕ ЖАТЫР *(Үш бөлімді комедия)* 89
ҚАЙДАСЫҢ, ЗӘРИНА? *(Драмалық повесть)* 119
ҚЫР ГҮЛІ *(Екі перделі драма)* 151
ШАЙҚАҚ *(Бір перделі драма)* 191
КЕШ ОЯНҒАН МАХАББАТ *(Телевизиялық драма)* 205
ЛЕП БЕЛГІСІ *(Бір актылы, үш көріністі комедия)* 219

Әңгімелер

КӨРШІНІҢ КЕСІРІ 228
ҚОЛАМТАДАҒЫ АРМАН 239
ҚАРАҚҰМ ЕМЕС, ҚАРАҒЫМ 245
АЛТЫН САҒАТ 253
КҮЛКІ 262
ҚҰЛПЫ ТАС 265
ҚЫРАН ҚИЯҒА САМҒАЙДЫ 267
СЕЛДІҢ ЕКПІНІ 283
МЕНІҢ АУЫЛЫМ 287
МҰХТАРДЫҢ ЫСТЫҚКӨЛДЕГІ ҮЙІ 296
МҰХТАРИТА 299
БІЗДІҢ МҮСІНШІ ДОСЫМЫЗ 301
ТАЛАНТ ТАҒДЫРЫ 303
ЕКІЛІК 311
БЕСТІК БАҒА 311
БАЛА ТІЛІ 311
БҰЛ ЖАЛА 312
ӘЛГІ БІЗДІКІНЕ ҚОНАҚҚА КЕЛГЕНДЕ 314
ТӨЛЖАННЫҢ ДОСТЫҒЫ 315

Сафуан Шаймерденов

Шығармалары

Повесть, пьесалар, әңгімелер

3 том

Бас редакторы *Кәдірбек Құнпиясұлы*
Редакторы *Таңат Нұрғазиев*
Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айтжуманұлы*
Суретші *Нұрмұхамбет Наурызбаев*

ISBN 978-601-7337-50-6

Басуға 27.08.2013 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x90 1/16.
Басылымы офсеттік. Қаріп түрі «DS Times».
Шартты баспа табағы 20,0 б.т. Таралымы 2000+50 дана. Тапсырыс № 1040.

«Ан Арыс» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 105.
Тел.: +7 (727) 272-51-84, 261-60-67, факс: +7 (727) 261-62-13.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.

ДӘУІР
ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru